

Мұратбек Бөжеев

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
М.О.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

Мұратбек Бөжеев

ЗАМАНА КЕЙІПКЕРЛЕРІ

Алматы, 2013

УДК 821.0:512.122

ББК 83.3(5)

Б 70

Кітапты құрастырғандар:
Гүлбаршын және Айбарша Бөжеевалар

Жауапты редакторы
Серікқазы Қорабай

БӨЖЕЕВ М.

Замана кейіпкерлері: ғылыми зерттеулер. – Алматы, «М-АРИ» баспасы, 2013.
– 312 б.

Б 70

ISBN 978-601-06-1310-2

Көрнекті әдебиеттанушы-ғалым, филология ғылымдарының докторы Мұратбек Бөжеевтің (1910–1980) бұл кітабына бұрын жарияланбаған зерттеулері еніп отыр.

Кітапта ғалымның 1957–1977 жылдар аралығында қисса-хикаялар туралы, XIX ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі «зар заман поэзиясы» атты ағымның ірі өкілдерінің бірі Мұрат Мөңкеұлы, қазақтың жаңа жазба әдебиетінің негізін салған ұлы Абай туралы, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы ұлттық әдебиеттің Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Нұржан Наушабаев, Мақыш Қалтаев шығармашылығы туралы және қазақ-орыс әдеби байланыстары туралы ой-тұжырымдары өзіндік ғылыми пайымдауларымен ерекшеленеді.

Кітап әдебиет тарихын зерттеушілерге, жоғары оқу орындарының магистранттары мен студенттеріне, жалпы оқырман қауымға арналған.

УДК 821.0:512.122

ББК 83.3(5)

ISBN 978-601-06-1310-2

© Бөжеев М., 2013

© Бөжеева Г.М., 2013

© Бөжеева А.М., 2013

ӘДЕБИЕТ ТАРИХЫНЫҢ БІЛГІРІ

Дүние жүзіндегі барлық өркениетті елдерде белгілі тарихи тұлғалардың, атақты ақын-жазушылар мен ғалымдардың, өнер қайраткерлерінің есімдерін қадыр тұтып, есте қалдыру дәстүрі бар. Бұл игі дәстүр кешегі кеңес заманында да сақталды. Қазақстан тәуелсіздік алған кезден бері біздің мемлекетімізде де елімізге еңбегі сіңген, республикамыздың экономикасы мен мәдениетінің, ғылымы мен әдебиетінің, өнерінің дамуына сүбелі үлес қосқан тұлғалар ұмытылмай, олардың ғылыми-шығармашылық мұрасы зерттеліп жариялану үстінде, мерейтойлары аталып, әртүрлі іс-шаралар өткізілуде. Осының өзі еліміздің руханият саласына жете көңіл бөлетінін, өзінің ардақты азаматтарын құрметтей білетінін, өмірден өткен ұлт зиялыларын есте қалдырып, тарихи жалғастықты, рухани сабақтастықты сақтауға үлкен мән беретінін көрсетеді. Бұл сөзімізге – көрнекті әдебиеттанушы-ғалым, әдебиет тарихшысы, мәтінтанушы, филология ғылымдарының докторы Мұратбек Бөжеевтің өмірі мен ғылыми қызметі айқын дәлел бола алады. Ғалымның туғанына жүз жыл толған мерейтойына арналып 2011 жылы Алматыдағы жазушы, академик Мұхтар Әуезовтің мұражай-үйінде республикалық ғылыми конференция өткізілді. Кеш те болса қолға алынған бұл ғылыми шараға Мұратбек Бөжеевті көрген-білген, жақсы таныған ғалымдар, жазушылар мен ақындар, өнер қайраткерлері, тіпті шет елдерде тұратын қазақ зиялылары арнайы келіп қатысып, ғалым туралы тебіреністі сөздер мен естеліктер айтты. Мұның өзі бүкіл өмірін ғылымға арнап, қарапайым ғұмыр кешкен, әдебиет тарихынан сүбелі зерттеу еңбектер қалдырған ұлт зиялысына деген үлкен бір құрметтің белгісі болар.

Әдебиет тарихының үлкен білгірі Мұратбек Бөжеев қазақ әдебиеттанушы-ғалымдарының XX ғасырдың 30-жылдарындағы алғашқы буынының өкілі болып, ұлт әдебиетінің тарихы мен поэтикасын зерттеу ісіне елеулі үлес қосты.

Ғалым 1910 жылы бұрынғы Семей облысының Шұбартау ауданындағы № 1 ауылда, қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Аякөз ауданына қарасты Шұбартау өңірінде дәрігер отбасында дүниеге келген. Әкесі Бөжей Қарқаралы, Кереку қалаларында орысша оқып білім алып, кейін Омбыдағы дәрігерлер дайындайтын арнайы мектепті бітірген, Семей өңірі жұртшылығына белгілі дәрігер, ел қамын ойлаған әділетті би ретінде атағы шыққан, ақындық талантымен де танылып, заман шындығын жырлаған өлеңдер мен дастандар жазған. Осындай зиялы әке тәрбиесін көріп өскен Мұратбек жастайынан оқу-білімге, әдебиет пен өнерге құштар болып өсіп, алғашында Семейдегі Қазақ педагогикалық техникумына оқуға түсіп, Мұхтар Әуезовтен тәлім алады. Ұлы жазушының шәкірті болып, дәрістері мен ақыл-кеңестерін тыңдау зерделі жасқа үлкен әсер етіп, өмірінде елеулі із қалдырды. 1925 жылы осы атақты оқу орнын үздік бітіргеннен кейін Қарқаралыда мұғалімдерге арнап ашылған курста әдебиет пәнінен сабақ беріп, 1926 жылы осы курсқа басшылық етеді. Қарқаралыда ұстаздық етіп жүргенде қазақ халқының ән-күйлерін ел аузынан жинап, нотаға түсіріп жүрген атақты музыка сыншысы, этнограф Александр Викторович Затаевичпен кездеседі. Жас мұғалім белгілі музыка маманының Қарқаралы өңірінде қазақ ән-күйлерін жинау ісіне көмектеседі, өзі де бірнеше әндерді орындап береді. Қазақ музыкасының үлкен жанашыры А.Затаевич те өзіне қол ұшын берген жас таланттың халық әндерін терең түсініп, жоғары бағалайтын өнер қамқоры ретіндегі еңбегін 1931 жылы шыққан «Қазақтың 500 ән, күйі» жинағында ерекше атап көрсетеді. «Муратбек Божеев, молодой и энергичный народный учитель, в 1926 году слушал летние курсы для моголимов в Семипалатинске, а затем руководил таковыми же в Каркаралинске. Его энергии и сознательному отношению к важности моих работ я очень много обязан, так как он не только поделился со мной известными ему интересными напевами, но и способствовал, в значительной мере, тому, чтобы побороть инертность некоторых его товарищей, медливших с тем же», – деп жазады Затаевич осы жинақта жарияланған Мұратбек Божеевтің орындауында жазып алынған «Қарқаралы» әнінің нотасына байланысты түсініктемесінде. Осылайша А.В.Затаевичтің корреспонденттерінің бірі болған жас мұғалім оқытушылық тәжірибесінен туындаған ойларын қағаз бетіне

түсіріп, «Жаңа мектеп» журналының 1927 жылғы № 9 санында «Мектепте ана тілін үйрету», 1928 жылғы № 2-3 сандарында «Есепті қалай үйрету» мақалаларын жариялайды.

Білімге құштарлық жас талапты Мәскеуге әкеліп, алып шаһардағы В.И.Ленин атындағы педагогика институтына оқуға түседі. 1932 жылы осы іргелі оқу орнының әдебиет факультетін ойдағыдай бітіргеннен кейін ғылым жолына түсуді мақсат еткен жас талант Мәскеу тарих, философия және әдебиет институты аспирантурасының толық курсынан өтеді. 1937 жылы орыстың атақты жазушысы И.А.Гончаровтың «Обломов» атты романы туралы кандидаттық диссертациясын жазып бітіреді. 1933-34 оқу жылында еліміздегі тұңғыш жоғары оқу орны – Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтында (қазіргі Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті) сабақ беріп, 1938–1941 жылдары Қазақ мемлекеттік университетінде (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) доцент болып қызмет етеді, осымен бір мезетте КСРО Ғылым академиясы Қазақ филиалы Әдебиет секторының аға ғылыми қызметкері болып, ұлт әдебиетінің тарихын зерттеу ісіне қызу араласады. Сөйтіп қазақ әдебиетін ғылыми тұрғыда зерттеу ісін жолға қойған алғашқы маман кадрлардың бірі болып, қазіргі М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының негізін салуға қатысады. Осы жылдары республикалық журналдарда «Реализм және романтизм» («Әдебиет майданы». 1939. № 6), «Н.К.Карамзин стилі» («Халық мұғалімі». 1939. №19-20), «Абай және Пушкин» («Әдебиет және искусство». 1940. № 2) атты ғылыми мақалаларын жариялайды. 1940 жылы ұстазы М.О.Әуезовпен бірге Абайдың екі томдық шығармалар жинағын дайындап шығарды, осы жинақтың ғылыми түсініктемелерін жазуға қатысты. Әлі күнге дейін құндылығын жоймаған бұл басылымның ғылыми маңызы зор. 1941 жылы белгілі ғалымдар Ә.Марғұланмен және Б.Шалабаевпен бірігіп «Қазақ әдебиеті. Фольклор» оқулығын жазып шығарады.

1942 жылы жас ғалым кандидаттық диссертациясын қорғау қарсаңында «халық жауы» ретінде жазықсыз айыпталып, он бес жылға жуық уақыт бойы сталиндік лагерлерде қамауда болады, 1956 жылы ғана оның ісінде қылмыс құрамы расталмай, толық ақталады. Қайсар ғалым ауыр тағдырына мойымай, қайтадан өзі сүйген кәсібі – ғылыми қызметке оралады. Қазақ КСР Ғылым академиясының Тіл

және әдебиет институтының Әдебиет тарихы бөлімінің аға ғылыми қызметкері болып істеп, өзі бұрыннан жүрек қалауымен таңдап алған тақырыбы – Абай шығармашылығын зерттеумен түбегейлі айналысады. 1960 жылы «Абай Құнанбаев шығармашылығының идеялық-көркемдік ерекшеліктері туралы» деген тақырыпта Тіл және әдебиет институты мен Тарих, археология және этнография институтының біріккен ғылыми кеңесінде кандидаттық диссертация қорғайды. Кеңесте еңбектің оппоненттері болған көрнекті ғалымдар, Қазақ КСР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі Е.Ысмайылов пен сол кезде жас ғылым кандидаты, болашақ академик З.Ахметов, жұмысты талқылауға қатысқан академик Қ.Жұмалиев, тарихшы-ғалымдар Б.Сүлейменов, Т.Шойынбетов, экономист-ғалым С.Толыбеков, белгілі әдебиеттанушы-ғалым Ы.Дүйсенбаев диссертацияға жоғары баға береді. Академик Қ.Жұмалиев сөзінің соңында: «М.Бөжеев дайындығы мол әдебиеттанушы. Оның XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті саласында сирек кездесетін нақты білімі бар. Оған филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін ғана емес, филология ғылымдарының докторы дәрежесін беруге де болар еді», – деп ерекше атаған.

1961 жылы М.О.Әуезов мұражай-үйі ашылғанда ұлы жазушы-академик шәкірті М.Бөжеев осы киелі орынды ұйымдастырушылардың бірі болып, ұзақ жылдар мұражайдың аға ғылыми қызметкері болып еңбек етіп, М.Әуезов мұрасын дайындап, жарыққа шығару ісіне үлкен үлес қосты. Жазушы архивінде сақталған 400 папка материал негізінде М.О.Әуезов қолжазбаларының ғылыми сипаттамасын жасады, 7000 бет көлемінде жазушы шығармалары бойынша текстологиялық жұмыстар жүргізді, академик жазушының 12 томдық шығармалар жинағын дайындап шығаруға қатысып, 22 шығармасына әрқайсысы 3–5 беттен ғылыми түсініктемелер жазды, 1966, 1972 жылдары М.О.Әуезов шығармашылығы бойынша көрсеткішті дайындап шығарды.

1974 жылдан 1980 жылға дейін, өмірінің соңына дейін М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Текстология және қолжазбалар бөлімінде аға ғылыми қызметкер болып істеді. 1973 жылы көп жылғы ғылыми ізденістері нәтижесінде «XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті дамуының идеялық-көркемдік ерекшеліктері» атты тақырыпта докторлық диссертациясын

сәтті қорғап шығады. Диссертация оппоненттері болған атақты ғалым, академик Ә.Марғұлан, белгілі әдебиеттанушы-ғалымдар, филология ғылымдарының докторлары Б.Шалабаев пен Х.Сүйіншәлиев сөйлеген сөздерінде М.Бөжеев еңбегін қазақ әдебиеттану ғылымына қосылған үлкен үлес ретінде жоғары бағалайды.

М.Бөжеев қазақ әдебиеті тарихының үлкен білгірі болды. XVIII, XIX және XX ғасырлар әдебиетінің өзекті мәселелеріне арналған зерттеу жұмыстарын жүргізді. Бұқар жырау, Мұрат Мөңкеұлы, Шортанбай Қанайұлы, Мақыш Қалтаев, Нұржан Наушабаев, Шәкәрім Құдайбердиев, Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармашылығы туралы ғылыми портреттік мақалалар жазып, 1917 жылға дейінгі қазақ ақындарының шығармашылығы бойынша 8 баспа табақ көлемінде көрсеткіш дайындады. Абай поэзиясының идеялық-көркемдік ерекшеліктері туралы «Абайдың ақындық айналасы» атты монографиясы жеке кітап болып шықты, ұлы ақынның талант қырлары мен шығармашылық шеберлігі туралы бірнеше мақала жариялады. 1960 жылдары шыққан, алты кітаптан тұратын «Қазақ әдебиетінің тарихын» дайындауға қатысып, белгілі әдебиеттанушы-ғалым З.Ахметовпен бірлесіп «Қазақ әдебиетінің шығыс әдебиетімен байланысы» атты көлемді тарау осы басылымның 2-томының бірінші кітабында жарияланды.

Мұратбек Бөжеевтің ұлттық әдебиеттану ғылымын зерттеу ісіндегі еңбегі жоғары бағаланып, «Құрмет белгісі» орденімен, «Ерлік еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Ғалымның көзі тірі кезінде көптеген еңбектері жарияланбай, қолжазба күйінде қалды. «XX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті дамуының идеялық-көркемдік ерекшеліктері» атты докторлық диссертация көлемінде жазылған көлемді монографиялық еңбегі, «И.А.Гончаровтың шығармашылығындағы «Обломов» атты қазақ және орыс тілдерінде жазылған еңбегі, XVIII–XX ғасырлардағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері және М.Әуезов шығармашылығы туралы жазылған зерттеу мақалалары жарық көруді күтіп жатыр. Тіпті «Абай Құнанбаев шығармашылығының идеялық-көркемдік ерекшеліктері» атты кандидаттық диссертациясы негізінде дайындалып жарық көрген «Абайдың ақындық айналасы» атты монографиясы толық жарияланған жоқ.

М.Бөжеев Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармаларын баспаға дайындау ісінде көп еңбек сіңірді. Мәтінтанушы маман ретінде атақты ақын қолжазбаларының алғаш рет ғылыми сипаттамасын 9 б.т. көлемінде жасап, таңдамалы шығармаларын жеке кітап етіп баспаға дайындады. Ғалымның бұл еңбектерін жарияласа нұр үстіне нұр болар еді.

Көрнекті ғалымның артында қалған ғылыми мұрасын жинақтап жариялау және зерттеу жұмысын мықтап қолға алу қажет. Оқырмандар назарына ұсынылып отырған жинақты ғалым көзі тірі кезінде 1977 жылы өзі дайындап, «Замана кейіпкерлері» деп атын қойып кеткен екен. Ол кісі 1980 жылы қайтыс болғаннан кейін оның артында қалған ғылыми мұрасын ешкім жинаған да жоқ, ғылыми қауым еске де алған жоқ. 2011 жылы өзі өмір бойы тапжылмай қызмет атқарған киелі шаңырақ – М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты ғалымның туғанына 100 жыл толуына байланысты арнайы еске алу кешін өткізген кезде Мұратбек ағаның артында қалған қос қарлығашы Гүлбаршын мен Айбарша әкелеріне деген шынайы сүйіспеншіліктерін білдіріп, перзенттік борыштарын атқара білді. Екеуі ата-анадан ерте айрылса да, ғалым әкелерінің еңбектерін көздің қарашығындай сақтап, бүгінгі күнге жеткізе білді, есейіп ержеткеннен кейін қолда бар әке мұрасын бір ізге келтіріп, нақты жүйеледі. Ғалым көзі тірісінде қазақ фольклоры мен әдебиет тарихының көкейтесті мәселелері және бұрын көп айтылмай келген көрнекті ақындар туралы өзі ұзақ жылдар тиянақты түрде зерттеген материалдарын «Замана кейіпкерлері» деген атпен бір кітапқа лайықтап құрастырып, баспаға дайындаған екен. Қай баспаға тапсырылғаны белгісіз, бірақ кітап ғалым қайтыс болғаннан кейін шықпай қалған. Міне енді содан бері отыз жылдан астам уақыт өткеннен кейін артында қалған ұрпақтары Гүлбаршын мен Айбарша әке мұрасына иелік етіп, ғалымның сол қолжазбасын еш өзгертпестен жеке жинақ ретінде баспаға дайындаған болатын. Соның ізгі нәтижесінде «Замана кейіпкерлері» зерттеулер жинағы жеке кітап ретінде оқырманға ұсынылып отыр. Кітапқа ғалымның 1957–1977 жылдар аралығында қисса-хикаялар туралы, XIX ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі «зар заман поэзиясы» атты ағымның ірі өкілдерінің бірі Мұрат Мөңкеұлы, қазақтың жаңа жазба әдебиетінің негізін салған ұлы Абай туралы, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы ұлттық әдебиеттің Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Нұржан Наушабаев, Мақыш Қалтаев сияқты көрнекті

өкілдерінің шығармалары туралы және қазақ-орыс әдеби байланыстары туралы жазған іргелі де соны зерттеулері еніп отыр. Сондықтан да ұлттық әдебиеттану ғылымында елеулі із қалдырған Мұратбек Бөжеев сияқты тұлғалы зиялыны оның бұрын жарияланбай келген іргелі ғылыми еңбектерін оқып тану арқылы біліп бағалағанымыз абзал. Бұл ең алдымен халқымыз үшін, келешек ұрпақ үшін қажет.

Серікқазы Қорабай,
филология ғылымдарының кандидаты, доцент

ҚИССА-ХИКАЯЛАР

XIX ғасырдың екінші жартысы, XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің зерттелмеген күрделі мәселелері көп. Ғылым жұмысына пайдаланбаған, пайдаланудың орайын таппаған саналуан көркем шығармалар бар. Оларды ғылым елегінен өткізу – қазақ әдебиетінің даму және идеялық-көркемдік өзгешеліктерін байқау, өткен-кеткенін, қазіргісін, келешегін пайымдау үшін өте қажет.

Социологияға аса ден беріп, әдеби нұсқалар туралы жалпылама пікір айтуға әдеттенгендіктен ада болу шарт. Әдебиет процестері өзгешелігін, түрлі ақын-жазушылардың өздеріне тән айырмасын (халықтық, тарихтық, көркемдік, стильдік, тілдік т.т.) анықтау ісіне назар салмай болмайды. Ал, шынында, әр халық әдебиетінің әр заманғы, әр дәуірге қарай даму өзгешелігі бір ыңғай болмайды. Әр халық әдебиетін жалпы түрде сөз етумен шектелмей, алдымен оның өзгешелігіне үңілген мақұл. Ол өзгешелікті заманындағы әдеби кейіпкерлер, шығармалардың композициялық, тілдік тәсілдерінен де аңғаруға болатындығын шамалаған жөн.

Қазақ әдебиеті барлық жанрда кемелдене түсті, дүние жүзі әдебиеті деңгейіне көтерілген көркем шығармалар туғызды. Ал осы өскелең әдебиет Қазтуған, Асан, Шалкиіз, Бұқар, Дулат, Шортанбай, Махамбет, Мұрат, Алтынсарин, Абай, Шәңгерей, Сұлтанмахмұт тағы басқа дарын иесі көптеген қазақ ақындары поэзиясынан, көркем фольклорынан, сан қилы қисса-хикаялардан нәр алмаса, қазіргі дәрежесіне жетпес еді.

Қараңғы қазақ көгіне,
Өрмелеп шығып күн болам!
Қараңғылықтың кегіне,
Күн болмағанда, кім болам?! –

деген Сұлтанмахмұт саналы, сәулетті өмірге ұмтылған. Абай да, Сұлтанмахмұт та қазақ халқының бостандық алып, оның мәдениеті, әдебиеті күрделеніп, көркейе түссе екен деп тілейді. Олар өздерінің асыл ойын, адал арманын, өрелі поэзиясын жас ұрпаққа мұра етіп қалдырды.

Шығыс үлгісінде жазылған қисса-хикаялар аз емес. «Шәкір–Шәкірат», «Бозжігіт», «Қасым–Жомарт», «Баһрам», «Ләйлі–

Мәжнүн», «Қырық уәзір», «Жүсіп–Зылиха», «Сейпілмәлік», «Әзім», «Масғұт», «ҚиссаРүстем», «Ескендір» сияқты сандаған хикаялар бар. Шығыс сарындас дастандармен қатар, қазақ өмірінен алынып жазылған хикаялар саны да арта түскен. Бұл кезде қазақ халқына рухани азық болған Абай, Алтынсарин, Сұлтанмахмұт шығармаларымен қатар, «Қозы Көрпеш–Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Еңлік–Кебек», «Айман–Шолпан», «Қалың мал», «Қыз көрелік», «Гүлқашима» тағысын тағы көптеген шығармаларды жұрт ынталана оқыды. 1903 жылы «Капитан қызы» қазақ тіліне тәржімаланды. Таққа қауіп төндірген, шаруаларды қостап, патшаға қарсы шыққан Пугачевтің айдынды ісімен таныстырған Пушкин шығармасы қалайда қазақ әдебиетіне игі әсер етпей қалмаған. Пушкин, Лермонтов, Крыловтан аударылған шығармалар, түрліхикаялар, әңгімелер, романдар қазақ әдебиетін молықтыра түсті, көркемдік өресін көтерді.

Қазақ әдебиетінің дамуы жөнінде орыс оқымыстылары, жазушылары да елеулі еңбек етті. Олар қазақ әдебиеті мен орыс әдебиетінің қарым-қатынасын жақсартуды ойлады, қазақ өмірінен әңгімелер, очерктер жазды, қазақ фольклорының түрлі нұсқаларын кезінде жинап, жариялады, шама-шарқынша қазақ халқын орыс халқымен, өзге елдермен таныстырып та азаматтық борышын атқарды, қазақтарға жантартқан сөздерін айтты. Бұл орайда В.Ушаковтың, В.Дальдің, В.Радловтың, Г.Потаниннің, Н.Веселовскийдің, Ф.Достоевскийдің, Г.Гребенщиковтың, Н.М.Ядринцевтің, П.И.Ивановскийдің, Д.Ивановскийдің тағы-тағылардың есімдері еске түседі. Екі ел арасында қызмет атқарған орыс оқымыстыларымен қазақ халқының ақын-жазушылары достаса білді. Шоқан, Ыбырай, Абайдың орыс жолдастарымен ақылдаса, тізе қоса отырып жүргізген істері қазақ халқының мәдениетінің, әдебиетінің дами түсуіне игі әсер етті.

Сонау әріден келе жатқан мәдени байланыстың айрықша бір сапаға жеткен шағын қазақ совет әдебиеті үлгілерінен көресіз. Бұл шақта қазақ әдебиеті жетіле түсті, оның даму бағдары да өзгерді. Шоқан, Ыбырай, Абай, Пушкин, Лермонтов, Крылов, Радлов, Потанин арқылы басталған әдеби байланыс жемісті болды десек, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, М.Горький, В.Маяковский, Л.Соболев, М.Шолохов, басқа да көрнекті есімдер орыс халқы мен қазақ халқы әдебиетінің гүлдене түсуі, дами түсуі жөнінде ғибратты істер, жақсы үлгі көрсетті.

Жыл асқан сайын өткендегі әдебиет мұралары ғылым таразысынан өтіп, өзінің лайықты бағасын алып келеді. Осының

нәтижесінде революцияға дейін туған талай-талай әдеби шығармалар жұртшылықтың рухани игілігіне айналды. Алайда бұл саладағы жұмыстарымыз қанша күрделі, маңызды болғанмен, әлі де халықтың қажетін толық өтеп отырмыз деу қиын.

Зерттеушілер назарына түспеген әдеби мұралардың бір саласы – қисса-хикаялар. Кезінде көптеген хикаялар жазған ақындардың еңбектері зерттелмей, бағаланбай келді. Олардың көпшілігі ауызға алынбайды. Қиссалардың бәрінің көркемдік нәрі жоқ, қазақ әдебиетінің өсуіне, қалыптасуына септігін тигізбеген, көркемдік сезімге баулымаған, тек қисынсыз уақиғалар жиынтығы емес. Олардың ішінде өз заманының шындығын, ақындығын белгілі дәрежеде көрсете білген, шығыс әдебиеті үлгілерімен таныстырған құндылары да аз емес. «Ләйлі–Мәжнүн», «Бозжігіт», «Мұңлық–Зарлық», «Баһрам», «Қасым–Жомарт», «Шәкір–Шәкірат», «Таһир–Зухра», «Сейпілмәлік», «Қыз Жібек», «Айман–Шолпан», «Еңлік–Кебек», «Фершіл қыз», «Шайтанның саудасы» сияқты көптеген қиссалар бар. Қисса жазғандардың еңбектенгендігін мына бір мысалдан байқауға болады:

Қисса жазып отырам күніменен,
«Қырық уәзір» қиссасымен он бір еді
Соңында «Марғұбаны» қылдым әзір.
Ахметкәрім құлақ сал сөзімізге,
Жеті қисса жазып бердім өзіңізге¹.

Заманында шығыстық сюжетке шығармалар жазғандардың қатарында Абай, М.Көпеев, Ақылбек бин Сабал, Ю.Мәулекей, Ш.Жүсіпбек, Шәді, Жанұзақ ақын, т.т. бар. Бұлар – кітаптары баспа бетінде жарияланғандар болса, шығармалары қолжазба күйінде қалған ақындар өз алдына бір төбе.

Қиссалардың сюжет, стиль, тіл ерекшеліктерін, Шығыс әдебиетімен тарихи байланысын зерттеу қазақ әдебиеті тарихы үшін қажетсіз емес. Заманына қарай көркемдік сипат алған бұл тектес шығармалар кезінде оқушыларына рухани азық болған, әділдік, әділетсіздік, жақсылық, жамандық істердің алуан түрімен таныстырған.

Қиссалардың бәрі шығыстық сюжетті жаңғыртпайды, қазақ өміріне орайлас келген қиссалар да бар. «Қисса Құламерген», «Қисса Дотан Құбақанбайұлы», «Қисса Қыз Жібек», «Қисса Ихсан Мәрсия», «Қисса Серғазы», «Қисса Фершіл қыз» т.т. Революциядан бұрын шыққан қазақ жырлары да «қисса» деген атпен жарияланған. Түрлі

¹ Ақылбек С. Қисса Марғұба. – Қазан, 1911. 34-б.

киссаларда халықтың әдебиеттік өрісі, тұрмысы, салт-санасы, әдет-ғұрпы көрінеді.

Өткен кезде қазақ әдебиетінен айрықша орын алған, жұрт қызықтап оқыған, мол тараған киссалардың бір тобын «Жеті ғашық жырлары» деп атаған. Олардың істерін сүйсіне баяндаған қазақ ақындары аз емес. Қиссалардан мәлім болған бұл ғашықтарды әнге қоса жырлағандар қатарында Ақан сері, Әсет сияқты әнші-ақындар да бар. Әсет:

Сенің үшін түнгі ұйқым,
Кәміл төртке бөлсем-ай!
Сейпілмәлік, Жамалдай
Қасіретіңе көнсем-ай!, –

десе, сүйіспеншілік жайын сөз еткен Ақан серінің «Тагрипың» деген шығармасынан мынаны оқисыз:

Көп жүріп, жиһан кешті Сейпілмәлік,
Жамалды Иранбақтан іздеп барған.
Ғашықтық майданында шаһит болып,
Бозжігіт Әнуз үшін қандай болған.
Бұлардың зар тартқаны Ләйлі, Мәжнүн,
Ізденіп, ақырында мансап қонған².

Ғажайып істерге, түрлі фантазияға толы жеті ғашық жырларында жайы баяндалғандар бір-бірі үшін пида болған, кейде арманына жетсе, кейде өмірі өксіп, жазықсыз қазаға ұшырағандар болып сипатталады. Бұрынғының ақындары бұл ғашықтардың саны жетеу десе де, олардың саны жетімен шектелмейді. Әсет ақын бір шығармасында Хасен, Сейпілмәлік, Бозжігіт, Таһир, Мәжнүн, Баһрам, Дарлықайын, Бәдіғұлжамал, Зылиха, Шырын, Зүһра, Ләйлі, Гүлэндам аттарын атаса, «Қисса Баһрамнан»:

Мехнаттың жолын көріп, қосылыпты,
Ол Зылихаға тағы да Жүсіп, Садық.
Екінші, ғашық болған Ләйлі, Мәжнүн,
Ойласам боз-байға етпейді құйын.
Заманың жылдан жылға құбылады,
Япырмай, қыз-бозбала солды күйін.
Үшінші, ғашық болған Ғабділмәлік,
Адамзат көп қырылды жолда өліп.
Атасы Шаһбал пері Иранбақта,
Қосылады Сақыпжамал көңілі тынып.
Төртінші, ғашық болған ол Зияда,

² Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1961. II т. 309-б.

Жандырған ғашық отын құдауанда,
 Хорлыны мұратына жетіп алған,
 Солардан мирас қалды талай жанға.
 Бесінші, Ғайнижамал батыр ханнан,
 Таратамыз сөйлеп-ақ құлақ салсаң.
 Пәридің екі бірдей қызын алған,
 Болады кімнің пәни үшбу жаһан.
 Алтыншы Құсайын ғазы – Шаһарбану,
 Қосылған екі асыл зат меһрибану...
 ...Жетінші ғашық болған ер Баһрам³, –

деп оқисыз.

Жеті ғашықтардың бірі деп есептелген Баһрам – «Үш жүз түйе Нияз берген» бақшасында бұлбұл сайраған, мың сарай салдырған «шарбағын меруертпен» безендірген, жеті түрлі ел билеген, Түркістан шаһарында өмір жүргізген Кіші ханның сұрап алған жалғызы. Ол Ләйлі, Мәжнүн, Зияда, Хорлы сияқты ғашықтардың бірі есебінде көрсетілмек. Ер жетіп ел билеген Баһрам «халайыққа түзу жол көрсетті», «ерлігі Баһрамның жаннан асқан, Бір-бірлеп баян қылсам, һәр бір дастан⁴ делінеді.

Аңға шыққан Баһрам алтын киік көреді, киікті қуа-қуа жапан түзге шығып кеткенін білмей қалады, сөйтсе, оның қуып жүргені пері қызы Гүләндамның алыстан мұнарланып көрінген нұры екен.

Нұры екен Гүләндамның алтын киік,
 Адамзат кетер емес көзі қиып.
 Ер Баһрам ғаріп жанын қылды пида,
 Жүреді амалы жоқ, іші күйіп⁵.

Пері патшасы Фағфурдың қызы Гүләндамға қанша адам ғашық, олардың кейбірінің үміті ақталмай, ішқұса болып, қайғыдан қартайып, диуана болып кетеді. «Гүләндамды ойлама, жолда жын-періден бос өлерсің» деген шалдың қауіпті сөзі Баһрамның жүрегін шайылдырмайды:

Гүләндамды алмасам,
 Дертке түсіп өлермін⁶, –

деп күйінеді.

Баһрам арманына азап көріп жеткен, қайыспай қауіпті істерге төтеп берген адам болып бейнеленбек. Ол Гүләндамды іздеп, сан алу-

³ Қисса Баһрам. – Қазан, 1908. 2-б.

⁴ Сонда, 4-б.

⁵ Сонда, 7-б.

⁶ Сонда, 11-б.

ан қатерге кездеседі: «ұзындығы мың құлаш» айдаһармен, «тоқсан қарыс құлағы бар» дәуменен не жайынмен алысады, бәрін де жеңеді. Ол сол сапарда жүріп талай елге тәртіп те орнатады. Оның әділдігіне ырза болған Сафар патша:

Сен қылдың бұл ерлікті адам қылмас,
Саған жаман сөйлеген өзі де оңбас⁷, –
деп Баһрамға алғыс айтып, тақ ұсынады.

Баһрам халқына, ата-анасына ардақты. Ол арманына ерлікпен, адалдықпен жеткен әділ басшы еді делінбек. Гүлэндамға қосылып, үлкен той жасайды.

Жетім-жесір бәрі де майға тойды,
Қайғының, қасіреттің бәрін жойды.
Неше жерден патшалар жұртын жиды,
Той қылып, сансыз қара малды сойды.
Сарғайып сары белден таң атады,
Екі сұлу алтын үйде бір жатады⁸.

«Зияда–Шаһмұрат» та ғажайып уақиғаларға толы. Онда Зияда мен Хорлыдан басқа да ғашықтар жайы сөз болады. Олардың ішінде Шаһмұрат, Ләзәтбал бар. Бұлар да Хорлы, Зияда сияқты түсінде көрісіп, бірін-бірі жұбатып жүреді. Хорлыны он жыл іздеп, Зияда дүниенің төрт бұрышын кезді.

Ғашықтықтан маған жеткен қасіретті оқ,
Түсімде бір қыз салды ішіме шоқ.
Мекенін сапар жүріп іздемесем,
Жанымнан үйде отырып үмітім жоқ⁹.

Зияда «толқыны Қап тауындай» теңізден өтеді, «от көрмеген жалаңаш халықтарды» көріп, «адам сойып, қонақ шақырысқан» жандар арасында болып, азапқа ұшырайды. Көп жолдастарынан айрылып, елсізде жалғыз қаңғиды. Қиыншылықтарды жеңіп, Хорлыға қосылып, арманына жеткен Зияда туралы:

Хорлыны ғашық болып, он жыл іздеп,
Дүниеден қызық көріп өткен жері¹⁰, –

делінеді.

«Гүлшат–Шеризаттың» тілдік, композициялық, тағы басқа ерекшеліктеріне қарағанда, шығыстық сарынды бұлжытпай сақтауды

⁷ Қисса Баһрам. – Қазан, 1908. 19-б.

⁸ Сонда, 50-б.

⁹ Қисса Зияда–Шаһмұрат. – С.-Петербург, 1891. 7-б.

¹⁰ Сонда, 50-б.

үнемі ұмытпағандық шамалы. Шығармада Бағдат, Шынмашын аттары аталып, уақиға сол жақта болып жатқан сияқты болғанмен, қалайда автор әлде қандай дерлік түп нұсқаға өзінше өңдеулер кіргізіп, әділдік, ғашықтық жайында өз ойын ұсынбақ болған сияқты. Қиссада жайы баяндалғандардың жаманшылық уәкілдері дегендері, сайып келгенде, жазасын тартып, жеңіліске ұшыраса, жақсылық уәкілдері болып көрінгендердің әділ ісі қалай аяқталғаны түсіндіріледі. Дүниеге сатылып, зұлымдық істегендер, кісі қанын жүктеген мансапқорлар әшкереленеді, жазықсыз өлген анасының қасында, иесіз жерде жалғыз қалған Шеризатты үш жасынан беске келгенше арыстан асырап, адам қауымына қосады. Шеризаттың асқан батыр, мархаматшыл, кешірімшіл болғаны, махаббаты берік, өзіне сай Гүлшаттай жар тапқаны сөз болады. Жендеттер қолынан қаза тапқан ханым елде қандай қасиетті адам ретінде сипатталады, өлгеннен кейін де кеудесінен «бұлақтай аққан сүт» үш жылға дейін таусылмайды.

Өлтіріп, өңшең жауыз тастап кетті,
Өлі жан тірі жаннан қорек етті.
Еш нәрсе сүттен басқа қорек қылмай,
Талпынып, екі мен үш жасқа жетті¹¹.

Автор «Гүлшат–Шеризат» қиссасын ғибратты ойын ортаға салу үшін жазғанын айтады. Адам басында боларлық әділетті, әділетсіз істердің жайын түсіндірмек, «қаралы ғарыптардың» көңілін ашпақ, атақ іздеп, араны ашылған жандарды әшкеремелемек, махаббатын ақтап, әділдік іздеген жастарды мадақтамақ.

Шеризаттың әкесі қайтыс болар алдында қол астындағыларын, жақындарын, таныстарын жинап: «тілеп алған баланың дүниеге келуін көрмей, о дүниеге сапар шекпекпін. Ханымнан ұл туса, орнымды басып, патша болсын, қыз туса, қабағын шыттырмай тәрбиелеп, сүйгеніне қосындар, тағымды уәзірім Паракзатқа қалдырдым», – деп өсиет айтады. Паракзат патшаға берген уәдесінен таяды, «ханым ұл тапса, тақтан айрылғаным ғой» деген ой көкейін теседі, оны арамдық басады. Уәзірдің бұйрығы бойынша, «толғағы қысып отырған» ханымды иенаулаққа апарып, кескілеп өлтірген жендеттер табанда арыстанға тап болып, түгел өледі. Жендеттер өлтіріп болғанша, босанып үлгерген ананың омырауына өрмелеп, шыркырап жылаған нәресте жайы сөз болады.

Әкеден, анадан бірдей айрылып, жетім қалған Шеризат ер жетіп, ел аралап, жолға шығады. Шешесін өлтірген уәзірдің еліне келеді. Сарайда сайран салып жатқан уәзірдің қызы Гүлшат аруды көреді.

¹¹ ҚазССР ҒА архиві. П. 1173. 296-б.

Гүлшат сынды қара қыз,
 Қалам қасты нұрлы жүз.
 Ақ бетіне пар келмес,
 Сарт тоқыған аппақ бөз¹².

Гүлшаттан дәмеленіп жүрген бір жігіт еркімен табысқан жастардың жасырын кездесіп, шаттық жасап жүргенін біліп қояды, бұл жайды қыздың әкесіне жеткізеді. Уәзір Шеризаттың жазасын тартқызып, алып келу үшін қанша нөкер беріп, Алмас, Қоймас атты екі алыбын аттандырады. Шеризат соғыс үстінде алыптарды, олардың нөкерлерін қырады. Тығылып қалған бір -екеу ғана Шеризаттың қаһарлы айбынын, көрсеткен күшін патшаға айтып барады. Оның өлген патшаның тірі қалған баласы екені мәлім болады. Үрейі ұшқан уәзір жерге бас ұрып, Шеризаттан кешірім сұрайды. Шеризат оны зынданға салдырады, басын алмақ. Бұл іске ара түскен Гүлшат Ақжүністің Қартқожа өмірін шола сөйлегеніндей, Шеризаттың өмірін, ерліктерін шұбырта айта келіп, тіріні өмірден айыру оңайма, жамандықты жақсылықпен, кешірімшілікпен жең, ол өзі де әділетсіздігінен сазайын тартты, адам қанын жүктеме, қаһарлықты арттырумен шыққан мүйіз қайсы?

Қылыш ұстап болаттан,
 Жеті жасқа жетпей-ақ,
 Оздың шығып санаттан.
 Кәмшат бөрік басыңда,
 Барлық қыздар қасыңда.
 Дұшпандарың жеңгенде,
 Қане, мүйізің шыққаны?¹³ –

дейді.

Гүлшаттың қаталдықты, қаһарлықты кешірімшілікпен жеңіп үйренуді қостайтын адам екені көрсетілмек. «Көңілім ашылғандай қисса айтып берсең, әкеңнің жазығын кешем» деген Шеризатқа Гүлшат Мәһимәнзал сұлудың бастан кешкен уақиғасын айтып береді. Оның жолына бөгет болып, кесірін тигізген адамдар кінәсін қалай кешіп, қан төкпей қайырымдылық көрсеткендігін үлгі етеді. Ертегі айту үстінде Гүлшат кейде Шаһаризадаға да ұқсап кетеді. Ғибратты істер жайында ертегі айтып, ойын өткізген әйел болып та көзге түседі. Ақжүністен, Шаһаризададан тәлім алғандығын аңғартқандай болған Гүлшат Шеризатты ақыры ақылына көндіреді.

Кінәсіз әйелді қорлаған арсыздар жайын баяндаған қиссаның бірі «Марғубаны» түгелдей шығыстық сарында жазылған деу қиын.

¹² ҚазССР ҒА архиві. П. 1173. 294-б.

¹³ Сонда, 303-б.

Түркістан шаһары тұрғыны Мұратсалих әйелі Марғуба сұлуды жамағайын інісіне тапсырып, өзі ұзақ сапарға кетеді. Опасыздық жасап, жеңгесін мазалаған Мұратсалихтың інісі:

Мен саған жүзің көріп, болдым ғашық,
Айтамын арызымды аузым ашып.
Тұрсам естен кетпейсің, түнде түстен,
Сарғайды зағфрандай өңім қашып¹⁴, –

деп жалбарынады. Сөзі өтпей, кектенеді. Марғубаны бұзылған әйел деп қазыға жамандап, таспен атып өлтіру жазасына бұйыртады. Бұл қорлықтан аман қалған Марғубаның басқа да көрген көп азаптары сөз болады.

Шығармада шығыс сарындас қиссаларға тән ғажайып, ертегілі уақиғалар кездеспейді емес. Марғуба бір жөннен әйелдер ішінен шыққан Жүсіп сияқты, оны көргендер шетінен ғашық болып қалады.

Жиылып керуен бәрі келді дейді,
Дидарын Марғубаның көрді дейді.
Жүзде болса, керуен, мың да болса,
Көрген соң, бәрі ғашық болды дейді¹⁵.

Марғуба некелі әйел екенін айтып, ғашық болғандардың бірдебіріне уәде бермейді. Оны зорлап, қорқытып алмақ болғандар ісі әшкереленеді. Марғуба әуелгі ері Мұратсалихты көп жылдар тоса білген, әйелдік әдебін сақтаған, қиыншылықтарға төзіп, ақыры күйеуін тапқан жар ретінде көрсетілмек.

Марғуба ісінен ертегілік жайттарды да аңғарасыз. Ол дұшпандарының қорлығынан табиғаттан тыс күш көмегімен де құтылып жүреді. Оған қиянат еткеннің бәрі ажалынан бұрын өлсе, бірі соқыр болып қалады, оған әлде қандай шарафаттылық беріледі.

Ақсақ келіп бата алса, аяқ бітті.
Саңырау келіп бата алса, құлақ бітті.
Жарлы келіп бата алса, малды болып,
Қатынның талай жерге даңқы шықты¹⁶.

Қисса жазған ақындар шығармаларында Мысыр, Басра, Бағдат, Рим, Шам қалалары, араб, үнді халықтары аты жиі кездеседі. Ғали, Зарқұм, Ғұмар, Мәді, Хасен, Құсайынға табиғаттан тыс күш, артықша қасиет беріледі. Олар жайында жазған шығармаларын кей ақындар дінмен астарлайды.

¹⁴ Ақылбек С. Қисса Марғуба. – Қазан, 1911. 4-б.

¹⁵ Сонда, 14-б.

¹⁶ Сонда, 17-б.

«Зарқұм» сияқты мифке толы қиссада Ғали дәріптелінеді. «Қыз Жібектің хикаясында» он үш қыз, бір бәйбішеден Жібектің сымбатының асыра суреттелуі сияқты, көптеген батырлардың күшін бір-бірінен асыра айту арқылы солардың бәрінен Ғалидың күші басымы екені көрсетіледі. Жанәбіл, Мәһәбіл, Қайсар – барлығы да асқан батырлар. Соғысқа қатысушылар ішінде бойы екі жүз кез дәулер де бар. Ғали батырлардың кейбірін аспанға атады, олар жерге түсе алмай, шырк айналып жүреді. Ол бір ұрғанда екі жүз адамды бірақ өлтіреді, қара судай қан ағады, Зұлфықарымен жерді тіліп өтіп, Көкөгіздің мойнын кесе жаздайды, оның бір өзі күллі дүниені ойран еткендей, «майдан жеріне келіп» қаһарланғанда:

Бұл дүние шарқ-шарқ даң боп кетті,
 Бұларды көрген халық таң боп кетті.
 Қара жер қалт-қалт етіп қақ айрылып,
 Арасы жер мен көктің шаң боп кетті¹⁷, – делінеді.

Шығыс сюжетті қиссалардың бірі – «Қасым Жомарт»:

Ал енді мен сөйлейін сөздің басы,
 Жиһанда Жомарт болған Әбілқасым.
 Мұндай қызық әңгіме дүниеде жоқ
 Осы отырған жамағат жұрт тыңдасын¹⁸, –

деп бастайды.

Қиссаны ғажайып уақиғалардан кенде етпеу құнтталады. Қасымның қазынасын аралаған Бағдаттың патшасы Һарун-Рашид «жапырағы кәуһар алтын ағаш, тық-тық қақса ішінен тары саулап лезде сарай толтырған «жұдырықтай құты», үйіліп жатқан асыл тас, ақ меруерттен соқтырылған дуал, «айналасы бес жүз қадам» күміс толған сарай» көріп таң-тамаша болады.

Қасым жомарттықпен жұртқа жақпақ. Ол қазынаның бос шірімей, көпшілік игілігіне жұмсалуды ойлаған, «жанын меймандарға пида» еткен, мейірімділігін асырған адам бейнесінде көрсетілмек. Адалдық, арамдық жайын баяндау арқылы ғибратты ой айтылмақ. Осыған орай дастандағы көрсетілген адамдардың бір парасы – екі жүзді, қиянатшыл, арамза болса, екінші парасы – моральдық еңсесі биік, әділетшіл жандар болып сипатталмақ. Шығармада Һарун-Рашид, оның әйелі Зүбайда, уәзір Жағфар, Қасым және махаббатына мәхкәм Дардана адамшылық уәкілі болып көрінсе, Немахрам, Абуалфанақ патша, оның уәзірі жаман жолға түскендер ретінде бейнеленеді.

¹⁷ Қисса Зарқұм. – С.-Петербург, 1888. 43-б.

¹⁸ *Шайхысыламулы Ж.* Қисса Қасым жомарт. 1913. 2-б.

Бұлар Қасымды қорқытып, «бір айда үш мың ділда» алып тұруға келіседі. Аздан кейін азырканып, «қазынанды түгел көрсетпедің» деп дігір салады. Патша «қайтсең де Қасымның қазынасын алып кел», – деп қызына бұйрық береді.

Шапшаң бар деп қызына ашуланды,
Өзі жаһил болған соң көңілі қанды.
Көрмей келсең, бауыздап өлтірем деп,
Қасымның шешесіне апкеп салды¹⁹.

Абуалфанақ пен оның уәзірі, Һарун-Рашид патшаның Қасымды Басраға патша қоймақ болғанын естіп, Қасымды «отыз құлаш құдыққа» салады. Бір өлімнен құтылған Қасым қашан Һарун-Рашидті көргенше, қыр соңына түскендер азабынан құтыла алмай жүреді. Шығармадағы әйелдер байлыққа, мәртебеге қызықпай, ажарына, адамшылығына қарап адам таңдаған, сүйіктілері үшін қиыншылыққа төзе білген, адал арманына жеткендер болып көрсетіледі. Солардың бірі Мысыр патшасы қанша қыспаққа салса да көнбей, адал ниетінен аумай, ақыры Қасымға қосылған Дардана туралы:

Ақ бетінде кіршік жоқ,
Айдын көлдің қуындай.
Екі көзі жарқылдап,
Аузынан шыққан лебізі,
Сары алтынның буындай,
Шашы сүмбіл секілді,
Қоғалы көлдің құрағы.
Бой нұсқасын қарасаң,
Бектердің мінген пырағы²⁰, –

делінеді.

«Дүниенді үлестіре-үлестіре кедей боларсың» дегендер сөзін мақұлдамаған Қасым қандай шешімге келгенін Һарун-Рашидке айтты: «байлыққа мәз болмай, жомарттық жолына түссем, қазынамның пайдасын әркім көрсе екен», – дейді. Оның жайын Жағфар былай түсіндіреді:

Қасымға ғарыптары келеді екен,
Бәріне тамақ, киім береді екен.
Жаяуға ат береді кімсің демей,
Тірі адам ондай болмас қарындасқа,

¹⁹ *Шайхысыламулы Ж. Қисса Қасым жомарт.* 1913. 31-б.

²⁰ Сонда, 13-б.

Береді келген жанның сұрағанын,
Көреді ғарыптардың жылағанын²¹.

Қасымға қастық еткендердің маскара болып, Һарун-Рашид қаһарына ұшырап, жазасын тартқандығы айтылады. Азап көріп, ақырда арманына жеткен, Басраға патша болған, сүйікті Дардана-сын тапқан Қасымға арнап Бағдат патшасы Һарун-Рашид үлкен той қылады.

Екеуін қосты сонда неке қиып,
Падиша той қылады жұртын жиып.
Жетіпті мұрадына екі ғашық
Жылап жүрген көзінің жасын тыйып²².

«Тәжбахыт–Хоршаһраның» авторы Ш.Нығмет даяр сюжетті пайдаланғандығын ескертіп: «Қиссаны хикаят кітаптан қазақ тіліне көшіріп жаздым»²³, – дейді. Жиһанбақ шаһары патшасының балалары – Сағит, Сәбиттің өздерін өмірде қалай ұстағанын мысалға келтіру арқылы ғибратты ой айтылмақ. Сағит, Сәбит әкесінің «Жетім-жесірді жылатпа, дүниеге қызығып, жаман жолға түспе, кісі қақын жеме» деген өсиетін қомсынады. «Бір патшаның қызын ал, әр жерге асыл орын сал, көмілген қазынасы бар» деп айтар деп үміттенсек, байғұс ақылынан ауысқан екен:

Патша болып тақытқа мінгеннен соң,
Кісі жүрмес, кісінің қақын жемей²⁴, –

деседі.

Дұрыс жүріп, жақсы өмірге жетуге болмайды деп түсінген Сағит пен Сәбит алдау ісіне беріліп, ақыры өмірден ұтылады. Хоршаһраға сөзін өткізе алмай әлектенеді, қыз алдында өздерін масқаралайды. Олар Тәжбахыт болып өтірік хат жазады, мұны Хоршаһра біліп қояды.

Қыз сонда жолдастарын алдырды да,
Ұрып-ұрып Сәбитті талдырады²⁵.

Хоршаһра Сағит, Сәбиттің амал-айла, қиянатына жол бермеген, арманына жеткен қыз ретінде бейнеленеді.

Әкесінің дұрыс өсиетін орындап, адал жолмен жүрген Тәжбахыт бағы асып, екі бірдей елге патша болады.

²¹ Шайхысыламулы Ж. Қисса Қасым жомарт. 1913. 3-б.

²² Сонда, 48-б.

²³ Тәжбахыт–Хоршаһра. – Қазан, 1906. 22-б.

²⁴ Сонда, 4-б.

²⁵ Сонда, 10-б.

Аузынан шыққан лебізі,
Сары алтынның буындай.
Тізген меруерт секілді,
Отыз тістің қаласы.
Сымға тартқан күмістей
Он саусақтың саласы²⁶.

Бұл жолдардан Хоршаһраның сыншылдығы, ақылдылығы айтылады.

М.Әуезовтің ойынша: «Медғат–Қасым» романтизм сарынындағы шығарма. Бірақ негізгі стилі солай бола тұрса да, бұл поэманың реалистік шындықпен өмірге жанасымды, қонымды берген тартыстары, мінездері дәлелді көркемдікке бөленген»²⁷.

Шығармада негір тектестерді құлданып баюды кәсібі еткен қанаушылар озбырлығы әшкереленеді. Құлдықта болса да жасымай, адамдардың қиянатшылдығын көріп ашынған, ары, намысы, кешпес кегі оянған, өзін қорлағандардан өш ала білген Қасым жайы сөз болады.

Бір әңгіме қозғалды ойымдағы,
Мақсұт болды әшкере болынбағы.
Бай мейрімсіз ер құлдан саза тартқан,
Африкада Ніл дария бойындағы²⁸.

Дастанда әр жөннен жайы баяндалған адамның бірі – Қасым өзінің сырт тұлғасымен де көзге түскендей.

Дейтұғын бір құлы бар Қасым атты,
Қара сұрлау пішіні, зеңгі затты.
Отты қара көзі бар, ұзын бойлы
Тәкаппар, тәуекелшіл бек қайратты²⁹.

Байдың сырапқор «мот» баласы Медғат Қасымды «құлым» деп қорлайды. Қатты қинау үстінде «қыңқ етпей, дыбыс бермей, сұп-сұр болып қаны қашып» қатып қалған, дұшпанына бас имеген, бай алдында жалбақтаған «шуылдаған жорға құлдарға» ұқсамаған Қасымды көресіз. Осы уақиғадан кейін Қасымның бойын кек кернейді. Оның алдында екі жол тұр. Бірі – құлдықта шіру, екіншісі – қарсыласып, өш алу. Теңдік бос келмейтінін сезінген ол, өктемдік еткендердің әділетсіздігін өз алдына келтірмек. Ол бай қызы Марияның қорлап,

²⁶ Тәжбахыт–Хоршаһра. – Қазан, 1906. 6-б.

²⁷ XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті. – Алматы, 1961. 486-б.

²⁸ *Мағауия*. Медғат–Қасым // Қазақ ССР ҒА архиві. П. 1915. 168-б.

²⁹ Сонда, 168-б.

ауыр сөздер айтқанын да ұмытпақ емес. Қасымның ғашықтық білдіріп, айтқан сөзіне әдепті жауап берудің орнына тәкаппарлығын асырып, Медғатқа шағыстырып, жазаға ұшыратқан Мария өз ісіне жауап бермек.

Із қалдырмай кетудің жөнін тапқан,
Қыз сөзімен қинады Медғат атқан.
Кекшіл зеңгі кек алмай неге кетсін,
Байдың үйін андыды бағы жақтан.
Серуендеп Мария сонда гуляйт еткен,
Ұстап алып, балтамен басқа шапқан³⁰.

Ойлаған ісін аяқсыз қалдырмаған Қасым нағашысы Зұлыс патшаға барып, көмек алып, ер жігіттер ертіп, Медғатты іздейді. «Өлемін деп қорланып», жауынан түксінбейтін, «билеудің жолын тапқан», өзі батыр, «өзі білгіш атаман» атанады. Ол әсіресе байларға өш, «ағаш толы зәңгілер» ісін қостап, құрметтеген адам болып та көзге түседі.

Әсіресе байларға рахым етпес,
Ағаш толы зәңгінің бәрі ниеттес.
Сорлы болған жандарға тағы әдеті
Бір жақсылық қылады естен кетпес³¹.

Қасымның әйелдер теңдігін қостаған азамат екені көрсетілу үшін оның Ғазиза мен Сәлімге еткен жақсылығы айтылады. Қасым бірін-бірі ұнатқан екі жасты өз қолымен табыстырады, оларға ағалық адал ниет білдіреді. Қатал әкенің қиянатына төтеп бере алмай, ішқұса болған Ғазизаның жолы болып, бақыты ашылуына себеп болған Қасым болады.

Мұрат байдың қызы Ғазиза, оған ғашық болған кедей жігіт Сәлім адал ниетті жастар. Бұлардың да Қасым сияқты Мұрат бай мен Медғаттың әділетсіздігіне өз тұсынан көрсеткен қарсылықтары бар. Ғазиза:

Сәлімге ауған көңілім бар, қайта алмаймын,
Өтірікші дүниеде атанбаймын.
Жүрегімнің билігі бір өзімде,
Өлтірсең де қайтам деп айта алмаймын³², –

дейді.

³⁰ Мағауия. Медғат–Қасым // Қазақ ССР ҒА архиві. П. 1915. 170-б.

³¹ Сонда, 172-б.

³² Сонда, 180-б.

Жөн сөзге құлақ салмаған, әкелік мейірім білдірмеген Мұратбай қызының еркімен ерге баруын қостамайды, оның аузына өрескел сөздер түседі, надандығын, адуындығын шегіне жеткізеді.

Сол-ақ екен ашылды кәпір мінез, – деді:

– Ей, қызым, не менен, не онан без,

Сол сықылды бір итті менсінесің

Өлтірермін, қайт, – деді, сөзіңнен тез³³.

Мұратбай мен Медғаттың жазасын қалай тартқаны айтылады. Қасым дұшпанымен бетпе-бет кездесуге асығады. Мұрат бай мен Медғат бастаған топпен шайқасар алдында:

Отқа бірге кіріскен жолдастарым,

Аянбай қамданыңдар бүгін бәрің³⁴, –

деп бұйрық береді.

Бұл жердегі Қасым бір жөннен өзінің айбынды атаман екендігін бірден аңғартқандай. Екі жақ қылыштасқан егес үстінде Мұратбай өледі, Медғат қолға түседі.

Медғатты тауып алды, іздеп жүріп,

Алып ұрып, тізерлеп, байлап қойды.

Тізеге шыдасын ба, талып қалды³⁵.

Рақымсыз, тәкаппар Медғат залым, қиянаты алдынан шығып, жаза тартады.

Медғатты дірілдетіп, суға апарды,

Өз жазасын өзіне қылып салды³⁶.

«Қисса Дағыстан Жүсіптің» бір ерекшелігін ескерткен М.О.Әуезов: «Дағыстан» поэмасы адам образын көрсетуде қызық уақиғалы тартыс түйіндерін туғызуда өте шебер қалыптасқан³⁷, – дейді.

Шығармада кекшілдік кернеп, бір-бірімен жауласқан, ақ-қараға карамай қанжарласқанды көресіз. Бұлардың бірі дүлейлігін, зорлығын асырып, қылыш жұмсаса, енді бірі бас қорғап қан төгеді. Шығарманың өн бойында жайы баяндалған Жүсіп өзгенің өзінен асқанын көрсе, іші күйген «қанды көз қан ішер болып туған» зор кеуде, жазықсыз жандардың қазасына сан рет ортақ болған, қарғысқа ұшыраған «қаны қызса, қанжарын қайтармайтындардың» бірі. «Оның мергендігі менен

³³ Мағауия. Медғат–Қасым // Қазақ ССР ҒА архиві. П. 1915. 179-б.

³⁴ Сонда.

³⁵ Сонда.

³⁶ Сонда.

³⁷ XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті. – Алматы, 1961. 480-б.

неге асады» деп күндеп, Ибраһимді өлтіреді, жалғыз қызы Зәйраның ғашығы Жебірейілдің қанын жүктейді. Жарынан айрылып, күйікке шыдамай, өлім алдында жатқан Зәйраның соңғы қоштасуын естіп, көзіне жас толған Жүсіп ауыр қайғы үстіндегі қалын:

Өткен істің қасіреті ойға түсіп,
Келді-ау деп әлгі кемпір қылған зары.
Екі көзден жас ыршып, атып кеткен,
Тоқтамай сорағытып әжім беттен.
Жуан қара білектей бурыл мұртқа
Домалап ұлы жасы барып жеткен³⁸, –

деп суреттейді.

Жүсіп бұл атырапта менен асқан атқыш болуы мүмкін емес деп дандайсиды. Ол атып жыға алмаған арқар тау басына бір-ақ шыққан кезде Ибраһим ойқастаған арқарды бір окпен құлатады.

Қайта атарлық, ей мырза, сен емеспін,
Тағы арқарың бар болса, көрсет маған³⁹, –

деп қалжыңдайды.

Долы Жүсіп қапысыз тұрған Ибраһимге қанжар салады, өлтіреді. «Жалғызымды жазықсыз өлтіргенді ат, Алла! Оның тұқымын құрт құдай!» – деп зарлаған қарт ана баласының жетісіне азар жетіп қайтыс болады.

Жүсіптің ұлдары мен қызы толықсып ер жетеді. Ол баяғы кемпірдің қарғысын ұмытқандай. Бірақ Жүсіп жазасын тартпай кетпейді. Оның ер жеткен екі ұлы соғыста өлсе, күйіктен айығып үлгермеген Жүсіптің тағы бір екі ұлы тасқын судан ажал табады. Жүсіптің қайғысы мұнымен де аяқталмақ емес. Өзіне тартқан қанжаршыл баласы Рақым «қарындасымды қалыңдыққа қалай батылың барып сұрайсың» деп өзеурейді.

Көнбеймін әкем көнсе, осы сөзге,
Азғырған бір кедейдің тіліне ерсе.
Әкемнің де құлы көп сен секілді,
Атылып өлмеймін бе саған берсе⁴⁰, –

деп Жебірейілмен қанжарласып қайтыс болады.

Жебірейіл Рақымды өлтіргенін Зәйрадан жасырмайды. Рақымның өз жазасынан өлгенін білген Зәйра Жебірейілдің кінәсін кешіп, оны қамқор жарым деп білетіндігін айтады. Бірақ Жүсіп қалайда кек ал-

³⁸ Ақылбай. Қисса Дағыстан Жүсіп. Қазақ ССР ҒА архиві. П. 1915. 189-б.

³⁹ Сонда, 191-б.

⁴⁰ Сонда, 197-б.

май тынбақ емес. Ол қасындағы құлдарымен жабылып, Зәйраның алдында Жебірейілді қанға бояйды. Мұны көріп, «дірілдеп есі шығып» әкесіне келген Зәйра:

Құрыттың тұқымыңды меніменен,
Өлтірдің ішімдегі баламды да⁴¹, –

деп Жүсіптің айыбын бетіне басады.

Сөйтіп Жүсіп өркөкіректігі, күншілдігі, долылығы сазайын тартқан, баянсыз кекшілдікке салынып, жазықсыз жандардың сан рет қанын төккен, қарғысқа ұшыраған, атырапқа «әй, кәпір» атанған жан ретінде де бейнеленеді.

«Көрұғлының» қазақ арасына тараған түрлі нұсқалары бар, оның таза қазақ тілінде жазылған нұсқаларының бірі – М.Ж.Көпеев қолжазбасында сақталған. Бұл хикаяның баспа бетін көрген бір үлгісі 1894 жылы шықты. Мұнда Көрұғлы айдалы, жауына қатал, досына мейірімді, балажан батыр ретінде бейнеленеді. Оның асырап алған ұлдары – Хасенхан, Ғозхан тумаса да туғандай ұл бола білгендер. Көрұғлымен жорыққа аттанған тәжіктен келген Бөлек жау қарасын көріп: «Он бір ала қазым, төрт қоразым, мал-мүлкім, әйелім қалып барады» деп байбалам салып, үрейленеді, ұрысқа кіруден бас тартады. Хонхар ханның қатал әміріне ұшырап, баласының дарға асылғалы жатқаны, Ғозхан, сен төре нәсілді емессің, Көрұғлының асыранды ұлысың, теңім емессің деп тәкаппарланған Ботакөзайым жайы сөз болады. Түрлі уақиғаға толы бұл хикая таза қазақ тілінде жазылмаған десек те, оның тарихтық, эпостық қасиетін көрмеуге болмайды. Онда Хорезм, Эсфәһән, Көржастан, Жамбыл деген қала аттары, қызылбас, өзбек, тәжік, түрікмен деген халық аттары кездесіп отырады.

Жамбыл қаласына сұлтан болған Көрұғлы жүз жиырма жыл жасап, батырлықпен даңқы асады. «Ол екі зағифадан» бір перзент көрмей, «орнымды басар балам жоқ, ел-жұртым иесіз қалды-ау», – деп шерленеді. Қырық жігітін жинап алып: «кимегенді кидіндер, ішпегенді іштіндер, мәртебеге жеттіндер, үстерінде ақ сауыт, белдерінде қылыш, Хасенханымыз бар, енді армандарың бар ма?» деп сұрайды. Жігіттер: «Хонхар ханның елінде хор сипатты сұлу бала бар, соған оң тізеңді бастырсаңыз, армансыз болар едік», – деседі. Көрұғлы Ғозханды алып қашады. Артынан кеткен Хонхар ханның қуғыншыларымен соғысып, баланы бермей кетеді.

Бір күні Көрұғлы: «мені өлгенде қалай жоқтайтындарыңды осы тірі күнімде айтыңдар», – дейді. Оны өлеңге қосқандар: «Ғозхан мен

⁴¹ *Ақылбай*. Қисса Дағыстан Жүсіп. Қазақ ССР ҒА архиві. П. 1915. 203-б.

Хасенхан өзіңнен тумады, биферзент өткен сұлтаным-ай», – деп жырлайды. «Мені Көрұғлының баласы демейді екен. «Кісі жұртында сұлтан болғанша, өз жұртыңда ұлтан бол» деген рас екен», – деп екі ойлы болған Ғозхан Хонхар еліне кетіп қалады. Хонхар оны қарсы алып, қанша сый-құрмет көрсетеді. Өз орнына хан қоймақ алдында «Көрұғлы қолында пәлен жыл тұрып, не жақсылық көрдің?» – деп сұрайды. Ғозхан: «Ер жақсысын, ат жақсысын Жамбылдан көрдім. Бұл жақтың аты жаяудан қалады екен, жігіті қорқақ, адамдары бір ағашты жонып алып, құдай етеді екен», – дегенді айтады. Бұл сөздер Хонхар шаптың шамына тиеді, оны дарға аспақ болып жатқанда өкпелеп кетіп қалған баласын іздеп келген Көрұғлы Ғозханды батырлықпен өлімнен айырып алады. Көрұғлы қызылбастармен татуласады. Ғозханды еліне алып келіп, өзінің мирасқоры етеді.

Революцияға дейінгі қазақ әдебиеті көршілес, туысқан шығыс халықтарының әдебиеті мен мәдениетінің даму процесімен тығыз байланысты келгенін аңғартады. Қазақ әдебиеті мен қырғыз, өзбек, тәжік, түрікмен, әзірбайжан, татар халықтары әдебиетінің арасында ерте заманнан үзілмей келе жатқан жақындық бары байқалады.

Әдеби процестегі ұқсастық, бірлестіктер де, ауыз әдебиетіндегі өлеңді термелеп не жырлап айту салтындағы ұқсастық сияқты ақындық өнердің ортақ ерекшеліктері де, қазақ пен қырғыз арасында кең өріс алған айтыс, тағы сондай кейбір бұл халықтардың поэзиясына тән лирикалық жанрлар да осы әдебиеттердің ежелгі жақындығын көрсетеді. Бұған қоса, Қорқыт туралы аңыз, «Алпамыс батыр», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» секілді ертегі аңыз бен эпикалық жырлардың бірнеше халыққа ертеден ортақ шығарма болуы осы көршілес, туыстас халықтардың әдебиеті тарихи тамырлас екендігін көрсетеді.

Сюжеттік мазмұндық негізі бірлес, біркелкі болғанымен, бұл шығармалардың бірнеше халыққа ортақ нұсқалары бір-бірінің құр қайталамасы ғана емес. Мысалы, қазақ, өзбек, қарақалпақ, тағы басқа халықтарға ертеден белгілі «Алпамыс батыр» жырын алсақ, оның әр тілдегі нұсқасының өзіндік ұлттық сипаты, қасиет, ерекшеліктері бар екені белгілі. Сан жылдар бойы халық арасына кең тарап, халықпен бірге жасасып келген «Алпамыс», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» сияқты эпикалық шығармалардың уақыт озған сайын шыңдалып отыруы, әдебиетте халықтық, ұлттық сипаттар дараланып, дамыған сайын халықтық әдебиетке тән дәстүр-ерекшеліктермен біте қайнасып, өңделе түсуі әбден орынды. Сондықтан осындай бірнеше халыққа ортақ шығармалардың әр ұлттық нұсқасының өзіндік, дер-

бес құндылығы бар екендігін, басқа бір нұсқаның құр қайталамасы, көлеңкесі ғана еместігін де ескерген жөн.

Қазақ әдебиетінің көршілес шығыс халықтарының әдебиетімен байланысын, жақындығын көрсететін басқа да жайттар, фактілер көп. Қырғыз халқының дастаны «Манастың» ішінде қазақ эпосында белгілі Ер Көкше батырды кездестіреміз. Қырғыз, қазақ, өзбек, тәжік, түрікмен халықтарына ортақ ертегілік сюжеттер мен кейіпкерлер де мол. Түрікмен және әзірбайжан халықтарының ең бір таңдаулы эпикалық нұсқасы «Көрұғлы» қазақ арасында да көп тараған, халық үлкен ықыласпен ұйып тыңдайтын шығарманың бірі болған.

Сонымен бірге қазақ ішінде араб, парсы сияқты шығыс елдерінің ертегі-аңыздары, әңгімелері кең тараған. Бұлардың қатарында араб халқының белгілі «Мың бір түн» сияқты дүние жүзіне белгілі болған әдебиет үлгілері өте-мөте мол жайылған нұсқа. Араб, парсы секілді шығыс елдерінің әдеби нұсқалары қазақ арасына, бір жағынан, Орта Азия әдебиеті арқылы Фирдоуси, Науаи, Низами және басқа ақындар поэма, дастан етіп жазған шығармалары арқылы кең жайылғанын айта кету керек.

Қазақ ішінде осы жолмен келіп тараған поэма-дастандар ішінде «Шахнама», «Сейпілмәлік–Бәдиғұлжамал», «Ләйлі–Мәжнүн», «Таһир–Зуһра» сияқты көптеген шығармалар бар.

Қазақ әдебиеті мен Орта Азия, татар мен әзірбайжан халықтарының және басқа шығыс елдерінің әдебиетімен байланыстар өте-мөте ХІХ ғасырдың екінші жартысында кең өріс алды. Қазақ әдебиетінің көрнекті қайраткерлері Абай, Ыбырай, Шоқан Орта Азия халықтарының, сондай-ақ араб, үнді халықтарының таңдаулы әдеби нұсқаларын халық арасына тарату, оларды қазақ әдебиетінің қорына қосу ісіне үлкен мән берді. Шоқанның «Манасты» орыс тіліне аудару ісін тұңғыш рет қолға алғаны, Абайдың шығыс тақырыптарына «Масғұт», «Әзім», «Ескендір» сияқты әңгіме-өлең, поэмаларын шығаруы, Ыбырайдың үнді, араб, парсы халықтары ертегі-әңгімелерінің сюжетіне бірнеше әңгіме жазғаны – осылардың өзі-ақ қазақ ағартушыларының шығыс әдебиетінің шыннайы халықтық үлгілерін жоғары бағалағандығына айғақ бола алады. Абай шығыс халықтарының ертегі-аңыздары, әңгімелері, халықтық дастандары мен поэмаларын қазақ арасына мол таратумен бірге, Орта Азия классикалық әдебиеті нұсқаларын, Фирдоуси, Науаи, Низами шығармаларын насихаттауға да ерекше зер салды. Шығыстық сюжетке шығармалар жазғанда, Абай олардың уақиға желісін ба-

яндаумен бірге, идеялық нысанасын өзінше түсініп, ғибрат үшін айтуға жарарлық нәр іздейді. Оларды өз творчестволық көрігінен өткізіп, ағартушылық, демократтық ой-пікірлермен ұштастырады. Сондықтан олар бастапқы түп нұсқасын өзгертіп, басқа бір реңк алып та кетеді, өйткені ақынды шығарманың тек шығыс сарындас желісі қанағаттандыра бермейді. Қисса, хикая жазған ақындардың кейбіреулері фантастикаға толы аңыздарды әсірелей баяндап, ертегілік қиялды үстемелей түсетіндері болған.

Абайдың бұл сүрлеумен жүрмей, тың жаңа бағыт ұстанғандығын «Ескендір», «Әзім», «Масфұт» секілді поэмаларынан аңғаруға болады. Ескендір жайында қазақ арасына да тараған түрлі аңыздар болғаны белгілі. Оны «ай мүйізді Ескендір Зұлқарнайын» деп қасиетті адамдар санатына қосушылық та болған. Ескендірдің арнаулы шаштаразысы болыпты-мыс, шаштаразы Ескендірдің мүйізі бар екенін айтып қойып, жазаға кіріптар болып өліпті-міс дескен. Абай өзінің шығармасында Ескендірге мүйіз бітірмейді, оның шашын құпия түрде шаштаразыға алдырмайды, бір алуан жан, ерекше қасиет иесі есебінде көрсетіп, пір тұтып жатпайды. Оның шығармасындағы Ескендір ашуы бар, өкініші бар, қатесі, күдігі бар адам. Оның жаугершілікке, атак құмарлыққа салынып, көппен есептеспей, алдына жан шықпай кетуі ақынға ұнамайды. Ол көп елдерді жаулап, өзіне бағындырып, талан-таражға ұшыратқан қаһарлы жан ретінде сипатталады, ол көпке дейін жаугершіліктен тынылмаған, қашан кереметті іс көргенше ақылға мойындамаған, найзаның ұшы, қылыштың қырын жұмсап, жұрт билемек болған адам болып көрінеді.

Ескендір мен Аристотельдің тарихта болған адамдар екені мәлім. Абай сол тарихи адамдардың іс-әрекетін өзінше бағалайды. Аристотель зор ақыл иесі, жаугершіліктен береке күтпеген адам болса, Ескендір адам қанын судай ағызып, бейбіт елдерге күш көрсетеді.

Жазықсыз жақын жердің бәрін шапты,
Дарияның суындай қандар ақты.
Шапқан елдің бәрін де бодам қылып,
Өктемдікпен қолына тартып апты⁴².

Абай Ескендірді сөз ету арқылы өктемдерге, ел жаулауды құмартып, жаулық сағынып тұратындарға деген ойын ашық айтқан, күш көрсетуді мадақ көретіндердің адам баласына келтірер жақсылығы аз, олар өздерінің бүліншілік ісіне мәз, сондықтан ондайлардың қауіпті ісінен сақ болу жөн демек.

⁴² Құнанбаев Абай. Шығармалары. – Алматы: ҚМКӘБ, 1957. I т. 259-б.

«Масғұт» поэмасында Абай Масғұттың ісін құптамайды. Оған ғылым-білімнен, дәулеттен бас тартқаны үшін сын айтады. Сөйтіп, аңыз-әңгімелердегі баяндалған уақиғаға өз заманының тілек-талабы тұрғысынан баға береді:

Сол заманда-ақ надандар шырыш бұзған,
Жалғанның дәмін бұзып, қауіп қылғызған.
Ақыл мен мал екеуін асырай алмай,
Арашашы іздепті қатын-қыздан⁴³.

Ертегілік сюжетті Абай өзінің ғылым-білімге, еңбекке шақырған ағартушылық ой-пікіріне жанастыра бағалап, өз заманының кер-тартпа күштерін, жаңалыққа жол бермей отырған адамдарды сынау мақсатына орай қолданады.

Абайдың ертегі, аңыздарды жаңғырта өңдей айтуды құнттағандығын «Әзімнен»-де байқаймыз. Шығарманың сюжетін қайдан алғандығы туралы Абай:

Бір сөзім «Мың бір түннен» оқып көрген,
Өлең қып сол сөзімді айтқым келген⁴⁴, –

дейді.

«Әзімнің» сақталған желісіне қарағанда, бір сұмның Әзім сияқтылардың талайын алдап, отқа итеріп, зұлымдық істеп, пиғыл бұзғандығы, оның өмірден жазасын тартқандығы көрсетілмек болған. Абай ертегіге өзінше пікір қосып, уақиғаға қатысқан адамдардың ғибратты, ғибратсыз істерін баяндамақ. Абай ертегіні тіпті өзгертіп жібермегенмен, өз тарапынан кейбір қосымшалар енгізе отырған.

Бір іс кой әуелден-ақ ел салтында,
Орыс, неміс болса да, қай халқында.
Пайда деп тән саулыққа ішетұғын,
Миуадан тартқан хамір ас алдында⁴⁵, –

деген сөздердің ертегінің «Мың бір түндік» нұсқасына тиісті болмауы мүмкін. Бұл сөздер ертегіні жаңғырта айтпақ болған Абай талабынан туған сияқты.

«Шахнама» арқылы қазақ арасына тараған қиссалардың бірі – «Қисса Рүстем» ішінде еркін айтылған сөздер аз емес. Кітаптың алғашқы беттерінде Адам, Хауа ана, мың жасаған Лұқпан хакім, Абулғали сина, Қожа Ахмет Ясауи аттары аталады да содан кейін «жамағат, құлақ салып тыңдасаңыз, хикаят Рүстемнен сөз бастайын» делінеді.

⁴³ Құнанбаев Абай. Шығармалары. – Алматы: ҚМКӘБ, 1957. I т. 267-б.

⁴⁴ Сонда, 270-б.

⁴⁵ Дияков М. Фирдауси // Изв. АН СССР. 1940. 6-б.

«Шахнамада» Иранның сонау көне кезінен ҮІІ ғасырда парсыны арабтар жаулап алғанға дейінгі уақиғалар, Иран, Тұран араларында болған егестер, соғыстар сөз болады. «Шахнама» неше алуан уақиғаларға, ақындық фантазияға толы, дүние жүзіне белгілі, зор көлемді ұлы дастандардың бірі. Оның өлең жолдары – 120 000, «Махабхарата» – 200 000, «Манас» (Саяқбай нұсқасы) – 400 000, «Илиада» – 18 000, «Қүдіретті комедия» – 15 000 жол деп есептеледі.

«Шахнаманы» мұра етіп қалдырған Әбілқасым Фирдоуси 939-шы жылдары дүниеге келген. 84 жасында қайтыс болған. Ақын «Шахнаманы» жазу үшін 35 жыл өмірін сарп етіпті. Кейінгі ұрпаққа ұмытылмас мұра қалдырғанын ескерткен ақын:

Нет, я не умру, буду вечно живой,
Я слов семена разбросал над землей.
И тот, в ком есть разум, и вера в ком есть,
Воздаст мне по смерти достойную честь, –

дейді.

Фирдоуси дастанында жазықсыз жандар, қайғы-қасіретке ұшырағандар, ғашықтық жолында жан қия білгендер, ақыл иесі адамдар, атақ құмарлар, қан төккіштер, құлқынынан аспайтын құныстар, патшалар, уәзірлер, батырлар, тағы-тағылар сөз болады, табиғаттан тыс күш иесі фенделер, ертегілі жайттар, көне заманнан алуан түске боялған, құбылта, құлпырта жырланған істері бірінен соң бірі тізбектеліп, самаладай сайрап жатады.

Қазақ әдебиетіне «Шахнамадан» келген сарынды «Рүстем–Зорап», «Каштасиптің Арумға барып Қайсар қызы Катаюнды алғаны», «Қисса Рүстем», «Рүстем дастан» сияқты шығармалардан аңғарамыз.

Болсаңдар әзірінше бұған разы –
Тигендей төбем көкке тарқар шерім !
Қалдырып араб, парсы, өзбек тілін
Өзімше өлең еттім ойға ұнарын⁴⁶.

«Рүстем дастанның» шытырман уақиғаға, асқан фантазияға толы жерлерінің бірін Рүстемнің әкесі Залдың дүниеге келуіне арнаған тараулардан аңғарасыз:

Мәлике көп ұзамай бір ұл туды,
Жасады ұл туды деп ұлы дуды.
Түк басқан тұла бойын бір ғажайып,
«Бұл не?» деп көргендердің көңілі мұңды.
Қара емес, қардай аппақ шыққан шашты,
Сап-сары, салпы ерін, жік-жік басты.

⁴⁶ *Ізтілеуов Т. Рүстем дастан. – Алматы, 1961. 9-б.*

Шешесі бәйек болып, баласын қанша аяп қорғаштаса да, әкесі көнбейді, «бұл менен туған бала емес, әлдеқандай жын-шайтан әкеп тастаған жат бала» деп тіксінеді, нәрестені адам аяғы баспаған айдалаға апарып тастайды. Залды жолбарыс емізеді, ол самұрық құстың ұясында өседі, оның ұяда отырып лақтырған гауһар тастарды жинап алған керуендер қарқ олжаға батады. Ержеткен Зал кейін абыройы асып, әкесін табады.

1901 жылы Қазанда шыққан «Қисса Рүстемде» өз баласы Шаһрапты білмей өлтіргеніне көп жылдар өкініп, қайғыдан арыла алмай зар шеккені сөз болады.

Әке мен бала жекпе-жекке шығады. Басына қалқан ұстаған Шаһрапты Рүстем үш рет күрзімен ұрса да, Шаһрапқа еш зақым келтіре алмайды. Қоян-қолтық алысқанда Рүстем Шаһраптан жығылады, күші жетпеген Рүстем Шаһрапты қанжар салып өлтіреді.

Рүстем бір уақытта «аф» деп алды,
Көтеріп кеудесіне алып барды.
Жығылғаннан ашудың үстінде еді,
Ішіне қанжарменен салып қалды⁴⁷.

Еркіне енді қоймай құшақтады,
Көтеріп ұрайын деп сол бойында
Сасқанда салды семсер бүйірінен,
Есіл ер есі ауып құлап кетті,
Демігіп, демін алып иінінен⁴⁸.

Рүстем уақиғасына арналған нұсқалар тілдік, композициялық жақтарынан үйлесе бермейді. Бір нұсқада Сурраптың аты – Зорап (Жуковский, М. Сералин нұсқалары) делінсе, бір нұсқада – Сахраб (Дияконов), енді бір нұсқада – Шаһрап («Қисса Рүстем»).

«Қисса Рүстемнің» өн бойынан кездесетін «Жау келді түрік сын-ды», «афзалы еді қытай, қыпшак», «Самарқанд», «Рум, русия, татар, қызылбас, монғол», «Адайлар қырылып қырғын тапты» деген сияқты сөздер арнайы зерттеуді керек ететін тарихи жағдай өзгешелігіне меззейтін сөздер.

«Қисса Рүстемде» Рүстемнің батыр балалары – Шаһраб (Суррап), Жиһангер, Фармаз және Рүстемнің сенімді серігі Рахыш тұлпар жайы баяндалады. Рүстем – шынжыр балақ шұбартөстер әулетінен, оның арғы аталары – Шамсуар, Нариман, Жәмшит, Сам.

⁴⁷ Қисса Рүстем. – Қазан, 1901. 19-б.

⁴⁸ *Ізтілеуов Т. Рүстем дастан.* – Алматы, 1961. 153-б.

Зал оны анасының ішінен жарып алады, қырқынан шықпаған Рүстем пілдің етін, қабанның жүрегін жейді, «сегіз жасында күрзімен філ өлтіреді».

Тұранның патшасы Афрасияның ойын орындау үшін, Иранның патшасы Кейқауыстың басын алмақ болып, Самарқандтан шыққан Шаһраб батырды Рүстемнің айламен өлтіргені, оның «түріктерге ақыр заман орнатпақ болғаны, мұнарадай диюды жеңгені, аузынан от шашқан айдаһарларды аспанға атып жібергені, мұрындары үш құлаш пілдермен алысып, оларды бір-біріне соғып қырғаны» айтылады. Рүстем бірде серіктеріне қадірлі, айлалы батыр болып суреттелсе, бірде мейірімсіз қанішер болып сурттеледі.

Қызыл қан сахарадан судай ақты,
Адайлар қырылып қырғын тапты.
Жер толды сайларынан аққан қанға,
Мұны қарап тұрғандар қалды таңға, –

делінеді.

Иран, Тұран арасында болған қантөгіс екі елді күйзеліске ұшыратады, жұртты бейбіт өмірге жұмылдыру, шаруашылық қамын ойлау, өмірді ондау ісінен қақас қалдыру ісіне жол беру ниһаятсыз зиян екені ескертілгендей. Егескендер арасына тоқтау сала білген адамдар болғаны ауызға алынады.

Екі жұрт ұрыспастан тұра қалды,
Зал патша Кейқауысқа хабар салды.
Иран, Тұран арасы тиыш алып,
Жүргізді сауда кірді тарту қылып.

Ө.Мұхамедғали «Шаһ Ғаббас – Иран Ғайып» уақиғасын белгілі бір нұсқадан алғандығын айтады. Шығармада әділеттілер, әділетсіздер, жақсылыққа жамандық істегендер, қиыншылыққа төзе білгендер жайы сөз болады.

Бір өзіне он мың шаһар қараған Шаһ Ғаббас патша қаласындағы елінің бейбіт өмір сүруін тілейді. Шаһ Ғаббас қаланың ішінен жолаушыны қонақ ететін үй табылмағанын байқап, қайран қалады. Қала адамдарының мейірімсіздігі оны ойландырады. Тек қала шетінде бой жеткен қызымен тұратын сиыршы шал ғана қонақ қабылдайды. Патша шалдың үйінде біраз тұрып, жүкті болған әйелімен қоштасып, қаражат беріп, жүріп кетеді.

Сиыршының қызы ұл табады, патшаның тапсыруы бойынша оның атын Иран-Ғайып қояды. Бала неше алуан өнерге үйренеді: «ою оймақ», сызу сызбақ, оқ атып, құс салмақ, қылыш шаппақ» бәрін

біледі. Ат үстінде бір қол, бір аяғымен ұршықтай айналады.

Тағы білді өнерді бәйт айтпақ,
Адамның ішкі сырын оймен таппақ.
Данышпан, ғаділ зерек болды ғалым,
Өнері һәр тарапқа болды мағлұм.

Әкесін іздеп шыққан жолында Иран-Ғайып көп азап шегеді. Өң мен түс арасындай уақиғаға кездеседі. Иран-Ғайып тақта отыр. Сайрағанда үнімен дүниені теңселткен екі құс тұғырда отыр. Бір кезде жібек пердені ашып, ысылдаған айдаһар шыға келді, шошып кетті, құстар сайрап жіберіп еді, әлгі айдаһар сымтас болып құлап түсті. Перде тағы ашылды, ақыра ұмтылған арыстан шыға келді, құстар сайрап жібереді, арыстан тас болып қатып қалды, перде үшінші рет ашылғанда көздерінен от шашып, жарқылдаған, темір киген, қылыш асынған, құмырсақдай қайнаған әскер тобы шыға келді, Иран-Ғайып талып кетті, бір уақытта есін жиып қараса, қасында ғашығы Шәмше-Бану отыр.

Иран-Ғайып кемеге мініп, су үстінде қиыншылық көреді:

Қап-қара дария жүзін боран басты,
Толқыны аспан көкке араласты.
Қап-қара күндіз, күн-түндей болып,
Адамзат түсі қашып, күлдей болды.
Кеменің іші-тысын толқын соғып,
Бірін-бірі көрместей күндер болды.
Таудай толқын кемені соқты және
Сол жерден кеме болды пәре-пәре.

Иран-Ғайып талқан болған кеменің ұшып түскен тақтасы үстінде күндер-түндер ағып, бір қала шетіне ілінеді, әбден қалжырап, жығыла-сүріне келіп, окшау тұрған моланың ішіне кіріп ұйықтап қалады. Таң ата айналасына қараса, жерден шеті шыққан сандық көреді, сандықтың бетін ашса, өне бойы қызыл қанға боялған шала жансар қыз жатыр. Қыз Шәмше-Бану екен. Оны өлтірдік деп молаға тастап кеткендер: дәрежесін көтеріп, абыройын асырып, тоқсан екі күй үйреткізіп, құйқылжыған тамаша үндерімен көңілден шығып, жүрген жерлерінде әділдік айтындар, зиянды істерден аулақ болындар деп сеніп жүрген құстары екені, олар сайрауды білгенмен, жақсылық етуге шалағай, мейірімсіз күншілдер екен.

Шаһ Ғаббас қала ішінде бұзықтар жоқ па екен деп аралап жүрсе, өзінің бас уәзірінің қызы Ғазизаның сайран салып жүргенін, бейбастақтық істейтіндер бар екенін көреді, кінәлілердің бірі есебінде

Иран-Ғайып жазаға кіріптар болады. Дәл дарға асылар алдында Иран-Ғайып әкесін іздеп, азап көргенін баян етеді.

Патша Иран-Ғайыптың баяғы іште қалған сиыршы шалдың қызынан туған баласы екенін біледі. Салтанатпен келген Шәмше-Бану Иран-Ғайыпты қарсы алады.

Басына Иран-Ғайып тәж киілді,
Қырық күн той қылғызып, елін жиыды.

«Каштасиптың Арумға барып, Қайсар қызы Катаюнды алғаны» атты қиссада Иран патшасы Ләһрасиптің жүзге келгенше тақтан түспей, орнын үлкен баласы Каштасипке қимағаны, әкесінің мансапқорлығына наразы болған Каштасиптің Арум жаққа кетіп қалғаны сөз болады.

Қайсар патша ығай мен сығайлар, қасқа-жайсаңдар, төре-қаралар тобын жинап, қызына күйеу таңдатады. Катаюн шаршы топты аралап шығып, өзіне лайық ешкімді таппайды, патша тағы бір той шақырады, қыз осы жолы бір елеусіз жігітке көз салып, соны ұнатады.

Катаюн бір күн жатып түс көреді...
Сол топта өзіне жар таңдай жүріп
Кездесіп Каштасипті құп көреді.

Ханзадалардың, мырзалардың бірде-бірін ілтипатқа алмағандығы үшін, әлде қандай кірме, қаңғыған Каштасипті таңдағаны үшін хан қызын өлтірмек болады, елден қуып жібереді. Катаюнның ақылды, ұстамды, арын жоғары ұстайтын, сөзіне берік асыл адам екені, Каштасиптің адамшылығы мол, асқан палуан екендігі айтылады.

Темірді төске салып, соғып көр деп,
Қолына әкеп үлкен балға берді.
Темірді төске салды, оттан алып,
Балғаны қолына алды күшін жиып,
Көтеріп балғаменен ұрған шақта,
Төсдөңбек кіріп кетті жерді жарып.

Салтанаты мол, бір өзі бір шаһарды билеген Жирун Қайсар патшаның ортаншы қызын алмақ. Қайсар: «жұртты үрейлендіріп тұрған айдаһар бар, соны өлтірсең қызымды берем», – дейді. Жирун сұрастыра келе, айдаһарды өлтіру тек Каштасиптің қолынан келетінін біледі. Әдейі іздеп келген жұмысының жайын айтып, жалынып, аяғына бас ұрады. Құйрығымен жер сабалап, қаратүнек шаң боратқан» айдаһарды Каштасип өлтіреді. «Айдаһарды өзім өлтірдім» деп өтірік айтқан Жирун патшаның қызын алады.

Каштасиптің ерліктерін көрсетуге арналған уақиғалар үстемелей түседі. Қайсардың кіші қызын алған Аһран да Каштасиптен аз

жақсылық көрмейді. Күйеулерінің күшіне сенген Қайсар Ілияс патшаға елші жібереді. Бұдан былай алым-салық бермейтінін мәлімдейді.

Ілиястың жазған хатын есіткен соң,
Аһран, Жирун түре келді ашуланып,
Жай жатқан Ілиясқа тидің неге
Әуелде ақылдаспай би мен бекке.

Каштасип зорлықшы Ілиястың ісіне көнбейтінін, Ілияспен күш сынасатынын, Жирундар құсап өбектемейтінін, жаудан қорқып, жабықпайтынын, жатып жан сақтамай, жағаласып жан сақтайтынын білдіреді. Майдан. Жекпе-жек.

Қылышпен Ілиясты қағып қалды,
Онан бұрын басына салып қалды.
Ілияс аттан құлап, талып қалды.

Осылай Ілиясты байлап алып, Қайсар патшаның алдына әкеледі. Елді ерлігімен жаудан аман алып қалған Каштасип құрметке бөленеді. Баласының даңқын естіген Иран патшасы кінәсін мойнына алып, Каштасипке тағын береді.

Жүсіпбек Шайхысыламұлы жайын баяндаған Гүлшаһра Каша-мир шаһары патшасының жалғыз қызы. Қыздың кейбір ерсі істері, еткен паңдығы, көп михнаттан кейін шаһзадамен табысқаны сөз болады. Айттыра келгендерді ұнатпаған Гүлшаһра: «Ақыл, көркі, мінезі, сұлулығы өзімнен артық адамға ғана тием», – дейді.

Қасына қырық қыз ертіп, қос-қос ат жеккізіп, гауһармен түймелеген алтын күймеге отырып, басына тәжін киіп топқа келсе, Бағдат шаһзадасы алдынан шықпайды. Арада жүрген кемпірдің айтуы бойынша Гүлшаһра әкесінен рұқсат алса ғана шаһзада дидарласпақ екен.

Мен мұндай ақылсыздың теңі емеспін,
Әуелі ақыл керек жарлы байға.
Ғалымға патшалыққа ақыл керек, –

деген сөздерін айтып, өзіне ғашық жігітті сыртқа тепкеніне шыдай алмай, құсадан өлген шаһзаданы күмбезге қояды. Өз ісіне өкініп, дегбірі кеткен Гүлшаһра азап шегеді. Молаға келсе, шаһзада шалажансар жатыр екен.

Арқалап шаһзаданы келе жатыр,
Гүлшаһра жүрген менен шаршамайды.
Аулақ үйге екеуі келгеннен соң,
Екеуі көріседі, құшақтасып.

«Жиһанша–Тамуз шаһ» – сан алуан фантазияға толы қиссалардың бірі. Жиһан шаһ киік қуып келе жатып, теңізге тіреліп тоқтап қалады.

Кемеге мініп, теңіздің ар жағына шықса, әлгі киік өліп жатыр екен. Киікті алып қайта жүзгенде толқынға ұшырап, жағаға азар шығады, иен жерге келеді.

Екі жарты адам тұр осы жерде,
Сөйлесем деп жүр еді жақын келді.
Қашады осылардан «ыз-ыз» етіп,
Еш жақын қастарына келтірмейді.

Бір сәтте қолдарына жарты тас ұстаған ызылдаған жарты адамдар қаптап кетеді. Қамап алады. Жиһаншаһ бірнеше жолдастарынан айрылып, азар құтылады.

Бір қауіптен құтылып, жол шеккен Жиһаншаһ бос тұрған тақ көреді, таққа барып отырған кезде «адамнан азған, ит мінген маймылдар» қоршап алып, құрмет көрсетеді, тақ ұсынады. Маймылдарға патша болудан жалығып, қашып келе жатқанда адам жейтін құмырсқалар қаптайды:

Үлкені құмырсқаның тазы иттей,
Көптігі ашық жер жоқ, сірә, титтей.
Олардың арасынан патша қашты.

Жиһаншаһ талайды алдап, жәлептік істеуге салынған алаяқ бір кожаның кесіріне ұшырайды, құс патшасына кездеседі. Аспаннан ұшып келіп, көлге қонып шомылған пері патшасының қыздарын көреді.

Үшеуі келді, сілкінді,
Үш қыз болып құлпырды.
Нұр дидарын көргенде,
Шомылып, суға кіргенде,
Он төрінде көрінген
Толған айдай сықылды.

Пері қызы Шамса-Бануға ғашық болған Жиһаншаһ арманына жету жолында сан-сапалақ уақиғаларға душар болады. Шамса-Бану жасырып қойған құс көйлегін тауып алып, әкесін көруге кетіп қалады. Жиһаншаһ Шамса-Бануды іздеу жолында басы жылан, кеудесі адам бір алуан жандарға, айдаһарларға кездеседі, от шашып жатқан таулардан асады, дүниенің төрт бұрышын шарлап, Шамса-Бану тұрған қалаға азар жетеді. «Ұшбу шаһар қызыл жақұт өзінің мың беті, жүз бұрышы бар, айналасындағы үш айлық жерді жарық етіп тұратын күмістен, алтыннан жасалған екен».

Сөзі бар сөйлегенде шекер, балдай,
Алма мойын, ақ жүзді қиғаш қабақ.
Еті бар қарап тұрсаң жауған қардай.

Шамса-Бану Жиһаншаһпен табысады. «Екі ғашық қосылды, олардың михнаты рахат болды» делінеді.

Шығыс әдебиет үлгілерін ел арасына тарату ісімен шұғылданған ақындар ішінде Абай, Жүсіпбек Шайхысыламұлы, Ақылбек бин Сабал, Шәді Жәңгіров, Кашафуддин, Мәулекей, Жанұзақ және тағы-тағы көптеген ақындар бар. Бұл ақындардың еңбегінің сөзсіз құндылығы – олар қазақ әдебиетінің тақырыптық, сюжеттік арнасын кеңейтіп, фантазиялық, көркемдік өрісін өсіріп, оны шығыс әдебиетінің үлгілерімен толықтыру ісіне көмегін тигізді.

Шығыс әдебиетінен келген әңгіме-өлең, поэма-дастандар «қисса» деген атпен басылып, ел арасында «қисса» аталып кетті. Аңыз-әңгімелер «хикая» деп аталып жүрді. Бірақ бұл терминдердің жанрлық қатынасында нақтылық болған жоқ, бір кезде өлең кітаптың қайсысы болсын «қисса» деп аталды. Мысалы, XIX ғасырдың аяқ кезінде қазақтың «Алпамыс», «Ер Тарғын» секілді белгілі эпикалық жырлары да, Шортанбай ақынның жыр-толғаулары да, Біржан мен Сараның айтысы да «қисса» деген атпен басылып жүрді. Асылында, қисса, хикаялардың өздерінің қалыптасқан белгілі ерекшеліктері бар, оларды көркем шығармалардың басқа түрлерінен бөлек алып, өз алдына қарастырған жөн.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезінде Петербург, Қазан, Уфа, Омбы қалаларында көптеген қисса, хикаялар кітап болып басылып шықты. «Қисса Абулхарис», «Қисса Баһрам», «Қисса Бозжігіт», «Қисса Таһир–Зуһра», «Хикаят дастан Хатымтай», «Мұңлық–Зарлық», «Шаһмаран», «Шәкір–Шәкірат», «Жүсіп–Зылиха» т.б.

Қазақ әдебиетіне осы кезде шығыстан келген шығармалар әдеттегі мағынадағы аударма емес, белгілі бір сюжетті өлең ғып, жыр айту дәстүріне байланысты туған, әр ақын өндеп, өзінше айтқан шығармалар. Қиссашыл ақындар түрлі сюжеттерді өлең қылып айтып, ел арасына таратып жүрген. Ел ішіне жайылған нұсқаларды да ақындар өндеп, жаңғыртып, жаңалап айтқан. Шығыс әдебиетінде үлкен орын алған белгілі сюжетті поэма, дастан ету, жаңадан өлеңменен айтып шығу дәстүрі (назира) қазақ ақындары арасында да әдетке айналды. Сондықтан Ақылбек, Жүсіпбек, Көпеев, Мәулекей сияқты ақындар бірде – бар сюжетті өлең ғып айтушы, шығарушы болса, енді бірде – ел арасына тараған үлгілерді жинаушы, бастырушының рөлін атқарған. Мұны кейбір белгілі қисса, хикаялардың ел арасында бірнеше варианты болғандығынан, ал кейбірінің авторы белгісіз болуынан-ақ көруге бола-

ды. Тегінде, қисса шығарған, әдебиет нұсқаларын жинап бастырған бұл ақындар авторлық мәселесін өзінше, осы күнгіден басқаша түсінген. Ол кезге дейін әдебиет шығармалары ауызша тарап жайылғандықтан, көп жағдайда авторы мен айтушысын айырмаған. Тіпті жинап бастырған, өзінше өндеген халықтық шығармаларын да (олардың вариантын) кейбір ақындар өзімдікі деп санаған. Қисса-өлеңдерінің ішіне кейде қазақтың батырлар жырларынан кесек-кесек үзінді алып кіргізіп, болмаса екінші бір ақынның сөздерін пайдалана берген.

Авторлық правоның бір жөнін түсінген ақындардың бірінде бар жолдардың екіншісінде ұшырай беруі мүмкін. Ж.Шайхысыламулының «Ахметкәрімге арнап жазған осы өлеңім» деп басталатын шығармасының алғашқы он жолдан былайғы жолдарында Абайдан алынған сөз оралымдары бар. Шығарма 1898 жылы жарияланса да, тегі Жүсіпбек Абай қолжазбаларымен бұрыннан таныс көрінеді.

«Ахметкәрімге арнап жазған осы өлеңімдегі»:

Біздерге өлең арзан, күлкі қымбат.

Нәрсе ғой екі түрлі сыр мен сымбат.

Шын көңілмен сүйсе екен кімді сүйсе,

Бір мінезбен тұрса екен жанса, күйсе⁴⁹, –

деген жолдар, 1909 жылы шыққан «Сұлу қыздағы»:

Маңдайдан тура түскен қырлы мұрын,

Ақша бет ал қызыл бет тіл байлайды.

Сөйлесе сөзі әдемі бек мәнді

Күлкісі бейне бұлбұл құс сайрайды⁵⁰, –

деген өлең шумағы, не 1911 жылы жарияланған «Мағшұғнамадағы»:

Көргенде дидарыңды іш қайнайды,

Екі алма кеудеңізде қисаймайды,

Бетіңе бір жалт етіп қарағанда

Аласыз қара көзі нұр жайнайды⁵¹, –

деген шумақ – барлығы да Абай шығармаларынан алынған.

Кейде тақырыбы екі басқа шығарманың көп жері бірінен-бірі айырғысыз, ұқсас болып келуі де ғажап емес. Мысалы, осы тұрғыдан «Нұрбатыр» мен «Қаһарманды» салыстырып көрелік. Диюлар Нұрбатыр атты асқан күшті адам дүниеге келіп, оның бұларға қаһарлы жау болып тиісетінін алдын ала «оқумен» біліп, үрейленеді.

⁴⁹ Жүсіпбек Ш. Қисса Біржан сал мен Сара қыздың айтысқаны. – Қазан, 1900. 19-б.

⁵⁰ Сұлу қыз. – Қазан, 1909. 7-б.

⁵¹ Ақылбек С. Қисса Мағшұғнама. – Қазан, 1911.

Батырдың шешесі «алпыс жылдай» жүкті болып, күндерде бір күн Нұрбатырды табады. Оны бесікте жатқанда диюлар ұрлап кетеді. Диюлардың ішінде өсіп, ана тілін білмегендіктен, Нұрбатыр артынан іздеп келген туыстарының сөзіне түсінбегендік салдарынан жатырқайды, тентектік көрсетеді, ақыры шыққан тегін тауып, диюлардан кетеді. Нұрбатырдың асқан күші:

Жайын келді кемені жұтайын деп,
Жолдастары қорықты есі кетіп,
Нұрбатыр қарсы барды бұл жайынға,
Бұрылғанда құйрығын ұстай алды.
Кемені жайын сүйреп харап қылды⁵², –

деп суреттеледі.

Қаһарманды таппас бұрын оның шешесі «жетпіс ай» жүкті болып жүреді. Жаңа туған нәрестені «жетпіс қатын» кілемге салып, азар көтеріп, дарияның жағасына апарғаны баяндалады. Қаһарман ер жетіп, батыр болады.

Жайын келді кемені жұтайын деп,
Тоғыз жолдас қарады есі кетіп.
Қаһарман қарсы барды заһар шашып,
Жайын кетті бұрылып, кейін қашып,
Бұрылғанда құйрығын ұстай алды,
Кемені жайын сүйреп ойран қылды⁵³.

Сөйтіп екі алыптың екеуі де жайынды құйрығынан ұстап алып, жібермей қоюға күштері қаптап келгендер болып көзге түседі. Бұлардың туысы, істері де ұқсас.

Рас, қиссашыл ақындардың ішінде дарынды сөз шеберлері кездеседі. Бұлардың көбі орта қол ақындар сияқты көрінсе де, бірақ мәселе олардың ақындық талантының кеңдігі, шеберлігі жетпегенінде емес. Өздерінің түсінігі солай, сондай әдеби дәстүрді ұстаған. Қиссашыл ақындарды сөз еткенде осы жағдайды еске ұстаған жөн.

Олар қисса, хикаяларды фольклорлық үлгілерге ұштастыра шығарған. Кейде ақындардың белгілі бір уақиғаның сюжетін баяндап берудің өзін де місе тұтқандығы да аңғарылады. Аңыз, әңгімелердің, ертегі дастандардың шытырман уақиға желісін, ғажайып фантастикалық сипатын сырттай қызықтаушылық, олардың идеялық, мазмұндық қасиет-құнын жете бағалай алмаушылық та болғаны байқалады.

⁵² Нұрбатыр. – Петербург, 1897. 7-б.

⁵³ Қисса Қаһарман. 1913. 8-б.

Қисса-хикаялар әлеуметтік бағыты, мазмұны, идеялық-көркемдік құндылығы жағынан әр түрлі болғандықтан, алдымен оларды топтап, жіктеп алмақ шарт.

Біздіңше, бұларды негізінен бірнеше топқа бөлуге болады. Бірінші – көбінесе дінді уағыздайтын, исламның қағидаларын, діни ұғым-нанымдарды насихаттауға бағытталған «Жұм-жұма», «Сал-сал», «Сейітбаттал» сияқты шығармалар.

Екінші – көршілес елдер мен басқа шығыс халықтарының ежелгі аңыз-әңгімелері, халық романдары мен поэмалары және классикалық әдебиет өкілдерінің – Фирдоуси, Науаи, Низами сияқты ұлы ақындарының поэма-дастандары. «Шаһмаран», «Сейіпмәлік», «Бозжігіт», «ҚасымЖомарт», «Баһрам», «Жирун», «Ілияс», «Абулхарас», «Шәкір–Шәкірат», араб елінің ертегісі «Мың бір түн», үнді ертегісі, классик ақындар Фирдоуси, Фзули, Науаи, Низами дастан етіп жазған «Шахнама», «Ләйлі–Мәжнүн», «Таһир–Зуһра», «Фархат–Шырын», «Ескендір» секілді шығармалар. Бұлар қазақ халқы мен туысқан халықтар, шығыс елдері арасындағы мәдени қарым-қатынастың алдыңғы қатарлы өнеге-дәстүрлерін дамытады. Ескі ұғым-нанымдар, кертартпа идеялардың ізі ара-тұра кездескенімен, бұл топтағы ертегі-аңыз, поэмалар – негізінде, халықтық сипаттағы шығармалар. Ертегі-аңызға тән көркемдік, ақындық қиял, фантастика, мифтік сарындар оларда да көп орын алған, алайда мұның бәрі өзінше халықтың тілек-мақсаттарына, ниет-арманына сәйкес келеді. Бұл топқа діни мифологияға негізделгенімен, өз кезіндегі ғибратты, құнды идеяларды көркем бейнелеген махаббат жайлы дастан, өзіндік тарихи мәні бар «Ләйлі–Мәжнүн» сияқты шығармаларды да жатқызуға болады.

Үшінші – шығыс сюжетіне құрылған, бірақ қазақ әдебиетіне сіңісті болып, қазақ фольклорының дәстүрлерімен ұштасып, төл шығарма сипаттас болып кеткен «Бозжігіт», «Марғұба», «Мұңлық–Зарлық» сияқты шығармалар. Бұлар қазақ әдебиетінің үлгі-дәстүрлерімен терең қабысып, кісі аттары, образды бейнелеу, уақиғаны баяндау ерекшеліктері мүлде жаңғырып, қазақ әдебиетінің өзіндік тумасына айналған.

Тегінде осы салаға мына шығармаларды жатқызуға болады деп, дәлдеп, жіктеп бөліп алу қиын. Себебі көптеген шығармаларда осындай жаңа орта, жаңа жағдайда, қазақ ақындарының айтуында өзгеріп, қазақ ұғымына жақындап, жаңғырғандықтың ізі бар. Жоғарыда аталған шығармалардың бірталайынан да осы жайды байқауға болады. Бұл

қазақ ақындарының шығарманы қазақ өміріне жақындастырып, қазақ поэзиясының дәстүрлеріне жанастырып, тыңдаушыларына ұғымды етпек болған талабынан туған көрінеді.

Мысалы, «Бозжігіттің» 1881 жылы араб әрпімен жарияланған нұсқаларында Бозжігіт Бағдат шаһы Ғабдолланың жалғыз баласы, оның сүйген жары Сахыпжамал Таһмас ханның қызы деп баяндалса, 1871 жылы академик В.В.Радлов орыс әрпімен Петербургте бастырған нұсқасында: «Жігіттің аты Босжігіт екен, қыздың аты Қарашаш екен. Босжігіттің туысының аты белгісіз екен»⁵⁴, – деп келеді. Міне, осы бір шығарманың екі басылуындағы айырмасынан-ақ оны қазақ ұғымына жақындастыру процесін байқауға болады. Радлов жариялаған нұсқа таза қазақ тілімен жазылған, көркемдігі, жалпы құндылығы жағынан ол, сөзсіз, 1881 жылы басылғаннан артып түседі. Мұнда 1881 жылғы нұсқадағыдай уақиғаны кейде қара сөзбен баяндау да жоқ, үнемі өлеңмен айтылады.

Халықтық сипаттағы аңыз-ертегілер мен дастан-поэмалардың басты идеялық мотивтері адам өмірін қалайда жақсарту, өмірде кездесетін ауыр азаптан, қиыншылықтан оңай құтылуды мақсат ету, табиғатты меңгеру, оның сұрапыл күштерін бағындыруға, адамға қызмет еткізуге ұмтылу секілді боп келеді. Бұлардың құнды, бағалы жағы – оларға адамның күш-қуатын небір керемет, ғажайып күштерді жеңе алатынына сенім бар. Идеялық-тақырыптық жағынан алғанда, «Таһир–Зуһра», «Ләйлі–Мәжнүн», «Сейіпмәлік», «Бозжігіт» сүйіспеншілік сезімін ардақтайтын махаббат дастаны болса, «Абулхарас», «Шаһмаранда» дүниенің, табиғаттың әр түрлі сырын білу, ғылым-білімге ұмтылуға шақыру идеясы үлкен орын алады. «Шаһмарандағы» – басты бір сарын адамды өлімнен құтқарудың амалын іздеу. «Мұңлық–Зарлықта» ананың махаббатын ардақтау, ата-анасын баласынан айырған күндестік, арамдық сыры сияқты пасық ниетті, іс-әрекетті әшкерелеу мақсат етілген.

Бұл дастандарда кейіпкерлердің сиқырлық істері, дуалап көзбайлаушылық, басқа сондай керемет қасиеттері бола береді. Бірақ мұның бәрі жамандық үшін емес, ізгі, адал іс-әрекет үшін жұмсалады. Мұны, мысалы, «Шәкір–Шәкіраттан» анық көруге болады. Шәкір – өте-мөте әркімге қылған жақсылығымен, кісіге рақымдылығымен көзге түсті. Шығармада оның адамға еткен қызметі, баянды іске бастайтын ерлігін мол суреттейді. Ол талайды ауыр азаптан құтқарушы бейнесінде көрінеді.

⁵⁴ Радлов В.В. Образцы народной литературы тюркских племен. Часть III. СПб., 1870. 339-б.

«Шәкір–Шәкіраттағы» басты идеялық сарын – адалдық, арлылық, табандылыққа қасиеттеу. Шәкір мен Шәкірат жамандыққа, арамдыққа баспайтын, қандай қиыншылықты көріп, азап шексе де, табандылық көрсете алатын, өз бастарының намысын қорғай білетін, сонымен бірге басқа да жақсылық істеу қолдарынан келетін адамдар. Ертегіден бұлардан басқа әр түрлі кейіпкерді, олардың мінезін, алуан іс-әрекеттер көреміз. Көрсө қызар жеңілдікке бой алдырғыш патшаның жас тоқалының арам ниеті, жазықсыз жанды қаралап, өлімге қимақ болған жауыздық әрекеті әшкереленеді. Сонымен бірге өсек-жалаға сеніп, баласын өлімге бұйырып, ақ-қараны айыра алмай, алжасқан патша зұлымдық, қулық-арамдық пен мәртебеге қолы жеткен ел билеушілер, мал үшін, байлық үшін кісіге қастық істеу, қазаға ұшыратудан бас тартпайтын саудагерлердің кейпі, істеген істері бейнеленеді. Қақ-соқпен, жамандықпен ісі жоқ, өз күнін өзі көрген кемпір, шал және балықшылар жайы баяндалады.

Бойын құмарлық жеңген өгей шеше Шәкірді өзінің бұзық ойына көндірмек болады. Көнбеген Шәкірдің басын қатерге түсірмек ниетке кіреді.

Патшаға «балаң мені масқараламақ болды, қайтсең де оның көзін жой» деп жалбарынады. Патшаның «өлтіріңдер» деп жіберген адамдары Шәкірді иен далаға апарып тастап кетеді. Шәкірат інісімен бірге «қол ұстасып», беттері ауған жаққа кетеді. Олар бір жерге келіп, тыныстап жатқан кезде, Шәкірді жылан арбап өлтіреді. Інісінен айрылып, жалғыз келе жатқан Шәкірат топырлаған, қорқып, үрейленген жандарды көреді, сөйтсе бір айдаһар елдің адамдарын жұтып жеп, күн көрсетпейді екен. Шәкірат сол айдаһарды сөзге келтіріп, жылына белгілі мөлшерде алым алып тұруға көндіреді. Ол ел Шәкіратты патша қояды.

Өліп қалған Шәкірді дүние кезген шал мен кемпір тірілтіп алып, батасын беріп, қоя береді. Шәкір ағасы патша болып тұрған елге келеді. Бір үйде жылап отырған кемпір мен шалды көреді. Олардың жалғыз қызын ертеңгі күн айдаһар жұтпақ екен. Шәкір айдаһарды өлтіріп, қызды ажалдан құтқарады, кемпір-шалды қуантады. Айдаһармен алысып, талықсып жатқан Шәкірді есін жиғызбай өлтіріп, атақты өздері алмақ болып, екі жігіт оны мүлде есінен тандырып, құмға көміп кетеді. Қыздың әке-шешесі Шәкірді көмілген жерінен тауып алып, күтеді. Шәкірдің тірі екенін біліп қойған әлгі екеу оны ұстап алып, енді өлтірмек болып келе жатқанда:

Бір адамды суға құрбан етуші едік,
Аман-есен сәлемет кетуші едік⁵⁵, –

деп жүрген саудагерлерге кездеседі. Соларға Шәкірді сатып кетеді.

Шәкір өз бармағын өзі кесіп, қанын суға ағызып, керуеншілерді қауіпті дариядан өткізеді, ырза болған керуендер оған «үш түйе жүк» береді. Шәкір бұл жүктеріне базардан сандық сатып алса, ішінде бір сұлу қыз жатыр. Ол қызды күншіл керуеншілер тартып алады да, Шәкірді сандыққа салып, суға ағызып жібереді. Сұлу қызды керуеншілер Шәкірдің ағасы Шәкірат патшаға сыйлап көп пұл алады. Қыздың қойнында сақталған қағазда Шәкірдің жайы айтылған екен. Шәкірат інісінің тірі екенін біліп қуанады. Іздетіп, оның бір жерде бір патшаның қызын алып, ел билеп тұрғанын біледі. Шәкірат інісімен көріседі. «Екі өкшесі жарылып, мойнына қоржын салып» жүрген әкесін қайта таққа отырғызып, өзінің адалдығын елге танытады.

Өмір құбылыстарын суреттеу, баяндау, адамның бейнесін жазау, сюжет құру, уақиғаны дамыту, тіл, стиль ерекшеліктері жайынан алғанда, «Шәкір–Шәкірат» та ертегі-аңызға тән көркемдік амал-тәсілдерге толы. Өлеңмен әңгімелеп жазылса да, өзінің ертегілік қалпын, өзгешеліктерін түгел сақтаған.

Шығармада айдаһардың суреттелуі, өлген адамды тірілту сияқты ғажайып істердің айтылуы онда ертегілік қиял, фантастиканың мол екенін аңғартады.

Не керемет сиқырлы, тылсымды дүние өте-мөте «Шаһмаранда» мол. «Шаһмаранның» түпкі, басты сарыны – адамды өлімнен құтқаратын жол іздеу, өлімнен сақтайтын шөп табу. Қалайда, бұл шығарманың мәнділігі адамның күш-қуаты, ақылы, дүниенің, табиғаттың сырын білуге қабілеттілігі шексіз деген түйінде жатыр.

Оқымысты, білгір Даниял адамды ажалдан құтқаратын шөп бар дегенді кітаптан оқып, соны іздеп табуды мақсат етеді. Бұл әрекетімен ол құдайға қарсылық білдіреді, оның өміріне мойынсұнбай, адамға мәңгілік өмір бермек болады. Жебірейіл періште шарифатқа бұрыс іс істемек болды деп, Даниялдың қолын қағып, қағаздарын суға шашып жібереді. Даниял ниетін іске асыра алмай, әйеліне: «енді мен өлгеннен кейін туған балама қалған кітап-қағаздарымды табыс ет», – деп өсиет етеді. Даниял өліп, одан қалған бала Жамсып ержетіп, жігіт болады. Ол жанында бірнеше кісімен отынға барып жүріп, беті таспен жабулы, іші балға толы бір құдыққа тап болады. Жолдастары Жамсыпқа сол балдан керегінше алғызып, өзін құдыққа тастап

⁵⁵ Қисса Шәкір-Шәкірат. – Қазан, 1890. 19-б.

кетеді. Осы құдықтың астынан бір саңылау, жол тауып, әрі қарай жүрген Жамсып жыландардың, айдаһарлардың тұратын мекеніне тап болады. Бұлардың патшасы Шаһмаран (шын аты – Имлихса) – басы адам, денесі жылан, адамша сөйлейтін ғажайып мақлұқат бейнесінде суреттеледі. Одан кейін шығармада Шаһмаран Жамсыпқа өзінің көрген-білгендерін баян етеді. Шаһмаранның неше түрлі ағаш, шөптің қасиеттерін, адамға нендей пайдасы бар екенін айтып сөйлейтін білгірлігі бар. Ол дүниенің, табиғаттың көп сырын біледі. Шаһмаранның баяндауында көз алдыңыздан адам көріп-білмеген ғажайып хайуанаттар дүниесі, таңқаларлық адам нәсілі мақлұқтар, пайғамбар-періштелер, түрлі теңіз ғажайыбы, аспанды, жер астын мекендеген жәндіктер өтіп жатады. Сөйлейтін керемет балықтар, жылан-айдаһарлар, ит мініп жүретін маймылдар, жезтырнақтар, үлкендігі мысықтай құмырсқалар, түрлі-түрлі құстар – осылардың елі-жұртын, патшалығын аралап, шетіне шыға алмай жүресіз. Ұшатын қанатты ат та бар, көз көрмес жерге бір сәтте жеткізіп тастайды. Осының бәрі ғажайып ертегі, көркем фантастика, қызықты қиял түрінде берілген. Жер мен көк, теңіз-су, табиғат құбылыстары жайлы миф, аңыздар діни ұғымдармен де шендесіп жататынын айтпауға болмайды. Мысалы, шығармада жерді өгіз көтеріп тұр, өгіз кемеңің үстінде, кеме балықтың үстінде тұр, балықтың асты – теңіз, теңіздің асты – жел, оның асты – қараңғылық деп баяндалады. Сол сияқты Адам ата мен Хауа ананың бейіштен шығуы жайлы діни миф те келтірілген.

Бірақ, қалайда, «Шаһмаранда» ғылым, білімді уағыздау үлкен орын алады. «Ғылым хикмет» ісіне мән бермеген, атаққұмар Ғақап молданың жайы айтылады. Ол Шаһмаранды ұстап алады. Ондағы мақсаты – суын аяққа сұртсе, теңізге батырмайтын қасиетті ағашты Шаһмаранға тапқызып, сол ағаштың күшімен талай-талай теңізден өтіп, Қап тауына жетпек. Сүлейменнің жүзігін қолға түсіріп, даңқты патша болмақ. Бірақ қиянатшыл молда дегеніне жете алмай апат болады. Ғақап молдаға Шаһмаранды ұстап беруге себепші болған дін жолын қуған Балқия патша да ғылымның бағасын, қасиетін ұға алмай, суын ішсе, кісі өлмейтін қасиетті шөптен мақрұм қалады.

Һәр шөпке әртүрлі сөз көп еді ғой,
Осындай пайдалы сөз жоқ еді ғой.
Сығып менің суымды ішкен адам,
Ауырмайды, өлмейді деп еді ғой.
Сіздер неге сол шөпті алмадыңыз,
Суын сығып ауызға салмадыңыз?⁵⁶ –

⁵⁶ Шаһмаран. – Қазан, 1901. 304-б.

дейді Шаһмаран. Осы сөздің аңғарынан шын баянды іс, дінге сену емес, дүниенің сырын білу, ғылым іздеу деген ой түйіні танылады.

Жамсып айдаһарлар мекенінен кетіп, жер үстіне шыққаннан соң, бір уақыттарда патша сырқаттанып, уәзірі бұл дерттің жалғыз ғана емі бар, ол Шаһмаран деген жыланның патшасын тауып, соны жеу керек дейді. Шаһмаранды көрдім, білдім деген кісі табылмаған соң, оны көрген кісінің денесінің аласы болады деп, уәзірі елді түгел моншаға түсіреді. Осымен Жамсып қолға түседі. Өлтірмек болып қысқан соң, жанынан шошып, уәзірінің бұйрығын орындамақ болады. Шаһмаранды ұстап беруге қимай, қатты қиналады. Бірақ Шаһмаран қолға түседі. Жолда Шаһмаран Жамсыпқа : «мені өз қолыңмен сойма, бір қайнап шыққан сорпамды ішпе, екінші қайнап шыққан сорпаны өзің іш» дейді. Шаһмаранның айтқанын істеп, Жамсып дүниенің сырын түгел білетін ғалым-білімпаз болады. Жер, су, ағаш, шөп, бәрі де Жамсыпқа қандай қасиеттері бар екенін сөйлеп беретін болады. Атасы Даниял мұра ғып тастап кеткен «аманат қағаздарды», кітаптарды оқып, білімі кемелденіп, өнері арта түседі:

Жамсып ол қағаздарға көзін салды,
Қайсы жерде алтын бар, қайда күміс,
Көмілген орындарын біліп алды,
Ғылым хикмет Жамбысың білді бек кеп.
Қасиетін сөйлейді ағаш пен шөп⁵⁷.

Ақылы асқан ғалым болғандықтан, патшаның бас уәзірі де болады.

«Шаһмаран» – негізінде ескі заманда, ертеде туған миф-аңыздардың жиынтығы. Шығарманың ұтымды, күшті идеялық сарындары дүние жүзі әдебиетінде көркем қиялдың тамаша үлгісі болған ежелгі грек мифологиясындағы Прометей бейнесіне үйлес, жалғас келетін секілді. Прометейдің құдайға қарсылық еткеніне қарамай, адам баласына от алып бергені, түрлі ғылым-білім, өнер үйреткені, адамды ауру-дерттен емдеп жазудың сырын ашқаны осы қиялдан туған ұшқыр алып көркем бейненің тамаша сипаттарын танытса, «Шаһмарандағы» адамды өлімнен құтқаратын шөп іздеу, дүниенің, табиғаттың сырын білу, түрлі ағаш, шөптің қасиетін тану, соның бәрін адамның пайдасына асыруға ұмтылу сияқты мотивтер де сөзсіз өз заманында озат ой-қиялдан туған.

Махаббат дастаны болғанымен, «Сейпілмәлік» те миф, ертегілік қиялға толы. Мұнда дию, перілер, аузынан от шығатын, адамның

⁵⁷ Шаһмаран. – Қазан, 1901. 110-б.

етін жейтіндер қаптап жүреді. Сейпілмәлік – Мысыр патшасы Қасымның баласы. Сейпілмәлікке әкесі бір жүзік пен тон сыйлайды. Жүзік – Сүлейменнің жүзігі. Аңыз бойынша, жүзікке құдайдың аты жазылған, оның қасиеті – ие болған адамның мақлұқат, жын-перілерге әмірі жүреді. Осы жүзіктің көмегімен Сейпілмәлік жын-перілерді бағындырып, диюларды соғысып жеңеді. Әкесі сыйлаған тонды ашып, Сейпілмәлік пері қызының суретін көреді. Сол қызға ғашық болып, іздеп шығады. Осы жолда талай-талай азапты бастан кешеді. Оны маймылдар ұстап алады, диюлар зынданға салады. Осындай қыруар қиыншылықты жеңіп, бәрінен құтылады.

Анадан айдай болып туған жарым,
Он үш жылдай жолыңда мен бір зарым.
Рақым қылып, жүзінді бір көрмедім,
Қайтейін мен жолыңда ынтызарың.
Алдымнан жүз мың пәле шықса-дағы,
Жолымда өлімді бір ойға алмадым⁵⁸, –

деп аңсаған ғашық жары Бәдіғұлжамалмен көріседі. Сейпілмәліктің нұрын көрген Бәдіғұлжамал ғашықтық сезімі бойын алып, талып түседі. «Пері оттан, адам топырақтан жаралған», екеуміздің махаббатымыз баянды болар ма екен деп күдіктенсе де, «жолыңда құрбан болған мен көбелек, отқа түссем жанбаймын, өлерім жоқ» деген Сейпілмәліктің шын сүйіспеншілігіне көңілі еріп, оған өмірлік жар болып қосылады. Бәдіғұлжамалды алып, Сейпілмәлік аман-есен еліне келеді.

Мифтік элементтер мен қиял «Жүсіп–Зылихадан» да көп орын алған. Жүсіпті күндегендер құл қып сатып жібереді. Ол көп жыл қорлық көріп, азап шегіп, ақыры Мысыр патшасының әйелі Зылиханың қызметші-құлы боп жүреді. Зылиха Жүсіпке қырық жыл бойы ғашық болады, уайымнан сарғайып, «толған айдай жүзінен» айрылады, әбден қартаяды. Шашы ағарады, көзі кетіп, соқыр болады. Ғашық отына күйген Зылиханың аузынан шыққан ыстық лебізіне камшының сабы жанады.

Зылиха айтты көрдің бе менің жаным,
Қырық жылдай көңіліме түсті уайым.
Қамшының сабы неге отқа жанды,
Сол отты маған салды бар құдайым.
Ол күйдірді қырық жылдан бері мені...⁵⁹

⁵⁸ *Шайхысыламұлы Ж. Жүсіп–Зылиханың мәселесі. – Қазан, 1918. 59-б.*

⁵⁹ Сонда, 59-б.

Ақыры Жүсіп Мысырға патша болып, Зылиханы алады. Жүсіпке қосылған соң, Зылиха жасарып, «күдайдың күдіретімен» көркем сұлу болып, толықсып шыға келеді.

«Сейпілмәлік» пен «Жүсіп–Зылихаға» махаббат тақырыбын баяндау жағынан жалғас, ұқсас болғанымен, олардан оқшау тұрған шығармалар «Ләйлі–Мәжнүн», «Таһир–Зуһра» және «Бозжігіт». Бұлар ертегі-аңыз үлгісінде емес, дастан-поэма түрінде құрылған. Әсірелей бейнелеу, көркем фантастика бұларда да мол орын алғанымен, діни, мифтік қиял жағы әлдеқайда аз, өмірді нақтылы түрде суреттеу жағы басым келеді.

1907 жылы жазылып, 1923 жылы «Шолпан» журналында шыққан «Ләйлі–Мәжнүн» Фзули нұсқасы бойынша қазақшаланған. Бұл дастанда бір-біріне туа ғашық болған жастар арасындағы шексіз махаббат жайы айтылады. Шығармаға ғажайып уақиғалардың мол кіруі оның өз алдына бір өзгешелігін аңғартқандай. Мәжнүннің, яғни Қайыстың келбетінде айрықша бір белгі бар:

Келбеті бұл баланың өзгеден жат,
Бір көрсен, көргің келер неше қабат
Бетінде бек сүйікті бір нұры бар,
Қыласыз ықтиярсыз шын махаббат⁶⁰.

Ләйлі мен Қайыс нәресте кезінің өзінде бірінен-бірі таса болса, тынышы кетіп уанбайтын болады. Қатал әке Ләйліге қатты тыйым салады. Ғашығын көруге лажы болмай, қасіретке ұшыраған Ләйлі:

Мен зарладым бұл жерде,
Қайысқа үнім жетер ме.
Жалынсам соққан желдерге,
Сәлемді алып жете ме⁶¹, –

деп қамығады. Тағатын тауыса сөйлеген қыздың махаббаты да бір алуан болып баяндалады.

Бөгет болғандардың ісі жанына батып, зор ғашықтықтың ауыр салмағы әлсіреткен Қайыс есіне Ләйлі түскенде «аузынан жалын шығып», осынау бір ғашықтық оны кейде есінен тандырады, жұрт Қайысты Мәжнүн атандырады.

Ләйлі деп зарланады ұзақ түнге,
Жүдеді қайғысы асып күннен-күнге.
Ғашықтық ішін өртеп, диуана боп,
Қор болып адамдықтан шықты мүлде⁶².

⁶⁰ ҚазССР архиві. «Ләйлі–Мәжнүн». 187-б.

⁶¹ Сонда, 188-б.

⁶² Сонда, 189-190-бб.

Мәжнүн өзін, сөзін ұқтыра алмаған, қиянатшыл ортадан жақтаушылар таба алмай, терең махаббатын түсіндіре алмай, жынды атанып, дұрыс ісіне бола теріс көрініп жүрген сияқты. Ол қауымнан шығып, даладағы ұшқан құс, жүгірген аңға қосылып та кетеді. «Зарын естіген мақлұқтар Мәжнүннің қайғысына ортақтасып, шуылдаса, сол зарға үн қоспаған, зорлықшыл топ кім? Мәжнүннің қаңғып кетуіне кім кінәлі?» деген сұрақ та қойылады. Мәжнүн кейде әлдеқандай шарапат иесі жан болып та көзге түседі. Ол біреуге қиянат жасап, өрескел мінез көрсетіп, жынды атанбайды, әділ ісіне жол бермегендерге қарсы болғандығы үшін жақпай, жат көрінеді. Ол бірде заманының зорлығына көнбеген бүлікшіл адам болып та көрінгендей. Оны Мекеге апарып, Бәйтолланың қасиетті тасынан шипа күткізген, табиғаттан тыс күш бар деп әуреленген, құдайдың кереметіне сенгендер ойына қосылмаған да сол Мәжнүн сияқты. Жынды атандырса да, Мәжнүннің махаббатын аңсап, құштарлығы арта түскен Ләйлі тұрады:

Сөйлесті аспандағы айды көріп,
Жүресің жердің бетін сен тексеріп.
Бір күнде дүниені шарқ ұрасың,
Мәжнүннен қуантсаңшы хабар беріп⁶³, –

делінеді.

Ләйлі–Мәжнүн уақиғасы туралы шарықтата, әсірелей айтылған ертегілі жайттар да кездеседі. Ләйлі мен Мәжнүнді ерекше жан-дар етіп көрсетпек болған, әріден келе жатқан ескі ақындар салтын сақтағандық та байқалады, сондықтан да артықша махаббат иесі Ләйлі мен Мәжнүннің өзгеге ұқсамайтын істері әдейі сөз болады. Көп күндер кездесуге лажы болмаған, ғашықтығы шектен асқан екі жас бірін-бірі көргенде күйіп-жанып, жақын жуықтаса, араларынан от шығатын болады.

Барады жақындаса, жанып-күйіп,
Денеге болар емес дене тиіп.
Екеуі шыдай алмай, талып кетті
Аузынан алған екен бірер сүйіп⁶⁴.

Бұлардан басқа да ғажайып істері сөз болады. Қайтыс болған Ләйлінің моласына Мәжнүн келген кезде, жас қабір ашылып кетеді, тілегі қабыл болған Мәжнүн жарын құшып, қасында мәңгі қалады. Сөйтіп, Ләйлі мен Мәжнүн «көз бұрмай, көңіл бұрмай, мінез бұзбай»,

⁶³ ҚазССР архиві. «Ләйлі–Мәжнүн». 192-б.

⁶⁴ Сонда, 193-б.

адал арманына кір жұқтырмаған, бір жасында табысқан ғашықтар болып сипатталады.

«Таһир–Зуһра» нұсқаларының бірін жариялаған Әлқадыр Оразаев шығарманы «жеңіл тіліміз – ноғай, қазақ тілінде жаздым» дейді. Уақиғаның көп жері қара сөзбен баяндалған. Таһир мен Зуһраның ғашықтық сезімі, ойы, мұңынан аңғарылған сөздер өлең түрінде айтылады. Зуһраны еске алған Таһир:

Шын хақиқат жарымды,
 Көрер күнім болар ма?
 Қараңғылы қара орман
 Өтер күнім болар ма?
 Қара бұлт басымнан
 Кетер күні болар ма?⁶⁵ –

деп өзінің қиянатты өмірдің қиыншылығына ұшырағанын баяндайды.

Таһир мен Зуһра да Ләйлі мен Мәжнүн сияқты бір-біріне бала күндерінен ғашық. Олар қанша азап, түрлі тосқауыл көрсе де, серттерінен таймайды. Армандарына жете алмай, дұшпандық еткен жауыз адамдардың қолынан жазықсыз қаза табады.

«Зуһраның кабірі үстіне ақ гүл өсіп, Таһирдың үстіне қызыл гүл өсті, уал ғарип малғұнның үстіне қара тікенек өсті»⁶⁶ деген сөздер қиянатшыл, қатал адамдарды мінеп-сынау екенін айқындай түседі.

«Бозжігіт» Радлов бастырған нұсқасында қазақтың халық поэмасы «Қозы Көрпеш – Баян сұлуға» өте-мөте жақын. Дастанда Бозжігіт пен Қарашаш махаббат істерінде бастан асқан дүлей күш, өмір әділетсіздігіне, қатал бұйрықтың кесіріне ұшырап, арманда кеткендер болып сипатталады. Қарашаш сұлу махаббаты үшін қандай да болсын қиыншылыққа төзіп, атаққа, байлыққа, ханшалыққа қызықпаған, таңдап тапқаны жолында құрбан болуға серт берген қыз болса, Бозжігіт те Қарашаш үшін жанын пида етеді.

Хан болып, өмір жүргізу Бозжігітті қызықтырмайды, оның арманы – түсінде көрген Қарашашты іздеп табу. Ләйлі–Мәжнүн, Жүсіп–Зылиха, Таһир–Зуһралар сияқты адал ғашық болуды мақсат етеді.

Қарашашты есіне түсірген Бозжігіт:

Біз еліңе барғанша,
 Дидарыңды көргенше,
 Ләйлі менен Мәжнүндей

⁶⁵ Қисса Таһир–Зуһра. – Қазан, 1907. 25-б.

⁶⁶ Сонда, 63-б.

Сабыр қылсақ керекті...⁶⁷
 Зылиха мен Жүсіптей
 Сабыр қылсақ керекті⁶⁸, –

дейді.

Бозжігіт пен Қарашаш қазақ өміріне де жат адамдар емес сияқты. Өлім жазасына бұйырылған Бозжігітті іздеп, сұрау сала келген Қарашаш:

Түйе келіп боздайды,
 Ботасы оның бар ма екен?
 Бота көзді Бозжігіт,
 Бұл ойында жоқ па екен?
 Сиыр келіп мөңіреді,
 Бұзауым деп жылайды
 Бишараның бұзауы,
 Бұл ойында жоқ па екен?⁶⁹ –

дейді.

Бозжігітті іздеп жүрген Қарашаш ботасынан айрылып боздаған түйе, қозысынан айрылып маңыраған қой, бұзауын іздеп мөңіреген сиырмен салыстырыла бейнеленеді.

Бозжігіт Қарашашпен кездесу жолында жүріп, көп қиыншылықтарға ұшырайды. Қарашаштан басын аяп, ізгі арманын аяққа басатын адам емес, неге болса да төзіп, қайтсе ғашығын көріп, арманына жетіп тынбақ.

Көрмегенді көрдім мен
 Табандарым ойылып,
 Қолдарым мүлде сойылып⁷⁰, –

дейді.

Көп жылдар кездесе алмай, «санамен сарғайып», сағынышы шектен асқан, алғаш рет бір-бірін көріп, қуанысқан екі ғашық – Бозжігіт пен Қарашашқа мына сөздер арналады:

Бірің – тоты, бірің – бұлбұл,
 Жар болыпсың, жар-жар!
 Бірің – алтын, бірің – күміс,

⁶⁷ Бозжігіт. – Қазан, 1881. 3-б.

⁶⁸ Радлов В.В. Образцы народной литературы тюркских племен. Ч. III. – С.-Петербург, 1870. 342-б.

⁶⁹ Бозжігіт. 1881. 30-б.

⁷⁰ Радлов В.В. Образцы народной литературы тюркских племен. Ч. III. – С.-Петербург, 1870. 360-б.

Тас болыпсың, жар-жар!
 Бірің – айдүр, бірің – күндүр,
 Қайғырмаңыз, жар-жар!
 Заман ақыр болғанша,
 Айрылмаңыз, жар-жар!⁷¹

Бұл «жар-жар» қазақтың салт жырларында кездесетін «Бір толарсақ, бір тобық санда болар, жар-жар!» немесе «Алып келген базардан қара насар, жар-жар! Қара құйрық сәукеле шашың басар, жар-жарға!» ұқсас келуінен Бозжігіт пен Қарашаш уақиғасын баяндауда «жар-жар» айтып, қошемет көрсету дәстүрін пайдаланғандықты көреміз. «Жар-жар» айтуды салт еткен ескі кездегі қазақ өмірінің елесі көрініп, шығарманың шығыстық сарыны бәсеңдей түседі.

Шеттен келген, аты жоқ, атағы жоқ біреуге қызымды бермеймін деп, Қарашаштың әкесі қарсылық етеді, қызын өзі қалаған адамына қоспақ. Бұл шешімді білген Қарашаш қатты қайғырады, «сүйгенімнен айырма» деп зар илейді. Әділетсіздік ісін ханның бетіне шоқ қып басады. Бозжігіт «ел тонау үшін келмеген, ғашықтық жолында жүріп, адал арманы үшін еткен талабына қиянат ету жөн бе, оны өлімге бұйыру зұлымдық емес пе? Көрмес соқыр, естімес саңырау жандардың күні екен» деп ашынады.

Бозжігітті қорғап:
 Мойнына қылыш салған жоқ,
 Найза, қылыш жанға алып.
 Балта, пышақ қолға алып,
 Өкеңізді өлтірген
 Дұспаныңыз бұл емес⁷², –

дейді.

Таңдап табысқан жолдастардың жолына кесе-көлденең келіп отырған қатал жанға өздері секілді таза махаббат, әділдік іздеген жастар атынан наразылық білдіреді. Қарашаштың сөзіне құлақ салмаған мейірімсіз хан қапысын тауып Бозжігітті өлтіреді.

Бозжігіт ғашықтық жолын қуған, нәзік сезім иесі болғандықтан, оны бейнелеу ерекшеліктері, теңеу, суреттеулері де осыған сай алынады. Бәрі де Бозжігітті биязы, пәк адам қылып көрсету, жазықсыз қаза болып, арманына жетпей кеткен осы адал жанға жылы, аянышты сезім туғызу тілегіне бағындырылған.

⁷¹ Радлов В.В. Образцы народной литературы тюркских племен. Ч. III. – С.-Петербург, 1870. 362-б.

⁷² Сонда, 360-б.

Бұлбұл құстар сайрайды,
 Қызыл гүлі жоқ па екен?
 Қызыл жүзді Бозжігіт
 Бұл ойында жоқ па екен?⁷³ –

деп, Бозжігітті бақшаның аясында өскен қызыл гүлге теңейді.

Бозжігіттің аяусыз ажалға ұшырағанын баяндауда Қозы Көрпеш өлімін суреттеумен үндестік бар екені сезіледі. Баян мен Қарашаштың қайғылы халінде де ортақтық, бірлестік аз емес. Баян сияқты Қарашаш та қатал әке, тұрпайы өмірдің кесіріне кездеседі. Арманда кеткен сүйікті жарының ақ өлімін барынша құрметтеп, адал махаббатынан айнымайды. Қозы Көрпешті өлтіріп, Баянды мұқатпақ болған Қодар «ал, байыңның басы деп тастағанда», «Баян жайды етегін жерге салмай» деген сөздерден Баянның таза сүйіспеншілік сезімі, жарын шын сыйлап, қастерлейтіндігі, табалап, мазақ етпек болған қас-дұшпанға табандылық көрсете алғандығы қаншалықты әсерлі көрінсе, осындай қасиеттерді Қарашаштың бойынан да көреміз.

Торқаға қанды басын орап алды,
 Үйінен алтын-күміс қолына алды.
 Жарына там тұрғызу ойына алды⁷⁴.

Ғашығынан айрылған Қарашаш ендігі ауыр күйікке төзе алмай:

Шын жарымнан қалғам жоқ,
 Жалған жарға барғам жоқ», –

деп жанын өлімге қиды, өзіне пышақ салып, аяулысын құшақтап өледі.

Сөйтіп, Бозжігіт те, Қарашаш та ескі қатал, қатыгез заманның зорлығына, әділетсіздігіне төтеп бере алмайды, бірақ мойын сұнбай, адалдығын, ар-намысын берік ұстап, сүйіспеншілік сезімін таза сақтайды.

«Мұңлық–Зарлықтың» қазақ әдебиеті дәстүрлеріне «Бозжігіттен» де көбірек қабысып, төл шығарма тәрізді болып кеткенін көреміз. Бұл ондағы кісі аттарынан да, шығарманың сюжет желісінен, суреттеу ерекшеліктерінен де көп жерде белгі беріп, айқындалып тұрады. «Мұңлық–Зарлық», бір жағынан, қазақтың ертегі-аңыздарымен сарындас келсе, сонымен бірге онда батырлар жырында кездесетін сөз оралымдары мен бейнелеу тәсілдері кеңінен қолданылған.

Он сан ноғай елінде Шаншар деген хан болады. Ол көп қатын алады, бірақ жетпіске жеткенше бала көрмейді. Теңіз жағасында

⁷³ Бозжігіт. 1870. 339-б.

⁷⁴ Сонда, 339-б.

қамыстан салған күркені паналаған, балық аулап күн көрген, қорғанышы жоқ кедей Жаудыр шалдың жалғыз қызы Айымды алады. Айым бір ұл, бір қыз табады. Оның көп күндестері мыстан кемпірге егіз туған нәрестелердің көзін жоюды тапсырады. Мыстан сәбилерге қастық істейді. Иен таудың ішінде қалған нәрестелерді киік емізеді, олар елсіз жерде жеміс жеп, тағы болып өседі. Ұлдың аты Зарлық, қыздың аты Мұңлық болады. Күндерде бір күн Зарлық киім тауып кию үшін Күлмес ханның еліне қарай жол тартады. Ұзақ шөлден өтіп, отыз күн жол жүріп, шаршаған Зарлықтың алдынан Күлсары атқа мінген, қару-жарағын асынған, ит жүгіртіп, құс салып жүрген Күлмес хан кездеседі. Жабайы өскен, тәртіп-тәрбиеден хабары жоқ, ұсқыны жат Зарлықты ханның қасына ергендердің бірі шауып тастамақ та болады. Бірақ хан дат айтуға Зарлыққа сөз береді. Зарлық:

Қайырлы хан дегенге,
Сұрап келіп тұрыппын.
Шарайна, белдік, қалқанды,
Сұрап келіп тұрыппын
Астыңда тұлпар атыңды⁷⁵, –

дейді.

Қаңғып жүрген баланың именбей ханның сауыт-сайманын, астындағы атын сұрауын өрескел көрген Күлмес хан мырс етіп күліп жіберді. Зарлыққа еш жауап бермейді. Ханның қасындағылар: «Сандырақ сөздерге күлгеніңіздің мәні қалай?» – деп сұрайды. Сонда Күлмес хан: «Ол баланың әкесі бізден он қиса артық хан еді, бұл күнде оның зарығып көрген ұлы жаяу-жалаңаш қаңғып жүр, соған күлдім», – дейді.

Зарлық бұл сапарында бір асбасшыларға кездесіп, асын ішіп, ақшасын төлемей кетеді, ол ақша төлеу дегеннің не екенін білмейді. Дүкен аралап, ұнаған шапанды рұқсатсыз киіп, жабайылық мінез көрсетеді. Мұңлыққа арнап бір шапан алмақ болып, дүкенге келген кезде, дүкенші қарсылық етіп, араларында ұрыс-төбелес шығады. Осы арада Зарлық өзінің күшін танытады. Оның күшінен айдынған Күлмес хан жалғыз қызы Құралай сұлуды Зарлыққа беретін болады. Қызды күйеудің қасына әкелуге бір топ әйелдер Құралай тұратын сарайға барса, сұлу жоқ боп шығады.

Құралайды Қара дәудің алып қашып кеткенін білген Зарлық Күлсары атқа мініп, қызды іздеп жол шығады. Қара дәудің басын алуға аттанған Зарлықтың Күлсары аты:

⁷⁵ *Шайхысыламұлы Ж. Мұңлық–Зарлық. – Қазан, 1909. 17-б.*

Жалың сұлу Күлсары ат,
 Күлтеленген жібектей.
 Сипатыңа болайын
 Мал түспеген түбектей.
 Танауыңа болайын
 Түбі түскен шелектей.
 Шу, жануар, шу деді.
 Ескен желдей гуледі.
 Қарсақ жортпас қалыңнан
 Қарғып өтіп барады.
 Түлкі жортпас талайдан
 Төтелеп өтіп барады⁷⁶, –

деп сипаттайды.

Шығарманың ертегілеу келетін жерлерінің бірінде Күлсары атпен орғытып келе жатқан Зарлық «ойнақтап тұрған алдында бір биік тау» көреді. «Бұл жақтың тауы көшіп жүреді екен-ау» деп ойлайды, сүйтсе, бұл қозғалып тұрған тау емес, Қара дәу үйінің желпілдеген түндігі екен. Жүйткітіп келген Зарлықтың алдынан Құралай сұлу шыға келеді. Зарлық пен Қара дәудің арасында үлкен егес болады. Зарлыққа Қызыр жәрдемдесіп, оған «жүз елу ердің қуатын» береді.

Зарлық батыр ал сонда,
 Қара дәуді сүйретті,
 Сүйреткі қылып үйретті.
 Шеттік шеңгел, тікенге
 Өкпе, бауырын түйретті.
 Тасқа таумен соқтырып,
 Қабырғасын күйретті.
 Соқты тасқа денесін,
 Дырылдатып келеді.
 Қара дәудің торғайын
 Шырылдатып келеді⁷⁷.

Зарлық дәудің басын кесіп, «ернін тесіп, ағашқа басын асып», Күлсары атқа мініп, Құралайға келеді.

Мұнан соң Мұңлықты іздеп тауып, ақырында аман-есен ата-анасына қосылады. Қастық еткен әйелдер мен мыстан кемпір жазаланады.

«Мұңлық–Зарлық» көркемдігі жағынан алғанда хикаялар ішінен айрықша орын алғандай, оның тілі таза, «Шаһмаран», «Сейпілмәлік»,

⁷⁶ Шайхысыламұлы Ж. Мұңлық–Зарлық. – Қазан, 1909. 24-25-бб.

⁷⁷ Сонда, 26-б.

«Жүсіп–Зылиха» сияқты тілі солғын емес, олардағыдай шұбар, ала-құла жерлер кездеспейді. Бұлардан көркемдігі, тіл тазалығы жағынан «Бозжігіт» те бір саты жоғары. Бұл нұсқа суреттеу шеберлігі тұрғысынан алғанда, «Мұңлық–Зарлықпен» тең түсе алады. Рас, «Мұңлық–Зарлық» ертегі түрінде құрылған, ол «Бозжігіт» секілді халықтық поэма сипаттас емес. Сүйтсе де, «Мұңлық–Зарлық» – хикая болып басылған шығармалардың ең бір таңдаулысы.

Шығыстық сюжетке негізделіп құрылған әдебиеттік үлгілердің тақырыптық-идеялық сарындары жағынан болсын, уақиғаға эпизодтар беру, түрлі ақындық тәсілдері, көркемдік өзгешеліктері жөнінен болсын, қазақ халқының ауыз әдебиетіне орайласып, үйлесіп келетіндері аз емес. Осы дастан, поэмалардың бірталайынан еркіндікті, бас бостандығын, махаббат теңдігін аңсаған жастардың келбеті көрінеді. Олардың адалдықты, ар-намысты жоғары ұстау, опасыздық, зорлық-зомбылықты, жауыздықты әшкерелеу сарындары да қазақ әдебиетінің озат идеяларына үндесіп, түйісіп жатады.

Қисса, хикаялар ертедегі, өткен замандағы әдебиеттің, шығыс халықтары әдебиетінің алуан өзгешеліктерін, өмірді қиялдап, әсірелеп көрсетушіліктің қилы-қилы түрлерін, шексіз бай тамаша көркем фантастиканың үлгілерін танытуы жағынан да айрықша құнды.

Қисса, хикаялар көптеп тарағандықтан, олар қазақ әдебиетіне бір жаңа арна болып қосылады. Қазақ әдебиеті өзбек, тәжік, түрікмен, татар, әзербайжан және басқа шығыс халықтарының әдеби нұсқаларымен мольға түсті. Бұл шығармалардың жақсы таңдаулы үлгілері қазақ әдебиетінде дастан, әңгімелі поэма түрінің дамуына әсерін тигізбей қойған жоқ, бұл салада ақындық дәстүрлердің орнығып, өрістеуіне себепші тигізді.

Шығыстың Фирдоуси, Низами, Науаи сияқты ұлы классиктертерінің шығармалары қазақ арасына кең жайылуы әдебиеттің дамуы ғана емес, сонымен бірге бүкіл қазақ мәдениетінің дамуында да елеулі уақиға болып табылады. Бұл қазақ халқының көршілес туысқан халықтарымен мәдени қарым-қатынасының күшейе түсуіне де себепші болды.

Қазақ әдебиетіне осы кезде қосылған аңыз-ертегі, дастандардың көпшілігі түрік тілдес халықтардың арасына тараған, белгілі болған шығармалар. Мысалы, татар әдебиетінде татар ақындары ертеден дастан етіп жазған «Жүсіп–Зылихамен» бірге «Бозжігіт» пен «Таһир–Зуһра» сияқты шығармалар да дастан болып көп жайылған.

Ел арасында шығыстық дастан, қисса, хикая сарындас шығармалар да туды. Әрине, олардың бәрі бірдей идея-көркемдік жағынан бағалы, тың туынды дәрежесіне көтеріле алған жоқ. Дегенмен, қазақ әдебиетіне шығыстан келіп кірген ертегі-аңыздар мен дастандардың қазақ ақындарының творчествосына едәуір ықпал еткені сөзсіз. Шығыстан келген ертегі-аңыздар, дастандар өз алдына бір мол сала. Әрине, бұл саладағы шығармалардың бәрі бірдей құнды емес, бүгінгі заманның тілек-талаптарына үнемі сай келе бермейді. Оларды тереңдеп тексеріп, сын көзімен қарап бағалау, маңыздыларын, толымдыларын сұрыптап алып, әр жақты терең талдау – әдебиет тарихын зерттеу ғылымының күрделі міндеттерінің бірі.

* * *

Қисса-хикаялардың бір саласы – шығыс сарындас болып келсе, көптеген қисса-хикаялар қазақ халқының өз өміріне лайық келеді. Бұлардың ішінде «Құламерген», «Дотан Құбақанбайұлы», «Қыз Жібектің хикаясы», «Айман–Шолпан», «Фершіл қыз», «Серғазы», «Ихсан–Мәрия», «Еңлік–Кебек», «Топжарған», «Бақтияр» т.т. бар. Олардан бір кездегі қазақ өмірі, оның түрлі уәкілдері, ісі, күйініші, сүйініші, арманы, айтыс-тартысы көрінеді. Олар әдебиеттік, тарихтық мән алған, кезінде оқушыларын көркемдік сезімге, әлеуметтік ойға баулыған, қазақ әдебиетінің кемелдене түсуіне көмектескен, реалистік сипат алған, заманының құнды туындылары.

«Құламергеннің» халық арасына тараған нұсқалары бар. Аңызды өлеңмен өндеп жазғандығын айтқан автор: «Шығарманың қара сөзін «назымға» айналдырып, сөзге тіздім⁷⁸, – дейді. Мұнда сөз болған адамдар әлдеқандай жақсылық, жамандық уәкілдері ретінде сипатталады. Құламерген, оның баласы Жоямерген зорлыққа көнбеген, жауына кегін бермеген ерлер. Құламергеннің сауықшылдығы ескертілген сөзден:

Астына құлакер ат мініп жүрер,
 Құс алып, қаршыға сап дәурен сүрер.
 Қызықтың неше түрлі бәрі өзінде
 Бүркітпен күндіз-түні ит жүгіртер⁷⁹, –

деп оқисыз. Жоямерген әкесінің үмітін ақтаған, қиыншылықтарды жеңе білген адал ұл ретінде бейнеленсе, некелі әйелге көз сүзген жан, күйеуінің тұрмысын олқысынып, ханға тиіп, қарық болмақ, аяр кемпірдің азғыруына еріп, Құламергенді мерт етпек болған Айым жамандық уәкілі ретінде беріледі.

⁷⁸ Құламерген. – Қазан, 1912. 24-б.

⁷⁹ Сонда, 2-б.

Айым дарияның жағасында басын жуып отырғанда, шашы жидіп түсіп, дарияға ағып кетеді. Ауына оралған Айымның шашын балықшы тарту ретінде ханға сыйлайды. Шашқа жұрт таңданады. «Дүниенің жамандығы түбін тескен» аяр кемпір: «Некахлап ұлынды маған қоссаң, шаштың жайын айтып берем», – деп ханды ойландырады. Хан мен кемпір келіседі. Айымды азғыруға келген кемпір оның «қаңғырып, бір аралда өтті күнім» деп назаланған сөзін естіп, «шашы ұзын, ақылы қысқа» әншейін әйел екенін біледі. Айым хан жағынан келгендерге көмектесіп, Құламергеннің қолын байлатады, өлім қаупі төнген кезде, мергенді ажалдан аман алып қалған Жоямерген болады. Айымның, ханның масқара болғаны, кемпірдің жазасын тартып өлгені айтылады.

Ертегілік сипат алған Жоямерген алысқан батыр туралы:

Жүріп келер үлкен тау,
Тау дегені бір батыр.
Келіп көзін салады.
Аспанменен күрескен,
Бұлтпенен тірескен⁸⁰, –

делінеді.

Құламергенге арналған уақиғадан Жоямергенге арналған уақиғаның ертегілігі басым. Жоямерген жалғыз көзді жалмауызды өлтіреді, оны дарияның бетінде қалқыған бір қуық жұтып қояды, сөйтсе, бұл қуық жер астын мекен еткен патшаның әдейі жіберген сиқыршысы екен. Жоямергеннің ерлігін көріп, оған қызы Күнсұлуды қолынан қоспақ екен. Жоямерген патшаның ойлағанындай ерлік көрсетіп, қанша адамдарды тойғызатын теңіз астындағы қазанды алып келіп, Күнсұлуды алады.

«Құламерген» ертектік сипат алған, шығыстық сарыннан құр емес десек те, ол, негізінде, қазақ өміріне байланысты туған ертегілер мен батырлар жырын да еске алады. Әке жолы – балаға үлгі, айыпты апасын төркініне апарып тастап, оның орнына сіңлісін алу, астындағы атымен батырдың тілдесуі сияқты қазақ фольклорына тән мотивтер кездеседі.

Ертегілі оқиғаларға мол хикаяның бірі – «Дотан Құбақанбайұлы». Шығарманың түпнұсқасы бұрыннан бар екенін ескерткен автор:

Басында ертегі еді мұның өзі,
Осындай ғып, біреудің айтқан сөзі.

⁸⁰ Құламерген. – Қазан, 1912. 10-б.

Қисса қып шығаруға лайық көрдім,
Жүсіпбектің бұ да бір салған ізі⁸¹, –

дейді.

«Дотанда» Желаяқ, Саққұлақ, Таусоғар, Жалмауыз кемпір сияқты ертектерде кездесетін мифтік кейіпкерлер орын алған. Кейде батырларға ұқсап кеткен Дотанның Тайбурылы сияқты тұлпары бар.

Алтыншы таудан ары асып,
Жетінші тауға жанасып.
Қарсақ жортпас қалыңнан
Қарғып кетіп барады.
Түлкі жортпас түбектен
Түнде кетіп барады...
Ауыздығын Көк тайы
Басып кетіп барады.
Аузынан көбік бұрқырап
Шашып кетіп барады⁸².

Шығармада «Тоғыз күн, үш ай жол жүріп, азғана емес, мол жүріп, Ерегіскен дұшпанның қанын судай шашады, Арыстандай жүректі, Жолбарыстай білекті, Ойынды еті бұлтылдап, Бота тірсек, бос мойын, Аузынан көбік шашады, Қабағынан қар жауып, Кірпігінен мұз төгіп, Жауған күндей сіркіреп» деген сияқты фольклорға тән дағдылы сөз оралымдары жиі кездеседі.

Дотанның әкесі Құбақанбай шығарманың алдыңғы бөлімінде дәулеті асып, көп ұлды, көп қызды болғанына, байлығына масаттанған, шет жайлап, қиыр қонған, елден жырақ жүрген адам болып көрінсе, шығарманың кейінгі бөлімінде оқшау қалғанына өкінген, көп ортасында болуды аңсаған адам.

Балаларым ер жетіп,
Ел көрем бе деп едім.
Ойлаған ойым баршасы
Ағып кеткен сел болды⁸³.

Күнікей Дотанның неше жыл зарығып, аңсап келе жатқанын түсінде көреді.

Садаға нияз қылады,
Патша қызы Күнікей.

⁸¹ *Шайхысыламұлы Ж. Дотан Құбақанбайұлы. – Қазан, 1915. 37-б.*

⁸² Сонда, 7-б.

⁸³ Сонда, 32-б.

Бір баланың тілеуін,
Ғашықтықпен тілейді⁸⁴.

Қыздың ақын ағасы Шорман «ұнатсаң, Дотанды жатсын-ба» дейді. Қарындасының теңіне баруына көмектеспек. Күнікей әкесі Шынтемір ханның, оны қостағандардың қаһарын көтеруден үрейленбеген өр қыз ретінде бейнеленеді.

Дотан – қарадан шығып, ел билеген, Қалдан бастатқан қалмақ басқыншыларына тойтарыс берген, елді жаудан қорғап алғыс алған. Күнікейдей аруға қосылып, арманына жеткен адам болып көрінеді. Ол Күнікейді жеті жыл сарыла іздейді. Қызды зорлап алмақ болған Жазира ханды ерлікпен өлтіреді. Орман би «Жалғыз жүрген жолаушыға жол берме, ол орындай алмастай шарт қойып, құтылалық», – деп, Шынтемірді үгіттейді. «Балуаны балуанымызды жықсын, аты атымыздан озсын, жаяу жарыста бәйге алсын» дегенді сылтау етеді. Дотан шарттарды түгел орындайды, уәде бұзған Шынтемір хан Күнікейді көрсетпей, жасырып қояды. Мұны Саққұлақ біліп отырады. Дотан көзбайлаушысын жіберіп, Күнікейді жолшыбай жалмауыз кемпірдің қастығынан да құтылып, аман-есен қайын жұртына келеді.

«Бақтияр»:

Сөйлесем, тілім, сенің дүлдүл шағың,
Бұйрықсыз кім алады кімнің бағын.
Жамағат құлақ салып тыңдасандар,
Сөйлейтін «Бақтиярдың» бір бұтағын⁸⁵, –

деп басталады.

Азатбақыт ханға баруға Жамал біраз толқыса да, ханға тиіп ханша атанады. «Қызымды рұқсатсыз алды» деп кектенген ханның уәзірі қол жинап, егес шығарады. Уәзір жағына төтеп бере алмай, басына қауіп төнген хан жан сауғалап, беті ауған жаққа қашады. «У құдық» деген жерге жетеді. Қарбалас үстінде жолшыбай ханша босанып, нәрестені «інжу тонға орап, тастап кетеді». Иесіз қалған баланы қарақшылар тауып алып, асырап ер жеткізеді.

Бақтияр жазықты болып, қапасаға түседі. Көп жатпай босанады, хан қолында тұрып, өзі де, ісі де жағады.

Атты үйретті, малша айдап қайырмайды,
Күн санап бала жағып, байырлайды.
Қылса жұмысы, сөйлесе сөзі тойғысыз
Ханым да, хан да көзін айырмайды⁸⁶.

⁸⁴ *Шайхысыламұлы Ж.* Дотан Құбақанбайұлы. – Қазан, 1915. 13-б.

⁸⁵ Бақтияр қиссасы. – Уфа, 1911. 3-б.

⁸⁶ Сонда, 23-б.

Бақтиярдың соғыс кезінде қалып қойған ханның өз баласы екені мәлім болады. Оның еңбексүйгіш, мал баққыш жігіт болып өскені айтылады.

«Бақтиярда» шығыс сарындас киссаларда кездесетін шалқыған фантазия, кереметті уақиғалар жоқ. Онда Бағдат, Басра, Мысыр, Рум, Шам шаһарлары аталмайды. Қызға түсінде ғашық болып, қиыншылықтарға ұшырап, азап шегіп жүрген Бақтиярды көрмейміз. Ол айдаһар, дәулермен алыспайды, ол тұжырымдылығы, сөзге ұсталығы, шаруашылдығы, «не ұйқы, не жүрістен жалықпаған» еңбекшілдігімен бағы ашылған адам бейнесінде беріледі. Шығармадан шығыстық сарын тіпті сезілмейді демесек те, бірақ уақиғаны баяндаудағы қолданған әдебиеттік тәсіл, сөз орамдар үлгісі қазақ фольклоры үлгісіне сәйкес келген.

«Қарабектің» бас қаһарманы – асқан батыр. Оның қолын тек арыстанның жон терісінен істеген төрт қанжыға ғана байлайды. Қарабек қалқанды аспанға допша атады. Оның адамша тілдесетін қой мойынды құла тұлпары бар. Ол жауын көрсе, қылышы ұзарып кететін, бір мың қолды жалғыз өзі қырған, әйел намысын, ел намысын, ер намысын қорғаған, жұрттардың тыныштығын, татулығын жоқтаған айбынды батыр болып көзге түскендей. Ол Қараманның Ханбибі үшін қан төгіспек болғанына наразы, содырлыққа жол бермейтінін айтады:

Ей, Қараман, Қараман!
Сен атсаң да, мен атпан.
Сенен бұрын мен тимен⁸⁷.

Анасының түсінігі бойынша да Қарабек – «жақсылық жолын қуған», елге еңбек етуді арман еткен ер. Баласы қолға түсіп, өзгелерден жәрдем болмай, кәріптікке ұшыраған ана аузына мына сөздер түседі:

Қаса батыр туғансың,
Жақсылық жолын қуғансың...
Сыртың да сұлу құба тал,
Жалғзым менің ақ сұңқар.
Қайтіп енді күн көреді,
Артыңда қалған кемпір-шал⁸⁸.

Хикая аңғарынан қазақ, қалмақ тату тұрып, қыз алысуы сөкет емес, елдердің батырлары жауласып, жұрт тыныштығын бұзбауы керек деген ойға мегзегендік те байқалғандай.

⁸⁷ Қисса Қарабек. Қазан, 1881. 10-б.

⁸⁸ Сонда, 30-б.

Қараман Қарабектің «ішкен асы тамағынан көрінген, алпыстағы шалдың тұла бойы еріткен, қылышымен сүйдірген» сұлу апасы бар екенін біліп, соған құштар. Қыз үшін соғыс ашқан Қараман жолы болмай, қолға түсіп қалады.

Қараманның аянышты сөзіне Ханбибі «сұлудың тұла бойы кетті еріп» делінеді. Ханбибінің сұрауы бойынша, Қараманды Қарабек босатады. Қыз бен жігіттің арасына берік махаббат орнамай, олардың ажырасқаны айтылады. Қараман Ханбибінің қаталдығын, туысқанға мейірімсіздігін, жазықсыз Қарабекті өлтірмек болған әділетсіздігін көріп, одан безінеді, батырлар өзара ұғысып, татуласады.

Шығармада Ханбибі қатты сыналады, оған «есер туған сұм қыз» деген ат тағылады, ол әдебінен жаңылған, Қараманға деген құштарлығы ибадан асқан адам бейнесінде көрсетіледі. Қарабекке қиянат жасағандығы үшін Ханбибі жаза тартады. Хикаяға моральдық мән берілген сөзде: «өз жамандығың алдыңнан шығып, өкінбе, жігіттер, жамандықты қылмаңыздар, Ханбибінің қылғанын ойлаңыздар»⁸⁹, – делінеді.

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» – қазақ арасына мол тараған, жарқын үгітті жастардың терең махаббатын, теңдік үшін табанды күресін, бір кездегі қазақ өмірін, салт-санасын көрсететін, көрнекті көне нұсқаның бірі. Жыр уақиғасы түркі тілдес елдер арасына да тараған (башқұрттар, алтайлықтар, т.т.). Оның әр кезде жазылған, не жарияланған үлгілері ішінде Ә.Дербісәлин, И.Н.Березин, Н.И.Ильминский, В.В.Радлов, Шөже, Жанақ арқылы мәлім болғандары бар. Бұл нұсқаларда бірде Қозы мен Баянның жазықсыз қазаға ұшырағаны сөз болады. Алайда көптеген нұсқалар Қозы мен Баянның қайғылы өмірін баяндайды. Оларға ортақ сарынды:

Қозы Көрпеш – Баянның болған шағы,
Таза гүлдей ашылып, толған шағы.
Қозы Көрпеш өлген соң, Баян да өлген,
Сондай болсын әркімнің алған жары⁹⁰, –

деген сөздер аңғартады.

Қозы мен Баян жеті ғашықтардың бірі есебінде де ауызға алынады. Баян қас дұшпаны Қодардан өжеттікпен өш алған, қанды қанмен жуған қыз бейнесінде сипатталады. Ол Зүһра, Ләйлі, Сақыпжамалдарша жауынан кек алмай кетпейді.

⁸⁹ Қисса Қарабек. Қазан, 1881. 32-б.

⁹⁰ Қозы Көрпеш – Баян сұлу. – Алматы: Қазақ ССР ҒА баспасы, 1959. 98-б.

Әкеме сеніп еді сенің күшің,
 Құл болдың есігіме менің үшін.
 Шоқ белбеу, алтын айдар мырза қайда,
 Шұнақ құл, өлтіремін соның үшін⁹¹.

Қодарды «құдықтың ернеуіне бауыздап» кек алған қыз ісіне сүйсінген жыршы: «Еркектей қыз болса да, сұлу Баян, Өлтіріп, Қодар құды намыс алды»⁹², – дейді.

«Қозы Көрпештің» бір нұсқасында бар мотив, эпизод, жолдар, не сөздер екіншісінде түгел кездесе бермейді. Жыр әр кезде, әр айтушының аузынан өтіп өңделгендіктен, өзгерістерге ұшыраған. Жанақ нұсқасындағы:

Балталы, Бағаналы ел аман бол,
 Бақалы, балдырғанды көл аман бол,
 Кірім жуып, кіндігім кескен жерім,
 Ойнап-күліп, ер жеткен жер аман бол....
 Сегіз сай тау бетінде, сала аман бол,
 Халайық, қалған елдің шалы аман бол.
 Қарабай қайын атаң сенен қашты,
 Жөргекте Қозы Көрпеш бала аман бол⁹³, –

деген жолдардың басқа нұсқалардан окшаулау тұрғаны байқалғандай. Бір нұсқада Ай, Таңсық, Мамабике, Қаракөз аттары кездессе, екінші бір нұсқада бұлар жоқ. Баянның моншағы түсіп қалған жері – Моншақты, қарқарасы қалған жер – Қарқаралы атанған еді деген сияқты түсіндірулер де нұсқалардың бәрінен кездеспейді. Қодар бір нұсқада Ноғайлының көп мырзаларының бірі Шақшақ байдың баласы, енді бірде ол көп құлдарға қожалық етеді, тағы бір нұсқада Қодар – аты-жөні белгісіз бір кірме. Қодардың кім екенін білмек болған Ай-бас сұрағына Қарабайдың қыздары:

Қодардың атасы жел, анасы жел,
 Кез болған бар далада өзі ғайып⁹⁴, –

деп жауап береді.

«Қозы Көрпеш–Баян сұлудың» көне нұсқаларының бірі деп, оның 1879 жылы Қазанда жарияланған нұсқасын айтуға болады. Мұнда батыр жырларына тән ерекшелік аз сезіледі. Онда мифтік элементтер де онша көп орын алмайды. Қозы Жебірейілмен ұшыраспайды, ол

⁹¹ Қозы Көрпеш – Баян сұлу. – Алматы: Қазақ ССР ҒА баспасы, 1959. 50-б.

⁹² Сонда, 50-б.

⁹³ Сонда, 221-б.

⁹⁴ Сонда, 231-б.

«қылышымен шапқылап», таудан жол салмайды, оған аты тіл қатып, періштелер түсінде «ғаян» бермейді. «Бір ұйықтаса, он төрт күн, он төрт түн»⁹⁵ ұйықтамайды. Оны Бабатүкті Шашты Өзіз тірілтпейді, бұл нұсқа шығыстық сюжетке жазылған қиссаларға тән ғажайып уақиғалардан да тазара түскен.

Қозы күрең атына мінді дейді,
 Құрсай садақ беліне ілді дейді.
 Періштелер түсінде ғаян беріп,
 Қосыларын Баянға білді дейді, –

деген сияқты жолдарды көп ұшыратпайсыз. Бұл нұсқа өзінің қазақ өміріне жанасымды келген табиғи қалпымен көрінгендей. Оның заманына қарай тіл көркемдігі де кем емес. Мұнда Шөже нұсқасында орын алған діни сарын да аз. Уақиғаның толықтығы, көркемдігімен айрықша бағалы Жанақ нұсқасында кездесетін, жырдың көнелігіне онша жанаспайтын:

Тал шыбықтай бұралған өзі көркем,
 Мінеки, оны айтатын келді жерім.
 Қыпша бел, алма мойын, сұлу Баян,
 Сипаты жаннан асқан ол бір өрім.
 Тал бойының міні жоқ, қолаң шашты
 Шашының ұзындығы тізін басты.
 Гүл төгілер аузынан меруерт тісті
 Аппақ көрік маңдайы, қылығы наз
 Малың түгіл, басыңды берсендағы аз⁹⁶, –

деген жолдардың, әрине, «Қозы Көрпештің» түпнұсқасын жаңғырта айтуға байланысты келгені байқалады.

Қозы Көрпеш пен Баянның тумай жатып атастырылуы бір кездегі қазақ салтына мақұл көрінсе де, ондай құдалық екі жастың өзара сүйіспеншілігі бар жерде өзін ақтамақ деген ой да сезіледі. «Қозы мен Баян бірін-бірі көрмесе де, тек әкелерінің күн бұрын атастырғаны үшін ғана сырттай ғашық болысады, демек, «ежеқабыл» дәстүрін өздерінің жеке бастарының сезіміне негіз етеді. Әрине, бұл әдет-ғұрып ескілік санадан шыға алмаған көпшіліктің дәрменсіздігін көрсетеді⁹⁷ делінсе де, уақиғаның даму, аяқталу процесіне қарағанда, түптеп келгенде, Қозы мен Баянның берік махаббатына дәнекер болған, алдымен олардың тең келіп, қалтқысыз ұнатысқаны, Қозы

⁹⁵ Қозы Көрпеш – Баян сұлу (Березин нұсқасы). 88-б.

⁹⁶ Сонда, 227-б.

⁹⁷ Қозы Көрпеш – Баян сұлу. – Алматы: Қазақ ССР ҒА баспасы, 1959. 13-б.

да, Баян да бір-бірінің айрықша қасиетіне, адалдығына құштар. Егер олар пиғылдары жарасқан адамдар екенін түсініспесе, онда дәл жырдағыдай ынтызарлық бұл екеуінің арасынан табылмауы мүмкін екендігін жыр жоққа шығармайды.

Сұқсырдай сұлу Баян толып өсті,
Қызымды жетім ұлға бермеймін деп,
Сарыбай жұртыменен тұра көшті⁹⁸.

Қозы ержеткенше Баянға атастырылғанын білмейді. Ол ойнап жүріп, өрмек тоқыған кемпірдің жібін үзіп кетеді.

Атаңның атастырған кетті жарың,
Жүгірмек, неге ойнайсың бармай жүріп.
Жөнелді Қозы Көрпеш ойнамай көп,
Көңіліне кемпір сөзін қылады кек⁹⁹, –

делінеді.

Баянды іздеп таппақ. Оның шешесі: «қартайған мені, тоғай толған қой, түйе, жылқы, алты қанат үйінді кімге тастайсың, жолшыбай тоқсан қатер бар, Аюлының он бөрі, Қиюлының қырық бөрі бар, олардан қалай өтерсің, таңдап жүріп, басқа қыз ал», – десе, Қозы көнбейді.

Ісіне Қозыкенің жұрт таң қалды.
Қолына жау-жарағын сайлап алды.
Сөздерін анасының тыңдамай-ақ,
Бозын мініп, Шұбарын жолға салды¹⁰⁰.

Алыстан аңсап келген Қозыны Баянның қалай қарсы алғаны, олардың ыстық махаббаты көрсетілмек.

Қозыны алып келді, үйге кірді,
Құдайға сұлу Баян шүкір қылды.
Көрген соң Қозыкені есі кетіп,
Тұра алмай орнынан үш ұмтылды¹⁰¹.

Жарасқан жастарға қастық жасап, олардың адал ісін күндеген Қодар жайы көп сөз болады. Қодар аңдаусызда амалмен Қозыны өлтіреді.

Көрген соң Қозыкені аттан ұшты,
Басы жоқ құр денесін барып құшты,

⁹⁸ Қисса Қозы Көрпеш. – Қазан, 1879. 3-б.

⁹⁹ Сонда, 3-4-бб.

¹⁰⁰ Сонда, 6-б.

¹⁰¹ Сонда, 9-б.

Баянның зар еңіреген дауысымен
Айналып әуе аспан жерге түсті¹⁰².

Қодар ең алдымен топастығы, өр көкіректігі, түйсіксіздігі, мақтаншақтығы, рақымсыздығымен көрінеді. Ол сұмдық істен тайынбайды, мекерліктен де құр емес. Қозыдан хабар әкеп тұратын шафағатты торғайды «Баянның жау жеңгесі» жүнін жұлып қинағанда, торғайдың «шок» деп өлгенін естіген Қодар:

Кім ап кетті осы жұрттың ақыл-есін,
Таба алмайды һеш ойлап мұның несін.
Бозторғайы Баянның «шок» деп өлсе,
Шоктеректің түбінде жатқан сынды¹⁰³
Торғайдың «шок» дегені шок терек деп
Баралық жұрт жиылып, жүрің дейді¹⁰⁴.

Сөйтіп ол Қозының жасырын жатқан жерін оп-оңай аңғарып, сол жерден табылған Қозыны өлтіреді. Тасырлығын көрсеткен Қодар Баян мен Қозы сүйіспеншілігін сезіп, бұлқан-талқан болады:

Көңілі қыз Баянның жай тауыпты,
Кешегі алып қашқан қызың Баян
Сарыбай Қозыке атты бай тауыпты¹⁰⁵.

Қозыны аңдаусызда атып өлтіргенін жасырып, «оны күшім жетіп, жекпе-жекте өлтірдім» деп мақтанады. Қодардың жанына сай сырт бітімі де дөрекі.

Қодардың өзі дырдай, сөзі дырдай
Жүреді жанның бәрін көңліне алмай.
Өзінің денесінің молын кара,
Сынар ғана жұдырығы қол ағаштай¹⁰⁶.

Қозы өліп, қасіретке ұшыраған, кегі асқан Баян қалайда Қодардан өш алмақ. Баян оны «Қодар батыр» деп те дардितып қояды.

Қодар сұм мұны айтқан соң күлімдейді,
Баянның алдағаны білінбейді¹⁰⁷.

Қодар Баянға су алып беру үшін шыңырауға түседі, оны қолға түсіріп, енді құтылмасын білген Баян:

¹⁰² Қисса Қозы Көрпеш. – Қазан, 1879. 10-б.

¹⁰³ Қозы Көрпеш – Баян сұлу. – Алматы: ҚазақССР ҒА баспасы, 1959. 88-б.

¹⁰⁴ Қисса Қозы Көрпеш. – Қазан, 1894. 15-б.

¹⁰⁵ Сонда, 11-12-бб.

¹⁰⁶ Қозы Көрпеш – Баян сұлу. – Алматы: ҚазақССР ҒА баспасы, 1959. 226-б.

¹⁰⁷ Сонда, 121-б.

Мені сүйер ауызың қайсы десе,
Мінеки, деп құл ернін қимылдатты¹⁰⁸.

Баянға жазылмас жара салғаннан кейін де арсыздықпен үмітін үзбеген Қодардың ісіне жаны күйген Баянның бір ісі туралы мынаны оқисыз:

Мені сүйер ауызың осы ма деп,
Біржитып жоғарғы ернін кесіп алды¹⁰⁹.
Пышақты шұрқылтайдан қолға алды.
Жеткізіп жетесіне былғап алды.
Шырағым, Қозыке жан, разы бол деп¹¹⁰.

Қодар Баянның дүниеқор, мейірімсіз әкесіне жағып, оның қызын алмақ. Қыз оны ұната ма, ұнатпай ма, мұнымен есептескен Қодар жоқ.

Антұрған, білдірмейді Қодар жасып,
Әр жерден жүз кісілік құдық аршып.
Су шыққаннан су шығар құдығынан
Суы жоғын толтырар меспен тасып¹¹¹.

Қодардың осынша құлшынып, әлектенуіне байдың: «малымды шөлден аман-есен алып шықсаң, сүйген қызың Баянды мен берейін» деген сөзі себеп болады. Ол «әке айтты болды, Баян менікі» деп қасарысқаны үшін де көпке жексұрын болады.

«Қыз Жібектің» бір нұсқасы 1894 жылы С.-Петербургте «Қисса Қыз Жібек», 1900 жылы Қазанда шыққан «Қыз Жібектің хикаясы» негізінде бірін-бірі қайталайды. 1894 жылғы нұсқада өз кінәсынан жекпе-жекте өлген Қорен ханның құнын қуа келіп, ел шаппақ болған көп қолға Сансызбай, Жібек жағындағылардың тойтарыс бергені айтылмайды. 1900 жылғы нұсқа:

Қыз Жібектен сөз қозғап,
Қызығына тоялық.
Сыры кеткен жерлерін
Жаңғыртып қайта боялық¹¹², –

деген жолдармен басталса, 1894 жылғы нұсқа «Әлқисса, төменгі Меке жолында жеті тылсым дария бар дейді, ошал дарияның бәрі Черным море дегенге құяды екен»¹¹³, – деген сөздермен бастала-

¹⁰⁸ Қозы Көрпеш – Баян сұлу. – Алматы: ҚазақСРР ҒА баспасы, 1959. 112, 122, 123-бб.

¹⁰⁹ Сонда, 225-б.

¹¹⁰ Сонда.

¹¹¹ Сонда.

¹¹² *Шайхысыламұлы Ж.* Қыз Жібектің хикаясы. – Қазан, 1900. 3-б.

¹¹³ Қисса Қыз Жібек. – С.-Петербург, 1894. 2-б.

ды. Мұнда кейде Қамқаны – Қамқа, Сансызбайды – Сансызбай деу де бар. «Еткен бәйтлер булду, Жібектен айрылып қалғанымыз му, сонда Қаршыға сөйледі бейт етіп» деген сияқты сөз орамдары орала береді. Аты белгісіз бұл автор: «Тәмам болды Қыз Жібектің хикаясы, Ахмедкәрім досымыз үшін мен бір өлән язып қояйын. Ноғай болсам да, қазақша язайын Ахмедкәрім үшін»¹¹⁴, – дейді.

«Қыз Жібек» – композициялық құрылысы күрделі көркем дастан. Ол жан-жақты зерттеліп, кең түрде ғылыми пікір айтуды күтуде, дастанның тілдік, уақиғалық, көркемдік, идеялық ерекшеліктері, ондағы драматизм, лиризм заманына қарай шешім тапқан кейіпкерлер, мол фантазия – барлығы да арнайы бағалауды қажет етеді. Шығармадағы адамдардың өздеріне қарай орны, ісі, мінезі, тілі бар; теңеу, метафора, әсірелеу, жоқтау, қоштасу, айтыс, аттың шабысы, батыр жекпе-жегі, көш сипаты үлгілері беріледі.

Шығарманың көш бастаған қыздарға арналған жері, заманына қарай шебер жазылған. Көштен көш өтіп, сұлуларды тамашалап, Жібекті көруге ынтыққан Төлеген олардың қайсысы Жібек екенін айырмай дал болады, ол бірінен-бірі асқан сұлуларды көреді. «Артынан келіп, Қаршыға Жібек емес деген соң, Онан да өтіп жөнеген» делінеді. Жібектің сәулетті келбетіне:

Қыз сипатын қарасаң,
 Нұр қызының шырағы.
 Дүрри кәуһар сырғасын
 Көтере алмай тұр құлағы...
 Қыз Жібектің ақылы
 Наурыздың ақша қарындай,
 Ақ бетінің қызылы
 Ақ тауықтың қанындай.
 Екі беттің ажары,
 Жазғы түскен сағымдай...
 Белі нәзік талып тұр,
 Тартқан сымдай жіңішке
 Үзіліп кетпей не ғып тұр¹¹⁵, –

деген жолдар арналады. Шығарманың бірінші бөлімінде Жібек, Төлеген, Бекежан арасында болған уақиға, Төлегеннің қайғылы қазаға ұшырағаны сөз болса, екіншісінде Сансызбай, Қорен жайы ба-

¹¹⁴ Қисса Қыз Жібек. – С.-Петербург, 1894. 41-б.

¹¹⁵ *Шайхысыламулы Ж.* Қыз Жібектің хикаясы. – Қазан, 1900. 13-14-бб.

яңдалады. Жібек екі уақиғаның ортасында жүреді, Төлегеннің қайтыс болған хабарын естіп, Жібек зор күйікке ұшырайды.

Бекежанның бұл сөзі,
Мұңды болған Жібектің
Өкпесінен ұрады.
Өксіп-өксіп жылады.
Керегені құшақтап
Етпетінен құлады.
Қыз Жібектің беттерін
Кереге көзі жырады¹¹⁶.

Бірақ ол күйікке беріліп, жасымайды. Зухра, Сақыпжамал, Қарашаш, Баянша қосағымен қоса кетпейді, қиыншылықтарды жеңе білген адам болып сипатталады.

Шығармадағы адамдар санасы нұқсансыз болса, онда олар заманынан тыс қалар еді. «Қыз Жібекте» «оң бата, теріс бата, әулие-әнбиеден медет күту, ініге жеңге мұра» деген сияқты мәселелерге де мән беру байқалады. Бұған қарап тек солар ғана жырдың арқауын құрайды, көркемдік, идеялық сипатын белгілейді деу дұрыс емес.

Төлеген де, Жібек те ескі ұғым шеңберінде қалмайды. Олар атастырылмаған, таңдап табысқан жастар. Базарбай, Сырлыбай арасында да құдалық болмаған. Төлеген де, Жібек те тең махаббатқа қойған шарттарын бұзбаған. Сансызбай Жібекті әменгерім деп іздеп бармайды. Жібек оны «қайным» деп таңдамайды. Қореннен құтқаратын ер, Төлегендей «хор сипатты», адал жанды адам деп қалайды.

Құдай қайдан ұқсатқан,
Көкесіне сияғын.
Жаратқан алла жар болсын,
Жандыма өшкен шырағым.
Ашылсаңшы қабағым,
Өлгенім тіріліп келіп тұр¹¹⁷.

Базарбай баласын ажалға ұстап берген, қаталдығы, ескішілігі сазайын тартқан адам болып та көрінеді. Төлегеннің қауіпті жолға жалғыз кетуіне кінәлі де Базарбай екендігі ашып айтылады:

Разылық әкем бермеді,
Әкемнен қорқып, өлімнен
Жалғыз жолдас ермеді¹¹⁸.

¹¹⁶ *Шайхысыламұлы Ж. Қыз Жібектің хикаясы.* – Қазан, 1900. 27-б.

¹¹⁷ Сонда, 33-б.

¹¹⁸ Сонда, 23-б.

Қособадан тосқан қанішер Бекежан бар. Жібекке берген уәдесін бұзып, Төлегеннің енді кешігуіне болмайды, ажалдан қорқып, бетінен қайту оған жол емес. Базарбайдың қырсығынан оның бұрынғыдай қасына ерген «сексен жігіт қосшы, он бес жігіт басшысы» жоқ. Дастанның екінші бөліміндегі Базарбай – қайғысы асқан, кінәсін мойындаған, «көзі көр болып, көңілі жер болып, санаменен сарғайып, қайғыменен қарайып»¹¹⁹, өкініш жанышқан жан.

Сансызбай ғашықтық жолына түспеді, көбінесе оның намысқорлығы, батырлығы сөз болады. Ол жекпе-жекте Қорен ханды өлтіреді. Жібекті зорлықтан құтқарады, ел шаба келген көп қолға тойтарыс береді. Төлеген інісіне айтқан өсиетінде: «қолына семсер ал, астыңа арғымақ мін, үстіне сауыт ки», – деген. Мысалы:

Алтын балтаң, ақ семсер,
Саған арнап соқтырып
Салдырып қойдым сандыққа.
Аш беліңе ілгейсің,
Бадана көзді кіреуке
Тоғыз қабат көк сауыт
Саған арнап соқтырып,
Будырып кеттім кілемге,
Оны үстіңе кигейсің¹²⁰, –

дейді.

Дастандағы Бекежан – күншіл, қара ниетті қарақшы. Ақын оған адамшылық қасиет беруді артық көрген. Ол Төлегенді жазықсыз өлтіріп, Жібекті алып, масайрамақ. Оның Төлегенге өшпенділігі сонша, қасындағы қарақшыларымен аңдысып келіп, жан тәсілін бергелі жатқан Төлегеннің басына құзғындай үймелеп, оның қалай қиналып өлгенін көріп кенелмек, сөйтіп те кегін тарқатпақ.

Атаңа нәлет, алпыс ит,
Жанын өзі берсін деп
Қорлықпенен өлсін деп
Анталап келіп тұрады¹²¹.

Жібекті күйзеліске ұшыратпақ болғанның бірі Қорен хан – топас, зорлықшыл, тасыр мінезді адам. Ол «қызынды бермесең, елінді шабам» деп, Сырлыбайға әлек салады. Қореннің баяғының батырындай жекпе-жекке тайынбай баратыны да, орынды сөзге жол беретін

¹¹⁹ Шайхысыламулы Ж. Қыз Жібектің хикаясы. – Қазан, 1900. 29-б.

¹²⁰ Сонда, 23-б.

¹²¹ Сонда, 20-б.

ұстамдылығы бар екені де сөз болады. Қалайда Қорен Бекежан сияқты зұлым емес.

Шеге ақын Төлеген, Сансызбайдың ақылгөйі болса, Қаршыға ақын Жібекті балапандай баулиды, одан бар ақылын аямайды. Бұлар, әсіресе, жаңа тілек жастардың сыйлайтын адамдары. Оларды тындамаса, Базарбай сияқты адуын ескішілдер тындамайды. Сырлыбай сасқанда, сөз тауып, Қоренді қаһарынан қайтарған, Жібек пен Төлегенді оң жолға сілтеген – Қаршыға. Шеге туралы Төлеген:

Елімнің ақыны, көсемі,
Батыр Шеге дер еді.
Ақылға дана кен еді¹²², –

дейді.

Төлегенді атак, байлық, батырлық қызықтырмайды, ол бір пәк адам бейнесінде көрсетілмек.

Бір сұлу алмай, шешеке-ау,
Сірә да, көңілім тынар ма?
Талап қылған ісінен
Ат басын ерлер бұра ма?¹²³
Батырлық, байлық кімде жоқ
Ғашықтық жөні бір басқа¹²⁴, –

деген Төлеген жақсы жар іздейді, Жібекті табады.

Алты қазға арналған сөзде Төлегеннің аянышты өлімі, махаббат аңсаған таза жүрегі, өкініші, ата-ана, ел-жұртына деген сүйіспеншілігі, сырын ашып бермек болған талаппен бірге, Бекежанның зұлымдығы шегіне жете әшкереленеді.

Әуелеп ұшқан алты қаз,
Атайын десем, оғым аз.
Қонар болсаң, жануар,
Міне, майдан, міне, саз...
Баратұғын жеріне
Жетпей кетті дегейсің,
Қособаның жолында
Қоса кетті дегейсің.
Маңдайынан аққан қан,
Жоса кетті дегейсің¹²⁵.

¹²² *Шайхысыламұлы Ж.* Қыз Жібектің хикаясы. – Қазан, 1900. 18-б.

¹²³ Сонда, 5-б.

¹²⁴ Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы: Қазақ ССР ҒА баспасы, 1950. 548-б.

¹²⁵ *Шайхысыламұлы Ж.* Қыз Жібектің хикаясы. – Қазан, 1900. 26-б.

Жібек – ортадан оза туған, терең махаббат иесі, ер қыз. Ол өзі таңдаған адамға ғана қосылмақ. Жібектің Бекежанға деген кешпес кегі бар. Жар қадірін біліп, оның өлімін жоқтай білген Жібек алты ағасына айтып, Бекежанды өлтіртеді.

Мойнына арқан салады,
Сүйретіп барып алтауы
Төлегеннің жолына
Құрбандық қылып салады¹²⁶.

Жібек Қореннен безінсе, содырлығын, топастығын байқап безінеді. Қореннің жар қадірін білмейтін, махаббаттан хабарсыз бақыр басты еркек екені мәлім болады. Сандалкөкті сұрата жіберген Жібектің жеңгесіне Қорен:

Сандалкөкті сұрама,
Тимесе Жібек тимесін.
Сандалды сұрап күймесін,
Ерлер мінер тұлпарды
Қатындар міну бола ма,
Бермеймін, жеңеше, сұрама¹²⁷, –

дейді.

Жібектің қапияда ақыл тауып, Қоренді оп-оңай орға жыққаны айтылмақ. Қорен Жібектің неге бастап жүргенінен хабарсыз, оның семсерін асынып, Сандалкөгін мініп, жүйткізіп жүрген Жібекті көріп, әбігерленеді, ойы қосылмаған қызды сырттай иемденгендігі үшін Қорен әжуаланады.

Япырым-ау, япырым,
Байқадың ба, бозбала,
Қыз Жібектің ғафылын.
Көксандалды жүгіртіп,
Қыз Жібек менің қатыным.
Басы қатты Сандалкөк,
Тастап кетіп жүрмесін
Айналайын, Жібек-ау,
Ақырын шапшы, ақырын¹²⁸.

Жібектің жұбанышы, қуанышы, күйініші, қайғысы, артықша махаббаты, барлығы айрықша сөз болады. Көксандалды «ұйытқытып заулап» келе жатқан Жібек айдынды батырға ұқсап кеткендей.

¹²⁶ *Шайхысыламұлы Ж. Қыз Жібектің хикаясы.* – Қазан, 1900. 28-б.

¹²⁷ Сонда, 34-б.

¹²⁸ Сонда, 38-б.

Төлегенді қарсы алуға бара жатқан, жар есігін ашпаған жаңа тілеу үстіндегі сезім толқыны да, қуанышы да, күдігі де өзгеше.

Қалам ба деп ұялып,
Жан-жағына ойқастап.
Кер маралдай керіліп,
Тәңір берген екі аяқ,
Бір басарға ерініп.
Үйден шыққан Қыз Жібек
Сүмбіледей жылтылдап.
Буындары былқылдап
Айдында туған Қыз Жібек
Отауға қарай жөнелді¹²⁹.

«Айман–Шолпан» – заманына қарай композициялық құрылысы жатық, реалистік сипат алған, жайы баяндалған адамдар ісі, қазақ өмірінің бір кездегі қалпына сай, тілі шебер шығарма. Шығарма заманының шындығынан қазақ қауымының салт-сана өмірінен көптеген құнды мағлұмат береді. Жаңа талап жастардың жарқын ойлы, әділ істі болуын тілеп, оларды ерлікке шақырып, әйелдерді теңсіздікте ұстауға қарсылық білдіргенді көресіз. Шығармада жан-жақты сипатталып, кемелдене түскен кейіпкерлер – Айман мен Көтібар. Айтыс-тартысқа арналған түрлі уақиғалар осы екеуінің маңайына топтастырылған. Автордың өмірге деген түсінігін де алдымен солар арқылы байқайсыз. Қоғамдық келбеті айқындалып, шегіне жетпеген, алғашында Көтібарды қостамаса да, кейін ағасының көңілін қимай, Маманның ауылын шабуға қатысқан Арыстан Айманды босатпақ болып, қол жинап, Көтібардың ауылын шабуға келген Әлібек өздерінің ұнамды-ау деген жақтарын Айманның ақылын алғандығы арқасында көрсетіп жүрген сияқты. Арыстан Айманның айтуы бойынша Шолпанды босатады. Шолпанға атастырылады. Ал, Әлібек болса, ол да Айманның ақылын бұзбайды.

Шөмекей, Шекті рулары бас қосқан үлкен ас. «Хайуан малды тегіс берген, терісін бес айғырдың саба қылған» Маман бай мен Көтібар батыр арасынан дау шығады. «Тоғыз нарға тоғалақтап шай мен қант артып», шалғайдан салтанатпен келген Көтібар асқа тігілген алтын үйге түспек. Көтібардың алыстан келген сыйлы қонақ екенімен есептеспей, жуандық салыстырған, алтын үйді бермеген Маман:

Мамеке-ай, сөздің затын білмейсіз бе,
Өзге үйге орын беріп, кірмейсіз бе¹³⁰, –

¹²⁹ *Шайхысыламулы Ж. Қыз Жібектің хикаясы.* – Қазан, 1900. 18-б.

¹³⁰ Сонда, 3-б.

деп ақыл айтқандарға көнбей қояды. Ол Көтібардың шамына тиерлік асқақ сөздер айтады. «Елінде мендей байы жоқ, үйіне ақ тамбаған, қамыс үйдің астында жатқан кедей, біздің елден үй таңдап не қылады?» дейді. Төрт аяқты мал кімде жоқ, ол кімге арман, батырлық жолы бір бөлек деп түсінген Маманды дандайсытуды көп алдында намыс көрген Көтібар егестің тек шабысумен аяқталғанын мәлімдейді.

Саған мен ерлігімді білдірмесем,
Сенімен бір жылатып, күлгізбесем,
Мақтанғаның сабаңның мойны болса,
Төрт бөліп керегеге ілгізбесем¹³¹.

Ақынның Арыстанға «Қымыздың қызуына желік қылған, кек қылып шайтан сөзді неге керек» деп айтқызуына қарағанда, Көтібардың егесті өршітпеуі керек еді. Ауыл шапқаны, Айман мен Шолпанды жайдақ түйеге мінгізгендігі, үш әйелі бола тұра, Айманнан үміттеніп, әуреленгендігі, жұрт тыныштығынан қара басы намысын артық көргендігі үшін Көтібар сыналды. «Жырдың аяғында күпілдек, даңғой Көтібар ойлаған ойының бірде-біріне жете алмай, ел келемежіне қалып, Айманға уәкіл ата болуды қанағат етеді»¹³² делінеді.

Рас, Маман, Көтібар арасынан шыққан дауға Айман мен Шолпан дегенмен күйіп кете жаздайды. Алайда, Көтібар Маманды бір тұқыртқан, оны «бір жылатып, бір күлгізген» бір ойын орындаған адам болып та көрінгендей. Автор оны үнемі қараламайды. «Бәйге алып, ер Көтібар елге қайтты. Ішінен Маман батыр қайғы тартты. Жалғанда Көтібардай болған бар ма. Жігіттер бұл жалғанды көңіліне алма» делінеді. Ол орынды сөзге құлақ аспайтын, айтқанымнан қайтпан деп қарысқан, бірбеткей тентек те емес, кішіпейіл, кешірімшіл екенін де аңғартады. Айманның да, Шолпанның да теңіне кетуіне кедергі істемейді, кешегі араздасқан адамдармен кексіз татуласады, қатесін мойнына алғандай. Маман жуандық көрсетіп, қазақтардың қонағын сыйлайтын, алыстан келгенге сыйлы орын беретін салтын бұзбаса, онда Көтібар Маманға егесіп, оның ауылын шаппаған да болатын сияқты.

Айман қолда келе жатқан кезінің өзінде жолшыбай тілеулес адамдар тауып үлгерді, заманының түрлі жол-жорасына жетілген, ойы алғыр, сөзге ұста екенін танытады. Амалсыз айлаға көшкен Айман Көтібарды сөзбен шырмап, есек дәмелі етіп қояды. Ол іштей мазайрап, Айман аруды алармын деп ойлайды. Айман Теңге ойлағандай,

¹³¹ *Шайхысыламулы Ж. Қыз Жібектің хикаясы.* – Қазан, 1900. 5-б.

¹³² *Қазақ әдебиетінің тарихы.* – Алматы: ҚазақСР ҒА баспасы, 1960. 572-б.

Көтібардың аулына «күн» болып келмей, еңсесі биік келеді. Көтібардың ержетпеген баласы Есетті де ақылына көндіріп, айтқанын орындатады. Ауылға енді тақалған Айманды күндесі көріп, әдейі тосып алып, бір мұқатып кетпек: «Мақтаған ат арты күң осы ма» деп кекете сөйлеген Теңгені көп тепсіндірмей оп-оңай жуасытады.

Базарға Теңге болсаң, пұл боларсың,
Қолыңа құрық алсаң, құл боларсың,
Батырдың айтқан сөзі рас болса,
Қолыма су құятын күң боларсың¹³³, –

деп басындырмай, басып тастайды.

«Кигені Айман қыздың көкше кебіс, Жігіттер қарай қойшы қыз тұлғасын. Арыстан бұл сұлудың тілін алды, Айманның һәр бір түрлі айласы бар, Секілді бойы көркем, биік шынар» деген сөздер Айманның артықшылығын айтуға арналады. Айман басына қиын-қыстау іс түскенде қайрат көрсетеді. Ол кейде Қорен ханның тұлпарын амалмен қолына түсірген, беліне семсер іліп, енді Сансызбаймен кетуге камданған Жібекке де ұқсап кетеді. Айман амалын тауып Көтібардың Күреңін қолға түсіреді, қару асынады, Әлібектің алдынан шығады.

Айман қыз Күрең атқа алды мініп,
Алтын балдақ қылышын беліне іліп.
Я, батыр, атың тұрмай барады деп,
Дауыстап сөз сөйлейді жетіп келіп¹³⁴.

Айман тұтқыннан қалай құтылу лажын есепке алады. Жауына қай күні шабуыл жасалуы керек екенін алдын ала белгілейді. Ол Әлібектің ерте де, кеш те қалмай, мезгілді күннен кешікпеуін Шолпаннан айтып жібереді.

Әлібекке сәлем де,
Аты болса, байласын.
Азаматын сайласын.
Өткір алмас қаруын,
Өткір қылып қайрасын.
Алпыс күн тәмам біткенше,
Тауыспасын айласын.
Алпыс күн тәмам біткенде,
Кешігіп тағы қалмасын¹³⁵.

¹³³ *Шайхысыламұлы Ж.* Қисса Айман–Шолпан. – Қазан, 1894. 14-б.

¹³⁴ *Шайхысыламұлы Ж.* Қыз Жібектің хикаясы. – Қазан, 1900. 17-б.

¹³⁵ Сонда, 11-б.

Айман «қабырғасы қатпаған жас бала» деп Шолпанды аяп, ол көрер қиыншылықты өзіне жүктейді. Адал, әділ апа екенін ақтап, алдымен Шолпанның босанғанын мақұл көреді. Бұл қыздардың жан қиысқан татулығы да, туысқандық сезімдері де өзгеше. Айман өзіне сенімді «Шырағым, егер бармасаң, бір күннен кейін отын алып, от жағып, күң болып кетерсің, мен ешкімнің қорлығына көнбеймін де, өлмеймін де»¹³⁶ деп, Шолпанды ақылға көндіреді. Айман Шолпанның жасық болмай, жауға сыр білдірмейтін қайратты болуын, жазықсыз іске мойындамауын ескертеді. Адал жолда азап көрген арман емес, жат алдында еңсенді түсірме, «дұшпанға бекер пенде болғаныңды мойындағанымыз жарамас»¹³⁷ – дейді.

Айман жұрт жұмысына басшылық еткен, көптің алғысын алған, жуандық салыстырып, елді мезілегендер ісін әшкерелеген, әйелдер теңдігін қостаған, жауласып, шабысып, елді күйзелту сияқтылардың баянсыздығын түсіндірген. Көтібардың ауылын шаппақ болып, байланып келген Әлібекті ақылға көндіріп, егесті жанжалсыз тындырудың да лажын тапқан Айман.

Екеуі не қылса да, бітпек болды,
Ойлапты бітісуге жақсы жолды.
Екі жақтан малды аман қайтарғызып,
Маманға Арыстанды күйеу қылды.
Айман қыз елден сөйтіп алды бата,
Ісінде болмаған соң зәре қата¹³⁸.

«Серғазыда» жиырма екі жасында жесір қалған әйел еріне арнаған жоқтау сөздерінде өмірге түңіле қарайды. Қалайда бұл шығармаға сол кездегі теріс түсінік, ресми көзқарас әсер еткен. Мұнымен қатар, одан өткен кездегі қазақ қауымының көптеген шындықтарын байқайсыз. Күйігі асқан жесір әйел:

Көзімнің жасын тыяйын,
Албыраған ақша бет
Сүйегіне таяйын.
Мөлдіреген қара көз
Жылауменен ояйын¹³⁹, –

дейді. Ерінің жақсы жақтарын айтып: «Қаптауындай қорғаныш, арғымақ аттай серігім еді, жарлыға мейірімді еді, оның барында

¹³⁶ *Шайхысыламулы Ж. Қыз Жібектің хикаясы.* – Қазан, 1900. 7-б.

¹³⁷ Сонда, 19-б.

¹³⁸ Сонда, 19-б

¹³⁹ *Қисса Серғазы.* – Қазан, 1907. 8-б.

алшақтап жүрген күнім өтті, тасыған көңілім су сепкендей басылды,
енді жылай-жылай жүрермін» – деп қамығады.

Көңілі толық көпшілім,
Ғаріпке жәрдем болғандай.
Көркі кетті үйіңнің
Бәйшешегі солғандай¹⁴⁰.

Бұл сөздерден жесір қалған әйелдің ауыр халде қалатыны да көрінгендей.

«Ихсан–Марияда» да жесір қалып, күйікті болған жас әйел жайы сөз болады. Шығарма тілдік, сюжеттік жөнінен «Серғазыға» ұқсас, уақиға жоқтау түрінде баяндалады. Мұнда да:

Мөлдіреген қара көз,
Жылауменен ояйын¹⁴¹, –

деген жолдар бар. Серғазының тақуалығын ескерткен сөзде:

Жайнамазын жайдырған,
Жанына шайды қойдырған, –

делінсе, Ихсанның тақуалығы жайында мынадай сөздер бар:

Оқалап тіктім жайнамаз,
Оқыдыңыз бес намаз¹⁴².

Ихсанда Серғазыдай «құдай деген» адамның бірі ретінде көрсетілмек, ол да туған-туысқаны, әйеліне қадірлі, Ихсанның әйелі де ерін күйіне жырлайды:

Биік таудың басында,
Тұнып бір аққан бұлағым.
Дария суды жағалай
Балғын бір өскен құрағым¹⁴³.

Бұл әйелдер сөздерінен адам рухын әлсіреткен ауыр заман бейнесі көрінеді. Олар ол кездегі өмірдің жесір әйелге берер ауыр азабы бар екенін де ойлап, аһ ұрғандар сияқты, ауыздарына:

Жалғызым, қалқам сен үшін,
Дүниеде жылап өтейін¹⁴⁴, –

деген сөздер түседі.

«Фершіл қызда» дәрігерлік білім алып, ел ішіне келген жас қыздың теңдік іздегені сөз болады. Бұл шығарманың бір құндылығы

¹⁴⁰ Қисса Серғазы. – Қазан, 1907. 4-б.

¹⁴¹ Сонда, 3-б.

¹⁴² Қисса Ихсан–Мария. – Қазан, 1912. 18-б.

¹⁴³ Қисса Серғазы. – Қазан, 1907. 6-б.

¹⁴⁴ Қисса Ихсан–Мария. – Қазан, 1912. 14-б.

– әйел теңдігін мәселе етіп көрсетуінде. Қыз «өзімді сөзден жеңген теңіме тием» деп серт береді. Қыз бен жігіттің айтысы беріледі. Сөз үстінде жігіттің әйелі бар екенін білген қыз:

Ақ көлдің оты жақсы, суы тәтті,
Бір аққу талып келіп, қона қайтты.
Аққудың оттайтұғын оты басқа,
Жемісі маңайында болса жақсы.
Ақ көлде от жоқ болса, су да опасыз,
Ей, мырза, осы арасын ойлап тапшы¹⁴⁵, –

деп әйел үстіне баруды ар көретінін аңғартады. «Бұзылған шырыш болсаң, маңайында жеміс жоқ тақыр көл боласың, қонақтайтын мен жоқ» деп тұжыра сөйлейді.

Жайы баяндалған жігіт пен қыздың түсініктері бір-біріне жуыспайды. Жігіт надандық шырмауында жүргендігін білдірсе, қыз әділдікті, мәдениеттілікті аңсаған, қалың малға қарсы, әйел теңдігін тілеген адам болып көрінеді. Дандайси сөйлеген қаракесек Қаз дауысты Қазыбек бидің немересі:

Жақсы болсаң, аламын қатын қылып,
От жаққан жаман болсаң, күң боларсың.
Қызыл тілдің қиналған бір олжасы,
Сатсам да, басың жас қой, пұл боларсың, –

дейді.

Жігіттің тұрпайы сөздерінен түңілген қыз аузына:

Шошқаның ең үлкені қара қабан,
Бас қостым жақсылармен ода заман.
Мысыққа ойын, тышқанға өлім керек,
Қалады құмар болып сендей жаман, –

деген сөздер түседі.

«Қалқаман–Мамырда» өткен кездегі қазақ халқының көне өмірі көрсетіледі. Арманы ақталмаған жастар жайы сөз болады, заманының өктем өкілдерінің теріс істері сыналады. Шығармада, дәл «Еңлік–Кебектегідей», егескен азулы екі ру, елдің асқынған дауы баяндалмайды, бір ру ішіндегі адамдардың өзара кектесіп, кісі өлтіріскені сөз болады. Жайы баяндалған Мамыр мен Қалқаманның тағдыры, көрген зорлықтары кейде Еңлік пен Кебекке ұқсас келгенмен, бірақ олардың істері, мінездері, түсініктері бір өреде емес. Қалқаманның Кебектей ел үшін «жанын сыйлаған» батыр екені айтылмайды. Қалқаман ғашықтығын діни ұғымдарға сүйене түсіндіреді.

¹⁴⁵ *Шайхысыламұлы Ж. Қисса Фершіл қыз. – Қазан, 1903. 8-б.*

Ей, Мамыр, адамды алла жаратыпты,
 Хауа ананы Адамға қаратыпты.
 Бірін еркек, біреуін әйел қылып,
 Екеуінен көп жанды таратыпты¹⁴⁶, – дейді.

Өзіне жылы жүрек жар тауып, тыншымай жүз құбылған, «қолына құрық алып», жылқы баққан, шаруашыл, нәзік сезімді Мамырдың сөздері мен мінездері де Еңлікке ұқсай бермейді. Көкенайдың дұшпандықпен атқан оғы тиіп, «иман айтып», қаны қашып, қолтығын басып тұрып қалған Мамыр өлер алдында:

Көкенай, қарғамаймын сөзіме бақ,
 Ісім жоқ, бір құдайға көңілім ақ.
 Мойныңа менің қаным алал болсын,
 Болма енді Қалқаманның қанына ортақ¹⁴⁷, –

деп, рақым күткендей болады. Бұл сөз, әрине, Еңліктің өлер алдында анталап келген дұшпандарының әділетсіздігін әшкерелеп, ерлікпен айтқан сөздеріне ұқсамайды. Еңлік дұшпандарынан мархабат күтпей сөйлесе, Мамыр адуын Көкенайдың көңілін алла атынан айтқан сөздерімен жібітпек. Сондықтан да шығар, автор Мамыр сөзін ілтифатқа алмаған Көкенайдың енді Қалқаманның қанын жүктемек болып, дау туғызғанын арнайы айтады.

Көкенай рақымсыз, егесқұмар жан ретінде сипатталады. Оның істері, шешімдері Бабаң айтқанына қарсы қойылады. Мамырды өлтіріп, енді Қалқаманды өлтірмей тынбаймын деп қарысқан Көкенайдың сөзін естіп, қиналған кәрі би туралы:

Бабаңның нұр жүрегі болды мұздай,
 Жазықсыз жасқа ешкімнің қаны қызбай¹⁴⁸, –

делінеді.

Шығармада айтылғандарға қарағанда, Бабаң «Орта жүзге үлгі айтқан», ел арасы дауды шешкен, «әрі би, әрі ғұлама» адам. Ал сол Бабаңның тентек Көкенайға сөзін өткізе алмай, ақыры соның айтқанына көніп, Қалқаманды оққа байлатуға ұйғарған шешімді қабылдауы Бабаң қабілетіне арнап айтқан көтеріңкі сөздерге күмән келтіргендей.

«Мұңлы Мариямда» надандардың зорлығына ұшырап, бас бостандығына жете алмай, қиянатшылдардың азабын шегіп, қор болған жас қыз тағдыры сөз болады. Шығарманың негізгі сарыны-

¹⁴⁶ Қалқаман–Мамыр. – Семипалат, 1912. 5-б.

¹⁴⁷ Сонда, 9-б.

¹⁴⁸ Сонда, 10-б.

нан байқалатын бір жай, автор өмірдің өкінішті жағын айту арқылы оқушылардың көңілін мұңға бояуды көбірек ескереді. Қамығуды білмейтін қаталдар қайғылы іске қынжылмайды, арамдықтан жалықпайды, әсіресе қорғансыз жетімдер өмірін шірітуге құмар, әйел теңдігін аяққа басып, арсыздық жасайтын солар демек.

Қыз байғұс теңіменен кете қалса,

Аяғы ұлы дүбір дау болады¹⁴⁹, –

деген автор, бостандық іздеген әйелдер ісін сөкет көретіндердің тиылмай жүргенін жұртқа паш етпек.

Мариямның ағасы Нұрқан қалың алып, қарық болмақ. Оның әділетсіздігін көре-көре ашынған Мариям: «Сен маған қиянат қылып, әуелде бір сатып мал алып едің, екінші қабат сатуға ойланған екенсің, жоқ енді мен өз басымды өзім билермін», – деп бекінеді. Көп ұзамай Ғалымға кездесіп, оның:

Қадірлі шығар сұңқар өз еліне,

Буынған алтын кемер аш беліне.

Мөлдіреп мағшуғына қарап отыр,

Бұлбұлдың көзі жетпей нәдеріне¹⁵⁰, –

деген құштарлық сөзін естіген Мариям өзіне сенімді жар тапқандай. Бірақ қыздың бұл үміті ақталмайды. Нұрқан, оның қостаушылары екі жастың арасына от болып түседі, ақыры оларды айырып тынады. Күйігі асып, лажсыздыққа ұшыраған Мариям:

Бола алмас бұрынғыдай есім бүтін,

Сыртым от, осы күнде, ішім түтін.

Дұғадан мен ғарыпты тастай көрме,

Ендігі тіріліктен жоқ үмітім¹⁵¹, –

дейді.

Ауыр заманның құрбаны болған қыз туралы «Мариям бұдан кейін көп ұзамай есі кіресілі-шығасылы болып, бағзы уақытта есі кіріп, бағзы уақытта сөйленіп жүретін еді» дегенді оқисыз.

«Гүлкәшима» – заманындағы елеулі шығармалардың бірі. Онда жайсыз заман, надан орта, ескі салт-сана, әйел теңдігі мәселелері айрықша сөз болады. Осы мәселелер жөнінде автор демократиялық ойларын ортаға салады. Теріс түсініктер шеңберінен шыға алмаған адамдар ісін көрсету арқылы «бір ғибратты» уақиғаның жайы баяндалмақ. Адал арманға жол бермеген, небір жандарды лажсыздыққа ұшыратып,

¹⁴⁹ Мұңлы Мариям. – Қазан, 1914. 10-б.

¹⁵⁰ Сонда, 20-б.

¹⁵¹ Сонда, 462-б.

зорлығын өткізген қиянатшылар әшкереленбек, жастардың аянышты халдері көрсетілмек. Қалыңға қыз беру, әйелдер теңдігімен есептеспеу, асыл жандарды қорлау қалмайды.

Лайықты күйеуге қыз, қыз күйеуге
Бұл жерін ескермейді еш біреу де.
Қыз беру, келін алу біздің жұртқа
Мал алып, мал сатқандай, мысалы сауда¹⁵², –

делінеді.

Шығармада жай айтылғандардың бірі – Баймұхамет Медебай байдың қызы Гүлкәшима сұлуды көріп, ғашық болып қалады. Оны ойласа тағаты таусылып, жанып-күйіп, көзіне жас толады, құштарлығы аса береді.

Сөзімді жүз қайтара жықсаңыз да,
Өлгенше рахметіңнен күдер үзбен.
Ғашықтық сізге сырлас болмақ үшін,
Күйген соң, қайғы отына кетті күшім¹⁵³, –

деп хат жазады. Жігіттің өзі де, оның ғашық болуы да бір алуан, ол Гүлкәшиманың ықыласын білмей жатып, оның жолында жан қиюға даяр, енді Гүлкәшимадан айрылса, дүниемен қоштаспақ.

Ғашықтық қайғысынан өлгендер көп,
Мәжнүн, ғақлы зая болғандар көп.
Сүйгені бөтен жарға несіп болып,
Айрылып шыбын жаннан қалғандар көп¹⁵⁴, –

деп өзіне қауіп төндіреді. Оның Гүлкәшимадан үміт үзіп, құса болып, «ғашықтықтың отына шыдай алмай», өзін-өзі өлтіргені айтылады. Баймұхаметтің теңдікке ұмтылғанын мақұлдаса да, оның әлеуметтік мақсаттан құр екенін, өміріне қиянат жасағандығын сынаған М. Сералин:

Келсе хал пайда ойла, қазақ, елге,
Өмірді Байекендей берме желге.
Жәуһерін әуейілікпен отқа жаққан,
Гибрат Баймұхамет білгендерге¹⁵⁵, – дейді.

Гүлкәшиманың теңдік үшін, арманы үшін көрсеткен күрделі ісі онша сөз болмайды. Ол талапқа жол жоқ, лажсыз қор боп өтуге жазған деп іштен тынып, тек ауыр халына төзе беруді қанағат ет-

¹⁵² Сералин М. Гүлкәшима. – Орынбор, 1908. 26-б.

¹⁵³ Сонда, 10-б.

¹⁵⁴ Сонда, 11-б.

¹⁵⁵ Сонда, 27-б.

кендей. Шын ойын, ғашықтығын себепсіз жасырып, екі айтқанын да байқамай қалады.

Баймұхаметке берген алғашқы жауабында басқаның атастырған жесірі екенін, «құйрық -бауыр жескен» құдалар ұйғаруын бұзуды жөн көрмейтінін ашық айтады. «Әуелден тәңірім оған несіп еткен, Тағдырды пенде бар ма бұзып кеткен», басымдағы хал әзелде алланың жазғаны, оны өзгертуге болмайды, «жақсы әйел жаман ерді жақсы етеді» деп бұрынғылар дұрыс айтқан, «Болғанда жарым жаман, өзім жақсы, Қосылған қос жақсыны іздеп тапшы», теңдікке жетер заман бар, мені ұмыт дегендерді сылтау етеді. Бірақ кейіннен қыздың да жігітті бір көргеннен-ақ ұнатқаны мәлім болады.

Менің де сені ойласам, ішім жалын,
Кетеді кей уақытта ықтиярым.
Дүниеде татар демім таусылғанша
Жүремін тарта-тарта ғашық зарын¹⁵⁶.

Гүлкәшиманың түрлі сөздеріне қарағанда, ол бір жөннен еңсесі түсіп, жаны жасып, мандайыма тағдырдың жазғаны осы деп, талабын, үмітін кеміткен адам болып та бейнеленген. Заманы, ортасы ойын өсірмей қор еткен қыздың мүшкілдігін, «сорлы» екендігін аңғартқан автор:

Бишара Гүлкәшима мұңлы емес пе,
Ғұмырына шырағы өшкен сорлы емес пе.
Ақылы, білімі, ажарын ықтиярсыз,
Қор еткен бір наданға сорлы емес пе¹⁵⁷, –

дейді.

Қисса-хикаялардың совет драматургтері пьесаларына арқау болып, қайта жаңғырғандары аз емес. Мұндай қисса-хикаялар тобында «Қобыланды», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Айман–Шолпан», «Еңлік–Кебек» бар.

«Еңлік–Кебектің» жеті нұсқасы мәлім. Бұлардың екеуі – әңгіме, екеуі – поэма, біреуі – интермедия, екеуі – пьеса. Әңгімелердің біріншісі 1892 жылы «Қазақ халқының есінен кетпей жүрген сөз», екіншісі 1900 жылы «Қазақ тұрмысынан хикая» деген атпен «Дала уәлаятының газеті» беттерінде жарияланды.

1892 жылғы нұсқа қазақ арасында болған бір уақиғаны баяндайды. Онда бір кездегі Матай, Тобықты егесі, Нысан абыздың Кебекке арнап бал ашқаны, Кеңгірбайдың екіжүзділігі, қатал билігі сөз бола-

¹⁵⁶ *Сералин М.* Гүлкәшима. – Орынбор, 1908. 26-б.

¹⁵⁷ Сонда, 26-б

ды. Кебек туыстары сырттай айттырып әперген әйеліне көңілі толмай, біреудің жесірі Еңлікке ғашық. Еңлік Кебекке тиеді. Жарасқан жастар нәрестелі болады. Нысан туралы «көп сөйлейтін, түсі суық қарт кісі екен», бал ашып, темір масағы жыбырлаған қобызын сарнатқанда, «һешкім шыдай алмай, қашып кетеді» екен. Кебек – ел қамын ойлаған батыр, «ғаділ, мейірімді» болғандықтан, «қарып-қасер, кедейлер мейлінше ырза болып», оның «тілеуін тілейді»¹⁵⁸ екен. «Еңлік ұзын бойлы, ақ киіктей, шашы қарғаның қанатындай қара» ару еді делінеді.

Ру басы адуындар Еңлік пен Кебекті ауыр жазаға бұйырады. Ақырғы сөзінде Еңлік анталаған жауларына иілмейтіндігін білдіреді. Кебек өлгеннен кейінгі тіршілік – қоршылық, ісім ақ, «өлімнен қорықпаймын, ерімнен қалмаймын» дейді. «Еңлік–Кебектің» осы вариантының өзінде кейінгі нұсқалардың жалпы сюжеті белгіленген еді. Онда кейбір кейіпкерлердің адамдық, қоғамдық қалпы да байқалған-тын.

«Еңлік–Кебектің» 1900 жылғы нұсқасы «Қазақ тұрмысынан хикая» деген атпен басылды. Мұнда алғашқы нұсқа бұзылып кетпегенмен, адам аттары өзгерген (қыздың аты Еңлік емес – Қаңлық, жігіттің аты – Серғали). Мұнда да абыз бал ашып, жігіттің тағдырын болжайды. Ол асқан бақсы еді, «осы күнде ондай ойнауды һешкім білмейді» деген сияқты қошемет сөз айтылады. Серғалидың ат құйрығына тағылғаны, оның Қаңлықты, баланы ойлап қатты қиналғаны, «біраз уақыт өткен соң тас-талқан болған» жазықсыз жас денені Қаңлықтың алдына әкеліп тастағаны сөз болады. Қыздың сүйікті жігітімен қоса кеткені айтылады. Бұл нұсқалар бір сүрендес десек те, олардың тіл ерекшеліктеріндегі айырымдарын, екеуі екі түрлі адамдардың аузынан жазылғандығын көрмеуге де болмайды.

Абай ұлы Мағауия жазған дейтін «Еңлік–Кебектегі» персонаждарға даралық келбет беру талабы аз да болса, арта түскен. Кейіпкерлердің қоғамдық ерекшеліктері жол-жөнекей болса да, сөз болады. Бал ашқан Нысан абыз туралы:

Екі көзін қан басып, сұп-сұр болып,
Шүлдірлейді, күңкілдеп істі барлап¹⁵⁹, –

делінеді.

Сарнап, зарлап кеткен абыз Кебектің «биік қабақ сұрлау, сұлу қызға» кез келетінін, оның ажалына сол қыз себеп болатынын айтады. Бұл үлгінің сюжеттік, композициялық-көркемдік жағынан жетілгендігі шамалы. Шығармада сәтті суреттер, шабытты сөздер

¹⁵⁸ Дала уәлаятының газеті. 1892. 36-б.

¹⁵⁹ *Абайұлы Мағауия*. Еңлік–Кебек. ҒА архиві. П. 30. 150-б.

тіпті кездеспейді емес, десекте, уақиғаны шеберлікпен өрістету, кейіпкерлердің түрлі сырын ашып, олардың қоғамдық бейнесін көрсету жағы олқы. Алайда ақынның кей мезетте кейіпкерлерге сипаттама беру талабы заманына қарай зая кетпеген.

Тіп-тік жаурын, нәзік бел, бұрымы ұзын,
Салмақпенен салады қара көзін.
Биік қабак, ақ сұрлау, қара қасты,
Тік маңдай, толық жүзді, қолаң шашты.
Қарауында бір түрлі тереңдік бар
Сынап, байқап қалатын жеңіл жасты¹⁶⁰.

Шығармада Еңлік жөнді көрінбейді. Оған айтқызыған кейбір сөздер салдыр-гүлдір, қаңғыр-күңгір естілетін ұрыс-керіс, шаңшұңға, қарғау-сілеуге айналып кеткен сияқты. Еңлікке «Кеңгірбай ит екенсің дінің қатты, Кеңгірбай артық емес иттен бағаң» дегізуден байсалды, ақылды қыздың ұтқыр, зілді сөзін көру қиын. Рас, Кебекті ауыр қазғаға ұшыратушылардың бірі Кеңгірбай – Еңліктің жауы, оның ашуын алдымен соған төгуі заңды, бірақ Еңліктің кей сөздерінің салғыласудың бір түріне ұқсап кетуі орынды емес. Кебектің «ел қамы үшін өлуге жанын сайлаған», әсіресе «қарып-қасірге» жайлы, сенімді батыр екені ескерілмейді.

Шығармада көбірек сөз болатын – Кеңгірбай. Оның арамдық аясынан аса алмай жүрген, пасыққа жол берген би екені көрсетілмек. Кеңгірбай Кебекті алдап, сұрқиялықпен ұстап алады, батырдың мойнына арқанды өз қолымен салады, ол осы ісін Кебектің жанашыр, айдынды ағасы Тоқтамыстың жоқ кезінде істейді. Кебекті Тобықтыларға өлтіртеді, қыздың қайнынан пара алып та үлгереді. Кебекті Тобықтылар өлтірді, енді Еңлікті Матайлар өлтірсін, біреудің жесірін біреу ала берсе, ата-баба аруаққа шет боламыз-ды сылтау еткенде – Кеңгірбай, оның паракор, мейірімсіз екені туралы «Кеңгірбай залым би ғой іші қатты» делінеді.

Еңлік–Кебек уақиғасына арналған заманының көрнекті көркем шығармасының бірі – «Жолсыз жаза». Мұнда әділ ісі, терең махаббатымен қараңғы қалың топты жарып шыққан жастар жайы сөз болады. Автор «Шарифатта әкесінің атастырғаны жас қызға неке есепті десе де, өзге дүниенің пайдасын ойламай, жалғыз ғана қызының қамын ойлап бер дегені. Әйтпесе, жас баланы сатып, пайдаланып, еріксіз кем-кетікке беріп, обалына қал демейді, мен соны ойлап Еңлік, Кебекті сонша жазалы демеймін»¹⁶¹ дейді. Бұл «Еңлік–Кебектен»

¹⁶⁰ *Абайұлы Мағауия*. Еңлік–Кебек. ҒА архиві. П. 30. 153-б.

¹⁶¹ Жолсыз жаза. – Семипалат, 1912. 1-б.

анау замандағы елдің өмірін, ру басы жаулардың тоңмойындығын, каталдығын және қазақ халқынан шыққан, ізгі ниетін іске асырудан бас тартпай, әділдік, адамшылық үшін қайрат көрсете білген ер қыздың жарқын бейнесін көресіз. Үлгілі әйел сипатының қазақ әдебиетінде қалай туып, өмір таласында есейіп, қалыптасуы жөнінде ой қозғау үшін де Еңлік тұлғасының тарихи мәні бар. Шығармада Еңліктің мінезділігі, саналы адам екені, таза махаббатын қайыспай қорғаған, тұрпайы тұрмыстың дүлей күшіне көнбей кеткен аяулы жан екені айтылады.

Еңлік басына қиын күн туып, енді аттың құйрығына тағып өлтірмек болып, қоршап алған дұшпандары алдында да, еңсесін түсірмей, жасымай, жөн-жоба көрсете сөйлейді, жуанның кінәсін мойнына артады. Өлім төніп, лажы біткен Еңліктің:

Кебек пен мені аз ғана арыздастыр,
Өлген соң бірге қосып таспен бастыр.
Мына бала Тобықты баласы ғой,
Мұны өлтірмей Кеңгірбай биге тапсыр¹⁶², –

деген сөздерінде де дұшпандарының дүлейлігін әшкерелейді. Ол алдына адал арман қойған адам, жаны сүймеген жат адамға барып, ру басылар бұйрығын орындауды ар көреді. Өмір жолында ауырлыққа бірдей шыдасарлық өзіне тең жар іздеген Еңлік Кебекке кіршіксіз махаббат білдіріп, басындағы мұңын айтқан сөзінде атастырылған адам туралы:

Нышан жоқ бет-аузында сақал-мұрттар,
Бұрында естуші едім жайын сырттан.
Түн болса ұйқыдан бас көтермейді,
Күндіз асық іздейді ескі жұрттан¹⁶³, –

десе, Кебек те қарапайым адам болып сипатталмайды. Ол да Еңліктей адал арманды, «жаны отты» екендігімен көзге бір түссе, елін шексіз сүйетін, әділетті іске ұмтылып тұратындығымен де көпке жаққандай. Сондықтан ол туралы:

Ел қамы үшін өлуге жанын сайлап,
Соғыс десе тұрмайды қойса байлап.
Жауға батыл, жақында және әдепті,
Кішіні іні, үлкенді ағатайлап¹⁶⁴, –

¹⁶² Жолсыз жаза. – Семипалат, 1912. 16-б.

¹⁶³ Сонда, 9-б.

¹⁶⁴ Сонда, 16-б.

делінеді. Еңліктің ауыр өміріне ортақтасқан, оны зорлықтан құтқару жолында басын қиған, әділетсіздікке көнбеген, «сен өлген жерде мен де өлемін» – деп, ерлікпен қол алысқан Кебек.

Жастардың адал арманын аяққа басқан ру басы адуындардың рақымсыздығы, әділетсіздігі көрсетіледі. Еңлік пен Кебектің жолын тосқан рушылдардың жан түршігерлік ісі көз алдыңыздан өтеді. Рушылдардың жесір дауын жеті жыл созып, егес қуып үйренген, ақ-қараға қарамайтын қасарысқан бетінен қайтпайтын көкжалдар екені айтылады. Өмірден орын алып, озбырлығымен есе бермегендер бұзықтығын жауып тақыстанған арам ындынды жандар екені түсіндіріледі.

Тентегінің жазасын мойынға алсын,
Егер оған көнбесе, дайындалсын.
Қырылыспай бітпейміз таусылғанша,
Не Найман, не Тобықты бірі қалсын¹⁶⁵.

Еңлік пен Кебекті өлтірмей бітпейміз деп, ақыры жастардың қазасына ортақ болған рушылдықтың тулағын сүйреткендер екені айтылады.

Еңлік пен Кебек көмек күткен Кеңгірбай би де, Найман ру басыларымен ымыраласып, солардың қатал үкімін қостайды. Ол: «Көрсетемін, қайтейін тиыш жатам» дейді. Жазықсыз жастарды қорғаудан бас тартқан Кеңгірбай да мейірімсіз болып көрінеді. Қатал ісі, морт мінезіне бола, Кеңгірбайды жұрттың қабанға ұқсатып Қабанбай атандырғаны да ескертіледі.

Жын айтсын, шын айтсын, қалайда айтқаны келетін даулескер тәуіп Нысан абыз жайы арнайы сөз болады. Кебектің тағдырын болжап: әдейі іздеп бармассың, қара жартас түбінде «биік қабақ сұрлау» қызға кез боларсың, сақталып жүрмесен, «кейінгіге сөз боларсың» деп оның алдынан тосқан зор қауіп, адуын рушылдардың дүлей ісі бар екенін аңғартқан Нысан абыздың Кебекке бал ашып, қобызына қосылып, сарнай жөнелгені туралы мынаны оқисыз:

Темір масақ жыбырлап тұр сылдырлап,
Екі көзі бақсының тым бұлдырлап.
Ындын қойып тыңдасаң, сарнағанын,
Сақтанбасаң, алғандай ақылды ұрлап
Мұнды, қоңыр дауысы шықса зарлап
Ықтиярсыз кетеді бой шымырлап¹⁶⁶.

¹⁶⁵ Жолсыз жаза. – Семипалат, 1912. 6-б.

¹⁶⁶ Сонда, 6-б.

Шығармадағы Нысан абыз әлдеқандай тәуіптіктің, сонымен қатар мархаматшылдықтың, шыншылдықтың уәкілі ретінде де көзге түскендей. Абыз сырттай шайқы болып көрінсе де, бірақ оның өмірге деген өзінше түсінігі бар. Ол қолына қобыз алып, ел ақтап жүрген жәй бақсылардың да бірі емес, ол дүние үшін сөз сатып, білгенін қорқып жасыруды ар көреді. Кебекке ашқан балы Абыздың өзіне де оңайға түспейді, болжау үстінде Нысанның қаны қашып, қатты қиналғаны сөз болады. Ол ел үшін бас аямайтын адал жанды Кебектің келешегін қорғап, қамқорлық сөзін айтады.

«Жолсыз жазадағы» Абыздың Пушкин шығармасындағы кудесникке ұқсайтындығы да байқалады. Абыз Кебектің келешегін болжап, оның Еңлікпен кездесетінін алдын ала білгендей болып, қауіпті іске сол қыз ортақтасқанын айтса, Олегтің тағдыры туралы ойын айтқан сөзінде кудесник: «Но примешь ты смерть от коня своего» деп болжайды. Кудесник те дүниеге қызығып сөз сатпайды, ол да ойын жасырмай айтады. Мені күткен не бар, білгеніңді қорықпай, жасырмай айт, сыйлыққа қалаған атыңды аласың деген Олегке кудесник:

Волхвы не боятся могучих владык,
А княжеский дар им не нужен.
Правдив и свободен их вещей язык
И с волей небесною дружен¹⁶⁷, –

деп жауап қатса, «өз бақытын сынамаққа» Абызға келіп, балыңа түскенді жасырма, қалағаныңды аласың деген Кебекке Нысан мынаны айтады:

Шырағым, бал аштым, деп мал алмаймын,
Ол үшін саған ақы сала алмаймын.
Жаман айтсам, жабырқап қала көрме,
Жынның сөзін жасырып қала алмаймын¹⁶⁸.

Абыздың сөзіне әуелде мән бермеген Кебек туралы: ол балгердің қауіптендіріп айтқан сөзін «ойланбай біржолата кетті ұмытып» делінсе, кудесник сөзіне алғашында сенбеген, бірақ кейін оның айтқаны келіп, атының қурап қалған бас сүйегінен шыққан қара жылан шағып, қаза тапқан Олег туралы Пушкин:

Могучий Олег головою поник,
И думает: «Что же гаданье?
Кудесник, ты лживый, безумный старик!

¹⁶⁷ Пушкин А.С. Песня о вешем Олеге: Избранные произведения. – М.: Детгиз, 1959. 47-б.

¹⁶⁸ Жолсыз жаза. – Семипалат, 1912. 6-б.

Презреть бы твоё предсказанье!
Мой конь и доньяне носил бы меня»,¹⁶⁹ –

дейді.

М.О.Әуезов жазған «Еңлік-Кебектің» алғашқы нұсқасы 1917 жылы түптестіріп тіккен үйде Абай аулында қойылды. Пьесаның көрсетілуі сахнадан адамдар әрекетін көрмеген сахна қазақтары үшін бір жаңалық болады. Кебек пен Еңліктің ғибратты ісі, терең махаббаты сырына енді қанған көрермендер аяулы адамдарға қастық еткендерді айыптап тарқасады. Режиссерлік, суфлерлік міндеттердің бәрін автордың өзі атқарады. Еңлік болып сахнаға шығатын бір әйел шықпай, бұл рольді Мұхтардың ағасы Ахмет Әуезов, Жапал ролін Абайдың немересі Жебірейіл ойнайды. Ойнаушылар кейде суфлерді тыңдамай, өздерінше сөйлеп кетеді, осы орайда ойнаушылар аузынан шыққан орынды, ұтымды, шебер сөздер үлгісін, кейін автор 1922 жылы жариялаған пьесасына енгізеді.

«Еңлік-Кебектің толыға түскен бір шағын 1922 жылғы нұсқадан көресіз. Мұнда сюжет, композиция, конфликт, диалог, монолог, интрига барлығы да көркем пьесаға тән қалыпта, олардың бір-біріне тіпті үйлеспей, жанжау-жанжау тұрғаны байқалмайды. Пьеса тынысы кеңейе түскен, шығармаға тың персонаждар қосылады, уақиға қоюланады, кейіпкерлердің қоғамдық, халықтық бейнесі айқындала түседі.

М.Әуезов «Еңлік-Кебектің» көне нұсқаларын дұрыс пайдаланған, әңгіменің халық сана-сезіміне ұялаған негізгі сарынын бұзып жібермейді, орынсыз жасанды уақиға көрінбейді. Автор халық қазынасына айналған әдеби әңгімені жаңғыртып, көркемдік, реалистік өресін өсіріп, халыққа қайта қайырады, халық сүйікті ұлы мен қызын сахнадан көріп, қошеметпен қарсы алады.

Бұл нұсқадағы кейіпкерлер долбарлай салған мүсіндер емес, шыны, сыры ашыла түскен жандар еді. Идеялық, көркемдік аясы арта түскен бұл шығармада автор сол кездегі қазақ әдебиеті өресі белгілеген мүмкіншілікті қапысыз пайдаланған.

«Еңлік-Кебек» жайы баяндалған кейіпкерлердің бірте-бірте толығып, шыңдалып, прототиптік қалпынан, әдеби кейіпкерлер деңгейіне көтерілу мерзімі, 64 жылға созылған дерлік 1892 жылы мәлім болған «Еңлік-Кебек» 1900, 1912, 1917, 1922, 1956 жылдары түрлі өңдеулерден өтеді.

Өңдеу көрген нұсқалар бір-біріне тіпті ұқсамайды, болмаса олар айыра танығысыз деуге болмайды. 1922 жылғы нұсқалары Абыздың

¹⁶⁹ Пушкин А.С. Песня о вешем Олеге: Избранные произведения. – М.: Детгиз, 1959. 49-б.

Кебекке бал ашуы, олардың бір-біріне айтқан сөздері 1912 жылғы нұсқаны еске алады. Мұнда да Абыз бал ашқанда әбігерленіп, қатты қиналып қалады. Кебектің «биік қабақ сұрлау» қызға кез болатыны сөз болады. 1922 жылғы нұсқада Еңліктің әкесі, шешесі, Абыздың қонақшыл, ырымшыл, ақылгөй бәйбішесі Таңшолпан көрсетілетін, ал соңғы нұсқада бұлардың бірде-бірі жоқ. 1922 жылғы «Еңлік–Кебекте» көрсетілген Жапал соңғы нұсқада, пьесаға көрік берген, өзекті, өрелі кейіпкерлердің бірі. 1956 жылғы нұсқада, кесек-кесек кейіпкерлер, айқын-айқын суреттер, шытырман тартыстар, алуан интрига, контраст, түрлі конфликт, барлығы өзара шебер үйлесім тауып біртұтас әдеби тұлға жасайды.

Пьесадан редакциялық өзгерістерді де аз ұшыратпайсың. 1922 жылғы нұсқадағы «Келер деп кейін тосып, өлі шығар» (44-б.), 1956 жылғыда «уәделі сәтті тосып, өлі шығар» деп өзгерілсе, 1922 жылғы Абыз Есенге: «Батыр! Қайратың адам дұспаны арыстанға біткен қайратпен тең екен. Төңірегіңді торып жүрген көпірді көрмей, іздеген жауың мұсылман баласы болса, өрісің ұзақ болмас»¹⁷⁰, – десе, 1956 жылғы нұсқадағы Абыз: «Батыр десем, белге шықпай ойда ойнақшыған бейпіл ме едің? Азамат десем, ауыл үйдің тентегі ме едің? Мақтамаймын Кебекті, құптамаймын сені де... Төңірегіңді торыған жатты көрмей, жағаласар жауың жақының болыпты»¹⁷¹, – дейді. Осы үзінділерді салыстырудан шығарманың сөздері өзгеріп, оның идеялық сарыны да жаңарғаны байқалады. Өйткені бұрынғы Абыздан соңғы Абыздың сөзі әлдеқайда салмақтырақ, бұл Абыз айтқанына халықтық, әлеуметтік мән бере сөйлейтін Абыз.

1922 жылғы Абыз рушылығынан арылмаған, батагөйлігін місе еткен, бір рудың мерейі үстем болудың өзін қанағат еткендей. «Жаратқанның жарлығына ризамын, аз ауыл Тобықтының алақанына салған батагөйі қылды... Ел бастаған қабырғалы билерім, қол бастаған батырларым, асқар белдерім оң батамды алған жолы жарға жығылған емес»¹⁷², – деп масаттанады. Ол Кебектің келбетіне қызыға қараған қамқор қарт болып бір көрінсе де, оның 1956 жылғы нұсқадағыдай әлеуметтік еңсесі биік емес.

Соңғы Абыз өзінше ел қамын ойлаған, жұртқа жайлы әділ басшылар көрмей де шерленген, асыл арман орындалар шақ күткендей. Ол кейде, шөл-жазира шарлап, желмаямен жиһан кезген жалпыға

¹⁷⁰ Әуезов М. Еңлік–Кебек. – 1922. 14-б.

¹⁷¹ Еңлік–Кебек. ЛММА, КПр, 1, п. 53. 8-б.

¹⁷² Сонда.

бірдей жақсы жайлы өмір іздеген, жерұйық көрмек, тіпті күллі жан иесіне жаны ашыған, «Аяғы жоқ, қолы жоқ жылан қайтіп күн көрер? Құйрығы жоқ, жалы жоқ құлан қайтіп күн көрер?!» – деп күйзелген Асанға да ұқсап кетеді. Асанша толғайды:

Алданар жоқ, арман көп,
Кәрің қайтіп күн көрер?
Бәріңнің де нәрің жоқ
Елім қайтіп күн көрер?¹⁷³ –

дейді. Бұл Абыз заманына сын көзбен қараған, суық билерден түңілген, келешекке үңілген жан сияқты. Немерелері, шөберелеріне арнаған бір өсиетін Жапалға айтқан Абыз: «Ақтап өтсін арыстарым арманын» Еңлік пен Кебектің ғибратты ісі ұмыт қалмасын, соны ұрпаққа жеткіз, осыны жадына тұт», – дейді.

М.О.Әуезов Еңлік, Кебек, Есен үшеуін кездестіруге арналған сценада айрықша бір шеберлік көрсетеді. Осы бір шағын суреттен Еңліктің түрлі мінездері ап-айқын ашылып қалады. Есеннің оғаш сөздігі де, Кебектің кім екені де осы эпизодтан байқалады. «Мен үшін таласпаңдар», арандасу сендерге де, маған да абырой емес деп тоқтау айтқан Еңліктің аузынан аталы сөз шыққан ақылды қыз екені де осы жолы көрінеді.

1922 жылғы Кеңгірбай тастай түйіліп, кешпес кек, қатты арынмен кижініп келе жатқан, аямас жау болып шабыспақ Наймандарға төтеп берер күш таппай күйзеледі. «Мына жотасы көрінген, екі сөздің екеуі де біздің елге жайсыз. Бірін ұстасаң елдің сағы сынады, бірін ұстасаң зықысы шығады»¹⁷⁴, – дейді.

Ол Тобықтыны дүрбелеңнен, шабыншылықтан аман алып келу үшін Кебекті лажсыз шығарып береді. «Найман кегі оңай емес, салмағы зор. Кебек сынды батырыма қатер көп, аз ауыл Тобықтыма қамқа болған, ардагерім», менің атам Әнет емес пе? «Ел тыныштығы үшін нені құрбан қылмады. Кебекті көрсетемін»¹⁷⁵, – дейді.

Соңғы нұсқада Кеңгірбай бұрынғы қалпынан аз да болса өзгерген. Бұл Кеңгірбай да екі сөзді, екі істі, Кебекті ұстатушылардың бірі. «Кебекті бермеу керек» деген Қарамендені «сайраған тілінді қайтейін» деп кекетіп тастайды. Абыздың да адал сөзін өрге бастырмайды, оны үйден қудырады. Қаһарлы би екенін танытпақ: «Шығар, шығар... Мынау екі қанбақ шалынды... Бар... бар... Есіттім үндеріңді.

¹⁷³ Еңлік–Кебек. ЛММА, КПП, 1, п. 53. 8-б.

¹⁷⁴ Әуезов М. Еңлік–Кебек. – 1922. 53-б.

¹⁷⁵ Сонда, 74-б.

Шығар. Шақырып бер маған Еспенбетті»¹⁷⁶, – деп бұйырады. Кеңгірбайдың бұл жолы айтқан қатал билігі – «Еспенбет – Арма асыл би. Би – бар бол досым би» деген құпиялы келісіммен тынады.

Екі ұдайы елдің бір жағында жүрген бидің бірі – Еспенбет. Ол Наймандар сөзін ұстаған сөзуар би есебінде көрсетілмек. Оның бір беткей қыңыр, келелі сөзге көнбейгіндігі де байқалады. Еспенбеттің өзінше әділ болып та көрінетін мезеттері бар. Еңлік пен Кебекті ауыр үкімнен аман алып қалу азаматтық борыш, жауласпай, жағаласпай бітісу жөн деген Қарамендені қостайды. Қараменде сөзіне көнбеген Есенге: «Менің би деген атым бар, ылғи кертартпа кесір шығатын қарғыс атты мен-ақ ала берем бе?»¹⁷⁷, – деп ашу шақырады. Еспенбет Есеннің өліміне берген бағасында да, өзінің тағы бір қырын көрсеткендей. «Арысым-ай» десіп, аруақ шақырғандарды басып тастайды: «Есен бұл күнге дейін Найманның батыры болса, қазірде Тобықтының жығылған жағасын қайта тұрғызған Найманның бір шіріген жұмыртқасы¹⁷⁸, өлсе өле берсін, жекпе-жек шыққандағы тапқаны ғой», – дейді.

1912–1922 жылдарғы нұсқалардағы Қараменде арандаспақ екі рудың арасына татулық айтып, дәнекер болмақ, «қазақтың шын қамқоры» атанған, би ретінде көрсетілген. Тобықты сенің тентегің Кебек, атаның аруағын сыйламайды, менің айыптым Еңлік, олардың мойнына арқан тағып өлтіреміз деп екіленген Еспенбет, айла тауып жалтармақ, жалтақби Көбей Қарамендені қынжылтады. Ол Кебек пен Еңліктің қамын ойлайды. Қара қылды қақ жарған әділ билер ісін үлгі етпек. Азған заманның билері: «Бойлауық жылқы секілді, бой бермейтін қисық болады екен, не болмаса, шабуылдан сақтанам деп, ем іздеген қу болады екен»¹⁷⁹, жігіттің жесірін жігіт алса, олар өз кегін өзі алар, бір ру ел болып «тайлы-таяғы қалмай шұбырып» жүріп, жігіт үйлендіруді көрген жоқ едік» – дейді.

Қараменденің сөзі Еспенбетті жібітсе де, Есен көнбейді. Ақыры істің түйінін Есеннің даурыққан ашуы шешеді. Ал пьесаның дәл осы жері, яғни дауды сөз ұстаған билер тобы шешпей, Есеннің шешуі қалай? Естілерін есерлері жеңіп, қисынсыз жағдайға ұшырадың ба?

1922 жылғы нұсқада жағымды кейіпкер ретінде көзге түскен Қараменде, соңғы нұсқада бұрынғы дәрежесінен төмендеп қалады. Қараменде енді бер жағы болмаса, ар жағы әлсіз, көптіре сөйлеп

¹⁷⁶ Әуезов М. Еңлік–Кебек. – 1922. 42-б.

¹⁷⁷ Сонда, 42-б.

¹⁷⁸ Сонда, 54-б.

¹⁷⁹ Сонда, 66-б.

көлгірсіген. Кебек пен Еңлікті іс жүзінде қорғаудың қамын шындап ойламаған, бос белбеу би болып та көрінгендей. Наймандар жасанып келгенде, оның топқа сопиып келуі Кеңгірбайға да, Абызға да күдікті көрінеді.

«Еңлік–Кебектің» әр нұсқасынан елеулі орын алған адамдар – Еңлік пен Кебек. Олар заманының ержүрек, адал уәкілдері ретінде бейнеленеді. Бұл кейіпкерлер – қазақ драматургиясында жасалған сом тұлғалардың бірі. Пьесаның өн бойында Еңлік пен Кебектің асыл арманын терең махаббатын көрсететін, жүрек жарып шыққан сөздер аз емес. Кебектің Еңлікті алып кетпекке даярланарда бастағалы тұрған қауіпті де, жауапты да істі барлай келіп оның: «Тас қияға қолым жетті. Тартынам деп жеткен жоқ... Қиын белге мен бассам сыналар жерде жұртым да тұр... Бұзарың мен сотқарың емес ем. Алакөңіл арамдығым жоқ еді. Жазығым жар сүйгенім болса, бердім барды Еңліктің жолына»¹⁸⁰, – деп толғануынан Еңлік үшін, әділдік үшін аямасқа бекінгендігі аңғарылады. Кебекке қосылып, бір арманына жеткен, жарқын өмір күткен Еңлік: «Жарқырап бағым туғандай жалғыз жарығым туыпты... Аз өмірде шақ тілегім бар еді. Бақытым, басшым да өзің бола гөр, жалғыз жұлдызым жарығым», – дейді.

Тұтас тұлға ретінде бейнеленбек Кебектің бір мезет болса да қия басқан кезі бар. Ол қалың қолдың қаптап келіп қалғанын біле тұра, Еңлік үшін, жас бала үшін істің қауіпсіз жағын таңдаудан бас тартқандай. Еңлік пен Кебектің ғазиз жандар екенімен есептеспей, оқ атпай, мерт етпей тыншымайтын, төнген жаудың қаһарлы күші, қара ниетіне әлі де жете түсінбегендей, өзін-өзі бос емексіткендей, қастығын асырған суық билер тобына өкпе шағады? Бір сөзінде: «Кебектің дәурені өткен, оның елге керегі жоқ» оның орнына қуыс құрай», – дейді. Өзін шетке шығарып, осылай бір толқыған Кебек, ойында бекіп қалмайды. Еңліктің есті сөзі оны дұрыс жолға меңзейді. Енді Кебек: «Шын айтасың ба, сен де тілейсің бе? Олай болса, дайындалыңдар», егестің ебін ақылмен табайық, кетейік дейді.

Кінәсі жоқ екі жастың ауыл-аймақ, ел ішінен сая таппай нәрестесін құшақтап, жапан жүзге безіп кеткен шағы өте аянышты. Заманының әділетсіздігі, дүлей күші – барлығы Еңлік пен Кебектің басына төнеді. Осынау бір қысылшаң шақта, баласының қамын ойлап, күйзелген Еңлік пен Кебектің аналық, аталық таза мейірімі барынша сыртқа шығады. Олар өздерінің енді өлімнен құтылмайтынына бой ұсынса да, баланың қиянат көрмеуін тілейді.

¹⁸⁰ Еңлік–Кебек. ЛММА, КПП, 1, п. 53. 25-б.

Салыстырылған түрлі үлгілерге қарағанда, «Еңлік–Кебектің» идеялық, реалистік көркемдік өреге жетіп, кемелденген кезін 1956 жылғы нұсқадан көресіз. Бұрын прототиптік елес берген кей персонаждар, соңғы нұсқада жан-жақты терең бейнеленген, көркем кейіпкер дәрежесіне көтерілген. Алғашқы нұсқалардағы Абызға: «түсі суық» жыбырлаған темір масағы бар қобызын тартқан шақта «һешкім шыдай алмай қашып» кетеді екен, «осы күнде ондай ойнауды һеш кім білмейді» деген сияқты, тек кей бақсыларға айтылатын қошемет білдірілсе, соңғы нұсқадағы Абыз әлеуметтік еңсесі биік, көне көздің көрнекті уәкілдерінің бірі, заманының қараңғылығын, әділетсіздігін көріп, күрсінген ақылгөй қарт. Соңғы нұсқада Еңліктің ғибратты ісі, терең махаббаты, асыл арманы, ерлігі көрсетілген. Көнерген заң, тозған салт тулағын сүйреткен суық билердің өнегесіз дүлей істері әшкереленеді.

Қазақ өмірінен алынып жазылған қиссалар нұсқаларын кәдеге асырып, дарынды қазақ жазушылары драмалар жазды. Бұл сан алуан хикаялар қазақ халқының бір кездегі өмірі, салт-санасы, арманы, ақындық өресі, көркем фантазиясымен тыныстары: мәдениет, әдебиет дүниесінен шола жатқан қазақ қауымын өнер-білімге, кітап оқу ісіне баулыды, қазақ әдебиетіне жаңа бір сала болып қосылды.

Хикаяларда жастардың адал арманы, таза махаббаты, ерлік, әділдік істері көрінеді, әйелдер теңдігі жырланады, озбырлық әшкереленеді. Хикаялар қазақ әдебиеті жанры түрлері қалыптаса түсуіне әсер етпеді, олар көркемдік сезім жетіле түсуіне септігін тигізеді. Олардың әдебиеттік, тарихтық, әлеуметтік, көркемдік маңызымен есептескен жөн.

МҰРАТ МӨҢКЕҰЛЫ

Мөңкеұлы Мұрат – заманына қарай қазақ поэзиясына елеулі үлес қосқан. Махамбеттен үлгі алған өршіл ақын. Мұрат поэзиясы ресми саясат шеңберінен шықпай, жағымталсып үгіт айтумен атын шығармақ болған жасық, жасқаншақ поэзия емес, халықты ерлікке, бостандыққа шақырған, патша мен ханның шаруаларға жасаған зорлық-зомбылығын, әділетсіздігін көріп, ашына жырлаған ақын.

Мұрат Кіші жүз ішінде аты көп тараған даңқты ақынның бірі. Ақынның әлі де болса қағаз бетіне түспей, жұрт аузында жүрген шығармалары болуы мүмкін. Мұраттың өмірі, істеген ісі, еткен кәсібі туралы керекті мағлұматтар өте аз. Қазақ ССР Ғылым академиясы кітапханасының қолжазбалар қорында Мұраттың отыздай шығармалары бар («Үш қиян», «Қалмақтың қарғысы», «Әттең бір қапы дүние-ай!», «Қарасай Қази» т.б.).

Мағлұматтарға қарағанда, Мұрат 1842 жылы туып, 1906 жылы опат болған. Мұрат бала кезінде мұсылманша бірер жылдай оқып қат-қара танығаннан кейін, енді қайтып мектеп есігін ашпайды, оның әрі қарай оқып жүйелі білім алуына еш мүмкіндік болмайды. Мұраттың шешесі Қырықжылқы әнші, әрі ақын екен. Мұраттың бала күнінен ақындықты аңсауына бір жөннен себеп болған, оны алғаш ақындыққа баулыған сол өз шешесі болса керек.

Мұрат ойынан өлең шығарып айтуды 7 жасынан бастапты. Қол қайырып жүрген Мұратқа кездесіп қалған Бархат би Мұрат өлең шығарады дегенді естіп жүреді екен, сынамақ болып:

Ойнайды қара суда құты балық,
 Жолықпай бұл баладан құтылалық.
 Тайлақтай қой соңында жүгіресің
 Әкеңді жас басыңнан жұтып алып¹⁸¹, –

дегеніне Мұрат:

Ойнайды қара суда құты балық,
 Жолықпай біз де шалдан құтылалық.

¹⁸¹ Мұрат шығармалары. Қазақ ССР ҒА архивы, п. 1303. 10-б.

Көлбектеп ат үстінде сен де жүрсін
Ағанды алдындағы жұтып алып¹⁸², –
деп жауап береді.

Баланың жауабына ырза болған Бархат болашақ ақынның ендігәрі қой-қозы соңынан жүруін тоқтаттырады. Мұрат былайғы өмірінде ақындық ісіне мүлде беріледі, ел ішінде аты шығып, ауызға ілінген ақындармен айтысқа түседі. 1870–1880 жылдар арасында Жаскелең, Жантолы, Ізім шәйір, Жылқышы сияқты ақындармен айтысып, бәрін де жеңеді.

Қазақ халқынан мәдениеті, әдебиеті, өнері жоғары тұрған халықтардың тілін біліп, солардың білім қорын толық пайдалануға шамасы келмеген Мұрат қазақ тіліндегі кітаптарды ғана пайдаланады, оған ақындық үлгі болған, көбінесе, қазақтың мазмұнды, бай көркем фольклоры болады. Мұрат қырыққа келгенше ақындармен жиі айтысып отырған көрінеді де, елуге аяқ басқан Мұраттың айтыстары азая бастайды, алды-артын ойлап ақындық өресін барлаған Мұрат түрлі толғаулар, тарихи жырлар жазу ісіне көбірек беріледі. «Қалмақтың қарғысы», «Сарыарқа», «Үш қиян» сияқты шығармалар жазады. Ауыл арасы айтыстар кеміп, халықтың өткендегі кезі, қазіргі халі, келешегі, тағдыры туралы өзінше ойларын айтуды құнттайтын болады.

Заманына наразылық білдіріп көп шығармалар жазған Мұраттың айтқандары үнемі бір жерден шыға бермейді. Оның ойында кездесетін қайшылықтар аз емес. Мұраттың көнерген ұғымнан алыстап кетпей, мыңнан-мыңнан жылқы айдап, жүзден-жүзден нар байлап, кәде сыйын тоқты өскен заман-ай деп, әлдеқандай бір өмірді көкसेп, оны әсірелей суреттеп күңгірт ой білдірген шақтарын көрмеуге болмайды.

Табаны жерге тимеген,

Маңдайы күнге күймеген.

Салқамдары тұлпардан өзге мінбеген,

Салтанатқа салпы ерінді нар артқан, –

деп осындай бір кезді жырлаған Мұрат ел байлыққа бөленіп еркі өзінде болса екен, жер-суынан айрылмаса екенді тілеп, қиялын шарықтатып көрсе де, бұқараға деген ниетін адал ұстаса да, бірақ адал арманының өмірге жанасымды болып, оның іске асуы туралы түбегейлі қорытынды жасау оның ақындық өресіне шақ еді дей алмаймыз. Ол келешек нысанасы айқындалып, сара жол тапқан ақын болып көрінбейді. Мұрат жуандарды, патшашыл ханды, биді, байды әшкерелеп, олардан қысым көрген, жер-суынан сырылған, кедейлен-

¹⁸² Мұрат шығармалары. Қазақ ССР ҒА архивы, п. 1303. 10-б.

ген шаруаларды жақтады, өкіметтен жәбір көргендерді патша мен ханға қарсы үгіттемек болып Исатай –Махамбеттің ісін қостады, солардың ісін, өмірін үлгі етті.

Өткен кездегі ақындардың айтыс үстінде әдет, тәсіл көрсететіндігі мәлім. Ақындардың біреуі қолына домбыра алып, біреуі гармонь алып жырласа, өзінше бір әдеттен құр болмаған Мұрат, «алқа алдында өлең айтқан кезінде», «алдына жастық алып немесе қолына тостаған ұстап, болмаса, «Телпекпен аузын қағып отырып» айтысатын болған. Даңқты ақын санатына жеткен Мұратқа кейбір адамдардың әлдеқандай легендалық сипат бергісі келгендігі де байқалады. Мұрын ақын Мұрат туралы: «Мен Мұраттан өлеңді қалай айтып кеттің дегенде айтқаны: «Бір күні түсімде бір жиын той болған екен, сол тойда отырған ақсақалдар маған өлең айт деді, мен білмеймін дегенде, жоқ сен білесің деп болмады, сол арада телпегімді қолыма алып, айғайды салып, өлеңді қоя бердім, ояңсам түсім екен, ертеңінде тұра сала өлеңді айттым, аузыма сөз түйдектеп түсе берді», – дейді.

1880 жылдары Мұрат Нарында, Маңғыстауда болады. Жайық бойындағы қазақтарды аралап, ел өмірі туралы толып жатқан әңгімелермен танысады. Мұраттың тұрмысына, жасынан ел аралап айтысқа түсіп үйренген ақындық өміріне өзгеріс кіру жөнінде 1880 жылдар кезінде Жайық бойындағы қазақтардың ақтаяқ болып жұтауы айрықша әсер етеді.

Мұрат жүрген жақтың қазақтары жұтап, Маңғыстауда тұратын қазақтарға қарай жан сауғалап үдірей көшеді. Сол мекен аударғандардың ішінде Мұрат та болады, осы халін ескерген ақын:

Жетелеп ақ түйені жаяу кеттік,

Көрмеген бұрын-соңды асу жерге¹⁸³, –

деп жазады. Осы күйзелістен кейін жасы ұлғайып қалған Мұраттың бұрынғыша ақындық салтанат құру, ду-думанға қатынасу, айтыстарға түсу ісі бірте-бірте кемиді. Қатын-баланы асырау, кедейшілікпен күресі, шаруаға былай да қыры жоқ ақынға оңай тимейді және жұтап қалған ауыл-аймақтан Мұратқа болысатындар да сиреп кетеді, бұл жағдайда Мұраттың денсаулығы де өте нашарлайды, жоқтықтың салдарынан ұзамай алпысты асып қайтыс болады.

Мұрат: «Көк ала шекпен жез түймелерді» шенейді. Ол шаруалардың жер-суға, еркіне ие бола алмай, байлық пен молдықтың бәрі өктемдік еткендердің, жуандар, бектер, ақшалылар қолында болғанын көреді.

¹⁸³ Мұрат шығармалары. Қазақ ССР ҒА архивы, п. 97. 61-б.

Әділетсіздік күшейіп, дәрмені кетіп, бағынышты болған көшпенді шаруалар надандық қоршауында болды. Қазақ ішінен өрби бастаған қаскүнемдерге, «көк ала шекпендерге», елге басшылық етпегендерге Мұрат наразы. Халықтың қамын ойлап алуан ойға түскен Мұрат, әлдеқандай бір өзгеріс күтеді, ерлік тілейді, бұқараның алып күші дұрыс арнаға түссе, сол күш елді аман алып қалар ма екен? Қиянатшылардың бетін қайтарарлық қайрат көрсетілер ме екен?

Өгіз тауда өкіртіп

Он екі жанды өлтірген.

Дегеніне келтірген¹⁸⁴, –

сияқты заман болар ма деп тілейді, хандарды, зұлымдарды дегеніне келтіріп, жаманшылықтарын алдарынан шығаруға жарарлық батырлықты аңсайды, сол батырлықты ең алдымен халықтан күтіп, ақын айтқанын алдымен елге арнап айтады, жұртты ығыр қылғандарды, ақ патшамен ауыз жаласып, халық берекесін кетіргендерді шеней сөйлейді. Шаруалар әкімдердің тепкісіне түсті, өктемдер қол-аяқты байлады, күнкөрісті әлсіретті, праводан айырды, аңдыған дұшпан соңынан тіміскілеп қалмайтын болды, көнбеске көніп кеткеніміз бе?!

Дұшпан – тазы, біз – түлкі,

Қашсаң ерікке қоймайды.

Інге кірген, суырып,

Құлғанадай қадалып,

Қазынасы кең, құдайым!

Сақтайсың сәлемет¹⁸⁵, –

деген ақын қамыға, назалана, қауіптен сөйлейді. Ауыр халден құтқарарлық не күш барын іздеп қиналады. Шынымен жұрт жадап, ашылмас тұманның ішінде қалғанымыз ба? Еңсесі түсіп тұрған қалың бұқара әр жерде жем болып, қиянатшыл қырсықтардың опасыздығын көріп жүрмек пе? Халық халін ойлап, бір дұрыс әрекет жасалмаса, ер өзін-өзі билей алмайтын болса, төрелердің қорлығында, патшалықтың шылауында жүріп күн көрем деу не місе?! Ұлықтар, болыстар, «сымпыстар» халықты адастырды, елге, кейінгі ұрпаққа кесірлі қауіп туғызатын да солар деп түсінеді. Бұл заман түзік емес, бұзықтығы, озбырлығы көп заман. Неше алуан әділетсіздікті өрбіткен заман. Соны көрмей, айтпай отыра аларсың ба?! Елге еткен қиянатты көре тұра жасыру ақындық арға жата ма?! Сөзімді естігендер оянар, бұзық заманды

¹⁸⁴ Мұрат шығармалары. Қазақ ССР ҒА архивы, п. 97. 111-б.

¹⁸⁵ Мұрат шығармалары. Қазақ ССР ҒА архивы, ТӘИ, п. 8. 21-б.

түзік заман деп далақтап, қара басы қамын ойлап, аман жүруді қанағат көргендерге, шен-шекпенге сатылғандарға бір тыйым болар деген үміт жасайды. Елге ор қазып жүргендерді алдымен аластамасақ, қаулай бастаған кеселдерден сақтанбасақ, сайып келгенде, қор боласың.

Ақырғы түпке келгенде,
Бәрінді алды түп-түгел.
Көк ала шекпен жез түйме¹⁸⁶, –

деген жолдар арқылы олардың қолына қараған күнің қараң, берекені шайқап қадірді кетіретін сол «жез түймелерден», сырты жылтырап іштей сорғандардан, құлғанадай жабысқан халық жауынан сақ бол деген ой айтады.

Заманның жайсыздығын үстете түсетін тағы бір жағдай, ақшаның күшіне сүйеніп, қараулығын, қайырымсыздығын, надандығын, арамдығын өткізіп, дандайситындар бар, бұлар да халықтың қасы:

Ақшасына сүйеніп,
Айтқан сөзі бұл болды.
Шыр көбелек айналып,
Заманының адымы,
Заманың мұндай сұм болды¹⁸⁷.

Елдің адал ұлдары бағаланбай, алдымен солардың көзге түрткі болуы, мәдениеттен шала қалғандық үлкен шырмау болып тұрғанын ақын өзінше түсінеді. Ағартушылық ісі шындап қолға алынып, жас ұрпақ өнерленіп көзі ашылса, бір қара көрерміз есеге, ел еркіндікке, мәртебеге жетер ме екен деп үміттенеді. Білім алуға ынталанғандардың алдымен нені ойлауы керек екені туралы:

Адасар көзсіз адам жүрген жолдан,
Адассам жетелерсің алып қолдан.
Халықтың адасқанын бастамасаң
Биіктен не пайдаң бар кеудең толған¹⁸⁸, – дейді.

Мұрат ұлыққа жағынып, патшаға бас иіп, билікке кеуде толып, настанған, мастанған, халық мүддесіне жат, атаққұмар оқығандарға сенбейді: «халықтың адасқанын» бастауды ойламайтын оқығандарды елдің адал ұлы деп есептемейді. Мұрат қазақ халқы қатарлы жұрттың бірі болса екен деп тілейді, өзінше көптің көңілін оятып, көзін ашсам деп талаптанады. Дегенмен, Мұрат көп мәселелерді күнгірт түсінеді. Халықтың ауыр халдан қалай құтылуының лажын таппай қынжылады;

¹⁸⁶ Мұрат шығармалары. Қазақ ССР ҒА архивы, ТӨИ, п. 8. 22-б.

¹⁸⁷ Мұрат шығармалары. Қазақ ССР ҒА архивы, п. 97. 98-б.

¹⁸⁸ Сонда, 98-б

кейде үмітсіздікке беріледі. Мұрат ханды қалмаққа қарғатты («Қалмақтың қарғысы»), білім алуды, өнерлі болуды, еркіндікке жетуді аңсады, неге еңсені көтермейміз, ынжықтық басқаны ма? Намыс қайда? Халықтың қамы қайда? «Екі бұты таралған» сымпыстары – патшаның көмекшісі шенділерден жақсылық күтпе деген қорытынды жасайды.

Мұрат қазақ арасында өздерінше әкімдік құрып, патшалықтың оң көзі саналатындардың бірі болыстарды ажуалап, оларды ащы сөзбен аластайды, зияны көп, достығы аз әкім сымақтарды әшкерелейді. Мені мадақтап өлең шығаршы деген Қаражанға: «Ар жағында, бер жағында жоқ», тек сені «Қызылқоғаның болысы деп мақтайын ба?»

Әкеңіз бізге мәлім Құлбас еді,
Тыпырлап қол-аяққа тұрмас еді.
Шілдеде қой жұмыр құр болады деп,
Көк дәрі күкіртпенен қоймас еді!¹⁸⁹ –

деген Мұрат мақтау сөз күткен болысты көзбе көз ажуалайды, әкім мені жазаға кіріштар етер-ауды есінен шығарып, айтарын тайынбай айтады.

Баспағын тоқтысымен Үйшікке айдап,
Құтырды күз басынан Есентемір¹⁹⁰, –

деп Есентемір болысты келекелесе, сол болыстың сөзін сөйлеп, ниеттесі болып жүрген Далабай би туралы:

Өзі шикі қатты етті,
Кеспей салып аузына.
Құдайым неден кетірді
Қарт кісінің сабырын?¹⁹¹ –

деп түйреп өтеді.

Оның сазайын тартқызған өңешінен өтпеген шикі ет жеген парасы болды-ау деп, ет аңдыған, ел аңдыған, табақ-табақ ас алдынан кетпейтін, қоғамдық мүддеден жұрдай, жегенге ток, ішкенге мас болып жүруді ғана білетін, сол кездің парақор надан биін мазақтайды. Есенғали болысты әкесімен екеуін бірдей мысқылдаған Мұрат:

Боранбай мал бақпайды, ас бағады,
Қасынан төсегінің баспағады...
Мизамда көнді жеген ит көзденіп
Әкең Боранбай, басына қаптың аузын жастанады¹⁹², –

дейді.

¹⁸⁹ Мұрат шығармалары. Қазақ ССР ҒА архивы, п. 1303. 85-б.

¹⁹⁰ Сонда, п. 97. 84-б.

¹⁹¹ Сонда, п. 9. 85-б.

¹⁹² Сонда, п. 1303. 58-б.

Сөйтіп, Мұрат: «сымпыстар, болыстар, қалтасына сеніп шайқақтаған байлар, пысықтар» көк ала шекпен жез түймелерге бас имейді, оларды әшкерелейді, бұлардан құтылу үшін, ер намысы, бірлік, ерлік керек, білім алып өнерлі болмай, қатарға қосылып халықты бостандыққа жеткізіп болмас деген сияқты қорытындылар жасайды.

Мұрат өз кезіндегі ақындар салты бойынша айтысқа талай түскен. Бірақ, ол тек «мал үшін тілін безеп» қайдағы мақтаншақтарды іздеп барып, мақтау өлең айтуды кәсібі еткен, сөйтіп өз қадірін көтерген, халық мұңынан өзін алыстатқан ақынға ұқсамайды. Ақын әлдеқандай мақтау өлең айтса, ол алдымен айтқанын адамшылыққа арнайды.

Мұрат айтыс өлеңдерде сөз тапқыш, шешен, ажуаға шебер, ел арасы, ру арасы мәселелерінің егжей-тегжейіне жетік екенін білдіре отырады – мұның өзі ол кездегі айтысқа түскен ақындарға қажет қасиеттің бірі – деп есептелген. Айтысқа түсіп үйренген ақынға ата-бабаның жөн-жосығы, кім үлгілі, кім үлгісіз, кімнің түбі шикі, кімнің қандай міні бар, ауызға алып мадақтарлық не бар дегендерді, түгел біліп отыруы қажет болып, білмегенін көп білетін көнелерден үйреніп, түсініп алуы шарт болған. Осыны пайдасына жарата білген Мұрат, өзінен жасы үлкен, тәжірибесі мол Жылқышымен айтысар алдында, оны қай жағынан кінәлауға болатындығы туралы Есет биден ақыл сұрап алады, сөйтіп Жылқышыны жеңеді. Мұрат әсіресе жас кезінде айтысқа түспес бұрын білмегенін сұрап алып, даярланып барып айтысатын болған.

Мұратпен алқа алдында айтысқан ақынның бірі – Тыныштық. Мұраттың бұл айтысы көп жөннен ақынның басқа айтыстарынан басқашалау келген. Мұрат өзге айтыстарында айтпақ болған ойын, айтысқа тікелей керек-ау деген сөздерден бастаса, бұл айтыста айтысушылардың сөз етуіне шарт болып есептелмеген жалпылама жайтқа орын берілген. Мұрат айтыспай жатып, сыпайы қонақ болып ел аралап жүргенін бір сөйлеп алады, жолшыбай жүрген жерлерінде сауық құрып, бір ауылға түстеніп, бір ауылдан шай ішіп, сайрандап жүріп келгенін де айтады.

Тап болдық Құлшардікінде піскен шайға,

Түстендім Шерен деген бір ағама¹⁹³.

«Қай үйге түсіп қонақ болатынымыз туралы жолдастармен алдын ала келісіп қағаз жазып уәделестік» дегендерді де айтады. Сөйтіп айтыс өлеңдерінің дәстүрлі түріне қатысты шамалы сөздер де ауызға алынады. Сөз таластыруды енді ғана бастаған Мұрат: «қауымыңа

¹⁹³ Мұрат шығармалары. Қазақ ССР ҒА архивы, ТӘИ архивы, п. 8. 1-б.

бүгін келіп жеттік, тісі қайтқан кемпірмен айтыстырам деулерің қорлық емес пе?» деген сияқты сөздермен Тыныштықты қағыта сөйлейді. Тыныштық:

Өмірің өте шығар пелде-пелде,
Білмейді пелде еткенін кей серменде.
Сен қашып айтыса алмай қашқан күні,
Артыңнан шапан берген мен кемпірге¹⁹⁴, –

дейді де, бұдан кейінгі сөзінде Нұралыны мадақтайды. Мұрат алған шапан адал сыйлық емес-ті, мақтаған Нұралының жұрағатын:

Өзінің қарындасын алып қашып,
Құсайын матектіктен тентіреген¹⁹⁵ –

деп сынайды.

Сондайларды да көтермелейсің деп Тыныштықты бір бөгеп тастайды. Бұдан әрі олар руларын мадақтасу сөздеріне кіріседі, «кім жақсы, кім жаман» едіге көшеді. Сөзден ұтпақ болған Тыныштық Жолым, Тілеубай дегендерің «Нарыннан күн көре алмай сасып өткен» қонысы қонып әзер күн көрді деп Мұратты кінәлайды. Мұрат бұл адамдарды ақтап, кімді кінәлауды білмей жандалбас еткесін, олар:

Жерінде көкжал бөрі болып өткен,
Нарында хан баласын иттей сабап
Ер еді дүниеде қолы жеткен¹⁹⁶, –

деп кінә артады. «Жол білмейсің, ерлік жасаған адамдарды қадірлей алмағандығың осы емес пе?» – дейді. Ақындардың айтысы осы жерге келгенде шиеленіскен шегіне жетеді де, сөзден ұтылғандығын сезген Тыныштық, кезекті сөзінен бас тартады.

Мұрат бір жақтан келе жатып жолшыбай бір қызу тойға тап болады. Той болып жатқан үйге кірсе, үй іші толған қыз-келіншек. Олардың ортасында «қыздарға сүйкеніп», Ізім шәйір өлең айтып отыр. Сол кезде бір келіншек Мұратты нұсқап: «өне бойы бізді қағыта бергенше, анау жігітті қосып өлең айтшы», – дейді. Бұл сөзден кейін Ізім шәйір айтысты руларын мадақтаудан бастап: «Мен, Қарамын! Қара бура Тамамын», – десе, өзінің айбарлы ақын екендігі туралы:

Алдымнан келсең аламын,
Артымнан келсең шаламын.
Қара қасқа қабанмын
Кім жолайды шегіме?!¹⁹⁷ – деп жырлайды.

¹⁹⁴ Мұрат шығармалары. Қазақ ССР ҒА архивы, ТӘИ архивы, п. 8. 1-б.

¹⁹⁵ Сонда, 3-б.

¹⁹⁶ Сонда, п. 8., 1-б.

¹⁹⁷ Мұрат шығармалары. Қазақ ССР ҒА архивы, п. 1303. 83-б.

«Келген жігіт кімсің, жөніңді айт?» дейді. Мұрат Ізімнің сөзін қағып алып, бұрмалай түсіндіріп, қыз-келіншек жиылған көп алдында оны масқаралайды: «рас, сен Қарасың, оны несіне мақтан етесің? Қара болсаң далада, қарайып тұрған моласың, рас Қара бура Тамасың, оның несін мәртебе көрдің? Тама келімсектердің бірі емес пе? Ал Бурамын деп өзіңді жатып көтермелейсің. Бура болсаң шөп жейсің, басқалардан көп жейсің, Қара қасқа Қабанмын деп екіленесің, рас» деп әжуалайды.

Қара қасқа қабансың,
Қабан болсаң шошқасың,
Шошқа болсаң торайсың,
Өзің торай болған соң,
Менен нені сұрайсың¹⁹⁸, –

деп аты-жөнін айтпайды, орайлы сөз айтып Мұратқа енді жауап қайтарған Ізім де болмайды.

Мұраттың айтыстары түр, мазмұн, құрылыс, сөз саптау жақтарынан әр алуан. Оның Тыныштықпен айтысы бір түрлі болса, Ізім шәйірман айтысы екінші түрі, әр айтыстың өздеріне тән өзгешеліктері бар. Мұрат сан айтысып, ақындығы, тапқыштығы, орайлы сөз, ащы сөз, ажуа сөз, ілме сөз, кекету, даттау, мақтау, қалжың сөздерге шебер екендігіне көре айтысқан ақындарды сөзден ұта берген. Мұрат мақтау сөздер айтудан тіпті құралақан ақын десек те, бірақ ол мақтаса, батырлықты, әділдікті, намысқорлықты «Таласқан жар шетінде шенді әкімді» өгіздей байлап сабаған, «Нарында хан баласын иттей» қорлағандарды мақтаныш етеді, даттаса, Құсайын сияқты «өзінің қарындасын алып қашып», нәсілсіздік көрсеткендерді, әкесі ас қорыған болысты, асқа қақалып күлкі болған биді, озбыршыларды, ел берекесіне жарамаған, намысы жоқ сатылғандарды даттайды, айтыстарында да араны ашылған арсыздарды аластайды. Сөздеріне әлеуметтік мән беруді үнемі ұмытпаған Мұрат «Қайда бай мақтаншаққа» арнай мақтау өлең айтуды өзінің ақындық қабілетіне лайық көрмеді.

Мұрат қазақ шаруалары шеттеді деп түсінеді. Патшалықтың, жуандардың арам ісіне көнбеуді міндет етеді. Шаруалардың келешектен үмітін жойып, пәңгіртіп ұстамақ болғандарға қарсы көпті жақтап, жігерің жойма, берекеннен айрылма, жасыма, бостандыққа ұмтыл, озбырлардың табанына түспе деген сияқты ойларын айтады. Алды-артын ойлаған, жасы ұлғайған Мұрат «Үш қиян», «Қазтуған»,

¹⁹⁸ Мұрат шығармалары. Қазақ ССР ҒА архивы, п. 1303. 83-б.

«Қарасай –Қази» сияқты шығармаларын жазады, көптеген ойын халық алдына салмақ болады.

«Үш қиянда» «Еділдің бойы – Қанды қиян, Жайықтың бойы – Майлы қиян, Маңғыстаудың бойы – Шанды қиян» осы үш Қиянның бойын жайлаған, мал өсірген шаруалардың өткен-кеткен, қазіргі халін еске ала келіп, Мұрат өзінше бір шолу жасайды. Қандай едің? Қандай халдесің? Басқа түскен қауіп бар, қара құстай үймелеген дұшпандарың бар, өңмендеп жұрт берекесіне өңешін созғандар бар, халық қамын ойлап ерлікке қол созындар демек болады. Шығармасын заманның өтімді, әсерлі, жігерлендіреді-ау деген сөздерімен жазады. Тыңдаушының рухын қозғап, оны қайраттандыруды ескеріп, жар сала сөйлейді. «Естерек ұлы Тарғынның жері», «Қарақыпшақ Қобыланды Тұлпар мініп келген жері», «Қырық таңбалы Қырым, он таңбалы Үрім, он екі баулы өзбек, он сан ноғай дәурен сүрген жер», «Ердің соңы Исатай бармағын тістеп өткен жер», осы жердің берекесін кетірген сатқындар, төрелер бар деп түсінеді.

Мұрат Қобыландыны, Тарғынды, Исатайды ауызға алса, олар еңбегі сіңген, дұшпанға қарсы тұрған, халықтың бостандығын, бірлігін, тірлігін сақтаудан басын аямаған, қорғаныш болуды ойлаған үлгілі ерлер еді деп ауызға алады.

Заман ісіне көп көз салып, заман озған сайын өмірдің бір қалыптан екінші қалыпқа өзгеруі мүмкін, өмірдің қалпы үнемі сақталып отырмақ емес, ал қазіргі заманның бізге деген өзгерісі, берген жаңалығы бұрынғыдан пәлен қиса жайсыз болуы қалай? Елдің берекесі неге кете бастады? Заманның озғаны бізге неге азап болып тұр? Бұл өмір ілгері барған сайын, біздің бақытымызды көтеру орнына, үмітімізді кеміте бермек пе? Осының бәрі тек қана заманның ісі ме, болмаса бұзылған адамның ісі ме? – деп те ойланады.

Заман азып не қылсын,
Ай орнынан туады,
Күн орнынан шығады,
Мұның бәрі адамнан¹⁹⁹, –

деп, өзінше бір алуан қорытынды жасайды. Заманды арам ниет адамдар бұзып отыр, азапты көрсек сол адамдардан көріп отырмыз, жамандықтың бәрін ылғи заманға арта берудің өзі дұрыс емес, ендеше заманымызда көріп отырған зорлықшыларды, азғындарды аластау керек. «Заман осындай болды!» деп көнбеске көніп, мүлгіп жүрмейік, жол табайық, ерлік етейік деген ойға меңзейді.

¹⁹⁹ Мұрат шығармалары. Қазақ ССР ҒА архивы, п. 8. 20-б.

Мұраттың ойынша, ел еңсесін түсіріп бара жатқан нәрселер: шаруалардың шеттеуі, бірліктің, ерліктің, намыстың кемуі, «сымпыстардың» көбеюі, тұла бойды буып тұрған пәленің міні, міне, осылар екендігін батырып айтады:

Киім кесе жеңі жоқ,
Етегі бар да белі жоқ,
Қатпа болған түйедей,
Киенкі болған биедей,
Ел биледі бір сымпыс
Екі бұты таралған.

Осындай бір алуан пенделер, періштесініп жүріп, халық арасына індет таратты деп түсінеді.

«Қазтуғанда» мал өсірген қазақтардың анау бір заманда күйзеліске ұшырап, бір толқыған кезі сөз болады.

Қазтуғанның кейінгілердің қамын ойлап, қайғырған жан екені ескертіледі. Қазтуған болашаққа өкси қарап өкінген, адам болып та суреттеледі. Ол: «Арбаға мәстек» жегіп күн көріп, байтақ жерден шынымен айрылғанымыз ба?

Нарын-ай, сені қайтейін
Жатып қалған боз тайлақ
Жардай атан болған жер!
Жабағылы боз тоқты,
Мың қой болып өрген жер!²⁰⁰

«Малдың қызығына батып осындай ырыс қонған қоныстан, енді көз жасты төге-төге кетуіміз керек пе?», – деп қайғыланады. Мұраттың түсіндіруінше, Қазтуған тек бас қамын ғана ойлап назаланбайды, ол көптің ауыр жүгі басына түсіп, сол көпке дұрыс жол таба алмай, ақыры трагедияға ұшыраған жан сияқты. Қазтуған:

Мен секілді ерлерді,
Жаратты ма екен құдайым?! –

деп қайғырады, оның қайғысы кейінгі ұрпақты пәле-құладан аман алып қалудың қайғысы болып суреттеледі.

Мұраттың зер салып жазған елеулі шығармасының бірі – «Қарасай –Қази». Бұл шығармада Мұрат өзінше ең керекті-ау деген мәселелер жөнінде пікір айтуды құнттайды. Ел қорғаны боларлық, жауға қылыш алып қарсы шығудан бас тартпайтын, халқы үшін аянбайтын қайратты ер ісін арман етеді.

²⁰⁰ Мұрат шығармалары. Қазақ ССРҒА ТӘИ архивы, п. 8. 128-б.

Мұса бидің Тобаяк, Тілек, Алшы, Смайыл деген балалары болады, олар Орақ батырды күндейді.

Ақкөңіл, сенгіш Орақты алдап, құрулы тұрған алмас қылышқа түсіріп жаралайды, сол ауыр жарадан Орақ опат болады. Орақтың артында қарт анасы Қараулек, бір аяғы ақсақ, бір көзі соқыр әйелі, Қарасай, Қазі, бір қызы қалады. Жараланған Ораққа сәлемдесе келген батырдың досы Ақмырза оның сұмдардың кесірінен мұндай халге ұшырағанына қатты қайғырып, Орақтың ел қорғаны ер екенін айтып:

Қош аман бол, жан досым,
Ұжмақтың болшы төрінде²⁰¹, –

деген сөздерінен өзінің адал ниетін білдіреді. Досына жауап қайтарған Орақ ел қамы үшін жанын аямағандығы туралы:

Қос-қос орда, қос орда,
Қосылып қонбас менен соң...
Жарлылардың жаз аты
Жалдана алмас менен соң²⁰², –

деп жұртты алаламай ұстап, әсіресе, жарлыларға көп болысқандығын айтады.

Орақтың сексен беске келген анасы Қараулек:

Аждаһаның тынысын
Қолын салып барлаған,
Сүйткен менің Орағым?
Аюдай ақырған Орағым,
Күндей күркіреген Орағым!²⁰³

деп жоқтайды.

Сондай ерге қастық жасап, араға іріткі салған, Орақтың өліміне ортақтасқан Смайыл Тобаяқтар тобын кінәлайды:

Қарауыл басы қол басым,
Жортуыл басы жолбарысым...
Орағымды өлтірген
Қалау мен Сары оңбасын!²⁰⁴ –

деп қарғайды. Кешпес кінәсін мойындарына ала сөйлеген Алшы, Смайыл, Тобаяқтардың екі жүзділікке салынған арсыз жандар екенін көрсетпек болған Мұрат оларға Қараулек атынан тектен-тек лағынет айтқызбайды, қарт ананың алдында жазықтарын мойындарына алдырады.

²⁰¹ Мұрат шығармалары. Қазақ ССР ҒА архивы, п. 8. 25-б.

²⁰² Сонда, 25-б.

²⁰³ Сонда, 27-б.

²⁰⁴ Мұрат шығармалары. Қазақ ССР ТӘИ архивы. п. 7. 28-б.

Смайылдар: «Арыстан туған Орақтың Біріміз еш қадірін білмедік, ақырында күндеп жүріп, оны қазаға ұшыраттық», – деп көлгірсиді. Бұл арада кесірін тигізген, баққұмар, күншілік, жалақор Смайыл сияқтылардың айыбы ашылады. Ондайлардан жиренуді талап еткен ақын Қараулек сөздерінде, Орақтың өзіне айтқызған сөздерде батырды көпшіл, жарлыларға болысқыш адам етіп көрсетпек болады.

Орақ жарының алдында да айрықша қадірлі, сондықтан оның әйелі: «Аяғым ақсақ, көзім соқыр болса да, алшақтаттың мені Орақ», ерлігің, халықтың қамын ойлаған қамқорлығың қандай еді?

Ел шетіне жау келсе,
Атың мініп сайланып.
Алмас қылыш байланып,
Мен барайын дер еді, –

дейді.

Сөйтіп, Орақ елдің есендігін іздеген, жауға жанын аямай қарсы шапқан, анасының, әйелінің, Ақмырзадай досының алдында құрметті адам болып көрсетіледі, мұнымен бірге ел бірлігін, бұқараның қамын ойлаған батыр Орақтай болсын деген бір ой да айтылады.

Шығарманың алдыңғы бөлімі Орақтың жазықсыз өлгендігін, оның адал батыр болғандығын баяндайды да, бұдан әрі қарай әке жолын қуған Қарасай мен Қазидің әңгімесі басталады. Қарасай, Қазидің әкенің орнын өксітпеген адал батыр ұлдар болып сипатталады. Орақ дүниеден қайтыс болғаннан кейін бас-көз болып, балаларын дұрыс жолға бастап, халық қамын ойлап үйрену, қажырлы болу ісіне тәрбиелеген Қарасай мен Қазидің өз анасы болады. Орақтың әйелі ел үшін жан аяуды ездік көреді, егестің ебі келген жерде жалғыз қызы Қибаттан оның қимас аяулысы емес.

Ат көңіліңе жараса,
Жалғыз қызым Қибатты
Жалғыз атқа бердім деп,
Айналайын, Қарасай!
Налыма оған сен дейді²⁰⁵, –

деген жолдар жау жолына шыққан Қарасайдан аяйтыны болмайтындығын білдіреді. «Қибатқа атастырсаң ғана атымды беремін – деп, ноғайлының Көкше деген шалына қарындасыңды беруге көнгендігіңді шам көрме, қалайда атты алып, жолыңнан қалма, ел игілігі үшін ерлік ет» деп ақыл береді. Смайылдар жауға аттанды дегенді естіген Қарасайдың шешесі намысын үстете түседі, анау

²⁰⁵ Мұрат шығармалары. Қазақ ССР ТӘИ архивы. 39-б.

«бассыздар» кетіп бара жатқанда, сен үйде қалып, «жүзіме қара салдырып», бұғып қалғаның бар деп назаланады.

Кешегі Орақ кезінде

Орнын басар ма екен деп едім²⁰⁶, –

деген ана баласынан батырлық күтеді. Мұраттың ойынша, бұл жердегі ана отбасы, ошақ бұты мәселелерінен аса алмаған, таяз ойлы ана емес, бұл ана, балаларын қырандай ұшырып, дұшпанына қайрап салмақ болған, халық қамына жарамаған ұлға ырза емес ана. Сөйтіп Мұрат Қарасайдың шешесін көптің қамын ойлаған дана ана етіп көрсетпек болады.

Шешесінің айтқан сөздері Қарасайға қатты әсер етеді, жолынан қалып, масқара болмау үшін қайтсе де әкесіндей ерлік көрсету үшін, өзіне жарамды ат тауып мінуі керек, өйткені батырдың жолы болуы үшін сенімді серік – ат.

Мінер атым осы деп...

Көк бұйра атқа ер салды.

Ермен бірге жем салды,

Арқандап қойса көк бұйра

Балуан таудың басында

Өзінен өзі зең салды²⁰⁷.

Батырлар жырында көп кездесетін, атымен иесін сөйлестіру деген сияқты әдісті Мұрат та қолданады. Ол өзінің ескі ақындардан кейде, алыстап кетпейтіндігін аңғартады. «Қарасай–Қази» уақиғаларының талай жерлерін батырлар жыры салтына салып жырлайды. Бірақ Қарасайдың Көкбұйра аты Қобыландының Тайбурылдай аяғының астындағы көк тасты сазбалшықтай илеген, тым ертегі түрде сипатталады демесек те, Көкбұйраның күдерден күдер аса жөнелгенін Мұрат әсірелей суреттейді.

Бірінші күдер асады,

Аспанға тозаң шашады.

Екінші күдер асқанда,

Бұйраның бауыры селденді.

Үшінші күдер асқанда,

Қолтық еті бөлінді...

Теңгелдің терең суының

Ортасынан кез келді,

Екпініне шыдамай

²⁰⁶ Мұрат шығармалары. Қазақ ССР ТӘИ архивы. 35-б.

²⁰⁷ Сонда, 40-б.

Су арнадан қашады...
Жетінші күдер асқанда,
Көзі кетті қызарып,
Тілі кетті ұзарып,
Аш қарсақтай бұлтарып
Ор қояндай жалтарып²⁰⁸.

Қарасайдың асқан ерлік көрсетіп, талай қауіптен аман жүруіне оның Орақтай аруақты батырдың баласы болғандығы да көп көмек сияқты. Қарасай мен Қазидың Бөріханмен қалай соғысқаны, олардың ұйқыдан талығып, аттан түсіп қалғаны айтылады. Қарасай мен Қазифа аян беріп, жатып қалған орындарынан тұрғызып, жауын жеңуге демеген Орақтың аруағы болады.

Қарасай мен Қазидың Бөріханмен жекпе-жекке шығуы жөнінде берілген сипаттамаларда батырлар жырында кездесе беретін сөз оралымдарын қолданушылық бар десек те, әңгіменің тым ертегіге айналып кетпеуінен сақтанғандық та байқалады, айтқанын өмір көрінісіне жанастыру талабы жасалған. Мұны Алшы, Смайыл, Тобаяқтар жайында айтылған сөздерден де сезесіз.

Қорқақтардың үрейленгіш келетіндігін ескертпек болған Мұрат, сол қорқақтықты алдымен Смайылдар басынан көріп, олардың қалмақтан қашқандығы туралы:

Қалмақтың қолын көрген соң,
Көп екенін білген соң,
Қайтуға бетін бұрады, –

дейді. Олар атыспақ болып келген жауының жай-жағдайын, күшін білмей жатып, тек қарасын көріп ығысады. Мұндай іс, әрине, күншілдікке келгенде есе бермейтін, жау көрсе, еңбектеп қалатын Смайылдарға лайық, өйткені ондайлар үрейленгіш. Олар алғашта майдан ашпақ болып өрекіпсе де, өздерінің лажсыздығына бағынып, қашумен қоймай, еріп келген көп қолды да бірге ала жөнеледі.

Смайылдар жаудан қашып, масқара болуы былай тұрсын, Қарасай, Қазиды да кетейік деп үгіттейді – міне, осылардың бәрі Смайылдардың кенеусіздер екенін толық дәлелдеп беруге керекті фактілер ретінде беріледі. Бас сауғалап қашуды ар көрген, басына тас түссе шыдамақ болған, ұяттан өлімді артық санаған, ел үшін ерлік етуді аңсаған Қарасайдың аузына мынау сөздер түседі:

Солқылдаған ақ найза,
Басыма сайғақ болсын деп

²⁰⁸ Мұрат шығармалары. Қазақ ССР ТӘИ архивы. 44-б.

Оң қарыма ілгенмін
 Жанды құрбан айтқанмын!
 Қайтпаңыз, көп қайтпаңыз?!²⁰⁹

Мұндай сөздер, әрине, Смайылдар аузынан шықпайтын Қарасайға тән сөздер. Сөйтіп Мұрат түрлі кейіпкерлердің өздеріне, ерекшеліктеріне лайықты сөздер айтқызып, олардың жайын, мінез-кұлқын бір-бірінен айыра көрсетпек болған. Олардың ісін Мұрат тек жалпылама түрде баяндап жатпай, әрқайсысының өздеріне хас сөздерін береді. Сондықтан да Қарасаймен Смайылдар сөздері бір-біріне ұқсамайды, неге десең, олар ой, арман жақтарынан әр алуан жандар, біреулері ел берекесін ойласа, екіншілері қулық-сұмдықты місе еткен іріткі салушы, жаны жасық, өзі пасық жандар болып көрінуі қажет болған.

Смайылдар кетіп, Қарасайдың қасында Естерек ұлы Тарғын қалады. Олардың көп жауға төтеп бергендігі, жолдары болып егесте жеңіп шыққаны баяндалады. Қарасай Тарғынмен ақылдасады, жау жақтың көп-азын сұрайды, жауап берген Тарғын:

Қалмақтың қолы көп екен,
 Көп болса да шөп екен²¹⁰, –

деп, Қарасайды өрлендіре жауап береді. Ол тек қара көріп қаша жөнелген Смайылдарға ұқсамайтындығын білдіреді, неде болса соғысқа кіруді мақұл көреді, өйткені ол да Қарасайдай намысты ер. Дәл осы кезде ағасын іздеп Қазиді келеді. Қарасай інісін аяп, қайт дейді. Көнбеген Қазиді:

Қайт дегенде қайтпаймын,
 Атымның басын тартпаймын,
 Қорқуды жолдас етпеймін!²¹¹

деп ақыры ағасының қасында жауынгердің бірі болып қалады. Ол да «қорқуды жолдас» етпейтін, әкесі Орақ, ағасы Қарасай, Тарғын сияқты ерлердің бірі болмақ, жастайынан ұя көргендік білдіреді.

Қарасай, Қазидің алдынан: «алты құлаш ала атпен қарауыл қарап жүрген», әрі батыр, әрі хан Бөріхан шығады, ол:

Ер кейпіне қарасам,
 Асық ойнап доп атқан,
 Ертеңменен шешесі
 Ұйқыдан әрең оятқан²¹², –

²⁰⁹ Мұрат шығармалары. Қазақ ССР ТӘИ архивы. 49-б.

²¹⁰ Сонда, 49, 51, 52, 53-бб.

²¹¹ Сонда.

²¹² Сонда, 49, 51, 52, 53-бб.

деп Қарасай мен Қазиды қомсынады, олардың атыспақ, шабыспақ болып келгеніне таңданады. Бөріхан Қарасайды үрейлендірмек болып:

Кеудем темір, бөксем тас,
Мені неғып аларсың!²¹³ –

деген жолдар арқылы «атақсыз өліп қаларсың, ақылға келіп, аман-есеніңде еліңе қайт» деген сөздерін айтады. Батырлар арасында бола беретін сөз шайқасулар басталады, олар қылыш, найзаларын қолдарына алып айқаспас бұрын бірін-бірі сөз жекпе-жекте жеңбек. Қарасай:

Қара өгіздей даусың бар,
Кеудең темір, бөксең тас,
Тас болсаң да маған бор.
Көрген жерден көк шалып
Түртті ме, сені бәлем сор?²¹⁴ –

деп реніш білдіріп, «соқтыға сөйлейсің, ибаң жоқ, дөрекі жан екенсің деп Бөріханды кінәлайды. Осы сөздерінің өзімен ол жандықанды бір жасытып тастамақ, рухын түсіріп, жүрегін шайылдырмақ, айдындырмақ. Бұдан кейін Қарасай шайқаспай кетпейтіндігін, айдынды Орақтың баласы екенін ескертеді.

Кеудеден кетер жан үшін,
Жерге тамар қан үшін
Атамның атын жасырман²¹⁵.

«Жасың үлкен, жол сенікі», – деп қасқырып тұрып, Бөріханға кезек береді. Екі батырдың жекпе-жекке шығуын сипаттауға арналған сөздер батырлар жырында кездесе беретін сөздер тәрізді. Бөріханның Қарасайды атып құлатпақ болғаны сипатталады:

Қорамсаққа қол салды,
Бір салғанда мол салды...
Алтынды ердің қасы деп,
Қақ жүректің басы деп,
Кірісінен өткізіп,
Толықсып тұрған Қарасайды
Толғап қалмақ ұрады²¹⁶.

Бөріханның оғы Қарасайға дарымай кетеді. Ендігі кезек Қарасайға тиеді. Оның кезегін қоярда-қоймай Қазиды сұрап алады.

²¹³ Мұрат шығармалары. Қазақ ССР ТӘИ архивы. 49, 51, 52, 53-бб.

²¹⁴ Сонда, 53-б.

²¹⁵ Сонда, 55-б.

²¹⁶ Сонда, 56-б.

Өйткені Қазидың ерлігі осы арадан көрінуі керек, бұғанасы қатпаған жас болса да, оның да қолынан келерлік ерлік бар. Қазидың да осал емес екендігін көрсету үшін мынау сөздер айтылады:

Екі атпады бір атты,
Табанға салып ширатты.
Бөріхандай ханыңды
Алты құлаш ала аттан
Он бес жасар Қазиді құлатты²¹⁷.

Сөйтіп Орақ, Қарасай, Тарғын, 15-гі Қазиді бәрі ел үшін жан аямай ерлік етуді арман етеді, шеттен жау шықса, қарсы тұруға «мен барайын» дейтіндер солар. Олардың ерлігі, намысқорлығы, халықтың бүтіндігін тілейтіндігі, көптің жолына басын салуға даяр тұратындығы үлгілі, ғибратты істер болуы керек деген ой айтылады. Сондықтан да Мұрат Смайылдар тобын сұрқия етіп, Орақ, Тарғын, Қарасайды берекешіл ерлер етіп сипаттамақ болған.

«Қалмақтың қарғысы» – Мұрат шығармаларының бір көрнектісі. Ақын бұл шығармасында елдің сыны, сәні кетіп бара жатқандығына, алауыздық тауып, қазақ қалмақтардың өзара татулығы шайқалып, олардың «ақ патшаға» қалай жем болғандығын, өздерінше әкімдік құрып даридған қазақ қалмақ төрелерінің бір-біріне айтқанын, патша әмірінен қалтырап үрейі ұшқан қазақтың ынжық ханын, оның рақымсыздығын баяндайды. Ақын осындай бір уақиғаны жұртқа түсіндіру жөнінде шебер сөз, мағыналы ой, қолайлы сюжет табады.

Қалмақтың бір төресі патшаға қылмысты болып, тұтқынға түседі. Қазақ ханының ордасында айдалмақ болып жатады. Қалмақ төресі тұтқыннан құтылу жолын ойлап, қазақ ханына жалынады:

Байдан асын байлығың,
Тастан өтсін жарлығың.
Жан ұядан шыққанша
Заманның көрме тарлығың²¹⁸, –

Мына пәледен құтқар деген сөздерін айтады. Патшаның жарлығын екі ету қолынан келмейтін қарау хан:

Зарласаң да кетесің,
Екі етуге амал жоқ
Патшадан келген әмірге²¹⁹, –

²¹⁷ Мұрат шығармалары. Қазақ ССР ТӘИ архивы. 60-б.

²¹⁸ Мұрат шығармалары. Қазақ ССР ҒА, ТӘИ, п. 8. 123-б.

²¹⁹ Сонда.

деп қасарысады. Үмітінен еш қайран болмаған қалмақ төресі ыза кернеп орданың есігін жамылып тұрып, қазақ ханына қарғыс айтады. Менің басыма келген күн ертең сенің де басыңа келер, өз сұмдығың өз түбіне жетер, «сен де мендей тұтылып, қолға түсіп күйерсің!» сатылғандығың алдыңнан шығар, патша әлі өз шырқың бұзар:

Көзінде жасың буласын,
Бұл айдауда мен кетсем.
Екінші айдау келгенде,
Өзің бір қолға тұтынып
Қатын да балаң шуласын!²²⁰ —

деп лағнат айтады.

Сөйтіп Мұрат патшаға жағынған, сатылған арам ханды, надан ханды әшкерелейді.

Мұрат «Қалмақтың қарғысы» арқылы береке ойламайтындарға деген наразылықтарын ашына айтады, халыққа тырнағын сұғып, қастығын жасап баққан озбырлардың, қазақ пен қалмақтан шыққан төресымақ, әкімсымақтарды бір-біріне қалай айдап салып егестіргендігін, ұлт араздығын туғызып, іріткі салмақ болғандығын көрсетпек. Көп елдер әділетсіз патшадан жауыр-жапа шегіп отыр, ондай елдерден шыққан төрелер, әкімдер бір-бірін жаулап бүлініп жүр, айдасқан масқарашылдық істеріне қарашы?! Демек, болады.

1880 жылдары Мұрат Маңғыстау қазақтарының арасында тұрады. Тоғыз болыс бас қосқан үлкен топ ашылады, бұл топқа Мұрат та келеді. Топ ішінен бір қабілетті адам – ел арасы ақындарының Мұратқа «тілі тиіп» жүргенін естиді екен. Мұраттың сағын сындырмауды дұрыс көріп, «топ алдында өлеңді Мұрат бастасын, біздің өлеңшілер Мұратқа өресі жететін болса, артынан айтар, өресі жетпейтін болса, отырған жерінде отырып, қалар» дегенді айтады, сонымен өлеңді Мұрат бастайды, ақын сол топ алдында «Сарыарқаны» айтып береді. Мұрат «Сарыарқада» қазақтардың анау бір өткен кезін, қазіргі халін баяндай келіп, арманын, өкінішін, ақылын, уайымын топтап айтып бермек болады.

Мұрат табиғат суреттерін беру, әйел, еркек арасында боларлық түрлі уақиғалар, ғашықтық мәселелерін баяндау, шығыс сарындас қисса-хикая жазуды қуаттамаған.

Ал Мұрат замандастарының қисса, хикая жазғандары аз емес. Ибраһим Құнанбаев та шығыс сарындас «Ескендір», «Масғұт», «Әзім» сияқты шығармалар жазады. Бұл реттен Мұрат қазақтың ол кездегі ақындарынан өзгешелеу бір бағытта болған. Мұрат не жазса, қазақ өмірінен алып жазуды өзінің міндеті етеді.

²²⁰ Мұрат шығармалары. Қазақ ССР ҒА, ТӘИ, п. 8. 124-б.

«Пәни жалған заманда» деп басталатын шығармасында Мұрат ел ішіндегі түрлі адамдардың немен әуестенетіндігі туралы ой білдіреді, бір кездегі қазақ тіршілігінің түрлі жақтары еске алынады. Әркім сүйген кәсібі мен қолынан келетін істің соңына түссін, бірақ ісің бойыңа лайық болсын, өмірдегі түрлі адамдардың өздеріне жарасымды істер бар, өресіне түсінбегендер өзгеге өрескел көрініп, келеке болып қалуы мүмкін, әркімнің жұрт ішінде орнын таба білуі ибаға, жөнге жататын іс деп біледі. Жүйрік ат, алғыр құс, ер жігіт, сұлу қызға не лайық екенін сөз етеді.

Садағын сала байланса,
Астана жұртын айланса
Бес қаруын белге ұрса
Қарындас үшін қан жұтса²²¹, –

деп көп үшін өзін құрбан ете білсе, халық үшін қайрат көрсетсе, батыр елін қорғай білсе, мерген жаза баспайтын атқыш болса, қыз сұлу ат жүйрік, құс алғыр, жігіт сәнді болса – осылардың бәрі елдің көркін келтіреді дегенді айтады.

Өтірік, ұрлық
Үкімет, зорлық,
Құрысын! Көзің ашылсын,
Ұятың, арың оянсын²²², –

деген Абай сөздері Мұратқа да сыйымды сөздер. Мұрат өкіметтен зорлықтан, қорлықтан құтылып, халықтың көзі ашылуын, ұят, ардың оянуын, еркіндікке арам қолын салғандардың құруын тіледі, әлеумет мұңына ортақ болғандарды көргісі келеді.

«Намысқорлық, әділдік, батырлық қолдан келмей жүр, құны кеміп машықтанған адамдар арасына азғындық кіріп, бір-бірін шеттетіп, бір адам бос қиялға салынып, бір адам зиянға бастап, күншілдік көбейді, көп атада азған бар, балықтай басы сасыған біз бәйтерекке асылып, жан қармап шырылдаған бір «бозторғай» болғанымыз ба? Елдікті ойлап, әрекет жасау қайда?» – деп те толғанады. Мұрат әмірін жүргізген әкімдер, шен-шекпенге сатылған сұрқиялар, басын күйттеп елді сатқандардан үміт күтпе, деген ойларын айтады. Мұраттың мұндай ойларын «Әттең бір қапы дүние-ай!», «Үш қиян», «Қалмақтың қарғысы», «Қазтуған», «Сарыарқа» сияқты шығармаларынан мол сезуге болады. Мұрат патшадан, ханнан, сым-

²²¹ Мұрат шығармалары. Қазақ ССР ҒА, ТӘИ, п. 8. 96-б.

²²² Құнанбаев Абай (*Ибраһим*). Шығармаларының толық жинағы. – Алматы, 1948. 72-б.

пыстардан, жез түймелерден, жебір билерден жиренді.

Ерлігі бір қазақтың Махамбеттей

Мұны да аңсыз жерде жазымдады,

Қуалап Исатайды өлтірген соң,

Таршылық біздің басқа қабындады²²³, –

деп халық үшін патшаға, ханға қарсы шыққан Исатай мен Махамбетті жоқтады, егіле сөйлеп ерлікті, бостандықты, әділдікті аңсады.

²²³ Мұрат шығармалары. Қазақ ССР ҒА ТӘИ архивы, п. 8. 86-б.

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ

XIX ғасырдың екінші жартысы XX ғасырдың басындағы қазақ ақындары ішінен Абай айрықша орынға ие болған ақын. Абай қазақ поэзиясының өсіп, гүлденіп, жаңа сапаға жетуі жөнінде орасан еңбек етті. Абай тұлғасы – ойқастап оқшау тұрған ұлы тұлға. Өткенді, қазіргіні, болашақты барлай Абай жазған шығармалар қазақ халқының көркем әдебиетінен айрықша орын алады. Абай терең ойға толы алуан өлеңдер үлгісін қалдырды.

Абайдың әлеуметтік ісін жоғары бағалап, оның халық қамқоры ақын екенін түсіндіргендер өткен ғасырда да болған. Ақынның аузынан шыққан сөздер қолжазбадай, кітаптай, ауыздай, әндей Қазақстанның байтақ жерінің түкпір-түкпіріне, алуан шалғайына, қиырына тарады, ел оны арманымызды айтқан ақын деп білді, бір сөзін мыңға балап оқыды. Абай – ақыл үйреткен, мұнымызды білдірген, ойымызды жеткізген, дұшпанымызды әшкерелеп, «құйрығы – шаян, беті – адамдардың» бет пердесін жыртқан, жуандардың зұлымдығын көрсеткен, дұрыс жолға бастап, сәулелі өмірге жөн сілтеген, жұрт қамын ойлаған жанашырымыз, қайраткеріміз деп түсінді. «Абай айтыпты» десіп ақынның жазғандарын зор ықыласпен оқитындар көбейе түседі.

Алайда Абай шығармаларын жан-жақты зерттеп, ақынның еңбегіне терең түсіну ісі совет дәуірінде басталды. Әсіресе Октябрь революциясынан кейін қазақ халқы әлеуметтік іс, өнер, білімге жұмыла берілді. Дұрыс бағаланбай келген асыл мұралар, озық ойлы адамдар тарихтан сыйлы орын алды, әділетсіздік шаңы басқан қымбатты қазыналардың беті ашылды, ғасырлар бойы жарыққа шыға алмай булыққан халықтың рухани күші кең тыныс алып үдей түсті, еркіндік алу елдің еңсесін көтерді, халықтың өткен-кеткеніне назар салу ісімен бірге, Абай шығармаларының маңызына түсіну үшін керекті ынта артты.

Абай – бір дәуірдегі қазақ халқы рухани байлығының зор қазынасы. Сондықтан да қазақ халқының бір кездегі арманы, өмірі, мәдениеті, көркем әдебиетін түсіну жөнінде Абай туралы керекті түсінік болудың мәні зор. Ұлы Абайдың айрықша өзгешелігінің бірі – ол, әсіресе, қазақ халқының неше алуан рухани байлығын бойына мол сіңіріп, сол байлықтың керектісін ақындық ісіне арқау ете білді.

Абай өз мақсатын, ел арманын ойын зор ақындықпен әсерлі көркем тілмен түсіндірді. «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деп халық игілігіне барлық саналы өмірін жұмсады. «Мыңмен жалғыз» алысты.

Абай шығармалары жиі-жиі басылып келді. Ақын туралы пікір айтушылар, сын, әдеби зерттеулер жазғандар саны өсуде, Абай шығармаларын әдебиет зерттеушілері ғана емес, ғылымның, өнердің басқа саласында еңбектенгендер де зерттеуде: Ә.Тәжібаев, Х.Бекхожин (ақындар), Т.Тәжібаев (психолог), М.Ақынжанов, Т.Шойынбаев (тарихшылар), К.Бейсенбаев (философ). Абай айтқандарының толық түсіну ісі заманымыздың сан зерттеушілері назарын аударумен бірге, келешекте қазақ мәдениеті, өмірі, әдебиетін зерттегенде, Абай шығармаларының терең сыйы айқындала түспек.

Абай туралы С.Мұқанов, Ә.Марғұлан, Б.Шалабаев, М.Қаратаев, А.Нұрқатов айтқандарын бағалай білу қажет, ақынның жарқын бейнесін жұртқа жөндеп көрсетпей, көлеңкелеген зерттеуші, сыншылар да болды. Абайды қазіргі өреде түсіну ісі оңайға түспеген. Кей сындардың шалағайлығын шамалаған да жөн.

Абай қазақ халқынан шыққан өзге ақындардың қай-қайсысынан болсын көп зерттеліп келеді. Ол туралы айтылған алуан-алуан ойлар кейде бір-біріне қайшы. Абай мәселесі жан-жақты тексеріліп, ғылыми өреге жеткен түрде түгел шешілген деу қиын, даулы, таласты пікірлер бар, талай-талай күрделі зерттеулер керек. Айтылып жүрген ойлардың керектігін дұрыс қорытып, жүйеге келтіріп, кейіннен табылған материалдардың ғылыми шешу табуы қажет. 1959 жылдары архивтерден табылған тың материалдардың бірі – Абайдың өзіне тән дерлік үлкен көлемді бір шығарма, екіншісі – «Қозы Көрпеш–Баян сұлудың» бір нұсқасы, үшіншісі – Абайдың тікелей қатысуымен жазылып, заманында кітап болып шыққан, сол кездегі қазақ тұрмысына арналып жазылған түрлі ережелер.

1909 жылдан 1918 жылға дейін, одан бері Абай туралы 1930 жылдары жазылған мақалалардың әлдеқандай әдебиеттік историографиялық, библиографиялық, мағлұматтық мәні болғанмен, ғылымдық сапасы төмен жатқаны байқалады. Абайдың ақындығы туралы жазылғандардың ғылымдық құны арта бастап, Абайды дұрыс зерттеу жолға қойыла бастаған бір шағын 40-жылдардан былай айқынырақ аңғарасыз. Әрине, Абайды бірден біліп, оның әлеуметтік, ақындық еңбегін көрсету ісі бір ұрпақтың айтқандарымен аяқталмақ емес. Абайды сырттай түсіну бар да, ғылыми түрде зерттеп, терең түсіну бар. Әйтеуір түрлі ниет білдіру бар да, өре жетпей өкінішті

ой айту бар. Абайдың ақындығын социологиялық көп сөзге көміп, дәлелсіз жорамалдар жасап, оны жат етіп көрсеткендер болды. Ақын творчествосының тарихтық, идеялық, көркемдік маңызына түсінбеген бірбеткей шалағай сын үлгісін Ғ.Тоғжанов айтқандарынан көреміз.

Ғ.Тоғжанов Абайды байшыл, ұлтшыл, алпауыт демейсің деп С.Мұқанов пен І.Жансүгіровты сөгеді. «Ілияс Абайдың ұлтшыл еместігін дәлелдеймін деп бірсыпыра шатақ сөздерге килігеді, үлкен-үлкен, саяси қателер жасайды»²²⁴, – дейді.

Абай туралы ойын айтқан М.Әуезовті сынап: «Оның Абайға берген бағасы марксшыл сынына қабыспайды.. Мұхтар Абайды байшылдар көзімен көреді... Қолданған әдісі идеалистердің әдісі»²²⁵, – дейді. Ғ.Тоғжанов фактыға сүйеніп дұрыс қорытынды жасаудан гөрі, жорамалын ұсына береді, ойы бір бөлек, факты бір бөлек жүреді, деректерді сұрыптап әділ ойға жол беру ескерілмейді, артық тенденция мен жалған қиялдың ыңғайына ереді. Абайдың реализмі туралы, дәлелсіз, дәрменсіз ойын былай баяндайды: «Абайдың шындығы, реализмі бай шындығы, бай екендігінде еді. Абай қанша реалист болып шындықты айтам десе де, оның шындығы қанаты қысқа, өзі тар бай шындығы еді».

Ғ.Тоғжановтың Абай туралы жазған кітабында басшылыққа алған негізгі ойы – қандай ақын болсын заманның, шыққан ортасының «құлы», туған әкесінің «ұлы». Әр адам өз ортасы мен табына бақи шегеленген. Өйтпеске олардың лажы да жоқ. Кім ескі өмірде туса, сол өмірдің жаршысы. Бір өмірден екінші өмірдің нышаны сезіліп, демократиялық ой туып, ортасының тілегінен асып, соның шеңберінде ғана қалып қоймайтын, озық ойлы адамдар, ақындар болады деуге оның аузы бармайды. Ескі тұрмыстың өзінен жаңа тенденция көрініп, болашақ жарқын өмірдің жасыл жапырағы, гүлі байқалуы өмір заңына тән табиғи нәрсе екені ескертілмейді. Абай Құнанбайдың баласы болғандықтан, ол ескі өмір аясынан аса алмақ емес, жарқын өмірге қол созып, демократиялық идеяға келіп, оның адал арманды, бұқарашыл ақын болуына жол жоқ. Өйткені Ғ.Тоғжановтың ойынша, Абай – ортасының «құлы» Құнанбайдың ұлы. Сондықтан автор: «Абай Құнанбайдан да озды. Құнанбай көбінесе аталығына, жұдырығына, ежелдегі байлық мықтылығына сенсе, Абай бұлардың үстіне законшілдігін, білімділігін қосты»²²⁶, – дейді.

²²⁴ *Тоғжанұлы Ғ.* Абай. – Алматы, 1935. 67-б.

²²⁵ Сонда, 31-б.

²²⁶ Сонда, 37-б.

Ғ.Тоғжанов Абай ақындық дәуір өткізген XIX ғасырдың аяқ кезін, қазақ экономикасын, ру жігін айрықша сөз етеді. Өйткені Абайды түсіну үшін алдымен осы мәселелердің басын ашып алу керек деп біледі, оларды жете білмегендіктен талай авторлар Абайдың кім екенін білмей қор деп түсінеді. «Ру тұрмысы қандай тұрмыс?» деген сұраққа жауап іздейді. «Шала білімнің арқасында, кейде өз мәдениеті жоғары елдерге әлдеқашан анықталған, екiнiң бiрi бiлетiн, әлiп-бi болған мәселелер бiзде даулы мәселе болып таласқа түсiп жатады»²²⁷, – деп бiлгiрiсiп қынжылады. Оның ойынша, Абай поэзиясының әлеуметтiк сырын, Абайдың ақындық үлгiсiн, шеберлiгiн Абайдан бұрынғы әдебиет үлгiлерiн бiлудi ұқыптамай-ақ, Абайдың батыс, шығыс мәдениетi, әдебиетiнен алған үлгi-өнегесi дәрежесiн түсiнбей-ақ, Абай ақындығының қазақ халқының фольклорына деген қарым-қатысын аңғармай-ақ, Абай аудармаларының маңызын ескермей-ақ, тек «ру тұрмысы қандай тұрмыс?» екенiне, қазақ экономикасынан хабардар болудың өзiнен ғана, Абайдың кiм екенiн анықтап беруге болады. Абайдың өмiрiн сөз еткен Ғ.Тоғжанов ақынның ауқатты ортадан шыққандығына тiксiне қарайды. «Кеңгiрбай, Құнанбай аталы феодал болса, Құнанбай да сондай болды»²²⁸. Абай солардың сыңары деп бiледi. Ата тегiнде жуандық болған Абай Құнанбайға ұқсап баққан. «Абайдың ұяда көргенi Құнанбай болды. Абайды бала жасынан Құнанбай қасына алды, жанына ертiп жүрiп, өз үлгiсiн бердi. Баланы жасынан арамдыққа, зорлыққа, қулыққа баулыды. Абай ұяда ненi көрсе, ұшқанда соны iлдi»²²⁹, – дейдi. Абайдың жуандар, әдiлетсiз әкiмдер, пысықтар iсiнен жиренiп, жұрттың қамын ойлаған, қалың бұқараның, момындардың мұңын айтқан, надандыққа қарсы шыққан, ағартушылықты қостаған, зор арманның, жарқын ойдың ақыны екенiн көрмейдi. Оның сыны Абай шығармаларының көркемдiгiн, реализмiн көру жақтарынан ойсырап жатады. Ол Абай шығармаларын байымдап оларға түсiнiп, ой бiлдiрудi бiлмейдi. Тұрпайы түсiнiгiн қайталап меңзейдi. Автордың түсiнiгiне қарағанда, Абай Құнанбайдың баласы болғандықтан оның жарқын ойдың иесi болуына еш мүмкiндiк жоқ, сондықтан Абайдың гуманистiк ойларына көз жұмады. Халық сүйген ақынды сүйкiмсiз етiп көрсетпек.

Ғ.Тоғжановтың Шоқан, Ыбырай Алтынсаринге берген бағасы да, Абайға берген бағасынан айыра танығысыз: «XIX ғасырдағы қазақ ара-

²²⁷ Тоғжанұлы Ғ. Абай. – Алматы, 1935. 10-б.

²²⁸ Сонда, 35-б.

²²⁹ Сонда, 36-б.

сынан шыққан Шоқан Уәлиханұлы, Ыбырай Алтынсарин ұлдары да, қазақ байының алдыңғы қатарлы көзі ашық адамдары еді»²³⁰, – дейді.

Абай туралы ойын ортаға салған зерттеушілердің бірі – Қажым Жұмалиев. «Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі» деген еңбегінде түрлі ойларын айтады. Абайдың шет сөздерге үйірсектік білдірмей, араб, парсы сөздерін орынсыз қолданудан сақтанып, қазақ тілінің сынын бұзбау жөніндегі еңбегін бағалап, «тілдің тазалығы үшін күрес, – шет тілдерден мүлде сөз алмау емес, керексіз сөзді алмау. Өз тілін орынсыз шұбарлауға қарсы күрес. Абай оны дұрыс ұға да, түсіне де білді»²³¹, – дейді Қ.Жұмалиев Абайдың әлеуметтік, ақындық еңбегі, халық арасына жүргізген адал үгіті, оның жұрт қамын ойлаған озық ойлы адам екені туралы айтылып келген ойларды қорыта сұрыптай білген.

Қ.Жұмалиевтің Абай туралы еңбегінің нұқсанды жақтарын ескерткен С.Мұқанов: «Хажым бірнеше мәселелерді марксизм-ленинизм тұрғысынан толық шешіп бере алған жоқ. Біріншіден, әрбір көркем шығарма тап тартысының құралы болса, осы мәселе кітаптың өн бойында тегіс айқын көрініп отырмады. Кейде асыра бағалаушылық болды»²³², – дейді.

Қ.Жұмалиев: «Абай бұл өлеңдерді өзінің замандасы Лермонтовтан аударған»²³³, – дейді. 1814 жылы туып, 1841 жылы қайтыс болған Лермонтовтың 1845 жылы туып 1904 жылы дүние салған Абайдың «Жігіттер ойын арзан күлкі қымбат», не 1890-шы жылдары «Дала уалаятының» газетінде жарияланған «Жаз» тағы бірер өлеңдері болмаса, өз шығармалары тек 1909 жылы ғана баспа бетін көрген. Лермонтов реформадан бұрын 1830–40 жылдары ақындық дәуір өткізсе, Абай реформадан кейін 1880–1904 жылдары ақындық өнер көрсетті. Сонда қай жөнде Абайды Лермонтовтың замандасы демек. Бұл жөнде Қ.Жұмалиев «ләм-мим» демейді.

Қ.Жұмалиев литотамен әсірелеудің, әдебиеттік түр, тәсіл ретінде реалистік әдебиеттен орын алуы мүмкіншілігіне күмәнданады. Әрбір әсірелеу, әрбір литота – шындықты жай қалпынан не өте асырып, не өте кемітіп айту деген сөз. Демек, өмірді шын өз қалпында «бұлжытпай» суреттеу әдісіне әсірелеу дәл келмейді²³⁴.

²³⁰ Тоғжанұлы Ф. Абай. – Алматы, 1935. 50-б.

²³¹ Жұмалиев Қ. Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясы тілі. – Алматы, 1948. 33- б.

²³² Сонда, 4-б.

²³³ Сонда, 4-б.

²³⁴ Сонда, 152-б.

Өмір құбылыстарын көркемдік жүйеге, шындыққа сәйкестендіру тек көргенді өз қалпында тізе беру ме? Шын реализм, көркем әдебиет осы ма? Өмір ісіне не көтеріңкі, не шаттық, не өкінішті, не бәсең, не кеміте сезім білдірудің айыбы неде? Әсірелеу қолдану реалистік түрде көрсетуді жактаған адам, әсірелеумен бірге теңеу метафораны да жатсынбақ, өйткені бұлардан әсірелеу сезілмей ме? Басқа реалист ақындардың не реалист Абайдың «Құйрығы шаян, беті адам», «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалан» деген метафорасында әсірелей ой білдіру жоқ па? Ендеше мәселенің негізі сол литота, әсірелеу, метафораны өгейсітуде емес, оларды қай ақынның қай өреде орынды, орынсыз қолданып, ақындық шеберлігін көрсете алған дәрежесінде емес пе? Мұндай мәселе қойылған жерде, әсірелеу, теңеу, метафораның көркемдік идеялық мәнін ескерткен де жөн емес пе?

Абай реализмін түсіндірмек болған Қ.Жұмалиев бұл жөнінде ұшқары сөздер айтқан. Метафора, әсірелеулердің ақынның дүниетануына байланысты келетінін аңғарған да жөн.

Абайдың:

Сен де бір кірпіш дүниеге,

Кетігін тап та бар қалан, –

деген метафорасының себепсіз тумай, бұдан Абай ақындығын аңғарумен қатар, оның ғылым-білімге, ағартушылыққа үгіттеген, халықты жарқын өмірге бастамақ болған адал арманына байланысты келгенін көруге болмай ма? Абай шығармаларынан эпитет, метафора, аллегория түрлерін тауып қана қоймай, олардың Абай творчествосындағы идеялық, көркемдік, тарихтық маңызын түсіндіру ісіне назар аудару жөн емес пе?

Абай туралы жазған Ахметов Зәкидің «Лермонтов и Абай» атты еңбегінде ақынның Лермонтовтан аударған шығармаларының көркемдік идеялық ерекшеліктері, екі ақынның өзара творчестволық қарым-қатынасы сөз болады. Автор нақтылы деректерге сүйеніп, нәзік талғаулар жасайды, фактілер көтермейтін қиялға бармай, орынды, нанымды топшылаулар береді, осыған орай еңбектің ғылымдық сапасы арта түскен, көзге түсетін бір нәрсе – автор Абай, Лермонтов шығармаларын мұқият зерттеп, салыстырулар жасап, фактілерден шығуы мүмкін қорытындыларға шақтап ой айтқан, артық тенденция, жорамалдарға жол беруден сақтанған, Абайдың Лермонтовтан аударған шығармаларының көптеген сырын ашқан, ақынның Лермонтовтан алған үлгі, өнегесі, мәні түсіндірілген. Бұрын Абай өлеңі деп жүрген шығармалардың Лермонтовтан аударылғанын дәлелдеген («Құлақтан кіріп бойды алар», «Ал, сенейін, сенейін» т.т.).

Абайдың ақындық өнерінің бір тамыры Лермонтов творчествосында жатқаны, оның орыс мәдениетін қадірлегені, сол халықтың озық ойлы адамдарынан нәр ала білгені, сөйтіп шеберлігін шыңдай түскендігі көрсетіледі.

«Знакомство Абая с идеями русских революционных демократов и классиков литературы явилось мощным фактором, определяющим дальнейшее его идейное развитие»²³⁵, – деп Ахметов Зәки орынды айтады. Лермонтовтың тар өмірдің құрсауынан құтылуды арман еткен ақын болғаны мәлім. Өз заманында сұр өмірге тап болған Абай, бір кезде өзіндей өкінішті өмір көрген, түсінігі, сезімі, мұңы ұқсас келген Лермонтовтан өзіне керекті ақындық нәр іздеуі мүмкін еді, екі ақынның өздеріне тән тарихтық, идеялық, ақындық ерекшеліктерін де түсіне білу, Абай 1880–1904 жылдары қазақ жағдайында ақындық көрсетті.

Абайдың ойына, сезіміне, әлеуметтік мақсатына керекті ақындық қуатты Лермонтов шығармаларынан аз таппағаны, оның кейде Лермонтовты еркін аударып, одан пайдаланған мотив, сарынды өзінше жаңғырта айтатыны, реалистік түсінігінің тереңдей түсуіне Пушкин шығармаларының нәр бергені дұрыс түсіндіріледі. Абайдың Лермонтовтан аударған шығармаларының әлеуметтік көркемдік зор мәні ескеріледі. Абайдың оригинал сөзіне, ойына аса ұқыптылық білдіріп, көркемдігін бір де кемітпей, қазақ тілінде оқушысына шебер жеткізе білетіндігін де дұрыс дәлелдеген Зәки Ахметов: «Горные вершины» переведены полностью. Перевод этот («Қараңғы түнде тау қалғып») является одним из самых замечательных созданий Абая. Казахское произведение поистине достойно русского образца»²³⁶, – дейді.

Абайдың дін уәкілдерін сынап:
Кітапты молда теріс оқыр,
Дағарадай боп сәлдесі.
Мал құмар көңілі бек соқыр,
Бүркіттен кем бе жем жесі?²³⁷ –

деген сөздерінің замандық, идеялық, көркемдік өзгешелігін, сарынын Лермонтовтың дін уәкілі монахты сынап «Исповедьте» айтқан:

Я верю, обещаю верить,
Хоть сам того не испытал,

²³⁵ Ахметов З. Лермонтов и Абай. – Алма-Ата, 1954. 12-б.

²³⁶ Сонда, 41-б.

²³⁷ Сонда, 40-б.

Что мог монах не лицемерить
И жить, как клятвой обещал²³⁸, –

деген сөздерінен ғана аңғару, осы шығарманың сәулесі Абайдың аталған шығармасына түскен бе деу дау туғызады. Лермонтовтың дін уәкілі монахты көруімен Абайдың дін уәкілі молданы көруінен екі ақынның бір-біріне үндес келуінен көрі, олардың өз өзгешеліктері айқынырақ сезіледі. Олардың тек дін уәкілдерін көргендіктен бірінің шығармасы екіншісінің шығармасына ұқсаған деу жеткілікті дәлел ме?

Абайдың мұндай шығарманы «Исповедьті» аудармай-ақ өз бетімен жазуы мүмкін емес пе? Дін уәкілдерін өздерінше Абайдан бұрын Бұқар, Дулат та сынаған. Бұл шығарманың заман талабына сай, тек Абай ақындығынан ғана туғандығын көру артық па? Бұл тектес үндестік ақындар арасында бола беретін жалпы үндестік. З.Ахметовтың «Перевод», «Исповедь», «Проливает между прочим, дополнительный свет, на отношение поэта к ревнивым хранителям учения ислама»²³⁹, – деген сөздерінің түп төркіні Абайдың өзгеден басқаша ақындығын байқаудан көрі, өзге ақынмен үндестігін көбірек ескергендікті аңғартады. Мұндай үндестікті көбейту Абайдың өз өзгешелігін аңғарту үшін, оның басқа ақыннан айырмасын байымдау үшін, Абай тұлғасын айқынырақ көру үшін нәтижелі болмауы мүмкін.

М.С.Сильченко Абайдың 1885 жылы Сарыарқа қазақтары арасында ашылған «Қарамола съезі» кезінде, түрлі ережелер шығару жұмысына қатысқандығы туралы, ауыздай айтылып келген мағлұматтарды еске түсіреді. «К сожалению, до нас не сохранился полный текст «ереже»²⁴⁰, – дейді. М.С.Сильченко сөз еткен ережелердің толық тексі 1886 жылы Қазанда кітапша болып шыққан болатын. Кітапша Абайдың жұрт мәселесімен қалай шұғылданғандығы жайында құнды мағлұматтар береді. Мұнымен қатар еске алынатын бір жай: ережелерді, бұл заң-жобаны жасау, қабылдау ісіне Абайдан басқа да адамдардың, Қарқаралы, Зайсан, Павлодар дуандарының билері қатысқан көрінеді. Семей уезінен қатысқан: «Құрметті қазақтары Ибраһим Құнанбайұлы, Құдайберген Тастенбекұлы. Семиполат облысының бес дуанының, барша халқының сайланмыш адамдарының 1885 жылында, май айында, Шар бойында Қарамола съезінде жасалмыш ережелер дүр... үшбу 74 бапты ережені біздер

²³⁸ Ахметов З. Лермонтов и Абай. – Алма-Ата, 1954. 19-б.

²³⁹ Сильченко М.С. Абай. – Алма-Ата, 1948. 130-б.

²⁴⁰ Сонда, 12-б.

жасадық, қазақ рәсімінше, таза көңіліміз һәм ғаделетіміз илен, уа һәм раслығына иландырамыз» делінген.

Ережелердің 21-бабында: «Һәр күмән волосной молданың хұзырында істес керек, молданың қаралығы, зұлымдығы болса, жұрт тексереді»; 22-бапта: «Жалған күмән еткен кісіге ғайып салынады»; 28-бапта: «Барымташыға һәм ұрыға өлсе құн жоқ»; 35-бапта: «Суға кетіп бара жатқандарға, өрт уақытында көмек етпегендерге бас тоғыз бірден ғайыпталадур»; 40-бапта «Ұрлыққа жиһат еткен адамдар, ұры бірлен бірдей жаза тартады»; 47-бапта: «Байы өлген жесір қатын сүйсе, байының бір туысқан бауырына, яки ағайынына тиеді, егер де сүймесе, ықтияры өзінде» – делінген.

Абайдың шығармаларын мұқият зерттеп мағыналы ойларға мензейтін күрделі еңбек жазудың бір үлгісі М. О. Әуезовтің Абай туралы жазғандарынан көреміз. 1959 жылы жарияланған «Әр жылдар ойлары» деген кітаптың Абайға арналған бөлімінде – ақынның өмірі, ортасы, заманы, қазақ әдебиетіне қосқан үлесі, әлеуметтік жарқын идеясы, тұрмыс құбылысына толғана қарап, қырағылықпен бостандыққа ұмтылғаны, ақын шығармалары заманының айғағы, қазақ өмірінің айнасы екендігі көрсетіледі. Топ-топ топшылаулар, нәзік талдаулар беру арқылы Абай творчествосының әлеуметтік, көркемдік сыры ашылады. Ақынның заманына байланысты ерекшеліктері түсіндіріледі.

Ақша беріп жалғасқан,
Ақысын әрең сол алды.
Орыс сияз қылдырса,
Болыс елін қармайды
Қу старшин аш билер
Аз жүрегін жалғайды²⁴¹, –

деген Абай сөздерінің тәртіп қара жүректерін әшкерелеген терең мағынасын, бұл сөздердің адал арманды Абайға лайық сөздер екені айтылады.

Абайдың өмірі айрықша сөз болады. Автор жеке-жеке шашырап жүрген фактілер, деректерді, халық аузындағы мағлұматтарды тәртіпке, ғылыми жүйеге келтіріп, ақынның өмірбаянын қалай жазудың арнасын белгілейді. Әрине, М.Әуезов айтқандарымен Абайдың өмір баянын жазу ісі аяқталмақ емес, мұны автордың өзі де ескертеді: «Абайдың өмір баянын зерттеп, толықтырып жазу жұмысы жетер өресіне жетіп, аяқталған жоқ. Бірақ бұл күнге дейін ақын шығармаларының әрбір толық баспасының тұсында сол өмір баянына кіретін тың дерек, жаңалықтар қосыла түсіп, өсіп келеді»²⁴², – дейді.

²⁴¹ Әуезов М. Әр жылдар ойлары. – Алматы, 1959. 10-б.

²⁴² Сонда, 32-б.

Абай өз халқы даналығынан, батыс, шығыс әдебиеті, озық ойлы адамдарынан үлгі алды. Өз тәжірибесіне, терең парасатына сүйеніп, мағыналы ойлар айтты, естігенінен, оқығанынан керектісін сұрыптай білді, елдің адал ұлы болу ісіне ерте ойысты, жуандарды, пысықтарды көрді, сынады, өмірін бұқараның адал арманына арнады. Өлең жайын баяндаған жырында Абай Шортанбайды, Дулатты, Бұқар жырауды ауызға алса, солардың сөзін бала күнінен естіп, танып жаттап өскенін сезуге болады. Әрине, осындай ақындық мұралармен қатар мысал, мақал, аңыз, дастан, айтыс сияқты сан қазынаны әжеден, анандан, қонақ-жолаушылардан көп есітеді. Ол әңгімелердің, жырлардың көбіндегі ел зары, ел сыны, жуан әкімдер зорлығы, қыздың мұңы сияқтыны да көп естіп өседі. Осындай мұраларды есту Абайды қатал, суық билер ортасында қалдырмай, халық мұрасына жақын етіп жүреді. Билер, әкімшілер ортасын ел көзімен көріп, қиянаттарын танып, қатты сынап жиреніп өсуге бейімделе жүреді.

Абай, әрине, фольклорлық нұсқалар не батыс, шығыс ақындары мен Бұқар, Дулат, Шортанбай айтқандарына төте келмеген. Бірақ Абайдың бұрын-соң айтылғандардан тіксіне бермей, өз ақындығына арқау етерлік нәр іздей білген, таба білген бір ерекшелігін көрмеу де жөн емес. Абай қатал сынаған ұлықтар, пысықтар, байлар, жуандардың істерін көру, «қайырсыз байды мінеу, жаз жатақта ауыр өмір өткізген кедейлерге жақсылық тілеу Бұқар, Дулат, Шортанбай шығармаларында жоқ еді дей алмаймыз. Елді езгендерді сынау тек Абайдан ғана басталды деген сияқты бірбеткей қорытынды жасау үшін, Абай поэзиясының одан бұрынғы қазақ ақындары поэзиясымен кейде тамырлас келгендігінің бір белгісін аңғару үшін, Абайды тереңірек түсіну үшін одан бұрынғы ақындар айтқандарынан хабарсыз болмау жөн.

Елді тұс-тұсынан шарлап, оның өміріне, өркендеуіне кесірін тигізгендер, атақ іздеп көздері қарауытқандар тобын сынап:

Жалаңқая жат мінез жау алады,
 Бермей жүрсен, мен сені жек көрем деп
 Жүз қараға екі жүз аларман бар,
 Бас қатар бас-аяғын тексерем²⁴³, –

деп айтқан Абай сөздерінің әлеуметтік мәні, «бас-басына би болған өңкей қикымдарды», ызалы уытты сөздермен сынағаны, Абай ақындығының шыңдала түскені, оның алдына зор мақсат қойғаны, ағартушылық ісін Шоқан, Алтынсарин идеясымен ұштастыра білгенін ескеруі керек. Абай:

²⁴³ Әуезов М. Әр жылдар ойлары. – Алматы, 1959. 37-б.

Болды да партия,
Ел іші жарылды.
Әуремін мен тья
Дауың мен шарыңды²⁴⁴, –

дейді. Әрине, оның партия құмарлардың талайын ауыздықтай білетінін өзгелер аңғартса керек. Абайдың шығармалары заманының нақтылы, керекті мәселелеріне арналды, оның ел үшін еңбегін сарп еткенін көреміз. Ол өмірді сырттай сезіп, өз басы қақас жүрген, ойын батыл айтудан тайқақтаған ақынға ұқсамайды, оның сөзі өршіл, өтімді, әсерлі.

Шығыс ақындарына еліктеп өлеңдер жазған жас Абай, ақындық өре көрсету дәрежесін әлсіретіп, ол кей өлеңдерінде араб, парсы сөздерін орынсыз қолданды, тілін шұбарлады. Кейін ақындығын таныған Абай мұндай өлеңдер жазудан бас тартты. Бірақ бұдан бұрын Абай шығыс поэзиясынан рухтану, шығыстық сюжет мотивтерге оралу ісін мүлде тоқтатқан еді дей алмаймыз. Абай ақындығына батыстан, не шығыстан келген үлес көп пе деп өлшеп жорамал жасаудың қажеті қанша?

Алды-артын шолып, өмір құбылыстарына үніле қарап, ақындық міндетін аңғарған шағында да Абай шығыс поэзиясынан қол үзбеген. Оның көптеген шығармаларынан, арманды, шерлі, мұңды сөздерінен «Қор болды жаным», «Көзімнің қарасы» сияқты шығармаларынан Татьянаға айтқызыған (Пушкинде жоқ).

Көрісуге шыдамаспыз,
Айрылалық сол үшін, –

деген сөздерінен Абайдың шығыстық мотивтен безбегендігі көрінеді. Бірақ Абайдың бұл тектес шығармаларына шығыстық сарын, мотив, бұрынғыша сырттай келмей, Абай ақындығының көрігінен өтіп, кірігіп, бір мән-мағына алып барып, қалыпқа түседі. Ондай шығармалар Абайдың шығыс ақындығын игере білген, сюжет, мотив, тақырыпты өз ақындығына бейімдей сұрыптаған кезін аңғартады. Болмаса Абай батыс поэзиясы мен шығыс поэзиясы арасына шек қойып, бірінен аз, бірінен көп пайдаланайыншы деген. Абайдың шығыстық сюжет, мотивтерден қол үзбегенін «Әзім», «Масғұт», «Ескендірден» де көресіз.

Абай шығармаларында өмірдің нұксанды жақтарын көлеңкелеп, жаманын жасырып жатпаған, шындықтың бетін боямаған, бүркемеген, өмірге деген өз шешімін, кесімін айта отырған. «Чернышевскийдің

²⁴⁴ Әуезов М. Әр жылдар ойлары. – Алматы, 1959. 57-б.

ойы бойынша, ақын өмір шындығына түсінік беріп, шенеу айтып қана қоймауы керек, ол өмірдің бар мініне өкім де шығару керек, Абай өз ақындығын қоғамдық тартыстың актісі деп түсінгенде, ол Чернышевскийдің нұсқаған тұрғысынан барып шығады»²⁴⁵.

Абайдың 1884 жылдары жазған «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» деген шығармасына берілген талдаулардың кей жері даулы. Бұл шығарманың реалистік, эстетикалық аясын тарылтып, онда эстеттік тамашалау басым, ащы сөз қолдану, портрет беру ғана бар, «Әсем сұлудан сырт көркімен қатар сезімін, ақыл-мінезін, адамдық ішкі дүниесін беруді ақын ескермейді, «Әлі әлеуметтік шындықты, халық басындағы ауыртпалықты сыншылдықпен жырлайтын қоғам қайраткері Абай бұл»²⁴⁶ өлеңде көрінбейді деу, дәл осы шығарманың көркемдік, реалистік, моральдық ерекшелігін ашып бермейді. «Дәл осы өлеңнің тұсында, Абай әйел жынысына қазақы көзбен, әсіресе бойжеткен қызға феодалдық орта қарайтын көзбен қарағандай болады»²⁴⁷ деген қорытынды да күдік келтіреді. Рас, Абай шығармасының алдыңғы бөлімінде заманы туғызған кей сұлулардың әлдеқандай жарастықты портретін береді. Сонымен қатар ол сол сұлулардың ақыл-мінезі, ішкі дүниесіне байланысты істері, әдеті ескерілмейді емес, ескеріледі. Және Абай ащы сөз қолданып отырған сұлулар – сұлу атаулының бәрі емес, күрделі іске икемі аз, сырты келіссе де, ішкі, мінезі келіспеген, шаруа бақпаған, білім алып үйренбеген, құр үлбіреген, тек бой түзеуден өресі аспаған, шала-пұла байшікештер ішінен шыққан, адамшылығын өсіруге ортасы бөгет болған, жөнді тәрбие алмай, өмірі өксіген, кейбірі «бұртақтаған», кейбірі «бетім барда жүзіне кім шығар-ды» місе еткен сұлулар шығар.

Шығарманың сұлулар портретін беруге арналған бөлімі мен ащы сөз қолданған бөлімі арасына жік түсіп, жымдаспай тұр және екі тақырып аңғарылады, сұлудың «ақ саусағы іске ыңғайлы екені сияқты елеулі жақтары аз айтылады», «ақша жүз, алқызыл бет» арудың «тыртақтаған» жан болып шығуы қалай? Шығарманың алдында айтылған сөздерге, кейінгі сөздер онша үйлеспей, өлеңнің эстетикалық тұтастығы әлсіреген, әлеуметтік мәні кеміген деу де даулы. «Қақтаған ақ күмістей» де ауызға ілінген сұлулар, Абай заманында, қазақ өмірінде болмаған, бұл шығармада шындық көрінбейді дерсіз бе? Ал Абай көргенін, шынды кейбір сұлулардың жат мінезін

²⁴⁵ Әуезов М. Әр жылдар ойлары. – Алматы, 1959. 132-б.

²⁴⁶ Сонда, 85-б.

²⁴⁷ Сонда.

көрсө, ащы сөз қолданса, одан барып Абай шығармасының көркемдік реалистік құны кеміп кетпек пе?

* * *

Абайдың өзінен бұрынғы және оған тұстас қазақ ақындарымен қарым-қатынасы, оның батыс, шығыс әдебиетін игеруі, қазақ фольклоры қазынасынан қалай пайдалануы, Абайдың ащы сөздері, реализмі, ақындық тәсілдері, әлеуметтік ойлары, ақынның өмір ерекшелігіне байланысты туған шығармалары, Абай аудармаларының өзгешеліктері туралы мәселелер бір-бірімен ұштастыра тексеруді қажет етеді. Абайдың ақындық өзгешеліктерін байымдау үшін оның алдында ақындық дәурен өткізген қазақ ақындары туралы керекті мағлұмат болмаса, Абайды олардан мүлдем жырып алып тексерсек, Абайды жөндеп ұқпаған болар едік. Қазақ әдебиеті тарихының даму процесін, Абайдың ақындығын аңғару үстінде бұл мәселені ескерусіз етуге болмайды. Абай, әрине, өзінен бұрынғы ақындардың айтқандарын, ақындық үлгісін мақұлдай бермеген. Бірақ бұдан барып Абай олардан нәр алмаған, безінген дерсіз бе? Абайдан бұрынғы қазақ ақындары шығармаларының мынау сияқты өзгешеліктері байқалады: бірінші – сол кездегі өмірдің жағымсыз жақтарын сынау, екінші – ойды ашына айту, сынап айту, кейде зар шеге айту, үшінші – өздерінше алдыңғы күнге болжам жасау. Олар шығармаларының прогрессивтік жағы, әсіресе, сол кездегі өмірдің нұқсанды жақтарын қабылдамау, сынау істерінен айқынырақ сезіледі. Олар өздерінше халыққа қараулық еткендерді әшкереледі. Ел басына түскен ауыртпалықты көрді.

Шортанбай заманына наразылық білдіріп, ашына сөйлеп:

Байды құдай атқаны,
Жабағы жүнді сатқаны.
Кедей қайтып күн көрер
Жаз жатақта жатқаны²⁴⁸, –

десе, Дулат та осы тектес ой білдіреді:

Сауып ішер сүті жоқ,
Ақша деген мал шықты.
Мініп жүрер күші жоқ,
Тарантас деген ат шықты²⁴⁹.

Тынысты кеміткен ақша кесірі, алдау-арбау көбейді, ел қаймағын бұзып жүргендер тиын санаған сұмдар деп түсінеді. Ел ішіндегі ұлықтарды көріп, олардан да жиренеді.

²⁴⁸ *Қисса Шортанбай*. Шортанбайдың «Бала зары». – Қазан, 1890. 13-б.

²⁴⁹ *Дулат*. Өсиетнама. – Қазан, 1880. 12-б.

Заманның ұсқынынан шошынушылық Асан айтты деген әңгімелерден де сезіле бастаса, осы секілді ой сарыны Дулат, Шортанбайдан бұрын ақындық дәуір өткізген Бұқарда да аз емес еді. Желмаяға мініп, жерұйық іздеу, қой үстіне бозторғай жұмыртқалағандай заман көксеу Асан айтқандарынан сезілетін еді десек, «кісісі жүзге келмей өлмеген, қойы екі қабат қоздаған» жай іздеуді Бұқардан көреміз.

Алдыңғы ақындарды ескерусіз қалдырмаған Абай өткенге көз жіберіп, қазіргі жағдайдың кемшілігін сынап ашына сөйлейді, келешек жақсы өмірден үміттенеді. Өзінің ақындық ісін надандықпен күресу, жұртқа үлгі беру, жігерлендіру, көпшіліктің ойын ояту ісіне арнайды; ерлік, бірлік кетсе, тірлік не болмақ? Келешек не болмақ? Заман тапшылығына ұшырағанын:

Кетті бірлік,
Сөнді ерлік.
Енді кімге беттемек²⁵⁰, –

деп қынжылды, уайымдады. Ел ішінде әлдеқандай әкімшілік күшіне айналған пасықтарды шенейді, ел арасына іріткі салған жалақор, арызқорлардың халықтың сау денесіне жабысқан індет екенін түсіндірді.

Бұқардың:

Жиделі-Байсын жеріңіз –
Кісісі жүзге келмей өлмеген.
Қойы екі қабат қоздаған²⁵¹, –

деген сөздері оның өзінше кеңшілік, теңшілік іздегені еді десек айтқанын, ізгі идея сезілген түрлі ой, аңыз әңгімелерді тіпті ұқыптамады, олардан керекті түйін жасалады деу де қиын. Халық қамы үшін желмаямен жер кезіп, жерұйық іздеген Асан әңгімесі, болмаса адам баласымен қоса күллі жан иесін аяп гуманистік зор қиял айтылған:

Құйрығы жоқ, жалы жоқ,
Құлан қайтіп күн көрер?
Аяғы жоқ, қолы жоқ,
Жылан қайтіп күн көрер?, –

деген сөздер де ұлы ақынға ой салған шығар. Мұндай сөздердің ақынның сезіміне әсер етіп, бұқарашыл болуына, халық қамын ойлау ісіне әлдеқандай дәнекер болуы таңданарлық нәрсе емес. Бір-біріне күн көрсетпеген адамдарды, елдерді көрген ақын халыққа жақсы өмір тілеп, аз толғанбаған.

²⁵⁰ Абай (*Ибраһим*). Шығармаларының толық жинағы. – Алматы, 1948. 108-б.

²⁵¹ Қазақ ССР ҒА архивы. Бұқар шығармалары. 3-б.

Абайдан бұрын халық арасына пікір таратып, еңбектенген қазақ ақындары заманына, шамасына қарай талай-талай ойлар айтқан. Сондай ақындардың бірі Бұқар соғыс ашпақ болған Абылайға:

Өтіңменен жарылма,
Басына мұнша көтерген.
Жұртқа жаулық сағынба²⁵²,

деп ел қамын ойла, жұрт күйзелісін, өз шаманды да байқа, халық мүддесінен асам деп арындама дегенді айтады. Бұқар ойының әлдеқандай жалғасы ретінде пікір білдірген Дулат:

Өсіру де еліңнен,
Кешіру де еліңнен,
Бақыт та елден қонады,
Дәулет те елден қонады,
Еліменен ер жетіп
Емендей өсіп толады²⁵³, –

деп азаматтың алтын бесігі – өсірген елі екенін ескертеді, халықтың күйзелмей жарқын өмірмен жадырап еркіндікте болуын тілейді.

Бұқар Абылайды ақылға көндіріп, оны жауласудан тыймақ: ел бейбітшіліктен айырылып, бүліншілікке ұшырамасын, бір тілегін мынау болсын:

Желкілдеген ту келіп,
Жер қайысқан қол келіп,
Сонан сасып тұрмасқа²⁵⁴, –

дейді.

Еркіндік іздеген Бұқар халықтармен тату тұр, орыспен егеспе, кешегі хан төгіскен қалмақтармен де жауласпа деген тілегін мынау жолдардан білдіреді:

Отының болсын жантақтан,
Қатының болсын қалмақтан²⁵⁵, –

деп қалмақ қызын жатсынба, өз күшінді көпсінбе, басқа халықтармен жағыса біл деген сияқты өсиеттерін айрықша ескертеді, өзінің соғысшылыққа қарсы екендігін ашық айтады.

Абай тек өз елін мадақтап, өзге елдерге күле қарайтындардың өрескел істеріне көз тігеді, әр жұрттың өзара ажуаласуы татулық ісіне

²⁵² ТӘИ архивы. Бұқар шығармалары, 8-б.

²⁵³ Сонда. Дулат Байбатайұлы шығармалары. 60-б.

²⁵⁴ Сонда. Бұқар шығармалары. 18-б.

²⁵⁵ Сонда. Бұқар шығармалары. 10-б.

дәнекер емес, бұл өмір ісіне дұрыс түсінбегендіктен туып жүрген бір әдет деп түсінеді. «Шүлдіреген тәжік, түйеден қорыққан ноғай, ноғай дегенше ноқай десеңші, бакалшік ноғай, ауылды көрсе, шапқан жаман сасыра бас орыс»²⁵⁶ – деген сияқты кекету ажуаласуды еске ала келіп, басқа халықтарға күле қарап, олардан бойды аулақ ұстап, өзге елдің керектісінен үлгі алудан қашуды қостамайды. «Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста тұр. Залалынан қашық бол, пайдасына ортақ болуға, тілін, оқуын, ғылымын білмек керек»²⁵⁷, – дейді. Басқа халықтың «пайдасына» ортақ болудың лажын табу шарт, өзің өсу үшін өзге халықтармен айласпай болмайды, халықтар достығы болмаса, бір елді екінші елдің кемітуі қалмаса, шын даму, өркендеу қиын деген қорытынды жасайды.

Абай намысқа, адамшылыққа бағына отырып, дамуды тілейді. Өткен өміріміздің де үлгілі жақтары бар еді, рас, бұрынғы біздің ата-бабаларымыздың бұл замандылардан білімі, күтімі, сыпайылығы, тілі, тазалығы төмен болған»²⁵⁸ бірақ олардың намысқорлығы, берекешілдігі артықша еді. Алалықтан қашып, ұйымшыл болуды тілеп тұратындығы кейінгіге ғибрат боларлық қасиеттері еді деп түсінеді. Кемшілікті тек қазбалаумен ғана болмай өміріміздің керекті, пайдалы жақтарын көрумен бірге, жақсыны іске асыра білу, осы бағытта әрекет жасау қажет. Тек кемшілікті айтуға тақыстанып, дұрысты көрмей бойкүйездікке салынудан не өнбек? Ойды дұрыс тәрбиелемей, жалақорлыққа бой ұрсаң, алдымен керектіні көре білмесең, оны ел игілігіне жарата білмесең, онда сенің кім болғаның? – демек. Жақсылықтан жақсылық туатынын да біл, жамандықтың қабындап кетпеуіне сақ бол, түймедей кемшілікті түйедей етіп көрсетудің түбі қауіп, өзінді, ойынды бұзып, жалақорлыққа салынғандығың, зиян көрсетем деп өзіңнің зиянды болғаның, намысқорлық, ұйымшылдық, өзара жақсы ниетшіл болушылық зор қасиет деп білген Абай, бір жаннан бұрынғыларды қостап, олардың айтқандарын қайталап: «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді», – дейді.

Бұқар Абылайдың халықтан алыстап, атақ іздеп, жауынгерлікке, төрешілдікке салынбауын ескертеді:

Қатын алма төреден,
Қатын алсаң төреден,

²⁵⁶ *Абай (Ибраһим)*. Шығармаларының толық жинағы. – Алматы, 1948. 317-б.

²⁵⁷ Сонда, 348-б.

²⁵⁸ Сонда, 388-б.

Еркегі болар жау жанды
 Ұрғашы болар ер жанды²⁵⁹, –

дейді.

Абай «Ескендір» атты поэмасында даңқ іздеп, жұрт жаулап, қан төгіп, ел күйзелткен соғыс құмарлар ісін әшкерелейді, ондайлардың бүліншілік ісінен қауіптендіреді. Заманында осы тектес ой білдірген Бұқар Абылай ханды сынап, оны соғысшылықтан сақтандырған, елге еркіндік, бейбітшілік тілеп, ұрпақтың, ананың қамын ойлап айтқан бір сөзінде былай толғайды:

Он ай сені көтерген,
 Омыртқасы үзілген,
 Аязды күні айналған,
 Бұлтты күні толғанған.
 Тар құрсағын кеңіткен,
 Тас емшегін жібіткен,
 Ана бір аңырап қалмасқа²⁶⁰.

Бұқар жазғандары көбіне Абылай өміріне байланысты келеді, ақын өсиетін алдымен Абылайға айтады, сынаса Абылайды сынайды, мақтаса Абылайды мақтайды. Бұқар жырларында сипатталған Абылайдың, хандық дегдарлық қасиеті сөз болуы да шамалы. Абылай династия ауысып хан болған, атадан мұра болып келген таққа отырған адам болып та көріне бермейді. Оның қарадан шығып хан болғандығы, елмен есептесіп, ісістеуі керек екені көп сөз болады. Абылайдың асыптасуы, пандық жасауы, оның қабілетіне жараспайтын кемшілік екені түсіндіріледі. Жұрт сенің тегіңе қарамай құрметтеген еді, кеше көзге түспей, елеусіз жүрген күндеріңді ұмытып, тәубаңнан жаңылдың ба? – деген сияқты кінәлаған сөздер айтады.

Момынға келіп бек болдың,
 Атаңды білмес құл едің.
 Қай жеріңнен төре едің²⁶¹.

Абылайдың өткеннен өнеге алып, қарапайым халықпен де санасу қажеттігіне «Қазір хан болып тұрғаның болмаса, Жас кезіңде Абылай кім едің?» деген сияқты ескерту жасайды.

Жас көдектің бірі едің,
 Даласына қазақтың
 Ұлағып шығып кеп едің²⁶² –

²⁵⁹ ТӘИ архивы. Бұқар шығармалары. 9-б.

²⁶⁰ Сонда, 18-б.

²⁶¹ Сонда, 7-8-бб.

²⁶² Сонда, 68-б.

деген сөздер де Абылайға арналады. Сөйтіп, Абылайдың жайын баяндаған Бұқар оған дегдарлық қасиет бергісі келмейді. Абылайды жақтаса, оның халықпен есептесіп, бұқара үмітін ақтауына қарай жақтамақ.

Бұқар Абылайдың атақты серіктерінің бірі Бөгенбайдың да қарадан шығып, атақ алған адам екенін айтады. Қанжығалы Бөгенбай да бұрын көзге түспей жүргендердің бірі болып сипатталады. Оның ерлігін ұнатқан жырау батырдың қайтыс болуын ескерткенде:

Қазақтың абыройына,
Сарып қылған бар күшін.
Қайыры болсын халқыңа
Сабыр қыл ойла келмесін²⁶³, –

дейді.

Құландар ойнар қу тақыр,
Қурай бітпес деменіз²⁶⁴, –

деген Бұқар заманының бір қалыпта тұрмайтынын аңғартады. Әйелдері үлде мен бүлде киген, қасын қиғаштап қараған, шоралары сәнденген, көл жағалап құс атқан, қымыз ішіп той тойлаған, әлдеқандай масайраған өмірді ескерген сөзінде мынаны айтады:

Көкала ат жаратып,
Көк дабылды байлатып,
Байлар ұлы шоралар,
Көл жағалар жаз күні.
Байлар қызы бикештер
Қол бұлғайды-ау жаз күні²⁶⁵.

Абай жаз күні өзенге келіп қонған ауылдар, бұрала басып үй тігіп жүрген әйелдер, ары бері сымпылдап, ұшып жатқан үйрек, қаз, шалғыннан жоны азар көрінген жылқылар, сахараның сәнін келтірген төрт түлік көп мал, көшпелі қазақтардың әлдеқандай жадыраған өмірін шаттана суреттейді:

Жоғары-төмен үйрек, қаз,
Ұшып тұрса сымпылдап.
Қыз-келіншек үй тігер
Бұрала басып былқылдап.
Ақ білегін сыбанып,
Әзілдесіп сыңқылдап²⁶⁶.

²⁶³ ТӘИ архивы. Бұқар шығармалары. 42-б.

²⁶⁴ Сонда, 31-б.

²⁶⁵ Сонда, 12-б.

²⁶⁶ *Абай (Ибраһим)*. Шығармаларының толық жинағы. – Алматы, 1948. 39-б.

Осындай бір өмірді ақын қошаменпен қарсы алған сияқты. Көк орай шалғын өсіп, бәйшешек толған кез, жаз жайлауға шығып жадыраған шақ – қазақ өмірінің бір рахатты тамаша уақыты секілді. Бірақ ақын тамашалаудан ары бармайды, көшпелі өмір бұлжымай тұрса екен-ді арман етпейді.

Бұқар Абылайға айтқан өсиеттерінде сәлдесі «қазандай» дін уәкілдеріне қауіптен қарайды.

Ноғайларды ғалым деп,
 Әулиедей көрерсің,
 Ноғайлардың бойлары болар сазандай
 Сәлдесі болар қазандай...
 Ақыретке барғанда
 Тартарсың сонда сазанды²⁶⁷.

Сөйтіп сәлдесі «қазандай» (Бұқарша), «дағарадай» (Абайша) молдаларға екі ақын да тіксіне қарайды. Молдалар қараңғы жұртты теріске бастайды деп түсінген Абай былай жазады:

Кітаптан молда теріс оқыр,
 Дағарадай боп сәлдесі...
 Мал құмар көңілі бек соқыр,
 Бүркіттен кем бе жем жесі²⁶⁸.

Бұқар айтқандарын көбінесе жалпыға керекті өсиет, ережелі сөз ретінде айтады. Ойын қорыта айтуды құнттайды, сондықтан оның айтқандары мәтел, мақал секілденіп тұрады:

1. Қараша торғай қаз болмас,
 Қалған көңіл табылмас.
2. Қурай бітпес құба жон,
 Құлан жортпас деменіз.
3. Жақсылардың малы жоқ,
 Жамандар малымен тенелер.
4. Қызда қылық болмаса,
 Құр шырайдан не пайда? және тағысын-тағылар.

Осы секілді өсиет ретінде айтылған сөздер Бұқар шығармаларының және оның ақындық өзгешелігін көрсетіп тұрса, Абайдың қара сөздерін (37-ші сөзді оқыңыз), өлеңдерін оқығанда, әдейі өсиет үшін айтылған сөздер аз кездеспейді:

1. Оқалы тон тола ма,
 Ар-ұятын сақтауға?

²⁶⁷ ТӘИ архивы. Бұқар шығармалары. 10-б.

²⁶⁸ Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармаларының 2 томдық толық жинағы. – Алматы, 1957. I т. 132-б.

2. Жетпесе, біріндікін бірін жеткіз.
3. Қиянатшыл болуды естен кеткіз.
4. Жасаулы деп, малды деп байдан алма,
Кедей қызы арзан деп құмарланба.
Ары бар, ақылы бар, ұяты бар
Ата-ананың қызынан ғапыл қалма.
5. Бір бес надан оңбассың... және тағысын-тағылар.

Абай осындай өсиет сөздерін өмірді терең түсінгендігіне сүйене айтады және оның ақыл сөздері, қазақ халқының өзгешеліктеріне байланысты туған, көпке арналған үлгілі сөздер болып келеді.

Абай өз заманының әділетсіздіктерін, бұзықтарын, ұлықтарын, мейірімсіз байларын тағы-тағыларды қатты сынап, марғау өмірдің сұрықсыз уәкілдеріне тіксіне қарады. Ол ескі өмірді аңсап жатпады. Шиден шекпен, матамен әдіптеткен жырым балақ шалбар, мықшима етік, үлкен кісі, дәндәку, күләпара, тобылғыдан жасалған құрысқақ, пыстан сияқты өз заманынан бұрынғы өмір елесін ақын көксемеді. Ондайлардың сырылуы өмір заңынан туған деп түсінген Абай артқа шола қарап, қазіргі жағдайға көз салып, алдын аңғармақ болып, келешектен үміттенеді.

Абай қазақ жағдайындағы капиталистік әуенді көріп, даңғыл жол сауда-саттық жолы шығар деп, соны місе тұтпаса да, бірақ осының өзінде заманына қарай бір мән бар ма екен? Бұл да бір қоғам өмірінің жаңалығы шығар деп қалған сияқты. Кейде саудагерлердің де өмірде қажетті орны бар екенін көргісі келеді, олар ел жеген ұлық, не:

Сабырсыз, арсыз, еріншек,
Көрсен қызар жалмауыз...²⁶⁹
Сыбырдан басқа сыры жоқ,
Шаруаға қыры жоқ²⁷⁰, –

сияқты кеселді пысықтардан көп игі сияқты, олар қоғам ісіне аз да болса пайдалы деп білген Абай жазғытұрым «Жана бұлмен жамырап жүрген» саудагерлерден шошынбайды. Бұлар мүлгіп жатқан өмірге қозғау салып, ел арасына ауыс-түйіс туғызғандар болып көрінеді.

Шортанбай: ел арасына ала-құлалық кірді, біреу – кедей, енді біреу – зәлім, біреуден-біреу амалмен асып, орға жығысып, жанталасқандар бар.

Бай кедейді көрмеді,
Кедей байға ермеді.

²⁶⁹ Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармаларының 2 томдық толық жинағы. – Алматы, 1957. I т. 58-59-бб.

²⁷⁰ Сонда.

Қызметін бір күн қылмаса,
 Майлы сорпа бермеді
 Өне байдың қадірі²⁷¹.

Малдылар малсыздарға карамайды, қарайласпайтын болды, залымдық көбейді, ел әлсіреді, қақ-соқсыз бейбіт өмір кетті, жалақорлық қабындады.

Сотқа таман шабады,
 Көнедей істі көлді ғып,
 Өтірік айтып жаласын
 Мойнына әкеп жабады²⁷², –

дейді.

Шортанбай парақорлардың бір тиын үшін әділетсіздік жасап, жазықсыздарға, елге зардабын тигізгендерді әшкерелейді.

Текті құс қарар Қырымға,
 Ит айналар жырымға.
 Парақорлар қызығар,
 Бір қалаштық тиынға²⁷³.

Елді мазалағандарды, заман өрескелдерін сынаған Абай алдыңғы күннің жарығына, адамшылыққа, ерлікке, бостандыққа тез жетуді аңсайды.

Үкімет – зорлық
 Тым болмаса болмады,
 Бұлт ала жер шола... –

деген жолдар арқылы «билеуші топтан рақым күтпе! Құтылу қамынды ойла» деген терең пікір айтты.

Пысықтардың ісін байқаған Шортанбай олар: «сотқа таман шабады, өтірік жала жабады» дегендерді айтса, ойын ұшығына жеткізе, тереңдете сөйлеген Абай:

Пысық кім деп сұрасаң?
 Қалаға шапса дем алмай,
 Өтірік арыз көп берсе,
 Көргендерден ұялмай²⁷⁴, –

дейді. Сөйтіп екі ақын да қалаға шапқандарды (Абайша), сотқа шапқандары (Шортанбайша) әшкерелейді. Жаламен күн көргендер сиқына көз салып, ондайлардың арам ниетін паш етеді.

²⁷¹ *Шортанбай*. Шортанбайдың «Бала зары». – Қазан, 1890. 13-б.

²⁷² ТӘИ архивы, Шортанбай Қанайұлы шығармалары. 18-б.

²⁷³ Сонда, 25-б.

²⁷⁴ *Құнанбаев Абай (Ибраһим)*. Шығармаларының 2 томдық толық жинағы. – Алматы, 1957. I т. 59-б.

Бай мен кедей арасындағы әлеуметтік алшақтықты терең түсінген Абай мал бағудан қолы босамай, үйінде үзбей жағып отырарлық отыны да жоқ кедей, оның тон илеп, шекпен тігіп, бүрседеген әйелі, жылына алмай «өле жаздап» жүрген жас баласы, ондай үйдің «кемпіршалы бар болса қандай қиын» екенін сөз етеді. Абай кедейдің өмірін баймен салыстыра келіп:

Кәрі қой ептеп сойған байдың үйі,
Қай жерінде кедейдің тұрсын күйі.
Қара қидан орта қап ұрыспай берсе,
О да қылған кедейге үлкен сыйы²⁷⁵, –

дейді. Отына күйіп, суығына тоңып, салпақтап малын бағып жүрген жалшыны жасытып ұстаған мейірімсіз байды көрген ақын: «байда мейір, жалшыда пейіл жоқ аңдыстырған екеуін құдайым-ай!» деп назаланады.

Абай дінді бетке ұстап мүләйімсігендер қараңғылыққа, надандыққа бастап, мәдениетсіздікке апарады. «Қараңғылық пердесі» діншілдер, мұсылмандық қарыз өтегенсіп, зәлімдік жасайды деп түсінеді. Сырты әулиесінгенмен іші арам: «Кейбірі пірге қол бергендерден» не қайран, олардың үйретпек түгіл, өздері надандық, арамдық шырмауында жүргендер екенін айтады. Кейде мұңға басқан Абай: «Молдасындай бақсының – жалғыз қалдым – тап шыным» десе де, бірақ өзінің «мыңмен жалғыз» алысып қайрат, ерлік көрсеткендігін, көптің ойын оятып, көзін ашу ісіне өмірін сарп еткендігін ұмытпайды. Өнер-білім арқылы ерлікті, бірлікті жоғары ұстау арқылы келешек кемелденбек:

Малыңды жауға,
Басыңды дауға
Қор қылма, қорға татулас²⁷⁶, – дейді.

Абай ақындық ісін бастамас бұрын Европа жағдайында классицизм, сентиментализм ағымдары болды, өмірді романтикалық түрде, не реалистік түрде көрсетуді құнттап, шындықты айту керек деген жазушылар тобы бар еді. Түрлі ағымдар туралы Абай арнаулы ойын әдейілеп айтып, теориялық еңбек жазбаған. Абайдың көркем шығармаларынан оның өмірді ақындықпен көрсеткенде қандай жол қолданғандығы және оның шыншылдығы туралы түрлі қорытындылар жасауға болады.

²⁷⁵ Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармаларының 2 томдық толық жинағы. – Алматы, 1957. I т. 72-б.

²⁷⁶ Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармаларының толық жинағы. – Алматы, 1948. 72-б.

Шыншыл әдебиеттің әсерлі, жігерлі келіп, өмірді ба-
тыл сынағандығын көреміз. Бұл тектес әдебиет тозығы жеткен
формацияның, ескірген әлеуметтік қарым-қатынастардың тамы-
рын солдырып, құнын келтіруге жұмсалды. Үстемдікке екпіндеген
шыншылдық көзқарастың өркендеуіне бөгет болатын, жағдайсыз өмір
әсерінен құтылу реалистік түсінікке берілген ақын -жазушылардың
барлығына тән десек, олар шынды айтып, тұрмыстың кемшілігін
әшкерелеу арқылы пікір таратты. Өмірге бөгет жасайтын надандықтан,
алға бастырмайтын әлеуметтік шырмаудан құтылуды ойламайтын
керексіз ұғымды, салтты қостаушыларды ескерген Абай:

Жігермен, сілкін,
Қайраттан, беркін,
Деп насихат бергенде –
Ұятсыз, арсыз салтынан
Қалғып кетер артынан²⁷⁷, –

дейді. Дұрыс насихатқа түсінбеушілік, ескіліктің керексіз ісіне
әуесқойлық өмір шындығын түсінбеу – мәні кеткен ұғым түсініктің
салдары сақталуынан деп түсінеді. Абай өз заманының іріткісі болған,
алауыздық, берекесіздік, жағымсыз тұрмыстан шыққан адамдар ісін
ескереді:

Таласып босқа,
Жау болып досқа,
Қор болып, құрып барасың.
Өтірік шағым толды ғой,
Өкінер уақытың болды ғой²⁷⁸.

Абай әлеуметшілік ой білдіріп, шынды айтып, неден қашып, неге
ұмтылу жөніндегі пікіріне жұрт назарын аудармақ. Әдетке айналған
өтірік шағымға үйірлікті, босқа таласушылықты, жау жоқ жерден жау
іздеп, аңдысып жүрушілікті әшкерелеп енді қор болудан бас тарта-
тын уақыт жеткен жоқ па деп қынжылады.

Шындықты айтуды арман еткен Абай ақындық дәуір өткізген,
бір кездегі қазақ халқы өмірі, тұрмысы, халқы жайында ойларын
айтқан, қазақ ақындарының шыншылдық, реалистік түсініктен
ауытқып, әділ ой айтуды ескермей, орынсыз мақтау, не даттау ісіне
салынғандығына наразылық білдіреді. Әркімге арнап «мақтау өлең»
айтқан, «мал үшін тілін безеп, жанын жалдап» жүргендерді, шынды

²⁷⁷ Құнанбаев Абай (Ибраһім). Шығармаларының толық жинағы. – Алматы, 1948. 89-б.

²⁷⁸ Сонда, 72-б.

айтып үйренбей, ақындығын әлеуметтік мәселелерге, халық игілігіне арнамай, сөз құнын кетіріп жүрген «қайда бай, мақтаншаққа» арнап өлең айтқандарды қатты сынайды. Олар туралы: «Кетірген сөз қадірін жұртты шарлап», – дейді. Ода, диферамба секілді өлең айтуға тақыстанғандықтан, мақтамақ болғанын жұлдызға ма, күнге ме, неге теңерін білмей сасқан ақынға Абай еш ұқсамайды. Абай жалпақтап мақтау ісіне салынуды өзінің қабілетті бойына лайық көрмеген. Көрген шындығын айтпай бой тасаламаған ақын. Сондықтан да оның жазғандарынан зор шындық, жігерлілік, әділдік сезіліп тұрады, ақын өмір ісіне көзді жұма қарамай, ойын, түсінігін ашық айтады. Абай мақтау ісіне рабайсыз салынғандық – ақынның кешпес зор кемшілігі, ондайлар өмірдің шындығын айтпай, тек елес құғандар, өз қадірін түсіріп жүргендер, атақ іздегендер, ел қамын ойлағандар емес деп түсінеді. Абай реализмінің бір өзгешелігі, осы әлеуметшілік, жігерлілік, шыншылдыққа, сыншылдыққа байланысты келген.

Абай ел ішіндегі әкімсымақ, болыссымақ, әлдеқандай ресми күшке айналған, халыққа зәбірін тигізген пысықтардың кім екенін бұқараға түсіндіреді. Заманына сай талай, талай құнды, әсерлі жігерлі ойлар айтады, шындыққа толы шығармалар жазады. Ол сол кездің кейбір ақындарынша утопияға берілмейді, өмірдің шындығын көлеңкелемей ойын батыл айтуды өзінің зор міндеті санады, шынды айтумен халықтың сана-сезімін оятам, өсірем деп білді. Көргенін көпшілікке түсіндірмек болды, өмір жөніндегі терең түсінігімен халықты прогреске үгіттеді. Сол кездегі қазақ өміріне байланысты, жағдайсыз сұр өмір туғызған адамдардың мінезін, ісін терең түсіне білді де, олардың өзгешеліктерін шыншылдыққа, сыншылдыққа салып жасырмай айта білді. Сөйтіп ол өмірді реалистікпен көрсетуді өзіне міндет санады. Абай ақындық ісін саудалағандардан аулақ жүруді ескерткендей болып, шындықты айту оңай емес, ерлікті, қырағылықты керек ететінін ескерткендей. Ақын:

Қыранша қарап Қырымға,
Мұң мен зарды қолға алар.
Кектеніп надан зұлымға
Шиыршық атар толғанар.
Әділет пен ақылға
Сыналып көрген-білгенін²⁷⁹, –

²⁷⁹ Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармаларының 2 томдық толық жинағы. – Алматы, 1957. I т. 204-б.

дейді. Өмір шындығын жасырмай, асырмай, сынап айтуды өте құнттаған, реалист, шыншыл ақын болуды аңсаған Абай, «Мұң мен зарды қолға» алып, жәбір көрушілікті, қасіретті өрбітіп отырған жағдайды «алыс-жақынға» білдіруді арман етеді, ақындығын бұқараның игілігіне жұмсау үшін «улы сия, ащы тіл» аямайтындығын білдіріп «Қыранша қарап Қырымға», ерлік жасамақ, шынды айт, сына, ерлігің жетпесе, онда айтарыңды айта алмай, қор боласың демек, адал, өршіл ойын халыққа жеткізуді тілейді. Күмілжуден сақтанып, жігермен ашына сөйлеу, зұлымдардың бет пердесін алып, бер жағы жылтырап нәуетексінгенмен, ар жағында пасықтық бар адамдардың халыққа жау екенін көре білді. Абай көп үшін қайрат көрсетіп, әділеттіктен қашып, шындыққа бас имеу ақындықты бүлдіреді, бұзады деп түсінді.

Абай ақындықтың бос мақтау, шындықтың шегінен шыға даурыққа салына сөйлеу ісіне арналмауын көп ескерді, ойдың, түсініктің мұндай әлпеті бар жерден шындықты күтпейді.

Өмір шындығын көрмей, оны қиялдан туған мүлтіксіз дүниеге айналдыруға Абай бой ұрмаған, тұрмыстың шын бейнесіне жанаспайтын қиялдан туған өмір көрсетуден өзін аулақ ұстайды. Тақыстыққа салынып, әйеңкестеніп, ойын батыл айтудан бас тартқан Абайды көрмейсіз. Жағдайсыз өмірдің түрлі тұсауларын үзіп, өмірді өзгертпек болған ақын көп көзін ашу мақсатымен талай-талай зор мағыналы, көркем шығармалар жазды. Халықты жақсылыққа, келешекке шақырады.

Болуы неғайбыл өмірді көксеген ақындардың романтикалық, утопиялық түсінігін алсақ, олар шындық үшін, боларлық өмір үшін күресудің орнына, капиталистік, тағы басқа түрлі қарым-қатынастардан, өмірде болған әлеуметтік қайшылықтың жағымсыз істерінен безініп, өздерін шын өмірден аулақ ұстап, кейде өткенді көксеп, көз алдындағы дүниені жөнді көрмей, алға басу ісіне дұрыс шақырмай, тұрмыс ісінен жырақ қалудан аман болмады. Мұндай ақындар алдындағы тұрмысты қанағат қылмай, кейде арманды өткеннен іздеп, келешекке көз салып қанығы пікір айтуға шорқақтық етті. Келешекке күмәнмен қарап, зарға басқан Шортанбай сияқты ақындар кейде өз өресін өздері тарылтып, қайда барарына жол таппай састы. Халықты жегідей жегендерді көрсе де, азаптан қалай құтылудың лажын таппай уайымды ойлар айтты, торығушылыққа бой ұрды. Абай халықтың келешегіне сеніп, парасатқа, интуицияға, ерлікке сүйеніп, бостандыққа, надандықтан құтылуға үгіттеді. Абай

бүгінгіден безбеді, сол өмірдің жағымсыз жақтарын қатты сынайды, адал ойын жүзеге асыруды ойлап, өткен өмірге бет бұрып жар салу, бүгінгінің қамы деп түсінбеді.

Абай романтикалық ойдан қақас болған ақын емес, ол келешекке сеніп, зор үміт күтті, бірақ бұл жөнде бос қиялға салынбады. Өз заманындағы болып жатқан өмір ісіне терең қарап, тұрмыс ісін прогресшілдікпен түсінді. Бүгінгіні, ертеңіні, өткенді білуді ойлап, болашақтың рухы қайда екенін білуге ынта салды. Абай болып жатқан іс, зерттеген құбылыстың беталысын мөлшерлеп айтуды құнттайды. Ақын шығармаларында қиял еткен арманын да айта отырды, әрине, Абай жасаған қиял, өмірге жанасымсыз қиял емес еді.

Қиял мен қиялдың бәрі бірдей емес екені даусыз мәселе. Орынды да, орынсыз да қиял болуы мүмкін. Ал қандай қиял туралы сөз болу керек? Абай жасаған қиял туралы ескертейік дегеніміз, өмірге жанастығы бар, өмір заңына қайшы келмейтін қиял, мұндай қиялды кезіндегі өмірді болашақ өмірмен шендестіре көрсетіп, яғни өмірдің бағытын барлап, алға жөн сілтей білуден ғана көруге болады. Абай аңсаған қиял мен арман, мәнерсіз ойдан туған алданыш шындық емес еді, бостандық іздеген, прогресшіл халық тәжірибесіне сүйенген, терең ойлану-толғану нәтижесінде шыққан мөлшерлі шындық, бүгінгіге ғана қанағаттанып қоймай, өмірдің келешек өрісі қалай бет алмақ, алда не бар, міне солар жайында жол сілтейтін, өмірде орны бар қиял мен шындық еді – Абай романтикасының бір өзгешелігін осыдан көру жөн.

Шын мағынасында, реалистік түсінік пен романтикалық түсініктер, бір-бірінен бөлек, аралары жуыспайтын нәрселер емес деген пікірді дұрыс десек, бұларды бір-бірінен айырып тастаудың қажеті жоқ, өйткені олар бір мәнді нәрсенің, болмаса бір бағыттағы ақындардың көркемдік санасы мен дүние тану әлбетінің бір түрі ретінде, бірінен бірі ажырамай тұтас келуі мүмкін. Сондықтан Абайдың романтикалық түсінігі мен оның реалистік түсінігі бір-бірімен ұштасып жатады. Бүгінгі күннің тәжірибесіне сүйеніп, ертеңгі күн туралы болжам жасауға болмай ма? Тұрмыстың жақсаруы қиыншылықтарды жеңу жайында қиял етуге болмай ма? Жақсы, бақытты өмірге, қазіргіден артық тұрмысқа жетсек деп үміт жасау артық па? Абай өзінің шыншылдық, сыншылдық, романтикалық істерінде осы мәселелерді айрықша ескереді. Абай ақындығының бір құнды жағын осы ескерткендерден де байқаймыз. Ақын «ғылымды іздеп, дүниені көздеп», бүгінгі мен келешекке үңіледі, «құлағын салмас, тілінді алмас» надандардан түңіледі. Заманына наразылық білдіріп:

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың,
Жақсы менен жаманды айырмадың
Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың²⁸⁰, –

деген ақын келешектен күткен арманын аңғартып, «Жақсы менен жаманды» айыра білген, ғылым іздеп, өнері өсіп, өркендеген қазақ елін көруді арман етеді.

Абайдың қырағылықпен келешекке көз жіберіп, болашақтың рухын сезе білуіне оның себебі – өмірге прогресшілдікпен баға бере білуде, адам баласы даму бағытына көз салып, күрделі мәселелерге назар аудару білушілікте. Халықтың шын мүддесін көздей біліп, өмірді шындыққа сүйене тану да, келешегі бар өмір әлпетін жақтай білушілік те, болашақ заманда жақсы өмір тілейтін халықтікі екенінде. Абай халықты қостамаса, сонымен тілектес болмаса, онда ақын реализмнің өрісі кең, шыншыл, сыншыл реализм болмаған болар еді. Абай реализмнің енді бір үлгілі жағын осыдан аңғаруға болады.

Айрықша көңіл бөлетін мәселе: Абайдың тарихи жағдайға сәйкес нақтылы мінез, кескін сипат көрсете білгендігі. Өмірді, адамды бұлай көрсету, реализм жолында болған ақын, жазушылардың бір ескерген ісі. Өмірді шын көрсету өте қиын, өте жауапты мәселе, мұндайда күмілжімейтін, шынды айтудан жасқанбайтын қажырлылық, зор ар, қырағылық, парасаттылық керек. Ақынның өмірге түсіне білуі қажет, тарихтың даму мәселесі мен мағлұматы болуы шарт. Көрсетіп отырған адамның мінезін, құлқын, еткен арманын, көздеген мақсатын, адамгершілігін, өзі суреттеп отырған өмірдің келешекте өркендерлік орны бар басым жағын көрсетіп, тұрмысқа көз салып, оның сырын білуге тырыспаған, прогресшілдікпен рух алмаған, өмірге жеңіл түсінген ақын, жазушы шындықтың тек сыртын ашқанмен, сол шындықтың ішкі сырын терең ашып береді, тарихи жағдайға сәйкес нақтылы өмір көрсетеді деу қиын. Ақын дарынды, білімді, тәрбиелі болғанның өзінде де, айтқан шарттарды ескермесе, онда ол өмір ісін, адамдардың сипатын толық көрсете алмақ емес.

Тарихи жағдайда болған адамдардың тек сыртқы сипатын, мінез-құлқын көрсетіп қоймай, ол адамдардың өмірдегі күресінің мақсаты не екенін ескеру – бұл қандай ақын, жазушының болсын назар салатын мәселелерінің бірі. Өмір ісіне қатынасқан адамдардың түрлі-түрлі ісін, психологиясын, ойын, сезімін көрсету үшін, ол адамдардың

²⁸⁰ Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармаларының 2 томдық толық жинағы. – Алматы, 1957. I т. 31-б.

қоғам күресінде, өмір ісінде қолданған жолы, жақтаған көзқарасы, істеген ісі, көздеген мақсатын терең зерттеп, мәселенің шын түйінін шешуге айрықша назар салмай, үстірттікке салынушылықтан адам баласының алға басуы, халықтың түсінігі тереңдеп санасы өсуіне келетін зияннан басқа пайда жоқ. Мәселеге осылай қараған Абай, неше алуан адамдардың не істеп, не ойлап, не әрекет жасап жүргендіктерін зор ақындықпен айтады. Халыққа зиянын тигізіп жүргендерді әшкерелейді, халық қамын ойлап, ұлы қайрат көрсетті.

Көрсеткен адамдардың ісін білмесең, түсін жөнді білуге болмайды. Шынында, жағдайға қарай өмір құбылысын көрсете білу, адам баласының ісін, мінез-құлқын тап басып айту деген не? Бұл мәселелерге бір шарт боларлық нәрсе, көрсеткен адам тек қана дара жан болмай, ол адам жағдай туғызған қоғам адамы болуын ескеру керек. Мысал үшін айтқанда бір кездегі адамның мінез-құлық әрекеті, ісі басқа бір заманның ыңғайына бейімделсе, онда шындықтың көрсетілмегені, бұлай етіп көрсеткен кейіпкерлерге ой шын қанағаттанбайды. Көрсетіп отырған кейіпкерлердің өмірде орны бар болмаса, тек бір қиялдан туған болуы, не өмірдің көмескі көлеңкесі, не сол өмірдің құр елесі болуы мүмкін. Кейіпкер белгілі бір тарихи жағдайға сәйкес болмаса, дұрыс көрсетілген болып шықпайды. Сондықтан көрсетілген кейіпкер өмірге жанастығы болғанмен, бірақ ол кейіпкерден нағыз шындықты көруге болмайды, бұл хақиқи шындық емес.

Өмірге жанастығы бар шындық пен хақиқи шындық жайы сөз болғанда, бұл екі ұғымның шекарасына көз жіберіп, сол екі ұғымдардың көркем шығармаларда орны бірдей деуге болмайтындығын ескерген жөн. Белгілі жағдайдан туған тарихи шындықты көмескілеп, үстірт көрсету, сол тарихи шындықты көркемдік санаға сүйеніп бере алмағандықтан, өмір ісінің шын байымына бара алмағандықтан шығады. Сондықтан бір дәуірдің, небір жағдайдың адамын екінші бір дәуірге, не жағдайға ауыстырудың шындыққа қайшылық келтіретіндігі байқалады. Мәселеге дұрыс түсінген Абай белгілі бір заманның өміріне лайықты адамдар сипатын көрсеткенде, ақындық тәжірибесі, кең парасатына сүйеніп, белгілі бір адамдар басындағы ерекшеліктерін терең түсіндіреді.

«Болыс болдым мінекиде» Абай сол кездегі болыстар кейпін көрсетеді. Партияласып күн кешкен, «өзі – зәлім, зәкүншік» болыстар мен пысықтардың түрлі істеріне арнап:

Күштілерім сөз айтса,
 Бас изеймін шыбындап.
 Әлсіздің сөзін салғыртсып,
 Шала ұғамын қырындап²⁸¹, –

десе, шығарманың енді бір жерінде, болыстардың содырлы мінезі жайында:

Боқтап жүрмін барқылдап,
 Кейбіреуге таяғым
 Тиіп те кетгі сартылдап²⁸², –

дейді. Абайдың бұл қадап айтқан сөздері, болыстардың көзге түсерліктей нақтылы мінездерін бұлжытпай суреттейді, ақын өзінің сыншыл, шыншыл екендігін аңғартады.

Салтыковтың «Господа Головлевысын» алыңыз. Салтыков бұл шығармасында, орыстың дворяндары, сол Головлевтер өмірін суреттейді. Щедрин ол өмірді құнарсыз кертартпалық қалпын Иудушка мен Арина Петровналар сипатын жасау арқылы көрсетеді. Іруге айналған дворяндар өмірін бұлай етіп көрсету – шынды айту, өйткені Салтыков көрсетіп отырған сол дворяндар өмірінің айрықша бір өзгешелігі – ол өмірдің кертартпалығында еді, өмір ісіне ыңғайы жоқ сөлекеттігі мен топастығында еді. Салтыков мәселенің негізгі жағынан келіп көрсеткен, адамдарды дұрыс бағалаған, дұрыс сынаған.

Бүлінуге бет алып, тұрмыстан анағұрлым қалып қоюшылар уәкілі Головлевтер еді, мұны Щедрин жақсы білген, бұған қарағанда Салтыковтың тарихи жағдайға қарай, соған сәйкес кейіпкер бергенін көреміз. Салтыковтың бір қасиеті, ол көрсетем деген адамдардың мінез-құлқын терең зерттеп, сол адамдарды туғызған тарихи жағдайды дұрыс түсінуінде.

Атақты жазушы Гончаров Обломовтардың тарихи өзгешеліктерін, жағдайға сай етіп көрсетеді. Обломовтың қандай ортадан, қандай өмірден шыққандығын терең дәлелдей келіп, Илья Ильичтің үй іші тәртібі секілді елеусіз көрінетін нәрселерді де ескерусіз қалдырмайды. Жазушы өмірді көрсетуге өте шебер екендігіне көре, кейіпкердің өзгешелігін оқушыға түсіндіре біледі. Обломовтың үй іші көрінісі туралы Гончаров былай деп жазады: «Суреттер жанында шаң сіңген фестон секілді қабырғаға жабысқан

²⁸¹ Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармаларының 2 томдық толық жинағы. – Алматы, 1957. I т. 79-б.

²⁸² Сонда, 80-б.

өрмекшінің ұясы, айналар нәрселерді көрсетуден гөрі, олардың шаң басқан бетіне, ойда қалдыру үшін әлде қандай ескерткіш жазуға скрижал болуы көп қолайлы. Кілемдер шұбартып кеткен. Диван үстінде ұмыт қалған орамал жатыр. Ертемен үстел үстінде кешкі астан жиналмай қалған мұжылған сүйек, солонкасымен табақ тұрмайтын күндер сирек болатын. Нанның қоқымы шашылып жатпаса, егер сол табақтар, жап-жана тартып, төсекке сүйеп қойған най, төсек үстінде жатқан үй иесінің өзі болмаса, мұнда ешкім тұрмайтын шығар деп ойлауға болар еді. Өйткені шаң баспаған нәрсе жоқ, бәрі оңып кеткен, тіпті тірі адам тұрғандықтың еш белгісі жоқ. Рас этажеркада беті ашылған екі-үш кітаптар тұр, газеттер шашылып жатыр, бюраның үстінде қаламдар мен дәуіт тұр, бірақ беттері ашылған кітаптар шаң, сарғайып кеткен, олардың талайдан бері жатқаны байқалады, газеттер номері өткен жылдыкі, егер дәуітке қалам батырса, шошығаннан ызың етіп тек шыбын ұша жөнеледі²⁸³. Сөйтіп Обломовтың өмір ісінен алыстап, бойын жалқаулыққа біржола жеңгізбегендігін, оның тек үй іші тәртібінің өзінен де аңғаруға болатын сияқты, осы азғантай сипаттаманың Илья Ильичтің әлеуметтік өзгешелігін, оның кім екендігін айтып тұрғандай.

Абай көптеген шығармаларында аздаған сөздер мен әлдеқандай адамның өзгешелігін, бойына сіңген әдеттерін бұлжытпай айтып береді. Заманының шаруаға қыры жоқ, сөзуарлыққа салынған, ақылы мен адамшылығын арттыруды ойламаған адамы туралы былай жазады.

Бір әршөпке шапаны сондай шап-шақ,
Мүшесінен буынын басады алшақ.
Қарсы алдына жымырып келтірем деп
Ақ тамақтың құлағы салтақ-салтақ...²⁸⁴

Заманы туғызған сері сымақ, сәнқой сымақ, киіміне көп көңіл бөлген күйкі жанды «керегеге сабауын шәншіп қойып» бөркіне қайта-қайта қарап мәз болған адамды көресіз. Шәншілген сабау, ілінген бөрік иесінің кім екенін айтып тұрған секілді. Бұл арада Абай өмірді көрсетуге шебер екендігін аңғартып, сәл нәрсе арқылы да заман адамның ерекшелігін тап басып айтқан. Обломовтың үй іші тәртібін, сабауға бөркін іліп насаттанған кісіні көрген адам олардың кім екенін түсіну үшін онша қиналмауы мүмкін. Гончаров та, Абай да

²⁸³ Гончаров И.А. Обломов. – М., 1958. 5-б.

²⁸⁴ Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармаларының 2 томдық толық жинағы. – 1957. I т. 35-б.

адам өзгешелігін білдіретін сәл нәрсені байқауға шебер екендіктерін көрсетеді. Заманына лайық адам мінездерін дұрыс түсіндіреді.

Әдебиет тарихына көз салсаң, тарихи жағдайға сәйкес берілген нақтылы кейіпкерлер аз емес, әрине, бұлар өмірдің шын айнасы болу дәрежесіне қарай түрлі-түрлі болуы мүмкін, шынында заманына, ортасына, ісіне қарай кейіпкерлер көрсете білген ақын-жазушыны ғана реалист деуге болады. Гончаровтың «Обломовында», Гогольдің «Ревизорында», Салтыковтың «Бір қаланың тарихы» деген шығармасында заманына сәйкес, жағдайға лайық кейіпкер көрсетіледі. Пушкин, Абай, Толстой ойын жасқанбай айтқан жазушылардың тұрмысты терең суреттеп, түрлі кейіпкерлер бере білгендігін көреміз.

Абай шығармаларына зер салсақ, оның түрлі адамдар мінезін, құлқын көрсетуге өте шебер екенін, ойын шындыққа, парасатқа сүйеніп айтқандығын көреміз. Абай мол ақыл, терең интуициясын пайдаланып, тарихи шындықты жазды, тарихи жағдайға сәйкес өмір құбылыстарын көрсете білді, өмір адамдарының заманына, ортасына лайық істеген іс, еткен ғамалын жақсы түсініп, олардың өмірдегі орнын көрсете білді. Ойын жалпылап айтпай, адамдардың тарихи өзгешеліктерін анықтап көрсету арқылы түрлі мінезді адамдармен таныстырды.

Шығармаларға керек болған адамдар жайын терең зерттеу керек болады. Адамдарды көрсетпек бұрын олардың ісін, мінез-құлқын, әрекетін, мақсатын жақсы білу, оны тәптіштеп лайығыменен көрсету шарт десек, Абай осы мәселелерді өте дұрыс шешкен. Ақын түрлі адамдар мінезін, құлқын, ісін көрсетсін (болыстар, пысықтар, жегіштер, шабармандар тағы тағылардың дейік), қазақ халқының бір кездегі кейбір суреттерін берсін (жазғытұры, жаз, күз дейік) – барлығында жалпы айтудан қашып, өмірді белгілі жағдайдың ерекшелігіне қонымды етіп көрсетеді. Айтқандары халық өмірінен тыс кетіп, әлдеқандай қиялға айналмай, сол өмірдің шын айнасы болып тұрады. Абай суреттеп отырған күз, жаздың сол кездегі қазақ өмірі өзгешелігін айқын көрсететіндігіне күмәндануға болмайды. Сондықтан да оның мұндай шығармалары – өте құнды өз алдына бір тарихи ескерткіштер. Ақын жазғандары өмірдің дәуіріне сай келе кетеді. Сөйтіп ол өзінің реалист ақын екендігін көрсетеді. Абай жазғандары өмірге үйлесімді келіп, болмыстың құр көлеңкесі болмай, сол өмірдің шын айнасы болып шыққан. Абай реализмінің бір құнды, үлгілі жағы, міне, осында.

Абай шығармаларында ащы сөздер қолданбағандығын ескереді.

Улы сия ащы тіл,
Не жазып кетсе жәйі сол
Жек көрсеңдер өзің біл²⁸⁵.

Бұл жөнде Абай ақындығына айрықша қарап, алдына әлеуметтік зор міндеттер қойды. Қоғам өміріне залалын тигізгендерді, ащы тілмен аластады. Өз басы халыққа керекті, пайдалы адам болуды аңсаған ақын айтқанын ашына айтуды өте-мөте құнттаған.

Ел арасында «жақсы» атанып, әкімдік жасап, ұлықтарға жарамсақтанғандар, сөзін өткізіп өктемдік еткендер туралы:

Елдегі еркек,
Босқа селтек,
Қағып елін қармады²⁸⁶, –

деді. Ақын іріткі салып, елді жеп бұқараның мойнына ауыр жүк болып асылғандарды «жөнді, жөнсізді» айырмай, қозы-қоспайға салып, арамдықтарынан арылмай жүргендерді көреді. Ел шайқағандардың ісіне наразы екендігін:

Елде сияз,
Ойда ояз,
Онбай-ақ тұр әр түрі²⁸⁷, –

деп ел қамын ойлау зор міндеті ретінде түсінген Абай бейпіл ауыз, жалақорлардан, өрекіген өктемшілерден құтылмай, бой жазып еркіндікке, бостандыққа жете алмайсың демек, сондықтан ондайларды қатал сынау, ащы сөзбен әшкерелеу оған азаматтық борыш. Елді беймаза еткендерді көргенде ақын ашына, рухтана сөйлейді. Айтқандарын кеселді кердендердің шымбайына батыра, шамына тие айтады, шындықтың бетін ашып, байқаған өрескелдіктерді бадырайта көрсетеді. Сондықтан да Абай көптеген шығармаларын «ащы тілмен» жазады. Абай, әсіресе, ардан, намыстан күйіп жүргендерге арнаған сықақ сөздерінде неше алуан кемшіліктерді көрсетіп, өмірдің өрескелдіктерін айтуға өте шебер ақын екендігін аңғартады. Абайдың талайларды қатал сынап, оларды ішкі -тысын бірдей көріп, сықақтай білгендігі айқын көрінеді.

Ащы сөздерін дұрыс қолдана білген Абай жұртқа зорлығын асырғандардың бетіне шоқ басты, апшыларын қуыра терең мағыналы ойларын айтты. Абайдың осындай бір ерекшелігін көре, оның көп шығармалары ащы тілмен жазылған.

²⁸⁵ Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармаларының 2 томдық толық жинағы. – Алматы, 1957. I т. 204-б.

²⁸⁶ Сонда, 113-б.

²⁸⁷ Сонда, 114-б.

Абайдың ащы сөздері орынды ой мен шындықты айтуға жұмсалады. Ақын біреудің жайын айтқанда шектен асып, шындықты бұзып, өмір ісіне жанаспайтын нәрселерді сөз етіп, көрерлікті көргісі келмей, көз жұмып, сөзін орынсыз сықақ, өрескел кекету, бос ажуаға айналдырмайды, ақындық қабілетін сақтай біледі, сондықтан оның айтқандарынан сықақ айтудың өрескел түрі емес, шындық сезіледі. Ақынның ащы сөздері, өмір құбылыстарының алуан жақтарын дұрыс көрсетіп тұрады: өз емеурініне тартып, субъективтік түрде пікір айтуға салынғандықтан Абай аулақ.

Абай өз заманының өмір құбылыстарын терең түсінген. Ол сол кездегі қазақ жағдайын тек сырттай білмей, қатысып, халықтың талай күйіншістерін басынан атқарған, елмен бірге қуанған, елмен бірге күрсінген, өкінген.

Абай жағымсыз адамдарды сипаттағанда, тек оларды сықақтайыншы деген жеңіл ойға бармайды. Шынында, сол сипатталғандардың өмірдегі орны, кескіндері мен істерінің өзінде өрескелдік сықақ сөздерді керексітіп тұратындық бар еді. Олар сөз болса, бір жағынан, өмір өрескелдігі уәкілі ретінде сөз болады, ал кейіпкердің сықаққа тұрарлық жат мінездері көрсетіледі. Оның айтқандары сол кездегі жағдайсыз өмірдің арқауын босатып, әлеуметтік құнын кетіріп, ірге тасын тезірек құлатуға арналады.

Абай «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлыда» шығарманың алдыңғы бөлімінде кей адамдарды сырт жағынан, пішін жағынан, мүсін жағынан суреттейді де, шығарманың аяқ бөлімінде олардың өрескел мінездері, қарапайымдығы қатты сынға түседі. Абай жаны тиыш, жағасы бос, өмірдің ауыр еңбегінен аман, шаруаға үйренбеген, не бір білім ісіне кіріспеген, не бір кәсіп іздемеген, татымды жұмысқа жол ашылмаған, байшігеш ортаның, заманына қарай мәпеленіп өскен ісі, мінезі келіспеген сұлулар туралы былай жазады: «Бұлардың кейбірінің мінездері еш нәрсе білмегенсіп бұртақтаған. Кейбірі жайдары, ашық боламын деп орынсыз адамдармен жыртақтаған»²⁸⁸.

Абай сипаттап отырған «жұп-жұмыр ақ торғайдай мойны бар» сұлулар: жерден сынық шөп алмай ерке өскен, кой сауып, жүн иірмеген, мал бағып, күнге күйіп те көрмеген, сәндікке, мәпеленуге салынудан әрі бармаған әлдеқандай саяда өскен жандар. Сөйтіп сырт келбеті келіскендердің келіссіз мінездері де паш болады, тәрбиесіне, адамшылығына, өнерлі болуына жол ашылғандық айтылады.

²⁸⁸ Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармаларының 2 томдық толық жинағы. – Алматы, 1957. I т. 2-б.

Абайдың ащы сөзімен жазған шығармасының бірі – «Абыралыға». Мұнда дінге беріліп, тақуалығын бетке ұстағанмен, құдайға құлшылық етудің ережелерін жөнді білмей, пұшайман болып жүрген адамның жайы сөз болады. Сондай бір босқа әуре Абыралыны ажуалаған Абай:

Намаз шамның артынан,
Құржақ-құржақ етеді.
Жерұшық берген кісідей
Тоңқаңдай ма не етеді²⁸⁹, –

дейді. Абай бұл шығармасында айтқанын мағынасыз шарж, бос мазаққа айналдырып алған дей алмайсыз. Шығарманың сатиралық күші, ақындығы болыстарға арналып жазылған шығармалармен барабар болмаса да, бірақ бұл шығармада заман шындығы, өмір көрінісі, адам мінезі жоқ, мұндағы айтылғандар орынсыз күлкі, бос ажуа деу қиын. Абай Абыралыны ажуалайды, сонымен бірге шындықты айтады. «Кәлқаусарды» айтып, намаздың алдын біліп, артын білмей тақуасынып, сонысын мадақ көрген заман адамының бір мінезін Абай дұрыс көрсеткен. Абыралы сияқтылар бір кезде бірлеген емес, әр ауылдан кездесетін, сондықтан Абайдың айтқандары бір ғана Абыралы емес, талай Абыралыларға арналған еді.

Абай ел арасында саны өсіп, берекесіз іспен әуреленген сидан жігіттерге көз тігеді. Шаруаға қыры жоқ, халыққа тиер пайдасы, көмегі жоқ, ауыл аралап тегін тамақ, тегін киім, тегін ат іздегендерді сынайды. Сөйлесе – бет-аузын жүз құбылтқан, «жұрт құтыртқан», антын, арын саудалаған, мойнын бұрса – қорзданып қараған, өмір ісіне олақ, ішін түземей, сыртын түзеткен, өзінше маңғазсынғанмен сиқы жоқ, сыңар жақ бояма адамдардың жайын түсіндіреді. Ондайлардың сырын жақсы білген ақын өмірге керексіз адамдарды халыққа жат етіп көрсетіп, елдің олардан безінуін мақұл көреді. «Қу шалбар – құлығына болған айғақ» жандардан не пайда, не үміт демек.

Абай сүйреңдеп өсек айтып біреу мен біреуді шағыстырып, араздастыруды өнерім көргендерді көп алдында масқаралайды.

Жантайдың баласы Көжек деген,
Әркімге өсек тасып безектеген.
Досын келіп досына жамандайды
Шіркінде ес болсайшы сезед деген²⁹⁰.

²⁸⁹ Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармаларының 2 томдық толық жинағы. – Алматы, 1957. I т. 17-б.

²⁹⁰ Сонда, 55-б.

Қазақ арасында әлдеқандай әлеуметтік орын алып, өздерінше елге билік жүргізгендерге Абай айрықша көз салады, оларды «пысық» деп атайды. Сол кездегі жағдайды еске алсақ, пысықтар, әрине, қазақ өмірінен недәуір орын алған-тын. Патша тарапынан, ұлықтардан, болыстардан көрген жәбірліктері аз болмай жүрген бұқараға пысықтар азапты аз тартқызбаған-тын. Пысықтар – не ақыл иесі, не шаруаның кәсіптің адамдары емес, олар – дау-шар, қулық-сұмдық, жалақорлықпен күн көріп, біреуді алдап, біреуді қорқытып, біреуді егестіріп, біреуге жалпақтап жағып, бедел алып, амалын асыруға машықтанған бір топ жандар болып көрсетілген. Ел бүлдірген пысықтар өзара бір-бірінен қалыспауды да ойлайды. Олар – «ку» деген ат алуға құмарлар. Олар «құржаңдаған» Абыралы, не өсегін айта алмай шатысып жүрген Жамантайдың Көжегі де емес, олар – заманына, ортасына қарай сасық қулыққа жүйрік, айласы бар азғындар, өздерінше ептілік білдіріп, сұмдығын асырып, сөздерін өткізе білгендер еді. Қулар, пысықтар туралы Абай мынадай бір мағлұмат береді:

Қызмет қылып мал таппай,
 Ғылым оқып ой таппай,
 Құр үйінде жатады...
 Өтірік, өсек мақтанға
 Ағып тұрса, бейне су.
 Ат шапаннан кем көрмес
 Біреу атын қойса «ку»²⁹¹.

Пысықтар ауыл арасы билікті уысынан шығармай, сөйтіп барып өзінен жоғары ұлықтармен жарасып, жұмыс бітірген кісімсіп, кәсіпсіз еңбексіз өмірін амалмен, арамдықпен ақтап жүргендер еді, елді ығыр ету, дау-шарды көбейту ісіне шеберленгендер еді. Абай пысықтардың неше түрлі мінездерін көрсетеді, олардың «сабырсыз, арсыз, еріншек, көрсе қызар жалмауыз, егессе ауыл шабам» деп өректінін айтады. Жаман ісін жасырып, «жоқ нәрсені» айтып, тампыстықпен мекерлігін арттырып, нәуетекситін жандар екенін халыққа түсіндіреді.

Абай көрсеткен пысықтардың алуан-алуан істері бар, ел тиыштығы бар жерде олардың оты өшіп, күлі сөнеді, жолдары болмай, желігі азаяды. Ал партияшылдық көбейіп, дау-шар үдесе, күні туып дәуірлей бастайды, ақын ондайлардың халық тынышын алған арамтамақтар екенін айтады:

²⁹¹ Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармаларының 2 томдық толық жинағы. – Алматы, 1957. I т. 58-59-бб.

Ел тыныш болса азады,
Ерігіп өле жаздады²⁹², –

деген сөздер де соларға арналады.

Абай шығармаларында шындықтың бетін ашып, заманы туғызған адамдардың өздеріне лайықты істерін, әрекетін, психологиялық өзгешеліктерін бұзбай айтып береді. Ақын өрескелдіктерді әшкерелейді, бірақ сөздерін құр кекесінге айналдырып, өмірге жат ой білдіріп, шындықты бұзып жібермейді, бос тенденцияға салынбайды, көп көкейіне қонарлық, халық құлағына сіңісті боларлық керекті ақыл айтады. Халыққа зиянын тигізген пысықсымақ, әкімсымақтардың жайын жақсы түсінген Абай:

Харекеті – әрекет,
Өзі оңбаған ант ұрған,
Кімге ойласын берекет?²⁹³ –

деп өктемдік жүргізгендердің кесірін тигізгеннен басқаға жарамай жүргендігі айтылады:

Мал мен бақтың дұшпаны,
Кеселді пысық көбейді²⁹⁴, –

деп қынжылады. Күн көріс, мәдениеті, келешегі әлсіреген халықты іштей жеген пысықтар мен қулардың қараңғылыққа бастап, ел аяғына тұсау салып келгендігі ескеріледі. Жалғанға, мақтанға, өшпенділікке салынып, шынның бетін бояғандар, даурыққа беріліп далақтағандар, қай жерде жем бар деп жан-жағына алақтағандар, көппен есептеспей әкімсігендер, арам ойлы, тар пиғылды, халық мүддесіне жат жандар айыбын ашады Абай. «Болыс болғандар өзі қулық арамдықпен болыстыққа жеткен соң, момынды қадірлемейді, өзіндей арам қуларды қадірлейді»²⁹⁵, – дейді.

Абай ауызға алған: пысық, қу, болыс, шабармандар, тағы-тағылар заманының адамдары екенін әрбіреуінің өздері білдіріп тұрады, олардың түрлі ерекшеліктері көз алдымыздан өтіп жатады. Абай оларды көрсетсе, сонымен бірге өмірді көрсетеді, өмірді көрсетсе, сонымен қатар адамдарды көрсетеді.

Абайдың болыстарға арналған көлемді шығармаларының бірі – «Болыс болдым мінеки». Ақын бұл шығармасында ащы сөзін өресіне

²⁹² Құнанбаев *Абай (Ибраһим)*. Шығармаларының 2 томдық толық жинағы. – Алматы, 1957. I т. 59-б.

²⁹³ Сонда, 60-б.

²⁹⁴ Сонда, 59-б.

²⁹⁵ Сонда, 320-б.

жеткізе сөйлейді. Ресми күштің бірі – болыс, Абайдың қатал сынына ілігеді. Әлсіздің сөзін салғыртсып тыңдамайтын, өзінен жоғарының алдында құрдай жорғалайтын, сайлау келді, ояз келді дегенде құты қалмай үрейленетін, малын шашып жалпақтап жүріп болған болыстығынан айырылып қалам ба деп қалтырап, әбігерленген болысты көресіз. Абай шығармасынан өз елін күйзелтуге бапандай, халыққа жақсылық істеу қолынан келмейтін, сыртқы айдын жоқ, үрку, үркітуден аса алмаған адамды көреміз. Өзіне өзі назаланған болыстың ояз бардағыдай елді қысып, үркітіп ұстай алмаймын, көпшілікті еркіндетіп тізгінді босатып аламын деген ойы :

Сияздан соң елімді,
Қысып алып кетпеймін²⁹⁶, –
деген жолдар арқылы айтылады.

«Қаталдығым жетпейді, сондықтан айтқанымды орындатарлық әкім бола алмадым» деп те өкінеді. Өзінен үміт үзген ол:

Кәтелешке көбейді,
Сөгіс естіп, тозды жан,
Мынау елді ұстарлық
Кісі емеспін, кел құтқар²⁹⁷, –

деп өз сырын өзі ашады. Жоғары мәртебелі ұлықтар қаһарынан шошығандық оның халін әбден әлсіретеді. Кешегі арындаған әкім, енді болыстығынан қашып құтылуды ойлайды, «мынау елді ұстарлық» шамам жоқ деген қорытынды жасайды. Мұндай болыстың заман көтеріп, өзіне өзгелерді бағындырып жүргені болмаса, шынында, халық игілігіне жарамайтын күйкі, күлкі жан екені көрінеді. Мұндайлардың бірі шен-шекпені, бірі пысық деген аты, бірі тағы бір керексіз қасиеттермен өмірден орын алғаны айтылады, заман туғызған бұзарларды көресіз.

Абай шығармаларында жайы баяндалған жағымсыз адамдар, шетінен өмірдің сыртқы, ресми жағына берілген, халыққа пайдасын тигізбей жүріп, мәртебе алғандар болып келді. Олардың үстіндегі жалтырауығын, шен-шекпенін, дандайсыту үшін берген атағынан айырсаң, ар жағында ештеңе қалмайтын, алтын жүгінен айрылған есек құсап қадірсіз болып қалатын жандар екені дәлелденеді. Мұндайлардың есек басымен «Жаббарқұл мырза» атануға құмар баянсыз іске жармасқан, ерлігі, әділдігі, адамшылығы жоқ, бер-

²⁹⁶ Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармаларының 2 томдық толық жинағы. – Алматы, 1957. I т. 81-б.

²⁹⁷ Сонда, 82-б.

ген атаққа мәз болып, далақтап содырын тигізген жандар екені аңғарылады. Абай «ащы тіл, улы сиясын», әсіресе, осындай бір құны жоқ құныстарға арнайды.

Абай ащы сөздерін түрлі әуенге, әдістерге салып қолданған. Ақын жайын баяндамақ болған кей адамдарды әуелі бір көтеріп тастағандай, дандайсытқандай болады да, артынан құдіретсінгендерді күрт түсіріп, қауқиған сырттары болмаса, ішінде нәрі жоқ қуыс кеуделер екенін түсіндіреді. «Өз үйінде өзендей күркіреп» мығымсығандар, күрделі іс келсе, шөміп қалатын, мақұл іс қолдарынан келмейтін, саналы ойдан аулақ адамдар болып шығады. Шен таққандар тек бер жағы жылтырап, халыққа пайда тигізуді ұмытқан, жәбірлігін өнерін көргендер екені түсіндіріледі.

Абай басня үлгісінде жазған бір шығармасында сауда-саттық жасап, бір жақтан келе жатқан қырық-елу қос керуендер жайын сөз қылады. Үстіне артқан алтынына бола, керуендер есектің үстіне шаң жуытпай артық жем беріп, жүнін сипап, шетінен бәйек болып, оның алдында шөптей жапырылып, атты теуіп, адамды тістесе де, қарсы келмейді, керек десе, кейбіреулері есектің салпиган құлағынан да сүйеді. Тамам қостың байлары есектің қасынан шықпай үйіріліп-шүйіріліп жүргені. Осындай сый құрметтің салдарынан есек әбден дандайсып кетеді. Керуендер оның өрескелдіктеріне де көнеді:

Ол жай жүрсе жұртта жай,
Ол желсе, жұрт желеді²⁹⁸.

«Жаббарқұл мырза» атанған бұл есек алтыны үстінде жүргенде есе бермейтін, айбарлының бірі болып кетеді. Бір күні есектің үстінен алтын жүгі алынады. Алтын жүгінен айырылған, өз басының құны жоқ, қолынан іс келмейтін есек туралы мынаны оқимыз:

Алтынды бір күн бай алды,
Есектен жұрт та түңілді.
«Жаббарқұл» аты жоғалды,
Боқ тасуға жегілді²⁹⁹.

Сөйтіп кеше ғана талайлар алдында бас иген, жарамсақтанған есек енді атағынан айрылады. Оның қасында жалпақтағандардың бірі қалмайды. Есек қаз қалпына қайта барады, бірақ дәуірлеген кезінде, есек те өнер көрсеткен еді: атты теуіп, адамды тістеген-тін, «Жаббарқұл» атанған еді.

²⁹⁸ Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармаларының 2 томдық толық жинағы. – Алматы, 1957. II т. 142-б.

²⁹⁹ Сонда, 143-б.

Абайдың есек туралы шығармасы Салтыковтың «Бір мұжықтың екі генералды қалай асырағандығы туралы әңгіме» деген шығармасымен үндес келген. Екі шығармада да дандайсытқанға сүйеніп, өрескелдіктерін асырғандар әшкереленеді. Щедрин әңгімесінде жайы баяндалған генералдарда, өз басының құны жоқ, тек берілген атақтың дүмпуіне салынып, өзгелерге өктемдік көрсетіп, өрескелдік жасап жүрген жандар болып көрсетілген. Генералдардың өрескелдіктері адамды теуіп тістеген есектің өрескелдіктерін еске салып тұрады.

Екі генерал ел жоқ, жұрт жоқ бір аралдың үстінде, бір көрпенің астында жатқанын бір-ақ біледі. Тек ертегіде боларлық бір ғажайып жағдайға тап болады. Үйсіз-күйсіз қалған генералдар ұйқыларынан оянып, қарындары ашып, тамақ іздеуге кіріседі. Оларға бұрынғыдай даяр асты алдарына әкеліп қоятын күтушілердің бірі жоқ. Тегін ішіп, тегін жеп үйренген шонжарлар енді қатты сынады. Аштан өлмеудің қамына кіріседі. Бірі күнбатысқа, бірі күншығысқа бет алып, екі айырыла жүріп кетеді. Аштықтан бүгілген генералдарды сықақтаған Щедрин: «Вдруг оба генерала взглянули друг на друга: в глазах их светился зловещий огонь, зубы стучали, из груди вылетало глухое рычание»³⁰⁰, – дейді. Генералдар жоғарыда салбырап тұрған алмаларды көреді, бірақ қалай алып жеудің амалын білмейді. Генералдар балықты да, шілді де, құрды да, қоянды да көреді, бірақ бұлардың ешқайсысын керегіне жарата білмейді. Өз беттерімен күн көруге дәрменсіз, тек алдындағыға бапандай арам тамақтар, тұрмысқа жат, өмірден ештеңе өндіре алмайтын орашолақ жандар екенін білдіреді. Генералдарды ажуалаған Салтыков: «Да, – отвечал другой генерал, – признаться, и я до сих пор думал, что булки в том самом виде рождаются, как их утром к кофею подают!»³⁰¹, – дейді. Генералдардың өрескел түсінігін баяндаған жазушы, олардың өзгелер еңбегімен күн көрген, сөйтіп өзіне жайлы өмір орнатқан жандар екенін әдейі ескертеді. Жазушы генералдардың мәнерсіз сөздерін мысалға келтіру арқылы олардың өмірге, қоғамға керексіз адамдар екенін сықақтай түсіндіреді.

Аралда қалып сасқан генералдар өз беттерімен күн көре алмайтындарына әбден түсінеді де, ойлап-ойлап ақырында бір «тамаша» ақыл табады, қалайда болса іздеп жүріп, бір мұжық тауып алу керек деген қорытынды жасайды. Мұжық осы араның өзінде, сізге булка да тауып берер еді, балықтарды да, шілдерді де ұстап берер

³⁰⁰ Салтыков-Щедрин М.Е. Эстонское государст. изд., 1951. 5-б.

³⁰¹ Сонда, 4-б.

еді деседі. Айтқандары мұң екен, бір мұжыққа кездесе кетеді. Енді олар генералдың қоқайноқтысына салып, мұжықты ырқына көндіріп алады, бұдан былай оларды мұжық асырайтын болады. Алдына ас, үстіне киім салып отырған мұжықтан айырылып қалмауды ойлап, зауқатта қашып кетсе, күніміз не болар деп қауіптенген генералдар, әуелі мұжықтың өзіне жіп естіріп, сол жіппен оны ағашқа байлап қояды. Генералдардың осындай толып жатқан өрескелдіктері айтылады, олардың мұжықтың мойнына асылған ауыр жүк – өмірге масыл адамдар екені түсіндіріледі. Салтыков сатиралық мәні өте зор бұл шығармасында генералдардың, не генерал сияқты дандайсыту үшін берілген атаққа мастанғандардың, не Абай шығармасында жайы баяндалған, үстіндегі алтын жүгіне мастанған есектердің, өз қолынан ештеме келмейтін құнсыз құныстардың бет пердесін ашып, қатал сынайды. Ондайлардың қадірсіз бояма адамдар екенін сықақтайды, зорлықшылықтың уәкілі екендігін айтады.

Келтірілген мысалға қарағанда, Абай да, Салтыков та ресми жағдай дандайсытқандарды сықақ етеді. Бірі есектердің өрескелдіктерін көрсе, екіншісі генералдардың өрескелдіктерін көреді. Бұлар: белгілі заманның жағдайы туғызған, содырлы сөлекет адамдары еді. Есек «Жаббарқұл» атанып, атты теуіп, адамды тістеп, бейбастақтық жасаса, генералдығын арқаланып өрескелдік жасаған генералдар жазықсыз мұжықты ағашқа таңып қояды. Сөйтіп бұл жерде есектер мен генералдар бір-бірінен қалыспайды. Салтыковтың сатирасы орыс жағдайында болған арамтамақтарды әшкерелесе, Абай қазақ жағдайында болған арамтамақтарды әшкерелейді.

Сөйтіп Абай: екіжүзді болыстарды, намазын дұрыстап оқи алмай молдасыған «кұржаң-кұржаң» еткен «абыралыларды», өсек айтып досын досына жамандап жүрген «көжектерді», тымағының құлағы салтақ-салтақ «Қу шалбар құлығына болған айғақ» пысықсымақтарды, алтын арын саудалап жұрт құтыртқанда, біреу, «ку» деп ат қойса, соны мәртебе көретіндерді, «малмен бастың дұшпаны» арыз қор, жалақорларды, ресми өмір берген атағынан айырылса, үстіндегі алтыны алынса, қадірі жоқ, өз басы құнсыз есектерді т.т. ащы сөзбен жеріне жете әшкерелейді.

* * *

Абай шығармаларынан түрлі кейіпкерлермен танысасыз. Абай солардың толық бейнесін берерліктей уақиғаларды түгендеп айтып отырмаса да, сөз еткен адамдардың қоғамдық ерекшеліктерін аз

сөзбен айқын көрсетеді. Заманының адамдары жайын жетік түсінген Абай ел ішіндегі істес, мінездес жандардың ерекшеліктеріне көп үңілген: ауыл арасының қарапайым адамдарды, адамды парасатқа қарай бағалап үйренбеген жеңіл ойлы жанды еркіне берік өр қыз, «салақ, олақ, керім-кербездер», тағы тағыларды көресіз.

Ақынның бір шығармасында хан қолында тұрып, байлық пен атаққа қолы жете тұра, бірақ ар-намысына күйіп, адамшылығын аттамаған, теңдік іздеген, махаббатын саудаламаған, бостандық, еркіндік үшін құрбан болған, трагедияға ұшырап, арманына жете алмай, өмірі өкініште өткен қыз жайы айтылады. Шығармада Абай адам баласына керекті-ау деген бір қасиетті әдейі ескертпек. Әділдік үшін жан қиған мұндай жанның қайғылы уақиғасы ақынды тебіrentкендей. Арманы үшін аянбай қарыса білген, өзгелердің зорлығына жасып, ізгі ниетінен қайтпаған қажырлы жанның лажсыздыққа ұшырағаны сөз болады. Ерлікке, еркіндікке, адамшылыққа үндеген бұл шығарманың ар саудалағандарды аластап, заманының әділ жанды адамдарының ізгі ойын оятуға арналғаны байқалады. Басына күн түссе, күнін күйттеп, жасып-жабығып, қолжаулыққа айналып кететін пасық жан емес, асыл жанның ісін тамашалаған ақын:

Етімді шал сипаған құрт жесін деп,
Жартастан қыз құлапты терең суға³⁰², –

дейді.

Абай әйелдер туралы көптеген терең мағыналы пікірлер айтады. Оларды толқынды ой, нәзік сезім, әділдік, қайраттылық үлгісі ретінде суреттейді, жақсы ниетін аямайды, сонымен қатар кейбір әйелдердің ұнамсыз әдеттерін көріп қынжылады да, мұндайда ащы сөз қолданып, оларды өнегесіздіктен, жағымсыз мінездерден тыймақ болады. Сәнділікке салынып, сыланып-сипалануды ұнатқан, кейбір «ақша жүз, алқызыл бет, үлбіреген тамағын кір шалмайтын» шырайым барда қызметінді кім атқармас деп, олақ ойды місе тұтқан, тек сұлулығын бетіне ұстап, соны ғана мәртебе көретін, ақыл, сана, сезім, адамшылығын өсіруге наразы, орашолақ, сезімі есеймеген, қарапайым өмірдің торына шырмалған: моральдық, адамдық қасиетін жарыққа шығара алмай қор болған, сұрықсыз тұрмыс туғызған жандарды көресіз: олар – топас өмірдің құрбаны болған, өмірі өксігендер болып көзге түседі.

«Қиыстырып мақтайсызда» таңданғанын тап баспақ «тап бергеннен таймайтын, ақылына сөзі сай, теңі кездесе» қайтып басты

³⁰² Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармаларының 2 томдық толық жинағы. – Алматы, 1957. I т. 119-б.

шайқаймыз», – деп ондайда көлгірсімей, ұнатқан адамын қарсы алып, ақжарқындық білдіретін, махаббат ісінде бойын байсалдылыққа жеңдіру талабын жасамақ болған қызды көресіз. Бұл кейіпкерден «Қақтаған ақ күмістейдегі» әйелден басқа мінез көрсетіледі. Бұл сұлулығына пансынған әйелге ұқсамайды, көркім деп менменсімейді, сымбатыма сай мінезім, адамшылығым болса екенді ескертеді. Әйткенмен, мұның ғашықтық сезімінде әлдеқандай бір ерекше өзгешелік те бар, оның «шал сипаған етімді құрт жесін» деп ашынып барып әрекет жасаған қызға ұқсамайтын жақтары аз емес. Қыз: «Біз де әркімді байқаймыз» деп, оңай махаббат табуды ар көретіндігін, адамшылық бар жерде ғана табысатындығын аңғартады. Жауған қардай таза пиғылын, өте бір нәзік сезімге бояй келіп сырын айтады. Сөйте тұра, сұлудың:

Сіз – бір сұңқар шаһбаз,

Жер жүзінен алған баж

Біздей ғарып есепсіз

Есігінде жүр мұқтаж³⁰³, –

деп жігітті рабайсыз көтермелеп, өзін есікте жүрген адам ретінде бағалап, ресми атаққа, буға жығылып, «жер жүзінен алған баж» шаһбаздан аяры болмай, өз аясын тарылта:

Сенсіз маған жат төсек

Болар бейне көрмен тең³⁰⁴, –

деуі, шаһбаздардың әкімін екі ету еркінен келмей «біздей ғарып есепсіз, есігінде жүр мұқтаж» деуіне қарап, өз басы еркіндігі, теңдігін жете сезбеген, болмаса өз теңін тауып, ғашығымен бірдей дәрежеде болуына көз салмаған ба дейсін.

Хан қолында харап болған әр қыздың кейбір артықша мінездерін бұл қыздан да көру қиын. Бір қыз: шаһбаздар мен ханның буына жығылмай, ерлік пен шын теңдік, еркіндік іздесе, екінші қыздан дәл сондай мінез көру қиын.

Абай шығармасынан талай-талай адамдарды көреміз: сабырсыз, арыс, еріншек, көрсеқызар, еңбексіз еркінсіген «бір шолақ пен серкесіп» жүргендер, терін сатпай телміріп көзін сатқандар, қырқын мінсе қыры артылмайтын жұпыны жандарды көресіз. Елге, ұлыққа бірдей жағып, есебімді тапсам дейтін ел бүлдірген екіжүзді әкімдерді, оның атқа жеңіл телпекбайы старшын, шабармандарды, олардың тұрпайы мінездерін көресіз.

³⁰³ Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармаларының 2 томдық толық жинағы. – Алматы, 1957. I т. 106-б.

³⁰⁴ Сонда, 105-б.

«Айттым сәлем қаламқастан» күйрек жанды, өмірге деген түсінігі көтеріңкілеу жігіттің ой, сезім, махаббаттық арманы, оның өзінше адамшылыққа ұмтылған адал ниеті аңғарылады. Ол ғашығына:

Сенен артық жан тумас,
Туса туар – артылмас.
Бір өзіңнен басқаға
Ынтықтығым айтылмас³⁰⁵, –

дейді. Ғашықтығы жөпшенгі адамға ұқсамай, жарын ерекше сезіммен қарсы алғысы келеді. Таңдап алғаны дүниеде теңі жоқ жан. Ойын өрістете келіп:

Қылығында жоқ оғат,
Қарап тойман жүз қабат.
Ыстық тартып барасың,
Бір сағаттан бір сағат³⁰⁶, –

деп тағатын тауыса сөйлейді. Осынау бір ғашықтық – дүние рахатының сарқылмас таза көзі, мәңгі саясы сияқты, барлық қасиет бір қыздың басынан табылып, енді ондай жан еш жерде жоқ. Өмірде бір-ақ рет ғашық болуға жаралған жанға ұқсап, енді мұндай сезім қайта келмейтіндігін баяндаған жігіт:

Бір өзіңнен басқаға
Ынтызарым айтылмас, –

деп тұжырады.

«Жарқ етпес қара көңілім» мен «Айттым сәлем қаламқастың» шумақтарын салыстырсаңыз, аңғартылған ой мен сезім бір-бірінен айнымайды. Бірыңғай сөзбен айтылған ғашықтық сезім. Шығармалардың бірінде:

Жарқ етпес қара көңілім не қылса да,
Аспанда ай менен күн шағылса да,
Дүниеде сірә сендей маған жар жоқ,
Саған жар менен артық табылса да³⁰⁷, –

десе, екіншісінде ғашықтығын білдірген жігіт: дүниеде сенен артық жан тумайды, туса да өзіңнен артылмайды, басқа жанға «ынтықтығым айтылмас» дейді. Екеуі де ғашықтық жайында ойымызды осындай бір мәнде айтайық деп келісіп қойған секілді.

³⁰⁵ Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармаларының 2 томдық толық жинағы. – Алматы, 1957. I т. 103-б.

³⁰⁶ Сонда, 103-б.

³⁰⁷ Сонда, 262-б.

Абай мұндай шығармаларында ғашықтық сезімнің ерекше бір түріне үңілген. Ақын ойын тым алысқа меңзеп, шарықтата, асыра айтады. Саған менен артық жар табылса да, дүниеде енді маған сендей жар жоқ деген жігіт, әлде қандай ой, мұнын арманын жан тәнімен үзіле өкси сөйлейді. Бұл жердегі жігіт бір ғана мәңгі ғашықтық көксегендікті білдіреді. Абай көрсеткен бұл сезім сонау кездегі қазақ жастары ғашықтығының бір алуан оқшаулау түрі болып көрінуі де ғажап емес. Мұның махаббат жөніндегі түсінігі: «Қиыстырып мақтайсызда» жайы баяндалған «Сенсіз маған жат төсек көрмен тең» деп егіле сөйлейтін қыз түсінігімен сарындас жатады. Қыз тарапынан да, жігіт тарапынан да өте күйректік, ерекше сезімталдық байқалады. Екеуі де ерекше махаббат іздеген үлбіреген нәзік жандар. Балдырған жастардың, әлі де болса кемелденбеген, піспеген, лепірген романтикалық ойы, олардың өмірге терең қарамай, тек сезіммен, қиялмен қарап, өмір ісіне қанығы түрде түсінуге өрелері жетпей жатқаны көрінеді.

Абай бір шығармасында:

Қызарып, сұрланып,
Лүпілдеп жүрегі.
Өзгеден ұрланып
Өзді өзі керегі³⁰⁸, –

деп бірін-бірі аңсаған жандардың ғашықтығына арналған ойын айтады. Олардың оңашада кездесіп, өзара білдірген ыстық сезімін көрсетеді. Осындай кездескен кезде, араларына шырақ жанып, нұр құйылған, махаббаттары айқындала түсетін, дәл бір шағын айтпақ болған ақын:

Жүрекке құйылып,
Жан рахат бір сәуле, –

дейді.

Бұлар тұрпайы сезім билеп кездеспейді, нәзік түсінісе білетін таза жанды адамдар, бір-бірін барлық жан дүниесі қуатын сарқа ұғысады.

Сыбдырын, тықырын
Көңілмен тыңдасып³⁰⁹.

Сөз айтыспай, дем алыстарының өзінен аңғарысады. «Шабаздыққа қызыққан, болмаса «ақша жүз, алқызыл бет» ғашығым деп өлердегісін айтып егілген жігіт те көрінбейді. Олардың табиғи қалпына сай өзді-өзі келісіп, еріктерімен табысқан жандар.

³⁰⁸ Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармаларының 2 томдық толық жинағы. – Алматы, 1957. I т. 135-б.

³⁰⁹ Сонда.

«Көзімнің қарасын» алатын болсақ, мұнда жан қия сөйлеп, мәңгі ғашықпын деушілік жоқ. Ұнатқан қыздың ерекшелігін аңғартпақ болған жігіт:

Тереңдеп қарайсың,
Телміріп тұрмайсың.
Бихабар жүргенсіп
Бек қатты сыйлайсың³¹⁰, –

дейді.

Арадағы адал сертке ақылмен, адамшылықпен келуді қостайды, махаббат теңдігін іздейтіндігін сездіреді. Өмірге өкси қарап, сенен айрылсам, өле-өлгенше зарлап кеткенім деп жалбарынып та жатқысы келмейді, тең көрсең теңмін:

Шын ғашық сый болмас,
Сый болса, сыр болмас.
Арызымды айтайын
Құй болар, құй болмас³¹¹, –

дейді.

Сөйтіп бұл шығармада ғашықтық сезімнің басқа бір сарыны көрінеді. Көзден «ыстық жас» ағызып жүріп, күйігіме күйгізіп, махаббатыңды өзіме аударсам місе көру ісіне екі ойлы қарайтын, мәселені реалдық түрде түсінгісі келген жігітті көресіз. «Қара көз имек қас», «кең маңдай қолаң шаш», «Қыр мұрын қыпша бел» қызға жалбарынып жатуды бұл жігіт жөн көрмейтін секілді. Екі жаққа бірдей теңдік, татулық іздеп, мен «сұңқар, шаһбаз» сендейлер есігімде «жүр мұқтаж» деген сөздерді құптамақ емес.

Абайдың сүйіспеншілік ісіне арналған шығармасының бірі «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат». Мұнда Абай әсіресе, татулық, ар, ұят мәселелеріне мән бере сөйлейді. Шын достық пен махаббат – теңдік бар жерде, уәдеден шығыспай қалтқысыз сенісіп, өмірге бірдей ортақ болысып, жақсылық-жамандыққа бірдей төзіп, көңілге кір сақтаспаған жерде ғана болады; су тисе үсті-басты былғайтын «оңғақ бұлдай болсаң, не сөзде, не істе пәтуа болмаса, махаббатта, татулық та жоқ» деп түсінеді. Әйелін өзімен тең ұстамай жүрген «сасық ми» адамдарды сынға алады. Әйелін «сені сүйсе, сен де оны сүй» деп, ерлі-зайыпты адамдардың бір міндетін есіне салады. Заманындағы адамдардың әлеуметтік қалпын, тарихи жағдайын, түрлі әрекеттерін, қоғамдық ерекшеліктерін, ой-сезімі түрлерін, салтын тағы тағыларды ескере келіп:

³¹⁰ Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармаларының 2 томдық толық жинағы. – Алматы, 1957. I т. 135-б.

³¹¹ Сонда, 137-б.

Жасаулы деп, малды деп байдан алма,
 Кедей қызы арзан деп құмарланба,
 Ары бар, ақылы бар, ұяты бар
 Ата-ананың қызынан ғапыл қалма³¹², –

деп тұжырады.

Абай ойын келелі сөзбен айтуды құнттайды, көп сөзділіктен қашып «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін» беруді көбірек ескереді – бұл оның айрықша бір ақындық өзгешелігі. Өлеңдерінде, прозаларында қағида, ереже, мақал, мәтел, афоризм ретінде айтылған жолдар жиі кездесіп отырады. Сөздерін мақалдап, мәтелдеп айтушылық ескі би, ақын-шешендердің ежелгі салтына айналып, олар халық даналығынан туған, мәтел, мақалдар мен пікірлерін дәлелдейтін, өздері тарапынан да ережелі сөздер үлгісін берген. Атақты жырау Бұқар да ойларын, келелі сөз мақал, өсиет түрінде айтқан. Бұқардың:

1. Қара арғымақ арыса,
 Қарға адым жер мұң болар,
 Қара көзден нұр тайса,
 Бір көруге зар болар.
2. Қатын алма төреден,
 Қатын алсаң төреден,
 Еркегі болар жау жанды,
 Ұрғашысы болар ер жанды.
3. Сыйламаған күң қылар
 Өзін тапқан ананы.
4. Өтірікті шын қылған,
 Ол алланың қызыл көзді пәлесі.
5. Сыпайы сыр білдірмес
 Ақырын ғана бүлк етер, –

деген сөздері, өсиет, ережелі, келелі сөз ретінде айтылғаны, әрине, беп-белгілі.

Абай әріден келе жатқан, осындай бір ақындық тәсілді ескерусіз қалдырмаған көрінеді, өлеңдерінде, прозаларында мақал, мәтелдерді көп қолданумен қатар, ол өз тумысынан да талай тамаша ақындық формулалар жасайды:

1. Сен де бір кірпіш дүниеге
 Кетігін тап та бар қалан.

³¹² Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармаларының 2 томдық толық жинағы. – Алматы, 1957. I т. 233-б.

2. Терін сатпай телміріп көзін сатып,
Теп-тегіс жұрттың бәрін болды аларман.
3. Елдегі еркек,
Босқа селтек,
Қағып елін қармады.
4. Қу тілмен қулық сауған заңы құрысын!
5. Қай жеріңнен көңілге қуат қылдың,
Қырқы артылмас болған соң мінсе қырқың.

Ақынның стилі жөнінен келгенде, осындай сөздер Абайдың ақындық өзгешелігін аңғартумен бірге, оның жазғандарын жандандырып, ойшыл, дана ақынның өзіне келісіп те тұрады. Және оның ақындық формула жасауға шебер екендігі аңғарылады.

Орыстың атақты жазушысы Грибоедов пен Абай арасында да ақындық тәсіл жөнінен ұқсастық сезіледі. Грибоедовтың «Ақыл азабы» атты шығармасын алсаңыз – мақал, мәтел, ақылдық формула, афоризм сияқты болып келетін сөздер сол шығарманың өзгешелігін аңғартумен қатар Грибоедовтың «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін» айтуды ескертетіндігі байқалады:

1. Век нынешний, и век минувший:
Свежо предание, а верится с трудом.
2. Да мочи нет: мильон терзаний.
3. Повыкинь вздор из головы,
Где чудеса, там мало складу.
4. Служить бы рад, прислуживаться тошно.
5. Подумаешь как счастье своенравно.
6. Вот например, полковник Скалозуб:
И золотой мешок, и метит в генералы.
7. Прошедшего житья подлейшие черты
Да и кому в Москве не зажимали рты³¹³.

Абай да, Грибоедов та ойды тиімді сөзбен сарқа айтады. Өмір құбылыстарын қорыта айтуға шебер. Абай афоризмдері және фәлсафалық ойларын білдірген тамаша сөздерінде де осындай бір өзгешелігін көрсетеді:

1. Әкенің баласы – адамның дұспаны,
Адамның баласы – бауырың.
2. Биік мансап – биік жартас, ерінбей
Еңбектеп жылан да шығады, екпіндеп
Ұшып қыран да шығады.

³¹³ Грибоедов А.С. Горе от ума. 1956. 16, 17, 32, 35, 46, 95-бб.

3. Дүние – үлкен көл, заман – соққан жел,
Алдыңғы толқын – ағалар, артқы толқын –
Інілер, кезекпенен өлінер, баяғыдай көрінер.

Абай шығармаларын, қай жағынан алып тексерсек те, оның ел өмірін терең сезінген, ащысын да, тұщысын да татқан ақын екені көрінеді. Абай аудармаларында да, басқа ақын сарынына қарап жазған шығармаларында да халықтық қалпын жоймайды, өз өзгешелігін сақтап отырады. Ой, сезім ақындық әдісі, шеберлігі – барлығынан да өз сипатын бұзбайды. Ақынның шебер жазылған шығармалары халықтық ерекшеліктерін көрсетіп тұрады. Ондай шығармаларды тек қазақ арасында өсіп, сол өмірдің егжей-тегжейін білмеген ақын жаза алмас та... «Желсіз түнде жарық ай» – шап-шағын өлең. Ақын сахараның бір кездегі қалпын зор ақындықпен суреттейді. Заманына лайық бір тамаша сурет көрінеді. Жарастықпен кездескен жастар, жарық ай, сыбырласқан жапырақтар, жаңғырығып үн қосқан тау – барлығы шағын өлеңге сыйып өте бір түрге келген.

Желсіз түнде жарық ай,
Сәулесі суда дірілдеп,
Ауылдың жаны терең сай
Тасыған өзен күрілдеп.
Қалың ағаш жапырағы
Сыбырласып өзді-өзі³¹⁴, –

деп ақын өмірді шағына, шартына келтіре тамашалай суреттейді. Осылай тау-тасты да поэзияға айналдыра, жандандыра сөйлейді.

Абай бай мен кедей, жаз, күз туралы не басқа шығармаларында да қазақ өмірінің айқын суреттерін береді. Оның әр өлеңінен ел өмірінің әрбір бейнесі, мезгілі көрініп тұрады. Дарындылықпен айта білген суреткер ақын екенін көресіз.

Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан,
Күз болып дымқыл тұман жерді басқан.
Тойғаны ма білмеймін, тоңғаны ма
Жылқы ойнап, бие қашып, тай жарысқан...
Енесіне иіргіп шуда жібін,

Жас қатындар жыртылған жамайды үйін³¹⁵, –

деген ақын қазақ өмірінің бір кездегі өзгешелігін көрсетумен бірге сол өмірдің шебер суреткері екендігін білдіреді.

³¹⁴ Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармаларының 2 томдық толық жинағы. – Алматы, 1957. I т. 77-б.

³¹⁵ Сонда, 71-б.

Абай қазақ даласының өткен кездегі өзгешеліктерін айқын аңғартатын өлеңдер жазды. Күз, жаз кездеріне арналған тамаша пейзаждар берумен бірге, өзінің шығармаларында адамдар сипатын жасады, шынды айтып ақындық ойын, сезімін білдіру үшін неше алуан тәсілдер қолданады. Қазақ тілінде пікір айту, қазақ сөздерін қалай қолдану, өлеңнің түрлі айшықтарын, ырғақтарын табу, тіл ұстартып, ақындық өнер көрсету ісіне көп көңіл қойды. Өзінен бұрын болған ақындар шеберлігінен пайдалана білді, көркем сананың жетілуіне көмектесті. Абайдың бұл жөндегі еңбегі – қазақ халқының көркем әдебиеті үшін ұшан-теңіз зор еңбек, мағыналы еңбек. Абай: метафора, эпитет, аллитерация, ассонанс, теңеулердің неше алуан түрлерін жасады. Ойды, сезімді ақындықпен білдірудің тәсілдеріне үйретті. Тек сөзге сөзді ұйқастырғыштықты ақындық деп санамаған Абай:

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жайлы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келер айналасы³¹⁶, –

деді.

Іші алтындай бағалы, сырты күмістей таза өлең жазуды талап етті. Өлеңнің мазмұнына сай түрі болсын, құр қызықтыруға арналған өлең жазбай, әділетті ой, терең сезімнен туған өлеңдер жазуды құнттайды.

Қазақ сөздеріне терең мағына және көркемдік бере біліп, ол сөздердің орнын, орайын тауып қолдану ісіне Абай көп көңіл бөлген. Абай шығармаларының қайсысы болсын – орнымен айтылған мағыналы көркем сөздерге толы. Абайдың сөздерге мән бере жаңғырта айту жөніндегі шеберлігі, оның жаңа пікір, ұғым, сезім білдіру талабынан көрінеді. Абай ойын ақындықпен айтуды арман етеді, оқушының көкейіне қонарлық әсерлі сөз тауып, көр-жер, «жоқ-барды» термей, үлгілі өлеңдер жазуды құнттайды:

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін³¹⁷.

Жарасымды, әсерлі, жігерлі сөздер тауып, солардың келісті болып көркем түрде құралуын ескереді. Кемеңгер ойдың, терең сезімнің иесі Абай, ойына лайық сөздерді қазақ тілінен таба білген. Халықтың ойымен, сезімімен есептесе отырып, өз ақындығын өсірді, бұқараға

³¹⁶ Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармаларының 2 томдық толық жинағы. – Алматы, 1957. I т. 66-б.

³¹⁷ Сонда, 96-б.

жат сезім, ұғымдардан өзін аулақ ұстады, халық тілінің қалпын, сынын бұзбай ақындық өнер көрсетті, ұшқалақ ақындарша тіл бұзып, өрескелдік жасаған Абай жоқ. Абайдың анау жазғаны қазақ тілінің заңына қайшы келіп тұр дерлік дерек табу қиын. Абай бұқараға түсінікті, әсерлі тілмен жазуға шебер, сөз арасын «бөтен сөзбен» бұзудан бойын аулақ ұстады.

Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,
Ол ақынның білімсіз бишарасы...
Сөз айттым Әзірет Әлі, айдаһарсыз,
Мұнда жоқ «алтын иек, сары ала қаз»³¹⁸, –

деп жазған ақын: келісімсіз өрескел сөздер қолданудан сақтандым – кейбір ақындарша – «алтын иек сары ала қаз» деген сияқты дәйексіз сөздер айтып, асыра сілтеп ұрыншақтанбадым демек.

Абай халықтың ойын, сезімін өсіре, тереңдете айтады. Бар сөз, бар ұғымды өз шығармаларында қалай пайдаланудың тәсіліне жүйрік екенін білдіреді.

Алқыны күшті асаулар
Ноқтаға басы керілді³¹⁹, –

деп жазған Абай, осындай өлеңдерінде ащы ойын білдіру үшін, көбінесе малға айтылатын «асаулар», «ноқтаға» деген сөздерді дұрыс пайдаланып, ол сөздерді менменсінгендерге арнайды. Асауды, ноқтаны күнде көріп жүрген мал өсірген қазақтарға Абай сөздерінің кімге арналып тұрғанын түсіну қиын емес. Абай сөздердің орайын тауып, орнымен қолдана білетін ақын екенін көрсетеді.

1. Ит көрген ешкі көзденіп
2. Өмір сәуле көрсетер, судай тұнық.
3. Оған ақыл арам без
4. Талаптың дәмін татуға, –

деген сияқты жолдар Абайдың сөз қолдану жөніндегі шеберлігінен туған. Терең ой сезім сөздер мағынасын өресіне жеткізе жаңаша қолдануды керек етеді. Сондықтан Абайдың сөздерді былай қолдануы оның заманындағы өзге ақындардан басқалығын, дарындылығын көрсетіп тұрады. Абай шығармаларынан мынау үзінділерді оқып көріңіз:

а) Алыстан сермеп,
Жүректен тербеп,

³¹⁸ Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармаларының 2 томдық толық жинағы. – Алматы, 1957. I т. 96-б.

³¹⁹ Сонда.

Шымырлап бойға жайылған.
 Хиуадан шауып,
 Қисынын тауып,
 Тағына жетіп қайырған.
 Толғауы тоқсан қызыл тіл,
 Сөйлеймін десең өзің біл.

б) Бойы былғаң,
 Сөзі жылмаң,
 Кімді көрсем, мен сонан:
 Бетті бастым,
 Қатты састым,
 Тұра қаштым жалма-жан.

Өлеңдердегі айшық, бунақ, тармақ, буын, ұйқас, интонация, қайым өлең, кара өлең, не жырлардың өлеңдік өзгешелігінен басқаша келгендігін көресіз. Абайдың мұндай өлеңдер жазуы, оның зор талабы, өлең жазудың ақындық тәсілін таба білгендігіне байланысты келген.

Абай шығармаларынан кездесетін шумақтар ерекшеліктеріне ой жіберіңіз.

1. «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлының» шумағы 4 тармақты шумақтың ұйқасы: аа ба үш бунақты, көп буынды.

2. «Қартайдық, қайғы ойладық ұлғайды арманның» шумағында 4 тармақ, басқы тармақтың буын саны 13, соңғы 3 тармақтар 11 буыннан келген. Шумақтың ұйқасы аа ба, әр тармақ үш бунақтан.

3. «Болыс болдым мінекидегі» шумақтың тармағы 4, бірінші, үшінші тармақтар ұйқассыз, екінші, төртінші тармақтар ұйқасқан. Үш тармақ 7 буыннан, соңғы тармақта 8 буын, екі бунақ бар.

4. Ет жүрегім өртенді,

От боп жанып,

Жалын шашып

Ішіме.

Иттей қормын,

Зармын,

Сен үздің ғой желкемді, –

деген шумақты алсаңыз, мұның ұйқасы: аббвгга. Бірінші жолда екі бунақ 7 буын, 2-ші, 3-ші жолдарда бір бунақ, 4 буын, 4-ші жол бір бунақ, 3 буын, 5-ші жол бір бунақ, 4 буын, 6-шы жол бір бунақ, 2 буын, 7-ші жол екі бунақ, 7 буын.

5. «Желсіз түнде жарық айдың» тармағы төртеу. Шумақтың ұйқасы: абаб. Бірінші тармақта 7 буын (буынды дауысты дыбысқа

қарай бөлгенде), 2-ші тармақта 8 буын, 3-ші, 4-ші тармақтар 7 буыннан. Әр тармақтардың бунағы екіден.

6. «Бай секілдіде» 6 тармақ бар, ұйқасы аабееб. 1-ші, 2-ші тармақтар бір бунақты 4 буынды, 3-ші тармақ екі бунақты, 7 буынды, 4-ші тармақ бір бунақты, 5 буынды, 5-ші тармақ бір бунақты, 4 буынды, 6-шы тармақ екі бунақты, 7 буынды.

7. «Ата-анаға көз қуаныштың» тармағы жетеу, ұйқасы: аабесес. Бірінші тармақ екі бунақты 9 буынды, екінші тармақ екі бунақты, 8 буынды, 3-ші тармақ екі бунақты 9 буынды, төртінші тармақ екі бунақты 7 буынды, 5-ші тармақ бір бунақты, бес буынды, 6-шы тармақтар бір бунақты, 3 буынды.

8. «Тайға міндіктің» шумағында 9 тармақ бар (Абай жазғандарының ішіндегі ең көп тармақтысы). Шумақтың ұйқасы: забсебггг. 1-ші, 2-ші тармақтар бір бунақ, 4 буыннан, 3-ші тармақта екі бунақ, 7 буын, 4-ші, 5-ші тармақтарда бір бунақ, 7 буын, 6-шы тармақта екі бунақ, 7 буын, 7-ші тармақта бір бунақ, 5 буын, 8-ші, 9-шы тармақтарда бір бунақ, 3 буын. Бұл мысалдарға қарағанда жазғандарының шумақ, тармақ, бунақ, ұйқастарының неше түрлі болып келгенін көреміз. Абай шығармаларын тексерсек, оның өлеңдерінен 5 буынды, 4 буынды, 8 буынды кейде екі буынды (арбап, зармын) бунақтар да кездеседі. Шығармаларының шумағы 4, 6, 7, 8, 9 тармақты болып келген. 13, 11, 7, 4, 3, 2 буынды тармақтарды да табамыз. Дана ақын Абай өлең жазудың жолын жеңілдетіп, сөйлер үйлесімін тауып, неше алуан, айшық, тармақ, бунақ ұйқас түрлерін жасайды.

Ақындық туралы терең ойын ескерткен Абай:

Мақсатым тіл ұстартып өнер шашпақ,

Наданның көңілін қойып көзін ашпақ.

Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер

Думан-сауық ойда жоқ әуел баста-ақ³²⁰, – дейді.

Терең ой, сезім айтуға икемді ұстарған тіл жасау мәселесіне ақын көп көңіл аударды. Сөзінің, ойдың тек қызғылықты болып келуін ғана қанағат көрмей, думан-сауық секілді нәрселерге арнап өлең жазуды бойына лайық санамайды, терең ой керекті сезім туғызған шығармалар жазуды талап етеді, әуен қуып, жеңіл атақ іздеп өлең жазудан сақтанады. Абайдың сөздерге көркемдік, мәнділік беріп, бұл жөнде көп жаңалықтар табуы ақынның ойды кенейтін тіл ұстарту ісімен ұштас жатады, ол ақындық тәсілдер табуды құнттайды. Тіл

³²⁰ Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармаларының 2 томдық толық жинағы. – Алматы, 1957. I т. 58-б.

ұстарту мәселесіне Абай бірбеткей келмеген. Әйтеуір тосын ұғымдар мен жат сөздерді қазақ тіліне енгізе берсем, соның өзімен тілдің сынын келтірем деген жеңіл ойдан Абай аулақ. Тілдің қалыптасқан жігін бұзудан ақын өте-мөте сақтанады. Сондықтан Абай кіргізген сөз жаңалықтары мен ой жаңалықтары, қазақ тіліне қонымды, жанасымды болып келген. Оның айтқандары халық түсінігін бұзып, дөрекі көрініп тұрмайды.

Абай: қазақ тілін орынсыз сөздермен шұбарлап жүрген «сөз танымас», қазақ тілінің қадірін білмейтіндердің бәйітсымақ өлеңдерге әуестеніп, аят, хадис сияқтыларды көп қолданып, сөздің сынын бұзатындығын көреді:

Әуелі аят, хадис – сөздің басы,
Қосарлы бәйітасымақ келді арасы³²¹, –

деп тілдің жас сөздермен былығып жүргендерге наразылық білдіреді.

Абай қазақ халқының поэзиялық ұғымына теріс көрінетін, орынсыз, өрескел өзгерістер кіргізуден өзін өте сақ ұстады.

Оның жазғандарын оқығанда ақын шығармаларының таза қазақ тілінде жазылғандығын, қазақ поэзиясының заңын бұзбай, сол поэзия түрін өркендете отырып, өз жаңалықтарын қосып отырғандығын аңғарасыз. Ақын өзінің шығармаларында бұрынғы ақындар шығармаларын, көркем мұраларды – жырлар, ертегі, мақал, мәтел, жұмбақтарды дұрыс пайдаланғандығын аңғартады, қазақ поэзиясынан рухтана біліп, эстетикалық сезімін байытқандығы байқалады. Халықтың ойы, сезімі, эстетикасынан қуат алған Абай сол халыққа түсінікті тіл таба білді. Айтқандарын түсінікті сөздермен халық жігерін ояту ісіне арнады, үлгілі шығармалар жазып, өнерлі ақын екенін танытты, өзі халықты сүйсе, халық сүйсінгендей шығармалар жазды. Абай қазақ халқының ақындық зор қазынасынан, қорынан пайдаланып, ол қорға қор қоса білді. Бар қорды рәсуалап, қор жасамақ болған, ақындықтың өрескелдік жолына түскен, орынсыз жаңалық қуып, барды менсінбей бәлсіген, ұрыншақты, жеңілдік жасаған ақынға Абай еш ұқсамайды.

Еңбек қылсаң ерінбей,
Тояды қарның тіленбей³²², –

деген жолдарға назар аударыңыз. «Еңбек етсең емерсің» деген мақалды есіңізге түсіріңіз. Абай сөздері де, мақалдағы сөздер де бір мәндес ұғымды аңғартады. Бірақ Абай ақындыққа салып бұл

³²¹ Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармаларының 2 томдық толық жинағы. – Алматы, 1957. I т. 66-б.

³²² Сонда, 89-б.

ұғымға терең мағына бере сөйлейді, барды пайдаланып, толықтырып, жаңарта сөйлейді және оның айтқаны халықтың ұғым-түсінігіне өте қонымды болып тұрғанын көресіз. «Еңбек етсең емерсің» деген бір топ сөздер ойды жақсы білдіріп тұрса да, Абай бұл ойды өресіне жеткізе айтудың ақындық әдісін тауып, түсінікті бұрынғысынан да айқынырақ, толығырақ, тереңірек етіп айтып береді. Сөздер қосып («тояды қарның тіленбей») ойды шебер тілмен білдіреді, өзінің «тіл ұстартпақ» өнерін көрсете сөйлейді. Мақалдың мәні бұрынғысынан да күшейіп тереңдеп кеткендігін көресіз. Мысалы:

Еңбек қылсаң ерінбей,
Тояды қарның тіленбей, –

деген жолдар арқылы ақыннан татымды үлес алып, халыққа қайта барады, жаңғырып, әдеміленіп барады. Сөйтіп Абай халықтан үлес алса, өз үлесін де артығымен қайтара білетін ақын екендігін көрсетеді.

Екі кеме құйрығын
Ұста, жетсе бұйрығың³²³, –

деп жазады Абай. «Екі кемеңіз құйрығын ұстаған суға кетер» деген мақал бар екені белгілі. Ақын бұл жерде де қазақтың мақалын дұрыс пайдаланып, оны өлеңге айналдырып әлдеқандай ақындық формула жасайды. Ой айтуға өте шебер, халық ұғымымен есептесе білетін, елдің айтам дегенін өресіне жеткізе айтатын, ақындық тәсілі мол ақын екенін көрсетеді.

Абай шығармаларының ритмі, ырғағы түрлі интонацияға құрылған. Абай түрлі шумақтардың тармақ, бунақ, буын ұйқастарының құрылыстары арқылы шығарманың интонациялық қасиетін арттыру тәсілін тапқан. Абайдың бір өлеңі толғай оқуды («Сегіз аяқ»), бір өлеңі әр сөзге мән бере үзінкіреп-үзінкіреп оқуды тілесе («Сен мені не етесің»), енді бір өлеңі лирикалы сезімге толы («Өлсем орны қара жер») үн тілейді.

Абайдың көптеген өлеңдерінің ырғағы бір қалыпты дауыспен сылдыратып оқи ала жөнелуге де көнбейді.

Атыңнан айналайын келдің қайдан,
Ала үйрек алма мойын ұшар сайдан.
Көп айлар көрмегелі көп жыл болды,
Адамның жат болмағы осындайдан, –

деген өлеңнің ырғағына салып, не қара өлең, жыр, қайым өлең ырғағына салып оқуға да Абай өлеңдері шетінен көне бермейді.

³²³ Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармаларының 2 томдық толық жинағы. – Алматы, 1957. I т. 92-б.

Ет жүрек өртенді,
 От боп жанып,
 Жалын шалып,
 Ішіме.
 Иттей қормын,
 Зармын,
 Сен үздің ғой желкемді³²⁴, –

деген өлеңнің шумақ, тармақ,бунақ, буын, ұйқас ерекшеліктері өлеңді дауыстап оқығанда өз алдына арнаулы интонация тілейді.

Өз аузынан өлеңдер шумағын жасаумен бірге, халық поэзиясында бар шумақ, ырғақ, ритмді пайдалана біліп, ақындық өнер көрсеткен Абай: халық поэзиясында бар өлеңдік ырғақтың интонациялық элементтеріне айқындық, дәлділік бере білді.

1. Етігі жаман төрге шыға алмас,
 Жеңі жаман ас іше алмас.
2. Есіктің алды бал қурай,
 Басына қонар бозторғай.
 Қалампырдан насыбай,
 Насыбайды бермесен,
 Ауырады басым-ай.
3. Ти десем
 Тимейді,
 Тиме десем,
 Тиеді.
4. Таныған жерге
 Бас сыйлы,
 Танымаған жерге
 Тон сыйлы.
5. Аймысың, балам, аймысың?
 Жылқыда тұлпар таймысың?

Осы жолдардың шумақтық, тармақтық, бунақтық, ұйқастық, буындық, интонациялық ерекшеліктеріне ой бөліңіз де, Абайдың мына өлеңдерінің түрлі өзгешеліктеріне назар аударыңыз:

1. Қартайдық, қайғы ойладық
2. Сен мені
 Не етесің.
3. Тайға міндік
4. Сап-сап көңілім, сап көңілім.

³²⁴ Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармаларының 2 томдық толық жинағы. – Алматы, 1957. I т. 81-б.

Мысалдарға қарағанда: қара өлең, мақал, жұмбақ, жырларда сезілген ырғақ, шумақ, бунақ, буын, ұйқас интонация түрлері Абай шығармаларынан өздеріне лайықты орын тапқандығы байқалады. Абай қазақ поэзиясынан керектігін ала біліп, тәртіпке келтірілген өлеңдер шумағын, ырғағын жасайды. Бұрын бар ырғақтар Абай шығармасынан орын алып, түрленіп ақындық зор мән алып, толық түрге келіп, көзге айқынырақ түсетін болады. Абай бар элементтерді дұрыс пайдаланып ақындық білдіруге қолайлы, ой айтуға керекті неше алуан шумақтар жасайды, алуан ырғақты өлеңдер жазады. Халық поэзиясының керекті дәнін алып, өз поэзиясына қосады, өлеңдердің жаңа түрлерін береді.

Абай, әрине, өзінен бұрынғы ақындардың өлең жазу тәсілін жақсы білді. Өз басы өлең жазудың түрлі тәртібін жасады.

Өлең деген – әр сөздің ұнасымы,
Сөз қосарлық, қолайлы жарасымы.
Сөзі тәтті, мағынасы түзу келсе,
Оған кімнің ұнасар таласуы?³²⁵ –

деді.

Өлеңді ескіше жазудың жолынан еш аумай отыруды Абай ақындығы қаламады. Сондықтан көзқарасы, сезімі өзгеріп, кемелденген Абай күрделі ой, терең сезімін білдіруге керекті өлеңдер түрін іздеді және ол түрді таба білді. Абай шумақ, тармақ, ұйқас түрлерін көбейтіп, түрге түр қосып, қазақ тілінде өлең жазудың жолдарын көрсетті, ақынға түр табудан гөрі ой табудың қиын екенін ескертті, ой, сезім, ән жаңалығы бар жерде түр табудың қолдан келмейтін қиын мәселе емес екендігін өз ақындығымен дәлелдегендей өнер көрсетті. Қазақ тілінің ырғақтық, интонациялық қасиетін көрсетерліктей тамаша шығармалар жазып, ақындығы бар адамға, қазақ тілінде шумақтың сансыз түрін жасауға болатындықты өз ақындығымен көрсете білді, өлең жазудың даңғыл жолын салды.

Жақсы ой, терең сезім түрлерін қара өлең, жыр шумақтарын, ырғақтарын пайдаланып та жазуға болатындыққа таласудың қажеті шамалы, бірақ бұдан барып ойына сай өлең шумақтарын, ырғақтарын іздеме, ескі тәртіптен шықпа деген ой тумауы керек. Ескі үлгіні пайдаланып та, жаңадан өлең түрлерін жасап та, жақсы шығармалар жазуға болатындықты аңғарған жөн. Бұл жөнде Абай дұрыс жол көрсетті, керекті ақындық тәсілдер жасады. Ақын көп шығармаларын өзінен

³²⁵ Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармаларының 2 томдық толық жинағы. – Алматы, 1957. II т. 69-б.

бұрын бар үлгіге салып жаза, көп шығармаларын өзі ойлап тапқан шумақтар үлгісіне салып жазды. Бұрынғы қазақ ақындарының өлең жазу тәсілдерінен жақсы пайдалана отырып, өзі де көптеген ақындық тәсілдер тапты. Сөйтіп қазақ тілінде өлең жазудың өрісін ұзартып, келешегін молайту ісіне жол ашты. Түр үшін түр іздеп ақындық құрмақ болғандарға қосылмаған Абай: дана бол, күрделі ой, сезім тап, ойына қарай қисын, ұйқас ізде, ұйқасқа қарай ой іздеме. Өлең жазу үшін даналық керек деді. Ой таппасаң, терең сезім таппасаң, шынды айтпасаң, тапқан түрің түссіз болғаны деп түсіндірді.

Абай шығармаларының музыкалық, интонациялық қасиеттерін түсіне білу, әрине, игілікті іс. Оның шығармаларында білдірілген ой, сезім түрлерін аңғарып, шығармалардың ішкі сырын ұғу талабын жасап, Абай айтқандарының қай жаққа жол сілтеп, неге бастайтынын байымдау, Абай қолданған ақындық тәсілдер туралы дәлді түсінік болу, әрине, өте керек. Абай шығармаларының өзгешеліктеріне көз салсақ, ол шығармалардың ойды тереңдетіп, көркем сезімді өсіру жөніндегі маңызы өте зор. Әсіресе қазақ тілінде өлең жазған ақындар үшін Абай жазғандарының ғибратты жақтары көп. Абай қазақ тілінде сезім, ой толқындарын сөзбен қалай сыртқа шығарудың тәсілдеріне үйретті, ойын сөз арқылы білдіруге шебер екенін танытты, сонымен бірге қазақ поэзиясының құнын асырды, қазақ тілінде терең сезімді айтып бере алғандығын көрсетті, көркемдігі мол қазақ прозасының өрісін кеңейте түскендей өнер көрсетті. Әсіресе жетпей жатқан бұрын айтылған ақындық ойды өресіне жеткізе айта білді, қалпына толық келіп үлгірмеген шумақ, ырғақ түрлеріне дәлділік, айқындық бере білді, сөйтіп қазақ поэзиясына зор үлес қосты.

Абай, әсіресе, тіл мен сөзге айрықша мән береді:

Өткірдің жүзі,
Кестенің бізі,
Өрнегін сендей сала алмас.
Білгенге маржан,
Білмеске арзан,
Надандар баһра ала алмас³²⁶, –

деп жазды.

Тіл қадірін көтеріп, оның зор қасиетіне түсінбей жүрген «надандар», ол тілден үлгі, ғибрат, «баһра» ала алмайды, ол тілді қолдана алмайды, сөз өрнегін сала алмайды, ойын да, сезімін де дұрыстап

³²⁶ Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармаларының 2 томдық толық жинағы. – Алматы, 1957. I т. 115-б.

білдіре алмайды, ондайларға қазақ тілі «маржан» болып көрінбей, бір «арзан» нәрсе болып көрінеді деп түсінеді. Қазақ тілінің көркемдігін, қадірін асыруды қашан да есінен шығармаған Абай: әсерлі сөз, жақсы тіл табу ісіне айрықша назар салады. Күрделі ой тауып барып, соған сай ұйқас интонация іздейді, ырғаққа бай шығармалар жазады.

Абай шығармаларының ырғағы, ескі өлеңдер ырғағынан басқаша келіп отырады.

Қара таудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.
Ағайыннан айрылған жаман екен,
Қара көзден мөлтілдеп жас келеді, –

деп оқыңыз да,

Ем таба алмай,
От жалындай,
Толды қайғы кеудеге.
Сырласа алмай,
Сөз аша алмай
Бендеге³²⁷, –

деп оқыңыз. Бұл өлеңдердің шумақтық, ырғақтық өзгешеліктерінен басқа интонациялық айырмасын көру қиын емес. Екі өлеңнің интонациясы екі басқа екені айқын сезіліп тұр. Абайдың бұл өлеңінің ырғағын тауып оқымасаңыз, шығарманың мазмұнын да әлсірету ғажап емес. Сондықтан Абай шығармаларының мазмұны, шумағы, ырғағы ерекшеліктерімен бірге, оның интонациялық қасиеттерімен есептесу шарт. Интонациясына түсініп, ырғағына келтіріп оқыған Абай шығармаларының әсерлілігі аса түсетіндігін ескерген жөн. Шығармаларына лайық интонация табу Абайдың ақындық өнерінің, бұл да бір елеулі жағы. Абайдың түрлі шығармаларының әртүрлі дауыс екпіндерін керексітіп тұратындығы ақынның жалықтырмайтын жақсы интонация табу талабына байланысты келеді. Абай шығармаларының ритмдік қасиеттерін арттырумен бірге оның интонациялық қасиеттерін де артырып отырған.

Ел қағынды,
Мал сабылды,
Ұрлық, өтірік гудегу.
Байы баспақ,
Биі саспақ,
Әулекі аспақ сыпыра қу³²⁸, –

³²⁷ Құнанбаев Абай (*Ибраһим*). Шығармаларының толық жинағы. – Алматы, 1948. 134-б.

³²⁸ Сонда, 134-б.

деген шумақты оқып көріңіз, шығармаға лайықты интонация қара өлең, қайым өлеңге керекті интонацияға еш келмейді, шығарманың тек өзіне лайық бір алуан интонация сезіледі.

Абай шығармаларының ырғақтық, интонациялық ерекшеліктеріне қарай декламациялық қасиеті де арта түседі. Бір шумақтан кездесетін «толды қайғы кеудеге» деген тармақта екі бунақ болса, оған ұйқасқан «пендеге» деген тармақта үш-ақ буын бар. 1, 2, 4, 5-ші тармақтар ұйқас жақтарынан бірдей болғанмен, өзара ұйқасқан 3-ші, 6-шы тармақтарда біркелкілік жоқ. Ақынның шумаққа осындай құрылыс беруі шығарманың декламациялық қасиетін асырып тұрғаны сезіледі. Бұл шығарма декламациялық мән бере оқуды тілейді. Бұған қарағанда Абай шығармаларын тек іштей оқу емес, ол шығармаларды үндеп оқығанда құлаққа қалай естілетіндігімен, әрбір сөздердің үні қалай әсер ететіндігімен де есептескен көрінеді. Абайдың мұндай шығармаларының әр сөзінің керекті үнін тауып, олардың декламациялық ерекшеліктеріне назар сала оқу жөн, өйтпеген күнде шығарма сөздері әсерсіз солғын сөздер болып қалуы мүмкін. Абай, әсіресе, осындай шығармаларында, эпитет, теңеу сияқтыларды көп қолданбайды, ақын, көбінесе, әр сөздің естілу, декламациялық жақтарына айрықша мән берген.

Шын жүрек – бір жүрек,

Қайта толқып,

Жолдан қорқып,

Айнымас,

Шегінісіп,

Қайтпас

Өлсе бір сөзбен, не керек³²⁹, –

деп жазады Абай. Бұл шумақтың әр тармағы, бунағы сөздеріне лайықты үн бар. Өлеңнің түрліше келгені ішкі құрылысы, шығарманың декламациялық жағын да өзгертіп тұр. Бұл шумақтың декламациялық ерекшелігімен есептесек, басқа ақындар шығармаларының ырғағына салып оқу былай тұрсын, ол шумақты ақынның өзі жазған өзге шығармаларының ырғағына салып оқудың өзі қиын, сондықтан бұл шумақтың өзіне арнаулы декламациялық ерекшелігі бар. Ал Абай шығармаларынан өзіне арнаулы декламациялық өзгешелігі бар шумақтарды аз кездестіреміз. Сөйтіп Абай қазақ поэзиясына декламациялық үндер де қосқан ақын екендігін көрсетеді. Абай қазақ өлеңінің үнділігін арттыру, өркендету жөнінде де күрделі еңбек сіңірген.

³²⁹ Құнанбаев Абай (*Ибраһим*). Шығармаларының толық жинағы. – Алматы, 1948. 81-б.

Абай жазғандарына лайықты әндер де шығарды. Сөздерінің мәнін: ырғақтық, интонациялық, декламациялық ерекшеліктерімен бір түсіндірмек болса, ән арқылы да ойын, сезімін аңғартуды ескертеді. Ақынның әндеріне сай, шумақтық, ырғақтық, ұйқастық өзгешеліктері әрқилы болып келген. «Көзімнің қарасы», «Алыстан сермеп», «Қор болды жаным», «Бойы бұлғаң» сияқты шығармалардың ырғақтары да, әндері да бөлек-бөлек. Бұл шығармалар: әнмен айтуға да, жай дауыс толқынына салып оқуға да қолайлы болып жазылған, олардың әрқайсысына керекті әндік қасиеті сезіледі. Абай әуен, ән шығарып, соған арнап шығарма жазсын, не әндеріне арнап өлең жазсын, қалайда өлеңнің ырғағын жақсы келтіріп әнге қолайлы болуын да ескере отырады. Сондықтан ақынның көптеген шығармалары әнге де, жай оқып өтуге де ыңғайлы болып тұрады.

Абай шығармаларының шумақ, ырғақ, интонация, әндік өзгешеліктері, сол кездегі қазақ өмірі мен әдебиеті және ақынның өмірді қалай түсінуі, тұрмыстың толқынына батып «толғауы тоқсан қызыл тіл» іздеуі сияқты зор талаптарына байланысты келген. Заманы туғызған Абай шығармасының бір шумағын алайық:

Жазу жаздық,
Хат таныдық,
Болдық азат молдадан.
Шала оқудан
Не жарыдық,
Қалғаннан соң құр надан.
Бағасыз жастық,
Боз бастық,
Адастық³³⁰.

Шумақтың тармақтары біркелкі емес, ұзынды, қысқалы «Адастық», «болдық азат молдадан» деген тармақтар әр түрлі дауыс екпініне арналған. «Адастық» деген бір сөз бір тармақтың орнын алып тұр және сол сөзге интонациялық салмақ көбірек түсіп тұрғандығы сезіледі. Молдадан оқып жарымай, ақырында «адастық» деген ой аңғартылып, шумақта айтылған ойдың салмағы да, әсіресе, «адастық» деген сөзге түскені байқалады, сол сөзге екпін (интонация) берілген және сол бір сөздің өзі бірнеше сөздерден құралған тармаққа («Болдық азат молдадан» не «Қалғаннан соң құр надан») төтеп беріп тұр. Тармақтардың біркелкілігі ескерілсе, қысқа тармақтарға тағы да сөздер қосылса, онда шығарма мағына жағынан онша ұтпай ырғақтық,

³³⁰ Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармаларының 2 томдық толық жинағы. – Алматы, 1957. I т. 129-б.

интонациялық жағы әлсірер еді. Сондықтан ақын тармақтардың бунақ буындарының бірдей келуін үнемі құнттап отыру бұзылмайтын ереже деп түсінбеген. Өзінің жаңашыл (новатор) ақын екендігін көрсетіп, өлең шумағының жаңа түрін жасайды, не келте, не созылыққырап, не баяулау, әйтеуір түрліше жақсы естілетін ырғақтар жасап, өлеңнің интонациялық жағына назар салады.

Сөйтіп Абай қазақ тілінде өлең жазудың түрлерін көбейтіп, үнділігін, көркемдігін асырып, өлеңнің құрылысын оңдап, шығармаға неше алуан ритмдік қасиет бере білумен бірге, шығармаларының зор маңызын музыка тілі арқылы да халыққа түсіндірді.

Абай қазақ поэзиясына елеулі жаңалықтар кіргізді; халық ақындығына өз ақындығын қосып, тамаша шығармалар жазды; өзінің күрделі ой терең сезімін бұқараның игілігіне жұмсады; әлеуметшіл, жаңашыл ақын екенін танытты. Ақын шумақ, тармақ, бунақ, ұйқастардың құрылысын ретке келтіру жөнінде зор еңбек сіңірді; неше алуан ақындық тәсілдер қолданып, өлеңнің ырғақтық, декламациялық қасиетін арттырды, әсерлі, татымды, талғамды, терең мағыналы көркем шығармалар үлгісін жасады; шығармаларына сай әндер шығарды. Қазақ тілінің шебері Абай өзінен бұрынғы поэзиядан пайдалана білді, тіл ұстарту ісіне айрықша назар салды; ойына сай өлеңдер түрін жасап, қазақ тілінің қасиетін көтерді, қазақ поэзиясын өсірді, өркендетті, тілді ұстартты, түзетті.

* * *

Абай халықтың құтын қашырғандар көбейіп, ерлік, бірлік кеміп, зақыншіліктер, мансапқор, шенқұмарлар, пысықтар өрекіп билік еткен кезді көрді. Бұқараның қалғып-мүлгіп, келешегін ойлауды жөнді білмей, дүниеден мақрұм қалып жүргендер Абайдың ақындық халін өте ауырлатқан-тын. Халық басына мұң түскен ол заман Абайды қынжылтты.

Халық қамын ойлаған ақындар, береке, елдік іздеген азаматтар – халықтың жылы денесін мұздатқан аяздың үдей бастағанын көре бастайды. Лажсыздықта жүрген елге игілік іздеу, еркіншілікті аңсау, келешек үшін, азаптан құтылу үшін не істеу керек? Халыққа дұрыс жол табу – ұлы арман болып есептеледі.

Елдікті, ерлікті арман еткен Абай берекеңнен айырылсаң келешегің не болмақ, қайда бет бұрмақсың? Халықтың халі не болмақ деген сұрақтар қояды.

Кетгі бірлік,
Сәнді ерлік
Енді кімге беттемек?³³¹ –

дейді.

Заманның ауыр жағдайы Абай ойларына, сезіміне өзінің таңбасын салған. Зор тілек, зор қайраттың ақыны Абай қараңғылығы мол, зәлімдігі, әділетсіздігі, зорлығы көп тар заман ұсқынын көреді. «Бұларды жөндеймін деуге, жөнделер, үйренер деген үмітім де жоқ» деп, ақылына көнбегендерге назаланып, күйінеді: «Мен өзім тірі болсам да, анық тірі де емеспін, әншейін осылардың ызасынан ба? Өзіме өзім ыза болғаннан ба? Яки бөтен бір себептен бе? Еш білмеймін, сыртым сау болса да ішім өліп қалыпты»³³² дейді. Ақынның ұлы тілегі, оптимистік ойларына кейде сұрықсыз өмірдің керексіз кірі жұққандығын көреміз. Әйтсе де Абайдың күдікті, мұңды ойлары, оның ақындық тұлғасын жасамайды. Оның уайымы: «уайым ер қорғаны» деген ретте айтылған, әлдеқандай сезім ұшқындары сияқты.

Абай жыланша еңбектеп жүріп, мансапқа, атаққа жеткендерді сынайды. Қыранша қырағылықпен, қайратпен, мәртебеге жеткендер болады. «Биік мансап – биік жартас, ерінбей еңбектеп жылан да шығады, екпіндеп ұшып қыран да шығады»³³³ – жылан мен қыранның жолдары, ісі бір емес деп түсінді.

Ол қыран мен жыланды сөз еткенде, әсіресе, ерлік мәселесіне айрықша мән береді. Білім ал, шенділерге еліктеме, халыққа адал қызмет қыл, қайратың қазіргі тап өмірді өзгерту ісіне арналсын, «үкімет, зорлық, құрысын» деп күреске шақырған терең ойларын ескертіп, ерлікке шақырды.

Ерлік ісін мадақтаған Дулат та «көк еркесі» қыран бол, жорғалаған жылан болма?! Есеге, ерлік, қырандық жеткізеді деп те түсінді. Зымияндыққа салып, тек күнкөрісіне мәз болғандарды еңбектеген жылан деп біледі.

Мекен қып құздың қиясын,
Бұлтқа салған ұясын,
Айнадай көрген аймағын,
Түйінін шешкен айланың.

³³¹ Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармаларының 2 томдық толық жинағы. – Алматы, 1957. I т. 114-б.

³³² Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармаларының толық жинағы. – Алматы, 1948. 329-б.

³³³ Сонда, 368-б.

Жерге қонбай ұша алмай,
 Көк еркесі қыран да.
 Түсі суық, у тілі,
 Қарға адым жер, боп мұңы
 Өнімдеп жалап топырақ,
 Бұта көрсе тоқырап,
 Қыс болса, қатып, сіресіп,
 Жаз өмірмен күресіп,
 Аяғы жоқ еңбектеп
 Күн етіп жүр жылан да³³⁴, –

дейді. Қыран мен жыланды салыстыра келіп, у тілді еңбектеген жыландай жандардан түңіліп, қыранды, ерлікті айрықша бағалап, «көк еркесі» қырандай болуды арман етеді.

Дулат, Абай ерлік ісіне шақырса, жылан мен қыран ісіне мән бере сөйлесе, қыран мен жылан мәселесін М.Горькийдің де сөз еткені мәлім.

«Сұңқар жыры» атты шығармасында Горький Қырымның қарт шабанымен қалай әңгімелескенін айтады. Тастың жарығына тығылып, сыз жерге жатып күн көріп үйренген, сол өмірін місе көрген жылан, бір күн шоктай боп иіріліп жатып, жоғарыдан дарияға көз жібереді. Сол сәтте жыланның дәл қасына қанаты қан-қан болып, төсі қатты жараланған сұңқар аспаннан құлап түседі.

Жылан сұңқардың жанына келіп: «Немене өлгенің ғой» деп сұрайды. Сұңқар тынысын тарылта бір дем алып: «Өлгелі жатырмын, дүниенің қызығын көрдім. Бақыттың не екенін білдім. Ұрыста ерлік көрсеттім... Мен аспанды көрдім... Сен аспанға жақын бара алмайсың, оны көре алмайсың. Сен бишарасың!» деп бақытты майданнан, ерліктен іздегенін айтады.

Сұңқардың аспанда көрсеткен ерлігін сонша мадақтап айтқан сөздері жыланды ойландырады. Оның аспанды арман еткеніне қарағанда, тегі онда жақсы шығар деп ойлайды. Сүйретіліп жорғалау үшін жаралғандардың аспанға көтеріле алмайтындығы есінен шығып, мен де бақытымды сынайыншы деп, аспанға көтерілмек болады, бірақ шоршып қайта құлайды, сұңқардың айтқандарына енді сенбейтіндігін білдіріп, үйренген сыз тастың арасында күнелтіп жүре беруін мақұл көреді. Сұңқардың ісін ессіздік деп түсінеді. Жыланның ісін сынап, оның күн көрісінен түңілтпек болып, ерлікпен қаза тапқан қыран ісін мадақтаған Горький: «Безумству храбрых поем мы славу!

³³⁴ ТӘИ архивы. Дулат Бабатайұлы шығармалары. 130-131-бб.

Безумство храбрых – вот мудрость жизни! О смелый Сокол! В бою с врагами истек ты кровью... Но будет время – и капли крови твоей горячей, как искры, вспыхнут во мраке жизни и много смелых сердец зажгут безумной жадной свободы, света! Пускай ты умер!.. Но в песне смелых и сильных духом всегда ты будешь живым примером, призывом гордым к свободе, к свету! Безумству храбрых поем мы песню»³³⁵, – дейді.

Абай халықтың жақсы тұрмысқа жетуін аңсады. Өмірдің жағымсыз жақтарын аямай сынап, бұқараға ақыл айтып, дұрыс жол сілтемек болды. Күйкі өмірдің күңгірт жағын көруге шебер қырағы ақын өмір қиыншылығы басынан асып, кейде мұнайды да. Берекесіз жағдайдың түпсіз тереңге айналып, ұшығына жеткізбей созылып бара жатқаны ақынның ойына күдіктер туғызса да, Абай жарық күннің келуін күтіп, ерліктен, келешектен зор үміт күтеді. Дүние өзгермек деп түсінді, қиыншылықтан шошынып, жасып, күрестен ерліктен бас тартуды шегіншектік, қайратсыздық деп түсінді. «Жамандықты кім көрмейді. Үміт үзбек қайратсыздық, дүниеде еш нәрседе баян жоқ екені рас: жамандық та қайдан баяндап қалады дейсің? Қары қалың қатты қыстың артынан көгі қалың, көлі мол жақсы жаз келмеуші ме еді»³³⁶. Ауыр күндер үнемі созыла бермес «үміт үзбек» қайратсыздық деп білді. Ерлікке, оптимистікке шақырды, ауыр өмірдің, жамандықтың баяндап қалмайтынын ескертеді. Ақын догматизмге, фанатизмге қарсы келіп, өмірдің өзгеретіндігіне сеніп, дүние құбылыстарына тарихи көзқараспен келе білгендігін аңғартады, ғибратты терең пікірлер айтты.

Абай оқыса, білсе, үйренсе, сауатын ашса, тек соның өзімен ғана халықтың қолын есеге жеткізуге болады, жарық дүние көреміз деп, басқа тілек қоймаған ақынға ұқсамайды. Зорлық жасап отырғандардан құтылмай, ұлы қайрат көрсетіп қарсыласпай, тек ағартушылық жұмысы арқылы теңдікке, бостандыққа жетіп, ер еркіндейді деп отырған Абайды көру қиын. Ұятың мен арың оянсын, ерлігің, намысың күшейсін, халықтың қамы үшін, ерлікті, елдікті алып, күйзелтіп отырғандармен, аямаған үкіметпен күресе біл демек. Өмір өзгерісін тек хат-қара танушылық жұмысымен болудан ғана күтпей, әлеуметтік системаның тікелей өзгеруінен де күтті. Өзгеріске ерлік арқылы, халық тәуелділігін жойып отырғандарды аластату арқылы жетесің деп түсінгендікті көресіз.

³³⁵ Горький М. Повести и рассказы. – М., 1954. 109-б.

³³⁶ Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармаларының толық жинағы. – Алматы, 1948. 367-б.

Абай ғылым, өнер, ерлік – бостандық алу үшін, халықты ауыр халден құтқару үшін жұмсалсын деп тіледі. Сондықтан елдің адал қойнына арам қолын сұққан сұмдарға қарсы шығуды қажет деп біледі. Өмірдің неше алуан құбылыстарын зерттеп, қазірге, өткенге, келешекке көз салып, қараңғылықтан құтылумен бірге, өзгеріс жасау ісіне шақырады, келешектен үміттендірді.

Абай қоғам өміріне прогресшілдік оймен қарауды құнттап, өмірге терең түсініп, оның неше алуан құбылыстарына, өзгешеліктеріне айрықша зер салмаса, қоғамдық системаны өзгертіп, үкіметті жоюдың алдағы бір міндет екенін ескертпеген болар еді. Абай әсіресе, осы ойына жұрттың назарын аудара сөйледі. Абай тағдыр ісіне сеніп, алладан пәрмен күтіп, өмір әйтеуір бір өзгерер, ондалар деген сияқты емексіген ойдан аулақ ақын екендігін білдіреді.

Абай ресми адамдарға ұқсамаса, жанбай жатып сөнуге құмарланып, оязға қызмет қылма, мансапқа қызықпа десе, оқығанның бәрі бірдей халық игілігіне жарайды дегендіктен айтпаған. Ол оқығандар арасына шек қоя сөйлейді. Абай айтқандарына сырттай түсініп, оның ойларына зер салынбаса, ақын пікірінің байыбына бармай жатып, Абай тек ағартушылықты қостаған ақын еді деп қалу ғажап емес. Абайдың көптеген пікірлерімен есептессек, Абай үгітінің прогресшілдік тенденциясы неге меңзейтіндігімен санассак, оның айтқандары өрісін тарылта ой айтуға болмайды.

Абай көзқарасының нақтылы тенденциясына, ол тенденцияның келешек өрісіне көз салсақ, оның тұтынған жолына шек қоя сөйлеу, Абайдың адам баласын һаманда прогреске үгіттегенін түсінбеушілік болар еді. Ақынның терең мағыналы өсиетінің замандарға керекті маңызын еске алу қажет. Ақынның шығармаларынан байқалған терең ойлардың заманына қарай реңк алып, орын теуіп, адам баласы өмірі, халық жағдайы мұқтажына жарап, іске асатын мүмкіншілігімен, қай ойының қайда бастайтындығына назар салу керек. Абай айтқандарының өмір ісін дұрыс жаққа беттету, өзгерту жөнінде өтетін әсері, тигізетін көмегі, Абай айтқандарының болашақта қалай әсер етерлік мүмкіншілігі еске алынуы жөн.

Ұлы ақынның ой өрісі бір ғана жағдайдан, заманнан аспайды деп күдіктену қисынсыз, ақын шығармаларының тарихи әлпетін байқауға назар аудармау бірбеткейлік болар еді. Абай шын мағынасында халық мүддесінен рухтанған ақын, сондықтан оның тілектері, айтқан армандары, халық мүддесінің іске асып, дамуымен бірге үйлесе іске асып отырмақ. Абай шығармаларында айтылған терең ой, күрделі пікір,

заманына қарай келешекке қарай тыңнан күш-қуат алып, халықтың игілігіне жарарлық қасиеттерге ие болып отырмақ. Абайдың гуманистік, демократиялық, моральдық, бостандық, достық, ерлік көкsep айтқан терең мағыналы ойлары құнын жоймақ деудің керегі не? Абай шығармаларының тарихи мәнімен есептессек, оның айтқан армандарының кешегі тарихи мәні мен бүгінгі тарихи мәні, келешекте қандай мән алуы мүмкіншілігін ескерсек, ақынның қырағылықпен айтқан ойларының шегі дәл анау ғасырда бітер деп меже жасау, бос талас болар еді.

Абай шығармаларында айтылғандар – өмірдің ішкі-тысқы терең көріністері, халықтың арманы, сондықтан оның айтқандары сол халық өмірінің даму тенденциясымен қабысып жататын мүмкіншілігін ескеру қажетсіз емес, бүгінгі ескерткен Абай ойлары ертеңінің қамына да арналып тұрады. Абай үнемі бірқалыпты жақтап, соны тілеген догматиктерге ұқсамайды. Ол ізденген, білмегенді білуге үнемі талаптанған ақын, өмірдің әуені, жағдайы, өзгерісі, сол өзгерістің түбі, әлдеқандай тенденцияның неге барып тірелетіндігімен есептесе отырып, пікір айтуды құнттаған. Абай өмір ағысына қарап, алға көз салуды құнттайды. Өз үнін халық үнімен қоса біліп, сол халықтың мұң-мұқтажына сай ойын, арманын зор ақындықпен айта білді де, айтқандарын халыққа жеткізді, бұқараның тілегін оқушыға түсіндіре білді.

Абай өмірдің көрініп тұрған тек бергі жағын ғана білуді місе тұтпай, дүниенің белгісіз сырын ашу талабын жасау оған бет беруді құнттап, мәселеге терең қарап, үйрену зор қасиет деп білді. «Дүниенің көрінген хәм көрінбеген сырын түгендеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдықтың орны болмайды»³³⁷, – деді. Абайдың бұл секілді ойлары оның негізгі көзқарасымен байланысты келгендігін көреміз. Абай объективтік дүние бар, оның ашылмаған сырын ашуға болады, парасат күшіне сену керек деп түсінгендігін аңғартады. Ақиқат бар, бірақ сол ақиқатқа бірден жетпейсің, шындыққа жетудің кезеңдері көп, жалықпай іздеп, сол кезеңдерді біле отырып, дұрыс жүріп үйрен демек. Ақын іздену ісіне салғыртсымай, тек бүгінгі білгенге мәз болып, әлдеқандай түсініктің баки құлы болып жүрмей, өмір ісіне айтылғандарға сын көзімен қарап, өзінің де, өзгенің де ізденгіш, сыншыл болуын тілейді.

Абай шығармаларынан бір-біріне қайшы, ақынның негізгі көзқарасына, терең түсінігіне үнемі үйлеспейтін ой сарындарын

³³⁷ Құнанбаев *Абай (Ибраһим)*. Шығармаларының толық жинағы. – Алматы, 1948. 226-б.

кездестіруге болады. Өмірін іздену, білмегенді білу, шындықты айту ісіне арнаған ақын парықсыз жүргендерге назаланады:

Жар тасқа бардым,
Күнде айғай салдым,
Одан да шықты жаңғырық.
Естісем үнін,
Білем деп жөнін,
Көп іздендім қаңғырып.
Баяғы жартас – бір жар тас,
Қаңқ етер, түкті байқамас³³⁸.

Адал сөзіне құлақ салмаған, тілін алмаған, жартастай қаңқ етіп, түкті байқамайтындарға ызаланады. Олардың «үнін» білсем деп көп ізденеді. Жақсы ниетім зая кеткені ме деп қауіптенеді. Өйткені, тек жаңғырық естілгені болмаса, алды-артын ойлап үйренгендерді көре алмайды.

Оқта-текте ойына түйткіл кіріп, Абай ұлы ісінен шаршағандық білдіреді:

Жүрегім менің – қырық жамау,
Қиянатшыл дүниеден,
Қайтып аман қалсын сау,
Қайтқаннан соң әр неден³³⁹.

Абай бұл шығармасында ақындық жан толқынын жасырмай айтып, ой тебіrentкендей әлдеқандай назаланған сезім білдіреді. «Қиянатшыл» дүниенің әділетсіздігін, қиыншылығын көріп, ауыр жағдайда жүргендігін, досы аз, дұшпаны көп екенін естіртпек. Өмірі жәбірлікке түсіп, жүрегі «қырық жамау» болып, адал ісін дұрыстап іске асыра алмай, талапқа жол жоқ, лажсыз қор боп жүрген адамша сөйлейді:

Өлді кей, кейі – жау,
Кімді сүйсе бұл жүрек.
Кімі – қастық, кімі – дау
Сүйенерге жоқ тірек³⁴⁰.

Абай өзінің негізгі прогресшіл пікірі: «Жамандықты кім көрмейді үміт үзбек қайратсыздық... Қары қалың қатты қыстың артынан, көгі қалың, көлі мол жақсы жаз келмеуші ме еді?» деген сөздеріне қайшы келіп, «сүйенерге жоқ тірек» деп уайымдайды.

³³⁸ Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармаларының 2 томдық толық жинағы. – Алматы, 1957. I т. 92-б.

³³⁹ Сонда.

³⁴⁰ Сонда, 229-б.

Кейде:

Сөзімді ұғар елім жоқ,
 Моласындай бақсының.
 Жалғыз қалдым – тып тыныш³⁴¹, –

дейді.

Абай сырласа, мұңдаса сөйлеп, ауыр халін ескертетін бір өлеңінде:

Ішім өлген, сыртым сау,
 Көрінгенге деймін-ау.
 Бүгінгі дос – ертең жау,
 Мен не қылдым япырмау?!³⁴² –

деп маңайын қоршаған, жолын кес-кестеген, бір күн тату, бір күн жау адамдардың бабын табудың амалы қайда? Істесім осындайлар болса, не өндіремекпін? – деген сауалдар қояды. Береке бермейтіндердің бір тобын ескеріп, ондайлардың «өз үйінде өзендей» күркіреп, бос дауға келгенде «бәйге атындай аңқылдап» үдей түсіп, күрделі іс келсе: «Шабан шардақ және шәу» іші шірік, сырты дардиган, пайдалы іс қолынан келмейтін жандар екенін түсіндіреді.

Абай өкінішін де, қаупін де, мұңын да бүркемей ашық айтады, ойында мүлтік жоқ жанға ұқсап, басқаны беттестестей пікір айтуды ақындық, адамшылық қабілетіне лайық көрмеген. Басқалардың еркімен ой ойлап, әрекет істеуіне тыйым салмай, пікір қысымшылығын жасаудан сақтанады, аяғын ауыс баспайтын адам болатындығына күмәнданады:

Амалсыз тағдыр бір күн кез болмай ма?
 Біреуге жәй, біреуге тез болмай ма?
 Асау жүрек аяғын шалыс басқан,
 Жерін тауып артқыға сөз болмай ма?³⁴³

Көп ойланып, көп толғанып, көп мәселелерді өзінше шешіп, бірбеткей ой айтудан сақтанған Абай:

Жүрегіңнің түбіне терең бойла,
 Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла,
 Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім
 Мыңмен жалғыз алыстым кінә қойма³⁴⁴, –

деп қиын жағдайда әлеуметтік жұмыс атқарып, талай талқыға түскен, шарқ ұрған кездері болған ақын екенін ескереді. Абай кей шығармаларында

³⁴¹ Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармаларының 2 томдық толық жинағы. – Алматы, 1957. I т. 93-б.

³⁴² Сонда, 73-б.

³⁴³ Сонда, 223-б.

³⁴⁴ Сонда, 61-б.

қажығандығын, уайымын мұңын айтса, ол айтқандары тек ақынның өз мұңы, уайымы емес еді. Ақын елмен бірге мұңайды, қауіптенді. Абайдың күдіктері мен мұңы: бұқараның олай бір қарап, былай бір қарап, қараңғы түнде қалай беттеуіне қанығы түсінбей жарық сәуле көруді тілеген, даңғыл жол таба алмай жүрген, мұңға, қауіпке, дағдарысқа ұшыраған көпшілік мұңы сезіміне байланысты келгені байқалады. Абайдың мұңы мен үні халықтың мұңы, үнімен ұштас жатады.

Тірегіміз, сүйенішіміз, келешегіміз қайда? Күніміз не болмақ? – деп аңсау ел мұңымен қабысып жатпай ма? Сондықтан ақынның бұл тектес айтқан ойлары, оның тек қара басына ғана арналған еді деп кесіп айту да қиын. Бұл секілді сезім түрлері сол кездегі халық ауыртпалығынан шыққан. Ондайлар: заман уайымы, мұңы, зары, күдігі – бұл күдік сол кездегі қазақ халқының дағдарысы өмірімен байланысты келген.

Абай іздену жолында қиыншылықтарға ұшырады, қайраттылық, қажырлылық, әділдік, адамшылық көрсетті. Көпке игілік тіледі. Ал-уан-алуан терең мағыналы қорытындылар жасады. Халық жағдайы, санасы, өресі, шамасымен есептесіп іс істеуді құптады. Даурыққа салынып, далақтап, халықты күйзелтіп, берекесін алып, оны борбайсозды етуден сақтанды. Көптің ойын, тілегін, үйренген өмірін шорт кеспей, оның жақсы-жаман түсініктерін еске ала отырып, дұрыс жолға сабырмен бастауды жөн көрді. Тіпті түсінбей бара жатқандарға арнап:

Қайран сөзім қор болды...

Самородный сары алтын

Саудасыз берсең, алмайды

Саудыраған жезіне³⁴⁵, –

десе де, «сыртым сау болса да, ішім өліп қалыпты» деп күйінсе де, өмірден торығушылықтан, бос қынжылудан пайда жоқ екеніне көзі жетіп, мәселеге терең түсінген Абай: Қайрат қыл, намыс пен арды ұмытпа. Келешектің жадыраған жазына жетуге ұмтыл, білмегенінді біл, дүниенің сырын ашу талабын жаса, қиыншылықтан қорқып, «үміт үзбек, қайратсыздық» деп өрлендірді. Ерлікті, бірлікті әлсіретпей, жұртты ғылым-білімге шақыру, жарқын болашаққа сену шарт деп, халықтың бостандыққа жетуін арман етеді.

* * *

Абай қазақ халқының рухани қысымға ұшырап, патшалық тәртіп жұрттың діңкесіне тиіп, қалың бұқара қамығып, бостандықты аңсаумен

³⁴⁵ Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармаларының 2 томдық толық жинағы. – Алматы, 1957. I т. 42-б.

болған кезде ақындық дәуір өткізді. Үкіметке жағынып, шен-шекпен алғандар, ел ішінен шыққан жуандар, пысықтар тобы – тұрмыстың ауыр салмағын шаруаларға артқан. Өздері әкімдік, байлық, атаққа ие болып, өмірдің қызығын көрушілер еді. Олар көптің көңілін, көзін алдап та, зорлық-зомбылық жасап та алуан істер жүргізетін.

Осы күнде осы елде дәнеме жоқ,

Мейір қанып, мәз болып қуанарлық, –

деп жазды Абай. Жақсы-жаман істерін жұртқа мақұлдатып, қарсы келгендерді айламен де, күшпен де көндірудің тәсілін қолдана білген, сөйтіп бой бермей кеткендер болған.

Абайдың ақындық ой сезімі ерте оянады. Медреседен шәкірт болып жүрген кездерінің өзінде өлеңдер шығарады, Фирдоуси, Фзули, Науаи сияқты атақты ақындардың шығармаларынан алған әсері бойынша «Иузің – рәушан, көзің – гәуһар», «Әлиф дек ай иузіне ғибрат еттім» деп басталатын өлеңдер жазды.

Фзули, Шәмси, Сәйхали,

Науаи, Сағди, Фирдоуси,

Хожа Хафиз – бу һәммәси

Мәдәт бер я шағири фәрияд³⁴⁶, –

деп Абайдың ол ақындардан мәдет күткен кездері болды. Абай бұл шығармаларында араб сөздерін көп қолданады, тілін шұбарлап бәйітсымақтау өлең жазғандық білдіреді. Кейін ақындық өресін аңғарған Абай Шығыс ақындарына тек сырттай еліктеп, мұндай шығармалар жазудан бас тартады, қазақ ұғымына, тіліне, өміріне, поэзиясына жат келеді-ау деген сөздерден сақтанады.

Әуелі аят, хадис, сөздің басы,

Қосарлы бәйітсымақ келді арасы³⁴⁷, –

деп орынсыз сөздермен, тіл шұбарлап, бәйітсымақ өлең жазуға мақтанып жүрген ақындарды сынады.

Құнанбай Абайды медреседен ерте шығарып алады. Оның балалық шағынан байқалған сөз тапқыштығы, тұрақтылығын көріп, түрлі істерге араластырады, ер жетіп үлгермеген Абайға ауыр жүк артады, сенімді көмекші болатын, орнымды басып, әмір жүргізетін осы балам болады деп, үміттенеді. Сонымен Абай 13 жасынан бастап-ақ ауыл арасы, ел арасы даулы істерге қатыса бастайды. Әкесінің ондай-мұндай тапсырмаларын орындап үйренеді, жол-жора айтып, билер-

³⁴⁶ Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармаларының толық жинағы. – Алматы, 1948. 54-б.

³⁴⁷ Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармаларының 2 томдық толық жинағы. – Алматы, 1957. II т. 16-б.

мен қатарласа сөз сөйлейді. Балалықпен ерте қоштасып, тезірек ер жету жолына түскен Абай зеректігі, парасаттылығына сүйеніп, ауыр жүкті жеңіл көтере берген. М.О.Әуезов: «Осы 13 жастағы Абай әкесі берген бетпен ел сөзіне кірісті. Әрине, жас бала алғашқы аяқ басқан жерден келелі кеңеске кіріп кеткен жоқ. Ел жұмысын шет жағалап бастаса керек. Сондықтан ең алғашқы жылдарында әкесінің «барып келіне» жүреді. Кейде қасына кісі қосып беріп, кейде өзіне тапсырып ұсақ істер туралы келісім жасауға ерік береді»³⁴⁸, – дейді.

Абай жас кезінің өзінде-ақ мақалдап сөйлеуді әдеті еткен, ескі билердің әсеріне беріліп, олардың айтқанына ұйи бермеген көрінеді. Өзінше жөн-жоба іздегендік, алдыңғылардың кемшілігін көріп тұрғыштық білдіреді.

Құнанбай әлі жас Абайды даулы, жауапты істерге салды десек, Құнанбай сияқтылар: «Ораздының баласы он үшінде баспын, – дейді, оңбағанның баласы отызында жаспын, – дейді, баланы не іске ерте баулыған жөн» – дейтін. Жуан ауылдың үлкені айтсын, кішісі айтсын «құба-құп» деп, бас шұлғитындардың ол кезде аз емес екенінде, осының өзі көшпелі қазақтардың бір әдетіне айналғаны да есепке алынатын. Жас Абай, әрине, терең парасатқа сүйеніп жұмыс жүргізерлік өре көрсетпеген. Ол, көбінесе, тапқыштық, қарсы дау айтуға шеберлік білдіру ісіне машықтанады, билердің, пысықтардың өз логикасына салып, өздерін сөзден сүріндіре береді. Олар ойларын мысалдап дәлелдесе, Абай да солардың әдісіне салып, бұған өзінің тапқыштығын қосып, жас шағында-ақ шешендікке үйренеді. Абай үлкен айтсын, кіші айтсын, шешен айтсын, олардың керектісін тандап үйренеді. Өзінше сөздің бұрыс жағын сезсе, ондайда әкесі айтқанын да мақұлдай бермеген. Өмір ісіне тетеусіз қарап, «Атамыз солай деген екеннен» ары бармауды місе етпейді. Адамшылыққа, халық жағдайына, оның келешегіне, игілігіне байланысты ой айтудың қажет екендігін түсіне бастайды.

Абай ой айту, сөз таластыру істеріне жасынан машықтанып, сол кездің шешендерімен өнер салыстырғандығы туралы Көбдіков Төлеу ақын мынадай бір мағлұмат береді: «Құнанбайдың замандасы Қаратай дейтін, өзін ірі ұстайтын сөзшен адам болған. Ол бір күні Абайға: «бұрынғы адамдардан кейінгілер ақылды болады депсің, рас па?» – дейді. Тегі бұл Абайдың аузынан шықпаған сөз болса керек. Бірақ Абай: «Рас», – деп жауап береді. Екеуі сол арада недәуір сөз таластырып қалады. Сөзден сүріне берген Қаратай: «Дүниенің нұры

³⁴⁸ Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармаларының 2 томдық толық жинағы. – Алматы, 1957. II т., 16-б.

Мұхаммет пайғамбар заманына бір тұрған заман жуық емес пе?» – депті. Абай: «Дүниеге жарық нұр беретін күн. Күнге биік таудың басы жақын. Бірақ сол биік таудың басында қысы-жазы қар жатады. Заңғардың күнге жақын басы адамның пайдасынан аспайды. Ал сол таудың жарық етегі, алқабы күнге алыс, онда неше түрлі жеміс, шөп, егін өседі, адам баласы, жан-жануар солардан қоректеніп тіршілік етеді – сіздің пайғамбарға жақындығыңыз, сол қарлы таудың күнге жақындығы сияқты емес пе?» депті.

Абай сөзін ұнатпаған Қаратай, оны әкесі Құнанбайға шағып мұқатпақ. Қаратайдың сөзін қостаған Құнанбай «үлкеннің сөзін тыңдамауды әдетіне айналдырдың» деп Абайды кінәлайды. Абай бір сөз айтпай, үндемей отырып қалады. Мұны көріп құмары қанған Қаратай Абаймен үй алдында кездесіп: «Ә, бала, қалай екен? Шешендік қайда? «Ләм-мимге» жарамадың ғой», – дейді. Абай: «Сіздің әділдігіңіз қайда? Әкем мені ақылмен, сөзбен жеңіп үндетпеді ме? Сөздің жөнін айтайын десем, күш жұмсағалы отыр. Сіз мені тең сөйлестіріп көріңіз, әйтпесе көпе-көрнеу зорлықты қостағаныңыз қалай?»³⁴⁹ – депті.

Ер жетіп, ел ағасы болған Абай сүйсінерлік сөздерін ақылын тыңдаушыларға жалықпай айтып отырған. Жақсылық, жамандық, әділдік, салт-сана, халықтың қамы, өнер-білім деген мәселелер туралы терең ойын үнемі алға салған. Абайдан ақыл сұрау, оған даулы істерін шештіру алыс-жақын адамдардың әдетіне айналады. Осы жөнмен Абайды әр жерден әдейі іздеп келгендер де көп болады. Сабылысып келіп жатқан адамдармен мәжіліс құрудан қолы да босамай, ақындық ісіне берілуге жөндеп көңіл бөле алмай, көп уақытын сол кездің толып жатқан ел ара істерін тындырумен өткізеді.

Абайдың топ алдында айтқан сөздерін уақытында қағаз бетіне түсіріп, ұқыптап жазып алушылар болмады. Оның: ел тұрмысы, келешегі, қалың алып қыз беру, партияласып жүгірушілік сияқты мәселелерге арнап айтқандары көп болған. Абай алуан адамдарды алдынан өткізе жүріп, олармен достаса, араздаса жүріп, қазақ өмірінің сол кездегі ерекшелігін терең түсінгендігі нәтижесінде күрделі ой айтса, сол ойының көбін көркем шығармалар жазып, жүзеге асырды. Абай ел ішіндегі түрлі адамдармен қарым-қатынас жасамаса, олардың ортасында қайнап өспесе, кейде солар істегенді өзі де істеп көрмесе, болыстарға, пысықтарға тағы басқаларға арнап жазған шығармаларын бізге келіп жеткен түрде жазбаған болар еді, өйткені

³⁴⁹ ҚазССР ҒА архивы, папка №599. 126-127-66.

көп бас қосулармен айтыс-тартыстың өзі де бір жөннен ақынды талай нәрсеге үйреткен, шынықтырған, сөзге ысылдырған. Абай қазақ өмірінің үлкенді-кішілі, өнегелі-өнегесіз жақтарын көре біліп, өз басы да бірде олай, бірде былай бола жүріп, түрлі қорытындылар жасап кемелденген, оның ұлы мектебі – әсіресе, сол кездегі қазақ өмірі, өйткені Абай өмірден үйреніп көп қорытынды жасаған, не жазса, өмірде көргенін, басынан кешіргендерін жазған.

Абайдың түрлі мәжілістерге айтқан сөздерінің шашыранды түрлері кездеседі. Жұрт аузында Абай былай деп еді дегендер бар. Бір күні Абай малды мен жарлының балалары туралы: «Бай баласы көп ішсе, ішіп үйренген ғой, – дейді, ал аз ішсе, негіз тойған, – дейді. Кедей баласы көп ішсе, көні кеуіп қалған – дейді, аз ішсе, шілдесінде шық тимеген, – дейді. Осы кедей баласының кінәдан құтылары бар ма?»³⁵⁰ – депті.

Абай осындай сөздеріне әлеуметтік мән берген, тыңдаушыларға ой салып, малды мен малсыздар, әділетсіздік пен әділдік туралы ерсі түсініктерді сынап, ондайда дұрыс ақылын айтып отырған. «Абай сөйлегенде мейлі ескі ғасырларда болып өткен пайғамбарлардан, мейлі патшалардан сөйлесін, болмаса, өзінің өміріндегі көрген-білгенін сөйлесін, қандай әңгіме сөйлесін, сол айтып тұрған зат көз алдына елестеп көрініп тұрғандай, ұғынылатын еді»³⁵¹ – дегенді айтады Төлеу ақын.

1880 жылдары Зайсан, Өскемен, Семей уездерінің болыс билері бас қосқан, сол уездер елінің түрлі дау-шарларын шешу ісіне арналған бір топ ашылады. Пысықтар мен шонжарлар ымыраласып, Абайды той жұмысына қатыстырудың алуан айласын жасайды. Абай ондайларға арнап:

Қазақтың қайсысының бар санасы?
Қылт етсе дап-дайын бір жаласы.
Пысықтардың белгісі – арыз беру,
Жоқ тұрса бес бересі, алты аласы³⁵², –

деген. Міне сол жалақорлар, қылт етпелер Абайдың абыройын төкпек. Олардың шағымына сеніп, Абайды кіріптар еткісі келген ұлық та, топқа жиналғандар да, ары толқып, бері толқып, ақыры Абайдың жол-жораға жүйрік әділ адам екенін мойындап, оны төбе би

³⁵⁰ Қазақ ССР ҒА архивы, п. 599, 69-б.

³⁵¹ Сонда, п. 599, 108-б.

³⁵² Құнанбаев *Абай (Ибраһим)*. Шығармаларының толық жинағы. – Алматы, 1948. 33-б.

сайлайды. Абай сол топ үстінде көп адамдарды ырзаластырып, даулы мәселелер туралы әділ билігін айтады. Ел ішінде қолданып жүрген түрлі ережелердің қазақтар өміріне дұрыс келмейтіндігін де сол топ кезінде бір ескертеді. Абай сахара қазақтары өміріне лайықтап түрлі ережелер шығару ісіне қатысады.

Әйел мәселесіне айрықша назар аударған Абай:

Біреудің қызын алып малға сатып

Баяғыны іздеген қандай құрғыр³⁵³, –

дейді. Ойына бекемдік білдірген Абай іс жүзінде де әйелдерден көмегін аямаған. «Мұқа Абай ауылына кеңшілік жай емес, қысылшаң хал үстінде пана тілеп барған еді. Өз ағайынының біреуінен қалған жесір әйелге ғашық болып, соны әмеңгеріне тигізбей алып қашады да, Абай ауылына барады. Бұл кеткен соң, жуан ағайыны артындағы үйін шауып алып, пәле басталады. Абай сондайлық ауыртпалығына қарамай Мұқа мен келіншекке ара түсіп, бастарына азаттық әперіп, артын өзі жайластырып, өнер иесі Мұқаны өзіне дос етіп, туыс етіп алады»³⁵⁴.

Абай әділдігімен көзге түссе, мәні кеткен салт-сана ісіне қарсы болғандығымен «баяғыны» көксегендерге жақпай да жат көрінеді. Кертартпалар Абайға наразылығын арттыра түсетін. Абайдың дұрыс ақылы, өнегелі істері жұрт арасына тарауынан олар тіксінетін. Билеп-төстеп қалған жуандар дұрыс болсын, бұрыс болсын түрлі дау-шардан, ескірген түсінікті қолдаушылықтан өздеріне бедел тауып, азық тауып үйренгендер болса, Абай алдымен солардың қасы болды. Өмірдің шірік тамырына балта шапқан Абай ісі оларды үрейлендірді.

Жұрт танып, ел ағасы болған Абай түрлі тілдерде, кітаптар оқып, білімін молайта түседі. 1870 жылдары «патша ағзамға» жақпаушылардың бірі Михаэлиспен танысады. Михаэлис сол кездің көзі ашықтарының бірі есебінде Абаймен сан рет пікір ауысып мәслихаттасқан. Үкіметке сенімсіз көрінгендердің бірі Долгополов та Абай ауылында болған. Абай Михаэлиспен таныспас бұрын өз бетімен талаптанып рухани азық жимаған еді, көзін ашпаған еді дерлік дерек бар ма?! Ақынның білімі артып, ойы өрістей түсуін – алдымен оның өз халқы рухани мұрасын игеріп, терең түсініп, батыс, шығыстың ұлы адамдары шығармаларын талмай оқып, молая түскен тәжірибесіне сүйене отырып, қажетті қорытынды жасай білгендігінен көру керек.

³⁵³ Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармаларының толық жинағы. – Алматы, 1948. 32-б.

³⁵⁴ Сонда, 44-б.

Абай Семей кітапханасынан ақындар, философтар, ғалымдар жазғандарымен танысады. Шығыс, батыстың құнды мұраларына бірдей ықылас қойған.

Ғылымды іздеп,
Дүниені көздеп, –

деп өмір құбылыстарына терең түсіну талабын жасайды. «Ойландым, ерте ояндым» деген.

Абай ауылына келгендердің сылтаулары көп: біреулер даулы іспен келсе, біреулер ақыл сұрай, біреулер көмек сұрай, біреулер көрген, білгенін айту үшін келген. Ақындар, әншілер, күйшілер, ертегішілер – бұлар өз алдына бір сыйлы қонақтар болып, ақынның аулы кейде түрлі өнерпаздардың бас қосатын құрметті орны болып та кетеді.

Абай біреуді сынап, не өзін, балаларын бөгде адамдарға сынатын бір әдеті бойынша ауылында қонақ болып жатқан Долгополовпен әңгімелесіп отырып: «өзімді, балаларымды сынап беріңізші», – дейді. Долгополов Абайдың дана адам екенін айта келіп: «Ғылымға ет ауырттып, еңбек қылмаса, қолға түспейді. Сіздің балаларыңыз оншалық етіп ауыр еңбек етіп не қылсын. Еңбексіз-ақ, өзі – хан, өзі – би. Сіздің ауылдың төбесі көрінбейтін алысқа кетсе, сонда адам болады»³⁵⁵, – депті.

Ата беделін бетке ұстап, оқымай-ақ елдің құрметті адамы болушылық – ол кездегі қазақтардың бойына сіңген бір нәрсе болса, осындайдың салдарынан Абай уақытында оқи алмай ақындық жұмысын кеш бастады:

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Ер жеткен соң түспеді уысыма
Қолымды мезгілінен кеш сермедім³⁵⁶.

Абай көптеген мәселелер туралы қызықты, мағыналы әңгімелер айтып, жастардың оқу-білімге деген ынтасын арттырып, айтқандарын түсіндіріп, «ұқпағандарыңды сұрап алудан жалықпандар» деп отырады. Егер жастар, шәкірттер сұрау қойса, зор ықыласпен, қолма-қол жауап береді, ондай сұрауларға нем кетеді қарамаған:

Ұстаздық қылған жалықпас,
Үйретуден балаға³⁵⁷, –

деген ақын тәлім-тәрбие беру ісіне мән берген. Жастардың қымбатты шағын бос өткізіп алмауын ойлап:

³⁵⁵ ҚазССР ҒА архивы, п. 599. 15-б.

³⁵⁶ Құнанбаев Абай (*Ибраһим*). Шығармаларының 2 томдық толық жинағы. – Алматы, 1957. I т. 25-б.

³⁵⁷ Сонда, 163-б.

Әсемпаз болма әрнеге,
 Өнерпаз болсаң арқалан.
 Сен де бір кірпіш дүниеге
 Кетігін тауып бар қалан³⁵⁸, –

деді.

«Бір сөздердің мәнін түсінбей әкемнен сұрадық. Мұндай сұрауларымызды да түсіндірді. Ол кездегі қазақтардың ғұрпы бойынша бір нәрсенің аты қайын ата, қайын іні, қайын сіңлі аттарына ұқсас келсе, жас келіншек: әлгі нәрселердің атын, не адамның есімін басқа атпен бұзып айтатындығын, «ортаншым», «төрежан», «кішкентай», «тетелес» деген сөздердің не себептен қолданылатындығын әкем түсіндірген еді» дегенді айтады Уәсилә.

Абай қарапайым шаруалар, момын адамдарды қадірлеген, бұқараға еңбек етуді арман еткен. Орнын ат төбеліндей жуандар, шенділер, әкімдер арасынан іздемей, халық ішінен іздеген. «Елім алтын бесігім» – деп түсінген. Абайдың осындай істері үстінен құс ұшырмайтын заманның шонжарларына ұнамаған. «Кезі келген жерде айтпақ болып жүрген сөзім бар еді, соны айтайын: ең әуелі – сен жұрттың бәріне күліп сөйлейсің, жайдақ су сияқтысың. Жайдақ суды ит те, құс та жалайды, кісіге қадірің болмайды. Екінші – көрінгенмен жақын боласың, кісі таңдамайтын желбегей жүрген кісінің басына ел үйірілмейді. Ел алатын қылық бұл емес», – деген Құнанбайға Абай: «Қолында қаруы бар бірен-саранға тиетін шыңыраудағы судан да, қойшы-қолаң, жалшы-жақыбайдың бәріне бірдей пайдасы тиетін жайдақ су артық деп білемін»³⁵⁹, – депті.

Абай аңшылар өмірінің неше алуан түрлерін өзі көріп басынан кешірген.

Қан сонарда шығады бүркітші аңға,
 Тастан түлкі табылар аңдығанға³⁶⁰, –

деп басталатын шығарманы ұқыптап оқыған адам бұл шығарманың Абайдың өз өміріне байланысты туғандығын аңғарады. Шығармада бір кезде қазақ арасында аңшылық қалай жүргізігендігін, сол кәсіпті жақсы білген ақын ғана көркем сөзбен баяндаған.

Қанат, құйрық суылдап, ысқырады,
 Көктен қыран сорғалап құйылғанда.

³⁵⁸ Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармаларының 2 томдық толық жинағы. – Алматы, 1957. I т. 163-б.

³⁵⁹ Сонда. II т. 21-22 бб.

³⁶⁰ Сонда. I т. 22-б.

Жарқ-жұрқ етіп екеуі айқасады,
 Жеке батыр шыққандай қан майданға.
 Қар – аппақ, бүркіт – қара, түлкі – қызыл,
 Ұқсайды қаса сұлу шомылғанға³⁶¹, –

деп ақын осынау бір көзімен көргенін шабыттана суреттейді. Абай бұл шығарманы бір күні ғана аңға шығып, не бір жақта құс салып жүрген аңшылардың үстінен түсіп, не қазақтар құс салу ісін осылай жүргізді дегенді сырттан естіп, не бір алған әсеріне сүйеніп жазбаған. Абайдың жазып отырғаны өзі талай көрген өмір көрінісі. Оның қандай шығармалар жазуының бір себебі ақынның сахара қазақтарымен бірге өсіп, елдің салт-сана, кәсібін, мінез-құлқын жақсы біліп, жұрт әуестенген іспен өзі де әуестене білгенінде.

Абай өз өміріне байланысты шығарған өлеңдерінің бірінде:

Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да,
 Алдамаған кім қалды тірі жанда?³⁶²–

деп қиянатты істерді өз басы аз көрмегендігін айтады. Көңілі талай шайылып, кейде мұң айтқан Абай өмір таласына қатыспай бұғып жатпағандығын аңғартады. Егер Абай аулақта отырып, алуан адамдармен қарым-қатынас жасамаса, бірінің ісіне сүйсініп, бірінің ісіне күйініп көрмесе, солармен өмірін таласа өткізбесе, өмірді сырттан бақылап, тек қана ақындық қиялға сүйеніп, терең мағыналы көркем шығармаларын жазбаған болар еді. Оның жазғандары көбінесе басынан кешіргендері.

Күзеу тозған оты жоқ елдің маңы,
 Тұман болар, жел соқса, шаң-тозаңы³⁶³, –

деген ақын киіз үй тіккен көшпелі қазақтар тұрмысына дәл келетін сипаттамалар береді. Осы шығармада айтылғандардың Абайдың өз өміріне байланысы жоқ дей алмайсың. Абайдың өзі де керегелі үйде көп өмірін өткізген, күз күзеуде талай киіз үй тоздырған.

Абаймен көп жылдар жолдас болған Көкбай ақын «Жазды күн шілде болғанда» деп басталатын шығарманың қалай жазылғандығы туралы: «Ауыл Бақанастың бойындағы Көпбейіт деген жерге қонып жатыр екен. Осы суретті өлең қыл деді. Мен біраз өлең қылып едім, жақтырмады да, өзі жазбақ болды. Сонымен үй тігіліп болып

³⁶¹ Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармаларының 2 томдық толық жинағы. – Алматы, 1957. II т. 22-б.

³⁶² Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармаларының толық жинағы. – Алматы, 1948. 25-б.

³⁶³ Сонда, 88-б.

жайланған соң, Абайға келіп едім: «Өлең Көкшенің басынан асайын деген ғой», – деді. Мен: «Асса, баста мен қалап алған нәрсе емес еді, енді өзіңіз ретін тауып қайта алыңыз», – деп қалжыңдадым. Сөйтсе, сол күні «Жазды күні шілде болғанданы» жазған екен. Оқып берді»³⁶⁴, – дейді.

Жазды күн шілде болғанда,
 Көкорай шалғын бәйшешек.
 Ұзарып өсіп толғанда,
 Күркіреп жатқан өзенге
 Көшіп ауыл қонғанда...
 Қыз-келіншек үй тігер
 Бұрала басып былқылдап,
 Ақ білегін сыбанып
 Әзілдесіп сылқылдап³⁶⁵, –

деген жолдар бір ауыл емес, сол кездегі сан ауылдың ерекшеліктерін көрсетеді. Шығарма, әсіресе, өзінің халықтық белгілерімен көзге түседі. Қазақ өмірін терең түсінген ақын жазғандығын аңғартады.

Кейде өзін-өзі сынап отыратын Абай «мінім жок», – деп даңқын асырудан қашады, өз пендешілігін өзі көргісі келеді. Жұрт ісімнің бәрін мақұлдап, айтқаныма шұлғып тұрса деп орынсыз асқақтық білдірмейді.

Қайтып қызық көремін,
 Әуре-сарсаң күнімнен?
 Қайырылып қарап байқасам,
 Ат шаба алмас мінімнен³⁶⁶.

Абай ұлғайған кезінің өзінде, ел ісіне тікелей араласудан тоқырап қалмады, қол қусырып жатпады. Оразбай сияқты адуындар былай да жабығып жүрген жұртты жүдетіп жіберуін жақсы түсінген Абай беделін бетке ұстап, бұқараның қамы үшін басын аямай, жуандардың қолына жұртты бермей, талаптың бір жағына өзі жүруді де ойлайды. Жұрт тыныштығы үшін Абай 1890 жылдары ашылған топ кезінде бір қауіпті істі лажсыз өзі көтерді. Ежелден келе жатқан ескі егес, кекшілдік, күншілдік, арызшылдық асқындап тұрады. Егеске түсушілердің бір жағына мұрындық болып, Абайды мұқатпақ

³⁶⁴ ҚазССР ҒА архивы, п. 599. 34-б.

³⁶⁵ Құнанбаев *Абай (Ибраһим)*. Шығармаларының 2 томдық толық жинағы. – Алматы, 1957. I т. 49-б.

³⁶⁶ Құнанбаев *Абай (Ибраһим)*. Шығармаларының толық жинағы. – Алматы, 1948. 130-б.

болғандардың бірі – Оразбай өшпенділігін күшейте түседі, ретін тауып Абайға соқтықпақ. Ол Абайдың інісі Оспанның оны арба артына байлап қорлағаны үшін де Абайды күйдірмек.

Абай жәбірленгендерге ара түсіп, зорлықшылардың жолына бөгет болады. Кейбір Құнанбай туыстарының дөрекі істеріне де Абайды кінәлап, олар Абайды арқаланып бейбастақтықтарын асырды деп те кіжінүшілер аз болмаған. Құнанбайлардың Жігітектермен көптен келе жатқан араздықтары бар, сондықтан ол жақтан қолайлы адамдар тауып, өз тобына қосып та күшті молайта түсу керек. Оразбай, міне, осыларды түгел есепке алады. Абайды ақсатар кез іздейді. Оразбайлар Абайдың топқа келуін аңдиды, олардың ойлап тапқаны: Абайға таңба салу. Абайға қастандық етуге әдейі жіберілген адамдардың ісі жөнінде Тұрағұл: «Әкеме таңба түспей қалыпты, – бұл қорғап қалған кісі Сопының інісі Аппас, бірақ таяқ тиді не, тимеді не, әйтеуір Абайды ұрды деген атын көтеріп, мұратына жетеді»³⁶⁷, – дегенді айтады.

Керей, Найман ішінен де Оразбайдың кінәлі ісін алдына келтіреміз, өрескелдікке жол бермейміз дегендер болады. Абай қазақтың, Орта жүздің Абайы еді. Оразбайдай әулекіленген, бастарына желін қап киген тобықтыларды жөнге саламыз. Абайдың сағын сындырып, сүйекке таңба салмақ болған іс кешілмейді, – деген сөздер тарап кетеді. Оразбайды шауып алмақ болғандар да аз болмайды. Оразбайды жұртқа тентек қылып көрсеткен осынау сөздер Серікбай, Бегеш тағы көптеген билерді Абай алдына алып келеді, сол кездің бір салты бойынша билік айтып Оразбайға айып кеседі.

Әріп ақынның Абайдан арасын үзген кезі. Базаралыны айдатып жібергенін сөз еткен Әріп Құнанбайлар өз ағайынына зәбірлік етті деген. 1898 жылдан 1913 жылға дейін пәлен рет басылып шыққан «Біржан–Сара» нұсқаларына және онда кездесетін уақиға мен сөздер ыңғайына, кісі аттарына, архив мағлұматтарына қарағанда да, әсіресе «Зайсан нұсқасына» қарағанда айтыс кездесе кеткен екі ақынның импровизаторлық өнеріне сай, сол күйінде қолма қол пайда болған деу қиын. Айтыстың алдына кіріспе ретінде арнайы айтылған сөздерді, сол шығарманың стильдік өзгешеліктерін аңартып тұратындығы еске алынса, айтысты ойдан шығарып, бір ізге салып, қалыпқа келтірген шығарманың кіріспе сөзін жазған ақын екені күмәндардырмайды. Біржан мен Сараның аузынан шықпаған, уақиғаға қатысқан басқа адамдар айтқан сөздер, шығарманың композициялық құрылысы да, екі ақынның әдейі кездесіп сөз таластыратын дәстүрлі айтысы-

³⁶⁷ Тұрағұл. ҚазССР ҒА архивы, п. 599. 31-б.

на да ұқсамайды. Айтысқа Абайды сөзге қосып отырған Сара емес, Әріп ақын. Әріп Нұрғаным мен Базаралы арасында болған жайды да сөз етіп, өлең шығарған. Құнанбайды, Абай жағындағыларды мысқылдаған болатын.

Әріп болсын, басқа болсын, дөрекілеу сөз айтып, іліп, жұлып өлең шығаратындарды, «сенімі жоқ серменделерді» замандастары ішінен Абай аз кездестіргендігін айтады. Олар ибасыз сөздермен ақынды қапа еткен сияқты. Сондықтан Абай:

Жас өспірім замандас қапа қылды,
Сабыр, ар жоқ, аял жоқ, ілді-жұлды.
Тұрлау қылып еш нәрсе басқара алмай,
Сенімі жоқ серменде өңкей жынды³⁶⁸, –

деп әдейі айтқан ба дейсіз.

Абай өзара татулықты жоғары санап, аяқтан алыспай, жала жауып күндеспей жүрген замандастарды көргісі келді:

Кей құрбы бүгін тату, ертең бату,
Тілеуі, татулығы бәрі – сату.
Көкірегінде қаяу жоқ, қиянат жоқ,
Қажымас, қайта айнымас, қайран тату³⁶⁹.

Абай ақылға көнбейтіндердің лаңы тарап, өзінің олардан безер болғанын да айтады, мұнайғандық та білдіреді.

Өлген молда, туған жер жібермейді,
Әйтпесе, тұрмас едім осы манда, –

деп те қынжылады. Ақын мұнайсын, қынжылсын бірақ баянсыз уайымға беріліп кетпеген, ел түзетпек ісін ұмытпаған.

Жұртым-ай, шалықтамай сөзге түсін,
Ойланшы сыртын қойып сөздің ішін, –

деп айтқан ақылға құлақ салып, дұрыс жолға түсіп, өркендеуді тіледі.

Ұлы ақынды ол кезде бағалай білмегендер, оған кесе-көлденең болғандар оның адал жүрегін жаралаған:

Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да,
Алдамаған кім қалды тірі жанда.

Әсіресе, патшаға жағынғандар, арызқор пысықтар, шеншекпеншіл мансапқорлар, ескішілдік, діншілдік көксегендер, халық қамын ойламайтындар Абайға өш болады. Ақынның сөзін тыңдамаушылар да алдымен солар болды, олар Абайды талай өкінішті іске ұшыратты. Абай:

³⁶⁸ Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармаларының 2 томдық толық жинағы. – Алматы, 1957. I т. 161-б.

³⁶⁹ Сонда, 197-б.

Осы жасқа келгенше,
 Өршеленіп өлгенше.
 Таба алмадым еш адам
 Біздің сөзге ергенді, –

десе де ақынның сөзін тыңдаушылар, сонау кездің өзінде аз болмаған, оның терең сөзіне түсіне бастағандар заман озған сайын халық ішінен көбейе түседі. Абайдың 1909 жылы шыққан шығармалары ел ісіне назар аударғандардың, ақындық іздегендердің ойын оятып, көкейіне қона бастайды. Абайдың халық қамқоры екенін көріп, оны ардақтайтындардың бірі есебінде ойын айтқан Айдақожаұлы Баймағамбет былай жазады:

Кешегі айтылғалы Абай сөзі,
 Әркімнің мәлім болды сыр-мінезі.
 Білмегенге қараңғы қайда жүрсе,
 Білгендер әдетінен болды
 Енді ойласақ мақсұты елдің қамы
 «Қара қазан сар бала» таңдағаны³⁷⁰.

Абай ұлықтар, болыстар, патшаның оң көзі жандаралға өзінің ел қамқоры адал адам екендігімен жақпады. Сол кездің содырлы оязы, жазықсыз Абайды католошкеге де тапсырған. 1903 жылы жандаралдың әмірі бойынша Семейдің жасырын іс жүргізетін, пәле іздеп тіміскілейтіндер, полиция адамдары Абайдың үйін астанкестен етіп тінтеді. Ойлаған материалдарын таба алмай, дымы құрып, Абайдың жұрт қадірлеген адам екендігінен айбынып, жазаға кіріптар етуге батылдары бармайды.

Өтірік, ұрлық,
 Құрысын, көзің ашылсын, –

деген Абай сөздері үкімет адамдары құлағына анық шалынбаса да, бірақ олар Абайдың үкіметке жат адам екенін сезген сияқты.

Талай ауыр тауқымет көтерген, қиянатты істер мен өкініштерді басынан асып жабыққан, жасы ұлғайған Абайдың кеселдерге төтеп беруі де қиын болып, ажары қайтып көңлі түсе бастайды.

Сұм дүние тонап жатыр ісің бар ма?
 Баяғы күш, баяғы түсің бар ма?
 Алды үміт, арты өкініш алдамшы өмір,
 Желігін жерге тықпас кісің бар ма?!³⁷¹ –

³⁷⁰ Айдақожаұлы Баймұхамбет. Шын мақсұттар. – Семей, 1915. 2-б.

³⁷¹ Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармаларының толық жинағы. – Алматы, 1948. 204-б.

деп ол кездегі өкінішті өмірдің өрге бастырмай қажытқанын айтып мұңаяды. Абайдың осы ауыр халының үстіне бір зор қайғы қосылды. Сүйікті баласы Мағауия қайтыс болды. Уайымы үдеген Абай күрт түсіп кетеді, күннен-күнге қайғы арта түседі. Ұйқы ұйықтау, ас ішу, сөйлесу қалады. Емделіп сауығудың өзін ұмытады. «Көрші Дағанды болысындағы Бөжей дейтін қазақ докторын әкеліп еді. Ол кісі бір ақ дәрі берді. Дәріні көрді де, әкем ішпеймін деген ишарамен басын шайқады»³⁷², – дейді Уәсилә.

«Қалың елім қазағым, қайран жұртым» деп, халқына зор еңбек сіңірген ұлы ақын өзінің туып-өскен жері Сарыарқада 23 июльде 1904 жылы қайтыс болады.

³⁷² ҚазССР ҒА архивы, п. 599. 56-б.

XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ АҚЫНДАРЫ МЕН ЖАЗУШЫЛАРЫ

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті Шығыс, Батыс, оның ішінде орыс әдебиетінен үлгі ала дамыды. Бұл кезде түрлі жанрлар үлгісінде жазылған шығармалар – роман, поэма, драмалар туа бастайды. Мәдениеті, ақындық өрісі, шеберлігі арта түскен, халықтың арманын, бостандығын ойлаған, жырлаған ақын-жазушылар әдебиет, мәдениет майданынан көрнекті орын алады.

Махамбет, Алтынсарин, Абай, Мұратқа жалғас шыққан бір топ қазақ ақындары мен жазушылары ішінде Ш.Құдайбердин, Нұржан Наушабаев, Әбубәкір Боранқұлұлы, М.Ж.Көпеев, Ақылбек бин Сабал, Мақыш Қалтаев, Т.Жомартбаев т.т. бар. Олардың ой-өрісі, ақындық шеберлігі бір дәрежеде демесек те, бұл ақын-жазушыларға бір ортақ ерекшелік: олар өздерінше қазақ халқының мәдениетін арттыруды ойлады, бостандыққа шақырды, төрелерді, ұлықтарды, жуандарды, паракорларды, жалақорларды сынады, шығыс сарындас қиссалар жазумен ғана шұғылданбай, қазақ өмірінің түрлі құбылыстарын шығармаларына арқау етті.

Алдыңғы ақындықтан кейінгі ақындар пайдаланып, поэзиядағы халықтық ерекшелікті сақтау арқылы әдебиеттің ажарлана түсуі мүмкіндігін еске алсақ, өткен ғасырдағы көптеген ақындар қазақ әдебиетінің көркеюі ісіне көмегін тигізбеді дерсіз бе? Олар ақындыққа баулымады, өткен кездің ақын-жазушылары шығармашылығында бұл күнге керекті әдебиеттік нәр шамалы деп безіну сыңаржақтыққа апарар еді. Олар туындыларының керектісін елеусіз қалдырмай, ғылым қажетін өтеу заңды десек, осы заңдылықтан аталған ақын-жазушылардың, оның ішінде Н.Наушабаевтың тыс қаларлық реті жоқ. Н.Наушабаев ақындық ойын ортаға салды, заманындағы өмірді көрсетті, сынады, адал ниетін өзінше халыққа арнады, бұқараның сана-сезімін оятпақ болды. Елді бірлікке, білімге, өнерге шақырып, «өлеңді мен жазбаймын ермек үшін» деген Абай сөздері құлағына шалынған еді демесек те (Абай шығармалары – 1909 жылы, Нұржан шығармалары 1903 жылы басылып шықты), ол өзінше көпке ой салып, жалпыға арнап ғибратты сөздер жазуды құнттады.

Жад етіп, һәр уақыт жазам ғазал,
 Дертiмдi iште жатқан қозғалдырып.
 Һер кiмдер оқып, ғибрат алмақ үшiн
 Кетемiн жүрген жерге сөз қалдырып³⁷³, –

деп жырлаған Нұржан Наушабаев қазақ әдебиетiне «Манзумат қазақия» (1903), «Жұмбақ», «Нұржан мен Сапарғалидың жұмбақ айтысы» (1903) деген кiтаптарымен мәлiм. Ол мұсылманша оқығандығын еске алып, «ғылымның дариясынан iштiм қанып» десе де, шынында ғылым-бiлiм үйренерлiк ғалым алдын көрмеген. Бұл арада Нұржан Құран, Мұқтасар сияқты кiтаптарды тамамдағанын айтқан болар. Оның:

Ұйқыңды аш, оян, Нұржан, көтер басың,
 Ғафыл боп мұнша өзiңе барма қасың³⁷⁴, –

деген сөздерiнен сана-сезiмi көп уақыт көмескiленгендiгi байқалады.

Қазақ ССР Ғылым академиясының архивы мағлұматтары және Н.Наушабаевты бiлетiн таныстары, жерлестерi, әйелi Бибiзараның айтуынша, Нұржан 63-те қайтыс болған, оның туып-өскен жерi – Қостанай қаласының маңы, руы – Қыпшақ. Заманының сауықшыл серi ақыны Нұржан қасына жыршылар, ақындар, домбырашылар жинайды, талай өнерпаздармен қадiрлес болады, кәрi құлақ даналар, шешендер сөзiн құмарта тыңдайды. Файзолла Сатыбалдыұлының айтуынша: «Жазы-қысы Нұржанның думаны тарқамайтын кiсi. Ойын-сауық соның үйiнде болатын. Ержан, Есмағамбет, Күлiке, Дегембай, Жүнiс сияқты ақындары мен нөкерлерi қасынан тараған емес»³⁷⁵. Наушабаев өмiрiнiң осындай бiр кезi оның шығармасынан да аңғарылғандай.

Жiгiт болдық бiр кезде,
 Бар қызықты қолға ұстап.
 Бедеу мiнiп бүгiлтiп,
 Жал құйрығын сүзiлтiп...
 Неше буын ән шырқап,
 Сайрады ғой тiл деген³⁷⁶.

Н.Наушабаевтың шығармаларын қолжазба күйiнде тапсырғандар iшiнде: Сегiзбай Тұрғанбаев, Доскей Жасақұлы, Ахмет, Бүркiтбай, Қали ақын, Нұржанның тәрбиесiнде болған немере ағасының қызы Зурә, тағысын тағылар бар. Қолжазбалардан «Бозаман» (бiтпеген дастан), «Тойбастар», «Жiгiттiң 13 түрi», «Нұржан мен Сырғаның

³⁷³ Наушабаев Н. Манзумат қазақия. – Қазан, 1903. 4-б.

³⁷⁴ Сонда, 7-б.

³⁷⁵ Наушабаев Н. Қазақ ССР архивы, п. 1301. 104-б.

³⁷⁶ Сонда, п. 1001. 107-б.

айтысы», «Нұржан мен Өтініштің айтысы», «Бір жігітке», «Бұрынғы хикаядан көріп» деген шығармалар және түрлі жұмбақ, терме толғау өлеңдер кездеседі.

Нұржан жыраулар, айтысшыл, тақпақшыл, термешіл ақындардан тәлім алады. Түсінікті көркем шығармалар жазуды құнттайды:

Қалаулы сыншы халқым,
Үлкен-кіші, жалпының
Арасына тастадым.
Сынасын деп сертпенен³⁷⁷, –

деп сөзін кімге арнағандығын ескертеді.

Н.Наушабаев жұртқа сіңісті болып, көп тараған: жақсылық, жамандық, арамды қ, адалдық, надандық, елдік, ерлік, ездiк, заман, салт-сана, тағы сондайлар туралы мақал-мәтел, ережелі сөздерді сұрыптап, оларды жаңғырта жырлап, түрлі толғаулар да жазады.

Неше мақал, мысалда,
Қалмады сөзім білмеген³⁷⁸, –

деген Нұржан халық даналығынан туған осынау бір фольклор түріне айрықша мән береді, шешендер, жырау, жыршылар айтқандарының үлгілі жақтарын айтады:

Сөздері топқа салынған,
Бұрынғы шешен, тақ-тақтың
Керегі көп заманға
Ескі мақал, тақпақтың³⁷⁹.

Н.Наушабаев талай шығармаларын, мақал-мәтел, терме үлгісінде жазады, айтыс, жұмбақ түрінде өлеңдер шығарады. Оның бұл тектес ғибратты сөздерінің бір түрі:

Жақсы жолдас сол болар,
Сырыңды шашпай жинаған.
Тамам жұлдыз жарығы
Балқып нұрлы ай болмас,
Аламан азса не болар?
Бақытынан жаңылып,
Жат дұшпанға қор болар³⁸⁰.
Таңдап жүріп сүйгеніне қонады,
Бақыт деген бір ұшқан құс жеткізбес.

³⁷⁷ Наушабаев Н. Қазақ ССР архивы, п. 1301. 32-б.

³⁷⁸ Сонда, 203-б.

³⁷⁹ Сонда, 199-б.

³⁸⁰ Сонда, 133-б.

Ақымақты болмайды екен үйретіп,
Дүниені жіберсең де билетіп³⁸¹.

Н.Наушабаев ауқатты әкенің баласы атанып, заманының бағландары, мырзалары қатарында болады, «балалықтың асырына» салынып, көп уақытын бос өткізгендігі туралы:

Нәр жерде аты шыққан бекзаттармен,
Жүрдім ғой жігіттікті шендестіріп³⁸², –

дейді.

Сауық құрып, бейқам жүруге әуес, малға бөккен мырзалардың ісінен жиренген, бой тоқтатып, ақылға келген бір кезін Наушабаев былай баяндайды:

Атаққа ақымақ деген ұшырадым,
Әуре боп көрінгенге әуестеніп.
Өткен іс ойға түссе, дал боламын
Бойымды қысқандай тер сірестіріп³⁸³.

Н.Наушабаевтың «Өлеңді бала жастан еттім қалып» деуіне қарағанда, оның ақындығы ерте оянған. Ақынның жарияланған шығармалары оның «тиянақты іс етпей» жүріп-жүріп, қырыққа тақалғаннан кейін жазғандары. Ол:

Ей, Нұржан, биыл шықтың отыз беске,
Талап ет, бұдан былай ізгі іске³⁸⁴, –

дейді.

Әлеуметтік сезім билеп, өмір ісіне енді көз салған Наушабаевтың:

Ал, Нұржан, қаламыңды қолына ұста,
Бұрынғы өткендердің бәрін таста, –

деген сөздері де 1894–1898 жылдар арасында айтылған.

Н.Наушабаев «Бір жігітке» деген шығармасында адалдықпен емес, арамдықпен, күшпен, қорқытумен бедел алған, ісі халыққа жат жандарды көреді, ондайларды кекете сынап: «айбаттысың, бетіңе кісі келтіріп, алдына жан салмайсың, «Жамандықтың жанынан жарты ширек» кетпейсің, сорлының соңынан сүмендеп қалмайсың, алдаудан талмайсың, көкірегінді көтересің, «басшы қойып бағынса, түгіменен жалмайсың», өзіңнен төменді ілтифатқа алмайсың, осындай бір қалпыңмен «халықтан қалай қарғыс алмайсың»³⁸⁵, – дейді.

³⁸¹ Наушабаев Н. Манзумат қазақия. – Қазан, 1903. 24-б.

³⁸² Сонда, 19-б.

³⁸³ Сонда.

³⁸⁴ Сонда, 5-б.

³⁸⁵ Наушабаев Н. Қазақ ССР архивы, п. 1301. 153-б.

Н.Наушабаев кейде дін уәкілдері өрескелдіктерін де көреді. Олардың өтірікті жақтаған, мүләйімсіген, қараңғылық пердесі екенін айтады:

Шайтанның сиқырына алданып жүр,
Халфе деген атакты малданып жүр.
Көз жұмып, мүләйімсіп, тәсбих тартып,
Аямай кейбіреулер сандалып жүр³⁸⁶.

Мешеуліктен, надандықтан туатын өмір ұсқынын көрген Нұржан ғылым-білімге, пайдалы іске ұмтылуға үгіттейді. Баласына арнаған сөзінде:

Тек өссең, үйде жүріп не боласың,
Шырағым, ғылым білмей қор боларсың³⁸⁷, –
десе, Алтынсариннің ағартушылық қызметін жоғары бағалаған, оның ісін өзгеге үлгі ете сөйлеген «Ыбырайға жазған өлең» деген шығармаларында мынаны айтады:

Құр жерге кеме, су үстінде от жақтырған,
Қараңғыда адасқанға жол таптырған.
Талып, шаршап жүргеннің нешеулерін
Ойдан алып биікке лақтырған³⁸⁸.

Н.Наушабаевтың ғибрат үшін жазғандарының бірі – «Бұрынғы хикаядан көріп». Мұнда үш бірдей кісі жала жауып, соңына түскен, солардың шатағынан қалай құтыларын білмей жанталасқан, ақыры ерең-пәрең дұрыс билік көрген, бір момынның жайы баяндалады. Арамдық пен әділдік ісіне ой жіберу ескертіледі. Теріс ісінен үрейленген жалақорлар әшкереленеді, олар туралы:

Алармыз деп, алдырып қалармыз деп,
Дағуадан үшеуінде қалды текке³⁸⁹, –

делінеді.

Н.Наушабаев шығармаларынан араб, парсы және діни сөздерді кездестіресіз. Мұндай сөзге үйірлікті Наушабаевтан басқа да сол кездегі қазақ ақындарының талайынан табасыз.

Н.Наушабаев кейде «Манзума, Назым, Жәһил, Әсәр, Мүбәда, Мүптәлә» деген сияқты сөздерді қолданбай-ақ ойын айтуға ақындығы жетсе де, ол сөздерге шығармаларынан әдейі орын берген.

1903 жылы кітапша болып жарияланған Нұржанның «Сапарғалимен айтысынан» өмірдің күрделі жағын сөз етіп, пікір айту,

³⁸⁶ Наушабаев Н. Қазақ ССР архивы, п. 1301. 332-б.

³⁸⁷ Сонда, 75-б.

³⁸⁸ Наушабаев Н. Жұмбақ. – Қазан, 1903. 15-б.

³⁸⁹ Сонда, 378-б.

әлеуметтік мәселе қозғаудан гөрі, екі ақынның сөз тапқыш өнерін салыстыру, талабы, өзара мадақтасқаны айқынырақ сезіледі. Сапарғали Нұржанды көтермелеп, сен нұрдан жаралған жігітсің десе, Нұржан өнерге сізден озған жан бар ма деп, Сапарғалиды қошеметтейді. Қалам, сағат, көрік т.т. туралы жұмбақтарын шештірмек болған Сапарғали:

Бір үй бар әйнегі жоқ һәм есігі,
 Ішінде құдай берген бар нәсібі.
 Болады бірде жанды, бірде жансыз,
 Білмесе, хақтағала жоқ кәсібі, –
 десе, Нұржан былай жауап қайтарады:
 Демеймін бұл сөзімді тек балады,
 Жұмбақты ашсам, көңілім қош болады.
 Жұмыртқа әйнегі жоқ һәм есігі,
 Әуелі жансыз, ақыры құс болады³⁹⁰.

Ұзаққа созылған айтысқа осы сияқты отыздан астам жұмбақтар, олардың шешуі кірген.

«Түлкі илән әтештің хикаясы» деген шығармасында Н. Наушабаев айласын асырып, момындарды сорған сұрқияны паш етпек. Арбаумен, тәтті сөзбен, жұртты шырмағандарға сенбей, оларды ісіне қарай бағалап үйрену қажет екенін түсіндіреді. Түлкі: «Қой мен қасқыр мәңгі татуластық қаршыға, көгершін бір ұяда тұратын болды, бұдан былай жан-жануардың қастасуы қалды, мен де сенің досыңмын», – деген сөздермен арбап, әтешті алдап жеп кетпек. Мұны сезген әтеш: «Шашақ құлақ иттің арындап келе жатқанын қарашы!» дейді. Бұл сөзді естуі мұң екен, әлгі аузынан бал тамған түлкі сол арада ғайып болады, сөзі бір басқа, ісі бір басқа жәдігөй екенін көрсетеді.

«Өгіз илән есектің хикаясында» жайы баяндалған өгіз тек тірі жүрсемді місе еткендер уәкілі ретінде де көзге түседі. Мұнымен бірге өгізді осындай өмірге душар еткендердің ісі де әшкереленеді. Бейнеттен арылмай жүре беру жөн бе? Ынжық болма деген ой білдіреді, көпті ашындырмақ болған талап та байқалады.

Н.Наушабаев заманындағы адамдардың теріс ісін, арам ниетін байқап, біреу бай, біреу пақыр болған қоғам адамдарын көреді.

Адам көп дүниені жүрген былғап,
 Біреуін кез келгенде біреу алдап.
 Азап боп ғұмырында біреулер жүр,
 Құрыққа ұстай алмай, сырық жалғап³⁹¹, – дейді.

³⁹⁰ Наушабаев Н. Нұржан мен Сапарғалидың айтысы. – Қазан, 1903. 4-б.

³⁹¹ Наушабаев Н. Манзумат қазақия. – Қазан, 1903. 5-б.

Н.Наушабаев діни түсініктеріне орай топшылаулар жасаса, оған өмірдің шындығы қайшы келіп, ондайда ақынның ойы тоқсан толқып жүйеге келмей, бір айтқаны екіншісіне үйлеспей жатады. Ол бір сөзінде:

Әуелде Лаухулмахфуз тақтасына,
Бұзылып өзгерілмес болған тағдыр³⁹², –

дейді.

Билік алладан, тағдырдан болса, көнбеске көніп, талассыз, талапсыз жүре беру жөн болса, жамандық та алланың ісі болып, онда әділ тәңірінің өзі кім екендігін жете түсінбегендікті білдіреді. Сөйте тұра алла мен тағдырға сену талап пенен өмір шындығына сай келмейтінін де ескертеді.

Шарт жұмып, екі көзді жүргенменен
Көрінер қалайша адамдығы³⁹³, –

деп жазмышқа ден қойып, өмірдің тартысынан сырт қалып, қорлықта қалуды қостамайды, «жасалған зеңбірек болса да» қашпа, жұрт мұңын жоқтап, әділдік жолында қайрат ет.

Ер жігіт жалтақтамас жоқ болса да,
Сескенбес жанып тұрған шоқ болса да³⁹⁴.

Осылайша дұшпанға қарсы қайыспай ерлік ету керек деп те үгіттейді.

Догматикалық түсініктің шынды айтуға кесел келтіретіндігін сезген Н.Наушабаев әділетсіз өмірдің кінәлі жағына көз салады. Тұрпайы тұрмысына масаттанған, дүниеқор, надандығы асса да, «қалтам қалың болсынды» ойлаумен күн кешкен байларды ащы сөзбен аластайды:

Е, ғажап?! Кейбір дәулет насқа бітер,
Рақымсыз жібімейтін тасқа бігер...
Бір тиынды иманынан жақсы көріп,
Тұтамдап құйрығынан ұстап өтер³⁹⁵.

«Бұл күнде сөз өтірік, дұрыс тілек өрге аспайды, зорлыққа, бұзықтыққа жол ашық, тілмен айтып, қол менен тізіп болар емес, жігіттің не гүлдері жүр қорлықта, заманда түзіктік жоқ» деген қорытынды да жасайды.

Н.Наушабаев паракор қатал әкімдерді сынайды. Олардың елді езу үшін қойылған, өзінен жоғары ұлықтарды арқаланып, іс жүргізуге тақыстанған әкімдігін саудалағандар екенін көреді.

³⁹² Наушабаев Н. Манзумат қазақия. – Қазан, 1903. 5-б.

³⁹³ Сонда, 5-6-бб.

³⁹⁴ Сонда, 5-б.

³⁹⁵ Сонда.

Не керек нәсілсізден қойған хакім,
 Рақымсыз болар қатты қара тастан.
 Сатады хакімдігін бес тиынға
 Құнсыздық не болады мұнан асқан³⁹⁶.

Береке-бірлік бекісін, қастасу қалсын, пайдалы іске жол ашыл-
 сын, әлді, әлсізді шеттетпесін, жұрт қамын ойлайық:

Жақсы емес адамшылық білгізбесе,
 Қамын жеп жұртқа пайда тигізбесе³⁹⁷, –

дейді.

«Заманның қалпына айтылған сөздер» деген шығармасында Н.Наушабаев әлеуметтік наразылығын арттыра түседі. Заманның қалың бұқараға масыл болып тұрғанын көпке түсіндірмек. Адал арман қақас қалып, іске, еңбекке, адамшылыққа, адалдыққа қарай қоғамнан лайықты орын тимегендікті, ізгі талапқа сай келмеген заманның шатағынан ауыр тұрмысқа ұшырағандықты көрмек. Қиянатшыларға оңай жеткізсе де, адал адамдар қанша қуса да, бір шалдырмаған заман жайын баяндайды:

Қанат байлап қуса да,
 Жеткізбеген заман-ай!
 Һеш пенденің мұратын
 Еткізбеген заман-ай!³⁹⁸

Заманның жат ұсқынын байқап, көңілі суыған Н.Наушабаев адал адамдардың мерейі үстем болуын тілейді. «Қорлықтан құтылу үшін не істеу керек?» деген сұрауға жауап іздейді. Халық тілегіне қас озбырлар кетіп, қоғам ісіне көпшіліктің өзі араласуы қажет екенін түсіндірмек. Ошақтың үш бұтын күзетіп, «алма піс, аузыма түс» деп бейқам жүрген, адал мүддесін жөндеп түсінбегендерді талапқа, жігерге шақырмақ болады. Ыстыққа күймей, суыққа тонбай, таласқа түспей, өмір іздегенді тегін бермейтіндігін, халық үшін қажырлы қайрат көрсетпей, адал азаматтың борышын ақтамайтындығын айтпақ.

Дұшпанға ерегiскен ар сақтама,
 Жөнiне қорқып жетiп, тайсақтама...
 Не керек дулығалы болат найза,
 Қызығын көрмеген соң, шаншып жауға...
 Бiр болар дәрежесi күн iлгерi
 Дүниедe фақыр, мiсiн мырза бектiң³⁹⁹.

³⁹⁶ Наушабаев Н. Манзумат қазақия. – Қазан, 1903. 19-б.

³⁹⁷ Сонда.

³⁹⁸ Сонда, 27-б.

³⁹⁹ Сонда, 18-19-бб.

Нұржан шығармаларына бірбеткей келіп, оның түсінігіндегі қайшылықтарды жете түсінуді ұқыптамау ақынның әлеуметтік сипатын көлеңкелейді. Н.Наушабаев заманнан озып, айрықша қырағылық көрсеткен ақын емес-ақ шығар. Бірақ бұдан барып оны тек тағдырға сенуден аспаған, халықты қорлағандармен күресуге шақырып, оптимистік ой білдірмеген, елді ерлендіріп, еркіндікке үгіттемеген ақын деуге болмайды.

«Сескенбе жанып тұрған шоқ болса да... Бір болар дәрежесі күн ілгері, дүниеде фақыр міскін мырза бектің... Бұрынғы хан би болғандар шенге сатылып, көпке кесірін тигізді» деген Нұржан, өзінше, адал адамдардың бұқара үшін қайрат көрсетуінен жақсылық күтеді, жақсы өмірден үмітін үзбейді.

Н.Наушабаевты бір бағыттың ақыны деу де қиын, оның бір ойы екінші ойына қабыспай да жатады. Кейде утопиялық қиялға жол береді, бетін дұрыстай алмай жан-жаққа толқиды. Біресе биді үлгі етпек болса да, енді бірде солардың өзін кінәлайды. Шен-шекпенге сатылған хан, би халық басына ауыр күн тууына себеп болды:

Бұрынғы хан би болғандар,
Не керек шенге алданды⁴⁰⁰, –

дейді.

Н.Наушабаевтың өзінше бір ойы, мына топшылауға саяды:

Бір ауызға қараған,
Сөзі бір жерден тараған.
Бір адамды басшы қып,
Жүрген қалып таба алмас⁴⁰¹.

Бір ауызға қарау, бір басшыны таңдау дегенді қалай түсіну керек? Бұқара қандай басшылық күтпек? Бұл мәселелер жөнінде Н.Наушабаевтың қалыпқа келіп, сараланған ойын көру қиын. «Қой үстіне бозторғай жұмыртқаласа екен» деген сияқты утопиялық ой білдіреді. Жебір ұлықтар, пасықтар, байлар, зорлықшылар күш алып тұр. «Адамда ақыл кеміп, амалы жүр», сәлде салып, елді алдаған сопыларды көресің, арақ-шарап адал асқа айналады. Үлкеннің тілін кіші алмайды, қараңғылық ұйқысы басты, «сатып алып керіліп, билік қуғандар да» кесірін тигізуде, барар жер, басар тау қайда деп те қынжылады. Үш түрлі жігіттің жайын айтқан Нұржан, олардың ісін, мінезін жік-жікке бөледі. Бұлардың бірі – қу, бірі – менменсінген қуыс кеуде, бірінің сөзінде байлау жоқ, енді бірі – жұртқа жаға біледі.

⁴⁰⁰ Наушабаев Н. Алаш. – Қазан, 1910. 45-б.

⁴⁰¹ Сонда, 46-б.

Нұржан көп жігіттің ішінен екі түрлі жігітті айрықша бағалайды, оларды «Шаһбаз» дейді. Шаһбаздардың бірі – елдің қамы үшін адал арманын ортаға салған, «Қарысып дұшпанынан тартынбаған» ер болса, екіншісі – еңбек сүйгіш, қара күшінің өзімен өмірден сыйлы орын аларлық адал азамат.

Таңдап табысқан жастардың, ер жігіт сұлу қыздың таза махаббатын жырлап, солардың ісін көпке үлгі ретінде ұсынбақ болған Нұржан «Бозаман» дастанын жазады. Шығарманың көлемі алғашқы толық түрінде 2000 жолдай болса керек, қазіргі архивта сақталғаны 180-дей ғана. Кей мағлұматтарға қарағанда, дастанды бастан-аяқ ел арасында айтып жүрген ақындар да болған. «Бозаман»:

Кеңес десе, шалқыған,
Көңілім дария бір шамал...
Бұғауда тұрған тұлпар ат,
Босанып шықса жер шалар.
Көргенінді айтып кет,
Өлген күні сөз қылар⁴⁰², –

деген сөздермен басталады. Сақталған үзіндіге қарағанда, Бозаман мен қалмақтың аруы Ақбілек арасында болған түрлі уақиғалар, олардың бір-біріне деген артық сүйіспеншілігі көрсетілмек. Өзіне өзгеше жар іздеген ердің аузына мынау сөздер түседі:

Қапаланып ішім өрт,
Жалғаннан жар таңдаумен,
Жүрегіме толды дерт⁴⁰³.

Бозаман басына дулыға киген өзіндей бір батырды ұшыратады. Ол:

Нәсілі қалмақ патшасы,
Атышулы Бурақан.
Қызы бар сұлу Ақбілек,
Адамзаттың баласы,
Туар деп ондай кім білед⁴⁰⁴, –

дейді. Бозаман сол сұлуды тауып, «қызбен уағда байласты» деген сөздермен шығарманың желісі үзіледі. Сол кезде жазылған қисса-хикая, дастандарды және «Бозаманның» өз өзгешелігін еске алсақ, шығармадан орын алуы мүмкін басқа да уақиғалар жайы айтылмай қалған.

⁴⁰² Бозаман, п. 1301. 81-б.

⁴⁰³ Сонда, 83-б.

⁴⁰⁴ Сонда, 85-б.

Қилы ой білдіріп, кейде қайшы пікір айтқан, әлеуметтік бағытын бір жолға сала алмай, дағдарыстарға ұшыраған, көп толқыған Н.Наушабаев өмірінің соңғы шағында Октябрь революциясы әкелген танды көріп, қуаныш білдіреді. Бұрынғы қысылшаң өмір енді кетер, халықтың қолы есеге жетер, оның рухани күшіне жол ашылар деп үміттенгендей:

Халыққа жаңа ай туды, ескі ай бітті,
Көз алмай, көңіл талмай жүрек күтіп...
Бойға күш, көңілге шаттық толды,
Жүректің кәрі қылы қайта шертіп⁴⁰⁵, –

дейді.

Н.Наушабаев түрлі қайшылықтарға ұшырады десек те, қалайда Н.Наушабаев халыққа деген дұрыс ниетін шеттетпеуді құнттайды. Жұртқа кесел-кесірін тигізген ұлықтар, жуандар, хан, би, жалақор т.т. сынады. Жайсыз заманның бойды жаздырмай, темір тұсау болып, адал іске жол бермей тұрғанын көреді. Өзінше, көптің мұңын айтып, елді өнерге, білімге, ерлікке, еркіндікке үндейді.

* * *

Мәшһүр Жүсіп Көпеев – заманында аты көп тараған ақынның бірі. Мәшһүр шығармаларының дені тек қолжазба күйінде келіп жетті. Ол кезінде бірнеше кітаптарын баспа бетінде де жариялады. «Дала уалаятының газетінде» және белгілі әлеумет қайраткері журналист Мұқаметжан Сералин басқарған «Айқап» журналында да түрлі мақалалары шықты.

Қазақ ССР Ғылым академиясының архивындағы мағлұматтарға қарағанда, Көпеев 1931 жылы жетпіс үш жасында барлық өмірін өткізген, туған жері – Баянауылда қайтыс болған. Мәшһүр Жүсіптің әкесі Көпжасар бір туыскандарының ең кенжесі болады да, оны «Көпей қозы» деу сияқты. Көпей атандырып кетеді. Көпжасар жас кезінде бір бай ноғайға малайлыққа жалданады, тырбанып жүріп, недәуір мал жинап алады. Қырық жасында еліне қайтып келген Көпжасар үш жыл өтпей қу таяқ болып жұтап қалғандықтан Баянауыл маңындағы жатақтарға қосылып, солардың бірі болып кетеді. Осы кезде бес жасқа толған Жүсіпті медресеге орналастырады. Оқуға алғаш қабылдаған күнін еске алған Жүсіп, медреседе қалғым келмей, артынан жүріп қоймаған соң, әкем:

Көшенің қақ басынан қуғанынан
Жеткенше медресеге атпен қуды⁴⁰⁶, – дейді.

⁴⁰⁵ Қазақ ССР ҒА архивы, п. 1301. 54-б.

⁴⁰⁶ Қазақ ССР ҒА архивы, Көпеев қолжазбалары, п. 1173. 328-б.

Мәшһүр сегізге келгенше «алдына толы аяқ ас келмей» көз түрткілікке ұшырағандығын айтады:

Алды-артымда серік жоқ жалғыз өстім,
Бес жаста ғарыптікке тұтқын түстім.
Жаға кір, бит атаулы бізге қонақ,
Жең дал-дал, түте-түте болып өстім⁴⁰⁷.

Мәшһүр әпжаттан безер болған медіресенің ересек шәкірттеріне жақпайды, жауыр-жапа шегеді. Молладан: «Көпейдің бес жасар баласы құрлы сабақ білмейсіңдер» дегенді жиі естіген олар, Жүсіпке өшіге түседі.

Талай елдің баласы тулақ қылған,
Қыс болса, үстімдегі қатқан тонды⁴⁰⁸.

Бейбастақ шәкірттердің ызаланатын тағы бір себебі: ақындығы ерте байқалған Мәшһүр жалқау шәкірттерді әжуалап, сабағын үлгірмей жүргендер құлақтарыңды күнде молда жұлады.

Әптиек пен әбжат,
Қарамаймын арман жат.
Әптиек пен иман шарт
Сені оқытқан қожа-сарт, –

деп тілін безей түсуін қоймайды, төмпешке, «ақ түйе басқа» ұшырайды.

Мәшһүр Хамар хазреттің көп шәкірттерінің бірі болып оқиды. Хамар қазақ сөзіне жүйрік шешен адам еді, оның әйелі тәрбиелі мейірімді еді, мені өз баласындай күтті, әке-шешеден көрмеген жақсылықты, аяушылықты солардан көрдім:

Табылды маған қамқор ата-ана,
Туысқан бірдей болып Мағзұм және.
Көз ашылды, жүгіме нұр шашылды,
Сүйкімді көрінгенге болдым бала⁴⁰⁹, – дейді.

Көпеев Жүсіп Хамардан оқып жүрген кезінде қазақ фольклорының белгілі нұсқалары – «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Тарғын батыр» және «Төрт жігіттің өлеңі» деген шығармалармен танысады. Діни схоластикадан жалыққан Жүсіп «қуана-қуана» бұл шығармаларды көңіліне бұлжытпай тоқиды.

Көргеннен оны Мәшһүр жазып алды,
Соқтырып жұрт алдына жатқа салды.

⁴⁰⁷ Қазақ ССР ҒА архивы, Көпеев қолжазбалары, п. 1173. 328-б.

⁴⁰⁸ Сонда, 349-б.

⁴⁰⁹ Сонда, 372-б.

Аузынан сілекейі шұбырумен

Тамаша есіткен жан аң-таң қалды⁴¹⁰, –

«Қозы Көрпешті» сазына келтіріп мүдірмей жатқа айтып шыққаны үшін ырза болған Мұса мырза: «Бұл бала Мәшһүр болады екен» деп оның басына үкі тақтырады.

Сегізден тоғызға аяқ басқан шақта,

Мұса еді қосқан маған Мәшһүр атты⁴¹¹.

Мәшһүр он алты жасынан бастап Әлібек деген бір ауқатты адамның жалғызы Қабылбекті екі жылдай оқытады. Бір жыл оқытқаны үшін оған Әлібек «он жылқыны» бір береді, келер жылы тағы қыруар мал айдатады. Сөйтіп екі-үш жылдың ішінде қырық-отыз қаралы шаруаның бірі есебінде Көпеевтің үй-іші қырға шығып, «көшпелі қазақтың» бірі болады. Бұдан кейінгі өмірінде бала оқытуды мүлде тоқтатқан Мәшһүр түрлі киссалар, өлеңдер жаттайды:

Қисса мен өлең болды жаттағаным,

Қалтаға қағаз салып жаттағаным⁴¹², –

Көпеев ескіше оқуды меңгеру ретінде он беске келгенше салына оқып, бірнеше молдалар алдынан өтеді. Сол бір кезін ескертіп те өтеді:

Кітабы бізге әперген Мұхамедия

Өзі ескі, жыртық-жыртық жалба-жұлба⁴¹³.

Қолда «ат басындай көк Құран», ол күнде «Сопы алдияр шарығы» бізге «көктен түскен дүр тасындай» көрінетін еді дегенді айтады.

Мәшһүр Жүсіп жиырма тоғыз жасында Бұхараға барады. Дамолла Хамзеге жолығып, сол жақта тоғыз ай жүреді. Бұл сапар Мәшһүрге тіпті пайдасыз болмай, оның ойы есеюіне, сол жақта болып араб, парсы тіліне жетіле түсуіне, ол тілдерде көптеген кітап оқуына себеп болады. Мұның үстіне Көпеевтің өз заманының билері, шешендері, ақындары, кәрі құлақ даналарымен таныс болып, солармен қарым-қатынас жасауы да оның парасатын асыра түседі. Көпеевтің жиені Жолмұраттың айтуынша, М.Көпеев Ақан серіні жоғары бағалап: «Ақан сері заманының сұңқары, қызыл тілдің ділмары, жігіттің құлпы жібегі, сөздің ағытылған тиегі» деп, басқа да ұнатқан ақындар мен даналарды қадір тұтып, олардан үлгі алуды ескертетін болған. Бұқара, Ташкентте болып жүрген кездерінде Көпеев Әбілғазы

⁴¹⁰ Қазақ ССР ҒА архивы, Көпеев қолжазбалары, п. 1173. 372-б.

⁴¹¹ Сонда, 371-б.

⁴¹² Сонда, 375-б.

⁴¹³ Сонда, 417-б.

шежіресін «Мың бір түнді», «Шахнаманы» оқиды, Науаи, Сағди шығармаларымен танысады. Ол қалалардың кітапханасынан пайдаланып, білімін толықтыра түскен Мәшһүр жұрт аралап жүріп бұрынғының даналарымен кездескенін, «Бөгенбай батырдың немересі, заманның шежіресі атанған Сакқұлақты» көргендігін, Сыр ақыны Майлы қожаға жолығып, «Сырдария облысында бес жыл» жүргенін айтады. Үлгілі ақындардан өнеге алуды өзіне, өзгеге міндет етуді құнттаған Мәшһүр:

Ақынды айт Ақмолда мен Ыбырайды,
Үлгісін өнер-білім жұртқа жайды⁴¹⁴, –

дейді.

Халықтың өмірі, оның неше түрлі мұңымен жақсы танысқан Мәшһүр заманының заңсыз істерін көріп, оның ойына көптеген өзгерістер кіреді, шаруалардың аянышты халына шипа іздемек болады. «Бай мен кедейдің айырмасы», «Күндіз бен түннің айырмасы», «Сарыарқаның кімдікі екендігі», «Хал-ахуал» сияқты шығармалар жазады. «Бұрынғы жақсы заман тозығы таусылып, соңғы жақсы болатын заманның әлі тумай тұрған» кезінде ойын жұртқа дұрыстап айта алмай, лажсыздыққа ұшырағанын да ескертеді. «Аяғын көсіле алмай, қолын соза алмай, үнін шығара алмай, құрттай быжынаған тыңшы құрған, байлаған төбеттей, арпалысқан сенсор қойып, нокта кесті көнпіс, жетекші қылып алған жұрттың ортасында жүріп сөйлеген Мәшһүр Жүсіп Көпеев осы», – деп царизмнің халықты бұғауда жасытып ұстамақ арам ниетінен шошығандығын айтады.

Көпеев, әсіресе 1905–1907 жылдары наразылығын үстете түседі, патшалық орнатқан өмірдің кесірлі жақтарын әшкерелейді. Бұл жұмысын Октябрь революциясына дейін батыл жүргізіп келгендігін аңғартады. Мәшһүр 1907 жылдары шыққан кітаптарымен көзге түскендей десек, ақын творчествосының әдебиет үшін де, ол үшін де құнды жағы сол жылдарға қарай шектеліп, Мәшһүр ақындығының өресіне жеткен, әлеуметтік мән алған шағы да осы кез сияқты.

Мәшһүр дін уәкілдері жайында көптеген ойын ортаға салады. Ол құдайдың бар-жоғына күмәнданып, оған тек сырттай сенетіндердің бірі екенін жасырмайды. «Мен құдайды бір деп білемін, күшті деп білемін. Осы үшеуіне нанымым, сенуім күшті. Құдай қандай, өзі не нәрсе, оны білуге, оны тануға ақыл-ойым, зейін-пікірім жетпейді»⁴¹⁵, – дейді.

⁴¹⁴ Қазақ ССР ҒА архивы, Көпеев қолжазбалары. п. 1170. 1043-б.

⁴¹⁵ Сонда, п. 1175, 63-б.

Халықты теріске бастап, ұлықтың алдында қалтыратып ұстамақ болған, құдай жарлығы мен патша жарлығын бұлжытпай орында деуші дін уәкілдерінің өрескелдіктерін айтпауын, шындық елінен асып, олардың жұртты аздырып жүргендер екенін түсіндірмек те болады.

Қажы мен қожа, молда көбейген соң

Күшейді өштік, қастық ел аразы⁴¹⁶.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев қазақ фольклоры нұсқаларын жинау ісімен көп шұғылданады, батырлар жыры, шешендер сөзі, аңыз, әңгімелер, айтыстар, тұрмыс-салт өлеңдері, тарихи жырлар, мақал-мәтел, тағы басқаларды жинайды. Оның бұл саладағы қазақ әдебиетіне сіңірген еңбегі заманына қарай айта қалғандай. Мәшһүр жинағандары ішінен «Желкілдек», «Ер Көкше», «Көрұғлы», «Алтынбас күміс аяқ», «Сайын батыр», «Қырғызға барған батыр» сияқты нұсқаларымен қатар, Бұқар жырау, Сақау, Шөже, Шортанбай, Орынбай т.б. көптеген ақын сөздерін де кездестіреміз. Көпеев ескі сөздердің қалпын бұзбай дұрыс жазып алуды құнттаған. Оның жинаған нұсқалары табиғи көне түрін мол сақтағандығымен көзге түскендей. Мәшһүр ескілікті сөздерді, халықтың жайын, түрлі аңыздарын жетік білетін, даналар, жыраулар сарқыны мол кезде жинап үлгергенін аңғартады. Одан қалған бұл мұраның әдебиет ғылымы үшін құнды екені даусыз. Сол қыруар материалды екшеп, татымдарын баспаға ұсынған жөн.

Көпеев жинағандарының бірі – «Желкілдектің» уақиғалық, композициялық, тілдік т.б. ерекшеліктері жөнінде толып жатқан қажетті қорытындылар жасауға болады. «Желкілдек» батырлар жырына ұқсай да бермейді. Әдетте батыр оқиғасы, көбінесе, жырмен айтылып, оқта-текте жерінде кездесетін қара сөзі шұбалаңқы, ырғақтылығы шамалы, әншейін бір ертеке сөзі сияктанып тұрса, ондай жырларда қара сөзге мән беруден гөрі өлеңдік жағын өңдеп айтуға көбірек назар салатындық байқалатын. Ал «Желкілдек» қара сөздің ырғақтылығын молайтып, сөздің шұбалаңдығын азайтып, интонацияға сонау көне кезде көңіл қойғандық сезіледі. Ойды әлдеқандай ырғақты сөздер арқылы айту көбірек ұқыпталады. Термелей сөйлеу ескеріліп, сылбыр сөздіктен сақтағандық сезіледі. Сондықтан бұл нұсқа дәл жырда емес, бастан-аяқ ертегілік сөзге де құрылмаған, онда ырғақты, екпінді, әсерлі сөздерге бейімдей айтуға ынта салғандық бар. Уақиғаны дәл осындай түрде баян-

⁴¹⁶ Көпеев М. Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз. – Қазан, 1907. 10-б.

дап берушіліктің ескі жырларда кездесе бермейтіндігін еске алсақ, «Желкілдектің» тіл жөніндегі бұл бір ерекшелігі сияқты. Оны мына бір үзіндіден де көреміз. Нармамбеттің «екі қызы болған, бірінің аты – Күнікей, бірінің аты – Тінікей болған. Екі қыз ұйықтағанда түс көрген. Таңертең жеңгесіне келеді. Бір шапанға жамылады, екеуі бір жеңнен басын шығарады, жеңге дейді: Бір түс көрдік, от жағалай іс көрдік, екіде қара тең көрдік, жоры жеңге»⁴¹⁷. «Жылама әкем деді: жауға мен барайын, бір келгенін бір қырайын, екі келгенін екі қырайын, біріне бірін қоспайын. Әкесі айтты балаға: сенің алар жауың жоқ, бойың сенің өскен жоқ, бұғағың сенің қатқан жоқ, балақта жүнің өскен жоқ».

1907 жылдары жариялаған «Хал-ахуал», «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» деген кітаптар көп жөннен бірін-бірі қайталайды. «Хал-ахуалдағы» «Фибратнама», «Біздің сахара көшпелі» деп басталатын шығармалардан басқа өлеңдер «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамызға» кірген.

М.Көпеев «Фибратнамада» ақындық, азаматтық міндет туралы ойын ұсынып, қоғамдық орнын белгілемек, арманын ашық айта алмай лажсыздыққа ұшырап жүргенін ескермек.

Болдым ғой өнерімді тауысқандай,
Мерт болдым айға шауып арыстандай.
Сұңқардай биік тауды мекен қылмай
Шықылықтап көзге түстім сауысқандай⁴¹⁸.

Бұғып жүрмексің бе, «ап рахмет нұрын» шашса, содан қашқан надандарша жақсылықтың дер кезінде келуін қарсы алмай, сол қасиетті су шарапты тиіп өскен қызыл гүлді аңсаған бұлбұлдай сайрап, жұрттың мұңын айту жөн емес пе? деген сияқты қорытынды жасайды. Ойын мысалдап түсіндірген Мәшһүр бұлбұлды қаршығаға кездестіреді. Бұлбұл қаршығаға: «Сенің тұрағың бектердің оң қолында» патшалармен айлассың, беделің артық, қадірің мол, мен қызыл гүл іздеп зарлаймын, оның ашылғанын не күндіз, не түнде көре алмай» қасіретім көп»⁴¹⁹, – дейді.

Бұлбұлдың сөзіне жауап қайтарған қаршыға ақымақ құстың бірісің, пайдасыз гүлге ғашық болып әуресің:

Аузыңды ақылың болса, жабар едің,
Үндемей сабыр қылып бағар едің.

⁴¹⁷ Қазақ ССР ҒА архивы, Көпеев қолжазбалары, п. 1173. 173-б.

⁴¹⁸ Көпеев М. Хал-ахуал. – Қазан, 1907. 15-б.

⁴¹⁹ Сонда, 14-б.

Тілі жоқ мен сықылды мылқау болсаң,
 Бір күнде мың мұратты табар едің⁴²⁰, –
 дейді. Бұл сөздер бұлбұлды қынжылтады. «Сенше айтаққа еріп,
 қан үшін жан алып, не қарғаға қосылып, жемтік іздеу жөн бе?»
 деп қаршығаны кінәлайды. Екеуі екі арманды қостайтындар бо-
 лып шығады. Қаршыға – заманына жағып, үндемей жүріп, өмірдің
 кемшілігіне көз жұмып, зымияндықпен есебін тапқан қан құмар,
 жемтікқор болса, бұлбұл – сайрауынан танбай халыққа жақсы үгіт
 таратуын қоймайтындардың бірі. Бұлбұлдың ісін жақтаған ақын:

Құс болсаң, бозбалалар, бұлбұлдай бол,
 Табылар іздегенге бір қызыл гүл⁴²¹, –

дейді. Адал ісін ақтамақ болған Мәшһүр «Тірлікте көп жасағандықтан
 көрген бір тамашамызда» озбырлығын өткізіп, халықты мезі еткен
 әкімдерді әшкерелейді. «Басшымыз ел пайдасын сөйлемейді» іздегені
 бүліншілік, дау-дамай бір таусылмайды, қазақ жұрты қоршылықта,
 момындар «биге пара, байларға жем», әділдікке жол жоқ, шенеуніктер
 «қасқырша ауыз салып жұтып жатыр, үйінде отыра алмай кедей
 кашты», – дейді.

Көпеев бұқараның енесі көтерілмей қараңғылықта, қорлықта
 жүргенін айтпақ:

Жалаңдап аждаһадай ауылнайлар,
 Беліне ақ кигізген күйек байлар.
 Сыпырып бес тиынның бес теңге деп,
 Кедейдің хат білмеген соры қайнар.
 Мойнына сары жезден қарғы салып
 Алдына неше түрлі дау-шар барып,
 Жиылып қара құстай билер отыр
 Жемтігін өлексенің қоршап алып⁴²².

Айта берсең, осындай өрескелдіктер көп, адамшылық көрсетіп,
 дұрыс жолмен жүрушілер аз, обырлар қоршады, көрген қорлықты ай-
 тып тауыса алмайсың:

Болса да дария сия, аспан қағаз
 Мұң мен зар түгелденіп болмас тәмам⁴²³, – дейді.

Мәшһүр Сарыарқаның кімдікі екендігінде де ата мекенінен
 сырылған шаруаларды сөз етеді. Қараоба, Сарыоба деген жерлерді

⁴²⁰ Көпеев М. Хал-ахуал. – Қазан, 1907. 17-б.

⁴²¹ Көпеев М. Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз. Қазан, 1907. 17-б.

⁴²² Сонда, 10-б.

⁴²³ Сонда, 7-б.

Қарабай, Сарыбай жайлаған еді. «Сарыбайдың жалғыз қызы Баян сұлудың туған жері Баянауыл тауы. Бұл таудың аты Баянауыл болған себебі – Баян ауылы деп кеткен. Сол қыздың қарқарасы түсіп қалған жері – Қарқаралы-Қазылық атанған»⁴²⁴, Тоқырауын, Ақшатау, Өлеңті, Шідерті, Есіл, Нұра тағы сол сияқты жер-су аттары қазақтың ата-бабасы аттарымен қоса еске түседі. Біздер басқаның жеріне көз сүзіп отырғамыз жоқ, қоныстан тайдырмақ болып омыраулағандар қара құстай қаптап, әр жерден ұя салуда, бұл мекенді басқыншылардан қорғап қалған, «қара қазан, сар баланың қамын ойлаған» ерлеріміз болған. «Байқап қарасаң, қазақтың үшке бөлген бір есесі жоқ» – өйткені пайдалы жерлерді қала салу үшін бір алса, «бастықтардың уазифасы деп ағашты шабын ойлы жерді»⁴²⁵ тағы алады. Мұның үстіне алым-шығын рабайсыз көбейді, әлсіз шаруалар ел аралаған шенеуніктердің «жалдап мінген аттарының майын төлей алмай» кедейліктен қаңғып шұбырып кетті. Бұхара, Ташкент, Петербург, Мәскеу, Үрбіт, Мәкержі барсаң, жалданған қазақ малайларын көресің деп те қынжылады.

Сарыарқаның алуан байлығын көп сөйлеген Мәшһүрдің мұңы арта түседі:

Салтанатты Сарыарқа,
Сәулеленген Сарыарқа.
Сәнді едің Сарыарқа,
Кең қойының кең Арқа.
Суық шекер бал Арқа,
Қора-қора қой Арқа.
Маңырап тұрған мал Арқа
Дәл осы менің тұсымда
Сәнің кетті кең Арқа⁴²⁶, –

дейді. 1906 жылы он бесінші мартта жазған өлеңдерінде, «он жетінші Октябрь манифесі баянды болмады», аты бар өзі жоқ:

Түңілді естіген жұрт мұнан таза,
Дәнеңе жоқ білмегенге білген аза.
Манифест бар деушілер тұтқын болып,
Кесілді һеш себепсіз оған таза⁴²⁷.

Өңмеңдеуін тоқтатпаған зорлықшылар мен ұласқан ұлықтарға көніп, бейқам қалмайық, талаптанып «хуриет» мәселесін шындап

⁴²⁴ Көпеев М. Сарыарқаның кімдікі екендігі. – Қазан, 1907. 3-б.

⁴²⁵ Сонда, 9-б.

⁴²⁶ Көпеев М. Қазақтың осы күнгі әңгімесі. – Қазан, 1907. 13-б.

⁴²⁷ Сонда, 16-б.

қолға алайық, медресе ашайық, бостандық көздейік, бұқараның жерейі үстем болсын деген сияқты тілектер қояды.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев «хуриет» іздегендерді қостап, оларды жазалаушылар тобына наразы болса, оның ойынша, бұлар халықтың қас дұшпанымен алысқандар. Сондықтан царизмнің алуан алапатынан жұртты аман алып қалуды арман еткен соларды жігерлендірмек.

Көпеев шаруалар царизм қыспағынан құтылса екен, салтымыз, тіліміз сақталса екен, айдалып жатқандардың да көмегі тиер деген ой білдіреді де, бірақ ол тілектері дәлді қандай жолдармен, талас-тартыстың нендей түрлері арқылы орындалмақ, бұл жерде Мәшһүрді күңгірт ой, артық қиял билеп кеткені байқалады.

Көпеев көптеген шығармаларында қазақ халқының ауыр жағдайын сөз етеді. Қазіргі өмірдің өткен өмірден әділетсіздігі мен озбырлығы басым деп те қынжылады. Царизмнің алуан уәкілдерін әшкерелеу, оларды халыққа жат етіп көрсету ісімен шұғылданады.

Көпеевтің шыншылдығы және оның царизмнің нұқсанды жақтарын көрсете білгендігі есепке алынбаса, ақынның тек қателеріне сүйеніп қорытынды жасау, оны дұрыс бағаламақ болған ниетті ақтамайды. Қалайда, талай дүдәмал ойдан өткен Көпеев, ескі тәртіпті әшкерелеп, жұрттың мұнын айту жөнінде өз кезіндегі қазақ ақындары ішінен сыйлы орын алғандай.

Көпеев көптеген наразылық білдірген шығармаларының бірі – «Сарыарқаның кімдікі екендігін» нендей мақсатпен жазғандығы туралы: «1906 жылында, он бесінші мартта Николай заманындағы көрген қысымшылық, қорлық ой толқытып Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «Қазақтың осы күнгі әңгімесі» деп сөйлеп, «Сарыарқа» деп ат қойып, баспаға бастырып, сол сөз Хұсайынов баспаханасынан сотқа алынған, сонда Сарыарқаның кімдікі екендігін әйгілеу үшін жазылған»⁴²⁸, – дейді.

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің наразылық айтып, қоғамның алуан өрескелдіктерін жұртқа паш ету үшін жазған көрнекті шығармасының бірі – «Шайтанның саудасы». Шығармада ақын көптеген ойын ащы сөзбен ашына айтады. Жақсылыққа бастамай жүрген адамдарды көріп, олардың халыққа деген арам ындынын ашады, кім дос, кім қас екенін ескертпек:

Ежелден болып өстім байға өш-қас,
Қожа, молда, ишандар бәрібір бас⁴²⁹, – дейді.

⁴²⁸ Қазақ ССР ҒА архивы, Көпеев қолжазбалары, п. 1177. 14-б.

⁴²⁹ Сонда, п. 1173. 303-б.

Он қашар, бес есекке жүк тиеп базарға шыққан Шайтанға кездескен Ғайсаның: не саудамен келесің? – деген сұрағына жауап берген Шайтан: есектерге артқаным жала мен өтірік, күншілдік, озбырлық, мекерлік, тәкаппарлық, бұларды байлар, алыпсатарлар, молдалар, кедейге күн көрсетпей жүрген ұлықтар талап әкетеді, олар:

Көтере ме өтірікті менен алған,

Бар күшінше олар да сөйлер жалған.

Кім болса, бұл заманда сол әпкетер,

Қор болып қашан өтірік жерде қалған⁴³⁰, –

деп жауап береді. Бұл сөздерге Ғайса алғашқыда сенбейді. Ақыры Шайтанның айтқаны орындалып, ол өтірік сатып, қарық олжаға батады, есекке артқандарын түгел өткізеді. Қашарларға тиеген жүктерін: пірге қоя берген пірадарлар, елден мал жинап қажы барғандар, ишандар, қожа, молдалар сатып алады. Шайтанның бұл сауда достары береке ойламай, әрекет ойлағандар болып көзге түседі. Өйткені олар – Шайтанның әлдеқандай ежелгі мәселектестері. Сөйтіп қоғамнан бедел тауып, орын алған осындай адамдар тобы бар, әсіресе, кедей-кепшік пен момын шаруалар бағы жанбай, сұм-сұрқиялардың алдауына түсіп, еңсесі түсуде деген қорытынды жасайды.

Діни ұғымдарды үгіттеп баққандардың айтуы бойынша, шайтанның сөзіне сенуден безер болатын Ғайсаның өзін де шайтан жеңеді, сөзіне сендіреді:

Ғайса айтты: тоқта малғұн болды дейді,

Айтқан сөз бәрі орынға келді дейді.

Бұл күнде тілінді алған жас пен кәрі,

Азған жұртқа болып тұрсын бір ем дейді⁴³¹.

Бұл жерде көрсетілген Ғайса өзінің пайғамбарлық санатынан мүлде түскен, әлдеқандай бос қиялдың иесі, ол сөз сенімін ақтай алмай, ақыры шайтан сөзінің шындығына нанады. Шайтан сол кездегі өмірдің байқалған символы ретінде сипатталса, Ғайса пайғамбар дерексіз миф болып көрінеді. Мәшһүр Жүсіп Көпеев осындай бір қорытынды жасау үшін заманына жанасымды, өтімді уақиға, сюжет таба білу арқылы ойын шебер айта алғандығын аңғартады. Шайтанның сауда достарына деген ащы сөзін аямаған Мәшһүр кедей-кепшік момын шаруаларға іш тартып, ол кездің қадірлі деп санаған ұлығы, бай, молда сияқтыларды лағынды қостаушылар етіп сипаттайды, өмір ондалу үшін аналардан құтылу керек екені түсіндіріледі. «Түрлі өрескелдіктер жайында айтқаным үшін

⁴³⁰ Қазақ ССР ҒА архивы, Көпеев қолжазбалары, п. 1177. 309-б.

⁴³¹ Сонда, 207-б.

«жынды» дейді, «туралықта тұрамын» деп қудаланып, жақпай жүрмін, лағынға ергендердің ортасында жүріп арманым қалай орындалмақ» – өмірдің өктемшіл уәкілдерінен мархабат, әділдік күтпейді. Бұл қоғамның билеушілеріне жат көрінсем де, әлде кейінгілер еңбегінді ескерер бір шақ болар:

Демейсің тесілген тас жерде қалар,
Шамшырақ хақ жандырған саулап жанар.
Асыл жасық екенін білмесең де,
Шелекке тағу үшін біреу алар⁴³², –

дейді.

Көпеев 1931 жылы жазған бір шығармасында конфискация кезінде қазақ халқының көп малы шығынға да ұшырады-ау деген сияқты қынжылу білдірумен қатар малдан жұрдай болып, қашып-пысқан байларға жан тартпағанын да ескертпек болады. Конфискацияға ілінгендерді «құдай ұрып», бай біткеннің бәрі кетті, жинаған дүниесі түбіне жетті, мал-мүліктері дария болып өздерін ғарық қылды:

Ей, Мәшһүр, туа қастас болдың баймен,
Бай көрінсе, қашумен, құлат саймен⁴³³, –

дейді.

Мәшһүр алпыстан асқан жасында жазған бір шығармасында жаңа өмірге үміт артқандығын, ескі өмірді тілемейтіндігін ескертпек, екінші, қатесін айтпақ:

Ат шауып айнала алмас біздің міннен,
Тышқанша жан сақтадық шықпай іннен.
Замана баса -көктеп билеп кетіп,
Кетіппіз кәпір болып шығып діннен⁴³⁴.

Көпеев революциядан кейінгі қазақ халқының жаңа тұрмысын өзінше қошеметпен қарсы алмақ: жуандар, ұлықтар, байларды еңбекшілер орнынан тайдырып, беделін жойып, қоғамнан сырғандығына ырзалық білдірмек:

Бай кедейге көрді ме мойын бұрып,
Өмір бойы жүн қылды қанын сорып.
Бұл күнде есіктегі жалшылары
Төре айтты өздеріне төрде отырып⁴³⁵.

⁴³² Қазақ ССР ҒА архивы. Көпеев қолжазбалары, п. 1173. 321-б.

⁴³³ Сонда.

⁴³⁴ Сонда, 352-б.

⁴³⁵ Сонда, 253-б.

Өткен өмір еңсені көтермей, ыркына көндіріп илеп, билеп еді, енді кедейлер, әйелдер, жастар, жолдарың оңалды, өмір сендердікі деп, үміт білдіру Мәшһүр арманының жеткен шегін аңғартқандай.

Жынысы әйел мен жас, кедей тобы

Алып тұрсын еркіндеп бостандықты⁴³⁶, –

деген ақын ғасырлар бойы айықпаған қара тұманның серпілгенін көрмек.

Экономикалық, идеологиялық, моральдық, мәдениеттік өрлеу өте шамалы, қалың бұқараның рухани тынысы тарылып булыққан кезде, әлеуметтік қайрат көрсеткен Көпеев халыққа деген ниетін адал ұстады. Царизм тарапынан байқалған өрескелдік пен әділетсіздікті сынаумен болады. Өктемшіл ұласқан ұлықтарды, қажы, молда, ишандарды ащы сөзбен әшкереледі.

* * *

Мақыш Қалтаев ақындыққа берілген кезінен бастап қоғамдық мәселеге бет бұрады. Жуандар, жалақорлар, қожа-молдалар, ұлықтар, байлардың халық игілігіне жат ындынын көріп сынады. Бұқара үшін еңбек етуді арман етеді. Оның ойы қалыптасуына ол кездегі тарихи жағдай, халық басындағы ауыр хал әсер етеді. Бұқараға қамқорлық етпек болған Мақыш діннен, патшадан қайыр күту кедергі екенін жөнді түсінбей, екі ұшты пікір білдіреді. Тек үгіттің өзімен де жұрт түзелер, жағдай өзгерер деп те бұлдыр ойға жол береді.

М.Қалтаевты өзге ақындармен бір сапқа қоюға болмайды. Ақындардың өзара үндестігі, ұқсастығы, тақырыптастығымен қатар, олардың өздеріне тән әлеуметтік, ақындық өзгешеліктері бар. Міне осыны дұрыс ұқыптамағандық салдарынан дәлді қорытынды беруден гөрі жалпы топшылауларға жол берілмек.

Демократтар әр түрлі. Шын демократ кім? Демократ деп, демократияны қостаушы табанды идеологты айтқан жөн. Демократтық өре де әр түрлі: буржуазиялық, социалистік демократия бар, тіпті сонау құлдық, феодализм дәуірінде демократиядан еш нысан болмаған дерсіз бе? Сондықтан демократ деген ұғымды жалпы түрде қолдану екі ұшты ой туғызады. Әрине, Мақыш шығармаларынан демократиялық ой тіпті сезілмейді емес. Ол көптеген дұрыс ойларын ортаға салды. Байлардан безінді, жуандар молдалар кінәсін көрді, сахараның момын шаруалары теңдік алып, мерейі үстем болуын жақтайды. Ұждан жұмысына шақырды.

⁴³⁶ Қазақ ССР ҒА архивы. Көпеев қолжазбалары, п. 1173. 253-б.

Мақыш Қалтаев қазақ әдебиетіне 1909–1913 жылдары шыққан кітаптарымен мәлім. Олардың Мақыш ақындығын, ой-өрісін танытқандары – «Айна», «Қалтай ұлының қазақ ахуалын бәйіт еткен мәнзумасы», «Бар уақиға», «Қазақтың айнасы», «Тұғры жол», «Насихат қазақия».

Октябрь революциясынан бұрын ойы қалыптасып, заманына қарай ақындық өреге жеткендіктен де шығар Қалтаевтың айтқандары бүгінгі заманның талап-тілегіне үнемі сай келе бермейді. Тегі бұл ретте, кінәнің салмағын ақынға арта беруден дұрыс қорытынды шыға бермейтінін, оның сана-сезіміне кір жұқтырып, көлеңкесін түсірген тарихи жағдай, Қалтаев шығармаларының объективтік, субъективтік жақтарын ескерген жөн. Қалтаев жазғандарының қазақ әдебиеті процесін аңғартарлық жағын екшеу әдебиет тарихы қажетіне жарамақ.

Н.Наушабаев, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Мақыш Қалтаев сияқты ақындар өткен кездегі өмірдің нұқсанды жақтарын көп жөннен дұрыс санады десек те, олар көп мәселелер туралы өзара үнемі үндес келмеген, ақындық, тілдік, көзқарастық, өзгешеліктері жағынан да бір сапта емес. Көпеев «Хал-ахуалда» Қалтаев «Қазақтың айнасында» кейбір әлеуметтік мәселелер жайында тым алшақ кетпесе де, кей мәселелер жөнінде бір-біріне ұқсамайды.

Қазақ халқының мәдениеті, әдебиеті жайында ой білдірген Мақыш халықтың рухани қазынасын шамалай білген өре көрсетпейді. Ол «Шораны», «Қыз Жібекті» мансұқ етпек те болады.

Мақтаулы жыр Қыз Жібек –Төлегені,

Өтірік қияли сөз сөйлегені.

Асылсыз бір уақиға, өңшең жалған

Жазушы бұл қиялды қайдан алған⁴³⁷, –

деп ол жырды қазақтардың талай заман бекер оқып келгендігін, пайдасыз бос сөз, жай ертегі екенін айтпақ болған Мақыш Жібекке арнап ауыр-ауыр, өрескел сөздер де қолданады. Мүмкін оған Жібектің еркімен ер таңдауы, Қорен ханның зорлығына көнбей, Сансызбаймен кетуі ұнамаған шығар. Болмаса Жібекке берген уәдесін бұзбай, адал махаббатын ақтамақ болып келе жатқан жолында Бекежанның қолынан жазықсыз қаза тапқан Төлегенді кінәлап, Базарбайды қостамақ па? Не жырдың көркемдігіне көңілі толмай ма? Бұл жөнде тиянақты ой білдірген Қалтаев жоқ. Ол жырда қиял дүниесі көп, сондықтан берекесіз деп түсінеді. Қиял, фантазия араласқан шығармаға сонша қарсы Қалтаевтың өзі қисынсыз қиялға, ертегіге толы «Сақ уа сұқ

⁴³⁷ Қалтаев М. Айна. – Қазан, 1913. 4-б.

халлары» деген шығармасын «ашық ғибрат» үшін ұсынады. Сөйтіп, өзіне-өзі қайшы келеді. Ойынның шатағынан шешесінің бәддұғасына ілінген, алтыдан аспаған егіз балаларының сақ, сұқ деген екі құсқа айналып, адам қауымына мәңгі қосылмай қор болғанын баяндау арқылы бала атаулыны үрейлендіріп ойыннан тыйып, жөнге салмақ болады. Солардың халына ұшырамаңдар деп оларды қорқытады. Есін жөнді білмеген балаларды:

Біз үйге қайтпағанда,
Іздеп те таппағанда.
Ашуланар еді анаңыз
Көңілі жаратпағанда⁴³⁸, –

деп ескертіп, «Уақытында тіл ала қойсақ, мұндай болмас еді-ау» деп өкіндіреді.

«Тұғры жол» деген кітабында Қалтаев «Фэлшіден пайда көрген», алдау, өтірік, жала жолына түсіп, момындарды азық еткендерді, қараңғылықтың салдарынан жоққа сеніп, әлеуметтік мүддесін түсінбей жүрген, көзі ашық, көңілі ояу болудан хабарсыз болғандарды көреді.

Өтірік пен шындықтың фарқын білмей,
Бишаралар не десе, соған көнген.
Ғақыл мақұл көрмеген нәрселерге
Жарай ма, адамзатқа нанып сенген⁴³⁹, –

деген өлең шумағы арқылы «Заманның бұзықтығы басымызда» деп, наразылық білдірген М.Қалтаев өзіне өзі қайшы келіп, бұлтаққа салып, екіұшты ой айтады, мұндайда ол қай сөзін ұстатарын білмей делдалға ұшырайды. Өмірдің түрлі құбылыстарын көрсеткен М.Қалтаев дұрыс ойға негізделген қабілетті әділ сын айтудың орнына кейде қисынсыз топшылаулар жасайды. Қазақтардың ғұрпын шеней берудің өзін місе көргендей. Жаңа туған нәрестені қуанышпен қарсы алып шілдехана жасағандарға да, әнші, ақындарға да ырза емес. Ойын тым жеңілдетіп, әлеуметтік мәні зор мәселелерден гөрі уақ-түйек әдеттерді көп сөз етеді.

М.Қалтаев «Жастар жанында» деген шығармасында той жасау, айтысу сияқты әдеттердің жаман жағын көрмек. Жұрттың өнер құмарлығын жақтырмайды, бір жақты ой білдірген Мақыш қазақ салтының керекті, керексізін айырмай, бірбеткей пікір білдіреді. «Домбыра алып, ән салған ақындарды», бас қосқан жиында әйел еркектердің аралас отырып, сөз таластыруын, қыз бен жігіттің айтысуын да ұнатпайды. «Өнер

⁴³⁸ Қалтаев М. Сақ-сұқ. – Қазан, 1913. 4-б.

⁴³⁹ Қалтаев М. Тұғры жол. – Қазан. 1911. 3-б.

алды – қызыл тіл» деп, той, шілдеhana кезінде әншілік, ақындық, шешендік көрсетуді әдет еткендерді көріп те қынжылады. Өйткені бұл әдет тәртіпсіздікке баулиды деп те шошынады.

Мақыш дін уәкілдерінің өрескел істерін әшкерелейді. Пайғамбар шапанын жамылып, жожа атанып «ауыздары шай мен майда болған», алдауын асырып, пайдасын табуға құныққан.

Пайғамбардың әулеті саид біз деп,

Малын алып қазақты теспей сорған⁴⁴⁰, –

деп пиғылы тар, тілі тәтті қожаларға көз тігеді. Надандықтан алдана береміз, ақылға салып іс жүргізуді ойламай өтірік, шынның нарқын білмей жүрміз, еңсені басып тұрған алдымен мәдениетсіздік болса, мұның үстіне өнерлі елден ғибрат алмаймыз, газет оқымаймыз, газет оқудың пайдасы, «намаз оразалардың сауабын тағриф қылушы, надан мүршіттерден қат-қат артық болса керек»⁴⁴¹ өнер, талап ісіне жұмылып мешеу қалмауды неге ойламаймыз дегенді айтады.

Мақыш Қалтаев ақындығын миллет игілігіне, өмірдің алуан түрлі жат сырын айту ісіне арнамақ. Жұрттың ұйқыдан әлі оянбай мешеу жатқанын көрмек. Көпті өнерге шақырмаған, жігерін құм қылып жасытқан жуандар тобын кінәлайды. Пәлен жыл дәріс қылып айтсаң да, мың жасаған дана, кереметті әулие болсаң да, сөзінді өткізе алмайсың:

Шығир жазып атақ алған шағир болып,

Һәр сөзім сезілгендей әсер беріп.

Жырлағанда тау-тасты қозғасам да,

Сонда да қазаққа дым білдіре алман⁴⁴², –

деп қынжылады. М.Қалтаев «Насихат қазақияда» өзге кітаптарында айтқандарын көп қайталайды, бұл кітабын шұбар тілмен жазған. Айтатын уағыздары: өзіңнен дәрежесі төмен адамды қор тұтпа, ойынды қорқытып орындатпа, қиянатшыл болма, бұзықтарға жолама, кекшіл болма, кешірімшіл бол, дүниені сыраптама, шаруаға ұқыпты бол, жалқау болма, талапты бол, таза еңбек етіп, жақсы атаққа жет деген сияқты болып келеді.

1910 жылы жарияланған кітаптарының бірі – «Біраз ғибрат сөзде» Қалтаев зорлық, зомбылық, жамандық, сабырсыздық, ынсапсыздық, фақырлық, байлық жайында ойын ортаға салады. Қаламымен ақылдасқан Қалтаев көрген-білгенін айта алмай заманның илеп, билеп лажсыздыққа ұшыратқанын айтады:

⁴⁴⁰ Қалтаев М. Тұғры жол. – Қазан. 1911. 6-б.

⁴⁴¹ Қазақ ССР ҒА архивы, п. 494. 24-б.

⁴⁴² Қалтаев М. Айна. – Қазан, 1913. 5-б.

Қолыма жазайын деп қалам алсам,
 Қаралап сия малып жолға салсам.
 Қалтырап екі қолым жаза алмаймын
 Қаламның бұйырғанын ойға алсам⁴⁴³.

Мақыштың «Қаламының айтқаны» атты шығармасында қалам әлдеқандай шындық, әділдік уәкілі ретінде сипатталса, ал ақынның сол қаламының айтқанын бұлжытпай орындауы, өмірдің өкінішін айтып, көптің көзін боямауы, адал еңбек етуі керек. Ол үшін дұрысты айтудан тайқымайтын ерлік тап, сөзге ерік бермесе, заманның аңдысын аңдумен ғана болсаң, онда ақын қадірін жоймақ, бұзықтыққа қарсы шықсаң, сонда адал ісің ақталмақ, сондықтан қалам мынадай бір ақыл береді:

Ал мені сия малып оң қолыңа,
 Тілесен мен сілтейін оң жолыңа.
 Қолыңда жолдасың мен, қылышың мен,
 Ой, алла, қайран қалам қорқуыңа⁴⁴⁴.

М.Қалтаев қалың шаруаны мезілеп айтқанына көндірмек, өнер-білімге шақырмаған, қара басының қамынан аспаған, ел билеген әкімдерді шенелейді. Өзара партияласып күні өткен, мал шашып мансапқа жеткендердің шыққан шығынын елден еселеп қайтарғанын көреді, олар жоғары мәртебелі ұлықтарға жағынып, үкімет есесін өтейді, не «шарифат не низамға» бағынбай іс жүргізетін де солар.

Шарифат низамменен болмас ісі,
 Мақсұты езу болар жетсе күші.
 Біргалай адам жақын жүктеп қалар,
 Басынан ұшқан шақта дәулет құсы⁴⁴⁵.

«Әлдеқандай адамсып жүргеніміз писерлер қалың күпі, жуан етік киген қазақтарға бапандай, аз-маз орысша білгендігін бұлдап та қоқиланады» дегенді де айтады.

М.Қалтаев тозығы жеткен ескі өмірдің тулағын сүйреткендерді көреді, «Киіз кітапқа» қарап ғамал жасау, жалған жан беру, қалың беріп қыз алу, жоққа сену сияқтыларды сөз етеді. Өткен кездегі қазақ өмірінде кездесетін өрескелдіктер туралы дұрыс топшылаулар жасаған Қалтаев кейде күдігін асыра түседі. «Миллет» деген бір сөздің мәнін қазаққа айтып түсіндіру қиын, езілудің салдарынан әлсіреп, қия басуға жара-

⁴⁴³ Қалтаев М. Қалтай ұлының қазақ ақуалын ден бахс еткен манзумасы. – Қазан, 1909. 6-б.

⁴⁴⁴ Қалтаев М. Айна. – Қазан, 1913. 10-б.

⁴⁴⁵ Қалтаев М. Қалтай ұлының қазақ ақуалын ден бахс еткен манзумасы. – Қазан, 1909. 6-б.

май қалған ба? – деген сияқты ой білдіреді. Жұрттың сұрықсыз өмірден құтыла алмай, жақсы идеяны қабылдай алмай жүруіне сол кездегі қоғамдық система кінәлі екенін, алдымен царизм жойылуы керек екенін түсінбек, күрес-тартыстың қандай түрлері еркіндікке жеткізбек деген мәселелер жөнінде халықтың тілегін түгел қамтып түсінген, бұқараның булыққан күшінің келешегін дұрыс шамалаған Мақышты көру қиын.

«Алтынға» деген шығармасында Мақыш бай болуды арман еткендердің жат сырын ашпақ. Байлықтың, яғни алтынның халық арасына алып келген алапатын айтпақ. Алтын бір заманда қорғасын, мыс дәрежесінде әншейін тас-топырақ еді, ал қазірде оның құны да, күші де рабайсыз артты, алтынға қалтасы толғандар бедел алғаннан бері бұзылғандар тобы көбеюде, қожасының айтқанын орындаған Алтын:

Достарыңа тау-тасты қаздырдың сен,
Көп елдерді тура жолдан жаздырдың сен.
Көңілі гөрдің дінін бұзып, бұзықтыққа
Жол көрсетіп шайтандай азғырдың сен⁴⁴⁶, –

дейді.

Береке ойламайтын жалақор, күншілдерді сынаған М. Қалтаев естілерді есерлер жеңгенін, адал адамның аяғынан алуға құмартып тұратындар көбейгенін көреді. Бұл жолдағылар өзгенің ар-намысымен ісі жоқ ибасыз, атаққа еріп те, ұлыққа жағып та, ресми адам болып та, тіл жаққа сүйеніп те қоқиланатын, жаладан жалықпайтын жандар екені айтылады:

Сұңқар боп, қаршыға боп қақпай қоймас,
Әйтеуір бір күніңді таппай қоймас.
Тәп-тәуір адам деген адамдары,
Оқығанға бір жала жаппай қоймас⁴⁴⁷.

Қалтаев шығармаларынан әйел мәселесі недәуір орын алған. Ол қазақ әйелдерінің ауыр халына айрықша назар аударады, ғасырлар бойы созылып келе жатқан теңсіздікті көреді, әйелді малға сатып алғанмен, оның махаббатын сатып алуға бола ма? Араларында теңдік жоқ, ерлі-зайыпты адамдарда қандай жарастық татулық болмақ? «Ғұмырлық жолдасын өзі жаратып тапқаны жақсы болады деп» айтқан қазақ кемде-кем. «Тұқымы ұлық болған, мың біткен байдың айыпты-қиыпты, кәрі-құртаны бәрі дәрі бола бермек». Жас қызды ата-ана, ауыл-аймақтың талқысына салып, солардың бәддұғасымен қорқыту, болма-

⁴⁴⁶ Қалтаев М. Айна. – Қазан, 1913. 6-б.

⁴⁴⁷ Қалтаев М. Бар уақиға. – Қазан, 1913. 21-б.

са, ақылымызды алды, есті бала екен деп «қайырсыз мақтаумен» алдап, амал асырушылық та қалмай жүр дейді. Мақыш «Сәбия бір қызға» деген шығармасында жағын таянып мұнайған, балалық шағының қызығымен ерте қоштасқан, келешегіне түңіле қараған қыздың аянышты халымен таныстырады. Заманның қатал заңына бас иген рақымсыз екені, өзіне өзін әшкереледі. Оның аузына мынадай сөздер салады: молда құтпасын зорлап оқыр, «кір жаға, тоқпақ мұрын» болса да, соған барарсың, мұз арқалап, күл төгерсің, шайпау ененнен сөз естірсін.

Өзің де сен соны біліп,
Уайымдаған боларсың.
Жағыңа қол таянып,
Уһлеген боларсың.
Уайымдайтын жөнің бар,
Михнат үшін жаралған
Мандайыңда сорың бар⁴⁴⁸.

М.Қалтаев тағдырға бас иіп жүруді қояр кез жеткен жоқ па? Талаптанып өнерлі жұрттың қатарына қосылу қайда?

Тағдырға жабысамыз надандықтан,
Тағдыр емес әркімнің жамандықтан, –

дейді. Бейқам қалу, бірліктің әлсіреуі, ғылым-білімге ұмтылмау, «бәдәуилерше көшіп» жүруді қойып, егіншілікпен айналыспау – осының бәрі шырмау, өнерсіздер өнерлілердің аяғы астында қалады дегендерді де айтады.

Жастарды өнер-білімге үйрету жөнінде Мақыш бірнеше талап қояды. Біріншіден:

Оқытып оңдырмаған он баланы,
Амалға артық ұста құдай ұрған⁴⁴⁹, –

деп хадим жолында қарысқан молдалардың сырылуы керек екендігін айтады. Өйткені олар ең болмаса, жәдитке икемі жоқ, оқушыларды әпжатпен азаптайтын, ғылымнан хабарсыз надандар, ондайлардың алдынан ғалым шықпай, залым шығады деп түсінгендік білдіреді. Екіншіден:

Орышаны харам дейміз біздің дінде,
Мұқтаж болып тұрсақ та осы күнде⁴⁵⁰, –

деп орыс тілін үйренуге шақырады. Үшіншіден – оқушылар алдымен ана тілін білсін, школды бітірсін, содан кейін тағы оқып, білімі өсе түсуіне олардың Петербург, Мәскеу сияқты орындарға баруына

⁴⁴⁸ Қалтаев М. Айна. – Қазан. 1913. 16-б.

⁴⁴⁹ Қалтаев М. Бар уақиға. – Қазан, 1913.18-б.

⁴⁵⁰ Қалтаев М. Қазақтың айнасы. 10-б.

жәрдемдесу керек. Өнерді арттыру үшін орыс халқымен достасып, оның мәдениетінен үлгі алу шарт, сонда келешек өмір кемеліне келмек, бұл халықтың пайдасын бұрын да көргеміз, хандар, төрелер азыбынан орыс халқы құтқарған:

Бұл зорлық қияметке кетпек еді,
Түбіңе залым төре жетпек еді.
Орыс халқы зорлықтан құтқармаса,
Қазақ өзі төреге не етер еді⁴⁵¹, –

дейді.

Мақыштың «Тұрмыш» деген өлеңдер жинағы 1959 жылы Қазан архивынан табылды. Қолжазбаның аяғында «Мақыш Қалтаев Қараөткел» деген сөздерді оқисыз. «Патша хазреті қазақтан солдат алады деген бір сөз тарады. Бұл сөз һәркімді ойға, уайымға салды»⁴⁵² деген сөздерге қарағанда жинаққа кірген «Зылиха ханым», «Бір қыздың жеңгесімен сөйлесуі», «Жүректі қатын», «Кемпір мен келін», «Дүниеде қалай тұру керек», «Табылған хат» сияқты шағын көлемді 20-дан астам шығармалар 1916 жылдары жазылған ба дейсің.

«Дүниеде қалай тұру керекте?» М. Қалтаев байлардың дәуірі жүріп, есе бермей тұрғанына қынжылады, олардың арамдығын, пасықтығын баса көрсетеді. Малы азда есе тимейді, момынның сөзі жүрмейді, адал ісі іске аспайды, байларды жақтап, ақшаға сатылып жалпақтағандар, өтірікті күбіткендер тобын көреді. «Дүниеде... өтірік айтып, алдап, әйтеуір мал жина, малың болмаса сен бақытсызсың... жақсы тұрмыста тұрғың келсе, ешбір уақытта хақ тура сөз айтпа... Мал хайуанмен бірге қосылып жүре бер»⁴⁵³, – деген кекесін сөздер айтады.

«Табылған хатта» М.Қалтаев болашақ жарқын өмірден үміттеніп, қазіргі қайғылы заманның қарасы өшетініне сенетінін білдірмек.

Бостандық көксеген сөзіне қарағанда, әділетсіздікке қарсы баянды іс жүргізген, бұқараның қамын ойлаған жақсылар «хабары жұртқа тараған» «адал азаматтардың есімі жұртқа кейінгі ұрпаққа ардақты болмақ, оларды қадір тұтып, бастарына құлпытас қоятын шақ болар деп үміттенгендігі байқалғандай. Қашан да болса бір... таң туар, бізде сол күнде бұлбұлдар секілді сайрап өмір етерміз. Сол уақытта менің бір ойым... құлпытас қою болар. Егер өзім қоя алмасам, балаларыма

⁴⁵¹ Қалтаев М. Бар уақиға. – Қазан, 1913. 6-б.

⁴⁵² Қалтаев М. Тұрмыш. 10-б.

⁴⁵³ Сонда, 21-б.

өсиет айтып кетермін, қалай да болса, сөзіме жетермін»⁴⁵⁴, – дейді М.Қалтаев. Мақыш түсінігінде қайшылықтар кездесетінін еске алумен қатар, оның бұқара мұңын айтып, патша уәкілдері ұлықтарды, байларды, дінбасыларды, сол кездегі өмірдің нұқсанды жақтарын сынағанын да көрмеуге болмайды. Қалайда Қалтаев сонау тар заманда жұртты өзінше өнерге, еңбекке, еркіндікке, теңдікке шақырды.

* * *

Совет әдебиеті дәуірінен бұрын да драма, поэма, проза үлгілері жариялана бастаған десек, олардың кейбірі қолжазба күйінде архивтерде сақталған. Бүгінгі проза мен драманың алғашқы бір нышанын сол шығармалардан аңғарғандайсыз. Қазақ әдебиеті бірден қалыптаса қалған жоқ. Бұрын көбінесе өлең түрімен шектелген көркем әдебиет енді проза, драма саласында бой көрсетеді.

Қазақ прозасы қазынасының бірі – сан алуан келген аңыздар, билер сөзі, ертегілер. Олардан қазақ тілінің оралымдылығы, тазалығы, халықтық қасиеті, көркемдігі, ақындық фантазияның байлығы байқалады. Бұл тектес нұсқалар сюжетті, уақиғалы прозалық көркем шығармалар жазуға меңзеген. Проза үлгілерінің енді бір парасы батырлар әңгімесі, түрлі қисса, хикаялардан ұшырайтын. Бұлар көбінесе жырмен жазылған шығарманың ара-арасын кіріктіріп тұратын, көлемі шағын-шағын, дастан уақиғасы желісінің үзілмеуі үшін керекті болып тұратын. Бұл әңгімелер «Әл қисса» деген сөздермен де басталатын. Хикаят рәсле «Мұңлық–Зарлықта» Һәшім патшаның Жаудыр шал қызы Айым берген кішкентай дорбаны «жеті там толған ақшасын» салып:

Төбелі тазға төрт теңге,
Айна тазға алты теңге,
Қырма тазға қырық теңге,
Ойма тазға он теңге⁴⁵⁵, –

деп салық салып, көп ақша жинаса да, сонда да дорбаны толтыра алмай сасқаны жырмен баяндалғаннан кейін «Әлқисса» деп басталатын қара сөз үлгісін көресіз. «Әл қисса. Әндә патша айтты: бұл не деген қалта, мұны толтыруға ғылаж бар ма екен деп, жұртқа жар салды, һеш кім мәнісін білмеді...», не «Қисса Таһир илә Зуһраның» жырмен баяндалған бір жерінен кейін: «Әл қисса мұнан соң, Зуһра бірлә Таһир бір-бірімен құшақтасып, иғлаштилар, бұлардың махаббаттарында һеш кемшілік жоқ еді. Әнден айрылысып, нәркес көздеріне, гүл

⁴⁵⁴ Қалтаев М. Табылған хат.

⁴⁵⁵ Хикаят рисәлә Мұңлық–Зарлық. – Қазан, 1908. 6-б.

жүздеріне ялар ағып, ғақыл кете язып, Таһир, Зуһра бұл шығырларны айтты...»⁴⁵⁶ деп оқисыз.

Прозаның тағы бір үлгісі 1879 жылы жарияланған Алтынсарин шығармаларынан кездесетін. Ол сол кездегі қазақ өмірінен мағлұмат беретін, заман адамдарының мінезін, тәрбиесін, сенімін, іс-әрекетін аңғартатын шағын-шағын шығармалар жазды. Прозаға қажетті мән берілмеген сол бір кезде оқушыларға ұсынылған Алтынсарин прозасының орны зор.

Революциядан көп бұрын қазақ әдебиетіне не аударма түрінде, не ел өмірінен алынып жазылған проза үлгілері кіре бастайды. Олардың ішінде: «Бай мен жарлы баласы» (1879), «Қазақтардың есінен кетпей жүрген бір сөз» (1892), «Капитан қызы» (1903), «Жас ғұмырым яки жастықта ғафлэт» (1907), «Көргенді бала, үлгілі бала» (1911), «Қыз көрелік» (1912), «Қалың мал» (1913) т.б. бар.

Атап өткен нұсқалардың қиссалар мен аңыздарда кездесетін үлгілерден басқа сипат алғаны байқалады. Мұны олардың стилі, тілі, композициясы ерекшеліктерінен де көресіз. Прозаның ертегі, аңыз, қисса өресінде қалмауы қажет болады. Мұнымен қатар орыс әдебиетімен танысып, ол әдебиеттің прозалық кейбір үлгілерінің қазақ тіліне аударылуы да қазақ прозасы өрісін кеңейте түседі.

Алтынсарин жазғандары балаларға, ғибратқа арналған шағын-шағын шығармалар. Олардың тақырыбы: «Қанағат», «Әдеп», «Өрмекші», «Құмырсқа, қарлығаш», «Асыл шөп», «Бақша ағаштары», «Мейірімді бала» деген сияқты болып келеді. Мұның үстіне Алтынсарин көлемді шығарма жазуды мақсат етпеген де көрінеді. Шығармалар дені мораль, өсиет, тәлім-тәрбие ісіне арналады. Бұл ұсақ әңгімелердің заманына қарай, педагогикалық маңызы болды, олар қазақ прозасы кәдесіне асқан. Өндеген, не өзі жазған шығармалардың нендей мақсатқа арналғандығын түсіндірген Алтынсарин ана тілінде жазылған кітаптар болмай, қазақ шәкірттері тек дін туралы жазылған, «араб, парсы сөздеріне лық толған», татар тілімен шұбарланған кітаптарды лажсыз оқып білім алмай әуреленді. Осыны ойлап, «бастауыш оқу құралдары хрестоматиялар сияқты» кітап жазуды ұқыптағанын айтады. Хрестоматияға кірген шығармалардың кейбіреулері «ең жақсы қазақ ақыны өлең жырларынан», айтылып жүрген әңгімелерден, не орыс хрестоматияларынан, көбінесе, Пантусовтың хрестоматиясынан алынғандығы ескеріледі⁴⁵⁷.

⁴⁵⁶ Қисса Таһир илә Зуһра. – Петербург, 1907. 11-б.

⁴⁵⁷ Ы.Алтынсариннің таңдамалы шығармалары. – Алматы: Қазақ ССР ҒА баспасы, 1955. 71-б.

Алтынсарин жазғандарынан прозаға керекті ұтымды тіл үлгілерін, сөзді ойға сәйкес қолдану, тіл тазалығын сақтау, шұбар тілге жол бермеуді көресіз. Оның елеулі бір шығармасы – «Бай мен жарлы баласы». Мұнда ауыл көшіп кетіп, жұртта адасып қалған Үсен мен Асанның уақиғасы айтылады. Бай баласы Асан өмірге икемсіз, болбыр болып көрінсе, кедей баласы Үсен тәжірибелігі, байымдылығы арқасында қапияда ақыл тапқан есті бала болып бейнеленеді. Ол көштің сүрлеуіне қарап, ауылдың қай жаққа көшкенін оп-оңай аңғарады, тұзақ салып, құс ұстап, азық табады, тезек теру, шақпақ шағу, қармақ салып балық аулауды біледі. Ал Асан осылардың бәрінен хабарсыз.

Алтынсарин әңгімелері көркем прозаға тән ерекшеліктерімен көзге түскендей. «Бір мезгілде жақын жерде қасқырлар ұлыды, алыста егіз шағала адамша шақырып, біресе жылаған балаша, біресе қарқылдап күлген адамша, әр түрлі дауысқа салды... Күншығыстағы таң әуелде алтынмен боялғандай қызарып, жан-жаққа жайыла барып, ақыры қызылы тарап ағара бастағанда, Үсен Асанды да оята бастады»⁴⁵⁸ деген үзіндіден шығарма тілінің заманына қарай сапасы жоғары, ескі аңыз бен қиссада байқалған проза тілінен басқа бір шебер тілмен жазылғандығы көрінеді. Қалайда Алтынсарин әңгімелері қазақ прозасының қалыптасуына әсер еткен көне прозаның құнды үлгілері.

Қазақ прозасының бір алуан үлгісін Абай жазғандарынан аңғарасыз. Абай мұра етіп қалдырған «Сөздер» көркем прозаға тән ерекшеліктері бар элементтер синтезі сияқты. Оларды дәлді бір новелла не әңгіме түрінде жазылған деу қиын. Бұл шағын-шағын шығармаларда көбінесе моральдық, ағартушылық, үгіттік, философиялық, публицистикалық ой айтылады: көркем сөз, шешен сөз, ережелі сөз, афоризмдер кездеседі. Оларда өмірде болған бір уақиғаға арнап, сюжет құрып, қоғам адамдарының іс-әрекетін көрсету арқылы сипат жасау басты міндет болып есептелмеген. Тұрмыс құбылысын тәптіштеп көрсетуден гөрі өмір туралы ақынның өз қорытындылары беріледі. Ол қорытындыны оқушы шығармадан өзі шығарып жатуы шарт емес, өйткені Абай керекті қорытындыны өзі ұсынады.

Абай «Сөздерге» арнап айтқанында «Өмірдің талай тауқыметін көтеріп жаман, жақсыны көрдік, алыстық, жұлыстық, айтыстық, енді мынау егде тартқан шақта қайрат мұқалып, қажыдық, жалықтық, қылып

⁴⁵⁸ Ы.Алтынсариннің таңдамалы шығармалары. – Алматы: Қазақ ССР ҒА баспасы, 1955. 92-б.

жүрген ісіміздің баянсыз, байлаусызын көрдік» деп, ауыр жағдайда өмір өткізгендердің рәсуа болып жүргенін көреді. «Өмірді көркейту үшін, адал арманды игі адам болу үшін не істеу керек?» – деген сұрақ қойды. Көріп отырған өмірден түңіліп, басқа бір жарқын өмір тілейді. Мол тәжірибе, терең парасатқа сүйеніп жасаған қорытынды ойларын ортаға салады. «Ақыры ойланып: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған бекідім»⁴⁵⁹, – дейді. Осы сөз аңғарынан да оның сюжетті көркем шығарма жазуды өзіне жүктемегені, ғибратты ойларын қағаз бетіне түсіре беруді құнттағаны байқалады. Абайдың «Сөздері» тек совет дәуірінде ғана баспа бетін көрсе де, бірақ ондағы айтылған ойлардың көпшілігімен жұрт ақынның революцияға дейін жарияланған өлеңдерінен танысқан болатын.

Поэзия саласында қазақ әдебиетінің даңғыл жолын салған Абай прозасы өзінің игілікті әсерін қазақ прозасына тигізіп үлгірген деу қиын. Академик М.О.Әуезов: «Жалпы алғанда, Абайдың осы қара сөз дейтін мұралары көркем прозаның өзіне бөлек бір алуаны болып қалыптасады. Бұлар сюжетті шығармалар емес... Кейде бұлар сыншылдық, ойшылдық және көбіне адамгершілік мораль мәселелеріне арналған өсиет толғау тәрізді»⁴⁶⁰, – дейді Абай. «Сөздерінде» көркем прозаға тән уақиға беру, адамдар образын жасаудан гөрі «өсиет, толғау» не силлогизмге көбірек орын беріледі.

Абай «Сөздеріне» кейде Сократ, Аристотельдің философиялық таластары, «Қазақтың түбі қайдан шыққандығы», жан, тән, ғылым, білім, тәрбие туралы мәселелер арқау болады. Енді бір «Сөзде» қазақ мақалдары талданады. Абай: «Біздің қазақтың мақалдарының көбінің іске жарарлығы да бар, іске татымақ түгіл, не құдайшылыққа, не адамшылыққа жарамайтындығы да бар»⁴⁶¹, – дейді. Енді бір «Сөзде» жаман дос – көлеңке, басыңды күн шалса, қашып құтыла алмайсың, басыңды бұлт алса, іздеп таба алмайсың» деген сияқты қанатты сөз үлгісі беріледі. Енді бірде Абай:

Дүние – үлкен көл,
Заман – соққан жел.

⁴⁵⁹ Құнанбаев Абай. Шығармалары. II т. – Алматы, 1940. 166-б.

⁴⁶⁰ Сонда, 208-б.

⁴⁶¹ Сонда, 220-б.

Алдыңғы толқын – ағалар,

Артқы толқын – інілер⁴⁶², –

деп термелеп сөйлейді. Абай сөздерінің жанрлық сипаты туралы Х.Ж.Сүйіншәлиев: «Абайдың қара сөздерінің бәрін бір алып қарап, бәріне ортақ прозаның бір түрін атауға болмайды. Оларды прозаның бір түріне жатқызуға келмейді»⁴⁶³, – дейді. Абай «Сөздерін» көркем прозаның новелла, не әңгіме сияқты дәл бір түрі демесек те, онда көркем прозаға тән өткір қиял, көркем сөздердің жарқылдаған ұшқыны аз емес. «Сөздердің» философиялық, сындық, публицистикалық, ғылымдық, ақындық ой білдіру үшін де, тіл шеберлігін арттыру үшін де қажетті жақтары бар.

А.Жандыбаевтың «Жас ғұмырым яки жастықта ғафлэт» – заманында өнер білімге шақырған шығарманың бірі. Мұнда тек дидактикалық өсиет айтудан гөрі адамдардың ісін, тәрбиесін көрсету арқылы өмірден қорытынды жасау құнтталады. Кең жайлауда еркін көшіп, ерте жатып кеш тұруды әдеті еткен, осы бір өмірін дәурен көргендердің, тұрмыс өзгерісінен хабарсыз, өнер-білімге «ұмтылып, шөлдеген торғай сықылды сонан бір тамшы тамар деп, аузын соған қарай ашып жүретін уақыт»⁴⁶⁴ жеткенін сезбей, ескілік шеңберінде қалғандар жайы баяндалмақ. Автор «Жас уақытта өзімнің нешік тәрбие алғандығымды, өзімнен үлкен ағаларға, жасы кіші інілерге біліп тұрсын үшін төмендегі бір аз ғана сөздерімді жазып, бір кішкене кітап қылып шығардым»⁴⁶⁵, – дейді. Қарапайым орта жастарының қалай тәрбиеленгендігі, «он жылда он балаға хат танытпай» молдалардың жастарды әурелегені, өнерлі болу үшін молда алдын көру, Құран, Мұхтасарды жаттау міндет емес екендігі айтылады. Адал азаматты – мәдениетті орта шығармақ, ғылымға жұмылайық деген ой білдіріледі. Ескі орудың бір азабы – эптик, әбжатты жаттаудан құтылудың қамын ойлайды. Ойына орай надан тәрбие, мешеу ортада өскен жастық өмірі ғафіллікте өткенін мысалға алады, «бәйгедегі аттар секілді ілгері қарай ұмтылып» өнер асырып, теңдікке жетеміз, «оқылық, оқылық, оқылық», – дейді.

Автор бір жастың қалай оқып, қалай тәрбиеленгенін сөз етеді. Оны тілі шығар-шықпастан ағалары өрескел сөздерге үйретіп,

⁴⁶² Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармаларының толық жинағы. – Алматы, 1948. 368-б.

⁴⁶³ Сүйіншәлиев Х.Ж. Абайдың қара сөздері. – Алматы, 1956. 121-б.

⁴⁶⁴ Жандыбаев А.А. Жас ғұмырым, яки жастықта ғафлэт. – Қазан, 1907. 13-б.

⁴⁶⁵ Сонда, 3-б.

қайталап айтқанына «мәз болып қарқ-қарқ» күледі, тәйіктікке әдеттендірген бала атты басқа ұрып та өнегесіздік көрсетеді, ол 8–9-ға келгенше оқу деген сөздің мәнісін де білмейді. Шешесі: «менің естігенім болмаса», оқу дегенді өзім де білмеймін десе, ақыл сұраған әкесі: «Шырағым, жасымда мен де молданың алдын көрдім, бұдан ештеме шықпағанын көрген атамыз: «мал бағып, пішен шауып» жүре бер деген еді, бұрынғы ата-бабаларымыздың даңғыл жолымен малымызды бағып, шаруамызды жайлап жүре берерміз»⁴⁶⁶, – дейді.

Тәрбиесіз, оқусыз қалып өкінген бұл жас, әсіресе молдаларға ызалы. Олардың дүниеқорлығын, ғылымның жарық сәулесін көлеңкелеп жүргенін көреді. Молда «баланды орысшаға берме... орысша оқып өліп кетсе, имансыз кетеді деп, атамды қорқытып, мені орысша оқуға бергізбеді... Біз өзіміз «А, Б, Т» деп жаттай білеміз, қарап мынау нендей қарып екенін біз түгіл арамызда екі-үш жыл оқыған балалар да білмейді» деп кейіді. Сайып келгенде, түрлі мысалдармен – үлгісіз оқу, надан тәрбие, мешеу орта тосқауылына түскен жастардың өмірі зая екенін көрсетпек.

М.Нұрбаевтың «Көргенді бала үлгілі ана» – ананы ардақтауға арналған. Шығармада гуманистік ойлар айтылады. Қоғам адамдарының мәдениетті, мейірімді, әдепті болуы керек екені ескертіледі. Жас ұрпақ оқымысты, көргенді болып өссе, ел мешеуліктен ада болса, гүлденген өмір көрер едік деген ой айтылады. «Бұл жалғанда алтыннан қадірлі, меруерттен бағалы» жастар қиянатшыл, жалақор, ғылымға ынтасыз, ынжық, еңбек сүймейтін жалқау, халықты, ата-ананы сыйламайтын арсыз, өзімшіл өркөкірек болма, оқымысты адам, азамат бол. «Бүтін халықтың көңілін ағартып, надандықтан шығар, бұзық фитнә істен қаш, мұндай жастар ата-анасы қандай фақыр болса да, қадірлі, бұл жалғанда қандай жұрт болсын бәрі ғылым, өнер жолына түсуде, өнерсіз хәр жерде кемшілік көрер, осыдан сақтанып ғылым өнер жолына»⁴⁶⁷ түсейік дейді.

Шығармада саналы жастардың өсуіне жақсы ана «себепші болады», ана қоғамның қадірлі мүшесі, ойлы ана талапты жасты дұрыс жолға меңзейді, ержүрек, ақжарқын, еңбек сүйгіш етіп тәрбиелейді. «Үлгілі ана – бітпейтін мүлік, бұл жалғанда үлкен бақыт, игілік. Ол өз баласына ғана ана болмайды, бәлки бүтін жұртқа ана болады» делінеді.

1911–1912 жылдары ұсақ-ұсақ бір топ проза үлгілері «Айқапта» жарияланды. Бұлардың бірі Әкрәм Ғалимжанов жазған «Бишара қыз»

⁴⁶⁶ Жандыбаев А.А. Жас ғұмырым, яки жастықта ғафләт. – Қазан, 1907. 15-б.

⁴⁶⁷ Нұрбаев М. Көргенді бала, үлгілі ана. – Орынбор, 1911. 10-б.

әңгімесі. Осы заманына қарай ширақ тілмен жазылған, прозалық сипат алған шығарма деуге болады. Мұнда қазақ ауылының сырт көрінісі, лирикалық кейіпкерлердің ішкі сезімі беріледі. Жазықсыз жас қызды қасіретке ұшыратқан өмір кесірінен «көздерінің түбі қарайып, ақ беті сарғайып, қалың шаштары сиреп», азап тақсіретін көрген Алтынайдың қайғылы уақиғасымен танысамыз. Қалыңмал – қазақ қызының қабағын көтертпеген қасы деген ой айтылады.

Қазақ прозасына роман деген атпен 1912–1913 жылдары «Қыз көрелік» пен «Қалыңмал» қосылды. Т.Жомартбаевтың «Қыз көрелігі» – ағартушылыққа үндеген, әйелдер тендігін жырлаған, қалыңмал ісін қатты сынаған, заманына қарай өтімді тілмен жазылған уақиғалы сюжетті шығарма. Шығарма уақиғасы қазақ өмірі көріністері ретінде баяндалады. Көрсетілген адамдар бір кездегі қазақ қауымының түрлі уәкілдері. Автор заман шындығын айтып, қазақ тұрмысына жанасымды фактілер бермек, адамдар арасындағы қарым-қатынастар сырын ашпақ. Ол кезде проза үлгісінің сирек кездесетінін еске алсақ Жомартбаевтың проза жанрын игеру ісіне атсалысқаны ескерілетін жай. «Қыз көреліктен» өмірді реалистікпен көрсетуге ден қойғандық байқалады десек те, кейде автордың шығарманы фантастикалық көріністермен шұбарлағаны да байқалады. Мұны Ғайникамалдан үміттеніп, қыздың тапсырмасын орындамақ болып жол шеккен, Лондон, Берлин, Париж барған үш мырза уақиғасынан аңғарасыз.

Ғайникамал «адам таңғалғандай, бұрын дүниеге шықпаған жаңа нәрсе» әкелгендерінің біріне барар едім деп, мырзаларға сөз береді. Олар үш жаққа жол тартады. Лондонға келген Әбілхан мініп ұшса, әп-сәтте қалаған жерге жеткізетін бір ғажап нәрсе сатып алады. Берлинде болған Мұқаш айшылық алысты көрсететін трубка алады, қарап жіберген еді, үйінде отырған Ғайникамал сұлуды көріп қуанып қалады, Парижге келген Сеидхан «іші қуыс, сыбызғы секілді» бір нәрсені көріп қызығады. Нәрсе иесі: «үшбу резеңке бірлән» өлген адамның аузына жел жіберсе, «сол адам әуелгідей тіріліп дүниеге келеді» дейді. Осыдан ғажап нәрсе болмас деп ойлаған Сеидхан сол нәрсені сатып алады. Мырзалар қайтып келе жатып Омскіде тоғысады. Нәрселердің «қайсысы ғажабырақ екен» десіп әңгіме құрады. Мұқаш трубкасінен қарап жіберсе, Ғайникамал қайтыс болып, оны енді жерлегелі жатыр екен. Әбілхан өзімен бірге ана мырзаларды да дереу қыздың аулына алып келеді. Сеидхан қызды тірілтіп жібереді. Олар енді қызыл шеке болып Ғайникамалға таласады. Өзара келісе алмайтын болған соң, сөз аяғы қызға саяды.

Гайникамал мырзалар әкелген нәрселердің ғажап екенін көріп, ырзалық білдірсе де, олардың әйел жүрегімен есептеспейтіндігін, «халықтың көңілін, көзін ашуды ойламайтындығын байқап, сөзінен айниды, ақырғы жауабында: «Менің мақсатым малды бай кісінің әйелі болу емес, кімде кімнің өзімнің білген қадарлы ғылымы болып, мақсұты оқымаған, білмеген халықтың көңілін ашпақшы болса, сол уақытта мен сол кісінің ғұмырлық жолдасы боламын»⁴⁶⁸ – дейді.

Мырзалардың Гайникамалды сырттай ұйғарысып тәкаппарлық жасағаны, олардың әлеуметтік мүддеден жұрдай екені тек жуан ата баласы, бай баласы екендігін арқаланған, өздері өнерсіз қуыс кеуде екені, Гайникамалдан орынсыз үміттеніп жұртқа күлкі болғаны көрсетіледі.

Гайникамалдың жолын тосқандар аз болмайды. Қыз бала алыс жерде жүріп оқыса, жат болып кетеді, «ол сонша көп оқығанда қайда имам болады» десіп, гуілдеген ауыл ақылгөйлерімен танысасыз. Бәйбіше, тоқал арасында болатын өшпенділік туралы да мағлұмат беріледі. Ғайсаның «қасаң болып, шар тартып қырыққа келген» бәйбішесі, «кедейдің қызы Жәкішті шақырса да, әй тоқал! Фәлен қыл, түген қыл деп... сен жаман күн әулиесіме, тойғаныңды қылма деп қымс етсе, кекетіп сөйлеуші еді»⁴⁶⁹, – делінеді.

Гайникамалдың білім алуына көмектесіп, заманының қарапайымдары қатарында қалмағандығын білдіргендей, автордың ойынша, оның бұл ісі өзгелерге ғибрат болғандай. Қыруар малға ие болып отырғанымыз Қараекеннің арқасы ғой, Гайникамалды құтты орнына қондырайық. «Қараекенмен құда болсаң болмай ма? Қыс болса, жерін жейміз, жаз болса, құдығына қонамыз» деген Бәкіжан бәйбішенің сөзіне ашулана жауап берген Ғайса: «Мені неш кім асырамайды, құдай асырайды. Қараекеннің маған керегі жоқ... баламды әбден оқытып, ержеткізіп, өзінің сүйгеніне беремін»⁴⁷⁰, – дейді.

Автордың:

Деп жүрген жас жігіттер қыз көрелік,
Таңдап ап сұлу қызды мал берелік.
Мырзалар, қыз таңдаған келсін мұнда,
Жігітті қыз көретін біз көрелік, –

деп арнайы айтқан сөздері шығарманың өзекті мәселесіне меңзегендей. Шығарманың басты кейіпкерлерінің бірі Гайникамалдың қалыңға бармағаны, мырзалар буына жығылмағаны, заманының дөрекі

⁴⁶⁸ Жомартбаев Т. Қыз көрелік. – Семей, 1912. 35-б.

⁴⁶⁹ Сонда, 7-б.

⁴⁷⁰ Сонда, 10-б.

істеріне төтеп бере алғаны, ақыл тауып ағартушылық жолға түскені, өзіне лайықты жар табылғандығы көрсетілмек. Ғайникамал пайдалы кітаптар оқиды, Ибраһим Құнанбайұлының:

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
 Пайдасын көре тұра тексермедім.
 Ер жеткен соң түспеді уысыма,
 Қолымды мезгілінен кеш сермедім⁴⁷¹, –

деген өлеңін жаттап алады, Абай сөздерін өзіне де, өзгеге де үлгі етеді. Үгіт сөздерінде: «бай баласы атану мақсат емес» өнерсіз қалма, «қыз туса мал туды деп қыз сатқандар не тапты», қазақ қызының теңсіздікте жүруі қалай?», қалыңмал қалсын, «басыма тұлым қойған қыз болсам да, мені мал беріп ешкім ала алмайды», – дейді.

Ғайникамал сонау бір қараңғы кезде әйелдер арасынан шыққан жолында еңбектенуді, теңдік көрмей жүрген қазақ қыздарын өнер-білімге шақыруды арман етеді. Оның қарапайым ортадан озып, өмірден сыйлы орын алғандығы айтылмақ. Ол тұрпайы тұрмыс шеңберінде қалғандарға қынжылады. Әйелдерді кемсітіп, баяғының гөй-гөйіне салған, білімсіз, тәрбиесіз өскен, жақсы мақсаттан қақас қалғандар ісіне наразы. Әділетсіз қоғамның азабынан құтылу лажын таппақ. Оның сүйіктісі Мұхамедғали да осы жолда. Мұхамедғали ер балаларды, Ғайникамал «қыз балаларды оқытып, екеуі халыққа пайдалы адам болып, ғұмыр сүре бастады»⁴⁷² – делінеді.

«Қалың мал» – заманында қазақ әдебиетінен елеулі орын алған шығарма. Онда жайсыз қоғам туғызған жуан жұдырықтардың, пысықтардың өрескел істері көрсетіледі. Әйелдер теңдігіне үндеген гуманистік ой, надандық кесіріне төтеп бере алмай жүрген жан-дар жайы, қазақ өмірінің ерекшеліктері айтылады. «Қалың мал» – қалайда, өткен кездегі қазақ прозасының көрнекті үлгілерінің бірі.

«Қалың малда» салт-сана, жол-жора, әдет-ғұрып жайы сөз болады. Автор бұларға баға беріп, олардың зияндыларын әшкерелеуді өзіне жүктейді. Малға қыз беру, шілдеhana, той-томалақ, балуан күрес, барымта, бие бау беру, құда түсу, ит ырылдатар, кемпір өлер, отқа құяр, сақина алмақ, алақан соқпақ т.б. сондайлар сөз болады.

«Қалың мал» тіл тазалығына жөнді мән бермеген, молда сүрей ақындардың қазақ әдебиетінен недәуір орын алған кезінде жазылды. Осы кездегі әуестенген тіл жайын еске алған академик М.О.Әуезов: «Меккеден, Бұхардан, Стамбулдан, Қазаннан шыққан ишан, имам схо-

⁴⁷¹ Жомартбаев Т. Қыз көрелік. – Семей, 1912. 12-б.

⁴⁷² Сонда, 41-б.

ластик медреселер тәрбиесінен шыққан қалфе, хазрет молдалар жаргоны болатын»⁴⁷³, – дейді. Араб, парсы, татар сөздерімен шұбарланған тілге тақыстанғандар әсіресе, діни кітаптардан, қалфе, хазрет молдалардан тәлім алғандар еді. Бұларға еліктемеген Көбеев «Қалың малды» қазақ тілінде, көпшілікке түсінікті тілде жазды»⁴⁷⁴ десек те, шығарма тілі тіпті нұқсансыз да емес. Мұны ойды дұрыстап өресіне жеткізбей кейде келте кесуден, сөз құрылымдарының не күнгірт, не болбыр келуінен (32-33), не «басымыз кетер деп тоқтастылар. Бас қосып ғақылға қылдилар. Мағлұмның Тұрлығұл деген ақсақал» деген сияқты сөйлемдерден көресіз.

Шағын форматты 83 бет кітапқа орналасқан адамдардың кейбірі тек пәленше, түгенше деген атпен жүреді. Олардың ісі, арманы айтылмайды. Ерекшеліктерімен көзге түспеген бұл адамдардың қоғамдық бейнесін аңғару қиын. «Түлкібай дейтін бір қадірлі ақсақал: Қоңызбай, бір ашуыңызды маған беріңіз деп, той кылушы Сәрсен дегеннен бір көк шолақ әперіп тоқтатып еді»⁴⁷⁵ делінгеннен басқа ол адамдар туралы тағы бір керекті мағлұматты іздеп таба алмайсыз.

Алайда, шығарма адамдарының барлығы жайында осыны айтуға болмайды. Олардың арманына орай қоғамдық кейпі көрсетілгендері бар. Бұл жөнде Итбай, Тұрлығұл, оның мәслектесі, жылпостығымен жағып байдың алып кел, барып, келісіп кел, кектесіп келіне жүретін Әбіш, бас еркіндігін ойлаған Ғайша, оның адал анасы, Қожаш пен Ғайшаға болысқансыған Серғазыны атауға болады.

«Қалың малдағы» билер, ақсақалдар керексіз ғұрып жол-жораға үйір, олар: байға кім қызын бермейді, «қатын өлді қамшының сабы сынды» десіп, Тұрлығұлды өрлендіреді. Тілеуі бір жастарды зорлап айырмақ, байға жағынып әділдігінен жаңылады, ауыл дауына тақыстанған, құлқынын көздеуден аспайтындар болып көзге түседі.

Серғазының Ғайшаға туысқандық ниет білдіргені айтылса да, бірақ оның іс жүзінде бой көрсетпей бұғатын әдеті бар. Баста Итбай шешімін мақұлдаған Серғазы кейін Ғайшаның зарлы сөзін естіп, Итбайды қостағанына өкінгендей «Шырағым, Ғайша жан... ең алғашында сені Тұрлығұлға берудің мәслихатының ішінде болсамдағы... өлеңді естігеннен бері қарай ойға қалып, сенің көз жасыңа қаламын ба деп

⁴⁷³ Әуезов М. Қазақтың әдеби тілі туралы // Әдебиет және искусство. 1951. № 4. 61-б.

⁴⁷⁴ Қирабаев С. Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабарлары. Филология және искусствотану сериясы. 1957. № 2(7). 50-б.

⁴⁷⁵ Көбеев С. Қалың мал. – Қазан, 1913. 34-б.

жүр едім теңің Қожаштан айрылма, бақытты бол»⁴⁷⁶, дейді. Ғайшаның Итбай тұтқынына түсіп, кете алмай қалғанын білген Серғазы: «іс бұлай болды, маған өкпелеме» деп, Қожашты жұбатады. Ғайшаға болысып жүргенін Итбайдан жасыру қарызын жасайды. Енді Ғайшаны Тұрлығұлға зорлап бермек болған Итбайды қостап: өздеріне ұнаған маған да ұнайды деп орнынан тұрады»⁴⁷⁷. Итбай: «Серғазы, шырағым, ғақыл айтып, Ғайшаны сөзге көндірі» деп оған тапсырма береді. Сөйтіп Серғазы адал ниетін бұза берген, Итбай мен Тұрлығұлдан қол үзбеген екіжүзді адам болып та көрінеді.

Ғайша ісін «қара халық», жастар және өмірі теңсіздікте өткен әйелдер қостайды. Оның анасы Итбай ісіне наразы, Тұрлығұлға бермек болып мәз болған, құтты болсын айтқандарға: баланы теңіне жібермей малға сатқандарыңа қуанасыңдар да? – дейді. Ғайшаның қайғысына ортақтасқан ана: кедей болса да, құдай саған осындай бір жігітті маңдайыңа жазбады-ау деп, қызының Қожашқа баруын құптайды. Автор ананың дұрыс ойы, таза сезіміне жәркішек түсірмеуді ойлап, оны Ғайшаның шын жәрдемшісі, тілектесі етіп көрсетеді.

Тұрлығұл әйел үстіне әйел алып, малдан күсіп, байлығын асырып настанған адуын, азулы бай ретінде көріне бермейді. Оның қайтыс болған әйелін ойлап қамыққаны, Қанышаның өліміне «қатын өлді, камшының сабы сынды» деп қарамағаны ескертілгендей. Ол қатынының жоқтығынан, шаруасы кеміп, өз үйі өзіне суық бола бастағанын сезгендей. Қанышамен бірге жасасқан шағын еске алып, «сол уақыттағыдай сүйкімді» күндер болар ма? деп аһ ұрғандай. Қалайда автордың Тұрлығұлға деген позициясы бірбеткей емес. Оның Ғайшаны зорлап алмақ болғанын қатал, дұрыс сынаған автор Тұрлығұлды үнемі қаралай бермейді. Оның Ғайшаға үйленбек болып, қалың бергені сәтсіз болса да, екінші рет қалың беріп бір жас әйелге үйленуі сәтті болғаны айтылады. «Мағлұмыңыз Тұрлығұл деген ақсақал, малды халалдан жинаған кісі еді, ақырында малының игілігін көрді... Тұрлығұлдың бұл қатыны өзінің хайла өнерімен байға бек жағымды хәм сүйкімді болды. Келе үйге ие болып, малға бас-көз бола бастады»⁴⁷⁸, – дейді Көбеев.

«Малқұмар, көңілі бек соқыр» Итбай пидиядан, ысқаттан, жа-назадан келген түсімге көңілі толмай, баюдың төте жолын іздейді.

⁴⁷⁶ Көбеев С. Қалың мал. – Қазан, 1913. 60-б.

⁴⁷⁷ Сонда, 74-б.

⁴⁷⁸ Сонда, 80-82-бб.

Ғайшаны бай жерге беріп, көп қалың алсам деп армандайды. Қызын Тұрлығұл байға айттыра келген Әбіш алдында құрақ ұшады, ішінен қуанады. «Бір баланы Тұрлығұлға бермеймін демеймін», – дейді. Итбай арам ойын орындау үстінде бетінен қайтпайтын қара жүрек адуын адам болып бейнеленеді. Ол Тұрлығұл байдан көрген сый-құрметін айтып мақтанады. Ғайшаның Қожашпен кеткелі жатқанын көріп, бұлқан-талқан болған Итбай қызының «білегінен ұстап, желкеге екі түйіп, үйге әкеліп енгізеді де, есікті сыртынан тас қылып байлап»⁴⁷⁹, қолына бақан алып, аттан салып ауылды әбігер етеді. Қызы Қожашпенен кетіп, Тұрлығұлдандан алғанымды қайта қусам ба деп шошынады. «Сонша мал берген, сонша дүние берген» Тұрлығұлды кемсітесің, «кім он екі бие сауып отыр», осының бәрі Тұрлығұлдың арқасы емес пе? – деп әйелімен егеседі. Сайып келгенде, автор Итбайды, қара пейіл, қатал адам бейнесінде көрсетеді.

Қожаш пен Ғайша бір-біріне ұқсас тілегі бір жастар. Ғайша бас бостандығы үшін көрсеткен табанды ісімен көрінбек. Ол жолын тосқан Итбай, Тұрлығұл тағы басқалардың азабынан құтылып, өжеттік еткен, дұшпандары тұзағында қалмаған қыз болып бейнеленбек. Ғайша мен Қожаштың бір-біріне деген сұхбатын асыра айтып леп бере баяндаған Көбеев: «Мың адам қылыш найзасын сартылдатып, бұларды жатқан жерінде шаппаққа келіп тұрса да, бұл ғашықтар көңілдеріне неш бір хауып алмас еді, егер бұларды кескілесе, қатты денесінің ауырғанын да сезбес еді»⁴⁸⁰, – дейді.

Ғайша:

Ғайшаның теңі қайда, елі қайда?
 Бұрынғы уайымсыз күні қайда?
 Қалқамды сүйгеніне берем дейтін
 Атаның рақымды сөзі қайда? –

деп бас бостандығын аңсайды. Оның ойы орындалуына себеп болған: мен сені тосқауылдан «құтқарамын... Тұрлығұлдай бай емеспін, қара басыма ырза болсаң» деген Қожаш болады.

Автор Қожашты мадақтап көрсетпек болса да, оның жоққа сеніп жорамал жасайтын қарапайымдылығы бар. Келе жатып, жайын бүркіттің түлкіге түскенін көрген ол: «Түлкі – Ғайша, бүркіт – Тұрлығұл» дейді. Түн ішінде Ғайшаны алып қашпақ қарбалас үстінде қыздың ағасы Серғазыға ақша тыққыштап, 25 сом ұсынуы дәл осы орайда оған жараса ма? Серғазының «Алтын көрсе періште жолдан

⁴⁷⁹ Көбеев С. Қалың мал. – Қазан, 1913. 66-б.

⁴⁸⁰ Сонда, 28-б.

таяр» деп, Қожаш берген азын-аулақ ақшаны оп-оңай алуы қалай? Ол әлде Қожаштан сый дәметкен бе? Итбайдың қолына түскелі тұрған сағатта жасалған нендей алыс-беріс? – қалай да бұл эпизод шығарманың реалистік құнын асырып, Қожаштың да, Серғазының да ажарын келістіріп тұрған жоқ.

Қожаш пен Ғайшаның арманы орындалып, мал өсірген ауқатты шаруа болғанына қатты ырза болған Көбеев шығарманың эпилогында: «Қандай бақытты адамдар еді, бұл үйде тұрған? Шекелері торсықтай-торсықтай балалар анау, малдары қалай ажарлы еді! Көп ойланбаңыз, бұл үй Қожаштың отауы... Ғайша үйде шай қайнатып жүр. Үй айналасында жүрген жеті-сегіз жылқы, бес қанатты үй, ірілі-уакты он шақты сиыр – барлығы табан ақы, маңдай терімен тапқан малдар, Қожаш, рахмет жігіттігіңе, хайырлы болсын»⁴⁸¹, – дейді.

Ескертілген үлгілерден қазақ прозасының бір кезде недәуір сатыға көтерілгені байқалады. Олардан заман шындығы, адамдарының кейпі, ісі көрінеді, ерлікке, өнерге, бостандыққа үгіттегендік аңғарылады. Патшалық орнатқан қоғамның көптеген айыбы ашылады, бұқараны булықтырып ұстамақ болған озбырлар ісі әшкереленеді.

Драма жанры қазақ әдебиетінде кеш дамыды. 1910 жылдардан былай арнайы диалогқа құрылған шығармалар жазыла бастайды. Олардың ішінде «Үйшік-үйшік», «Байғұстар», «Жұмбақ әңгіме», «Екі қыздың мұңы», «Бақсы», «Малдыбай», «Тілмәш», «Манап», «Надандық құрбаны» бар. Бұлар қалай да драмалық сипат алған шығармалар. Оларда өмірдің құбылысы драма үлгісінде бейнеленеді. Адамдардың жайын өз сөздерінен таласынан аңғарту ісіне көңіл қойылады. Талас, тартысқа сай персонаждар ісін, мінезін драма жанрында көрсету әдебиеттік өнер саласының бірі болып танылады.

Драмалық көне үлгілерінің кейбірінде адамдар орнына «Б, Қ, С» сөз таластырып жатады. Мысалы: «Б: – Ей, жігіттер! Бүгін мен бек қуанып отырмын, біздің халық баяғыдан бері қор болып, айналасында не болып жатқанын көрмей тұрып, өсіп, өніп келе жатқан қараңғы үйдің көп терезелерінің біреуінің ашылғанын естіп. Қ: сен жерден жеті қоян тапқан кісіше жүрегің елпілдеп айтып отырсың «қараңғы үй һәш үйдің терезесі ашылды» деп мен не екенін түсіне алмай отырмын.

С: Бақастанмай тікелей айтшы, айтатын болсаң, бүкіл қазақ халқы сыйып жүрген не қылған қараңғы үй? Не қылған терезе, сені мұнша қуантқандай?».

⁴⁸¹ Көбеев С. Қалың мал. – Қазан, 1913. 82-83-бб.

Бұл диалог, әрине, жар-жармен айтыста кездесетін диалог емес. Онда бірнеше адамдар сөз таластырады, шығарманың драма түрінде жазылғандығы байқалады. Өмірді баяндау арқылы ғана көрсетпей, адамдар сөз таластыруды айтыстардағы диалог шеңберінен асып, басқа үлгіге меңзеу бар. Бұрын диалогқа құрылған шығармаға қажетті мән берілмей келсе, енді ондай шығармалардың құны арта түседі. Әдебиет өрісі кеңейе түсіп, драмалық элементтер шоғырлана бастайды, драма жанрының даму процесі басталады.

Драмалық үзінді ретінде жазылған «Екі қыздың мұны» атты шығармада еркіндік іздеген қазақ қыздары сөз болмақ. Ұлбосын: «Малға сатылып мен отырмын, алпысқа келген шалға баруға сен отырсың», – дейді. Нұрилла: «Шаһарларда қыздар бұрынғыдай шапан бүркеніп, ат үркітіп жүруді қойып келеді, өнерлі жұрттың әйелдері біздердей қорлықта емес, әйелдерден патша болғандар да бар» деп тең құқықты болуға үгіттейді. Ол әділетсіз өмір сүйегін жасытып, зәрезап болған Ұлбосынды өрлендіріп, жігерін оятпақ. Әйелдердің «көз жастары тыйылар, халық қатарына қосылар, сүйген жарымен ғұмыр бойы рахат жасар, бастарынан қара тұман серпілер... мұның бәрі бір болар, болар Ұлбосын»⁴⁸², – дейді.

«Үйшік-үйшікте» (1910) персонаждарға арналған диалог та, монолог та бар. Сырым: «жасың отызда, әлі әйелсізсің қайран мал-ай, қайтейін сені, малсыз күн өкінішті, байдың парлап ат жегіп, ауылдан ауылға қонақтап шалқып жүргені анау. Ол мені Құтпаны құрлы көрмейді», – деп бай есігінде өткізген өміріне қынжылады. Бай мен жалшы арасында татулықтың жоқ екенін өз тәжірибесінен түсінгендей болады.

«Байғұстарда» (1910) жесір әйелден үміттеніп, топырлап, бірінің үстіне бірі келіп, өрескелдік көрсеткендердің күлкі ісі баяндалмақ. Сұлушаш абысыны Жамалмен мұңдасады. Жамал: «өлгенді ойлап бос қажыма, шамаң келгенше өзінді таза ұста, жас жаныңды жасытпа, ерге барсаң, өзіннен кішіге тиме, төсегінді көргенше төбесінен көтерер, төсегінді көрген соң, төбеңе шығар қадірінді білетін теңеңе бар»⁴⁸³, дейді. Сұлушаш абысынының бұл сөздерін есепке салады да, «ананы, мынаны қыламын деуге болып тұр ма? мынау өмір күйзелтпей қояр дейсің бе» деп қамығады.

Сұлушашты өзіне сырттай ұйғарғандардың бірі шал, бірі байлығына мастанған әйелі бар егде адам, енді бірі Сұлушаш жесір

⁴⁸² Азаматұлы. Екі қыздың мұны // Айқап. 1911. № 12. 17-б.

⁴⁸³ Меңдіқұлов Н. Байғұстар. Қазақ ССР Ғылым академиясының архивы, п. 951. 158-б.

әйел болғандықтан, менің меселімді қайтармас деп сенген біреу. Олар Сұлушашпен сөз байласпай, оны сырттай иемденіп, өздерінен өздері маскара болып жүргендер болып сипатталады.

«Бақсыда» (1911) надандыққа төзбеген, әйелдер еркіндігін жақтаған, өздерінше өнер-білімге үндегендерді көресіз. Көр-жерге сеніп ескі ұғымның шырмауында қалғандардың надандығы паш етілмек. Өмірдің ірік-шірігінен арылмағандығымен таңдандырған бір ортаның түрлі түсінігі сөз болғандай.

Мұндай ортаның адамдары жын-сайтанға да сенеді. Олар керек десе теріс ұғымына қарсы келгендермен өштесе түседі. Өмір құбылысын парасатқа салып байымдау оларға жат, өйткені олар табиғаттан тыс ғажап іс иесі бар деп те түсінеді. Күйкі ойды місе етіп күнелткен, мәдениеттен шала бұлар баяғының надандығын қоздыртуға да әуес.

Бұл шығармадан надан ортада өсіп, ойы, сезімі мұқалған жандардың жоққа сеніп, азап шеккенін көреміз. Олар бақсы, тәуіп, әзілі келіспей жүрген ерлі-зайыпты адамдарды жарастырады, ауруды емдей біледі, көзге тотияйын құйып емдей біледі, ғайыпты болжайды деп те түсінеді. Бақсының пасықтығын, басқаның әйеліне көз сүзген зинашылдығын, адамдарды емдеймін деп ажалынан бұрын өлтіріп, үшкіріп алдаумен пайда тапқан сұркия екенін, қашан көргенше олар сенбей қояды.

«Малдыбай», «Манап», «Тілмаш», «Надандық құрбаны» уақиғасына қатысушылар саны көбейе түседі. Бұлардан драма жанрын меңгерудің бір сатысын көресіз. «Малдыбай» пьесасына жиырмадай адам қатысады. Бірақ олардың барлығы іс-әрекетімен көрінбейді. Персонаждар тобын көбейту үшін жүргендері де бар. Шығарма алдымен ескі өмір уәкілі Малдыбайдың топастығын, дүниеқор, сарандығын көрсетуге арналады. Ол байлығын асырып, атақ, мансап іздеген азулы бай ретінде сипатталмайды, «малдының беті жарық, малсыздың беті көн жарық» деген ұғым оның көкейін теседі, ескі-кұсқы, көр-жерді де пайдасына асырып, байи түспек, әйелін қайдағы бір ұсақ жұмыспен бас тырмалатып, тесік өкпе етіп, қызына қыруар қалың алып та байымақ.

Өзіне де, өзгеге де пайдасыз дүниеқор адам бейнесін Н.В.Гоголь әшкерелеген еді. Малдыбай – бір жөннен Гогольдің «Өлі жандарында» жайы баяндалған Плюшкин сияқты ұсқынсыздың бірі. Әрине, бұлардың өз өзгешеліктері бар. Әйткенмен оларға ортақ бір нәрсе екеуі де уақшылдығы, сарандығы, топастығымен айрықша көзге

түседі. Олар не болса соны жинағыштап, мүліктенбек. Плюшкин тозған ұлтан, қатын-қалаштан қалған ескі-құсқы шүберек, офицерден қалған шпораны да дүние көріп жинайды. Чичиков оның киімін, түрін байқап қайыршы ма деп қалады.

Малдыбай да кимей, ішпей тырнақтап дүние құраған сасық бай ретінде көрінеді. Ол көр-жерге құмар, өнімсізден өнім іздеп әуреленеді, әйелдің тозған көйлегін, жыртылған ескі кебісті, не тозған жіп тұсауды да мүлік көріп, кәдесіне асырмақ, ол байлықтың бір көзі сараңдық деп те біледі. Қырдың осындай бір ұсқынсыз байын сөз еткен Молда Ақыт бин Ұлымжыұлы:

Тоқтысы өлсе жылайды,
Кісіден қайыр сұрайды.
Қиянатсыз жан бар ма?
Қырдың надан байындай⁴⁸⁴, –

дейді.

Малдыбай әйеліне тынымсыз – «Құдайдан қорқу керек, ана көйлектің алды тозыңқырап келгенде алдын артына қаратсаң, бір көйлек болып шықпай ма? Жаулықтың әуелі бір шетін, содан кейін кірленген екінші жағын аударып тартуға болмай ма? Оны жуа берудің өзі обал, кейбір қатындар топардай қолдарымен уқалап, бір күшін салып, бұрап, сығып жатқанда жаның қасым болады. Жаңа кебісті қонақ келгенде, не сый жерге барғанда ғана киген жөн, тозған кебісті жамап, жіппен шандып, су бүркіп сірісіп түзетсе, бірталай киюге жарайды»⁴⁸⁵. «Тұсаудың ұшы тарқатылып кеткенін көрмейсің. Рас, бұл жіп тұсауды жеті жыл ұстады. Бірақ тарқатылғанын есіп, ұшын түйіп қойсаң, тұсау он жылға кетеді» деп әйелін жатып сөгеді. Үй тауқыметін көтере-көтере, көк өкпе болған Айғаным Малдыбайдың түрлі ісінен безінгендей. «Бүткіл үйдің міндеті менің мойнымда, ас пісіретін, шай қоятын, мал сауып, сүт пісіретін, тезек теріп, кір жуатын мен. Шаруаң құрысын, дүние керек болғанда адам керек емес пе? Бейнеттен басқа берері жоқ малды кім үшін жинайсын»⁴⁸⁶ деп налиды.

Малдыбайдың ісін қостамайтындардың бірі – Жібек. Ол сыр мінез болған әкесінің надандығын көріп, қынжылады. «Оның малдан басқамен ісі жоқ, қуанышы, қайғысы, ойлағаны мал. Ал малды кісі орнына, кісіні мал орнына жұмсайды» – дейді. Малдыбайдың қалың алып, Сәлімнен айырмақ арам ниетін білген Жібек әкесінен түңіліп, өз бетімен теңін таппақ.

⁴⁸⁴ Молда Ақыт Ұлымжыұлы. Әбият Ғақлия. – Қазан, 1909. 10-б.

⁴⁸⁵ Меңдіханұлы И. Малдыбай. Қазақ ССР ҒА архивы, п. 951. 50-б.

⁴⁸⁶ Сонда, 55-б.

Басына қиыншылық түскен қыз аузына мына сөздер түседі:

Шалқыған туған айдай өміріме,
Сұм бақыт аямастан қайғы жапты.
Жаз шыққан жайнап жүзге мен бәйшешек
Басымды қырау соғып қаза тапты⁴⁸⁷.

Жібектің өз теңі Сәліммен кеткені, Малдыбайдың ойы орындалмай масқара болғаны айтылады. Шығармадан тағы бір көрінетін адам – Қалқаш. Ол ұйқыдан бас көтермейтін бос жүру табиғи қалпына айналған жалқау. Оның үй-іші жүдеу, өйткені бар бас көтерер Қалқаш кәсіпсіз өмірге мүлде салынған. Ол әйелі, шешесі, баласы қамын ойламайды. Қалқаштың шешесі: «Ай, қасқа балам-ай, қасқа бала! Бұл ұйқыға тоярың да жоқ, күндіз де ұйқы, түнде де ұйқы, не деген ұйқы» деп налиды. Өміріне өкінген Қалқаштың әйелі: «О... шіркін-ай, қорылда, пірім, қорылда, әйелдің пірі ер дейді ғой... Құдай-ай ішейін десең тамақ жоқ, киейін десең киім жоқ»⁴⁸⁸, – дейді. Қалқаш қоғамның Малдыбайдан да сорақы бір жаны есебінде бейнеленеді. Малдыбай қалай да шаруасын ұқыптап, бірдеңе-бірдеңе іздейді, істейді, ал Қалқаштың ештеңеге зауқы соқпайды, ол ең болмаса тамағын асырай алмаған, жұмыстан қашқан, нағыз жатып ішер жалқау ретінде көрінеді.

«Тілмаш» пьесасында көрсетілген адамдардың бір тобы әлдеқандай жаңа өмірден үміттенгендер болса, екінші тобы өмірдің керексіз жағынан қол үзбегендер. Анар, Жандарбек, Төрехан тілмаш бір жақ, Арыстанбай, Мариям, Ахметбек бірыңғай.

Анар Мариямды құтты орнына тезірек қондырмақ. Ол қызының оқуға ынталанғандығына ырза емес. «Қыз басыңнан законшы болайын деп пе едің, жоқ поп болайын деп жүрсің бе. Төрехан кімнен кем, соған бар, өзі тілмаш, өзі бай»⁴⁸⁹ дейді.

Орысша білгендігін сатып, параға құныққан Төрехан, Жандарбек өздерін патшаның оң көзі деп те есептейді. Ым-жымы бір бұлар арыз қуғандардан артық ақша алып, қалтасын қалыңдатады. Жандарбек қарапайым адамдарға ұлықтық көрсетуді мәртебе көреді. Қорқытсаң ғана олар қадіріңді біледі деп түсінеді. Қастасқанның үстінен арыз жазып, айдатудан тайынбайтындығын да мақтаныш етеді.

Төрехан, Жандарбек сияқтыларға пара тасып жалбақтайтындардың бірі – Нығыметжан. Ол тілмаштарды жылы сөзімен жібітпек

⁴⁸⁷ Меңдіханұлы И. Малдыбай. Қазақ ССР ҒА архивы, п. 951. 67-б.

⁴⁸⁸ Сонда, 64-б.

⁴⁸⁹ Тілмаш. Қазақ ССР ҒА архивы, п. 951. 124-б.

болып, оларды «төре» дейді. Даулы істерді пара беріп тындыруды кәсіп етеді. «Законшы» атанғанын мадақ көреді. «Тілмаштарға айтқан бір сөзінде: юк, юк, бізге іш аяқшы бірсе болғаны, құдайға мың шүкірлік. Сіздердей ағайын төрелер арқасында Нығыметжан законшы атандық. Сол һәм бізге нағмет, хатқа дәулет»⁴⁹⁰, – дейді.

Мариям, Ахметбек надандыққа төзіп, ішкен-жегенді ғана місе ету шеңберінде қалмақ емес. Мариям: «кімді көгерткелі жүрміз, жалғыз жеп-ішу ме? Үлкендер айтқанның дұрыс-бұрысын түгел құптамақпыз ба? Әркімнің қара басының билігі өзінде. Өзім етсем, не өкінішім бар»⁴⁹¹, – дейді. Ол Төрехан, Жандарбек ісінен түңіліп, жақсы өмірдің саңылауын таппақ. Кімде кім арманы, ойы, тілегіне сай ғамал етсе, сөзді зорлап өткізу қалса, қоғамнан қалауына қарай әркім орын алса деп қиялдайды. Ахметбек пен Мариямның ақылшысы Арыстанбай: «Мен сендерге айтқанымды орында деп қыстамаймын. Әркім өз ақылымен ойлап, өз көңілімен жаратып, өз қолымен істеуі керек»⁴⁹², – дейді.

Арыстанбай өзгенің өзінше ойлап үйренуіне көмектеспек. Ол орысша оқып тілмаш атанғандардан «мынау жақсы дерлік бір адам да шыққан жоқ. Олар жұрт пайдасын ойламай тек өз құлқынын іздейді. Ана тілінде оқытып жас буынды тіршіліктің тура жолына салу керек, жаман, жақсы сонда ажыратылады. Жұрттың маңызы сонда бетіне шығады»⁴⁹³, – дейді.

Көп күші булықпай сыртқа шықса, саналылар көбейсе, әркім өз қалауына қарап әрекет жасарлық жағдай туса екен деген сияқты ойын айтады.

Шығарманың уақиғасы Мариям және оны жақтаушылар жеңісімен аяқталады. Мариям Төрехан тілмаштың торына түспейді. Оның Арыстанбаймен кеткенін естіп, бүлінген Төрехан: «Қызы Арыстанбаймен кетеді, әке-шешесі білмегенсиді, заман өзгерсе сендейлерге өзгеріп жүр. Бұл қорлағанды жүз есе қып қайтармасам»⁴⁹⁴, – деп бос даурығатын болады.

«Манап» заманына қарай тарихи маңызы, әдебиеттік орны бар шығарма. Шығарманың негізі, теңдік іздеп қорлыққа, әділетсіздікке көнбеген, қарапайым ортадан шыққан Гүлбаһрамның қайғылы тағдырына арналады.

⁴⁹⁰ Тілмаш. Қазақ ССР ҒА архивы, п. 951. 131-б.

⁴⁹¹ Сонда.

⁴⁹² Сонда, 128-б.

⁴⁹³ Сонда, 128-б.

⁴⁹⁴ Сонда, 133-б.

«Манапты» жазғандардың бірі Мұхаметғали шығармада қазақ әйелінің құлдықта қор болып жүргенін, қазақ қызының надан ата қолында ойыншық болғанын, адамның гүлі болған әйелдерді мал орнына сатқандығын көрсетеді. «Манап» болған уақиғадан алынып жазылды. Бұл уақиғаның шын қаһарманы осы күнде тірі. Текес өзенінің бойындағы көшпелі ел бұл істі әлі ұмытқан жоқ», – дейді.

Пьесада Гүлбаһрам, Атамқұл, Ұсақ, жас қыздан үміттеніп өзеуреген шал Әлімбек бай, дүниеқор молда, паракор тілмаш, «аһ, егер де біз начальник болсақ, байлардың керегін берер едік, үстімізге қадірлі шекпен киер едік»⁴⁹⁵, – деп қиялдаған Ахмет: «жұмыстан оттан қашқандай қашу қалып, жер жыртсақ, егін шапсақ, қала салып отырсақ жақсы болар еді», – деп армандаған палуан жайы сөз болады.

Пьесадағы персонаждың бірі Ұзақ – қиянатшыл, қияңқы. Ол малды дұрыс бақпадың деп қойшыны бауыздайды, айтқаныма көнбедің деп жазықсыз жас қызды» ағып жатқан суға атады. Қалың малға қызығып, шал байға жалғыз қызы Гүлбаһрамды зорлап бермек болады. Ол туралы: «Өз өмірінде қылған осалдығының шегі жоқ: ұрлық қылған, жұртты талаған, сөйтіп надан көшпелі халық ішінде батыр атанған», – делінеді. Зұлымдыққа құныққан Ұзақ: «Билер менің алдымда қалтырап тұрады, тыңдамаған кісіні менің аяғыма жығады. Мен тілесем, біреуді абақтыға салады», – деп мастанады. Гүлбаһрамды Ұзақтың тұзағынан қалай құтқарудың лажын таппай қамыққан ана: «Көзімді көп жудым, бірақ сумен емес, ыстық көз жасымен жудым. Әкең сені малға сатпақ, айтқанына көнбесең, өлтіреді, сен үшін жан тәніммен қайғырам, бақытты болса екен деп тілеймін», – деп зар илейді.

Қауіп-қатердің қандайын болса да қарсы алмақ Гүлбаһрам әйелдер басына қара тұман орнатқандар ісіне көнбейді, өз анасы өмірін, қазақ қыздарының теңсіздікте өткізген күндеріне налиды.

Келеді қатты дауыс құлағыма,
Білмеймін жел далада зулады ма?
Тоғайда яки тауда мекен еткен
Жолбарыс жаралы боп жылады ма?

Далада жел үрлейді дауыл емес,
Жаралы жолбарыстың даусы емес,

⁴⁹⁵ *Есенгелдин М. Манап // Айқап. 1914. № 18. 66-б.*

Мұңайып мұңын айтып жылап

Отырған қазақ қызы теңдік тимес⁴⁹⁶, –

дейді. Гүлбаһрамды Атамқұлдан айырып, көп қалың алып, зорлап Әлімбек байға бермек болған Ұзақтың қанішерлігіне және бас теңдігі үшін, ар-намысы үшін жазықсыз қаза тапқан жас қызға мынау сцена арналады: «Ұзақ: – Қызым, ақырғы сөзімді айтып өтінемін. Атамқұлдан үміт үз. Әлімбекке бар, болмаса мен сені қарғаймын. Гүлбаһрам: – Әке, өзің ойлап қара, мен күйеудемін, Әлімбек жасарын жасаған, енді ол көрдің жағасына келіп тұр ғой. Ұзақ: – Атамқұл көрдің ішінде жатыр ғой. Гүлбаһрам: – Жоқ, ол тірі, мен сол Атамқұлға кетемін. Ұзақ: – Кетпейсің! Мен сені өлтіремін (қынынан пышағын алып қызын өлтіреді, анасы жүгіріп келеді). Ана: – Қой, қызымның сүйегінің қасында мен де жатайын. Онымен бірге қабірге кірейін. Жалғыз-ақ, жасаған ие, тілейтұғыным, бұдан былай сорлы қыз, әйелдердің жазымы біздің жазықсыз қанымызбен жуылсын (пышағын салып өзін-өзі өлтіреді)»⁴⁹⁷.

«Надандық құрбаны» авторы қазақ арасында надандықтан болатын істер бар, адам ауырса, оны жуан сақал молдаға емдетеді, дәрігерлердің орнына қайдағы бір бақсыны шақырады. Олар талайларды ажалынан бұрын өлтіреді. Араздасқандар жала жабысып жүргені: «шал екең алмайды, мал екең алады» деп әйел үстіне әйел алатын да аз ба! «Міне, осындай қырда болып жатқан көп надандардың бірер жарымын, қолдан келгенше ойын кітабы етіп жазып, қазақ арысына ұсындым»⁴⁹⁸, – дейді.

Шығармада шынында да надандық батпағына батқандарды көресіз. Бұлар ғылым, білімнен хабарсыз жүрген көзсіздер. Олар көне өмірдің тозған көнін қастерлегендер болып сипатталады. Пара беріп, мансапқа жету, жаламен адам соттату сияқты істерді әдетіне айналдырған надан болыс Байжанды, бірде неке оқып, бірде үшкіріп, бірде «пайғамбар ғалейһүссәлемнің сілегейі» шипа болады деп, жұртты алдап жан жалаңдаған Сүлеймен молданы, «албасты басты» деп жүкті әйелді қинап өлтірген Бурақан бақсыны, қызын Байжан болысқа бермей, өзінше әкелік міндетін атқарған Токсанбайды көресіз.

Болыс Байжан надандығына көре, Сүлейменнің: «Мен тақсыр дәрігермін. Мәдине, Мекке жақтан келгеніме екі жыл болды. Қазір

⁴⁹⁶ *Есенгелдин М. Манап // Айқап. 1914. №14. 233-б.*

⁴⁹⁷ Сонда, 295-б.

⁴⁹⁸ *Төгісев Көлбай. Надандық құрбаны. – Уфа, 1915. 9-б.*

неше түрлі даруларым бар. Міне, бұл пайғамбар ғаләйһүссәлемнің сілегейі» деп момпаси бергеніне және тамыр да ұстаймын, молдалық та қылам, үшкіріп те жазам»⁴⁹⁹, – деген сөздеріне сенеді. Шешекпен ауырған баланы үшкіріп емдеген ақысына Сүлеймен қара қой алады. Неке қиса: «берген қой арық болмасын, арық қойды шариғат көтермейді», – дейді. – Міне, пьесадан көбінесе көретініңіз осындай бір ұсқынсыз жандар.

Шолып өткен драма үлгілерінің заманында жұрт алдына түсіп, әдебиеттік кәдеге асқандығы байқалады. Бұлар өткен өмірден мағлұмат беретін тарихи мәні бар шығармалар. Олардың тақырыбын, уақиғасын кімді мақтап, кімді сынағанын, өмірді қалай топшылағанын, адамдарды қалай көрсеткендігін, заман ыңғайын барлап, нені көксегендігін еске алсақ, бір ортақ сарын: бай, болыс, ұлықтардың озбырлығын көрсету, әйелдер теңдігін жырлау, надандықты сынау, ғылым-білім, өнерге үгіттеу, паракорларды жалақорларды аластау.

⁴⁹⁹ *Төгісев Көлбай*. Надандық құрбаны. – Уфа, 1915. 9-б.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ МЕН ОРЫС ӘДЕБИЕТІНІҢ БАЙЛАНЫСЫ

Орыс халқы мен түркі тектес халықтардың, оның ішінде қазақтардың, татарлардың, өзбектердің, қырғыздардың арасында болған түрлі қарым-қатынас жүздеген-жүздеген жылдар бұрын басталған. Түркі тектес халықтардан шыққан Әл-Фараби, Низами, Науаи, Ұлықбек, тағы басқа да ұлы адамдар болған. Самарқанд, Ташкент, Бұхар, Москвадан әлдеқайда көне қалалар – Отырар, Қазан, Тараз, Әулиеата сияқты қалалар кезінде мәдениет орнаған орындар. Түркі тектес халықтар мен орыс халқы бір-біріне алма-кезек бағынған, бір-біріне үлгі, өнеге ауысқан. Әріден келе жатқан мәдениеттік, шаруашылық, саясаттық байланыс сонау алғаш басталған кезінен үзілмей дамып келеді.

1729 жылғы «Ақтабан шұбырынды» қазақтарды әлсіретіп кетеді, бейбіт ел сүргінге ұшырайды. Мекенін тастап, жан-жаққа ауып кеткендер көп заман есін жия алмай қалады.

Қара таудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.
Ағайыннан айрылған жаман екен,
Қара көзден мөлтілдеп жас келеді, –

деген жолдар сол бір күйзеліс дүрбелең кездің күәсі.

Халықтың қамын ойламаған, патша қолтығына тығылып, жан сақтауды мәртебе көрген, елмен есептеспеген хандар, сұлтандар, төрелер бас көтереді. Өз ішінен шыққан жуандардан азап шеккен халық енді патша тепкісіне қоса түседі. Қазақтардың өз ішінен үкіметке қолайлы қызметкерлер дайындау ісі қолға алынады. Интернаттар ашылады. Баламыз орысша оқып, тілмаш, адвокат болса екен, орыс ұлықтары қатарында жүрсе екен дейтіндер көріне бастайды. Бұлармен қатар орысша оқыған бала миссионерлер уысына түсіп, діннен шығып, елді жатсынып кетеді деп шошынғандар да болған. Орысша оқығандардан саналы азаматтар шығар деп үгіттегендер де бар еді. Балғожа би: «Құрық сүйреткендердің бірі болып жүре берсең, балам не тындырар едің?» – деп Ыбырайды орысша оқытса, білім ал десе, Абай:

Баламды медресеге біл деп бердім,
Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім, – деген.

Патша қол астындағы ұлттар өсіп, не өшіп келе ме? Олардың өркендеуіне жазмыштың өзі бөгет пе? Болмаса, бір жайсыз жағдай мешеулікке ұшыратуда ма? Сол жағдай жойылса, әлеуметтік-экономикалық, саясаттық қысымға алу тыйылса, ел ғылым-білімге жұмылса, жұрт еңсесі көтерілер еді деген сияқты сұрақтар туады. Осы сұрақтарға мән берген Н.М.Ядринцев: «Егер бұл елдердің өсуіне мүмкіндік туса, олар өз қабілеттілігін танытса, онда оларды күлліге қажет күнкөрістің ең жоғарғы игілігінен жырып тастауға болмайды»⁵⁰⁰, – дейді.

Бодан болған елді жасытып, жаншып, үркітіп ұстаған патша мен ханға қарсы шыққан Махамбет сияқты қазақ елдерінің ғибратты ісі – патшаның қалаулысы атанып, шен-шекпен, мансапқа салынғандардан безінудің бір айғағы еді. Патша халыққа адал азаматтарды тілегіне жеткізбей жазаға, қазаға ұшыратқан. Халықтың бас көтерерін сүргінге салатын, тек елін сатқан азғындарды көтермелеген.

Біртұтас күрделі мәдениет жасау үшін түрлі халықтардың мәдениетін, әдебиетін, тілін жою еш пайда таптырмас, әр халықтың берері бар, өзіне тән өнері, үні бар. Халықтарды адам баласы игілігіне қосар үлестен шет қалдырмау ісіне жол ашу жөн деген сияқты ойға мезгеушілер аз еді. Ұлттар өркендеуін ойлаған, қазақтардың келешегінен үміттенген оқымыстылардың, жазушылардың түсінігі бір өреде емес-тін. Бұлардың кейі дұрыс ниет білдірсе, кейі күмілжіп, мүсіркеп сөйлейтін. Ағынан жарылып, қазақтар өз алдына тәуелді ел болса екен деп тілейтіндер қанша еді? Олар көбінесе, қазақтар бағыныштылар деуден аспайтын. Алайда олардың ішінде қазақ халқына жан тартқандар да бар еді.

Қазақ әдебиеті өзінің даму процесінде тек ұлттық шеңберде қалып қоймаған. Батыс, Шығыс әдебиетінен үйрене өсті. Фирдоуси, Низами, Фзули, Науаи поэзиясымен қатар Пушкин, Лермонтов, Гете, Крылов поэзиясынан нәр алды. Қазақ әдебиетінің түрлі нұсқаларын орыс оқушылары өз тілінде оқи бастайды. Қазақ оқығандары мен орыс оқығандары арасында болған қарым-қатынас, достық – бұл екі елдің бір-бірін тереңірек, дұрысырақ түсінуіне демейді. Шоканның Потанин, Достоевский, Дуров, Ядринцев тағы көптеген орыс оқығандарымен ақылдас болуының, Алтынсариннің сандаған орыс ниеттестері болуының, Абайдың Михаэлис, Долгополовпен қарым-қатынас жасауының қазақ халқының мәдениеті, әдебиеті үшін айрықша мәні болды.

⁵⁰⁰ Ядринцев Н.М. Сибирские инородцы. – С.-Петербург, 1891. 5-б.

Шортанбай, Орынбай, Шөже, Ноғайбай, Шоқан, Алтынсарин, Абай туралы орыс тілінде «Әшшарикат. Восточный сборник в честь А.Н. Веселовского» деген кітапта қазақ халқы өмірінің түрлі құбылыстарын ақындықпен терең көрсеткен ұлы ақын Абайдың – «Желсіз түнде жарық ай», «Адамның кейбір кездері», «Жазды күн шілде болғанда», «Өлсем орным қара жер сыз болмай ма?» атты шығармалары орыс тілінде жарияланды. Бұл кітапта Абайдан басқа да қазақ ақындары туралы мағлұматтар берілген. Абайдың 1880 жылдары жер ауып келген орыс оқығандарымен жақсы қатынаста болғаны, орыс ақындары шығармаларын оқығаны, заманының адал жаршысы болған, шындыққа, адамшылыққа, ақылға толы өлендер жазғаны айтылады.

Халықтың өз ішінен шыққан ақын-жазушылармен қатар, орыс жазушыларының да қазақтардың жайын орыс оқырмандарына айта жүруді өздеріне жүктегендері болған. Бұлар қазақтар туралы повестер, очерктер, түрлі ғылыми зерттеулер жазды, қазақ халқының әдеби нұсқаларын жинау, баспа бетінде жариялау жұмысымен де шұғылданды.

Қазақ әдебиеті нұсқаларын жариялағандар, орыс тіліне аударғандар ішінде В.В.Радлов, Н.Березин, Н.Н.Пантусов, А.Васильев, Г.Потанин т.б. болса, орыс әдебиеті үлгілерімен қазақ қауымын таныстырғандар қатарында Алтынсарин, Абай, М.Бекимов, С.Көбеев, Шәңгерей Бөкеев, Б.Өтетілеуов бар. Бұлар заманына қарай елеулі еңбек сіңірді, қазақ әдебиеті мен орыс әдебиеті арасына дәнекер болды. Қазақ ақындары орыс әдебиетінің зор қасиетін жұртқа танытса, қазақ халқының өнерін, ақындығын жоғары бағалаған орыс әдебиетшілерінің бірі – Радлов қазақ халқының тіл өнері жөнінде тұтас пікір айтады. «Өзге туыстас елдерінен қазақтың ерекшелігі – сөз оралымына шебер, тамаша шешен» деген⁵⁰¹.

В.В.Радлов 1870 жылы шыққан «Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в южной Сибири и Джунгарской степи» деген кітабында қазақ халқының 63-тей әдеби нұсқаларын бастырып шығарды. Олардың ішінде «Ер Тарғын», «Сайын батыр», «Ер Көкше», «Бозжігіт», «Сейпілмәлік», «Дударқыз», «Қарагөз сұлу», «Ақбала», «Шортанбай–Орынбай», «Зарзаман» т.б. бар. 1897 жылы А. В. Васильев жариялаған «Образцы киргизской народной словесности» «Қарашаш қыз», «Алтын айдар», «Томай баласы», «Алтын пышақ», «Қырық құлак», «Түлкі мен тырна» деген сияқты көптеген

⁵⁰¹ Қазақ әдебиетінің тарихы. ҚазССР. 1 кітап. 218-б.

әдеби үлгілерді оқисыз. Оның «Образцы киргизской народной словесности» деген кітабында орыс тіліне аударылған нұсқаның бірі – «Үш жігіттің» қазақшасы:

Бастайын бисмиллә деп бұл кеңесім.
Ей, бала, жәрдем бер деп, бол демесін,
Бұрынғы өткен, кеткен замандағы,
Айтайын үш жігіттің әңгімесін»⁵⁰², –

деп басталса, бұл жолдар былай аударылған:

С молитвою о помощи божьей,
Начинаю преданье отцов.
Как в прошлые времена
Жили-были три молодца⁵⁰³.

Орыс оқушыларын таныстырған Н.Н.Пантусовтың 1909 жылы шыққан «Образцы киргизской литературы: тексты и переводы» деген кітабына кірген көптеген шығармаларының бірі – «Қисса қазақтың сайлау турасындағы қылған істері».

Қазақтың сайлау болды сер құмары,
Жетем деп бір мансапқа ынтызары
Енді сайлау болды деген жылы
Жиылып бас қосады жанның бәрі.
Бай болса өз ақылын шамалайды,
Мансапқа ұмтылады жас пен кәрі
Кім бай болса, ел сені қалайды деп,
Ат ақшасын үлесер жақсылары, –

деген сөздермен басталады. Қазақ әдебиетіне заманында еңбегі сіңгендердің бірі Ә.Диваев 1899 жылы шыққан «О свадебном ритуале киргизской Сыр-даринской области» деген кітабының әдебиеттік мәні зор. Осы фактылардың өзінен-ақ совет дәуіріне шейінгі кезде де қазақ әдебиеті мен орыс әдебиеті арасында ауыс-күйіс әдебиеттік қарым-қатынас болғанын аңғарасыз.

Революциядан бұрынғы кездің өзінде орыс оқушылары өз тілінде Абай, тағы басқа қазақ ақындары шығармаларымен таныса бастаған. 1914 жылы Москвада шыққан «Әшшариатта» Н.Рамазанов Абайдың:

Жау жағадан алғанда,
Жан көрінбес көзіме.
Арғын, Найман жиылса,

⁵⁰² Васильев А.В. Образцы киргизской народной словесности. – Оренбург, 1897. 98-б.

⁵⁰³ Сонда, 98-б.

Таңырқаған сөзіме.
 Қайран сөзім қор болды,
 Тобықтының өзіне⁵⁰⁴, –

деген өлеңін «Когда враги хватают за горло, я не вижу ни одной сочувствующей души. О, бедные мои слова, которыми восхищаются Аргын, Найман и средняя орда! Вы не имеете никакой цены в глазах невежественной толпы Тобыктинцев» – деп тәржімалайды. Мақала жазып та Абайдың ақындығымен орыс қауымын таныстырған Н.Рамазанов Абай өлеңдері көптің ойын оятып, көкейіне қонған, қазақ өмірін көрсететін терең мағыналы өлеңдер екенін, «өлең – сөздің патшасы сөз сарасы, қиыннан қиыстырар ер данасы» деп айтқан Абайдың ұйқас кумай, артық сөзге жол бермей, ақындық өнер көрсететін, оның орыс әдебиетін жоғары бағалағандығын, ел ішіндегі дау-шарды шешуге шебер заманының дана адамы атанғанын айтады. Абайдың заман ауыртпалығын көріп, қамыққаны сөз болады.

Абайдың «Жазды күні шілде болғанда», «Желсіз түнде жарық ай», «Адамның кейбір кездері», «Өлсем орным қара жер сыз болмай ма» деген шығармаларын 1914 жылы орыс тіліне аударғандардың бірі – С.Сабатаев Абай шығармаларынан сөз қалдырмай аударуды құнттаған. Оның аудармасын заманына қарай құнды аударма деуге болады. С.Сабатаев:

Желсіз түнде жарық ай,
 Сәулесі суда дірілдеп,
 Ауылдың жаны терең сай,
 Тасыған өзен күрілдеп.
 Қалың ағаш жапырағы
 Сыбырласып өзді-өзі,
 Құлпырған жасыл жер жүзі⁵⁰⁵, –

деген жолдарды: «Тихая светлая ночь. Отражения месяца дрожат на воде. Около аула глубокий овраг, куда, шумя, извергается разлившаяся река. Листья густого леса шепчутся между собой. Трава затиюла поверхность земли и скрыла песок»⁵⁰⁶, – деп аударды.

Қазақ өлеңдерінің орыс тіліне аударыла бастауының бір үлгісін осы мысалдардан аңғарсақ, орыс әдебиетімен қазақ халқын таныстырған аудармалардың бір үлгісін Абайдан көресіз.

⁵⁰⁴ Құнанбаев Абай (*Ибраһим*). Шығармаларының толық жинағы. – Алматы, 1948. 33-б.

⁵⁰⁵ Сонда, 202-б.

⁵⁰⁶ Әшшариат. 229-б.

Абайдың көптеген аударма еңбектері мәлім. Абай басқа халықтардың ақындары шығармаларын қалай аударарды, олардың өзінің ақындық ісіне қалай пайдаланды, бұл жөнге Абай қандай тәртіп қолданады? Ол тек қана аудармашы ма? Болмаса өзіне хас өзгешелігі бар ма? деген мәселелер қадағалап зерттеп, пікір айтуды керек етеді.

Абай басқа ақындардың сөздерін бұлжытпай аударуға шебер, бірақ, ол аударған шығармаларды сөзбе-сөз тәржімалауды үнемі құнттап отырмайды. Ақынның аудармалары көбінесе еркін аударма, кейде аударма деп жүрген өлеңдерді аударма деп айту да қиын, оның бір өзгешелігі – бір өлеңді тәптіштеп аударып жатудан көрі сол өлеңнің сюжеті, тақырыбы сарындарын ғана пайдалануды көбірек құнттайды. Абай бұл жөнде тек аудармашы ғана емес, ол ақындық өзгешелігіне қарай өзге ақын үлгісінен пайдаланушы. Ақын өзге ақынның шығармаларын аударғанда, көбінесе, өз ақындығына үнемі үйлестіре отырады.

Дәл аудармаға жататын Абай өлеңдерінің бірі – Лермонтовтың «Гетеден» деген өлеңі. Бұл өлең өте көркем және дәл аударылған. Абайдың аударуға шебер ақын екендігін осы өлеңнен айқын байқауға болады. Абай Лермонтовтың бұл өлеңін бұлжытпай қазақшалап өлеңнің ақындық қуатын, маңызын, әсерін әлсіретпей айтып береді. Бірақ Абай осындай бірен-саран өлеңдерінде болмаса, көп өлеңдерінде аудармашы ақынға ұқсамайды. Басқа ақындардың жазғанына көз салып, көңіл қойса, құр ғана аударумен болмай, өзіне керектісін алып, қажет деген жерін толықтырып жазғандықтан, Абай өлеңдерінің көбі аудармадан гөрі төл шығарма секілді болып келеді.

Абайдың бір ұмытпайтын нәрсесі, өзгенің ықпалына ермей басқаның сөзін айтумен болмай, өз ақындық қуатына сүйеніп, өз шамасынша дүние тану, көркемдік сезім байыту ісіне беріліп, тыңнан жол салып ілгері аттауды көксейді. Сондықтан белгілі ақындардың өзіне сын көзімен қарап, өлең жазудың, пікір таратудың тосын жолдарын іздейді.

Мақсұтым – тіл ұстартып, өнер шашпақ,
Наданның көзін қойып көңлін ашпақ,
Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер
Думан-сауық ойда жоқ әуел баста-ақ⁵⁰⁷, –

деп ақыннан не күтетіндігін айтады. Ақындықты думан-сауық ісіне сарп еткендерге қынжылып, өткір тіл, саналы ой іздеген, білімге,

⁵⁰⁷ Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармаларының 2 томдық толық жинағы. – Алматы, 1957. I т. 70-б.

өнерге шақырған, ел қамын ойлаған, күрделі іске ұмтылған қамқор ақын екенін білдіреді.

Абай өлең жазсын, басқа ақындар жазғандарынан пайдалансын, оның құнттаған бір мәселесі – басқаның ауқымынан аса отыруды өзіне зор міндет санайды, өзінің ақындық ісінде өзгешелігі бар ұлы ақын екенін ұмытпайды, өз тарапынан көркем сөз, терең ой айтуға шамасы мол келетін ақын екенін әбден сезетіндігі көрінеді.

Өз халқының ұғымы, түсінігі, сезімімен санасу – Абайдың өте-өте құнттаған мәселесі, тыңнан өлең жазсын, не басқа ақындардың өзі ұнатқан шығармаларын аударсын, қашан да жазғаны өтімді, халық ұғымына жатымды, көпшілікке түсінікті болуын қатты ескеріп, ел санасы ұғымынан қашық кетпеу ісіне көп назар салады. Сондықтан басқа халықтың тілінде жазылған өлеңдерді аударғанда, қазақшалауға қиын ұғымдарды, сөздерді халық ұғымына, қазақ тілі заңына сәйкес келтіре аударуды айрықша ескереді, оның осы жөнінен өте шебер ақын екені аңғарылады. Пушкин, Лермонтов, Крыловтың құр ғана аудармашы емес, солардың ақындық қазынасынан пайдаланушы және ақындық дүниесіне өзі берген үлесінің де мол екендігін көреміз. Аты аталған ақындардың тақырып сюжетінен пайдалана отырып, сол тақырып сюжеттерге керекті сөз, ұғымдарды өз жанынан қоса отырғандықтан, аудармашылық шеңберінен кейде шығып отырады. Абайдың аударма деген еңбектерінің көбі сюжет, тақырып жағынан Пушкин, Лермонтов, Крылов өлеңдеріне ұқсағанымен, басқа жақтарынан ұқсай бермейді.

«Евгений Онегиннің» Абай кей жеріне ғана көз салған, Пушкин романын түгел аудармай, сол романның тек басты кейіпкерлері – Евгений, Татьяна жайында жазған. Бұл кейіпкерлердің тұлғасын түгелдей сақтауды Абай онша құнттамайды. Олардың Пушкин романындағы қалпын өзінше өзгертіп жіберген. Абайдың Онегинді өмірмен қоштастыруы – кездейсоқ нәрсе емес. Бұған қарағанда Абай өз шығармасында Онегин ісін өзінше түсініп, Онегин оқиғасын басқаша бағалағаны байқалады.

Абай Онегин-Татьяна арасында болған махаббатты, олардың халін басқаша түсінідіргісі келеді. Сөйтіп ол «Онегин мен Татьяна» деген тақырыпқа тыңнан шығарма жазуға бекемделген секілді. Өйткені Пушкин жасаған Онегин, Татьяна сипаттары мен Абай жасаған Онегин, Татьяна сипаттары бір-біріне онша ұқсамай тұрады.

Абайдың Пушкиннен аударды деген өлеңдерін тексерсеңіз, ол өлеңдерге Абай қосқан жаңалықтар аз емес. Абайдан бізге қалған же-

ке-жеке өлеңдер. Осы жеке-жеке өлеңдер Абай шығармасының жалпы схемасы қалай құрылуын айтып тұрған секілді. Сол жеке-жеке өлеңдерде болашақ шығарманың түйінді-түйінді жерлері айтылған, бірақ сол түйіндердің арасында келіп отыратын оқиғалар берілмеген. Сондықтан олар бір ұлы шығарманың үзінділері сияқты. Үзінділерге қарағанда, Онегин мен Татьяна оқиғасының желісі былай болуы керек: Онегиннің кім екендігі туралы, оған Татьянаның ғашық болуы, Онегиннің Татьянаға өз жайын айтып, қыздың ғашықтық көңілін жұбата алмағаны, кейіннен Онегиннің өкініп, Татьянаға ғашық болуы, Татьянаның Онегин тілегін орындай алмауы, дүниеден торыққан Онегин өлімге бой ұсынады. Абай өлеңдеріндегі жаңалықтарға қарағанда, Пушкин жазған Онегин оқиғасы мен Абай жазған Онегин оқиғасы бір-біріне жалпы ұқсағанмен, соны әр ақын өздеріне хас болған өзгешеліктеріне қарай әр түрлі ұғынып, әр түрлі түсінгендігі көрінеді.

Абай жазған Онегин оқиғасында Пушкин романында бар нәрселердің көбі жоқ. Мұның үстіне Абай Пушкин романынан аударылды деген өлеңдерге де тыңнан сөз, образдар қосып, басқаша айтып отырады.

Абайдың Пушкиннен аударды деген өлеңдеріне келейік. Пушкиннің Онегин туралы жазған өлеңнің бірінде бірінші тараудың X, XI шумақтары мен XII шумақтың басқа алты жолын Абай дәлге жақын аударған. Бұл жерде Абай Пушкиннен онша қашықтамай, Онегиннің жалпы тұлғасын бұзбау жағын ескерген. Пушкин берген сипатты Абай да дәл айтып беруді мақұл көргенге ұқсайды. Бірақ Абай XII шумақтың:

Но вы, блаженные мужья,
С ним оставались вы друзья,
Его ласкал супруг лукавый
Фобласа давний ученик⁵⁰⁸, –

деген жолдарын аудармаған. Мүмкін Онегиннің Фобластың шәкірті екендігі Абайға ұнамаған шығар. Пушкин Онегиннің әйелшіл адам екендігін, кейде өз жолдастарының әйелдеріне де көз сала жүретін бозбасшылыққа құмар ұнамсыз мінезден аман емес екенін айта кетеді. Абай Онегиннің бұл сияқты келісімсіз ұсақ мінездерін қазымырлап айтып жатуды артық көрген. Абай Онегиннің ұсақ мінездерінен гөрі оның тәуір жақтарына көбірек көз салады. Сондықтан Пушкиннің Онегинді сынап кеткен сөздеріне салқын қарайды. Пушкин шығармасынан, әрине, керегін ғана алады, өйткені Абай сипаттамақ

⁵⁰⁸ Пушкин А.С. Евгений Онегин. – М., 1957. 53-б.

болған Онегин ұсақ мінездерден аулақ адам болуы мақұл. Көп жерде Абай Онегин сипатын өзінше бере отырса, кейде Онегин сипатын Пушкин берген қалыпта беруді онша теріс көрмейді, өлеңнің бір жерінде Онегин жайында:

Биттей бойы босаса, сезер сонда,
Жастық жеңіп, көңілді шайқағанда⁵⁰⁹, –

дей келіп, Онегиннің ғашықтық тіліне шебер екенін ескертіп, Пушкин романында жазылған:

Подслушать сердца первый звук,
Преследовать любовь, и вдруг
Добиться тайного свиданья...
И после ей наедине
Давать уроки в тишине!⁵¹⁰ –

деген жолдарды Абай:

Жүрегі қалай соқса пайым қылар,
Жылы ізін суытпас, дамыл көрмес,
Бір оңаша жольғар жер айтқызар
Ел аулақта оңаша қолына алып,
Көңліндегі сабағын айтып тынар⁵¹¹, –

деп тәржімалайды. Абай Пушкиннен алынған бұл бес жол өлеңнің екінші жолы болмаса, басқаларын дәл аударуды құнттаған.

Онегинге ғашықтығын айтып, Татьяна хат жазады. Пушкин романында да жігітке әуелі хатты қыз жазады, жүректегі сырын көңілі түскен жігітке таза ниетпен қорғанбай білдірген батыл, жарқын қыздың бұл мінездері Абайға да теріс көрінбейді. Сондықтан Онегин оқиғасының бұл жеріне Абай айрықша көңіл қояды. Татьяна халінде болған жас қыз өз ғашығына кірлемеген таза ойын қалай айтуы жөн, көңліндегі нәзік сырын қалай жеткізуі керек? Міне, Абай мәселенің осы жағына да ой бөле кетіп, бұл жөнде өз ойын да айтқысы келіп, Пушкин романындағы Татьяна хатының кей жерін аударумен бірге өз жағынан жаңа сарын, жақсы сөздер қоса отырады. Сондықтан орыс тіліндегі Татьяна хаты мен қазақ тіліндегі Татьяна хатының кейде ұқсасып, кейде ұқсаспай отыратын жерлері аз емес.

Пушкин жазған Татьяна хаты:

⁵⁰⁹ Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармаларының 2 томдық толық жинағы. – Алматы, 1957. II т. 72-б.

⁵¹⁰ Пушкин А.С. Евгений Онегин. – М., 1957. 53-б.

⁵¹¹ Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармаларының 2 томдық толық жинағы. – Алматы, 1957. II т. 73-б.

Я к вам пишу – чего же боле?
 Что я могу еще сказать?
 Теперь, я знаю, в вашей воле
 Меня презреньем наказать⁵¹².

деп басталса, Абай жазған Татьяна хаты:

Амал жоқ – қайттым білдірмей,
 Япырау, қайтып айтамын?
 Қоймады дертің күйдірмей,
 Не салса да тартамын⁵¹³.

деген жолдарымен басталады. Татьяна хатының бір жерінде өз басының мұның шаға келіп, оның жабыққан халіне әлде Онегин мейірімі түсіп, көңлін бөлмес пе екен деген сияқты пікірін айтады. Татьянаның бұл ойына лайықтап Абай мынау жолдарды жазады:

Талапсыз, бақсыз мен сорлы,
 Еріксіз аттап ұяттан,
 Қорлыққа көңлім бұл құрлы,
 Байқалар халім бұл хаттан⁵¹⁴.

Татьянаның күйінішті халін Абай Пушкиннен гөрі аяныштырақ етіп көрсетеді. Татьяна өмір ауыртпалығына ұшыраған, «талапсыз, бақсыз» сорлы, жалғыз жүріп зарланған жан секілді. Татьяна тек ғашықтықтың зардабын шеккен, соның отына ғана өртенген адам емес, оның «бақсыз» болуына одан да басқа себептер бар секілді. Бірақ Абай бұл жөнде өзінің толық пікірін айтпай кеткен. Мұны Татьянаның айрықша халін оның қайғылы мұңға байланысқан зары мен сөздерінен аңғаруға болады.

Татьянаның ғашықтық сезімін білдірудің өзінде өзгешелік бар, оның мұңы зарлы, ғашықтығы да әншейін ғашықтық емес. Татьяна хатының бір жерінде:

Әлімше мен де ұялып,
 Білдірмей дедім өлсем де.
 Шыдар ем күйіп мен жаным,
 Айында бірер көрсем де...

Болмады көріп қалуға,
 Есітіп біраз сөзінді.

⁵¹² Пушкин А.С. Евгений Онегин. – М., 1957. 108-б.

⁵¹³ Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармаларының 2 томдық толық жинағы. – Алматы, 1957. II т. 74-б.

⁵¹⁴ Сонда.

Шыдар ем бір ай жатуға,
 Ұзақ түн жұмбай көзімді⁵¹⁵, – дейді.

Пушкин шығармасы мен Абай шығармасындағы хаттың осы жерін салыстырғанда бір байқалатын нәрсе – Абай шығармасындағы Татьяна сөздері басқалау. Абай Пушкинде бар сарынды бұзып әкетпегенмен, Татьяна ойын жаңғыртыңқырап айтқысы келген көрінеді. Хаттың осы жерінде Татьяна айтатын: «в вашей деревне», «вам слово молвить», «до новой встречи» деген сөздер Абай тәржімасында жоқ. Татьянаның айтатын сөздерінің өзі де дағдылы сөздер емес, көтеріңкі, шалқыма сөздерге ұқсайды.

Шыдар ем бір ай жатуға,
 Ұзақ түн жұмбай көзімді, –

деген сөздер құлаққа батылырақ естілетін сөздер. Сөйтіп, Абай жазған Татьяна хаты Пушкин жазған Татьяна хатының аудармасы ғана емес екені байқалады, екінші жағынан, Пушкин жазған Татьяна хатынан да аударма отырады:

Другой!.. Нет, никому на свете
 Не отдала бы сердца я!
 То в вышнем суждено совете...
 То воля неба: я твоя⁵¹⁶, –

дегенді Абай:

Өзгеге ешбір дүниеден
 Еркімен тимес бұл жүрек.
 Өзелде тағдыр иеден,
 Қожам сенсің, не керек⁵¹⁷, –

деп аударарды.

Татьяна мен Онегиннің бақшада кездесіп, Онегиннің Татьянаны жұбатып айтқан сөздеріне Абай көңіл бөлген. Онегин «үйленуде ойым болса, сенен артық жан іздемес едім, сені ағаңнан да жақсы көретін шығармын, жанның бәрі сені мендей ұға бермес, тәжірибесіздік арты жайлы болмай жүрмесін, тағы да біреуге көңлің түсер» деген жұбатулар айтады. Абай Онегиннің бұл сөздеріне өзгеріс кіргізіп жазады. Бұл өлеңнің қайсыбір жері ғана аудармаға келеді, оның өзінде де сюжет, сарын жағынан аударма десек, сөз дәлдік жағынан тәржіма деу қиын. Абай Онегин сөзін өз жағынан жазған ба дейсің. Абай Онегин сөзін:

⁵¹⁵ Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармаларының 2 томдық толық жинағы. – Алматы, 1957. II т. 74-б.

⁵¹⁶ Пушкин А.С. Евгений Онегин. – М., 1957. 109-б.

⁵¹⁷ Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармаларының 2 томдық толық жинағы. – Алматы, 1957. II т. 75-б.

Таңғажайып бұл қалай хат,
Мағынасы – алыс, сөзі жас?⁵¹⁸ –

деп бастайды.

Бұл секілді сөздер орысша тексте жоқ. Осындай тыңнан кірген сөздер аз емес:

Сен тоты құс бақта жүрген,
Қай жерімнен пар келем.
Мен – сынық жан, жамағанмен
Түзеле алман түрленіп...
Мен – көмірмін қалған өрттен,
Енді рұқсат бізге бер...⁵¹⁹.

Бұлардың бәрі Абайдың өзі қосқан сөздер мен ұғымдар.

Мен жаралы жолбарыс ем,
Жұрттың атқан оғы өтіп,⁵²⁰ –

деген сөздер де Пушкин романындағы Онегин аузынан шықпаған сөздер.

Абай шығармаларындағы Онегин өмірден торығудың үстіне өлімге бойсұнған, үлкен трагедияға ұшыраған, ең алдымен жалғыздықтан таяқ жеп, титығы құрып шаршаған адам. Абай Онегині мен Пушкин Онегині тек сырттан ұқсасқаны болмаса, олардың ішкі, сезім жақтарында біріне-бірі жат мінездері бар кейіпкер екені байқалады. Абайдың Онегині зарлылақ, оның үстіне өмір тепкісіз көбірек көрген, қайратына орын таба алмай, арты өкініш, алды үмітсіз. Сондықтан ол:

Ол жас ағаш, бір қызыл гүл,
Жапырағы жаңғырар.
Сорлы Онегин, жолды өзің біл
Қай тарапқа қаңғырар⁵²¹, –

делінеді.

Пушкинде бар сөздердің көбі Абайда жоқ. Мысалы:

...вы ко мне писали?
Не отпирайтесь...

⁵¹⁸ Онегиннің Татьянаға бақшада айтқан сөзінің аудармасына, Абайдың «хатыңнан жақсы ұғындым сөздің бәрін» деп басталатын өлеңі келеді. Бұл өлең «Таңғажайыптан» көрі Пушкин жазған Онегин сөзіне жуық.

⁵¹⁹ Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармаларының 2 томдық толық жинағы. – Алматы, 1957. II т. 78-б.

⁵²⁰ Сонда.

⁵²¹ Сонда, 79-б.

Судите ж вы, какие розы
 Нам заготовил Гименей⁵²², –

деген сөздер. Сөйтіп орысша тексте екі түрлі өзгеріс кіріп отырған. Бір жағынан, қалып қойған сөздер болса, екінші жағынан, тыңнан жаңа сөздер қосылып отырған, бұл өзгерістермен бірге Онегин сипатына да өзгеріс кіргені байқалады.

Пушкин шығармасындағы Онегин өзін жоғары ұстап, тәжірибелі екенін ескертіп, балалық шегінен шықпаған Татьянаға, пісіп-қатпаған бұйығы қызға ақыл айта сөйлесе, Абай шығармасындағы Онегин ондай асқақ мінез жасамай, өз басындағы мұңын Татьянаға – өзінің бір теңдесіндей шаға келіп:

Басы қатты, сұм жүрегін
 Тоқтата алмай өтті де!
 Сорға біткен көкірегін
 Сөндіре алмай өтті де!⁵²³ –

дей келіп, «сен есірке», «мен ғаріпті есіңе ал» дегенді айтады. Өзінің Татьянадай қыздан құр қалғандығына арманда болып:

Міне, дәулет, міне, асыл қыз
 Болды маған арам ас⁵²⁴, –

деп қамығып өкінеді. Абай Онегиннің өкінішіне қарағанда, оның Татьянадан айрылуына өз басы ғана кінәлі емес, одан басқа да бір үлкен себеп бар секілді. Ал Пушкин Онегині үйленуге бел байламаған адам, сондықтан Татьянаның көңілін ырза етуге уәде бере алмайды. Бұл арада Онегин өкінсе де, өкінбесе де өз еркі. Абай Онегинінің өкініші еріксіз өкінішке ұқсайды.

Татьяна Онегинге көңлі суып бір князьға тиеді. Сұлулығы байымдылығыменен көзге түседі. Онегин бір жерде Татьянаны көріп құмарланады. Ғашықтығын білдіріп хат жазады. Пушкин жазған Онегин хаты:

Предвижу все: вас оскорбит
 Печальной тайны объяснение.
 Какое горькое презрение
 Ваш гордый взгляд изобразит!⁵²⁵, –

деген сөздерден басталса, Абай шығармасындағы Онегин хаты:

⁵²² Пушкин А.С. Евгений Онегин. – М., 1957. 118 б.

⁵²³ Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармаларының 2 томдық толық жинағы. – Алматы, 1957. II т. 79-б.

⁵²⁴ Сонда.

⁵²⁵ Пушкин А.С. Евгений Онегин. – М., 1957. 114-б.

Құп білемін, сізге жақпас
 Ескі жара білтелеу.
 Ақ жүрегің енді ұнатпас,
 Мезгілі жоқ қай медеу?⁵²⁶ –

деген жолдармен басталады. Абай жазған Онегин хаты мен Пушкин жазған хатының бұл бір-біріне ең ұқсас деген жерлері.

Жалпы мағына, сарын жақтарының дәлме-дәл емес екені жай салыстырудың өзінен-ақ көрініп тұр. «Ескі жара білтелеу, ақ жүрегің енді ұнатпас» деген жолдар Пушкинде жоқ. Міне, сөйтіп екі хаттың біріне-бірі жуық деген жерлерінің өзінде недәуір айырма бар екенін көреміз. Абай Онегині бұрынғы үмітсіздіктен арылып, бойына қайта қуат кіріп, қайраты құрыш болып, мұз жүрегіне жылы қан жүгірген адам екенін ескерте келіп, Татьянаның бір кезде оған ғашық болғанын сылтау етіп:

Сен – ағашта піскен алма,
 Әзір едің алмадым.
 Құп кіріптар қылдың алла,
 Әлде мені қарғадың?⁵²⁷ –

десе, осы өлеңнің енді бір жерінде:

Он сегіз мың бұл ғаламның
 Бар тынысы күнде тұр.
 Мен сықылды сорлы адамның
 Ықтияры сенде тұр⁵²⁸, –

дейді.

Бұл өлеңді Пушкин жазған Онегин хатының сол бір жерінен аударған ғой деп айтуға еш болмайды. Бұл сөздерді айтып отырған Абай Онегині. Абай Пушкин жазған Онегин хатының жалпы сарынына көз сала отырып, өзінше жазады. Сондықтан бұл екі хаттың сөздері біріне-бірі сәйкес келмейді. Онегин ғашықтығын айтқанда:

Не болайын, тез болайын,
 Ақ жүзіңді көрейін⁵²⁹, –

деп, болмаса, «қайғысы асқан шерлі адам» деп егіле сөйлейді. Оның ғашықтығының өзі шерлі ғашықтық. Оның тыныс қылғаны жалғыз ғана Татьяна, сондықтан:

⁵²⁶ Құнанбаев *Абай (Ибраһим)*. Шығармаларының 2 томдық толық жинағы. – Алматы, 1957. II т. 82-б.

⁵²⁷ Сонда, 83-б.

⁵²⁸ Сонда.

⁵²⁹ Сонда, 98-б.

Бар ма өмірім, қармалайын,
Жоқ болса мен өлейін⁵³⁰, –

дейді. Абай шығармасындағы Онегиннің махаббатқа арнап айтқан сөздері мұңға боялған зарлы сөздер. Оның ойы, сезімі Пушкин романындағы Онегиннен басқарақ. Сөйтіп, бұл екі Онегиннің өздеріне хас болған өзгешеліктері бар, ол екеуі бірінің-бірі копиясы деу үстірттік екені анықталады.

Бұл арада мәселе екі Онегиннің біріне-бірі тіпті ұқсамауында емес, жалпы ұқсастықты көре білумен бірге, сол біріне-бірі ұқсас екі кейіпкер өзгешіліктеріне де назар салу ғылыми түсінік үшін қажет.

Бір күні отырған Татьянаң үстіне кіріп келген Онегин Татьянаның хат оқып отырғанын көріп, оның аяғына келе жығылады. Әрі-беріден кейін Татьяна: «Жетер, тұрыңыз, жайымды ашық айтуым жөн», – дей келіп, Онегинге былай дейді:

Онегин, я тогда моложе,
Я лучше, кажется, была,
И я любила вас; и что же?
Что в сердце вашем я нашла?⁵³¹

Абай шығармасындағы Татьяна сөзі:

Тәңір қосқан жар едің сен,
Жар ете алмай кетіп ең.
Ол кезімде бала едім мен,
Аямасқа бекіп ем⁵³², –

деп басталады. Абай жазған Татьяна сөзі мен Пушкин жазған Татьяна сөзі бір-біріне онша жуықтамайды. Бұл жерде Пушкин де, Абай да Татьянаның қыз кезінде Онегинді сүйгендігін, оның Татьянаны жар ете алмай кеткенін айтады. Бірақ Абай Татьянаның ойын айту үшін Пушкин қолданған сөздерден басқа сөздер қолданады. «Тәңір қосқан жар едің сен» деген сөздер бұл жерде Пушкин Татьянасының аузынан шықпаған сөздер. Пушкин жазған Татьяна сөздері мен Абай жазған Татьяна сөздері арасында айырым бар.

Сен жаралы жолбарыс ең,
Мен киіктің лағы ем.
Тірі қалдым, өлмей әрең,
Қатты батты тырнағың⁵³³, –

⁵³⁰ Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармаларының 2 томдық толық жинағы. – Алматы, 1957. II т. 98-б.

⁵³¹ Пушкин А.С. Евгений Онегин. – М., 1957. 220-б.

⁵³² Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармаларының 2 томдық толық жинағы. – Алматы, 1957. II т. 85-б.

⁵³³ Сонда, 85-б.

деген жолдар Абай Татьянасының өзіне арналған. Бұл секілді сөздер Пушкин романының еш жерінде жоқ. Абай тек қана аудармашы ақын болмағандықтан, өз ақындығы сарынымен кетіп, өз жағынан тың сөздер, теңеулер беріп, Татьяна сөзін жаңғырта жазады. Сондықтан да Абай Татьянасының сөзі басқаша келеді. Татьянаның махаббаты, не сезіміне арналған сөздерде өзгешелік бар, өйткені оның Европа әйелі, болмаса Пушкин Татьянасының көзқарасынан көрі, күншығыс ақындары жырлаған махаббатқа жуық келетін жері аз емес. Абай Татьянасының:

Қаймақ едің көңлімде,
Бізге қаспақ болды жем⁵³⁴, –

деуі – Пушкин романындағы дворян қызына, салтанатты сарай маңында жүрген Татьянадай қастерлі дамаға хаттә өрескел көрінуі ғажап емес. Абай Татьянасының бұл «қаймақ, қаспақ» деген сөздері Пушкин Татьянасына қолайсыз сөздер, бұл мал өсіріп, көшіп-қонып жүрген қазақ қызы айтқан сөздер емес пе? Абай Татьянасы, бір жағынан, нәзік сезім, терең ойларын білдіре отырса, екінші жағынан, өз халқынан қашықтамаған. Сөйтіп екі Татьянаның бір-біріне жат мінездері, сөздері бар екенін байқаймыз, олардың ой-сезімінде, тәрбие-тәлімінде, мұң-зарында, махаббатқа көзқарасында өздеріне хас болған өзгешелік бар. Сондықтан олар кейде бір-біріне ұқсас, кейде ұқсамайды. Ол екеуінің бір мұңдас келетін жері – Пушкин Татьянасы Европа жағдайында өмірден соққы жесе, сол секілді соққыны Абай Татьянасы басынан өткізеді. Бірақ екеуі екі жақтың адамдары болғандықтан, өз сөздерін өздерінше айтады, өз елдерінің қызы болып айтады.

Абай Татьянасы да Онегиннің өзіндей өкінген, өмірден о да торығып, құр сұлдері жүрген жан секілді. Ескі ғашығы Онегинге мұңын шағып:

Сорға біткен ғашығымсың,
Неге тым кеш сермедің?⁵³⁵ –

деп, бір кезде Онегинді ұнатқанын еске алып:

Жар табылмас сен секілді,
Мен де сендей сорлы жар⁵³⁶, –

дейді.

⁵³⁴ Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармаларының 2 томдық толық жинағы. – Алматы, 1957. II т. 86-б.

⁵³⁵ Сонда.

⁵³⁶ Сонда, 99-б.

Абай Татьянасының аузынан шыққан сөздер Пушкин Татьянасы сөздерінен мұңдырақ, шерлірек. Ол Онегин мен өзінің мұндай халге ұшырауына өз басынан басқа себептер бар екенін сезген секілді:

Сен шошыдың ғашығыңнан,
Өзге жұрттан қамшы жеп.
Мен де сорлы нәсібімнен
Жатқа тидім «алшы» деп⁵³⁷.

Пушкин Татьянасы Онегиннің оған қыз кезінде, деревняда жүрген кезінде көңілін аулай алмай жатсынып, енді үлкен қаланың бас қауымы, ақсүйектері ортасында елеулі әйел болғандықтан көзін түскен шығар деп, кінәлағандай болады. Сарай маңындағылар құрметтеген әйелдің әдебін бұзу сенің атағыңды асырар, даңқынды көтергендей бір іске жарар, я соған себеп болар деген ойда шығарсың, ойда бүкпең бар шығар деу сияқты жору жасап күмәнданады. Абай Татьянасының аузынан шыққан дәл осындай сөздерді кездестіре алмайсыз. Бұдан басқа, Пушкин жазған Татьяна сөзінің бір бөлегі қалып қойған (бірінші тараудың XI, YI шумағы). Пушкин романындағы Татьяна айтқан:

Меня с слезами заклинаний
Молила мать⁵³⁸, –

деген жолдар Абайда жоқ. Пушкин Татьяна сөзін:

Но я другому отдана.
Я буду век ему верна⁵³⁹, –

деген жолдармен бітірсе, Абай:

Көрісуге шыдамаспыз,
Айрыларлық сол үшін⁵⁴⁰, –
деген жолдармен бітіреді.

Бұл Абай жазған соңғы екі жолдан Татьянаның Онегинге жар бола алмайтынын хат арқылы білдіргені көрінеді. Ал Пушкин романында Татьяна өз сөздерін Онегинге көзбе-көз айтады. Ендеше бұдан барып сюжет сарыны да өзгергені байқалады.

Бұл жолдардан тағы бір көретін нәрсе, Татьяна ғашықтық отына шыдамаспыз, сондықтан «айрылалық» деп, екі ғашық бірін-бірі

⁵³⁷ Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармаларының 2 томдық толық жинағы. – Алматы, 1957. II т. 85-б.

⁵³⁸ Пушкин А.С. Евгений Онегин. – М., 1957. 221-б.

⁵³⁹ Сонда, 222-б.

⁵⁴⁰ Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармаларының 2 томдық толық жинағы. – Алматы, 1957. II т. 86-б.

көрсө, күйіп-жанатын «Ләйлі–Мәжнүн» оқиғасын да ескерткендей. Махаббат бір трагедияға ұшыратар деген қауіпін де бір жағынан сылтау, себеп қылады. Бұл сылтау, себептер Пушкин Татьянасына айтқан: «Но я другому отдана, Я буду век ему вернадан» басқа. Бұл сарын күншығыстан келген. Сөйтіп, жоғарыдағы мысалдардан бір көрінетін нәрсе – Татьяна сипатына Европаның да, Күншығыстың да әсері тигендігі байқалады. Абай суреттеген Татьяна Пушкин Татьянасының көшірмесі емес, оның қазақ жағдайында өскен әйел екендігін көрсететін мінездері де бар екенін ескермеуге болмайды.

Пушкин романында оқиға Онегин мен Татьянаның айрылысуымен бітеді. Екеуі де тірі қалады. Абай шығармасындағы Онегин өмірмен қоштасып:

Мен бұрылып түзеле алман,
Қайтсін дедің сорлыңды?..
Ата-анам қара жер,
Сен аша бер қойныңды.
Сенен басқа еш жерден
Табалмадым орнымды⁵⁴¹, –

дейді. Онегин қара жердің қойнынан басқа өзіне еш орын таппай күңіренген, өмірден мүлде күдер үзген жан. Бұл сарын Пушкин романында жоқ сарын. Абай бұл жерде Пушкин романындағы сарын шеңберінен шығып кетеді. Абай шығармасында Онегиннің өлімге бой ұсынуы кездейсоқ нәрсе емес, өйткені Абай Онегин сипатын өзінше бермек болған. Бұл арада Абай басқа ақынның өлеңдерін аударушы емес, ол өз тұсынан тың сипат жасамақ болған. Сондықтан Онегиннің өлімге бой ұсынуына арнап өлең жазады. Сөйтіп Абай шығармасы мен Пушкин романының сюжет жақтарынан да сәйкес келмейтіндігін көреміз.

Пушкин 1822 жылдары бір хатында «Кавказ тұтқыны» деген шығармасын еске ала келіп: «Мен мұнда XIX ғасыр жастарының бір өзгешелігі болып кеткен, өмірге, оның қызығына салқындықты, жасына жетпей қартаюшылықты суреттегім келді», – дейді. Пушкин сол кездің өзінде XIX ғасыр жастарының айрықша мінездерін ескерткені, бұл мәселе оның ойында жүрген мәселе екені – бұл сөздерге қарағанда, ап-айқын көрініп тұр.

Пушкин өмірден торыққан адам сипатын «Кавказ тұтқынында» көрсетіп қоймай, Алеко сипатын жасау арқылы да көрсеткен еді. Пушкиннің бұрынғы геройлары өз ортасынан шығып, оқшау жүрсе

⁵⁴¹ Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармаларының 2 томдық толық жинағы. – Алматы, 1957. II т. 88-б.

(Алеконың цыгандарға қосылып, табор адамы болғаны секілді), басқа бір жат жағдайда әрекет жасаған болса, романдағы Онегин өз ортасында жүріп, өмірден торыққан жан болып көрінеді. Пушкин романында сол кездегі орыс өмірінің нақты суреттері, ерекшеліктері көрсетіледі – Пушкиннің айрықша қасиеті де еді.

Пушкин сипат жасау ісінде Байронның сипат көрсету әдісін қолдана отырады. Байронның «Дон Жуанын» алсақ, мұнда да сол заманның мәдени қауымын кекете көрсету әдісі бар еді. Пушкин романының бірінші тарауында бұл сынай көрсету, кекете көрсету әдісіне берілу күшті.

Пушкин Онегин өмірінде, істеген істерінде сол кездегі орыс өмірінен ұштасқан келісімсіз жақтарын ескерте келіп, сол келіссіздік, кемшіліктерді Онегин арқылы шеней кеткісі келді. Пушкиннің алғашқы ойына қарағанда, романды осы жөнімен жазбақ болған ба дейсің. Бірақ романды жаза келе, бастапқы планына көп өзгеріс кіргізеді. Бұл өзгерісті, ең алдымен, романның сатиралық, сықақ жағы кеміп кеткенінен көресіз. Бірінші тарауда недәуір орын алған сатира, сықақ екінші тарауда жойылып, үшінші тарауда Пушкин басқа сарынға көшеді. Сөйтіп сатиралық сарын үстіне басқа бір сарын жамалады. Ақырында сол сарын жеңеді. Мұның үстіне Онегин оқиғасы трагедиялы оқиға екені басымырақ айтыла бастайды. Онегиннің жүдеген, азған, торыққан жақтары көбірек сөйленеді.

Абай Онегинді өз ортасынан қашықтатып әкететіндіктен, Онегин сипатына өзгеріс кіргізгендіктен, Пушкин шығармасында көрсетілген Онегин мінездерінің кей кемшіліктеріне онша назар салмайды. Бұған қарағанда Абай Пушкинге жуық келсе, Пушкиннің алғашқы ойынан көрі соңғы ойына, Пушкиннің екінші тараудан басталған бағытына жуық келеді. Өйткені Абай шығармасында Онегиннің трагедиялық жағы басымырақ айтылған.

Абай шығармасында Онегиннің жабыраңқы халі терең айтылған. Абай шығармасындағы Онегин өмірден күдер үзіп, өлімге бойсұнған жан. Сондықтан ол «Диуана болды бұл көңілім» деп арманына жете алмай, ойы қырық бөлінген, әуре-сарсаңға түседі. Пушкин романындағы Онегин трагедиясынан гөрі Абай шығармасындағы Онегин трагедиясы қайғылырақ, аяныштырақ.

Енді екі ақынның Онегин оқиғасына арналған өлендерінің құрылысы, түр жақтарынан байқалатын өзгешелік айырымдарға келейік.

Пушкин романында қалып қойған шумақтар кездесіп отырады. Бірнеше шумақтардың орнына рим цифрлары қойылған, шумақтардың өзі жоқ, тек олардың номерлері ғана қойылған. Кейде бір шумақтың бірнеше жолдары да қалып қояды (екінші тараудың үш шумағы). Бұл қалып қойған шумақтардың кейбіреулері қолжазбадан табылған. Бұған қарағанда, қалып қойған шумақтарды орын-орнына келтіріп, романды толықтырған жөн болар ма еді? Бүйтуге болмайды, өйткені Пушкин бұл шумақтарды неге қалдырды, міне, осы мәселенің басы ашылуы керек, әйтпесе романның мәтіні бұзылып кетуі мүмкін.

Пушкин бір жерде романның қалып қойған шумақтары туралы былай дейді: «Евгений Онегинде» мен баспаға жібере алмаған, не әдейі басқызғым келмеген шумақтар бар – бұған таңданудың керегі аз. Олардың қалып қоюы әңгіменің желісін үзеді. Сондықтан олардың қай жерде болуы керек екені ескертіліп, орындары көрсетілген. Бұл шумақтардың орнына басқа шумақтар беру, не менен қалған шумақтарды қайта түзету һәм орындарына келтіру жөн болар еді. Бұған деген жалқаулығым бар, кінәлімін. «Дон Жуанда» да қалып қойған екі шумақ бар екенін де момындықпен мойныма алам».

Абайдың Онегин туралы жазғандары бөлек-бөлек өлеңдер, ол өлеңдерде біртұтас оқиғаның тек жеке-жеке жерлері ғана айтылған. Бірақ Абайдың Онегин туралы жазғандарының ара-арасындағы алшақтықтарына, оқиғаның түрлі желілерінің бір-біріне кірігіп, жымдаспай тұруына себеп болған нәрсе – Абай еңбегінің толық бір түрге салынып бітпей қалуына байланысты сияқты. Сондықтан Абай шығармасында жазылмай қалған шумақтар, тараулар да бар секілді.

Пушкин романының өлеңдері жеке-жеке шумақтарға бөлінген. Бір тараудың ішіндегі шумақтардың бас-басына рим цифрларымен көрсетілген номерлері бар. Шумақтар жалпы сан жағынан бірдей келіп отырған да, сол шумақтар бір өлшеммен жазылған. Бұл тәртіп бірнеше рет қана өзгереді. III тараудағы Татьяна хаты мен қыздер өлеңі, IV тараудағы Онегин хаты біркелкі шумақтарға бөлінген. Романның басқа өлеңдеріне қарағанда қыздар өлеңі басқа өлшеммен жазылған. Онегин оқиғасына арналған Абай өлеңдерінде түрлі-түрлі шумақтар бар. Абай бір тәртіптің шегінен ұдайы шықпай отырудан гөрі, түр жағынан түрлі-түрлі өлеңдер жазуды құнттаған.

«Евгений Онегин» шумақтары ылғи он төрт жолдан болып, өлең жолындағы ұйқастар не кезек, не қатар келіп отырады. Бұл он төрт жолды шумақ екі жолмен аяқталып отыратынына қарағанда, шумақтың басқа жолдарын төрт жолды үш өлеңге бөлуге болады.

Онегин строфасында үш тәртіп бар: бірінші жол екінші жолмен ұйқасады, үшінші жол төртінші жолмен ұйқасады, бұлар егіз ұйқастар (аа, вв); 2) бірінші жол үшінші жолмен ұйқасады, екінші жол төртінші жолмен ұйқасады, екінші жол төртінші жолмен ұйқасады – аттамалы ұйқас (ав, ав); 3) бірінші жол төртінші жолмен ұйқасады, екінші жол үшінші жолмен ұйқасады – бұл ұйқасты қаусырмалы ұйқас деуге болады. Пушкин өзінің романында бұл үш түрлі ұйқастықты толық пайдаланады. Әр шумақтың алдыңғы төрт жолы қашанда аттамалы ұйқас болып (ав, ав), екіншісі – егіз ұйқаспен келіп (аа, вв), үшіншісі қаусырмалы ұйқаспен жазылып отырады (ав, ва). Оқта-текте жерлерде болмаса, Пушкин романы бастан-аяқ осы тәртіппен жазылған. «Евгений Онегин» шумақтары жеке-жеке тұрады да, өз алдына бөлек өлең сияқты.

Абайдың Онегин оқиғасына арнаған өлеңдеріне келсек, бұл өлеңдер, Пушкин романындағыдай, бірыңғай шумақтармен жазылмаған. Абай жазған өлеңдердің өзіне арнаулы шумақтары бар. Онегиннің сипаты туралы өлеңнің әр шумағы төрт жол (6 жолдан келіп отырған III, IV, VII шумақтардан басқа), әрбір жолында 11 буын, бірінші жолмен екінші, төртінші жолдар ұйқасып, үшінші жол бос қалып отырады. Мысалы:

Жасынан түсін билеп, сыр бермеген,
Дәмеленсе, күндесе білдірмеген.
Нанасың не айтса да, амалың жоқ,
Түсінде бір күдік жоқ «алар» деген⁵⁴².

«Амал жоқ қайттым білдірмей» деп басталатын өлеңдері шумақ үшінші жол, екінші жол мен төртінші жол ұйқасады (ав, ав) мысалы:

Амал жоқ қайттым білдірмей,
Япырмау қайтып айтамын?
Қоймады дертің күйдірмей.
Не салсаң да тартамын⁵⁴³.

Бұл секілді аттамалы ұйқас Пушкин өлеңдерінде де бар. Бірақ шумақ жағынан өлең Пушкин өлеңі шумағына ұқсамайды.

Онегиннің жауабы туралы өлеңді алсақ, бұл он бір буынды төрт жолды шумақ, ұйқас жағынан Онегиннің сипаты туралы өлеңге ұқсайды (ав, ва), бірақ бұл өлеңдер буын жақтарынан біріне-бірі дәл келмейді, бірі сегіз буынды өлең болса, екіншісі – 11 буынды.

⁵⁴² Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармаларының 2 томдық толық жинағы. – Алматы, 1957. II т. 72-б.

⁵⁴³ Сонда, 74-б.

«Құп білемін сізге жақпас» деп басталатын Онегиннің Татьянаға жазған хаты жеті буынды, 4 жолды өлең. Бұл өлеңнің шумағындағы бірінші жол мен үшінші жол, екінші жол мен төртінші жол ұйқасады (ав, ва). Татьяна сөзіне арналған өлең шумағы да 4 жолдан, жолы 8 буыннан, өлеңнің бірінші жолы үшінші жолмен, екінші жолы төртінші жолмен ұйқасып отырады (ав, ав). «Жарым жақсы киім киіп» деп басталатын өлеңді алсақ, бұл өлеңнің ұйқастық жақтарында біркелкілік болғанмен (аа, ва), шумақтарда кездесетін жолдардың буын саны Абайдың Онегин оқиғасы туралы басқа өлеңдеріндей біркелкі келіп отырмайды. Сөйтіп Абайдың Онегин оқиғасына арнап жазған өлеңдерінің ішінде алуан-алуан ұйқастар, түрлі-түрлі шумақтар бар екенін көреміз. Абайдың бұл өлеңдерінің ырғақ бунақтарында алуан-алуандықтар, өзгешеліктер аз емес екені байқалады.

Абай басқа ақындардың жазғандарын аударсын, не бір сюжет сезім, мағыналы көркем сөз, жаңа шумақ ұйқас, ырғақ іздесін, пікір таратып, өлең жазсын, әдебиеттік ісінде өз жаңалығын үнемі айта отырады, кіргізе отырады, өзінің ұлы ақындығын көрсете отырады, ол бір нәрседен пайдаланса өз ақындығына бейімдей пайдаланады.

Абай шығармасына басқа жақтан кірген сарын, сюжет, ой, сезім, тың сөздер оның ақындық қазанында қайнап, басқа бір қуат алып, бастапқы қалпын өзгертіп, бір алуан реңк алып, ақынның өзіне тән нәрсе сияктанып кетеді. Сондықтан оның аударма деген өлеңдерінің көбі аудармадан гөрі Абайдың өзі жазған шығармаларға ұқсап тұрады.

1903 жылы «Капитан қызының» қазақ тіліне аударылуы қазақ әдебиетінің елеулі табысы болды. Шығарманың идеялық, көркемдік прозалық өрісімен танысу – адам образдарын реалистікпен қалай жасау жөнінде Пушкиннен үлгі алудың бір мүмкіншілігі туады. Ұлы Пушкиннің шеберлігінен үлгі алу қажет болады, оның патшаны тітіреткен, шаруаларды жақтаған Пугачевтың айбынды образын жасаған шығармасымен жұртты таныстырып та қазақ әдебиеті өзінің бір борышын ақтайды.

1903 жылы М.Бекимов аударған «Капитан қызында» тараулар алдында эпиграф ретінде келіп отыратын Княжнин, Херасков, Сумороков және орыс фольклорынан алынған үзінділер қалып қойған. Кей тараулар түгелге жақын аударылса да, кей тараулардан қалған сөздер, беттер бар. Автор араб, парсы, татар сөздері аралас келетін шұбар тілге бой ұрмай, «Капитан қызын» таза қазақ тілінде тәржімалауға тырысқан. Аударма жұмысының ол кездегі өресі шағын,

аудармашының тәржіма ісіне онша машық емес екендігі де көрінеді. Кейбір олқылықтар байқалса да, қалай да аударманың оригиналдық қалпын сақтауды құтптаған.

Тәржімашы «Капитан қызы» сюжетін жеткізуді де ұқыптайды: офицер Гринев Орынборға бара жатқан жолында боранға ұшырап адасады, оған жолыққан Пугачев жол көрсетеді. Жақсылық еткен бұл адамның кім екенін Гринев білмейді, Пугачевке қоян ішік сыйлайды. Гринев Орынбордан Белгород бекінісіне келеді. Бекініс алаңында бастарына үш бұрыш қалпақ киген, жиырма шақты кәрі-құртаң мүгедектерді сапқа тұрғызып, ойнатып жүрген капитан Мионовты көреді. Гриневтің Машаны ұнататындығы, оның Швабринмен қалай танысқаны сөз болады. «Машаға тіл тигіздің» деп Гриневтің Швабринді дуэльге шақырып, жаралы болғаны, патша офицерінің шал башқұртты қинағаны, Пугачевтың Қазанды алғаны, Белгородты талқандап, Мионовты өлтірткені айтылады. Қолға түскен Гриневке Пугачев кешірім жасайды. Пугачевтың Орынборға тақалғаны мәлім болады. Үрейленген Орынбор генералының жайы, Машаны Швабринның қорқытып үйленбек болғаны, қызды Пугачевтың босатқаны, Пугачевтың тыңшысы атанып, Гриневтің абақтыға түскені, императрицаға арыз беріп, оны Машаның тұтқыннан босатқаны, патша өкіметі ауыр өлімге бұйырған Пугачевты Гриневтің ақырғы рет көріп, атаманға қарап бас иіп, ишара білдіргені айтылады.

«Капитан қызы» әр жерінен кездесетін «Лошади бежали дружно. Ветер между тем час от часу становился сильнее. Облачко обратилось в белую тучу... Наружность его мне показалась замечательна: он был лет сорока, росту среднего, худощав и широкоплеч. В черной бороде его показалась проседь; живые большие глаза так и бегали. Лицо его имело выражение довольно приятное, но плутовское... Между ими на белом коне ехал человек в красном кафтане, с обнаженною саблею в руке: это был сам Пугачев... С любопытством стал я рассматривать сборище. Пугачев на первом месте сидел, облокотясь на стол и подпирая черную бороду своим широким кулаком... Черты лица его, правильные и довольно приятные, не изъясляли ничего свирепого... Нет, брат ворон; чем триста лет питаться падалью, лучше раз напиться живой кровью, а там что бог даст! – Какова калмыцкая сказка?»⁵⁴⁴ – деген сөздер былай тәржімеленген: «Аттар жүрісін өндірді. Жел бірден бірге көтеріле берді. Қар жауды, жел үрлеп боран болды, айнала көрінбей кетті... Оның үстіндегі киімі маған жақсы көрінді. Орта бой-

⁵⁴⁴ Пушкин А.С. Капитанская дочка. – М.: Изд-во худ.лит. СССР, 1953. 78-б.

лы кырықтың шамасында ғана адам екен. Жылтыраған қара көздері қашқынға ұқсас-ты... Олардың арасында боз аттың үстінде қылышын суырған қызыл шепкенімен бір адам көрінді. Бұл Пугачев болды... Мен бұлардың мәжілісіне ғажайыптанып қарадым. Пугачев әдемі ғана кісі екен. Кейпіне қарағанда залымдығы білінетін емес... Жоқ, қарға, бұлай өлік жеп, үш жүз жыл жүргенше, таза қан ішіп отыз жыл тұрғаным артық деді. Жақсы ма қалмақ ертегісі? – деп менен Пугачев сұрады»⁵⁴⁵.

«Капитан қызында» көрсетілген алуан адамдар ісі казак оқушыларына ой туғызып, Пугачев оқиғасы, шаруаларды жақтап қан төккен Сырым, Исатай батыр, Махамбеттің ерлік істерін естеріне салуы да ғажап емес еді. Аударма шаруаларды қанап, қалтыратып, жасытып ұстаған, ақ сүйектерді басына көтерген, қол астындағы елдерді езумен болған патшаға қарсы шыққан Пугачевпен таныстырады. 1773–1775 жылдары болған крестьяндардың стихиялық көтерілісінің көсемі Пугачевтың ерлігі, қара халыққа жақындығы, дарындылығы, байымдылығы, адамшылығы, мейірімділігі, халық жауына қаһарлылығы айтылады.

Пугачевтың патша жалақорлары жамандағандай «қарақшы» емес, тронға қауіп төндірген әділ, қаһарлы күштің уәкілі екендігі де байқалғандай. Пугачев халыққа қиянат еткендер ісіне төзбейді. «Я проучу Швабрина, он узнает каково у меня своевольничать, и обижать народ. Я его повешу»⁵⁴⁶, – дейді. Пугачев жақсылыққа жақсылық ете білетін, әйел теңдігін қостайтын, өлексе жеген қарға ісінен түңілген, көк еркесі қыран болуды армандаған, бір сөзді, ақылды, ақ жарқын кішіпейіл адам болып та сипатталады. Пугачевтың адамшылық қасиетін аңғарған Гринев: «Слушай, как тебя назвать не знаю, да и знать не хочу... но бог видит, что жизнью моей рад бы я заплатить тебе за то, что ты для меня сделал»⁵⁴⁷, – дейді.

Пугачев уақиғасы Гринев атынан баяндалады. Ол кейде патша офицері дворян екендігін ұмытпағансып, Пугачевты қыжырта сөйлесе де, Пугачевтың осал жан еместігін түсінетін сияқты. Оның крестьяндарды жақтаған ісін теріс те көрмейтін сияқты. Гринев Пугачевты өлтіргелі жатқан жерге келіп, көп ішінен қарап, Пугачевке құрмет ишарасын білдіреді. Ол «кивнул ему головой, которая через минуту, мертвая и окровавленная показана была народу»⁵⁴⁸ делінеді.

⁵⁴⁵ Бекимов М. Капитан кызы. – Қазан, 1903. 5, 7, 25, 32, 40-66.

⁵⁴⁶ Сонда, 104-б.

⁵⁴⁷ Сонда, 115-б.

⁵⁴⁸ Сонда, 140-б.

Аудармада Пугачев, Гринев, Швабрин, Миронов, Машадан басқа адамдар жайында да мағлұматтар беріледі. Бұлардың ішінде Пугачевке қарсы әскери кеңес ашып, «наступательно, оборонительно, подкупательно» амалдың қайсысын қолдану қолайлы деп үрейленген Орынбор генералы, бариндардың сөгуіне де көніп үйренген Пугачевке қолға түссе де, атаман адамдарынан көйлек-көншек даулап әуреленген, өз барины Гриневке де күлкі болған. Пугачевтан «глу-пый старик, менің адамдарым бариндарыңмен бірге дараға асып қоймағанына тәубе етудің орнына көр-жер даулайсың», – деген сөз естіп пұшайман болған Архип Савельич бар.

Орыс әдебиеті үлгілерін қазақ тіліне аударғандардың бірі – С.Көбеев. Ол 1910 жылы шыққан «Үлгілі тәржімада» И. А.Крыловтың көптеген басняларын жариялады – «Лебедь, щука и рак», «Зеркало и обезьяна», «Дуб и трость», «Волк и ягненок», «Мартышка и очки», «Стрекоза и муравей», «Осел и соловей» т.т. Көбеев аудармасында оригиналға қатысы жоқ оның өз ойына арналған сөздер, жолдар, шумақтар кездесе береді. Оригиналға жанаса жүрген бұл көп куплеттер өз алдына бір шығарма сияктанып тұрады – «Құмырсқа мен шегіртке», «Маймыл мен айна», «Аққу мен шортан һәм шаянның» алдындағы шумақтар оригиналға жуыспай дербес тұр.

«Айна мен маймылды» Көбеев мүлтіксіз аударған демесек те (басняның соңындағы бес жолы қалып қойған), шығарманың қай жерлері оригиналға жуық.

Я удавилась бы с тоски,
Когда бы на нее хоть чуть была похожа.

А, ведь, признайся, есть

Из кумушек моих таких кривляк пять-шесть⁵⁴⁹, –

деген жолдар былай тәржімаланған:

Осындай біздерде де шіріктер көп,

Берейін нанбасаңыз сынап саған.

Қайғыдан қапа болып өлер едім,

Бір жерім болса ұқсас егер оған⁵⁵⁰.

«Маймыл мен көзілдіріктің» соңғы бес жолы аударылмаған және Крыловта жоқ, «жауыздың сақтаныңыз тіліне ермей» деген сияқты оригиналдың осы жеріне келмейтін жолдар да кездеседі.

«Аққу, шортан һәм шаянның» алдыңғы сөздеріне Көбеев ел ынтымағы жайында өз ойын ортаға салады да, бірлік болмағандықтан, қазақтар өмірі өксуде екендігін:

⁵⁴⁹ Крылов И.А. Басни. – М.; Л.: Из-во АН СССР, 1956. 132-б.

⁵⁵⁰ Көбеев С. Үлгілі тәржіма. – Қазан, 1910. 15-б.

Ынтымақ жоқтығынан біздің қазақ.
Кем жұртқа һәр бір түрлі болды мазак, –

дейді.

Осы ойын айтып алғаннан кейін ғана «Лебедь, щука и рактың» тәржімасын бастайды. Көбеев Крыловтың айтқанын мысалға келтіру арқылы да ойын дәлдей түспек. «Кенескен аққу, шортан, шаянменен Тыңдаңыз тәржіма етіп жазған хатты» деген ол береке болмай, әрбіреуі әр жаққа тартып, жүкті орнынан мызғыта алмағандардың ісін ұжымсыздықтың айғағы деп түсіндіреді.

Көбеев «Құмырсқа мен шегіртке» уақиғасы қазақ өмірінің қандай жақтарын ескертуі мүмкін екендігін айтпақ. Сауыққой, жалқау, өмірін қамсыз өткізген шегіртке мен алдыңғы күнін ойлайтын еңбек сүйгіш құмырсқа жайы сөз болады: біреудің малын сырттай иемденсең, өкінерсің, қамсыз жүрме, жақсының шарапатынан күдер үзбе, «сақтықта қорлық жоқ деген сөз бар» деп шаруашыл болуға үндейді. «Қасқыр мен қозы» оригиналындағы: «Но мы истории не пишем; а вот о том как в баснях говорят. Ягненок в жаркий день зашел к ручью напиться...», – деген жолдар қалып қойған. И. А. Крылов баснясының моралі туралы: «У сильного всегда бессильный виноват: тому в истории мы тьму примеров слышим», – десе, қасқыр мен қозы уақиғасынан өзінше қорытынды шығарған Көбеев:

Жауыздар бұл секілді біздерде көп,
Жүрмейтін жайын біліп, жөніне тек.
Біреуге залымдықпен назары ауса.

Келеді жоқ нәрсені кінә қылып⁵⁵¹, – дейді.

«Осел и соловейде» бұлбұлға ақыл айтып, әтештен үйренсең, өнерің аса түсер еді деп надандығын асырған есек туралы Крылов: «избави бог, нас от таких судей», – десе, Көбеев аудармасына арқау болған – есектің ессіздігі, білмей білгішсінгендігі. С.Көбеев бұл шығарманың ырғақтық, интонациялық, көркемдік қасиетін әлсіретпей аударған демесек те, ол Крылов сөздерін жұртқа жеткізуді ұқыптаған.

Тут Соловей являть свое искусство стал:
Защелкал, засвистал,
На тысячу ладов тянул, переливался;
То нежно он ослабевал,
И томной вдалеке свирелью отдавался,
То мелкой дробью вдруг по роще рассыпался⁵⁵², –

деген жолдар былай аударылған:

⁵⁵¹ Көбеев С. Үлгілі тәржіма. – Қазан, 1910. 35-б.

⁵⁵² Крылов И.А. Басни. – М.; Л.: Из-во АН СССР, 1956. 66-б.

Сандуғаш сол арада әнге басты,
 Жаңғыртып кетті даусы күллі ағашты.
 Білімін құдай берген аясын ба,
 Неше түрлі құйқылжытып лебіз салды.
 Дауысын кейде көтеріп, кейде созып,
 Тыңдауға ләззәтлі үнін шашты⁵⁵³.

«Емен мен шіліктің» ырғақтық, идеялық-көркемдік қасиетін толық жеткізе айту шамалы. Шығарманың ұзын ырғасы түсіндірілген, оригиналға қатысы жоқ жолдар да кездеседі, аударма әлдеқандай бір әңгімеге айналып кеткен. Оны автордың өз сөздерінен де аңғарасыз. С.Көбеев емен мен шіліктің таласын айтпас бұрын:

Басында әжептәуір әңгіме еді.
 Аяғы шайтан түртіп болды егес.
 Кітаптан көргеннен соң жаза салдым,
 Қасында тыңдап тұрған сіздер емес, –

дейді.

«Емен ағаш пен тал шыбықтың» алдыңғы 16 жолын оқығаннан кейін ғана оригиналға тән-ау деген сөздер басталады. Ойын мезгей түсіндіріп, жуан мойын тәкаппарлардың қалай мерт болғанын аңғартқан Крылов Көбеевте: «мықтылықты күшің болса, орнымен қыл» демейді, даяр қорытынды бермейді. Емен мен шіліктің кім екенін оқушылар олардың сөздерінің ісінен аңғартады. Ал Көбеев Крыловта жоқ басқа бір моральдық қорытынды жасайды.

Бай болсаң дәулетінді көңліңе алма,
 Көршіге семіздік қып, қысым салма.
 Мықтылықты күшің болса орнымен қыл,
 Бәрін де беретұғын жалғыз алла⁵⁵⁴, –

дейді.

«Емен мен шілік» тәржімасының олқылығын осы шығарманы Абайдың қалай аударғанымен салыстырудан айқынырақ аңғарасыз. Абай Крылов шығармасының идеясын, ойын, көркемдігін әлсіретпей, зор ақындықпен жеткізе білген.

С Тростинкой Дуб однажды в речь вошел.
 «Поистине, роптать ты вправе на природу, –
 Сказал он, – воробей и тот тебе тяжел»⁵⁵⁵.

⁵⁵³ Көбеев А. Үлгілі тәржіма. – Қазан, 1910. 50-бет.

⁵⁵⁴ Сонда, 4-б.

⁵⁵⁵ Крылов И.К. Басни. – М.; Л.: Из-во АН СССР, 1956. 8-б.

Шілікпен емен бір күн сөйлесіпті,
 Аллаға неден сорлы жаздың депті.
 Торғайғада майысып солқылдайсың –
 деп аударса, осы жолдарды С.Көбеев былай аударған:
 Емен айтты, ей шыбық, сөзім тыңда,
 Болсаң да тұрмайтұғын өзің күнға.
 Титтей желге бұлғақтамай тұра алмайсың,
 Сына ма деп қорқамын майысқанда
 Шымшық қонса, басына иілесің⁵⁵⁶.

Вдруг мчится с северных сторон,
 И с градом, и с дождем шумящий аквилон,
 Дуб держится – к земле Тростиночка припала, –
 деген үш жолды бір жолмен шала-пұла тәржімалаған Көбеев: «Бір айдың солтүстіктен дауыл соқты» деп өте шығады. Дауылдың алып келген сұрапылы, оның еменді түбірімен қопарған екпінді күшіне арналған әсерлі сөздер қалып қояды. Крылов шығармасының бұл жерін Абай былай аударған:

Кавказға бір қап-қара бұлт мінді,
 Естіп тұрған кісідей тау күңіренді.
 Жер-дүниені шаң, тұман қабат басып,
 Ойнақ қағып құтырып дауыл келді⁵⁵⁷.

Қазақ қауымын орыс халқының ұлы ақыны Лермонтов поэзиясының бір үлгісімен таныстырған, қазақ әдебиеті мен орыс әдебиеті қарым-қатынасы арта түсуіне ат салысқандардың бірі – Шәңгерей Бөкеев. Ол тәржімалаған «Қашқында» («Беглец») ел намысын елемеген, жан сауғалап, жаудан қашқан, қарғысқа, кеш-пес кекке ұшыраған Нарун ісі көрсетіледі. Отанын қорғаудан жан аяған, озбырларға қарсы қан төгісте жолдастарымен бірге жан қиюға жарамаған, жұртқа кінәлі Нарун, патриот ана мен Сәлім жайы сөз болады. Шәңгерей аудармасында «Беглецтің» уақиғасы мен идеясына нұқсан келтірмеген, шығарманың көркемдігін сақтау ісіне недәуір күш салған.

Әкесі мен ағаларынан өлідей айрылып, жауынан кек алмай аулына келген Нарунға досы Сәлім:

⁵⁵⁶ Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармаларының толық жинағы. – Алматы, 1948. 211-б.

⁵⁵⁷ Сонда, 212-б.

Ступай – достоин ты презренья.
 Ни крова, ни благословенья
 Здесь у меня для труса нет⁵⁵⁸.

Һарунға Сәлім үйден кет, шық! дейді,
 Масқара, елдің тәмам сен шық деді.
 Кісіге сендей қорқақ фанаһ үшін –
 Не үйім, не дер дуғам һәм жоқ деді⁵⁵⁹.

«Һарун жауымнан кек ала алмады, қылышым жат жерде қалды, сенің көз жасыңды сүртіп, қайғы-қасіретіңе ортақ болу үшін өлім аузынан азар аман келген кенжең» дегендерді айтып анасынан мархабат күтеді. Елі үшін соғыста өлген ері, балаларын еске алған ана қорқақ ұлдан безінеді.

Молчи, молчи! Гяур лукавый,
 Ты умереть не мог со славой,
 Так удались, живи один.
 Твоим стыдом, беглец свободы,
 Не омрачу я стары годы,
 Ты раб и трус – и мне не сын!⁵⁶⁰

Сөйлеме залым гауір бу жасыңды,
 Қимадың жақсы өмірге бір басыңды.
 Кет жалғыз, қашқын болған масқараңмен,
 Қояйын қарайтпай-ақ ақ шашымды.
 Қорқақ құл, енді маған бала емессің
 Сүрттірмен ұятыңмен көз жасымды⁵⁶¹.

Жұртқа, досына, анасына қадыры кеткен Һарун өледі, оның денесін көмушілер де болмайды, Һарунның жарасынан аққан қанды ит жалайды, одан жас балалардың да жиіркенгені айтылады. Бұл уақиғаның жұрт ортасында аңыз болып таралғандығы туралы:

И тень его в горах востока
 Поныне бродит в темну ночь.
 И под окном поутру рано
 Он в сакли просится, стуча,
 Но, внемля громкий стих Корана,

⁵⁵⁸ Лермонтов М. Поэма.– Л., 1950. Т. I. 68-б.

⁵⁵⁹ Көк селдір. – Орынбор, 1910. 18-б.

⁵⁶⁰ Лермонтов М. Поэма. – Л., 1950. Т. I. 65-б.

⁵⁶¹ Көк селдір. – Орынбор, 1910. 20-б.

Бежит опять под сень тумана,
Как прежде бегал от меча⁵⁶².

Кеш болса, қаңғырумен кезіп жүрген,
Түн сайын терезені тықылдатып,
Кіруге үйге мойнын созып жүрген,
Есігіп Құран даусын тез қашады,
Бұрынғы ғадетінше қашып жүрген⁵⁶³, –

делінеді.

Бекет Өтетілеуовтің «Дүние ісі ахиретке кетпес» (1912), «Жиған-терген» (1914) деген кітаптарына оның көптеген аудармалары кірген. «Бала мысық пен қара торғайдан» кездесетін:

Қиссалы қараторғай біздің халық,
Алысты жақынға жүр айдап салып,
Жақынын мұқаттырып дәндетіп ал,
Өздері отырмайтын аман қалып⁵⁶⁴, –

деген сияқты бір, не екі, не үш шумақ болып келген өлеңдер Крылов шығармаларын аудару нәтижесінде туған Бекеттің өзіне тән шығармалар.

Бекеттің Пушкин, Лермонтов, Крылов, Жуковский, Хемницер, Красовский, Плещеев шығармаларын аудару арқылы қазақ қауымын орыс ақындарымен таныстыруы – заманына қарай құнды еңбек. Бекет аудармалары оригиналға үнемі сай келе бермеген десек те, ол кезде аударма тәжірибесінің ретке келмегенін еске алсақ, Бекеттің кінәсі жеңілдей түсетін сияқты.

Бекет «Три пальмының» көркемдігін әлсіретпегенді ұқыптап, оригиналдың ажарын келтіріп тұрған сөз тіркестерін түгел аударуды құнттаған.

И шел, колыхаясь, как в море челнок,
Верблюды за верблюдом взрывая песок...
И конь на дыбы поднимался порой,
И прыгал, как барс, пораженный стрелой...
Но только что сумрак на землю упал,
По корням упругим топор застучал⁵⁶⁵, –

деген жолдар былай тәржімаланған:

⁵⁶² Лермонтов М. Поэма. – Л., 1950. Т. I. 66-б.

⁵⁶³ Көк селдір. – Орынбор, 1910. 21-б.

⁵⁶⁴ Өтетілеуов Б. Жиған-терген. – Орынбор, 1914. 17-б.

⁵⁶⁵ Лермонтов М. Стихотворения. Л., 1950. Т. I. 24-б.

Қайықтай теңіздегі бұлақтасып,
Келеді тізген түйе құмды шашып...
Ширығып секіреді анда-санда,
Оқ тиген жолбарыстай батқан жанға.
Шағында қараңғы боп шапақ батқан
Естілді балта даусы балта шапқан⁵⁶⁶.

И.А.Крыловтың «Крестьянин и река», «Кукушка и горлинка», «Лисица и виноград», «Соловьи» деген шығармаларынан қалып қойған сөз тіркестері бар. Әнімен жағып, қоршаудан құтылмақ болған бұлбұлдың бір ісіне Крылов екі жол арнап:

И песнью он зарю вечерню величает.

И песнями восход он солнечный встречает⁵⁶⁷, –
десе, шығарманың осы жерін өзінше толықтыра, ажарлай түспек болған Бекет екі жолды төрт жолмен аударды:

Сайрайды сәуле беріп таң атса да,
Болмаса, кешке айналып күн батса да.
Алады мың құбылтып, құйқылжытып,
Жақындап түн ортасы ел жатса да⁵⁶⁸.

Бекет аудармалары сәтті шыға бермеген. Ол кейде оригиналдың бір жерін дұрыс аударса, бір жерін долбарлай тәржімалайды. Балапан қарғаның желігіп, қой ілмей, қозы ілген бүркітті қомсынып:

Уж брать, так брать,
А то и когти что марать!
Бывают и орлы, как видно, плоховаты.
Ну, только ль в стаде что ягняты?
Вот я как захочу,
Да налечу,
Так царский подлинно кусочек подхвачу⁵⁶⁹, –

деген сөзін Бекет былай аударды:

Ойлады құс шығар деп бұл жамандау.
Қозыға жөн бе дейді тырнақ қандау?
Және де өзіңде көңлі болып,
Ойына кірді қиял қарап қалмау.

Тапқаны жас қозыма мұнша қойдан,
Мен ұшсам мұндайға бас ұра қойман.

⁵⁶⁶ *Өтетілеуов Б.* Жиған-терген. – Орынбор, 1914. 10-б.

⁵⁶⁷ *Крылов И.А.* Басня. – М.; Л.: Изд. АН СССР, 1956. 200-б.

⁵⁶⁸ *Өтетілеуов Б.* Жиған-терген. – Орынбор, 1914. 15-б.

⁵⁶⁹ *Крылов И.А.* Басня. – М.; Л.: Изд. АН СССР, 1956. 63-б.

Шындасам, патша алдынан әкетер ем
Тамағын дастарханға салып қойған⁵⁷⁰.

Бекет Крылов шығармасының сатиралық, интонациялық, ырғақтық көркемдік өзгешелігін дұрыс жеткізбеген деп жатпағанның өзінде, кейбір сөз тіркестерін байымына бара аударуды ұқыптамайды. «Откупщик и сапожниктен» де Крылов шығармасының ажары түсіп қалғаны байқалады.

Живи ты при своем богатстве:
А мне, за песни и за сон,
Не надобен ни миллион, –

деген шумақты:

Сіз маған, мен ғажаппын көп бергенге,
Басқадан мені тәуір һәм көргенге.
Берсең де бірақ маған көрінбейді,
Өлең мен ұйқым үшін миллион теңге⁵⁷¹, –

деу де сәтті шықпаған.

«Мешоктың» алдыңғы жолдарын бір сүре дұрыс аударған Бекет, соңғы он жеті жолды төрт-ақ жолмен тәржімалап, шығарманың идеялық, сатиралық қасиетін арттырып тұрған сөздерге лайықты назар салмаған. Крыловтың «великое дело миллион» деп, басы тозған қаптай құнсыз болса да, қалтасы қалың шағында, граф, князь, вельмождармен кәдірлес, «Играют запросто в бостон» деген сөздерге қандай мән бере айтқаны дұрыс ескерілмеген. Ол «Орелды» – қарақұс, «философты» – білгішім деп тәржімалады.

Светлейший лев! - ответствуют вельможи, –
Кто станет для тебя жалеть своей
Не только шерсти – кожи,
И мало ли у нас мохнатых здесь зверей⁵⁷², –

деген жолдарды:

Жиылған сол арада аю қасқыр,
Бас ұрып арыстанға, деді тақсыр,
Жүн түгі терілерін аямайды
Халқыңыз сіз әдейі айтқаннан соң⁵⁷³, –

деп тұспалдай аударады. «Светлейший лев, вельможи» деген сөздердің орнын «аю, қасқыр» деген сөздер басады, «халқыңыз сіз

⁵⁷⁰ *Өтетілеуов Б. Жіған-терген. – Орынбор, 1914. 27-б.*

⁵⁷¹ Сонда, 32-б.

⁵⁷² *Крылов И.А. Басня. – М.; Л.: Изд. АН СССР, 1956. – 238-б.*

⁵⁷³ *Өтетілеуов Б. Жіған-терген. – Орынбор, 1914. 36-б.*

әдейі айтқаннан соң» деген сияқты оригиналда жоқ сөз тіркестері пайда болады.

«Айқап» журналы бетінде жарияланған аудармалар ішінде Л.Н.Толстойдың «Ильяс», А.Чеховтың «Грач», И.А.Крыловтың «Стрекоза и муравей» деген шығармалары бар. «Стрекоза и муравейді» алғаш аударған Абай болатын. Бұл шығарманың бір аудармасын 1910 жылы жарияланған С.Көбеевтің «Үлгілі тәржімасынан» да оқисыз. Журнал бетінде жарияланған тәржіма Крылов шығармасының құнын түсіріп жіберген демесек те, Крыловта жоқ:

Айтты да шегірткеге мұны күліп,
Құмырсқа теріс қарап кетті жүріп.
Нәр кімге мұны оқыған берген ғақыл
Жүрмендер келер күнде мұндай болып, –

деген сияқты автордың өзі қосқан жолдар Крылов баснясына онша келісіп тұрған жоқ.

Революциядан бұрынғы орыс әдебиетшілері қазақ әдебиеті үлгілерін орыс тіліне аударса, қазақ ақындары орыс ақындары шығармаларын қазақ тіліне аударды, бұл ақындар орыс әдебиетінен нәр алудың алғашқы жолдарын белгіледі. Бүгінгі өреден бұл аудармалардың кейбірі сапасы онша емес десек те, бірақ сол нұқсанды деген аудармалардың да заманына қарай тарихи орны бар. Олар бір кездегі қазақ әдебиеті мен орыс әдебиеті арасындағы құнды аудармалар.

* * *

Патша заманында қазақ халқына, оның келешегіне үрке қарайтындар көп-тін. Ол кездің билеуші тобы қазақ, қырғыз, татар, өзбек сияқты Орта Азия халықтарын шеттетуді мәртебе санайтын. Арам ниетті бұл топ елді бұратаналар қатарына қосатын. Халықтың тілі, әдебиеті, мәдениеті өсуін тілемейтін, өшуін тілейтін. Былай да қоғам қыспаған көре-көре азабы асқан халықтарға зорлық-зомбылық, зұлымдығын жасай беретін. Қара ниетті қарауларға қосылмаған, қазақ халқының елдігін, әдебиетін сақтауды құнттаған орыс жазушылары да бар еді. Заманына қарай қазақтар жайын сөз еткендер ішінде В.Ушаков, В.Даль, Н.Веселовский, Г.Потанин, В.Радлов, Д.М.Львович, П.Инфантьев, Г.Гребенщиков тағы-тағылар бар. Бұлар өздерінше қазақ халқына қамқорлық жасады, орыстар мен қазақтар арасына дәнекер болуды ойластырды. П.Инфантьев Орта Азия халықтары жайында татаусыз анекдоттан басқа тартымды ештеңе

білмей білгішсінгендерді көреді. Оның бір ойынша, Орта Азия халықтарының рухани өсуіне кедергі келтірмеу керек, олар бізге іні есепті, олардың түрлі мұқтажын өтеуден бас тартпау мақұл. Отанның керегін білгісі келген саналы адам алдымен империя құрамындағы халықтардың жайын, халін жақсы білгені жөн. Халықтардың бір-біріне болыспай, көз алартысуы ұшпаққа жеткізбейді. Ғылым-білім, өнерден шала қалған елдердің бірі қазақтар кең пейіл, қонақшыл, білмегенін білсем деп тұрады. «Қазақтар – дарынды халықтың бірі. Олардың сөздері жатық, шешен, көркем келеді»⁵⁷⁴, – дейді.

Қазақ халқы орыс мәдениетінен нәр алуы арқылы қатарға қосылады деген ойға мегзеген, елді ғылым-білімге жұмылдырмақ болған орыс уәкілдерін кездестіресіз. «Киргиз-кайсақ» (1930), Бикей-Мауляна» (1860), «Киргизский народный певец Ногайбай» (1889), «Киргизский рассказ о русских завоеваниях в Туркестанском крае» (1894), «Жақсы жігіт» (1908), «По киргизской степи», «Путевые очерки» (1914) сияқты көптеген шығармалар жарияланды. Бұл шығармалар шама-шарқына қарай орыс қауымын таныстырған, екі ел ынтымағынан үміт күткен шығармалар.

Қазақтар жайын сөз етпек болған көне әңгімені бірі – «Киргиз-кайсақ». Бұл шығармадан қазақ өмірін білмегендік, үстірттік сезіліп тұрады. Сонау 1830 жылдары бұл сияқты шығарманың жариялануының өзі ойланарлық жай. Ол кез – крепостное правоның күш алып тұрған кезі. Пушкин, Гоголь сияқты орыс жазушыларының реалистік прозасы жапырағын жаңа жая бастаған-тын. Ол кезде патша қол астындағы халықтар идеологиялық, экономикалық құлдықта еді. Сарай жағалаған дворяндарды, ақсүйектерді, князьдарды сынауға жол ашық па еді?

Билеуші топ уәкілдері қазақтарды «дикари» деп оқырса, мұжықтарды құлданатын, зорлық-зомбылыққа ұшырататын, өздерінің күйкі түсінігіне настанатын. «Киргиз-кайсақ», міне, осындай бір ауыр жағдайда жарық көрді. Шығармада қоғам адамдары арасындағы алшақтық, ақсүйектерден ынжықтар, надандар, пасықтар шығып жататыны айтылады. Бұлардың кейбірі ақсүйекпін, орыс князымын деп қоқиланғанмен, олардың мардымсыз жандар екені көрсетіледі.

«Киргиз-кайсақтан» қазақ, қалмақ, қырғыз, башқұрттың орыспен және оның ақсүйектерімен тең праволы болуы мүмкін емес дейтіндерді көресіз. Осы сияқты түсінікке төзбеген автор: казак нәсілді адам орыс ақсүйегінен кем бе? Бір елді рабайсыз мазақтап,

⁵⁷⁴ *Инфантьев П.* Этнографические рассказы. – С.-Петербург, 1890. 3-б.

екінші елге түңіле қарау жөн бе? Адамды еңбегіне, парасатына, адамшылығына қарай бағаламай, тұқымына, нәсіліне қарап бағалау надандыққа апармаса, жақсы жолға бастамайды деген сияқты ой білдіреді. Автор ақсүйекпін деп өрекігендерді, ана тілінде, яғни орыс тілінде сөйлеуді шам көріп, француз тілінде сөйлеуді мәдениеттілік дейтін орыстарды ауызға алады. Қарапайым қазақ қызынан туған Виктор Славинды орыс князьдарына қарсы қояды. Оны ақсүйекпін деп шіренгендерден білімді, тәрбиелі, өрелі, ұстамды етіп көрсетеді.

Автор жайы баяндалған адамдардың ішкі-тысқы дүниесін, іс-әрекетін, психологиялық толғаныстарын толығырақ баяндамақ болған. Шығармада көбірек сөз болған кейіпкердің бірі – Славин. Славин аштыққа ұшыраған, кәріптік көрген, жанталас үстінде Ермолаев деген казак орыс алдауына түсіп, жүкті болған қазақ қызынан туады.

Ермолаев бұл әйелге жақсылық етпейді. Нәрестесін құшақтап, жалғыз кеткен жас ана азап шегеді, қайыр сұрайды, баласын басқаға беріп жібереді. Славин бір ақсүйек әйелдің асыранды ұлы болып өседі. Ол княжна Софьяның қолына түскен хаттың бір жерінде тегін, жерін еске алғандай: «Бұрын болмаған даланы сонша неге аңсаймын. Европа елдерінің шартты мәдениеті, сыры маған қанық. Мен қоғам ішінде өстім, оның әдетіне үйрендім. Олай болса, сезіміме, ойыма сол қоғам әдеттері таңбасын салуы керек еді, ал бірақ олай емес, керісінше. Түсімде шексіз-шексіз дала және сәйгүлік аттарға мініп зырлатқан табиғаттың жабайы жандарын көрем. Мен олардың өзіме таныс әндерін естігендеймін. Дариядай кең, көк майсалы, қаптаған сансыз мал қызықтырады»⁵⁷⁵.

В.Ушаков Славиннің топас, алуан ақсүйектердің кесіріне ұшырағандығын қынжыла баяндайды. Білімді жасты князь-сымақтардың қор еткенін көреді. Славиннің «Киргиз-кайсақ» тектес болуы айып па? деген сұрақ қойылады. Нәсіпшілер, надан әкенің әмірін екі етуден тайсалған, уәдесінен танған княжна Софьяның жасықтығы, жалтақтығы сөз болады. Автор князь Любский мен граф Ремишев арасында болған дауға айрықша мән береді. Олардың нәсіл жөніндегі түсініктері арнайы айтылады. Князь Любский: «Славин киргиз-кайсақ нәсілінен, орыс ақсүйегінің қызына оны атастыру өрескел», – десе, Ремишев: «адамды біліміне, адамшылығына, еңбегіне қарай бағалаған мақұл», – дегенді айтады.

«Славин қазақ еді» делінгені болмаса, оның көп жерде қазақ екені көрінбейді. Автордың бір ойынша, «Славин қазақ қызынан

⁵⁷⁵ Ушаков В. Киргиз-кайсақ. – М., 1830. 13-б.

туғандықтан, қазақ болып қалмақ. Оның өскен ортасы, ақсүйектік тәрбиесіне қарай қалыптасқанын көре-тұра, ол орыс болып кетпеген еді», – дегісі келді. «Қазақтар арасынан Славин сияқты парасатты адамдар шығуы шам ба» демек болған авторлардың қазақтар өмірін білмей жорамалдап, сырттай тон пішкен кездерін де көресіз. Славин – Петербург жастарының талапты, білімді, тәрбиелі дегендерінің бірі. Ол «көздері шоқтай жайнаған сымбатты жігіт», жолдастарына қандай қадірлі, шет тілдерге де шебер, музыкадан да хабарсыз емес, өзі әнші, тамаша офицер; әскер қызметкері ретінде оны тосқан үлкен карьера бар.

Қазақ нәсілдес бұл адам дарындылығы, парасаттылығымен көзге түсе береді. Қара шаруалар мен кәріп-кәсірлерге жан тартып тұрады. Ол өз нәсілін қадір тұтады. Тегін жасырып, Софьяны алудан бас тартады. Бірақ Славин көп арманынан мақрұм қалады. Князьсымақтар зорлығын асырады. «Ол екі аяқты хайуан князь Любскийдің құрбаны болды» делінеді.

Ушаков Славиннің шыққан тегін арнайы сөз етеді. Оған: «мен екі елдің уәкілімін, бір жағынан – қазақ, екінші жағынан – қазақ-орыспын, көшпелі елден шықтым, дала баласымын, елді көргім келеді, мүмкін қазақтардың ордасына ұшырармын, кей шақта сол далада болғандай сезінемін», – дегенді айтқызады. «Диванда отырған Славинды елгезек күтушілері бәйек болып жүрген Азияның айдынды әміршісі дерсің. Оның ақылына зақым келді. Қазақтарды ойлап, сандырақтай бастады».

Славиннің шешесі қаталдық, рақымсыздық, әділетсіздік, кәріпшілік көріп, жаны жасыған адам ретінде бейнеленеді. Автор оның туғанда қойған атын да атамайды. Матренаның орыстардан бір үйренгені – иконаға қарап шұлғи беру. Ол мүләйімсіген монашкаға ұқсап та тұрады. В. Ушаков Матренаның ауыр халін, жас баламен қаңғып жүрген кездерін аянышты етіп баяндамақ болған. Ауыр күндерінің бірін еске алған Матрена: «Қыс болса тақап қалған еді. Бала мені азапқа салды. Ордада мал жұтап жатты. Ішерге ас болмады. Қайыр сұрадым. Баламды саттым. Оның бір дұрыс адамның қолында өскені мақұл болар деген ойға келдім», – дейді.

Автор туған, көрмеген қазақ даласы туралы Славинды талай толғандырса, оның шыққан түбі қазақ екенін қайта-қайта айтса, Славинге: «Игі ісімді бағалар деп ақымақ болыпшын. Шафағаттылық туралы аузы тынбайтын мәдениетті қоғам мүшелерінің істейтіндері, міне, осы... Отаным. Көшпелі қазақ даласы. Сендердің ішінде

неге қалмады екен?», – дегізсе, өз елінде, жерінде ес біліп, түсінігі қалыптасқан дерлік Матренаның халқын, жерін бір мезет есіне алмауы қалай? Ол сонша неге түңілген. Ол халқының бірде-бір жақсы ісін көрмей өскен бе? – Автор шалағайлық жасамаса, Матренаны дұрыс көрсете, бұл сұрақтар тұмаған болар еді. Ушаков былай да бақыты ашылмаған, өмір тақсіретін көре-көре қажыған Матренаны икона көрсе құр жібермейтін шоқынғыш етіп жібереді.

«Қара көздері жарқ-жұрқ еткен, кейпі түскен, қоңыр түсті ашаң әйел үйге кірді. Ол иконаға қарап шоқынып алды да, Славинге құрметпен бас иді. Үн-түнсіз Славиннің бұйрығын күтті» делінеді. Өмірі орыс арасында өткен Матренаның монашка іспеттеніп кеткені, құл мұжыққа тиіп, «құлдар» қауымына қосылғаннан басқа тапқаны айтылмайды.

В.Ушаков бала мен ана арасындағы әңгімені дөрекі баяндайды. Ананы баласы алдында мүсәпірсітеді. Ана баласымен дидарласуға келген мәртебелі ана ретінде суреттелмейді, ол тергеуші баланың қатал бұйрығын тосып тұрған бөгде жан. Автор ананы өз баласына тағзым еткізеді. «Славин: – Атыңыз кім? Әйел тізесін бүгіп отырып: – Атым – Матрена деп жауап берді. – Еріңіз қайда? Матрена – ерге бармаған едім деп қарапайым жауап қайтарады. Абыржып қалған Славин даусын көтеріп: Күйеуіңіз болмаған ба? Онда баланың әкесі кім? Әйел көзін төмен салып қызарып кетті, үндемеді», – делінеді.

Жағымсыз кейіпкерлер ретінде бейнеленген ақсүйектердің бірі – князь Павел Любский. Ол бекпін деп дандайсынғаны болмаса, өнері, білімі, сіңірген еңбегі жоқ, ата даңқын арқаланып, өзгелерді жәбірлеуге үйір, халыққа жаны жат, ұрт мінезді ескішіл адам. Ол қарапайым ортадан шыққан адамдарды менсінбейтін нәсілшілдігімен де оқшау тұрады. Ол ақсүйектер арасын жайлаған теріс көзқарас, салт-сананы қостайды. Бір-бірін ұнатысқан жастардың арасына іріткі салғалы жүрген князь Любский туралы граф Решимов: «Есекке ұқсаған мына қырсық Славин мен Софьяның некесін бұзбақ», – дейді. Любскийдің ойынша, орыс князінен туған қызға қазақ, қалмақ, қарақалпақ, башқұрт үйленді деудің өзі айып.

«Қазақтар, қалмақтар, қарақалпақтар тағы солар сияқты дала тұрғындары табыла берер... Орыс ханымына қазақ үйленіпті деген сұмдықты Любский тұқымы естімек емес» дейді. Любский келеңсіз ойдың адамы. Алайда, оның надандығына жол ашық, өйткені ондайларды қостайтын ақсүйектер тобы бар еді.

Княжна Софья адамгершілігі, тәрбиесі, білімі үшін ұнатқан ғашығы киргиз-қайсақ Славиннен айнаиды. Бостандығын, махабба-

тын ойлап, табандылық, батылдық көрсете алмайды. Адуын әкесінің әмірінен шыға алмаған Софья: «айтқанын екі ете алмаймын. Міне, ғашықтық айғағы мына жүзікті... мұны Славин беріп еді. Өле-өлгенше қолымнан тастамаспын деп едім. Күйеуімнен кеттім, енді оның әйелі емеспін», – дейді.

«Бикей-Мауляна» қазақтар мен орыстардың мәдениет, әдебиет, салт-сана жағынан алшақ жатқан бір кезін аңғартады. Автор тоғыз саққа жүгірткен ойын олай бір, былай бір бұрып бұлтаққа салады. Бір-біріне қайшы ойлар айтады. Ол бірде қазақ өмірінен алып сипаттаған адамдарды дұрыс көрсетпек болса, бірде оларды орынсыз қомсынады, «степные дикари» деп тіл тигізеді. Шығарма уақиғасы Жайық, Орал бойын жайлаған, Орынбор барып кәсіп еткен Бөкей Ордасы қазақтары арасында 1830 жылдары болған нақтылы іс ретінде баяндалады. Автор: «Бұл әңгіме бастан-аяқ болған істің айғағы, оны жасанды көріністермен ажарлап, өндеп, толықтырып жатудың еш қажеті болмайды. Барлық уақиғалар сол болған қалпында сөз болады»⁵⁷⁶ дейді.

Повестің түрлі бөлімдері жымдасып жатпайды. Мауляна мен Бикей уақиғасы ара-арасынан толып жатқан этнографиялық, тағы басқа мағлұматтар мол орын алған. Әңгіменің желісін орынсыз үзе бергенін мойындаған автор: «Әңгіме былай қалып, тағы да басқа жаққа ауып кеттім» деп те қояды. Жазушы бір көріністен екінші көрініске орынсыз жиі ауыса бергендіктен, шығарма аламыштанған, оның жанрлық тұлғасына нұқсан келген. Автор Бикей, Мауляна уақиғасын, қыз бен жігіттің алуан түрлі сезім толқындарын сөз ете отыра, сол кездегі қазақтардың әдет-ғұрпы, жол-жобасы, барымта, құн, бақсы-балгер, киім-кешек, той-томалақ тағы-тағылар жайында да ой білдіреді.

Даль қазақ өміріне Ушаковтан әлдеқайда жуық келген. Дальдің қазақ өмірі көріністерімен таныс екені, оның Ушаков құсап сырттан тон пішпей, дәлді бір болған іске, қазақ тіршілігіне сүйене отырып ой айтқаны сезіледі. Автор қазақ арасында: шалқыған байлар, дандайсыған жуандар, ар-ұяты мол адал ниетті әйелдер, қарапайым шаруалар, азап шеккен кедейлер бар екенін көреді. «Кей қазақтар мыңдап мал айдаса, кей жарлылардың бір үйлі жаны бір ешкінің сүтіне қарап қаңырауда» – дейді.

Орынборда сауда-саттық істерінің қалай жүргізілетіні, саудагерлердің қазақтардың мал-мүлкін тегін алып, өз пұлдарын қымбат сатып, момын елді жеп жүргені сөз болады. Бұхардан, Хи-

⁵⁷⁶ *Даль В.* Бикей-Мауляна.– С.-Петербург, 1861. Т. V. 186-б.

уадан, Қытайдан қаншама заттар келеді, әдемі кілем, асыл тас, құлпырған жібек дейсің бе – бәрі бар. Ал біз орыстар Орта Азия халықтарымен дұрыс сауда-саттық жүргізе алмай отырмыз, олармен қарым-қатынасты жақсарту шамалы.

Каспийде бірдебір орыс сауда кемесін көрмейсің. Сауда ісінің тізгінің парсы, татар, әрмандарға беріп қойдық. Өз арамызда пыппысық, айралы орыс саудагерлері аз беріп, көп алғанды ғана біледі. Саудагерлік өнер көрсетпей отыр. «Бұл арадағы орыс саудагерлері елу тиын беріп, бес сом алатынына көзі жетсе ғана сауда жасайды», – делінеді.

Автор әке мен баланың арасындағы егесті бастау үшін оқшау уақиға ұсынады. Есенгелдінің бәйбішесінен туған қыз қайтыс болады да, оның қайын-жұрты қалың малды қайтаруды талап етеді. Алғанын қайта беруден бас тартқан Есенгелді кіші әйелінен туған Бикеймен аналас қызын өлген қыздың орнына беріп жібереді. Бикей намыс шақырады. Туысымды сатқандар, қосымша алған қалыңмалды бөліспедіндер, бәйбішеден туған бір қыздың қалыңмалын мен алам, әйтпесе есебіміз бітпейді деп қиғылық салады.

Орыс ұлықтары мен Орта Азия елдерінен шыққан әкімдер арасында қиян-кескі қастасу болғаны, олардың реті келсе, бір-бірін жаулап жүргені сөз болады. 1758 жылдан 1832 жылға шейін киргиз-қайсақтар 3797 адамды тұтқындаған. Бірдебір адам шығын болмаған, ең бір жайлы жыл 1830-жылдар болды. Бірте-бірте өзара қатынас түзеліп келеді. 1837–1840 жылдар әредігінде хиуалықтар бірдебір орыс адамын тұтқындаған жоқ. Тұтқындағыларды қайтару онайға түспейтін. «Орыс тұтқындарын босатпақ болғандарды, олардың хатын тасығандарды хиуалықтар асатын, кескілейтін, отқа жағатын», – делінеді.

Міне, осынау бір ауыр жағдайда орыс тұтқындарына болысып, оларды құлдықтан құтқару жолында ерлік еткен, орыстар мен қазақтар арасына әлдеқандай дәнекер болған адам ретінде бейне-ленбек кейіпкерлердің бірі – Бикей. Ол қолға түссе асылатынын, жағылатынын біле тұра, орыс тұтқындарынан хат-хабар әкеледі. «Осы хатты әкелген Есенгелдінің баласы Бикейге жүз сом ақша, бес кез қызыл сукно берілсін», – делінеді. Бикейдің ержүрек талапты жігіт екені, қонақшылдығы, беделділігі, сөзін өткізе білетіндігі тағы-тағылар айтылды.

Бикей «дала аруы» Маулянаға ғашық. Автор Москваның сұлулары Маулянаға тең келе қояр ма екен? дегісі келеді де, жалмажан жалт береді, дөкір сөздер айтады. Мұндайда толқымалы ойын

тоғыз сакка жүгірткен автордың ішкі ниетін айыру қиын, ол тек ернінің емеурінін білдіргендей. Қазақ жанды адамды түсінерлік өресі жоқ екенін, шалағайлығын аңғартады. Жалтаққа салған автор Маулянаның мақтауын асырдым деген сөздерінде: «Егер сіз далаға, оның жабайы әйелдері мен еркектеріне аздап бой үйреткен болсаңыз... Бұл қоңыр түсті адамның келісті кірпік, көз, қас, еріні, маржандай тізілген тістері, біздің кейде қуыршаққа ұқсаған (ғафу етіңіз) Москва, Питер сұлуларына қандай оң берген болар еді. Оның шығыңқы жалпақ беті маған теріс әсер етпейді», – дейді.

Бикей мен Мауляна той үстінде танысады, бір-бірін ұғысқандай. Бұларды күндеген Бикейдің арам ағасы, Маулянаның көсе күйеуі Жанкүшік кектенеді. Той үстінде Бикейге қошемет көрсеткендердің шуын естіген Жанкүшік бойын ыза кернеп, тойға жиналғандар ішінен шығып кетеді.

Ол енді бұдан былай қолдан келген қастығын істеп бақпақ. 80-ге келіп алжасқан, адуын әкесін – Есенгелдіні азғырады. «Бикей әкесі сенің де, ағалары біздің де сөзін елемейді. Көзің тірісінде орныңды алмақ» деген сияқты толып жатқан жаланы қаптатады. Ол туралы автор: «Жанкүшік барып тұрған айуан еді», – дейді.

Автор повестің ара-арасында ас беру, ат шаптыру, балуан күрестіру, айтыс, ду-думан өткізу жайын арнайы сөз етеді. Қазақтар жол-жора, салт-санасын кәдірлейтін халық. Орыс «зәкүні мен абақтысынан» үрейленеді. «Біздің сарайдай абақтыларымыз» олардың аза бойын қаза етеді, сайлап алған билері, қадірменді ақсақалдары айтқанын тыңдап үйренген. Хан-қара, ақсүйек, қарасүйек деген сөздерді естігеніңізде, хандарына, ақсүйектеріне бас шұлғып жүрген қазақтарды табар ма екенсің? Олар еркіндікті сүйеді, орыс крепостнойлықтары сияқты пәнгіп кетпеген. «Крепостнойлықтар – үнсіз құлдар, қазақтар өздерін ерікті санайды, олар сұлтандарына да жөнді бағынбайды». Бұлар арасына тараған індеттер: барымталасу, құн даулау, қалыңмал. Қазақтардың ерлері де, әйелдері де ержүрек келеді. Қазақ әйелдерін «бейне бір амазонкалар дерсің», – дейді автор.

Бикей де, Мауляна да барымташыларға тойтарыс берген, ерлігі, айлалығымен көзге түскен, бір-біріне сай адал адамдар ретінде де бейнеленеді. Есенгелдінің аулына ат ойнатқан барымташылар айдап кеткен көп малды Бикей ерлікпен айырып алады, талай адамның алғысын алады, ер жігіт атанады.

Оның қаскөй, қорқақ ағаларының ынжықтығы осы барымта тұсында бір көрінеді. Есенгелдінің аулын ойрандағандар Мауляна

аулына да шабуыл жасайды. Көп тұтқындарға қоса Маулянаны ала кетеді. Айлалы, ер жүрек қыз орайын тауып, айдап келе жатқандардың бірін аттан жұлып түсіріп, оның жүйрік атына мініп, көзбе-көз құтылып кетеді. Шапқыншыларды қуып келе жатқан Бикейдің алдынан шығады. Автор: «Бикей мен Мауляна үлкен абыроймен қайтты. Жұрт: «Бикей жігіт, Бикей батыр, Бикей сұлтан, хан десті», – дейді.

Бикей айттырған қалыңдығына көңілі толмай, Маулянаны тандайды. Аңсап қосылған екі жастың рухы өсіп, көңілдері көншігендей. Бикей де, Мауляна да қиыншылыққа қоса көнген, жан қиысқан ер жандар, тату зайыптар. Мауляна қазақ тіршілігіне икемделіп өскен ақ саусақтықтан аман, шаруашыл, адал жас. Ол қалыңға кетпей, қалағанын таба білгендігімен де адамшылық өресін танытқандай.

Жалпы баяндалған кейіпкерлер туралы біркелкі дұрыс сөз айтқан автор кейде қисынсыз ойға жол береді. Қазақтар қоғамдық тәртіп көрмеген, жеңкіліп көшіп жүргендер деп те түсінеді. Бұлардың дәйім айтып жүретін эпостық жырлары да жоқ сияқты. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Бозжігіт», «Ер Тарғын», «Алпамыс» тағы сандаған дастандар ауыз әдебиетінің жетілген түрі, салалары болғанын Даль білмейді. Ол бір сөзінде: «Қазақтар көбінесе тау, ағаш су, түйе... көзіне көрінгеннің бәрін қалай болса солай өлеңге қоса береді, мәнерсіз бірдемені жырым деп айта береді», – дейді.

Автор қазақтарды бірде кемітсе, бірде оған жан тартқандай. Бұл халықта оянбаған дарындылық, рухани күш бар: өнер-білімге жол ашылмай, теңсіздік оларды шырмап жүр демек те болады.

Ауыл-аймағына беделді адам ретінде бейнеленген Бикейдің кейбір оқыс істері де сөз болады, оның ескі ұғым аясынан аса алмаған қарапайымдылығы айтылады. Ол кейде ағаларының мал-мүлкіне қол салады. «Сендер – менің малшыларым, дауылда, жауында қақаған қыста мал азабын көре беріңдер. Бәрібір мал менің малым, керегімді тартып алсам да, қолымды кім қағады», – деп күш көрсетеді. Бұрыннан қатты күндеп жүрген Қонақбай мен Жанкүшік енді қалай да Бикейдің көзін жою амалына кіріседі. Есенгелдіні Бикейге айдап салады, әке мен баланы араздастырады. Ашуы шектен асқан Есенгелді «Көздері шатынап, еріндері дірілдеп, қалш-қалш етеді. Шақырындар. Мен оның әкесімін... Бикейді не өлі, не тірі қолыма әкеліңдер!» – деп бұйырады. Осы сөзді көптен күткен Қонақбай мен Жанкүшік енді өрлене, қуана түседі. Екіленіп Бикейге келеді. Бикей бұларды жадырап қарсы алады. Олардың балағаттау сөздеріне мән бермейді. Жанкүшік өте бір зілдей затпен бар пәрменімен Бикейді ұрып жібереді. Басы қақ айрылып кеткен Бикей атының жалын құшып, жан тапсырады.

«Бикей-Маулянада» жайы баяндалған кейіпкерлердің бірі – Жанкүшік ар, ұят дегеннен жұрдай. Ол сұлтандардың әмірін орындап та талайлардың қазасына ортақ болған қанішер. Жанкүшік Маулянаны мұқатпақ, «маған тиесің, жесірімсің» деп дікілдейді. Оның күбіте сөйлеген тұрпайы сөздеріне, арам ісіне шыдамаған қаралы әйел Жанкүшікке қанжар ала ұмтылады. Ол азар қашып құтылады. Маулянадан үмітін мүлде үзетін болады.

Жарынан айрылған, қорлықтан басқа көрері қалмаған Мауляна жылаудан бас алмай, жас гүлдей солады. Бостандық іздеген ер қыз ауыр заманның, надан ортаның дүлей күшіне ұшырап, мерт болады. «Ол жазды күні, күйеуі қайтыс болуына жыл толмай 22 жасында 1932 жылы қайтыс болады», – делінеді.

А.Ивановский Ноғайбай ақынның өлеңдерімен таныстыру арқылы көптеген ойлар айтады. Ноғайбай жұрт ұнатып тыңдаған, жыры әсіресе кедей-кепшік, жатақтар арасынан мызғымас орын тапқан, халықтың ауыр халін көріп күйзелген, елдің еркіндігін аңсаған, ізгі ниетті майталман ақын ретінде сөз болады. Оның поэзиясы мұңға, шерге және кекке, ызаға толы. Ноғайбай: «Қайғы-қасіретті сілкіп тастармыз, жаңа өмір көрерміз, ол шақта мен де өзгеремін: екі шекті домбырамның құлағын басқаша бұрармын, күй де, ән де жаңарар»⁵⁷⁷, – деп сенеді. А.Ивановский берген мағлұматтарға қарағанда, Ноғайбай жырларында халықтың мұны бар, сондықтан оның сөзін тыңдауға әр тараптан андыздап келіп жатқан топ-топ қазақтарды көресіз.

Жиналған ду-думан, той-томалақ үшін емес, ел уайымын, езілгендер жайын баяндаған өлеңдерді есту үшін жиналады. Ноғайбай өз басы қайғысына қоса ел басына түскен ауыртпалықты жырлайды. Шерлене айтқан сөздерінде: «Мен анадан жыр етіп туғанда күн бе еді, түн бе еді? Білмеймін. Егер күндіз болса, аспанда жарқыраған күн жоқ еді. Оның алтын сәулесі жақындағы тауға, алыстағы далаға, мен туған лашық үйге түспеген-тін. Егер түн болса, күміс ай көкте жүзбеді, жұлдыздар жымындап күлмеді. Түнекте тудым, айналаны қоршаған қараңғылық», – дейді.

А.Ивановский Ноғайбайдың дарындылығына, төгілген жырына, домбыраға шеберлігіне таңданады. Бұл сияқты мағыналы, эсерлі, көркем сөзді қазақ ақыны аузынан бір естігенім осы жолы болды. Ноғайбай өлеңдері өмірі өксігендерге, қорлық көргендерге

⁵⁷⁷ *Ивановский А.* Киргизский народный поэт-певец Ногайбай: Этнографическое обозрение. Кн. III. – М., 1889. 101-б.

арналғандығымен де құнды. Ол халық қайғысын, жатақтар жайын жырлайды. Көптің мұң-мұқтажын айтуды арман етеді. Ол: «айналан толған зарды естімеуге бола ма? Кең даланы құйындай баса-көктеп өршеленген, тау-тасты, сай-саланы аралап, сумаңдаған қайғы-хасіретті, ауыртпалықты көрмеуге бола ма? Бұлардың бәрін де есіттім, көрдім», – деді деп те куәландырады.

Қазақтар туралы әңгімелер, этнографиялық очерктерден басқа драмалық шығармалар да көріне бастайды. Бұл тұста халық өмірінің сахнадан көрінуін құнттағандардың бірі – Г.Гребеншиков 1907 ж. «Жаксы жігіт» атты пьеса жазады. Автор пьесаның орыс тілінде де, қазақ тілінде де қойылуын талап етеді. Қазақ кейіпкерлері мен орыс кейіпкерлерінің бір шығармадан аралас орын алуының және бір үлгісін осы шығармадан көргендейсің. Орыстар мен қазақтар достаса біледі. Бұл елдер өмірі бір-біріне байланысты, оларды бір шығарма шеңберіне сыйғыза көрсетуге болады деген ойға меңзегендік байқалады.

Пьесаның уақиғасына – ақсақал Ақпай, оның әйелі Қадиша, баласы Сұлтанбек, жетім қыз Фатима, орыс адамы Николай Петрович және Ақпайдың көршісі Қошқарбай қатысады. Ақпай мал өсіріп, күн көруден басқа кәсіптің қажеттігіне түсінбеген қарапайым жан ретінде бейнеленеді.

Ол баласы Сұлтанбектің хат-қара танығанын, мал бағуға жарағанын місе көреді. «Жақсы жаза біледі, қазақша, орысша оқи алады. Ол әлі болыс болып кетер⁵⁷⁸, – дейді. Николай Петрович Сұлтанбектің оқи түсуін, гимназияны бітіруін қалайды. Орысша оқи берсе, баламыз жат болып кетеді, қалың мал төлеп, әйел алып беру керек деп жүрген Ақпай мен Қадишаны сөзге көндіреді. Сұлтанбектің оқыған азамат болып шығуына көмектеседі. Николай Петрович қазақ жастарының мәдениетті болуын ойлаған қамқорлы адам ретінде көрінеді. Қараңғылықта қамалып қалмау қажет, «Тек нардандар ғана қазақтарды қор тұтпақ. Жаксы жанды орыстар өздерінен кем көрмейді. Ал кем емес екендікті дәлелдеу де қажет. Сұлтанбек әлі-ақ талай орыстардан озар», – дейді.

Пьесада жайы баяндалған кейіпкерлердің бірі – жетім өскен қойшы қыз Фатима. Ол отанын емірене есіне алады: «Әкемді, аяулы, мархаматты шешемді көрмей өстім. Уа, күн нұрына бөленген көкмайса еркін, кең далам, алтын бесігім – жер анам, сен мені аялап, асырап адам еттің», – дейді. Ол зорлық-зомбылық, қиыншылық,

⁵⁷⁸ Гребеншиков Г. Жаксы жігіт. – М., 1907. 5-б.

жалғыздық көрсе де, бәріне төзе білген, жаны сүймеген жат адам талай жыл зорлап ұстаса да, Сұлтанбектің көмегімен қара ниет Қошқарбайдың қорлығынан құтылады.

Қошқарбай ар-ұяттан жұрдай, надандық басқан, арам нәпсі билеген, заманының өте бір тұрпайысы. Ол Фатиманы күштеп көндірем деп өзеурейді. «Қалың беріп, қыз алар мал менде жоқ, жалаңаш кедеймін. Маған сендей қалың төлемейтін жетім қыз керек, әйелдікке алам», – деп дігір салады. Жаны сүймеген жас әйелді бірнеше жыл зорлап ұстайды.

Пьесаның кей жерлерінде автор натуралистік жайттарға, орашолоқ ойға жол берген. Шығарманың тіл шеберлігі де онша емес. Композициялық олқылықтар кездеседі. Г.Гребенщиков жетім-жесірді жәбірлеу, көшіп-қонып жүруді мәртебе көру, қараңғылық тобанына көміліп, өнер-білімнен қақас қалу сияқты мәселелерді сөз етпек болады. Ағартушылық жұмысқа мән береді. Шығарманың басты кейіпкері Сұлтанбек – ел ішіне тараған озбырлық, надандық, әділетсіздіктің етек алмауын тежерлік, ел еңсесін көтеруге күш салатын, әйелдер бостандығын қорғайтын саналы азамат болып көрсетілмек. Еркімен ерге баруға жол ашылмай – Фатима сияқты қыздардың Қошқарбайларға қор болып жүргенін көрген Сұлтанбек адвокат болуды неге қалағандығы туралы: «Иә, Фатиманың халы тым ауыр. Ол қорғансыз, оған болысар жан жоқ. Шынымды айтайын, осынау қайта-қайта орала беретін уақиға менің заң факультетіне түсуіме себеп болды. Қазақ халқы, әсіресе қазақ әйелдерінің халы өте нашар», – дейді.

П.Инфантьев «Құттыбайдың сыбызғысы» деген шығармасында бір жетім баланың өмірін баяндау арқылы қазақ жастары орысша білім алса, өз өмірін көркейтуге мүмкіндік алар еді деген ойға мегземек сияқты. Құттыбай алтыға жетпей әке-шешеден айрылады. Жарлылық тәксіретін тартады, жалаң аяқ, жалаң бас қой бағады. Оның ауыл-ауылды, үй-үйді кезіп тамақ іздеп, сорпа-су сұрап жүрген кездері сөз болады. Баланың адам болып шығуын ойлар кім бар? Қойшы бала Құттыбайға қарт шопан Ибраһим сыбызғы жасап береді. Ширақ бала сыбызғышы болып алады. Құттыбайдың мектепке түсуіне орыс қызы көмектескені айтылады. Азып-тозып жүрсе де, жасымаған жаны тірі өжет бала зеректігімен көзге түседі. «Сабақты жақсы үлгеріп кетті. Шәкірттерге де, мұғалімдерге де сүйкімді болды», – дейді.

Қазақтардың күнделікті өмірін көрсетуге арнап очерктер жазған орыс жазушылары кезінде пайдалы қызмет атқарды. Очерктерде

қазақ халқының ерекшеліктері, көркемдік сана-сезімі, тамаша фантазиясы, кестелі сөздері, орамды тілі сөз болады. Очерк авторлары қазақ сөздерін, нақылдарын шығармаларына әдейі енгізе отырады, қазақ сөз оралымдары, өзгешеліктерімен орыс қауымын таныстырмақ талап жасайды, мұны «үмітсіз шайтан», «өлген келмес, өшкен жан-бас», «жайлау, ақсақал, барымта, бәйге, кереге, басқұр, шаңырақ, сырмақ» деген сөздердің сол күйінде қолданылуынан, не қазақша сөйлеу ыңғайына қарай бейімдеп айтқан «Пусть задавит меня албасты», «одному сайтану должно быть известно» деу сияқты мысалдардан байқауға болады.

Д.М.Львовичтің 1914 жылы жарияланған «По киргизской степи» атты кітабына қазақтар туралы он шақты очерк кірген. Автор бұл очерктерде қазақтар жайында сан түрлі мағлұматтар береді. «Балықшылар» атты очеркте кедейшілік салдарынан балық аулап, күн көруден басқа үлес тимей, кәріптікте жүрген балықшылар жайы сөз болды. Балықшылар өмірінің жүдеу жағына көз салған автор: «Өзен жағасындағы жартастар арасында, тар сайға тығыла орналасқан, ыс басқан қара қожалақ қос тұр. Қостың қасында – дертелері сорайған, қикайған ескі арба» дейді. Автор Шимановпен таныстырады. Бұл адам – бір жағынан, қазақ жуандарымен табақтас болса, екінші жағынан, орыс ұлықтарымен ұласқан, сөйтіп талайларды қан қақсатқандардың бірі. Ол патшаның рұқсатымен деп те жер саудалап, қойны-қонышын ақшаға сықайды. Жарлы-жақыбайларға да салық түссе де, ол тек тиын алып бермейді. Енді бірде автор Торғай қазағы Нұрғожа Атабеков жайын сөз етеді. Нұрғожа таза кәсіппен күн көрген қазақ халқының алуан аңыздарын, ертегілерін, әдет-ғұрпын жақсы білетін ыспар, әр нәрсеге епті, байымды, елгезек жолдас ретінде сипатталады. Нұрғожаның Шимановқа наразы екенін айту арқылы автор қоғамдағы кейбір теңсіздікке әдейі көз тіккен.

Д.М.Львович очерктерде сырға, сақина, белбеу, сәукеле сияқты заттардың шеберлікпен жасалғандығын да сөз етеді. Автор «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Сәуірде көтерілер рахмет туы» атты шығармаларды тыңдағанын еске алады. Қазақ ақындарының өмір құбылыстарын мәнеріне келтіріп, бұлжытпай айтып беруге ұста екеніне танданады. «Қазақтардан мұндай шығармалар кездеседі деп ойламаған едім. Естігендердің ең бір терең, ең бір нәзік, асыл сезімдері оянғандай болды. Қазақ халқының дарқандығы, байтақ даласы, кең аспаны, күркіреген өзендері, жадыраған жаздары, күз-қиясы, көк майса көктемі көзге елестегендей болды» дегендер айтылады.

Д.М.Львович кейбір очерктеріне қоғамдық мән береді. Қазақ арасындағы түрлі наразылықтармен таныстырады. Кедейлер кейістері арнайы сөз болады. Абылай қарт «Зарзаман», «Татьянаның Онегинге жазған хатын» жырлап береді.

Ол: «Шортанбай ақын ел халы туралы ойлар айтқан, жақсы ас, ат, думан-сауық іздеп, бас күйтейтін талайсыз, талапсыздар кімді көркейтер? Әділ билер ыдырады, 100 үйге старшина, 1000 үйге болыс, бір орыс писарь тағайындалатын болды. Еркіндіктен айрылды, елдің сәні кетті, алдау-арбау, пара алу, жала жабу көбейді, патша қыспаққа алды. Ақылына адамшылығына қарай бастық сайлау қалды, билікке айламен, парамен сұмдығын асырып келгендер халық қалаулысы емес, өз пайдасын ғана көздеген, ел сатқан қуыс кеуделерде халық сүйер жүрек жоқ. «Керзаманға кез келдік, шындық кетті, дүниенің тетігі ақшада, ақылды, адал, қайырымды кедейге күн жоқ», – дейді.

Д.М.Львович қазақтар тіршілігінің аумалы-төкпелі, тұрақсыз жақтарына көз салады. Көшпенді ел жұтқа ұшырап күйзеле береді, кешегі ауқатты шаруа бүгін тап-тақыр кедей. Құнарлы жақсы жерлерге орналасып отырықшы ел болуға талпыну керек. Қазіргі кең қоныс, байтақ дала қазақтар үлесіне мәңгі тиген бе? Жер – еңбек еткендікі. Жер игілігін көрем деген қазақтар бақи көшіп жүреміз демендер деген сияқты кеңес береді. Автор енді бір очеркте қой, қойшы жайын сөз етеді. Ол кездегі қойшылардың көрген азаптары, адал еңбегіне сай ақы ала алмай, қадірсіз болғаны айтылады. Қой жүнінен жасалған киізбен қазақтар керегелі үйлерін жабады, қой жүнінен шекпен, қоржын, басқұр тоқиды, қойдың сүтінен, етінен неше алуан тағамдар жасайды делінеді. Қазақтар өмірін жөнді білмей, үстірт ой айтып жүргендер сыналады.

Патша қол астындағы түркі тұқымдас халықтар халына көп үңілген көрнекті ғалымдардың бірі – Н.Веселовский 1894 жылы Петербуртта «Киргизский рассказ о русских завоеваниях в Туркестанском крае» деген кітап шығарды. Ол 1885 жылдары Түркістан өлкесінде болады, қазақтар туралы түрлі мәліметтер жинайды. Түркістан уақиғасы жергілікті ел әдебиетінен қандай көрініс тапты екен? Ресми мәліметтерден басқаны білмей, тек орыстар берген ақпарларға ғана сенсек, тұрғын халық түсінігінен би хабар болар едік деген сияқты ойға келеді. Веселовский Түркістан уақиғасы туралы жазылған шығармаларды өзінің танысы Әкрамбай арқылы Ташкент маңында тұратын, Ақжар болысы Шарболат аулының қазағы Қалибайдан алады. Ол 1885 жылдары 80-ге келген қарт әкесінің

айтқандарын өлеңге айналдырып, Веселовскийге жібереді. Бұл қарт Ақмешіт, Шымкент, Әулиеата, Ташкент қалаларына шабуыл жасаған патша генералы Черняевке қарсы соғысқандармен бірге тізе қосып, ұрысқан жүзбасы екен.

Н.Веселовский жариялаған нұсқаның бірі тікелей Түркістан уақиғасын баяндайды. Бұл бөлімде шығармаға арнайы ат қойылмапты. Шығарманың тілі шұбарлау, көркемдік дәрежесі ала-құла болғанмен, тарихи маңызы зор. Дастаннан екіұдай түсінік арнасы аңғарылады. Орта Азия уәкілдерінің бір жағы – елімізді, жерімізді жаулаған, кемпір-шал, қыз-келіншек, жас баланы қырған, өз басын оздырмақ, торғайдай тоздырмақ патша басқыншыларымен, оның қанішер генералы Черняевпен бітім жоқ, бағынып марқадам таппаймыз десе, екінші бір жақ – «дұшпанмен дос болудан» басқа лаж жоқ, көніп күн көреміз деген тоқтамға келеді.

Шығарма уақиғасы Черняев бастатқан патша басқыншыларының Ақмешітті жаулап, қарсыласқандарды қырғынға ұшыратқанын баяндаудан басталады. Молдахан, Рүстембек, Атабек, Қанағат, Мыңбай, Ғалымқұл, Сәлибек соғыстары сөз болды. Ақмешіт, Әулиеата, Шымкент, Алматы, Мерке, Түркістан, Ташкент қалаларының қантөгіске ұшырағаны айтылады.

Көп мұсылман қосыны,
Атқа басты қамшыны-ай.
Бедеулерден тер ақты,
Һәуадан құйған тамшыдай.
Тізелесіп атысты
Қызыл қанға батысып,
Сауытты қанға малшыды-ай (17-б.), –

делінеді.

Дастанда айрықша сөз болған қосын басылары – Ғалымқұл мен Мыңбай батыр. Бұлар патшаға, оның генералы Черняевке бас иеген, елі үшін, шал-кемпір, бала-шаға қамы үшін құрбан болған ерлер болып та сипатталмақ. Ғалымқұл: «шапқыншылар елімізді, жерімізді, шаһарымызды жаулады, қан төгіске салды. Бұл қорлыққа шыдарсын ба? Өлтірсек – қазы өлсек – шаһидбыз, халқымызды басқыншылардан қорғайық», – деген сияқты сөздермен қосындарын ерлендіреді. Ол Черняев жіберген елшілерге: «Қорқып бодам болмаймын, халық алдында арсыз, намыссыз атанбаймын.

Елшілер сәлем айтыңдар,
Черняевтей ханыңа.

Қызықпаймын

Арбалап артқан малыңа (38-б.), –

дейді.

Ғалымқұл қазақ, қырғыз, сарт, қыпшақ арасына үндеу таратады. «Ерлер бедеулеріңе мініңдер! Намыс, абырой кетпесін, сыналар кез келді! Басқыншылар қаптады», – деп жігерлерін жанып:

Черняевті көресіз,

Кет дегенмен кетпеді,

Кет деген сөзді кектеді, –

дей келіп, «қан төгіп күшпен бағындырмақ болған жау төнді» дегендерді айтады.

Соғыста қаза тапқан Ғалымқұл өлер алдында қосындарымен қоштасып айтқан сөзінде: «Басқыншыларға бас имендер, бірлікті жоймаңдар. Ташкентті алса, бодам боласыңдар, жау үлесіне түсесіңдер» деп ерлікке үндеп, бірлікке шақырады.

Бұл жұртты көріп алған соң,

Есек озар тұлпардан.

Шымшық озар сұңқардан,

Сақау озар шешеннен, –

дейді.

Ғалымқұлдың жұрт үшін жанын пида еткен қамқор жан екені де айтылмақ. Қалалардан айрылды, ерлер қаза тапты, жау масайрады, күйзелгендер енді қайда беттемек?

Бұзылар болды еліміз,

Құрыды айдын көліміз.

Бегіміз шаһид болған соң,

Дұспан болды досымыз, –

дескендердің қайғысы үстей түседі.

Соғыс шайқастарының ең бір ауыры Шымкентте болады. Бұл шайқаста Қыпшақ батыры айрықша ерлік көрсетеді. (Бір күн ұрыс ішінде мың тоқсанын құлатады). Бұрын бірдебір сескенбеген жаулары ығысқандай.

Мыңбай соғысын кейде қиссалар, кейде батырлар жыры сарынына сала жырлаған ақын: «бедеулер қызыл қанға малтықты», екі жақтан есепсіз көп адам өлгенін айтады.

Генерал Черняевтің қалаларды талқандағаны, кемпір-шал, жас балаға шейін қырғаны, қылыштың қыры, найзаның үші, мылтықтың, зеңбіректің оғымен бейбіт елді бодам еткені сөз болады:

Шымкентте қалған шыға алмай,
 Қыз бен қатын, ит, есек,
 Бәрі атылып өледі
 Өліктерге қараса,
 Кәлле жатыр, дене жоқ.
 Көп адам өлген атылып,
 Сауыттар жатыр жыртылып.
 Көметұғын адам жоқ.
 Өлік жатыр көшеде
 Ат, есекке басылып.

Жыршы, бір жағынан, Черняевтің озбырлығын, қанішерлігін, халыққа жасаған қиянатын көрсетсе, екінші жағынан, оны мадақтайды. Черняев «ғақылы асқан кісі екен, мұсылмандардың орысша, орыстардың мұсылманша оқуына жол ашты. Зорлық етпейтін, жерімізді» алмайтын болды».

Черняев тағы хат қылды.
 Ағаштан шауып ләт қылды.
 Сөзден қайтсам мен мұнда,
 Лағнет ұрсын деп,
 Черняев жаман ант қылды, –

дейді.

Ихандықтар уақиғасы шығармадан оқшау орын алады. Ғалымқұл, Мыңбай түсінігі жөнінен, олардың ісі – ел мүддесін сатып, патшаға жағып күн көруді мәртебе көргендердің бір айғағы сияқты. Ихандықтар көптен жырылып кетеді. Оп-оңай бодам бола қалады, ел мүддесін ойламайды. Ғалымқұл Иханның «жақсыларын ұялтады, жамандарын қорқытады, отаннан бездіндер, сатылдыңдар» деген сияқты сөздермен айыптайды. Ғалымқұлдың жазғыруына ұшыраған ихандықтар туралы:

Еркек бала, қыз-қатын,
 Біреуін қоймай Ғалымқұл
 Ташкентке қарай айдады, –

делінеді.

В.В.Радлов (1837–1918) қазақтар туралы келелі пікір айтқан, қазақ халқының бай фольклорын уақытында жинап, жариялап, мол мұра қалдырған.

Көрнекті ғалым В.Радлов: «байтақ жерді қиыр жайлап, шет қонып сапырысып көшіп жүрген қазақтардың тіліне жәрлікшек түспеген, бұл халықтың тілі табиғи әсем қалпын сақтаған, елдің ана шеті мен мына

шеті бір тілдей сөйлейді. Қазақ халқының көпшілігі исламды тек сырттай қабылдайды. Намаз оқу, ораза тұтуды ұқыптамайды»⁵⁷⁹, – дейді.

Ол түркі халықтарының әдебиетін жинау, жариялау, зерттеу нәтижесінде қазақ тілі түрік тектес ішіндегі халықтың сипатын мол сақтаған, орамдылығы, шешендігімен оқшау тұрған тіл деген қорытынды жасайды, фольклор нұсқауларын сұрыптап жинағанын, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ер Тарғын», «Бозжігіттермен» қатар «Жұм-жұма», «Қасен-Құсайын» сияқты діни қиссалар бар екенін ескертеді.

В.Радлов өрелі ойлар айтқан еді десек те, кейде ол оғаш кетеді. Оның қазақ тіліндегі өлеңдерді «Жыр», «Өлең» деп екіге бөлуі, фольклор нұсқаларын «қарасөз», «кітап сөз» деп жіктеуі, бунақты стопа мәнінде түсіндірмек болғаны – әрине, қазақ өлеңдерінің түрлерін, ұйқасты интонациялық ырғақты өзгешеліктерін үстірт түсінгендіктің куәсі. Ол «қара сөзді» – «үлгілі сөз», «бата сөз», «ұзатқан қыздың өлеңі», «жоктаған жыр», «қайым өлең», «қара өлең», «бақсының сөзі», «қазақтың бұрынғы заманының батырларының өлеңі мен мысал сөзі», «Батыр ертегі», «Ертегі» деп онға бөлсе, «кітап өлеңді» «үлкен қиссалар», «өлеңмен шығарған қысқа қиссалар», «Дін ислам ерлерінің қиссалары», «Дін үйрететін қиссалар» деп төртке бөледі. «Қарасөз» тобынан «Айт келін», «Жылама бикем», «Ақбала», «Ер Тарғын», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қарагөз сұлу» сияқты елуден астам нұсқаларды кездестірсек, «Кітап өлең» тобынан «Сейпілмәлік–Сақыпжамалды» ұшыратасыз.

В.Радловтан қалған фольклор қазынасы өзінің қоспасыз тазалығымен де құнды. Ол жинаған, жариялаған әдеби нұсқалардың кіршіксіз болуын ескерген. Аңыздардың, хикаялардың, түрлі өлеңдердің табиғи қалпын бұзбауды құнттаған. Мұны Ақжүністің Қартқожаққа айтқан сөзінен де аңғарғандайсыз.

Ей, Қартқожақ, Қартқожақ,
Атыңның басын тарт, Қожақ!
Менің немді сұрайсың?
Бұхар барсаң, қолаң бар,
Қоланды көр де, шашым көр!
Зергер барсаң қасында
Алтыннан соққан түйме бар,
Түймені көр де, басым көр!

⁵⁷⁹ Радлов В.В. Образцы народной литературы тюркских племен. Ч. III. – С.-Петербург, 1870. 17-б.

Тоғай барсаң, тоғайда
Домаланған қоян бар,
Қоянды көр де, жоным көр!
Қара жерге қар жауар,
Қарды көр де, етім көр!
Қар үстіне қан тамар,
Қанды көр де, бетім көр!

В.В.Радлов өзінің қазақ өмірін түрік тектес халықтардың фольклорын жинау, жариялау, тілін, этнографиялық өзгешелігін, салт-санасын зерттеу ісіне жұмсады. Том-том кітаптар шығарды, түрік тілдерін салыстыра тексерді, Орхон-Енисей жазбаларының сырын ашу жөнінде елеулі жұмыс жүргізді. «Наречие тюркских племен, живущих в южной Сибири и Джунгарской степи», «Сравнительная грамматика северных тюркских языков», «Опыт словаря тюркских наречий» деген еңбектер шығарды. Оның әсіресе қазақ халқының әдебиетіне сіңірген еңбегі орасан зор.

Қазақ әдебиеті мен орыс әдебиеті, осы екі ел достығының қарым-қатынасының жаңа бір белеске көтерілген шағы – Шоқан (1835–1865), Алтынсарин (1841–1889) мен Абайдың (1845–1904) тарих деңгейіне көтеріліп, әлеуметтік жұмыс жүргізген кезі болды. Бұлар халықтың өткенін, қазіргісін, келешегін, еркіндігін ойлап, тоқсан толғанды, армандарын айтты, демократиялық көзқарасқа үндеді, ағартушылық жұмысына шақырды, қорлықтан, зорлықтан құтылудың жолын іздеді. Олар өздерінің айтқандарында орыс мәдениетінен үйрен, қазақ халқы орыс халқынан тыс қалмақ емес деген ойға мезгеді. Қазақ халқының ардагер ұлы Шоқанның ерте дүние салғанын еске алған академик Н. Веселовский: «Қазақ хандарының әулеті, әрі орыс офицері Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов Шығыстану әлемінде құйрықты жұлдыздай жарқырап ағып өтті. Орыс ориенталистері бір ауыздан оны ерекше құбылыс деп танып, одан түрік халықтарының тағдыры хақында ұлы да, маңызды жаңалықтар ашады деп үміт күтті. Бірақ оның мезгілсіз қазасы біздің бұл үмітімізді кесіп кетті»⁵⁸⁰, – дейді.

Қазақ халқы туралы жазған көп оқымыстылар ішінен Г.Потанин (1835–1920) айрықша орын алады. Ол Омский кадет корпусында Шоқанмен бірге оқыған, түрік тілдес халықтар, әсіресе, қазақтар жайын зерттеу ісіне өзін ерте ұйғарады. Патша кезіндегі кей оқығандар қазақтарды бауыр тартып, бер жағы жылтырағанмен, әр жағы бықсып

⁵⁸⁰ Сочинения Чокана Валиханова / Под ред. Н.И. Веселовского. – С.-Петербург, 1904. 1-б.

жататын, «Туземцы, инородцы, дикари» деген шалдуар сөздерді ауыздарынан тастамайтын, кеміте сөйлейтін. Потанин мұндай өрескелдікке бой ұрмаған, қазақ халқына адал еңбек еткен. Оның Шоқанмен тіл тауып, достаса білуі, қазақ халқын орыс халқымен таныстыру жөніндегі игі істері айтарлықтай. Қазақ халқының ұлы перзенті Шоқанның өмірбаянын емірене жазды. Шоқанның шығармаларын Н.Веселовскийдің көмегімен жариялағандардың бірі болып та адамшылық, жолдастық борышын абыроймен ақтады.

Г.Потанин Шоқанның орыс жолдастарынан оза оқығанын, жан-жақты білім алып, халқына еңбек етуді аңсағанын, қазақ фольклоры нұсқаларын ынталана жинағанын, араб, парсы, орыс және түрік тілдерін білгендігін айтады. Шоқанның ерте ержеткенін ескерткен ол: «Жасы үлкен біздер оған қарағанда бала сияқты едік. Ол өзін ересек сезінетін. Оның білімдірек екені де әрдайым білініп тұратын»⁵⁸¹, – дейді.

Г.Потанин Шоқанның қазақ халқы мен өзге халықтар туралы айтқан кейбір пікірлерімен таныстырады: «Ол халқын ардақтайтын, оның келешегінен үміт күтетін, бұл ел бостандықты, бейбітшілікті аңсайды, «алдымен өз халқымды сүйемін, одан кейін Сібірді, одан кейін Россияны, одан соң күллі адам баласын сүйемін. Егер орыстар қазақтарды ұрып жатса, онда орыстарға қарсы шығам, егер француздар орыстарды тепсе, онда орыстарға жақпын», – дейді. Егер Шоқан елі ішінен өзіне оқырман қауым тапса, халқының данышпаны болатын еді, оның мәдениетін, әдебиетін гүлдендірер еді дегендерді айтады. Халқының бостандығын аңсаған Шоқан патшаның арам ісінен жиренеді. Генерал Черняевтің Түркістанды жаулап, қазақтарды талан-таражға ұшыратқанын, бейбіт елге бүлік салып, айуандық жасап жүргенін көреді, колонизатор, шовинистерден безінеді. Олардың сұмдық істеріне жаны төзбеген Шоқан туралы Потанин: «Піспекті не Әулиеатаны алған кезбе? Есімде жоқ. Шоқанның діндестеріне, тектестеріне яғни қазақтарға орыс армиясы көрсеткен айуандық Шоқанды қапа етті. Ол енді бұдан ары әскери жорыққа қатысуға төзбейтіндігін түсініп, Черняевтен бөлініп кетті», – дейді.

Г.Потанин қазақ халқы туралы игі ойларын ортаға салды, қазақ фольклорының түрлі нұсқаларын жинап, орыс тілінде жариялап та адал еңбек етті. Оның «Казак-киргизские и алтайские предания, легенды и сказки» атты көлемді кітабынан: «Шыңғыс-нама»,

⁵⁸¹ Сочинения Чокана Валиханова / Под ред. Н.И. Веселовского. – С.-Петербург, 1904. 14-б.

«Алаша хан», «Қазақ-қырғыз халқының рулары», «Жиренше шешен», «Алдар көсе», «Ер Төстік», «Қараман», «Шөже мен Шортанбай», «Ұр тоқпақ», тағы-тағы көптеген нұсқаларды кездестіреміз. Потаниннің айтқандарынан, жинап жариялаған материалдарынан халықтың өткені-кеткені, елдігі, ерлігі, рухани өзгешелігі, тарихи халы, әлеуметтік тәртібі, кәсібі, жер-суы сияқты мәселелер жайында көптеген деректер табасыз.

Қазақ әдебиеті мен орыс әдебиеті байланысы жақсара түсті, қазақтар Пушкинді, Лермонтовты, Крыловты бұрында өз тілінде оқитын еді десек, ал шын мағынасында қазақ әдебиеті мен орыс әдебиетінің достық байланысы, әсіресе совет дәуірінде шарықтады. Орыс қауымы бұрын Шоқан, Алтынсарин, Абай сияқты аздаған ақын-жазушыларды білетін болса, енді қазақ әдебиетінің көптеген уәкілдері – Әуезов, Мұқанов, Мүсірепов, Тәжібаев тағы-тағылардың сандаған шығармаларын өз тілінде оқиды. Қазақтар бұрын Пушкин, Лермонтов, Крылов сияқты бірен-саран ақындарды ғана білсе, енді Белинский, Гоголь, Тургенев, Гончаров, Толстой, Горький, Маяковский, Шолохов, Фадеев, Соболев, Твардовский шығармаларын ана тілінде оқиды. Қазақ әдебиеті уәкілдерінің кей шығармалары Совет Одағы шеңберінен асып, шет елдерге тарай бастады. «Ботакөз», «Абай жолы», «Оянған өлке», «Қараш-Қараш оқиғасы» тағы-тағы көптеген шығармалар қазақ әдебиетінің көркемдік, идеялық дәрежесін арттырды, қазақ әдебиеті мен орыс әдебиетінің достық, творчестволық байланысы жаңа өреге жетті. Бұл тұста Мұхтар Әуезовтің орыс халқы мен қазақ халқы әдебиеті байланысының терең сырын ашқан, қазақ өмірі құбылыстарын түбегейлі зерттеп, көп жылдар еңбектерін мол ойланып жазған «Абай жолы» эпопеясын арнайы атаған жөн. Бұл эпопеяда қазақ халқы өмірінің бір дәуірі терең тексеріліп, түпкір-түпкір шыншылдықпен шебер көрсетілген. Алдыңыздан барлық болмысымен біртұтас өмір өтеді. Жарқын болашаққа ұмтылған демократиялық ой уәкілдері және тарих жолынан сырыла бастаған кертартпаларды көресіз. Автор өмір уақиғаларын, фактілерін тізе бермейді, шығарманың идеялық-көркемдік, тарихтық, халықтық мазмұнын, қасиетін арттыруға қажетті деректерді сұрыптайды. Ел неден жиренеді, нені тіледі, соларды баяндайды.

Абай, тағы басқа көптеген адамдар туралы документтер, не дәлді естеліктер, күнделік дәптерлер болмаған. Құнанбай, Абай, Бегеш, Жиренше, Оразбай, Базаралы тағысын-тағылар жайында, олардың өзін, ісін, заманын жақсы білетін, көп білетін көнелер, ақылгөй ақсақалдар,

халық шежіресі қариялар айтқандарын блокнотқа әр кезде жалықпай жазып отырған Мұхтар: «Жас шағымда, Абайдың әйелі Әйгерімнен естіген сөздерім, Абайдың іні-досы Кәкітай, Көкбай, Мұқа сияқты кісілерден естігенім романды шындық мәліметтермен толықтыра түсуге көп себеп болды. Абайдың әкесі Құнанбаймен көп алысқан жігітек сияқты рулардың қарт-қариясымен де кездескенім бар. Абайдың өмір бойы досы болып өткен ертегіші Баймағамбет те көп қызық жайларды баян еткен еді», – дейді. Әрине, жазушының Абай, Құнанбай, Бегеш тағысын-тағылар туралы жұрт аузынан алған мағлұматтары бір мәндес бола бермеген. Сөз болған адамдар жайы әр түрлі бағаланған, олар бірде мақталса, бірде датталған. Осылардың бәрін сарапқа салып, дұрыс қорытынды жасау, керектілерін шығармаға енгізу, оларға көркемдік сипат беру, жазушыдан үлкен дарын керек еткен.

Ел арасына жайылған әңгіме бойынша, Қодар жұрт алдында айыпты, ол өзінің келінімен әуейі болған ұятты, айыпты адам, оның мойнында кешілімес күнә бар, сондықтан Қодар өлімге бұйырылады. Құдайбердин жазған шығармада да Қодар ақ емес. Ал Мұхтар шығармасындағы Қодар – Құнанбайдың арам ойынан туған қатал өмірдің құрбаны. Бұл фактілерге қарағанда, Мұхтар ел ішінен жинаған әңгімелердің бәрін сол күйінде пайдалана бермеген. Олардың кейбірін жұрт айтуынша баяндаса, кейбірін басқаша сөз еткен.

Мұхтар ел ішіне тараған өлең, мақал, мәтел, қанатты сөздер, аңыздарды ұдайы жинап, олардың қажеттілерін шығармасына енгізе отырған. Бөжейге бата оқи келген Құнанбай алдында Бөжей қыздарының:

Жау боп шықты Ырғызбай,
Айыпқа бердің бір қызды-ай.
Оның аты Құнанбай
Жүйріктігі құландай,
Шұбарлығы жыландай⁵⁸², –

деген сөздері, Сарыапаңның Бөжей қыздарына берген жауабы ауыздан алған күйінде берілген. Ауыздан алынған: «Кей аңғал аузымен айды алады, қолымен қосаяқ соға алмайды» деген сөздерді жаңғыртып, Абай дұшпандарының қосаяқ соға алмайтын башақ жан-дар екенін аңғарта айтқан Бегеш би сөзі етеді.

Пәлен айтты, түген айтты дегендер, рулар ішінде қандай айтыс, тартыс болған, олар қандай жерлерді, мекендеген, кейіпкерлердің ісі, түсі туралы не айтылған – барлығы қағазға түседі. Осының бір мыса-

⁵⁸² *Әуезов М.* Абай жолы. I кітап. – Алматы, 1955. 211-б.

лын мынадай сөздерден көресіз: «Оразбай – ақшыл, Медеуге ұқсас, семізше, ақкөз соқыр, сақалы шамалы, ер пішінді кісі»⁵⁸³. «Жиреншенің сақалы үлкен, беті, көзі, мұрны томпақ, сыртқары кісі еді, қалжыңбас, күлегеш, аузы тоқтамайтын»⁵⁸⁴. Мұхтар осындай мағлұматтар жинау үстінде кейіпкерлерін қалай сөйлету жөнінде ойына келгендерін де жазып отырады. Абай туралы жинаған материалдардың бір жерінен: «Дәндеген қарсақ құлағымен ін қазады. Өтірік айтқан жерде көп тұрма. Жамандыққа жақсылықпен орай бер» деген дау айтуға болады. Онда жақсылыққа нені орай етесің. Анығында жамандыққа әділ бол. «Жақсылыққа жақсылық қарыз орай болсын» деу керек. Абайға осыны бір айтқызу қажет. Достыққа достық қарыз іс. Дұшпаныңа әділ болды. Осыдан шығару керек»⁵⁸⁵, – деп оқисыз.

Мұхтар Әуезов Абай туралы роман жазбас бұрын ақын жайында көлемді ғылыми мақалалар жариялады. Ол Абайдың өз заманы жайындағы ойын зерттеуші әдебиетшіл ретінде көп алдына бір сала дарынды жазушы болып та терең мағыналы көркем топшылаулар жасайды, ғылыми түсініктерімен көркемдік түсініктерін үйлестірді, көркем тілмен де, ғылыми тілмен де жайы баяндалған Абай арасын ажыратпауды құнттайды.

Қазақ халқының өмірі реалистікпен кең және көркем терең баяндалған «Абай жолында» заман уәкілдерінің талайы іс-әрекетімен сапырылыса өтіп жатады. Қоғам құбылыстарын бойына мол сыйғызған бұл эпопея елдің рухани үлгісі болған Абайдың өмірі, үміті, арманы, айтысы, тартысы, халыққа еткен еңбегін көп сөз етеді. Халық қамқоры, «қалың елім қазағым» деген Абайдың асыл ойы – адал жандардың жүрегіне ұялап, сана-сезімін билеп, болашаққа мегзегендей. «Шабытты ақын көңілі көз алдына дала емес – шексіз, кең тынық теңіз жүзін көргендей: сол теңізге, өмір тарих мол мұхитына бір кеме жалғыз жалауын көтеріп жол тартты. Алға басып, белгісіз болса да, ғажайып шұғылалы бір жағаға ұзақ сапарға басты, ол кеме жалауында «Тартыс», «Үміт» деген ұран бар. Халық өмірін үстіне арқалаған сол кеме «келешек» деген жағаға қарай тартты. Бұл «Абай кемесі», кең жайқын әлемде сенімді түзу жол сызып, маңып барады. Алға барады, ұзап барады. Биіктен қиян, алыс көкжиекке қадалып қараған Абай көзі, ой көзі сол кемеңі оң сапарға ұзатып, талмастан телміре қарап қалыпты»⁵⁸⁶.

⁵⁸³ Әуезов М. ЛММА, ПКР, I, П. 29. 166-б.

⁵⁸⁴ Сонда, 153-б.

⁵⁸⁵ Сонда, 99-б.

⁵⁸⁶ Әуезов М. Абай жолы. II кітап. – Алматы, 1955. 439-б.

Заман таланттарынан ұрпаққа қалған мұралардың ойқастаған асқары болады, «Шахнама» «Отелло», «Евгений Онегин» «Ревизор», «Соғыс және бейбітшілік», «Сегіз аяқ» осындай шығармалар десек, «Абай жолы» да аталған нұсқалар қатарында. «Абай» романын неше рет қайталап оқысам, сонша рет әрдайым жана бір ой, жаңа бір көркемдік, бұрын оқығанда байқамай кеткен терендік табам»⁵⁸⁷, – дейді белгілі жазушы Ғабит Мүсірепов.

Шынды көлеңкелемей дұрыс көрсету үшін автордың субъективтік түсінігі объективтік өмірден шет қалмауға шарт. Автордың айғайлаған тенденцияға үйрлігінен көркем шығармаға нұқсан келетін кез де бар, көрсетілген өмір уәкілдері дараланбай, белгілі бір заманның, ортаның адамы болмай, жат жандар болып қалу бар. Адамдардың жалпы өзгешеліктерімен бірге жалқы өзгешеліктерін ескерген Мұхтар жайы баяндалған адамдардың заман уәкілдері болып көрінуіне назар салған, олардың хал-ахуал, іс-әрекетін, арманын, үмітін, сезім дүниесін бір-бірін ажырата бейнелейді. Алуан адамдардың моральдық-психологиялық өзгешеліктері заманына сай көрсетіледі. Ел ішінің жақсысы, жаманы, байы, кедейі, ақыны, әншісі, өнерпазы, шүлені, болысы, биі, сұмы, қуы, ұрысы, ұлығы тағысын-тағылар сыр-сипатын ашады. Сол кездегі салт-сана, жол-жора сөз болады. Өмір уақиғалары, құбылыстары қиыса, топтаса келіп, біртұтас тұлға жасайды, адақ-адақ қалпында көркемдік мән алып, жүйеге келмеген бытыраңқы фактілердің дарындылықпен композициялық қалыпқа келтірудің нақтылы үлгісін көресіз. Сан алуан, шым-шытырақ, қым-қиғаш істер дүркін-дүркін ұшырасады, тоғысады, үйлеседі, оғаш көрінерлік, шығарманың сынын бұзарлық дардиган оқшау көріністер жоқ, көркемдік, идеялық жөнінен өзін ақтамаған кейіпкер таппайсыз, түрлі көріністердің бірін алып тастасаңыз, эпопеяның тұлғасына нұқсан келгендей, иісі халықтың бір кездегі тұтас өмірін бір шығарма аясына шеберлікпен сыйғыза білу бар.

Шығармадан дүлейлердің өктемдігіне ұшырап, надандық құшағында булыққан, асыл арманы іске асырылмай өмірі өксіген жандарды аз таппайсыз. Әділетсіздікке төтеп берер күш әлі шамалы. Талайлар азаптанады, қиналады. Қам көңіл, шерменде жандар көресіз.

«Абай жолынан» философиялық, көркемдік шешім тапқан үш даналық байқалады. Оның бірі – халық туғызған даналық, екіншісі – Абай даналығы, үшіншісі – Абай заманы жайын баяндау нәтижесінде

⁵⁸⁷ Мүсірепов Ғ. Кіт.: М. О. Әуезовтің алпыс жылдығына арналған мақалалар жинағы. – Алматы: ҚазССР ҒА баспасы, 1959. 93-б.

туған Мұхтар тарапынан айтылған даналық. Осы үш даналықтың бір шығармадан лайықты мол орын алуы – эпопеяның тынысын кеңіте түскен, жазушы тар аяға тығылмай, көркемдік дүниесінің кең өрісіне еркін шыға білген.

«Абай жолында» қоғамның жағымсыз жақтары сарапқа салынады. Оның көлеңкелі күйкі қалпы сыналады, сол қоғам ішінен өніп шыққан демократиялық ой, гуманизм жайы айтылады. Эпопея қазақ тілінің ой білдіруге орамды, алуан бояулы бай тіл екендігін, осы тілдің терең сезім, философиялық түсініктерді іркілмей жеткізерлік зор қасиетін аша түседі.

Шығармада жік-жікке топтастырылған адамдармен танысасыз. Әсіресе, осы екі топ көбірек көзге түседі: мұның бірі – патша соңынан шұбырған озбырлар, ұлықтар болса, екіншісі – солардың ісіне наразы, бостандық іздеген Абай бастаған топ.

Эпопеяның мол тұлғасы бірден көзге түседі. Қазақ халқының ұлан-байтақ өлкесін, құздарын, ну орманын аралай өтіп, сай-сала, әр тараптан аққан өзендерді кең арнасына алып, жайқала аққан жойқын дария көргендейсіз. Қазақ жерінің шалғайынан, ойынан, қырынан, адырынан, асқарынан, гүл атқан бау-бақшасынан тараған талай бұлақтар әлдеқайдан аңсап келіп, осы дариядан орын тауыпты.

«Абай жолында» тарих, философия, филология, лингвистика, фольклор, этнография, право жөнінен құнды мағлұматтар көп. Салт-сана, жол-жора, қуаныш-жұбаныш, сүйініш-күйініш, қайғы-қасірет, үміт-арман тағысын-тағылардың бір халыққа хас-ау деген сан түрлерімен танысасыз. Терең лиризм, психологизм, контраст, конфликт, диалог, монолог, пейзаждың тамаша үлгілерін көресіз. Эпопея «жазылғаннан кейін, әдебиетіміз жаңа өреге көтерілді, жаңа тамаша табысқа ие болды, аңғарлы өріс алып, енді алдағы шұғылалы жаңа биіктерге мегзейтін болды»⁵⁸⁸.

Шығарманың өн бойынан салмақты орын алған Абай тұлғасын көрсеткен жазушы ақын туралы түрлі иллюстрация беру, эпизодтар топтастыру шеңберінде қалмайды. Абайдың ісін дәлді бір уақиғаларға, халық тағдырына жанастыра көрсетеді. Елден жырақ жүрген Абайды көрмейсіз. Шығармадағы Абай алдымен жұрт қамын ойлаған, елді өнер-білімге үндеген қамқор ақын. Ол көргендеріне селсоқ қарамайды. Өмірге деген өз бағасын айтудан бас тартпайды, надандық, озбырлық, қулық, сұмдыққа берілгендерді ащы сөзбен

⁵⁸⁸ Қаратаев М. Қазақтың тұңғыш эпопеясы. – Алматы, 1957. 32-б.

аластайды. «Мал үшін тілін безеп, жанын жалдап», күні үшін біреуді алған, біреуді алдап жүрген, азаматтық арын саудалағандардан безінеді. Ақыл айтқан, адамшылыққа әділдікке үндеген,

Мақсатым тіл ұстатып, өнер шашпақ,
Наданның көңлін қойып көзін ашпақ.
Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,
Думан, сауық ойда жоқ әуел баста-ақ, –

деген Абайды көресіз.

Халық ортасында қайнап өскен Абай өмір таласына түскен, заманының ащысын да, тұщысын да татқан. Ортадан оза шыққан дарын иесі, тәжірибесі мол, Батыс, Шығыс даналары айтқандарына қанық, ойы кемелденген Абай көрінеді.

Абай екі егестің бір жағында жүреді. Оны даттаушылар да, ақтаушылар да аз емес, сахараны жайлаған надандық Абайға аз оралғы жасамағаны көрінеді. Ақынның рухани өсуіне керекті жағдай шамалы болса да, ұлы дарын, терең парасат иесі Абай тас жарып шыққан шынарға ұқсатылады. Бұл шынар болашаққа мезеп, заман озған сайын аспанға өрлей түскен сияқты. «Мыңмен жалғыз алысқан», халыққа жайлы өмір тілеген Абай үмітін кейінгі жастарға артады, солардың бірі деп дәмеленген Дәрменді еске ала келіп: «Артымнан мен жетпегенге жетіп, мен көксегендей ортаны көксеп ұшармысың алысқа. Жетермісің жақсы жайылымға? Мен ұшқаннан арыға ұшар болды! Мен танымағаннан арғыны танып, кейінгі елің көрер ырыс, қонысты барлашы»⁵⁸⁹, – дейді.

«Абай жолында» жайы баяндалған Құнанбай – айтқанына берік, өр кеуде адам. Ол бір дуан елдің айбарлысы, сөздісі, ырқына көнбегендерді жазғыра, жасыта біледі, ақылға да, айлаға да шебер, бетіне бекем, қатал адам. Абайды сынап айтқан бір сөзінде: «Өзіндегі барыңды арзан ұстайсың, жайдақсың. Жайдақ суды ит те, құс та жалайды. Досқа досша, қасқа қасша қырың жоқ. Ішінде жатқан сыр ұшығы жоқ. Жұрт бастайтын адам ондай болмайды»⁵⁹⁰, – дегендерді айтады. Қарсы дау айтқан Абай: «Ең әуелі жайдақ суға теңедіңіз. Қолында құралы бар, жалғыз-жарымға ғана пайдасы тиетін шыңыраудағы су болғанша, құралды, құралсыз, кәрі, жасқа түгел пайдасы тиетін жайдақ су болғанды артық санаймын. Ел билеудің жайын сөз еттіңіз. Елді үркітіп, қорқытып «айт-шайт» деп бағуға болмас, оның ыстық-суығына бірдей шыдау керек», – дейді.

⁵⁸⁹ Әуезов М. Абай жолы. – Алматы, 1961. 396-б.

⁵⁹⁰ Әуезов М. Абай жолы. II кітап. – Алматы, 1955. 395-396-бб.

Шығармада ескі өмір уәкілдері көп сыналады. Әйтсе де олардың барлығы азаматтық міндеттен, әлеуметтік ойдан жұрдай жандар емес. Заманының асыл арманды, таза жанды, ұлы мен қызы ел ішінің басалқы айтқан, ер намысын ойлаған ақылгөйлерін де көресіз. Абайды адуындардан қорғаушылардың бірі есебінде бейнеленген Бегеш би – Оразбайдың лаңы бірдің басынан асып, исі қазаққа тиді деп біледі. «Желін қап киген Тобықтылардың» желікпесі Оразбайдың Абай өміріне қауіп төндіріп, асыл азаматты қор етуге батылы барған арсыздығына ол төзбек емес, Оразбайдың айыбын бетіне шоқ етіп басып, оны ел көзінде масқара етпек. Абайды құрметтеп, оның ел абыройы, басшысы, ардақты адам екенін түсіндірген сөзінде: «Кім еді Абай, ол Тобықтының ғана Абайы ма еді? Жок, исі Орта жүзден орасан ойқастап озған жүйрігім болатын. Ел жақсысы мен ел басшысы болмаған елде елдік бар ма? Сағымдай құбылып, сабындай бұзылып, іріп-шіріп кете барады да. Жақсы деген оңай ма, ол жиі кездесе ме? Кездеспейді. Талай жан бар аузымен айды алады, қолымен қосаяқ соға алмайды»⁵⁹¹, – дейді.

Эпопеяда жан-жақты терең бейнеленген әйелдер образы аз емес. Жағымды әйелдер образын жасау жөнінде «Абай жолы» оқшау тұр. Әйелдер қауымының жасы да, кәрісі де, абзалы да, данасы да алдыңыздан өтеді. Ұлжан, Тоғжан, Салтанат, Салиханың әрқайсысы – бір шығарманың бас кейіпкері боларлық дәрежеде. Шығармадағы әйелдер, көбінесе, заманының әділдік аңсаған адамдары, олар тұрмыстан лайықты үлес таппай, қиыншылыққа көп ұшырайды. Олар, көбінесе, сол кездің жол-жорасы, қатал шешіміне көніп қор, Ұлжан, Тоғжан жоқшылық зардабын көрген кедей-көпшіктің күнкөріс азабы жанышқан әйелдері емес. Алайда бұлар лажсыздыққа, ішқысталыққа ұшыраған жандар. Жарқын ойлы, терең сезімді, адамгершілігі мол, заманның парасатты әйелдерінің бірі есебінде көзге түскен Салтанат та тұрмыстың торына оралып, жол тауып, жан сақтауды місе еткендей.

«Абай жолы», әсіресе, сом тұлғасымен айрықша көзге түседі. Мұнда түрлі жанрлардың бір алуан көркемдікпен үйлескен синтезін көресіз. Мұнда кең өрісті, мол уақиғалы эпос, шиеленіскен драма, ойды, сезімді тоқсан толқытқан лирика бар.

«Абай жолы» мен қазақ жазушыларының сандаған шығармалары орыс әдебиеті мен қазақ әдебиеті байланысын, достығын нығайта

⁵⁹¹ Әуезов М. Абай жолы. II кітап. – Алматы, 1955. 334-б.

түсті. Бұл екі әдебиет бір бағыт, бір көзқарас шеңберінде дамып келеді. Сонау бір кезде орыс қауымы Ушаков, Даль, Д.Львович тағы сол сияқтылардың жазғандарын місе тұтса, енді өз тілінде қазақтар жазған ғылыми еңбектер, романдар, поэмалар, пьесалар оқиды. Қазақ әдебиетінің кей үлгілері дүниежүзі әдебиеті қорына қосыла бастады.

М. Бөжеев,
24/XI 1977

Шартты қысқартулар

ҚМКӘБ – Қазақстан мемлекеттік көркем әдебиет баспасы

ҚазССР ҒА архивы – қазіргі ҚР БҒМ Орталық ғылыми кітапханасы

Қазақ ССР ҒА ТӘИ – Тіл және әдебиет институты, 1961 жылы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты және А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты болып жеке бөлініп шықты.

ЛММА (ӘӘММ) – литературно-мемориальный музей Ауэзова (Әуезов әдеби-мемориалдық мұражайы).

Мазмұны

<i>Қорабай С. Әдебиет тарихының білгірі (Алғысөз)</i>	5
Қисса-хикаялар.	13
Мұрат Мөңкеұлы	97
Абай Құнанбаев	118
XX ғасыр басындағы қазақ ақындары мен жазушылары	200
Қазақ әдебиеті мен орыс әдебиетінің байланысы.	250

МҰРАТБЕК БӨЖЕЕВ

**ЗАМАНА КЕЙІПКЕРЛЕРІ
(Ғылыми зерттеулер)**

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік
меншік құқығы комитетінде тіркелген № 823
(23.05.2011 ж.)

Жауапты редакторы *С. Қорабай*
Редакторы *Ж. М. Нұрғожина*
Компьютерде терген *Г. Кенжебекова*

Басуға 04.05.2013 қол қойылды.
Пішімі 60x90^{1/16} . Офсеттік басылым.
Шартты баспа табағы 19,25.
Таралымы 500. Тапсырыс № ____.

ISBN 978-601-06-1310-2



Қазақстан Республикасы
ЖШС «М-АРИ» баспасы, т. 8(727) 278 01 72

Тапсырыс берушінің файлдарынан
Қазақстан Республикасы «Полиграфкомбинат» ЖШС-де басылды.
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.